

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ
«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ**

**I «САРАЙШЫҚ ОҚУЛАРЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Сарайшық, 2022 ж.

ӘОЖ 94(574) (063)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Т77

Жауапты редактор

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алқа

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Л.Б. Бердіғожин – т.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Ш.Н. Нағымов - п.ғ.к., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Ж.Т. Ерназаров – т.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

М.С. Касенов - т.ғ.к., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

А. Тұрарұлы - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК бас инспекторы

А. Ж. Жумабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері

I «САРАЙШЫҚ ОҚУЛАРЫ»: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (12 сәуір, 2022 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2022. - 345 б.

ISBN 978-9965-23-606-8

Жинақ 2022 жылғы 12 сәуірде Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылында өткен еліміздің тарихы мен туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған I «Сарайшық оқулары» атты республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) мұрасы, Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер, Ортағасырлық Сарайшық қаласы, жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Өлкетану» пәнінің оқытылуы, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары, өлкетанудағы этнография және тарихи тұлғалар мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, мектеп мұғалімдеріне, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӘОЖ 94(574) (063)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Т77

ISBN 978-9965-23-606-8

© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының
директоры

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастырып отырған «I Сарайшық оқулары - 2022» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып отырған ғалымдарға, тарихшы-өлкетанушыларға, мектеп ұстаздарына, оқушыларға барша тарихтың жанашырларына шын жүректен ыстық ықыласымдыз білдіреміз. Бүгінгі конференция «Сарайшық» музей-қорығы республикалық кәсіпорны болғаннан бері 2019, 2020, 2021 жылдары өткізілген «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты республикалық конференцияның жалғасы. Конференцияның басты мақсаты көне Сарайшықты республикалық деңгейде насихаттау, ортағасырлық қаланың даму тарихын, оның өзге тарихи ескерткіштермен байланыстарын зерттеу, жаңа деректермен толықтыру, өлкетану мәселелерін зерделеу.

Ұлық Ұлыс – көшпелілер мен отырықшылықты ұштастырған, түркілер арасында қалалық мәдениетті жоғары деңгейде өркендеткен мемлекет болды. Сол қалалардың бірегейі - Сарайшық – Ұлық Ұлыс хандары мен қазақтың әйгілі Қасым ханы билік құрып, мүрделері жатқан киелі топырақ. Бүгінде Сарайшықты көруге, зиярат етуге еліміз бен шетелдерден сан мыңдаған туристері келіп кетеді. Алдағы күндері Атырау облысы әкімдігімен қолдауымен бұл жерде туристерге арналып Сапар орталығының құрылысы аяқталады. Ұзақ уақыт көне қаланың топырағын шайған Жайық өзені жағалауын бекіту жұмыстары, Мәдениет және спорт министрлігі мен Атырау облысы әкімшілігінің бірлесе әрекет етуі арқасында толық аяқталды. Ендігі жерде Сарайшыққа басты қауіп болған Жайық өзенінің өр суынан тарихи мұрамызға зиян келмейтін болды.

Бүгінгі конференция жұмысының нәтижесі тарихты зерделеуде жаңа серпілістерге жол ашатынына үміт етеміз. Бұл бас қосуға еліміздің әр аймағынан ғылыми ұйымдардың беделді өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілген. Әрбір баяндамашы халықтың тарихи санасын қалыптастыруға, мемлекет іргесін нығайтуға және елімізді әлемдік қауымдастыққа ықпалдастыруға елеулі үлес қоспақ.

Конференция жұмысына табыс тілейміз!

ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Л.Б. Бердіғожин – т.ғ.д., қауым. профессор
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Ж. Мадиева -1 курс магистранты
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Биыл 1937-38 жылғы сталиндік зобалаңға тура 85-жыл уақыт. Қазақстандық тарихнамада Кеңестік жүйе тұсында орныққан тоталитарлық басқару тәртібінің республика дамуына кері әсері туралы іргелі зерттеулер жариялана бастады.

Зерттеуші Б.Әбжаппарова өзінің инженер-техникалық интеллигенция тарихнамасы туралы диссертациясында тоталитарлық жүйенің репрессиялық әрекетін төртке бөледі [1].

Алғашқы кезеңі 1928–1930-шы жылдардың басында «Донбасстағы шахта ісіне» байланысты буржуазиялық мамандарды қудалаушылық, айыптау көрініс тауып, оның ықпалы Қазақстанға да әсер етті.

Екінші кезең 1937-1938-ші жылдарды қамтыды. Ұлттық интеллигенция өкілдері халық жаулары ретінде айыпталып, саяси қуғын-қуғын сүргінге ұшырады.

Үшінші кезең 1940-шы жылдардың ортасы мен 1950-ші жылдардың басы – буржуазиялық ұлтшылдықпен күрес.

Төртінші кезең 1960–1980-ші жылдардың ортасына дейін. Тоталитарлық жүйенің қазақ ұлтшылдарын айыптауы. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасымен байланысты.

1930-шы жылдары еліміздің ең таңдаулы интеллектуалдық күштерін жою интеллигенцияның қалған бөлігін КОКП ыңғайына көндірді.

1940-шы жылдардың екінші жартысы мен 1950-ші жылдардың басындағы «идеологиялық шабуыл» алдын-ала нақты ойластырылып, жоспарланған саяси науқандар жүйесін құрды. Сталин қайтыс болған соң тоталитарлық-деспоттық жүйе тоталитарлық-бюрократиялыққа ұласты.

1996, 1998 жылдары Қазақстан аумағында 1930-50-ші жылдары саяси айыппен атылғандардың тізімі енген «Азалы кітап» шықты.

1998 жылы жарық көрген «Азалы кітаптың» алғы сөзінде академиктер М.Қ Қозыбаев, М. Баймаханов пен тарихшы-ғалым Қ. Алдажұманов «30-шы жылдары кінәсіз миллиондаған адам өмірін жалмаған жаппай саяси репрессиялар халықтың жадында сақталып, жазылмастай жара салды. Осы қылмыстардың кең көлемде қанат жаюына тарихи бастау болған Кеңестер Одағындағы Қазан төңкерісі мен азамат соғыстары» деп есептейді [2, 5 б.].

Саяси репрессия құрбандарын ақтау ондаған жылдарға созылды. Бұл бағыттағы белсенді жұмыс «хрущевтік жылымықта» басталғанымен, толық жүзеге аспай, тек 1980-ші жылдардың соңында ғана қайта қолға алынды.

Мәдениет тарихын зерттеуші ғалым А.Т. Қапаева 2004 жылы жарық көрген «Мәдениет және саясат» атты монографиясында ұлттық мәдениетке коммунистік идеологияның үстемдігі орнағандығын қарастырады. Нақты тарихи фактілер негізінде автор мәдениет, өнер саласы мен ғылымның дамуы барысындағы партиялық қысым көрсету, бақылаудың қатаң механизмін ашып көрсетеді. Автор отандық тарихнамада тұңғыш рет жаңа концептуальды-методологиялық зерттеулер негізінде Қазақстан мәдениетінің дамуының түйінді тенденцияларының дамуын зерттей отырып, келеңсіз құбылыстарды анықтайды. А.Т. Қапаева әсіресе методологиялық жағынан «мәдениет саясаты» кеңестік кезеңнің 1950-60-шы жылдарында оның орнына «әдебиет пен өнердегі партиялық саясат» деген синонимнің пайдаланғанына ерекше мән береді. Кеңестік тарихшылар көбінесе «мәдениет құрылысы» терминін қолданғанын айқындайды. Шығармашылық ортаны буржуазиялық ықпалдан, формализм мен космополитизмнен тазарту мақсатында республиканың көптеген ғалымдары қатаң сынға алынғандығын жазады. Шығармашылық интеллигенция мен идеология қызметкерлерінің кеңесінде ғалымдарға «саяси теріс кітап» «саяси қате сөз сөйлеу» деген тәрізді саяси айыптар тағылғандығына зер салады.

Д.А. Махаттың тарихнамада соңғы жылдары тәуелсіздік алғаннан кейін шынайы бағасын ала бастаған Қазақстанның 1920-1930-шы жылдардағы қоғамдық-саяси өміріндегі себептерін ашуға, талдауға және объективті саяси баға беруге арналған еңбектерінде репрессияның мәні мен шындығы жан-жақты ашылған [3].

Д.А. Махат «1920 жылдардың екінші жартысынан И.В. Сталин «Ленинизмді қорғау», «партияның бірлігі үшін», «фракцияға қарсы күрес» деген ұрандарды жамылып шыққан кезде, оған партияның басым бөлігі, еңбекші бұқара қолдау жасады.

И.В. Сталинге халықтың қолдау көрсетуіне, біріншіден, бастапқыда жалған ұрандардың астарында жатқан құйтыртқы саясатты сезбеуі себеп болса, екіншіден, 1928 жылдарда «Шахта ісінен» басталған қуғын-сүргін еріксіз тізе бүктіруге алып келді», – деп жазады [3, 140-141 б.].

Автор: «партия ішінде үлкен саяси толқу туғызған процесс «Шахта ісі» деп аталған еді. Шахтадағы жарылысқа, қажет емес шетелдік құрал-жабдық алуға, техника қауіпсіздігінің сақталмауына, еңбек заңының бұзылуына, жаңа шахта құрылысының дұрыс басталмауына жауапты Донецк көмір бассейнінің инженер-техниктері әдейі зиянкестік іс-әрекет жасады деп айыпталды», - деп атап көрсетеді.

Д.А. Махат «Шахталықтар» деген сөз «зиянкестер» деген сөздің синонимі ретінде қолданылғанына назар аударады. Автор ақиқатына келгенде, шаруашылық жұмыстарында жіберілген кемшіліктерге, біріншіден, машина, құрал-жабдықтардың ескі болуы, екіншіден, адамдардың біліктілігінің төмендігі, үшіншіден, жоспардың мүмкіндіктен жоғары болуы, төртіншіден, қуып жетіп, басып озу саясатының кесірі себеп болғандығын атап көрсетеді [3, 141 б.].

Тарихшы-ғалым Г.М. Какенова 1930-шы жылдардағы тоталитарлық жүйе саясатын халықтың ең таңдаулы өкілдерін жою саясаты деп бағалады. Осы жылдары Кеңес өкіметі интеллигенцияның шығармашылығына шектеу қойып, физикалық жағынан жоюға дейін барды деп пайымдайды [4, 359 б.]. Осы мәселе туралы тарихшы-ғалым Т. Омарбеков 1930-шы жылдардағы ОГПУ құжаттарының мазмұнына қарай отырып, халық арасындағы беделді мемлекет және қоғам қайраткерлері билік тарапынан осы жылдары қуғын-сүргінге ұшырағанына айғақ бола алатындығын жазады. Олардың ұлт-азаттық қозғалысында жетекші рөл атқарып, кеңес өкіметін орнатуға үлес қосқанын айтады. Осындай тұлғалар «ұлтшыл», «түркішіл», «исламдық» бағыт ұстанды деп айыпталып, «шпиондар» «контрреволюционерлер» деген атақ берілгендігін ашып көрсетеді [5, 119 б.].

Атыраулық тарихшы-ғалымдар тарапынан да репрессия мәселесі сырт қалған жоқ. Олардың арасында Ғ.Нығмет пен Х.Табылдиевтің [6], Ш.Нағымұлының [7] еңбектерін атап өтуге болады.

Ғ.Нығмет пен Х.Табылдиев аталған еңбектерінде Атырау өңіріне белгілі тұлғалар Нұғман Залиев, Қазмұқаш Ыбырашев, Коморовский және қуғын-сүргін көрген дін қызметкерлері туралы зерттеулер жүргізсе, ал Ш.Нағымұлы Атырау жерінде халық ағарту саласында ерекше еңбек еткен, педагог қызметкерлердің 1930-жылдары нәубетте 10-ы атылып, 30-ы әртүрлі мерзімге сотталғанын деректер арқылы баяндайды.

Әдебиеттер тізімі.

1. Әбжаппарова Б.Ж. Қазақстан өндірістік-техникалық интеллигенциясы тарихнамасы (1917-1991жж). Тар. ғыл. докторы. дисс. авторефераты... Алматы-2010ж.
2. Книга скорби – Азалы кітап: Расстрельные списки. Вып. 2: Алматы, Алматинская (включая Талдыкурганскую) и Жамбылская области. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 496 с.
3. Махат Д.А. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.; Махат Д.А. Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы (Оқу құралы). – Астана: Елорда, 2006. – 208 б.
4. Какенова Г. Судьбы казахской интеллигенции. Историография вопроса: Научное издание. – Астана: ЦНТИ, 2006. – 459 с.
5. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: КАЗақпарат, 2001. – 404 б.
6. Нығмет Ғ., Табылдиев Х. Ақтаңдақтар ақиқаты. Атырау, 1998 ж.
7. Нағымұлы Ш. Атырау: білімге бастаған жолдар. Алматы, 2000ж.

НЕКОТОРЫЕ СВЕДЕНИЯ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МУРАТ МОНКЕУЛЫ

Ш.Н. Нағымов – к.п.н., профессор
Атырауский университет имени Халела Досмухамедова

В последние годы учеными Атырауского университета предпринимаются попытки использования фактов и сведений, имеющихся в произведениях казахских поэтов и жырау в исследовании, обобщении и анализа некоторых сторон истории Казахстана как ценных источников в свете статей Елбасы Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания» и «Семь грани великой степи». В этом плане настоящим нетронутым доселе кладезем исторических фактов и сведений являются произведения великого казахского жырау XIX века Мурата Монкеулы. Один из первых исследователей произведений Мурата профессор Х. Досмухамедов в далеком 1924 году по этому поводу писал следующее: «Если кто-либо будет заниматься исследованием истории Казахстана, то он навряд ли сможет обойти творчества поэтов типа Мурат»[1]. Трудно не согласиться с подобным утверждением великого ученого. Например, в произведениях Мурата «Уш Киян», «Сарыарка» часто встречаются словосочетание «жети журт» (семь поселений или семь народов, у кавказских народов есть слово «юрт», означающее село или поселение). О каких народах в них идет речь? К **каким** народам они относились? Есть ли у них отношения к истории Золотой Орды? В каком историческом периоде они жили? Историкам предстоит найти ответы на эти вопросы. Что характерно, словосочетание «жети журт» в поэме «Уш Киян» встречается неоднократно. Например:

.... Это место- покинутое семью народами,
место, оставленное на благо другим.
Что за это недоброе место, которого приходится,
без конца покидать вместе с Ак Жайык и с его мостом?[2].

В поэме рассказывается о судьбе народов, которые в средние века покинули свои насиженные места прежнего проживания. Из содержания произведения мы узнаем о том, что «жетижуртовцы» обитали территорию Прикаспия, жили на берегу рек Едиль, Жайык, также на Манкистауском полуострове. Понятия «жетижурт» мы также встречаем в другом эпическом произведении поэта под названием «Сарыарка». В нем мы видим следующие строки:

Это место – жилище семи народов,
последними из них были ногайцы,
И те вынуждены были его покинуть.

Казтуган, Асан Кайгы, Орак, Мамай ,
и те сочли за благо его покинуть[3].

Вышеупомянутые исторические личности Казтуган, Асан Кайгы, Орак, Мамай жили в XIV-XV веках, как раз в тот период, когда начался распад некогда могучей Золотой Орды на различные феодальные ханства. До недавнего времени историки мало обращали свое внимание к сведениям, встречающимся в произведениях казахских жырау как к научным фактам. А зря. Ведь в знаменитых поэмах того же Мурата Монкеулы черным по белому написано про множества исторических событий, которые встречаются в исследованиях русских ученых. Это касается ногайлинских богатырей, таких как Карасай, Кази, Орак, Мамай, Сидак, Жанбыршыулы Телагис и множества других героев средневековья. Особенно много сведений можно найти как у Мурата Монкеулы, так в русских источниках про легендарного героя Шора Нариккулы, который со своим войском воевал на стороне волжских татар против Ивана Грозного. Что касается понятия «жети журт» можно предположить: « Жети журт» соответствуют семи народам, которые жили в Золотой Орде. Это ногаи, казахи, татары, башкиры, татары, узбеки, каракалпаки. Все они были мусульманами. В то же время в ряде мест своих произведений поэт приводит факты о существовании не семи журтов, а шести журтов. Немало таин содержат строки Мурата:

Это место, оставленное семь народом ,
Один из них два раза уходил и два раза возвращался.
На самом деле всего их было шесть ,
одного журта посчитав два раза, остановились на

семь[4].

Кто же тот народ, который два раза уходил и два раза возвращался? Какое утверждение поэта ближе к истине? Эти вопросы все еще остаются открытыми. Понятие о « шести журтах» встречается также в произведении «Новый Низам» другого известного жырау XIX века Шынияза Шанайулы. О том, что означает понятие «Жети журт» и об его отношении к истории Золотой Орды, известный краевед, собиратель произведений Мурата Монкеулы Берик Коркутов писал следующее: « В состав Золотой Орды входили в основном те народы, которых ныне именуют ногаями, казахами, узбеками, киргизами, башкирами, татарами, каракалпаками. Вероятнее всего, кроме казахов остальные народы обосновались там, куда они первоначально перекочевали. Что касается казахов, они наверно дважды покидали и дважды возвращались на свою родину, то бишь на территорию Прикаспия. То есть, воспевая о журтах Мурат Монкеулы наверно имел в виду те выше перечисленные мусульманские народы, которые после распада Золотой Орды создали свои ханства. Если рассматривать « жети журт» как неких народов, то они соответствуют как раз ханствам, образовавшимся после распада Алтынорды. Это : Сибирское, Узбекское, Астраханское,

Казанское, Крымское, Казахское и Ногайское ханства [5]. А теперь постараемся рассмотреть их историю по отдельности.

Сибирское ханство – Феодалное государство, основанное в XV веке в Западной Сибири после распада Золотой Орды. Ханство отделилось как самостоятельное государство от улуса Шайбанидов. В XIII-XIV веках на территории Западной Сибири и Сибири проживали несколько тюркских народов. Центральным городом был Тура. В 1428 году Западную Сибирь захватил хан Абулхайр. При хане Кучум в состав Сибирского ханства входили территории Западной Сибири, регион Урала, земли близи рек Иртыш, Тобол. В состав ханства входили племена керей, кыпчак, найман, аргын, жалайыр, ханты, мансы и др. В 1563 году престол Сибирского ханства занял Кучум. Выходец из племени Алты ул, он родился 1510 году в Ногайской орде. В 1555 году он победил Тайбугана, правителя Западной Сибири. При правлении Кучума в Сибирском ханстве было построено много городов и крепостей, различныхстроек. Народ Сибири принял ислам. В Сибирском ханстве в основном развивались торговля и охота. Политический строй. Верховным правителем был хан, ханский совет- диван, советники- аталыки, визири- караша. Сибирско- русские отношения. Сибирский хан Кучум старался воспрियтствовать продвижению России на восток. Кучум хан в 1574-1575 годах истребил отряд Ивана Грозного посланного на разведку. В 1582 году войска Кучума потерпел поражение от отряда Ермака. Осенью того же года атаман Ермак со своим войском из 600 казаков атакует город Икер. Войска Кучума терпит поражение от хорошо вооруженного войска Ермака. В 1584 году люди Кучума убивают Ермака. В 1598 году Кучум окончательно потерпел поражение от русских войск, вынужден был бежать на территорию Восточного Казахстана. Тем самым Сибирское ханство переходит в состав Россиской империи [6].

Узбекское ханство или Орда Абулхайра появилось в XV веке на территории северо - западного и центрального Казахстана. В центральном, западном и северо-западном регионе Казахстана с образованием нескольких независимых феодальных государств, между ними шла бесконечная борьба за власть. В результате было образовано ханство Абулхайра и Ногайская орда. В этой ситуации на авансцену истории выходит потомок Джучи, сын Давлет Шайха Шайбанид Абулхайр. Он с помощью властных группировок племен центрального и северного Казахстана в 1428 году в регионе Тура (Западный Сибирь) был объявлен ханом. В состав его ханства вошли племена Кият, Мангыт, Шынбай, Найман, Карлук, Уйсун и другие. «Кочевое узбекское государство» или по другому известное как ханство Абулхайра сыграло существенную роль в истории Казахстана, как объединяющая сила феодально- раздробленных земель Дешти- Кыпчака. В его владения входили земли Ногайской Орды, на западе земли, прилегающие реки Урал. на востоке

земли до озера Балхаш, на юге до Аральского моря и до нижнего течения Сырдарии, на севере до средних течений рек Тоболь и Иртыш. Политическая и социальная жизнь страны за годы 40-летнего его правления отличалась крайней нестабильностью и отсутствием спокойствия. Потомки Джучи, в их числе Орда Ежен хан, потомки Орыс хана Жанибек и Керей постоянно ставили ему «палки в колеса». Не все у него сложилось во внешней политике. В 1450 году Абульхайыр предпринимает неудачный поход в Самарканд и Бухару, с тем, чтобы повлиять на внутренние дела Тимуридов в Мавреннахре, который в конце концов ускорил закат его карьеры как правителя. Это было еще не все. Последней «каплей яда» для него стало ряд поражений в битвах с ойратами, которые происходили в 1456-1457 годах. В 1465 году султаны Жанибек и Керей отделившись от Абулхайра со своим народом перекочевали на территорию государства Моголистан, в район реки Чу, в местность Козыбасы и создали Казахское ханство. В 1468 году Абулхайр хан в одном из походов погибает. После этого государство «кочевых узбеков» распалось [7].

Астраханское ханство – одно из государств, образованное после распада Золотой орды (1465-1556). Потерпев поражение в борьбе за престол от своего родственника Ахмета, хан Большой Орды Махмуд сбежав на землю предков Хажы Тархан (Астархан) создает самостоятельное ханство. В его владение входят северо-западный берег Каспия, Нижнее Поволжье, Северный Кавказ. В ханстве было около 100 тысяч человек, в основном они были тюрскими племенами. Население занималось кочевым скотоводством, охотой, рыболовством, добычей соли, ремеслом. Некоторые занимались земледелием. Находясь между западом и югом, Астраханское ханство установило политическую и торговую связь между Русью, Казанским ханством, Крымом, Хорезмом, Арменией, Ираном, Азербайжаном, Сибирью, Ногайской Ордой, Казахским ханством, Турцией. Правителями были потомки Тока-Темира, младшего сына Джучи. Будучи богатым торговым центром Хажы Тархан постоянно подвергался нашествиям соседей. В 1492 году город был захвачен правителем Сибири Айбек ханом. В середине XVI века Астраханское ханство было завоевано Россией [8].

Казанское ханство – государство, образованное в результате распада Золотой Орды, на территории волжских болгар (1438-1552). В его состав входили казанские татары, марийцы, чуваша, удмурты, отчасти мордва и башкиры. Столицей был город Казань. Первым представителем Казанской ханской династии был хан Золотой Орды Улук Мухамед (1438-1445). Его сын Махмутбек в 1445 году обосновавшись в Казани внес большую лепту в становлении самостоятельного ханства. Основным занятием жителей Казанского ханства было земледелие, дополнительно занимались

животноводством, садоводством и огородничеством, охотой, рыболовством. Развитое ремесло болгар казанские мастера смогли перенять с большой ответственностью и продолжали поднимать его уровень на свой лад. Об этом свидетельствуют огромные дворцы, мечети с высокими минаретами и другие замечательные сооружения. Удобное географическое положение Казанского ханства дало ему возможность вести торговые отношения с Русью, Сибирью, Ираном, Кавказом, со странами Центральной Азии. Высшая власть находилась в руках хана, однако ему помогал и контролировал Совет избранных из числа знатных людей. Однако Казанскому ханству не суждено было жить и развиваться как независимое, самостоятельное государство. После падения Золотой Орды (1480) царь Руси Иван III начал завоевательный поход и в 1487 году был взят город Казань. Окончательную точку в данном процессе поставил русский царь Иван IV, больше известный как Иван Грозный, который в 1552 году захватил Казань и после этого Казанское ханство перестало существовать, его территория полностью перешла под юрисдикцию Русского государства [9].

Ногайская Орда. Мангытский улус - государственное образование появившийся на границе с Западным Казахстаном после распада Золотой Орды. Основная территория находилась между реками Волга и Урал. По сведениям исторических источников основателем государства был би Едиге. Он в течении 15 лет единолично правил Золотой Ордой и старался отделить Ногайский улус как самостоятельное государство. Обословление Ногайской Орды началось еще XIII веке, а завершилось при правлении Нураддина (1426-1440). Столицей государства был город Сарайчик, находящийся на берегу Урала. Народ улуса в основном занимался кочевым скотоводством. Племена Ногайской Орды коньрат, мангыт, жалайыр, керей, кыпшак, найман, аргын, тама в позднее сыграли огромную роль в формировании этногенезе казахского народа. Ч. Уалиханов о родстве жителей Ногайской Орды и казахского народа говорил, что они « родственные орды ». У ногайцев и казахов были общие корни, по сути они до XV были представителями одного того же народа. Об этом свидетельствует богатейшее устное народное творчество, принадлежащее, в одинаковой степени обоим народам. Так например, поэтов и жырау XIV-XV веков Сыпыра жырау, Казтуган Суйнишулы, Асан кайгы, Доспамбет жырау, Жиёмбет жырау, каждый из вышеупомянутых народов считают своими и они в этом правы. Это касается и эпических произведений, таких как « Ер Таргын », « Ер Косай », « Ер Кокше », « Алпамыс батыр », « Кобланды батыр », « Камбар батыр ». О героях Золотоординского периода, почитаемых среди ногайского народа упоминает в своих дастанах великий казахский поэт XIX века Мурат Монкеулы. Об одном герое, принадлежащему обоим народам и так ярко воспетом Монкеулы следует рассказать более подробно. Речь идет о

Шоре Нариккулы. Он является представителем рода Жети Ру, Тама из западного Казахстана, историческая личность. Погиб в 1546 году в Казани в бою с войсками Ивана Грозного. Про его подвиги много легенд, дастанов среди ногайского, татарского и казахского народов. Они известны под названием «Шора батыр», «Сын Нарика Шора». Родственный татарский народ почитает Шору Нариккулы и его отца Нарик хана как героев, оставивших большой след в истории Казанского ханства. Они жили в тот период когда могучая Золотая Орда распалась, и на Евразийском пространстве друг за другом появились несколько государственных образований. Нарик хан и его сын Шора Нариккулы с оружием в руках оказали воздействие в создании ряда этих ханств. В конце XV века Ногайская Орда установила с Россией и Казанским ханством политическую и торгово-экономическую связь, ногайские правители отправляли на рынки Москвы и Казани тысячи лошадей и овец. Во второй половине XVI века после завоевания России Казанского и Астраханского ханств, Ногайская Орда ослабла и разделилась на несколько орд и улусов. На северном Кавказе образовались Малая Ногайская Орда, на берегу рек Эмба и Уйль Орда Алты улус. Племена находящиеся в подчинении Исмайыл Мурзы создав Большую Ногайскую Орду в 1557 году подчинились Русскому государству. После нападения волжских калмык в 1634 году, ногайцы перешли на правую сторону Волги, объединились с Малой Ногайской Ордой и вошли в состав Крымского ханства. После распада Ногайской Орды население, оставшееся на территории казахов вошли в состав Казахского ханства [10].

Образование Казахского ханства- естественное явление, рожденное от социально-экономических, политико-этнических процессов, возникших в XIV-XV веках. Об этом периоде истории казахов Мурат Монкеулы в своем произведении « Три крова» пишет:

Вслед за временем время идет,
Иссякает без сил и без крыл.
Будь же проклят наш край,
Что все время изменю жил.
Край Едиля- наш тяжелый кров,
Край у Жайыка- мирный наш кров.
Мангистау- кров пыльный, увы,
Все три крова, да прокляты вы!
Жили здесь, здесь прошли, словно дым,
Семь народов один за одним.
На жесткой, неверной земле
Сколь народов исчезло во мгле!
Пошумели по ней, как ручьи
Годы шли... И казахи мои

Поселились на ней навсегда [11].

Образование Казахского ханства связано с именами Жанибека и Керей, которые вели борьбу за власть с другими чингисидами. Жанибек, сын хана Барака, правнук Урус хана, со своим родственником, тоже правнуком Урус хана, в 1459- 1460 годах откочевали из ханства Абулхайра во владения могольского хана Есен-Буги (1429-1462). Таким образом, предпосылкой образования Казахского ханства явилось внутривосточное состояние ханства Абулхайра и Моголистана, которые во второй половине XV века пришли в упадок. Ситуация обострилась после того, как в 1457 году Абулхайр потерпел поражение от ойратов. Неспособность Абулхайра сплотить общество, как и неспособность могольского правителя защитить свое население от ойратов, заставляли основную массу населения этих государств искать силы, которые смогли бы консолидировать племена и роды и создать этнотерриториальную организацию. Жанибек и Керей отказались повиноваться Абулхайр-хану, мотивируя это традицией наследования власти в степи, и откочевали в Моголистан, где были радушно встречены Есен-Буга-ханом, который назначил им для обитания долины Чу и Козы-Баши. В лице Жанибека и Керей он видел оплот для защиты западных границ своих владений. В 1462 году Есен-Буга-хан умер, и это укрепило положение Жанибека и Керей в Семиречье. Согласно датировке Мухамеда Хайдара Дулати, время образования Казахского ханства - 1465-1466 годы. Таким образом, образование Казахского ханства - это переплетение политических и этнических процессов. Его основными этапами стали откочевка Керей и Жанибека с частью племен и родов от главы кочевых узбеков и перекочевка в западные пределы Моголистана. Важным событием здесь стало закрепление за сторонниками Керей и Жанибека имени «узбек-казахи», а потом просто-«казахи», затем образование Казахского ханства. Новое государственное образование стало называться Казахстан [12].

Список литературы.

1. Досмухамедов Х. Избранное., Алматы., 1998 ,94 стр.
2. Монкеулы М. Три крова.,А., 1991, 112 стр.
3. Тоже там. 115 стр.
4. Тоже там. 116 стр.
5. История Казахстана в 5- томах. 2- том., А., 1998.
6. Айбын. Энциклопедия.Алматы.,2011, 880 стр.
7. Тоже там.
8. Тоже там.
9. История Казахстана в 5- томах. 2- том., А., 1998.
10. Аманжолов К., Рахметов К. История тюркских народов.,А.1997.

11. Монкеулы М. Три крова., А., 1991, 114 стр.
12. История Казахстана в 5- томах. 2- том., А., 1998.

К ВОПРОСУ О ПРИМЕНЕНИИ МЕТОДА АРХЕОЛОГО- ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ АНАЛОГИИ В АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДИЩА САРАЙШЫК)

Ж.Т. Ерназаров – к.и.н., доцент,
Западно-Казахстанский инновационно-
технологический университет, г. Уральск.

Статья подготовлена по проекту BR10164208 «Золотоордынские города, караванные пути и караван-сарай в Западном Казахстане: междисциплинарные исследования (XIII-XV вв.)».

В процессе реконструкции исследователями различных аспектов городской жизни средневековья, известных преимущественно, а порой и исключительно по археологическим источникам, зачастую сопровождается привлечением этнографических параллелей. Метод археолого-этнографических аналогии вызвал критические замечания ряда ученых, например в работах Массона В.М. [1] и Шнирельмана В.А. [2], во многом обоснованно сомневавшихся в корректности выводов, полученных на основании сравнения элементов «живой» этнической общности и «мёртвой» археологической культуры. Но в историографии этноархеологических исследований начиная с 60-ых годов XX века сложилось целое направление корректного использования подобных сопоставлений в трудах Косарева М.Ф. [3], Л.А. Чиндиной [4] и В.И. Матющенко [5], Ковалевского С.А. [6, с.91], Лещенко Н.В. [7, с.115].

Если совершить краткий экскурс к методологии археолого-этнографических аналогии следует обратить внимание на следующее аспекты:

Одним из общенаучных методов, применяющихся в исторических исследованиях, является метод аналогии. Метод аналогии состоит в том, что на основе сходства одних признаков сравниваемых объектов делается заключение о сходстве других признаков.

Выделяется группа проблем, связанных с потребностями объяснения археологического материала (археологический материал как единственно доступный источник для разработки исторических реконструкций дописьменных эпох; создание обобщающего исследования; историческая

интерпретация археологического материала; построение исторической модели конкретного явления). Кроме того, часть исследований нацелена на обоснование методик изучения археологического материала и их адаптацию к решению конкретных проблем науки. Анализ их методологического обоснования требует введения нескольких предварительных замечаний. И решение данных проблем более эффективна при комплексном использовании следующей категории источников: вещественные источники (на основе вещественных источников информации можно составить представление об уровне культуры и образе жизни различных слоев населения, их картине мира) , этнографические источники (представляющие описанные или реальные обряды и ритуалы, обычаи и традиции, существовавшие либо существующие в том или ином обществе), подкрепляемые письменными источниками (фиксирующие сведения о событиях прошлого в рукописном или печатном виде. Это наиболее широкий тип исторических источников, который используется большинством историков в своих исследованиях) и устные источники (фольклор) – как памятники духовной культуры, представленные мифами, легендами, былинами, народными сказками, пословицами и поговорками. Их исследование дает возможность определить, каким образом те или иные события отложились в памяти людей. Более поздние источники данного типа отражают настроения, мнения и оценки людей по различным вопросам окружающей их реальности [8, с. 37-45.].

Применение метода археолого-этнографической аналогии в археологических исследованиях требует сочетания ряда научных подходов, используемые в археологических исследованиях:

- комплексного подхода (включает в себя стремление к всестороннему охвату памятников; предполагает использование массового материала с последующей систематизацией; требует всестороннего охвата памятников различных категорий; предполагает привлечение данных других наук — исторических, картографических, этнографических, лингвистических, биологических, физико-химических);

- культурно-исторический подход (позволяет рассматривать различные аспекты материальной культуры в историческом развитии);

- семантический подход (состоит в рассмотрении изобразительных композиций как текста, понимание которого утрачено).

Традиционна частно-научная методология, используемая в археологических исследованиях. Выделяются методы описания и объяснения научных фактов, которая имеет четкие отличия для двух стадий: Методы объяснения научных фактов, к которым относятся: Ретроспективный анализ (варианты — историческая ретроспекция; метод этнографической ретроспективы), Этническая интерпретация (варианты — реконструкция динамики этнокультурных процессов), Метод архитектурной реконструкции, Экспериментальный метод, Семантический анализ, Верификация письменных источников археологическими и наоборот, Метод культурно-исторических интерпретаций, Метод этнографических параллелей (вариант — метод археолого-этнографических сопоставлений).

Особую группу частно-научных методов в археологии составляют заимствования из других наук вследствие реализации комплексного и междисциплинарного подходов. Методы гуманитарных и социальных наук: Методы семантики, Метод логической реконструкции научно-исторической концепции, Метод устной истории.

Современная археология характеризуется методологическим синтезом, в то же время, не отбрасывая старые методы, постоянно обогащает арсенал научных методов, в особенности за счет активного освоения междисциплинарного подхода.

Поэтому по-прежнему актуальным остается вопрос о том, что методологический выбор в конкретном исследовании должен осознаваться ученым, быть обоснованным с точки зрения решаемых исследовательских задач и способствовать приращению новых знаний. Это может быть решено как за счет активного изучения новейших методов, так и, за счет формирования методологической культуры археологов в процессе обучения молодого специалиста [9, с. 6-13].

Очевидно, что следует активно вести и специальные методологические исследования, направленные не только на раскрытие конкретных методик, но и на их обоснование, в первую очередь, с точки зрения концептуальных моделей археологии, которые также требуют как описания, так и обоснования. На уровне создания конкретного научного исследования это принципиально важно, особенно в условиях, к сожалению, размывающихся профессиональных ценностей археологии, появления разного рода научных маргиналов. «Не только результат, но и ведущий к нему путь должен быть истинным» [10].

По мнению Омских этноархеологов «Объектом изучения этноархеологии в понимании группы омских исследователей, являются социокультурные системы с их сложной структурой и связями, конструируемыми и реконструируемыми путём интеграции археологических и этнографических данных и знаний. Предмет этноархеологии в связи с этим — свойства этих систем отражать историческую действительность и процессы, свойства сопряжения этих явлений в одну систему, позволяющие конструировать и реконструировать социокультурные системы прошлого, их внутренние функциональные связи, соотношения с другими системами [11, с. 16]. Если говорить о практических работах, то, вероятно, этноархеолог может изучать любой феномен прошлого, опираясь по преимуществу археологические данные, и используя интегрированные методики археологических и этнографических исследований» [12, с. 106-111].

По археологическим материалам усадебных зданий и археологических находок характеризующих быт населения городища Сарайшык и аналогичных технологии при строительстве традиционных жилищ по этнографическим материалам их генетических преемников опираясь, прежде всего, на сходные признаки сопоставимых фактов, что позволяет переносить признаки с одного из изучаемых объектов на другой, можно реконструировать строительную технику, типы и планировку зданий,

некоторые стороны жизни и быта населения Золотой Орды и в особенности его материальную культуру, интерпретируемым путем их сравнения с этнографическими аналогами. Главное условие вовлечение в исследование достаточно представительного в количественном отношении материала, содержащего важные для разработки признаки, и наличие причинно-следственных связи между этими признаками.

Найденные в раскопе №3 городища Сарайшык сооружения гражданской архитектуры по классификации зданий и строительной технике построек золотоордынского периода предложенной **Зиливинской Э.Д., которая делит их на три** большие группы, **относится ко второй группе - II**. Многокомнатные монументальные здания, построенные по единому плану [13].

Найденное в раскопе №3 городища Сарайчик гражданское строение типично для планировок золотоордынского периода Западного Казахстана. Здания линейной планировки, построенные по единому плану, состоящие из помещений различного назначения. Здания могут иметь один вход, тогда все комнаты соединены между собой по принципу анфилады. Или же часть помещений имеет свои отдельные выходы.

Этнографическая реконструкция этих зданий по археологическим материалам показало следующее: как правило, помещение было жилым с большой П-образной суфой, в которую был встроены тандыр с каном. Пол был вымощен кирпичом, иногда на нем стояла большая кирпичная печь. На суфе могли располагаться небольшие очажки – сандала. Скользящий проход в стене соединял эту комнату с небольшим узким или квадратным в плане помещением, часть которого занимала большая прямоугольная суфа. Симметрично данному помещению располагалось соседнее помещение, которое также соединялось с двором скользящим проходом в стене. К стене здания снаружи комнаты пристраивали небольшое узкое помещение в виде открытого во двор айвана. В нем находились небольшие печки и, скорее всего, оно являлось летней кухней. Интерьер «монгольского» дома, как, впрочем, и жилых помещений зданий других типов состоял из Г-образной или, чаще, П-образной суфы с очагом (тандыром) и каном, проходящим в толще одного из «крыльев» суфы вдоль стены или полукругом в ее толще. Соединение тандыра, кана и П-образной суфы в единый комплекс, если и не является изобретением монголов, то, по крайней мере, становится главным и почти обязательным атрибутом «монгольского» дома и вообще большинства жилых помещений в Золотой Орде. Суфа в таких домах занимает значительную часть площади. В небольшом по площади глинобитном или вымощенным жженым кирпичом полу может быть сделано водосливное устройство - тошна.

Такая планировка характерна для жилищ Западного Казахстана, но может присутствовать и в других регионах. Тип можно разделить на два подтипа.

1. Помещения вытянуты в одну линию (собственно линейная планировка).




Рисунок 1. Линейная планировка

По такому принципу, например, построен дом усадьбы городища Жайык, в котором два помещения образуют единый блок, а третье отделено от них. Здание «Большой усадьбы» городища Жайык имело размеры 20 x 8,5 м и было вытянуто в меридиональном направлении [14].

2. Удвоенная линейная планировка. Аналогичные строения обнаружены в «Малой усадьбе» городища Жайык. Здание состоит из двух линий помещений, которые зеркально симметричны. Наиболее ярко выражен этот принцип в «Малой усадьбе» городища Жайык, дом которой состоит из двух зеркально симметричных анфилад помещений. Здание «Малой усадьбы» было прямоугольным размерами 10,5 x 8,0 м. Помещения в секциях соединялись скользящими проходами вдоль центральной стены, разделяющей здание. Здание явно построено по единому плану, секции зеркально симметричны, некоторые различия наблюдаются только в интерьере комнат [14]. Но здесь каждая комната имеет отдельный выход в коридор, то есть, как бы олицетворяет отдельное жилище.




Рисунок 2. Удвоенная линейная планировка из двух линий зеркально симметричных помещений.

Простейшим типом усадебного здания является однокомнатный «монгольский» дом. Он же является элементарной ячейкой всех остальных типов зданий. Такой дом возникает в результате трансформации юрты в стационарное жилище - процесс, который хорошо известен и неоднократно описан в этнографических исследованиях. При переходе к оседлому образу жизни бывшие кочевники или полукочевники, основным жилищем которых являлась сборно-разборная юрта, состоящая из деревянного каркаса и войлочного покрытия, начинают строить стационарные жилища из других материалов - дерева, глины, камня.

В.Л. Егоров подробно рассмотрел строение квадратных в плане домов «монгольского» типа в Золотой Орде [15, с. 211-214; 16]. Он разделяет квадратные в плане постройки на дома с деревянными стенами, дома с деревянными стенами на сырцовом цоколе и дома, часть деревянных стен

которых стоит на сырцовом цоколе, а часть - непосредственно на земле. Для возведения здания на выровненную землю или на цоколь укладывалась рама из бруса с выдолбленными в нем пазами. В пазы вертикально вставлялись доски, а по углам стен - толстые балки. Сверху вся конструкция закреплялась еще одной рамой аналогичной конструкции.




Рисунок 3. Золотоордынский однокомнатный дом [15] (Егоров В.Л. Жилища Нового Сарая // Поволжье в средние века. М., 1970.)

Дощатые стены снаружи и изнутри обмазывались глиняным раствором. Крыши в таких домах, по мнению В.Л. Егорова, были четырехскатными с отверстием в зените [15, с. 183].

По мнению **Зиливинской Э.Д.** кроме стен подобной конструкции, дома в Золотой Орде могли иметь стены из сырцового или обожженного кирпича и имели плоские крыши или с небольшим скатом [13]. К этому же выводу пришел и Г.А. Федоров-Давыдов, который выделяет однокомнатные дома со сплошными кирпичными и сырцовыми стенами [17, с. 50-51].




Рисунок 4. Жилище линейной планировки

В простейшем случае дома линейной планировки состоят из ряда одинаковых жилых комнат с отдельными выходами, обращенными в одну сторону (как в Золотой Орде). При усложнении плана в ряд помещений

включают прихожую, хозяйственные комнаты, комнату для гостей, айваны и загоны для скота. В этом случае некоторые помещения могут соединяться между собой.

В некоторых регионах Средней Азии дома, состоящие из цепочки отдельных комнат, доживают до наших дней. Например, они зафиксированы в Западном Казахстане. Здесь в сельских усадьбах всегда имеется две жилых постройки - основной многокомнатный дом и небольшой летний дом, так называемая «временка». Временка всегда состоит из двух-трех комнат, расположенных в линию. Иногда комнаты соединяются между собой, а в некоторых случаях они изолированы, и каждая имеет отдельный выход во двор.



Рисунок 5. Дома линейной планировки (XX в.)

Несомненно, в Золотой Орде, часть населения которой состояла из оседавших на землю кочевников, происходили те же процессы и усадебные постройки возникнуть самостоятельно при расширении домов.

Таким образом, о применение методов археолого-этнографической аналогии в археологических исследованиях является перспективным

направлением. И одним из ярких удачных примеров можно отметить работы в заповеднике Аркаим (Челябинская область) в области экспериментальной археологии много сделал Г.Б. Зданович. Под его руководством был воссоздан фрагмент городища Аркаим начала II тыс. до н.э., создан музей печей (экспериментальных, по материалам раскопок), служивших жителям этого городища [12].

Список литературы.

1. Массон В.М. Исторические реконструкции в археологии. – Фрунзе: Илим, 1990. – 96 с.
2. Шнирельман В.А. Археологическая культура и социальная реальность (проблема интерпретации керамических ареалов). – Екатеринбург: УРО РАН. – 1993. – 38 с.
3. Косарев М.Ф. Бронзовый век Западной Сибири. - М.: Наука, 1981. - 279 с.; Косарев М.Ф. Западная Сибирь в древности. - М.: Наука, 1984. – 243с.; Косарев М.Ф. Основы языческого миропонимания: по сибирским археолого-этнографическим материалам. - М.: Ладога, 2003. - 352 с.
4. Чиндина Л.А. Молчановский могильник «Релка» и некоторые вопросы этногенеза народов Западной Сибири // Происхождение аборигенов Сибири. – Томск: Изд. Томского пединститута, 1969. - С. 183-184.
5. Матющенко В.И. Древняя история населения лесного и лесостепного Приобья (неолит и бронзовый век). Еловско-ирменская культура // Из истории Сибири. - Томск, 1974. - Вып.12. - 196 с.
6. Ковалевский С.А. Использование археолого-этнографических параллелей при изучении Ирменской культурно-исторической общности (историографический аспект) // Интеграция археологических и этнографических исследований: сборник научных трудов: в 2 т. / гл. ред. Н.А. Томилов, отв. ред. Д. Дж. Андерсон, М.А. Корусенко, С.С. Тихонов, А.В. Харинский. – Иркутск: Изд-во ИрГТУ, 2013. – Т. 1. – 332 с.
7. Лещенко Н.В. Бытовая культура населения Краскинского городища //Интеграция археологических и этнографических исследований: сборник научных трудов: в 2 т. / гл. ред. Н.А. Томилов, отв. ред. Д. Дж. Андерсон, М.А. Корусенко, С.С. Тихонов, А.В. Харинский. – Иркутск: Изд-во ИрГТУ, 2013. – Т. 1. – 332 с.
8. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. - М., 2003.
9. Мельникова О. М. Методология отечественной археологии: стихия традиции или интуитивный поиск обоснованного выбора? / О. М. Мельникова // Вопросы археологии Урала: сборник научных трудов. — Екатеринбург; Сургут: Магеллан, 2008. — Вып. 25. — С. 6-13.
10. Воротникова Л.П. Культурология: учебник для СПО / Л.П. Воротникова – 2-е изд., испр. И доп. – М.: Издательство Юрайт, 2017. – 256 с.
11. Томилов Н.А. Этноархеология: понятие, объектно-предметная и проблемная сферы // Этнографо-археологические комплексы: Проблемы культуры и

социума. – Новосибирск: Наука: Сиб. предприятие РАН, 2002. – Т. 5. – С. 9-19.

12. Корусенко М.А., Тихонов С.С. Современная российская этноархеология // Интеграция археологических и этнографических исследований: сборник научных трудов: в 2 т. / гл. ред. Н.А. Томилов, отв. ред. Д. Дж. Андерсон, М.А. Корусенко, С.С. Тихонов, А.В. Харинский. – Иркутск: Изд-во ИрГТУ, 2013. – Т. 1. – 332 с.

13. Зиливинская Э.Д. Архитектура Золотой Орды. Часть II. Гражданское зодчество: Монография. Казань: Отечество, 2018.

14. Байпаков К.М., Смағұлов Е.А., Ахатов Ғ.А. Ортағасалық Жайық қала жұрты. Средневековое городище Жайык. The Medieval Jaiyk Site. Алматы: «Credo», 2005.

15. Егоров В.Л. Жилища Нового Сарая // Поволжье в средние века. М., 1970. С. 180-188;

16. Типы традиционного сельского жилища Юго-Восточной, Восточной и Центральной Азии. М., 1979. С. 211-214.

17. Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья. М., 1995. С. 50-51.

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕР

Б. Байболов - магистр, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы

Адамзат тарихын өркениет көшіне ұластырған ең бір маңызды құндылық жазу-сызу өнері. Әр халықтың жазба мұралары - сол елдің танылуына мұрындық болатын бірден бір құрал. Халқымыздың бағзы заманнан бастау алған бай ауыз әдебиетімен қатар, жазба туындылары да бар. Оған дәлел ретінде ортағасырда Түркістан шаһары Қазақстан жеріндегі ірі білім орталығы болғанын айтуға болады. Мұнда жазылған туындылардың авторлары көпке мәлім. Олар – Қожа Ахмет Ясауиден бастап, шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгнеки. Сонымен бірге, Түркістан білім ордасы ғана емес, Сырдария өңірінің саяси және экономикалық орталығының да қызметін атқарды.

Қилы тағдырды басынан кешірген жәдігер қала – Түркістанның төл тарихына қатысты қаншама деректер бұрмаланды, қаншама ортағасырлық жәдігерлер шетел асты, қалғандары қолды болды. Мәселен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде 1935-1940 жж. дейін сақталған XII ғ. және XVIII ғ. тән қолжазба құрандар белгісіз жағдайда Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорына өткізілген. Осы оқиғаның орнын толтыру мақсатында 1978 жылы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» ретінде ашылды. 1989 жылы

тамыздың 28 күні Қазақ ССР Министрлер кеңесінің №256 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» болып құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.07.2015 ж. «ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» №585 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК болып қайта құрылды.

1978 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі негізінде құрылған республикалық музейде мемлекет және қоғам қайраткері Ө.Жәнібековтің бастамасымен бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, елдің қолында, мешіттерде сақталып келген бірнеше жазба ескерткіштер жинақтала бастады. Бұл жұмыстар әлі күнге дейін «Музейге сый» акциясы бойынша жалғасын тауып келеді.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорында қолжазба құрандар, тәфсірлер, хадистер, ғазалдар, хикметтер және заң, логика, геометрия, астрономия саласына қатысты кітап түріндегі ескерткіштер сақталған. [1].

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорында жазба ескерткіштер қызметіне қарай 4 топқа бөлінеді. Олар:

- 1) Көне баспа кітаптар;
- 2) Қолжазбалар;
- 3) Жаңа құнды кітаптар;
- 4) Тарихи құжаттар.

Бүгінгі таңда негізгі және ғылыми көмекші қорға жататын 634 кітаптар сақталған. Оның қолжазба нұсқалары 163 дана. Қалған 452 дана кітаптар көне баспалар болып табылады.

1997 жылы қорық-музейдің қолжазба қорын зерттеген шығыстанушы ғалым А.К.Муминовтың «Каталог арабографических рукописей музея-заповедника «Азрет Султан» в городе Туркестан» атты каталог кітабында 65 том кітапты 8 (сегіз) бөлімге бөліп қарастырған. Онда қолжазба қорының есебіндегі 136 тізім мен 82 шығарманы қамтитын 65 том қолжазбаның 50 данасы араб тілінде, 25 данасы парсы тілінде, 7 данасы түркі тілінде жазылғандығын атап өткен.

Бұл каталогтағы қолжазбаларды ғалым А.К.Муминов 8 топқа бөліп қарастырған, яғни:

1. Құран және құран ілімі
2. Хадистер
3. Догматика (сенім)
4. Фикх (шариғат)
5. Логика
6. Филология
7. Поэзия
8. Мутаффарикат (Математика және медицина)

деп бөледі [2].

Музей қорында қолжазбалар бойынша араб тілінде Құран Кәрім кітабы шығыс қағазына жазылған, жазудің түрі насых, бір бетте он үш қатар жазу

бар, кара сиямен жазылған, беттері қызыл, көк түсті сиялармен сәнделген, түптеп дайындаған Молла Мұхаммед Саххаф. Жалпы мазмұны: ең ұлы жаратушы туралы, оның есімдері мен сипаттары жайлы, жаратылыс негіздері және жаратылудағы негізгі мақсат, періштелер әлемі, адамдар әлемі, жындар әлемі, шайтандар әлемі туралы және олардың жаратылуындағы негізгі мақсаттар, Алла тағаланың арнайы хабарын қабылдап алып өз халқына таратқан пайғамбарлар жайлы, қоғамдық өмірді реттеу мәселелері, экономика мен саясат негіздері туралы, ғылым-білім, қиссалар мен тарих, сауда-саттық, егіншілік, өндіріс, құқықтық мәселелерді реттеу, құлшылық етуге байланысты мәселелер мысалы намаз, зекет-садақалар, қажылық тағыда басқа ғибадаттар және бақи өмір ондағы бақыттылық пен азап көрушілік және азаптан сақтанып бақытқа жету жолдары баяндалады.

Ниса сүресі, 59- аятта:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ ... سورة النساء الآية 59 .

Ей, иман келтіргендер! Аллаға, Пайғамбарға және өз араларыңдағы ұлықтарына бойсұныңдар... деген нұсқау бар.

Келесі қомақты қолжазба түркі тілінде жазылған «Диуани хикмет» кітабы, авторы Қожа Ахмет Ясауи. Қожа Ахмет Ясауи (ө.1166 ж.) – ақын, ғалым, сыртқы ілім мен ішкі ілімді қатар меңгерген, әулиелердің сұлтаны. XII ғасырда ғұмыр кешіп ғұмырын халыққа қызмет етуге арнаған кемеңгер ұстаз руханияттың шыңына көтерілді. Халықтың ықыласына бөленді. Шәкірттері әлемнің төрт тарабына кең тарады. Ясауи хикметтері заманында көп оқылды, халық арасында хикмет жаттағандар көп болды. Еңбектің мазмұны: ақиқатқа жетуге жол бастайды, өзі туралы, пікір-зікір туралы, дүниенің өткінші екені және бақи өмірдің қызықтары туралы, өзінен бұрын өткен игі-жақсылар туралы, жаратылыс туралы, Алла тағалаға махаббат, ғашықтық туралы сөз болады. Пейіш-тозақ туралы, бақилық болған ағайын-туыстың хәлінен ғибрат алу керек екендігі, қоғамда жетім-жесірдің хақысы ескерілуі керек екендігі, кісінің хақысы туралы айтылады. Сондай-ақ, қорда түркі тілінде жазылған «Диуани хикмет» кітабы сақталған. 1904 жылы Қазан қаласында басылған. Жүз қырық тоғыз хикметті қамтыған, мұнажатпен аяқталады. Мазмұны өмірдің мәні, махаббат, бұл дүниенің фәни екендігі, өлім, ол дүниенің бақи екендігін ұмытпау туралы, адамгершілік, инабаттылық туралы, әр қашан жақсылармен бірге болып, жамандардан қашықтап жүру керек екендігі және өзінен бұрын өткен көптеген ғалым әулиелер туралы әңгіме болады.

Музей қорына 2012 жылы сатылып алынған Қожа Ахмет Ясауидің 1845 жылдары көшірілген қолжазба «Диуани хикмет» кітабы сақталған. Кітап 2021 жылы оқырманға жол тартты. Хикмет кітабын шағатай тілінен аударғандар: К.Асетова, Т.Қыдыр. Көркем аударма жасаған Кенжеғали Көшім-Ноғай [3]. Сондай-ақ, «Диуани хикмет» кітабының Қазан баспасынан шыққан 1901-1911 жж. нұсқалары сақталған.

Қ.А.Ясауидің мұнан басқа 1486 номерлі «Миратуль қулуб» (Жүрек Айнасы), 1482 номерлі «Фақырнама» және кейіннен табылған 1481 номерлі «Рисала дар адаби тариқат» (тариқат әдебі) атты еңбектерінің түпнұсқасы

болмағандықтан, олардың қолжазбаларының сканерленген көшірмелері жинақталды.

Музей қорының жазба ескерткіштер тобында Құранның он бес нұсқа түрі сақталған. Бір нұсқа тажуид, бір нұсқа Құранға берілген түсінік яғни «Жамиғ Тафсир Қази уа Хашияту Шайхзада» кітабы, және авторы танымал ғұлама Жалаладдин ас-Суютидің бір нұсқа Құранды тәпсірлеу ғылымы «Илм ат-Тафсир» еңбегінен тұрады.

Хадистер кітабы бойынша қорда бар жоғы алты еңбек қана сақталған. Арасында көлемі жағынан ерекшеленіп тұрған, Мухаммад аз-Зарқанидің, белгілі мухаддис Малик бин Анастың «Ал-муатта» атты хадис жинағына түсініктеме еңбегі. Қалған еңбектер көлемі жағынан шағындау: олар «Жамиғ матн хадис уа шарх Қасталани», Авторы Қасталани, ал-Баркауидің еңбегі «Мусталахул хадис», Сайд аш-Шарифтың еңбегі «Ар рисала фи мусталахат лил хадис» және авторлары белгісіз екі еңбек – «Мажмағул латиф» пен «Рисалату нахбатил фикр» атап өтуге болады. Сондай-ақ, Имам әл-Бұхаридің араб тілінде жазылған «Сахих Ал-Бұхари V-VI том» хадистер жинағы да бар. Хадис кітабы 1897-1898 жылдары (хижра санауы бойынша 1315ж.) Ыстанбұл қаласындағы «Дар әл-Халифат әл-Ғалия Ғамира» баспасында басылып шыққан [4].

Мұсылман калам ілімі бойынша (ал-ақида) Орта Азияда танымал Абу Ханифаның (қайт.150/767ж.) және ан-Насафидің (қайт. 537/1147ж.) шығармалары сақталған. Ғұлама Ан-Насафидің кітаптарына түсініктеме беретін ондаған еңбектер барын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, ат-Тафтазанидің (қайт.737/139ж.), ал-Ижидің (қайт.756/1355ж.), Жалаладдин ас-Суютидің, аль-Хайалидің (қайт.862/1498ж.), ас-Сиялкутидің (қайт.1067/1657ж.) қолжазба және баспа түрінде басылған еңбектері бар.

Фиқх ілімі бойынша Ханафи мазхабы бойынша жазылған шығармаларды ғана қамтиды. Фиқх жайлы жазылған еңбектер қомақты топты құрайды (80 нұсқадан астам). Убайдоллах бин Масғудтің (қайт.747/1346 ж.) «Мухтасар ал-Уикайя», Лутфуллах ан-Насафидің (қайт.750/1349ж.) «Фиқх ал-Кайдани» сияқты танымал еңбектері мен олардың түсініктемелері, ұжымдық авторлардың көп томды «Аль-фатуа аль-Ғаламгирия» атты еңбегі және Шамсуддин Мухаммад ал-Хорасанидің «Жамиуғур румузи» мен Мухаммед Абдулхай ал-Ансаридің «ал-Хидаясы» т.б. еңбектер сақталған.

Логика (Қисын) ғылымына қатысты еңбектер 29 тізімнен тұрады. Олардың арасында Құтбуддин ар-Разидің (қайт.766 ж.хиж.) «аль-Қутбиі» мен «Лауамиғул асрары», Сағдуддин ат-Тафтазанидің «Тахзибул калам фи тахририл мантиқ уал калам», Мубарак Шах ал-Бихаридің «Шарх хикматил ғайны», Адудаддин ал-Ижидің (қайт.756 ж.хиж.) «Рисала уадғиясы», Мухибболлах ал-Бихаридің (қайт.1707 ж.) «Сулламул ғулум» сияқты танымал авторлардың еңбектері мен т.б. шығармалар бар.

Филология (тіл ғылымы) мұнда (140 дана), араб грамматикасы, лексикографиясы, риторикасы мәселелері көрініс тапқан еңбектер құрайды. Бұл Абдул Қахир ад-Журжанидің (471/1078 ж.), аз-Замахшаридің (538/1144

ж.) Ибн ал-Хажибтің (646/1249 ж.) ал-Жамидің (898/1492 ж. хиж) белгілі шығармалары бар. Осы жерде, Ибн Маликтің Ибн Хажиб еңбегі «Кафия» мен салыстырғанда, өте сирек кездесетін грамматика бойынша еңбегі «Алфияту ибни маликті» айта кеткен жөн.

Поэзия саласы бойынша алты кітап сақталған. Имам ал-Бувейсиридін «Қасидатул бурда», және бір нұсқа осы кітаптың түркі тіліндегі түсіндірмесі, екі нұсқа Мухаммад ал-Ханафияның «Қасидату ал-Хаия» мен Тажуддин ас –Субукидің «Қасида мунфарижасы» бар.

Мутафарриқат жиырма сегіз нұсқадан тұрады. Астрономия бөлімінде Имамуддин бин Лутфуллах ал-Мухандистің «ат-Тасрих фи шархи ат-ташрих» атты еңбегі, Муса ар-Румидің «Шарх Жағмини» кітабы мен оның түсіндірмесі бар. Анатолия мен медицина бөлімінде ас-Суютидің «Илмутташрих; илмуттиб» атты кітабы қойылған. Сонымен қатар, әр түрлі: діни, ғылыми және саяси мәселелерді сөз ететін мұсылман журналы «Изхарул хақтың» он сегіз саны да бар. «Баяну нубзатин мин манакибил аймматил мужтахитдин» шығармасында Имам Абу Ханифа мен оның шәкірттерінің өмірбаяндары келтіріледі. Одан бөлек, жұма күнгі насихат мазмұнындағы шығармалар, мен уағыздар, жеке құлшылықтар мен т.б.мәселелер қамтылған.

Музей қорында Құл Азимнің «Хикмет» кітабы, С.Бақырғанидің XVIII ғ. көшірілген қолжазба «Диуан» кітабы, Әулие Биделдің қолжазба «Диуан» кітабы, Қожа Хафиздің 1910 жылы Қазан баспасынан шыққан «Диуан» кітабы, Софы Аллаярдың парсы тілінде жазылған Тәшкент баспасынан шыққан «Мәсләк әл-Муттакин» кітабы, Бұқара баспасынан 1907 жылы түркі тілінде шыққан «Діни өлеңдер жинағы» кітабы, Әлішер Науaidің Тәшкент баспасынан шыққан «Ғазал», «Диуан» кітаптары, Имам Мағрудидің қолжазба «Қисасы», Шайық Худайдат Таш-Мұхаммед әл-Бухаридің XVIII ғ. жазылған қолжазба «Бустан уль-Мухиббин» кітаптары сақталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Ұлы даланың жазба мұралары» тақырыптық-экспозициялық жоспары. Нұр-Сұлтан қаласы, 30 қараша, 2021 жыл.
2. А.К.Муминов «Каталог арабографических рукописей музея-заповедника «Азрет Султан» в городе Туркестан», Алматы. 1997 г.
3. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет». Кітапты шағатай тілінен аударғандар: К.Асетова, Т.Қыдыр. Көркем аударма жасаған: Кенжеғали Көшім-Ноғай. – Алматы: «Издательство Золотая Книга» ЖШС, 2021 жыл – 352 б.
4. «Сахих Ал-Бухари» хадистер жинағы. V-VI том. 1897-1898 жж. (хижра санауы бойынша 1315ж.) Ыстанбұл. «Дар әл-Халифат әл-Ғалия Ғамира» баспасы.
5. Грюнебаум Г.Э. «Основные черты арабо-мусульманской культуры». М.: Наука, 1981. – 227с.
6. М.Адам «Мусульманский Ренессанс» – М.: Наука, 1966. – 458 б.

7. Дербісәлиев Ә. «Қазақ даласының жұлдыздары». Алматы: Рауан, 1995.- 324 б.

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ АКТЮБИНСКОГО ГУБЕРНСКОГО ОТДЕЛА НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ (1920-Е ГГ.)

Д.Д. Сарбаев - Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің ғылыми қызметкері

Т.Ш. Даулетьярова - Ақтөбе политехникалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы

Б.Ж. Ешмуратова – Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің бөлім басшысы

И.А. Тропов - д.и.н., доцент, профессор кафедры истории, Ленинградского государственного университета им. А.С.Пушкина

2 декабря 1920 г. 1-я сессия ЦИК Казахской АССР приняла решение об изменении административно-территориального устройства Оренбургско-Тургайской губернии. Примерно через год (8 декабря 1921 г.) это решение было утверждено ВЦИК. В научной литературе реформирование административно-территориального устройства страны связывается с переходом к новой экономической политике, вызвавшей известную децентрализацию управления и потребовавшей обеспечения рационального экономического взаимодействия различных регионов [1]. В то же время происходившие на местах перемены были тесно связаны и с общим политическим курсом руководства страны на перестройку всей системы партийно-государственного управления [2].

Из части Оренбургско-Тургайской губернии была выделена, среди прочих, Актюбинская губерния с центром в г. Актюбинске. Губерния просуществовала до 17 января 1928 г. и была затем упразднена в связи с завершением перехода к областному, окружному и районному делению в РСФСР и союзных республиках. Изменения в административно-территориальном устройстве региона сопровождались переменами в системе образования. Значимость изучения этих перемен очевидна, ведь с точки зрения лидеров и идеологов большевистского государства (в частности, сотрудников Наркомпроса РСФСР) именно школа являлась одним из важнейших инструментов классового перерождения общества, воспитания

«нового человека», всецело преданного идеалам строительства коммунизма [3].

В настоящей статье предпринята попытка рассмотреть лишь один из аспектов этой сложной проблемы – историю формирования и деятельности Актюбинского губернского отдела народного образования (губОНО) губернского исполнительного комитета Совета рабочих, дехканских, казачьих, крестьянских и красноармейских депутатов. Основой для написания статьи стали неопубликованные материалы из фондов Государственного архива Актюбинской области (ГААО), прежде всего планы работ губОНО, доклады инспекторов губОНО, приказы по личному составу губОНО, ведомости на выдачу заработной платы, протоколы заседаний методического бюро при губОНО, статистические отчеты губернского отдела, личные дела сотрудников губОНО и другие делопроизводственные документы.

На Актюбинский губернский отдел народного образования в момент его организации (1921) был возложен целый комплекс задач:

- общее руководство работой уездных отделов народного образования (инспекциями);
- непосредственное руководство общеобразовательными, специальными и культурно-просветительными учреждениями губернского значения (в частности, Актюбинским педагогическим техникумом, детской сельскохозяйственной коммундой, детскими домами и изоляторами, различными краткосрочными курсами, центральной библиотекой и пр.);
- обеспечение всеобщего начального образования и ликвидации неграмотности среди населения;
- руководство через уездные отделы народного образования (инспекции) работой сельских школ I и II ступени, школами по ликвидации неграмотности, школами политграмоты, клубами, избамичитальнями, красными уголками, красными юртами, кинопередвижками;
- организация и руководство в губернском масштабе работой по делам просвещения среди национального меньшинства;
- разработка и представление на утверждение губисполкому проектов постановлений по вопросам народного просвещения и по другим вопросам, связанным с развитием народного образования, культурно-просветительной и воспитательной работой.

Штатный состав Актюбинского губОНО включал в себя: заведующего; заместителя заведующего (он же – старший инспектор); четырех инспекторов (инспектора социального воспитания; инспектора политпросвета, инспектора-организатора (он же – «плановик») и инспектора социально-правовой охраны несовершеннолетних).

Это был руководящий состав ГубОНО. Помимо указанных лиц, в штат отдела входили также бухгалтер, счетовод, кассир, делопроизводитель, машинистка и сторож-рассыльный [1].

Заведующий губОНО, назначаемый губисполкомом, являлся ответственным как перед губисполкомом, так и перед Наркомпросом за

деятельность вверенного ему учреждения и в целом за состояние просветительной работы в Актюбинской губернии.

Реализация поставленных перед губОНО задач осуществлялась его структурными подразделениями: 1) Административно-организационным управлением, состоявшим из общей канцелярии, подотделов снабжения и финансового; 2) Управлением социального воспитания с подотделами: дошкольным и правовой защиты несовершеннолетних, а также комиссией по борьбе с несовершеннолетними правонарушителями; 3) Управлением профессионально-технических школ и профессионального образования рабочих; 4) Управлением политико-просветительного образования взрослых и юношества с подотделами – административно-организационным, пропаганды, художественным и несколькими отделениями – информационно-статистическим, библиотечным и библиографическим.

Кроме этих управлений, при ГубОНО функционировала комиссия по улучшению жизни и положения детей. Являясь отделом губисполкома, губОНО в то же время представлял собой местный (губернский) орган Народного комиссариата просвещения КССР. В его ведении находились различные местные органы управления делом народного образования и вся сеть просветительных учреждений народного образования на территории губернии. Под непосредственным руководством губОНО были созданы уездные отделы народного образования: Актюбинский, Темирский, Челкарский и Тургайский УОНО.

ГубОНО осуществлял мероприятия, необходимые для полного и всестороннего развития народного образования в губернии, руководствуясь при этом директивами высших органов республики, Наркомпроса и губернского исполнительного Комитета.

Большой заслугой сотрудников Актюбинского губОНО стали организация и руководство делом социального воспитания и политического образования в дошкольных, школьных и внешкольных учреждениях как для нормальных детей и подростков, так и для физически дефективных и трудновоспитуемых, совершенствование работы по борьбе с беспризорностью, а также содействие развитию детского движения в губернии. Анализ архивных документов показывает, что при этом ГубОНО не оставалось в стороне и от решения задач руководства политико-просветительной работой в губернии в целях государственной пропаганды коммунизма и основных принципов советского строительства [1].

Огромный объем работ, выполнявшийся губОНО по развитию системы образования в губернии в 1920-х гг., приводил к увеличению численности штатных сотрудников отдела (к 1928 г. – до 21 чел.). Наряду с ростом рядов бюрократии существовали и иные проблемы в деятельности губОНО. В частности, без должного внимания зачастую оставались городские образовательные и культурно-просветительные учреждения Актюбинска. Для решения этой проблемы, согласно постановлению Актюбинского губернского исполнительного комитета от 12 мая 1926 г., при губОНО был организован «стол ГорОНО». В ведение последнего

перешел целый ряд учреждений, находящихся в г. Актюбинске: школы, детские дома, партклуб, центральная изба-читальня, кинотеатр и некоторые другие учреждения [2]. Внештатными организациями при губОНО были бюро юных пионеров, детский городок, методическое бюро и комиссия по улучшению труда и быта женщин.

В январе 1928 г., после создания Актюбинского округа, функции и все дела губернского отдела народного образования были переданы Актюбинскому окрОНО. Таким образом, вопреки распространенному мнению об исключительно классовом характере развития системы образования в 1920-е гг., нацеленной на обслуживание политико-идеологических запросов правящей партии, ситуация всё же не выглядит столь однозначной. Рассмотрение деятельности Актюбинского губОНО показывает, что наряду с решением задач коммунистического воспитания подрастающего поколения, в центре внимания данного учреждения находились и другие вопросы: организация культурно-просветительской работы (заведование библиотеками, кинотеатрами и пр.); социальная поддержка лиц с ограниченными возможностями, беспризорных детей и малолетних правонарушителей; улучшение условий труда и быта различных категорий трудящегося населения. Именно эта социальная направленность работы в сочетании со стремлением к формированию коммунистического мировоззрения молодежи и определяла специфику управленческой деятельности Актюбинского губОНО в 1920-х гг.

Список литературы.

1. Административно-территориальное устройство России: История и современность. М., 2003. С. 217–218.
2. Шульгина О.В. Административно-территориальное деление России в XX веке: историко-географический аспект // Вопр. истории. 2005. № 4. С. 28–29; Тропов И.А. Эволюция местных органов государственной власти в России (1917–1920-е гг.). СПб., 2011. С. 446–447.
3. См., напр.: Крупская Н.К. К вопросу о коммунистическом воспитании молодежи (1922 г.) // Крупская Н.К. Пед. соч.: в 11 т. М., 1959–1963. Т. 2. С.121;
4. Луначарский А.В. Третий фронт. М., 1925. С. 46–47 и др.
5. Государственный архив Актюбинской области (ГААО). Ф. 59. Оп. Д. 16. Л. 85, 105.
6. Мирошин М.Ф. Описание фонда // ГААО. Ф. 59. Оп. 1, 2. ГААО. Ф. 3. Оп. 1. Д. 47. Л.50
7. ГААО. Ф. 151. Д. 4, 5.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

М.К. Утепкалиева - магистр,
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
Университеті» КеАҚ «Ұстаз» мектеп –
интернаты» тарих пәні мұғалімі.

Тарихтың сан саласының ішінде өлкетану бағыты өте қызықты, себебі ел тарихын білу ең алдымен өзіңнің туған өлкеңді танудан басталады. Сондықтан, «өлкетану» дегеніміз – туған өлкеңі жан-жақты зерттеп білу болса, сол өлкеңі зерттеумен айналысатын адамды – «өлкетанушы» деп атаймыз. Өйткені, өлке тарихы ел тарихымен және белгілі бір өлкеде өмір сүретін халықтың ана тілімен тығыз байланысты. Демек, туып-өскен жерін, ана тілі мен салт-дәстүрін қастерлеп, құрмет тұту әрбір ел азаматының бұлжымас міндеттерінің бірі болып саналады. Туған өлке тарихын оқып үйренерде әрбір адам ең алдымен өзінің туып-өскен жерінің тарихи-географиялық орнын, алып жатқан жер аумағы мен табиғат жағдайларын білуі тиіс. Өйткені, отанымыздың әрбір ауданы мен түкпір-түкпірінде көптеген тарихи ескерткіштер бар. Ал, мұндай ескерткіштерді қамқорлыққа алып, күте білу және олардың сақталуын қадағалау біздің басты парызымыз.

Қазақстандық білім берудің жалпы мақсаты ел болашағы үшін сапалы да бәсекеге қабілетті, жан – жақты дамыған тұлғаны даярап шығару екені белгілі. Білім берудегі қалыптасқан ұлтжандылық, ел тарихына құрмет пен сүйіспеншілік, халқымыздың өткені мен бүгінін салыстыра отырып, тарихтан сабақ алу, қазіргі жаһандану жағдайында ұлтымыздың өзіне тән ерекшеліктерін сақтап қалу қазіргі кезеңдегі басты бағытымыз. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай жалпы білім беретін мектептің 5 – 7 сыныптарына арнап шығарған «Өлкетану (Атырау облысы)» оқулығы ұстаздар қауымына үлкен көмек. Бұл оқулық бағдарламасы тарихқа бастама ретінде келетін 5 - сыныпта Қазақстан тарихы – туған өлкеңің аңыз – әңгімелері, тарихи ескерткіштер, тарихи тұлғалар, музыка - туған өлкеңің сазгерлері жайлы және «Жәдігерлер сыр шертеді» тақырыбымен өлкетану мұражайларына баруды қамтыса, 6 – сыныпта Тарих бөлімі өлкеміздің жер – су атауларына байланысты – топонимдерді жинақтау, мәдени – этнографиялық бағытта өлкеміздің ұлттық дәстүрдегі қолөнерді сақтауға қатысты жұмыстар, қолөнер шеберлерін кеңінен насихаттау, өлкеміздің «Бір ел – бір тағдыр» ұранымен біріккен халықтары сияқты тақырыптарды қамтыса, Әдебиет бөлімі өңірден шыққан ақындар мен жазушылар шығармашылығына арналған. 7 – сыныпта түрлі бағыттағы туристік маршруттар, мектеп тарихы мен мұражайларының жәдігерлер жинау жұмыстары жайлы материалдар қарастырылады. Осы сыныпта Жаңа замандағы Қазақстан тарихы курсы бойынша «меценаттық» ,

«миссионерлер» ұғымдарын түсіндіру барысында өлкемізге есімдері танымал жомарт жандар, олардың қолдау көрсетулері көрініс тапқан жағдайлар мен әр кезеңде өлкемізде түрлі діни ағымдардың таратушылары туралы да айтылады. Халық арасынан шыққан өлкетанушылар туған өлкелерінің тамаша білімпазы болған. Олар өздерінің тарихи-географиялық білімдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Ерте замандардан өлкетанушылар өз халқының мәдениеті мен тарихын сақтап, өсіп келе жатқан ұрпақты отанға деген сүйіспеншілікке жетелеген. Сондай-ақ, қазақ халқы жер-су атаулары мен олардың қасиеттерін, ата-бабаларының көне қорымдары мен зираттарын қадірлеп, шежіреші адамдар мен көнекөз қарттарға аса үлкен құрмет көрсете білген. Ал, өлкетанушыларға көнекөз қариялардың берер көмегі зор. Өйткені, олар туған өлке тарихы, халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі туралы қызықты жайттарды ауызша баяндап береді. Одан кейін өлкетанушылар нақты дәлелдер мен мысалдар келтіре отырып әрбір өлкенің тарихын жазып шығуға қол жеткізеді. Сондықтан, өлкетанушылар ең алдымен көне көз қариялармен сөйлесіп, дерек жинауы керек. Атырау облысының өлке тарихын зерттеуге белгілі тарихшы және географ мамандар кеңінен өз үлестерін қосып, біршама қызықты деректер мен мәселелер бойынша ұзақ жылғы зерттеулерін жүргізуде. Олардың арасында журналистер Ө.Әлімгереев, Т.Жаңабаев және Атырау Университетінің ғалым оқытушылары А.Шамғонов, Ш.Нағимов, Ж.Кенжебаева, Г.Қайырғалиева, А.Аққали, Л.Бердіғожин т.б бар. Жылдар бойы облыс тарихына қатысты мол мағлұматты жинақтаумен айналысқан қарапайым мектеп мұғалімі М.Жолжановтың еңбектері де өте қызықты және жүйелі, өз қажетімізге жаратуға мүмкіндік береді. Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісі жайлы мектеп оқулығында кездесетін кейбір мәселелер(көтерілістің хронологиялық шеңбері, көтеріліске қатысқан қолдың саны, қолбасшылардың туыстарының есімдеріне қатысты деректер) бойынша еліміз бойынша бірден – бір «Исатайтанушы ғалым» атағын иеленген А.Шамғонов ұзақ жылғы өз зерттеулерінің нәтижесінде көтерілістің картасын жасақтап және бірнеше басылымдарын жариялады. Бұл деректер біздің өз сабақтарымызда пайдалануымызға аса қажетті ақпараттар болып табылады. Исатай батырдың қазіргі көзі тірі ұрпақтары жайлы да үнемі жаңартылып отыратын материалдар қорын тақырып бойынша пайдаланып отырамын. Ж.Кенжебаеваның зерттеулері Сарай-Атырау облысының жер – су атауларына байланысты болса, көптеген деректер жеке тарихи тұлғаларға арналған.

Өлкетанушылар көбінесе ауылдық жерлерден тарихтың ежелгі кезеңіне қатысты заттар мен бұйымдарды жиі тауып жатады. Сонымен қатар, бұл туралы археолог-ғалымдарға хабарлауды да ұмытпайды. Нәтижесінде, археологтар ол жерге қазба жұмыстарын жүргізіп, бұрын беймәлім болған ежелгі қоныстар мен қалашықтарды табады. Сөйтіп, мұндай жерлерден табылған тарихи ескерткіштер мен заттай деректер негізінде әрбір аймақта «өлкетану мұражайы» ашылады. Өлкетану мұражайына келген адамдар сол өлкенің тарихы және тыныс-тіршілігінен толық хабардар болып, өлке

тарихына деген ризашылық сезіммен қайтары анық. Сондықтан, әрбір адамның өзінің туған жері жайлы жинаған мәліметтері өлкетану ғылымына қосылатын зор үлес болып табылары сөзсіз. Өлкетану – тарих ғылымының археология, ономастика, мұрағаттану тәрізді салаларымен тығыз байланысты. Мәселен, әрбір өлкедегі жер-су аттары, ру-тайпа және адам есімдері бекерге қойылмайды, олардың әрқайсысының өз тарихы мен мән-мағынасы бар. Сондықтан, мұндай атаулардың тарихын зерттейтін ғылым саласын – «ономастика» деп атаймыз. Сондай-ақ, адамзат баласының даму үрдісінде тарихи география мен тарихи демографияның алатын орны ерекше. Оның бірінде, адамзат тарихының ежелгі кезеңдерден бері қарайғы дамуында қалыптасқан табиғи орта қарастырылатын болса, екіншісінде, әрбір тарихи кезеңдерге қатысты халықтардың саны, өсуі мен азаюы зерттеледі.

Сондай-ақ, өлке тарихын зерттеуде аса маңызды рөл атқарып, тың деректер негізінде құнды мәліметтер беретін бірден-бір орын – «мұрағат» болып табылады. Ал, мұрағаттарда көне заманнан бері жинақталған тарихи құжаттарға тыңғылықты әрі жүйелі түрде ғылыми зерттеу жүргізетін болса, тарих ғылымы үшін баға жетпес аса құнды мәліметтерге қол жеткізуге болады. Тарих ғылымының өлкетану саласы негізі деректерін 3 басты бағытқа жіктейді – материалдық, жазбаша және ауызша. Материалдық сала археологиялық, сәулет және өнер туындыларын қамтыса, жазба деректер мемлекет басшыларының бұйрықтары, жылнамашылар мен тарихшылардың, саяхатшылардың естеліктерінен құралады, ал тиісінше, ауызша деректер ғасырлардан бері ауызба ауыз жалғасын тауып келе жатырған ауызша айтылған тарихи деректер мен жыр – дастандар, естеліктер т.б. құралады.

Тарихты білу ең алдымен өзінің туған өлкеңді танудан басталады. Сондықтан, «өлкетану» дегеніміз – туған өлкені жан-жақты зерттеп білу болса, сол өлкені зерттеумен айналысатын адамды – «өлкетанушы» деп атаймыз. Өйткені, өлке тарихы ел тарихымен және белгілі бір өлкеде өмір сүретін халықтың ана тілімен тығыз байланысты. Демек, туып-өскен жерін, ана тілі мен салт-дәстүрін қастерлеп, құрмет тұту әрбір ел азаматының бұлжымас міндеттерінің бірі болып саналады. Туған өлке тарихын оқып үйренерде әрбір адам ең алдымен өзінің туып-өскен жерінің тарихи-географиялық орнын, алып жатқан жер аумағы мен табиғат жағдайларын білуі тиіс. Өйткені, отанымыздың әрбір ауданы мен түкпір-түкпірінде көптеген тарихи ескерткіштер бар. Ал, мұндай ескерткіштерді қамқорлыққа алып, күте білу және олардың сақталуын қадағалау біздің басты парызымыз. Халық арасынан шыққан өлкетанушылар туған өлкелерінің тамаша білімпазы болған. Олар өздерінің тарихи-географиялық білімдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Ерте замандардан өлкетанушылар өз халқының мәдениеті мен тарихын сақтап, өсіп келе жатқан ұрпақты отанға деген сүйіспеншілікке жетелеген. Сондай-ақ, қазақ халқы жер-су атаулары мен олардың қасиеттерін, ата-бабаларының көне қорымдары мен зираттарын қадірлеп, шежіреші адамдар мен көнекөз қарттарға аса үлкен құрмет көрсете білген. Ал, өлкетанушыларға көнекөз қариялардың берер көмегі зор. Өйткені, олар туған өлке тарихы, халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі туралы

қызықты жайттарды ауызша баяндап береді. Одан кейін өлкетанушылар нақты дәлелдер мен мысалдар келтіре отырып әрбір өлкенің тарихын жазып шығуға қол жеткізеді. Сондықтан, өлкетанушылар ең алдымен көне көз қариялармен сөйлесіп, дерек жинауы керек. Өлкетанушылар көбінесе ауылдық жерлерден тарихтың ежелгі кезеңіне қатысты заттар мен бұйымдарды жиі тауып жатады. Сонымен қатар, бұл туралы археолог-ғалымдарға хабарлауды да ұмытпайды. Нәтижесінде, археологтар ол жерге қазба жұмыстарын жүргізіп, бұрын беймәлім болған ежелгі қоныстар мен қалашықтарды табады. Сөйтіп, мұндай жерлерден табылған тарихи ескерткіштер мен заттай деректер негізінде әрбір аймақта «өлкетану мұражайы» ашылады. Өлкетану мұражайына келген адамдар сол өлкенің тарихы және тыныс-тіршілігінен толық хабардар болып, өлке тарихына деген ризашылық сезіммен қайтары анық. Сондықтан, әрбір адамның өзінің туған жері жайлы жинаған мәліметтері өлкетану ғылымына қосылатын зор үлес болып табылары сөзсіз. Өлкетану – тарих ғылымының археология, ономастика, мұрағаттану тәрізді салаларымен тығыз байланысты. Мәселен, әрбір өлкедегі жер-су аттары, ру-тайпа және адам есімдері бекерге қойылмайды, олардың әрқайсысының өз тарихы мен мән-мағынасы бар. Сондықтан, мұндай атаулардың тарихын зерттейтін ғылым саласын – «ономастика» деп атаймыз. Сондай-ақ, адамзат баласының даму үрдісінде тарихи география мен тарихи демографияның алатын орны ерекше. Оның бірінде, адамзат тарихының ежелгі кезеңдерден бері қарайғы дамуында қалыптасқан табиғи орта қарастырылатын болса, екіншісінде, әрбір тарихи кезеңдерге қатысты халықтардың саны, өсуі мен азаюы зерттеледі. Сондай-ақ, өлке тарихын зерттеуде аса маңызды рөл атқарып, тың деректер негізінде құнды мәліметтер беретін бірден-бір орын – «мұрағат» болып табылады. Ал, мұрағаттарда көне заманнан бері жинақталған тарихи құжаттарға тыңғылықты әрі жүйелі түрде ғылыми зерттеу жүргізетін болса, тарих ғылымы үшін баға жетпес аса құнды мәліметтерге қол жеткізуге болады.

Мен, басқа да әріптестерім сияқты, тарих сабақтарында өлкетану материалдарын жүйелі түрде пайдаланып отырамын. Мемлекеттік стандартқа сай жасақталған бағдарлама бойынша 5 - 9 сыныптар аралығында Ұзақ мерзімді жоспарларда әр тоқсан сайын бөлім бойынша 1 сағат көлемінде «Менің өлкемнің тарихы» атауымен қорытынды сабақ ретінде берілген сабақтар осы өлке тарихына арналған. Оған қайнар көздер ретінде Облыстық әдістемелік кабинеттің жергілікті ғалымдар мен тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті, музыка пәндері мұғалімдерінің қатысуымен даярланған орта мектептің 5 – 7 сыныптарына арналған оқу құралын, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған өлке тарихына байланысты материалдарды, ғаламтор ақпараттарын пайдаланамын. Атырау облыстық тарихи – өлкетану мұражайы мен палеонтологиялық мұражай, Ш.Сариев атындағы Өнер мұражайларына мүмкіндігінше оқушылармен бірге экскурсия жасап отырамыз. Өлкетану материалдарын қолданудағы жеке тәжірибеме тоқталсам, 2018 – 2020 жылдар аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде оқып, тарих ғылымы магистрі атағын иемдендім.

Зерттеу нысаны ретінде «Атырау облысының жер – су атаулары» тақырыбын алып, оның барысында облысымыздың ономастикасына арналған көптеген ғалымдардың еңбектерін қарастырып шықтым және сабақ тақырыптарына сай оларды қолданып отырамын.

Өлке тарихын зерттеу оқушылардың ғылыми жобаларын даярлау барысында жиі қолданылады. Оқушылармен бірге зерттелген жобалар арасында Атырау облысының ауған соғысы ардагерлері тарихына, қаза тапқан 14 және хабарсыз кеткен 1 интернационалист жауынгердің өмірбаяндары мен ерлік жолдарына арналған «Отаннан жырақта отқа оранып, қиянда қиылған қыршын ғұмырлар», облыс орталығының көше атаулары ауысқан уақыттағы тұрғындар мен қала қонақтары арасындағы туындаған көшелердің ескі және жаңа атауларына байланысты мәселелерге байланысты «Атырау қаласы көшелерінің ономастикасы», облыс аумағында тұрған және тұрып жатырған туыстарына арналған «И.Тайманұлының ұрпақтары», облысымыздағы 1938 жылы Қиыр Шығыстан депортацияланған корей ұлты диаспорасының тағдырына арналған «Атыраулық корейлер диаспорасы», мұнайлы астананың мұнай саласы тарихына, алғашқы мұнайшы кадрлардың қалыптасуына, мұнай көздерінің өндірістерін зерттелуіне арналған «Атырау өлкесінің мұнайшы кадрлар әлеуеті», Отан соғысы жылдарындағы Жылой жеріндегі мұнай скважиналарын құрту мақсатында облыс территориясына Иманқара тауына тасталынған фашистік диверсанттар мен жергілікті халықтың оны анықтауға көмектесудегі ерлік істері мен құрбан болу көріністерін зерттеуге арналған «Түркістан легионы» тақырыбындағы жоба жұмыстары осы өлке тарихын қамтиды. Өлкетану мәселесі күн тәртібінен түспейтін, алдағы уақытта да зерттеуді қажет ететін кең ауқымды тақырыптарды қамтиды.

Қорыта келгенде, өлкетану материалдарын жүйелі түрде пайдалану тарих сабақтарында аса қажет, сондықтан өзім де осы саладағы деректерді үнемі қолданып отырамын және оқушыларға да оның қажеттілігін насихаттау қажеттігі анық.

СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

1 СЕКЦИЯ

ҰЛЫҚ ҰЛЫС (АЛТЫН ОРДА) МҰРАСЫ - ӘЛЕМ ТАРИХЫНДА

2 СЕКЦИЯ

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ: ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ПАЙЫМДАР

АЛТЫНОРДАЛЫҚ САРАЙШЫҚ РУХАНИ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

Ә.Қ. Мұқтар – т.ғ.д., профессор,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-
мәдени музей-қорығының
директоры

Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған № BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында даярланды.

Сарайшық қаласының тарихы ортағасырлардан бастауын алады. Ол турасында жазба деректер, археологиялық деректер жеткілікті. 1950 жылы Сарайшықта археологиялық қазба жүргізген Ә. Марғұлан қала дамуын үш кезеңге бөліп, моңғолға дейінгі (XI-XIII ғғ.), Алтын Орда заманы (XIII-XIV ғғ.) және Қазақ-Ноғай заманы (XV-XVI ғғ.) деп анықтайды. Ғалым осы арқылы Сарайшықтың бай тарихын, оның Қытай-Орта Азия-Шығыс Еуропа аралығындағы аса маңызды керуен орталығы болғанын және қаланың моңғол шапқыншылығына дейін қалыптасқанын дәлелдейді. 1951 жылы 24 сәуірде Ә. Марғұланның Сарайшықтағы қазбалары нәтижесін тыңдаған КСРО Ғылым Академиясы Материалдық мәдениет тарихы институтының пленумы «Сарайшықта қазба жұмыстарын жалғастыру қажет» деген қорытындыға келеді. Пленум Сарайшықтың ежелгі қабатын ғалым П.С. Толстовтың «Хорезм колониясы», Ә. Марғұланның «печенегтер мұрасы» дегенін назарға алып, жаңа ізденістерге шақырады [1, с.132-137].

Сарайшық қаласы тарихы біршама жазба деректерде нақты көрініс тапқан. Жазба деректер қаланың салыну тарихын Бату ханның батыс жорықтарымен байланыстырады. Бұл арада зерттеушілер ортағасырлық Әбілғазы баһадүрдің еңбегіне сүйенеді. Әбілғазы Берке хан туралы жаза келе: «Бір күні аттанып, ағасының (Бату хан – Ә.М.) салдырған Сарайшық атты шаһарына барды» деп жазады [2, 116-117 б.]. Осы дерекке арқа сүйеген ғалымдар «Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя – Жошы Ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Бұл

қалалардың құрылыстары алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде бой көтерген» деген тоқтамға келеді [3].

Ортағасырлық Сарайшық туралы деректер 1334 жылы Сарайшық қаласында болған араб саяхатшысы Ибн Баттутаның (Баттута Абу Абдаллах Мухаммед Ибн) жазбаларында жазылады. Саяхатшы Кафа (Феодосия)-Қырым-Азак (Азов)-Маджар, одан 1334 жылы 6 мамырда Өзбек хан Ордасы орналасқан Биш-Тагқа (Бештау, Пятигорье) барады.

1334 жылы желтоқсан айында Ибн Баттута Сарай қаласынан арбамен 10 күн жүріп Сарайшыққа келеді. Ибн Баттута жазбасында Сарай Бату мен Сарай Беркені Сарай қаласы, Сарайшықты Сараджук деп көрсетеді. Саяхатшы: «Сараджук, «джук» яғни «кіші». Онымен олар «кіші Сарай» дегенді білдіргісі келген. Қала үлкен, толық өзен жағалауында орналасып, өзен «Ұлысу» аталады. Өзеннің арғы бетіне дейін қайықтар қойылып Бағдад қаласындағыдай көпір жасалған» деп жаза келіп, қаланы басқаратын қадидің қабылдағанын жазады. Сонымен бірге Ибн Баттута Сарайшықта арба сүйреген аттарын сатып, саяхатын әрі жалғастыру үшін түйе сатып алғанын көрсетеді [4, с.33-34]. Қаланың империяның өзге астаналары тәрізді Сарай аталуы оның Алтын Орда хандарының саяси орталығы болғанын дәлелдейді.

Сарайшық тоғыз жолдың торабында орналасып, Жошы Ұлысының рухани орталығы айналды. Құрбанғали Халид өзінің «Бес тарихында»: «Сарай, Сарайшық пен хан ордасы қалаларының айналасына орналасқандықтан хан, ханзадалар билігі үзілмей жалғасып отырды» деп көрсетеді [5, 50 б.].

Нәтижесінде Сарайшық XIII-XIV ғасырларда Еділ-Жайық аралығындағы ірі қалалардың біріне айналды. Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын 1861 жылы Сарайшық құландыларын зерттеген топограф А.Е. Алексеев 3 верст 350 сажан (бүгінгі өлшеммен 4,5 км²) [1, 54-55 б.], Жайық бойы қалаларын ұзақ жылдар бойы зерттеген археолог Л.Л. Галкин бұл кезеңде Сарайшық халқы 50 мыңнан көп емес деп анықтайды [6].

Сарайшық Сарай-Батумен салыстырғанда шағындау қала болды. Зерттеуші В.Л. Егоров В.Г. Тизенгаузеннің еңбегіне (Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. СПб., 1884) сүйеніп, Сарай-Бату қаласының көлемі шамамен 10 км², ал халқы 75 мың шамасында болғанын дәлелдеді [7, с.115]. Мұның өзі Сарайшықтың Алтын Орданың кіші сарайы болғанын да айғақтайды.

Сарайшық Еділ бойындағы Сарайлармен тығыз байланыста алып империяның тірегіне айналды. Ә.Марғұлан: «Сарайшық, Ескі Сарай және Жаңа Сарай – бір-біріне жақын орналасқан үш алтын орда қалалары. Сарайшықтың атаулары, оның сарайлары, мешіттері бар бай феодалдық қаланың мәртебесін білдіреді... Сарайлардың, мешіттердің, медреселердің іздері кесілген тақталармен, сәнделген, алып қабырғалар түрінде сақталған» деп сипаттайды [1, 140 б.].

Сарайшықтың ортағасырдағы осындай ерекшелігі оның Алтын Орда халықтарының біртұтас руханиятының өзіндік орталығына айналуына

мүмкіндік жасады. Алдымен XIII ғасырдың II жартысында мұсылман дінінің Алтын Орданың болашақта мемлекеттік діні болуына негізі қаланды.

Ортағасырлық зерттеуші Өтеміс қажының анықтауынша, Жошы хан қайтыс болған соң Берке хан Сығанаққа келіп, ислам дінін меңгере бастаған. Ал Сайын хан қаза болған соң қазірет шейх оны ата жұртқа бағыттайды. Зерттеуші Қажы-Тархан уәлиятындағы Қажы Нияздың айтуы бойынша «Берке хан Қара Көлден Үргенішке, одан Сарайшыққа жолға шығады. Хан жанында Сарайшыққа жеткенше 500 адам, Сарайшықтан Еділ жағалауына жеткенде 1500 адам жиналған» деп жазып алады [6, с.96-97]. Мұсылман дінін қабылдауда Берке ханға Сарайшық тұрғындары қолдау көрсеткен. Бұл деректі тарқатқан Әбілғазы Берке хан Сарайшық шаһарына барды дей келе: «Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді. Ол керуеннің ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылманшылықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Бүрге хан таза жүрегімен мұсылман болды» деп толықтырады [2, 115 б.]. Бұл арада Әбілғазы Берке ханның исламды қабылдау шешімі Сарайшықта жүзеге асқанын баяндайды.

Мұсылман діні Өзбек хан тұсында мемлекеттік дін деңгейіне жетті. Ибн Батута Өзбек хан мен оның әмірлерінің мұсылмандықтың сүннит бағытында болғанын, оның төрт мектебі – хафиит, ханафит, меликит және ханбалит ішінен ханафит бағытын ұстанатындығын жаза келе, «Олар Қыпшақтар ханафиттер» деп анықтайды. Өзбек ханның ұстазы сейіт Абд ал Хамид болған. Өзбек хан мұсылмандықты қабылдаған соң, өзге діндерді ығыстыра бастаған [8]. Дегенмен мәселені зерттеуші Р. Хаутала Өзбек хан тұсында қатты діни қысым болмағанын, Жошы Ұлысында католиктік миссионерлердің еркін қызмет жасағанын жаза келе, тұрғылықты жергілікті халықтардың өз сенімінде болғанын тілге тиек етеді [9, с.687-688].

Сонымен Өзбек хан тұсында Сарайшықта мешіттер, медреселер, ханакалар салынды. Елде сопылық бағытты қолдау кең етек жайды. Мемлекет сопы шейхтарын мемлекеттік діни лауазымдарға тағайындады. Оны байқаған Ибн Батута: «Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұраржайы бар, оның аты – Ата. Ол бізді қонақ қылып әрі батасын берді» деп толықтырады. Араб саяхатшысы суфиилік мекемеге – завияға барған [10, 6-8 б.].

Мұсылман дінінің өкілдері ел билігіне араласты. Мәселен, Сарайшықтағы мұсылмандық сот - қади орталық және аймақтық әкімшіліктегі істерді қарауға тартылған. Ол уақыт өте империялық сот дзаргуши – жарғышы қызметімен теңестірілген. Мұсылман әкімшілігіндегі қазы, мүфти, шейх, сопы т.б. мелекеттік салықтардан босатылған. Дегенмен олар мұсылман дініндегі салықтарды төлеген. XIII ғасырда болмағанымен XIV ғасырдың II жартысында Алтын Орда хандарын Құран алдында ант беруге үгіттеу басталған [11, с.116-123].

Осы жүйе Ноғай Ордасында да жалғастырылды. В.В. Трепавловтың анықтауынша, Сарайшықта сейіттер, молдалар, қожалар, хафиздер қызмет еткен. Солардың ішінде сейіттер би сарайында орналасқан. Мәселен Естерек

би тұсында оның қайын атасы Ибрагим б. Калеват, кейін Сайф ад-дин Калеваттар аталады. Ал бас сейіт Сайф ад-Дин болды[12, с.570-571].

Қыпшақ даласының мұсылман дінін қабылдауында тарихтағы Түкті-Бабамен қатар Сарайшықта мәңгілік топырақ бұйырған Қожа Ахмет Яссауи шәкірті - Сейт Бабаның орны айтарлықтай. Олар Алтын Орданы билеген Өзбек хан (1312-1342 жж.) және оның ұлы Өз-Жәнібек хан (1342-1357 жж.) тұстарында аймақты исламландыру барысындағы ең басты тұлғалар. Күні кешеге дейін Сарайшықта «Аса қасиетті Ата жерленген жер» - деп, жергілікті халық күні кешеге дейін аумағы алты қанат киіз үйдің көлеміндей Ақтігенге садақа байланған.

Ортағасырда Сарайшықтың ірі транзиттік сауда-саттық қалаға айналуы білім мен ғылымның дамуына ықпал жасады. Зерттеушілердің пікірінше Сарайшық тұрғындары сауаттылығымен ерекшеленген. Оған қазба кезінде табылған ыдыстардағы, қола бұйымдардағы және қағаздағы әртүрлі мағынадағы жазулар дәлел бола алады. Әсіресе қыш ыдыстардағы жазулар жақсы сақталған. Сондай бір үлкен қыш ыдыс – хум сыртында ХІ ғасырдағы Жүсіп Баласағұнидың:

Адам көркі - жүз, бұл жүз көркі - көз,

Ауыз көркі – тіл, тіл көркі – сөз.

Тағы көркі кісіге, білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім мен өнер үшін ер – деген үзіндісі жазылған.

Хум жанына «Бұл күбіге көз жасын құяр болар», - деп белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан. Ал Сарайшықтан табылған кесенің бір бөлігінде нақыл сөздер кезеседі. Оның бір нұсқасы: «Түнде екі әлемнің періштелері оның алдына келді, ...» деп оқылады [13, 23 б.].

Алтын Орда хандары мен билері жанында сарай ақындары, жыраулары, күйшілері болған. Ақындар, жыраулар, жалпы өнер адамдары ерекше құрметке ие болған. Олар ел ішіндегі тарихи оқиғаларды, оған қатысқан тарихи тұлғаларды, олардың қоғамдық-саяси қызметтерін күйге, жырға қосады. Тарихшы В. Трепавлов ХІҮ ғасырдағы тарихи кезеңді жырға қосқан ақындар қатарына Шез-Баян Балашықұлын, Найман Кетбұғаны, Шөпбасылы Сыбыраны, Парыздақ Шабанұлын, Қыпшақ Құбаны, Қаңлы Қарабайысты, Қоңырат Ұзын Айдарды, Шырын Сұлумамбетті, Маңғыт Маңқыны қосады. Зерттеуші: «бүгінгі бірде-бір халық оларды өздеріне қоса алмайды, ол кезде ноғай да, қазақ та болмады, Дешті – Қыпшақта олардың ортақ бабасы Жошы Ұлысының қыпшақтары мекендеді. Беклербек Тимур б. Мансурдың сарайына жақын болған Шалкиіз Тіленшіұлы маңғыттардан болуы мүмкін» деп есептейді [12, с.574-575]. Олардың ішінен Кетбұғаның «Ақсақ құлан» күйі «Жошы хан» тарихынан мол сыр береді. Тұлғаны қадір тұтқан ХV ғасырдағы Доспамбет жырау, ХІХ ғасырдағы Махамбет ақын «Кетбұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда» деп жырға қосқан. Қалай десек те Сарай ақындары ортағасыр тарихынан тың ақпараттарды жырлаған және кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды.

Жыраулар арасынан Асанқайқының орны ерекше. Ол ноғай мен қазаққа ортақ тұлға. Асанқайғы Алтын Орда ханы Жәнібектің ақылгөй биі

болды. Оның «Ел айырылған», «Асан қайғы», «Желмая-ның жүрісі», «Зар» сияқты күйлері белгілі. Ел ішінде Асанқайғының «Қырында киік жайлаған» атты жырында,

«Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,

Бірін қысқа қыстасаң,

Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміске!..», немесе «Еділ бол да, Жайық бол» атты жырында,

«Еділ бол да, Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа.

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа» деген шумақтары сақталған. Олар сол кезеңдегі замандастарын елдікке, отанды сүйеге, бірлікке шақырады.

Алтын Орда дәуірінде түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті өркендеді. Оның астанасы болған Сарайшық қаласына Батыс пен Шығыстың аса көрнекті ғалымдары, сәулетшілері, ақындары, өнер қайраткерлері ж)не т.б. жиналды. Алтын Орда дәуірі әдебиеті тұсында әл-Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Сайф Сарайдың «Гүлистан бит-турки» («Түркі тіліндегі Гүлистан»), Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастандары ерекше мәшһүр болды.

Сарайшық қаласының (бір деректе Сарай қаласы, екінші деректе Төменгі Еділ бойындағы Қамысты а. – Ә.М.) тумасы Сайф Сарайдың қыпшақ тіліндегі «Гүлистан бит-турки» туындысы 1391 жылы Сарайшықта басталып, Мысырда аяқталған. Аталған шығарма Сағди Ширазидің «Гүлистан» атты шығармасының еркін аудармасы және ел билеушілер, халық бұқарасы, қанағатшылықтың әсері, ауыздан шыққан сөзді абайлап сөлеуді, адамзаттың ержігіт кезіндегі көрністері, адам өміріндегі қарттық кезі, тәрбиелеу барысы, адамның бір-біріне деген қарым-қатынасы әдеп мәселесін жырлайды (14, 4 б.). Ақынның 1394 жылғы «Сухейль и Гульдурсун» поэмасында ол Тоқтамыс ханды жырлап, ханның елді Ақсақ Темірден қорғау үшін әскер жинады дей келе, соғыстың адам баласының болашығына ықпалын дәл көсетеді (15, с.41). Қалай десекте С. Сарай Алтын Орда дәуіріндегі, соның ішінде Сарайшықтағы тарихи оқиғалармен жете таныс болды және табиғаттың қыр-сырын терең меңгерген озық ойлы тұлға болды. Бір сөзбен айтсақ Сарайшықтағы мұсылман діні өкілдері, ойшылдар, ақындар, жыраулар мемлекеттік қайраткер деңгейіне жеткен.

Сарайшықта мұсылман дінінен өзге де діни орталықтар қызмет жасаған. Оларда әр түрлі діни миссионерлер өз діндерін уағыздаған. Миссионерлер қала арқылы Азияға жол тартқан. Өз зерттеуінде В.В.Бартольд 1338 жылы миссионер Пасхалияның Сарайшыққа келгенін жазады (16, 31-32 б.).

XIV-XV ғасырларда ноғайлы топтамасындағы тарихи-батырлық эпостар – «Ер Тарғын», «Ер Едіге», «Қарасай-Қазы», «Орақ-Мамай», «Ер Көкше», «Ер Қосай» ерекше етек алды, бізге «Қырымның қырық батыры» деген эпикалық топтама түрінде жеткен (17, 234 б.). Эпоста тарихи

тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі, отан қорғау ісіндегі жанқиярлық образдары көпке үлгі, тарихи сабақ ретінде ұсынылады. Тарихи тұлғалар Сарайшықпен байланыста болған.

«Едіге жыры» ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар халықтарына ортақ. Жырға арқау болған батырлар тарихта болған. Қырымда, Қазанда, Сарайшықта және басқа да жерлерде өмір сүрген дара тұлғалар. Жыр Алтын Орда ханы Тоқтамысты, Едіге батырды жырлап, ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы тарихи оқиғаларды молынан суреттейді. Едіге жырын зерттеуші Ж. Асан: «қазақ нұсқасындағы 14 варианттың әрқайсысы әртүрлі. Сол секілді түркі тектес халықтардың «Едіге» жырлары да ерекшеліктерімен көрінеді. Бірақ негізгі ұстын сақталаған. Бәрінде де айналып келгенде, «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді. Ел шетіне жау келсе, мен барайын дер еді», «Еділ тоңса кім өтпес, Едіге өлсе кім келмес» деп жоғары бағалайды (18).

Жырда Тоқтамыс ханның басының Сарайшыққа жерленгені жырланады. Тарихшылар оның 1406 жылы Түмен маңында Едіге бидің ұлы Нұрадынның қолынан өлтірілгенін жазғанымен жырда Нұрадын атынан:

Тоқтамысдай бабаньды
Артын кувып еткенмен,
Еткешден аман-заман дегизмей,
Эрдинь басын шорт кыйып,
Канжыгага такганман,
Канжыгамдан калыр деп,
Ат оьлеге боьлетип,
Эт койныма салганман,
Кан суьеги кие деп,
Канларды койган Сарайжык-

Бабаньдынь басын анда аькелип койганман – деп айтылады [19, с.174]. Мұның өзі Сарайшықтың ортағасырда Алтын Орда, Ноғай Ордасы билеушілерінің, атақты тұлғаларының қадір тұтқан рухани орталығы болғанын және олардың мәңгілік мекені – пантеонына айналғанын айғақтайды.

Ол турасында алғаш рет 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның картасында көрініс табады. Италияндық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп анықтайды (12, с.510). Картадағы деректі ХҮІІІ ғасырда П.И.Рычков (20, с.131), П.С. Паллас (1, с.37-38), ХІХ ғасырдағы А.И. Левшин (1, с. 44), 1861 жылы топограф А.С. Алексеев (1,с.55) зерттеулері қуаттайды.

Соңғы зерттеулер бойынша Сарайшықта Алтын орда хандары Жошыдан тарайтын Мөңке Темір Тұқанұлы, Тоқтағу Мөңке Темірұлы, Жәнібек Өзбекұлы, Бердібек Жәнібекұлы, Тоқтамыс Тайқожаұлы, қазақ хандарының атасы Ақ Орда ханы Барақ Құйыршықұлы, Қазақ хандығының билеушісі Қасым Жәнібекұлы, атақты ноғай билері Жүсіп би, Шейх Мамай, эпикалық тұлғалар Ер Тарғын т.б. жерленген.

Сарайшықта қала құрылысы мен архитектура жоғары деңгейде дамыған. Оны соңғы жылдардағы қазбалар да толықтыра түсті. Сарайшықты зерттеген

археологтар: «Қала құрылысының ешбірі жоспарсыз жүзеге асырылмаған, онда көшпелі елдің қаласына тән дәстүрлер ескеріле отырып, белгілі бір жүйеге бағындырылып салынған. Үй сәулетіне, оның ішкі интерьеріне Төменгі Еділ жағалауы, Хорезм және Сырдария өңірі қалаларының дәстүрі де біте қайнаған» деп жазады (21, 13-14 б.).

Ибн Баттута еңбегінде көрсетілген Сарайшықтағы жүзбелі көпірдің Бағдад қаласындағы көпірмен теңестірілуі, қазба кезінде Қытайдың, Европа елдерінің тұрмыстық бұйымдарының көптеп табылуы Сарайшық қаласының әлемдік мәдениетті, оның озық технологияларын, рухани байлықтарын сіңіргенін дәлелдейді. Сондықтан ғалымдар Алтын Ордалық мәдениетті әр түрлі компоненттер қосылған синкретикалық деп атайды (22, с.31].

Қорыта айтқанда тарихи деректер мен археологиялық қазба материалдары Сарайшықтың әлемдік мәдениеттің тоғысқан орталығы болғанын айғақтайды.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.
- 2 Әбілғазы. Түрік шежіресі. –Алматы: Ана тілі баспасы, 1991. -208 б.
- 3 Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды. –М., 1976; Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайчик. –Алматы: ОФ «Берел», 2001. -320 с.
- 4 Иловайский Д.И. «История России. В 5 томах. Том 2. Собиратели Руси». Века XIYи XY. –М., 1896. -611 с.
- 5 Халид Қ.
- 6 Байнекеева З. Разрушитель легенд // Ақжайық. -2011. -29 сентябрь
- 7 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII — XIV вв. М.: Наука, 1985. – 140 с.
- 8 Крамаровский М.Г. Ибн Баттута о тюркском исламе // cyberleninka.ru › ibn-battuta-o-tyurkskom-islame. 2017
- 9 Хаутала Р. Исламизация Джучидского и Хулагуидского улусов в сравнении: точки зрения мусульманских и христианских источников // Золотоордынское обозрение. Казань: Институт истории имени Шигабутдина Марджани Академии наук Республики Татарстан, 2018. Т. 6, № 4. С. 676–695. DOI: <http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2018-6-4.676-695>
- 10 Мұқтар Ә. Ибн Баттута: әлемдік саяхат және Дешті Қыпшақ даласы // Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Қайырғалиева Г.Қ. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017. -202 б.
- 11 Почекаев Р. Инкорпорация мусульманских институтов во властную структуру Золотой Орды и пост-ордынских государств // Золотоордынское обозрение. -2016. -№ 01(11). –С. 115-126

- 12 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды / Отв. ред. М.А. Усманов. 2-изд., испр. идоп. –Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. - 764 с.
- 13 Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. –Алматы: ОФ «Берел», 2001. - 320 с.
- 14 Жұман С.Ә., Оспанова Б.Р. Сайф Сарайдың шығармасындағы рухани құндылықтар // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар» сериясы. -2021. -№ 3(70). -4-7 б.
- 15 Маликов Р.Ш. Просветительские идеи эпохи Золотой Орды // Вестник Набережночелнинского государственного педагогического университета. - 2020. -№ 2 (27). -С.40-44
- 16 Қасенов М. Сарайшық қаласының тарихы. –Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007. -125 б.
- 17 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II том. – Алматы: «Атамұра», 1998. -640 б.
- 18 Кемал Б. Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді... // Ақтөбе. -2010. – 29 шілде
- 19 Эдиге: Ногайская эпическая поэма / под ред. Н.Х.Суюновой; Карачаево-Черкесский институт гуманитарных исследований при Правительстве КЧР. – М.: Наука, 2016. -512 с.
- 20 Труды П.И.Рычкова. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником и императорской академии наук корреспондентом Петром Рычковым / Научно-популярное издание под ред. С.В.Богданова. Серия «Труды П.И.Рычкова». – Оренбург, Печатный дом «Димур», 2012. -432 с.
- 21 Сарайшықтың қыш бұйымдары / З. Самашев, О. Кузнецова, В. Плахов. - Алматы, 2008.
- 22 Трепавлов В.В. "Золотая Орда была не варварским захолустьем ойкумены, но ярким и своеобразным явлением в ряду средневековых цивилизаций" // Историческая экспертиза. -2019. -№2.

АРХЕОЛОГ З.САМАШЕВТЫҢ САРАЙШЫҚТАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті, Атырау қ.

Ж.Р. Байғалиев - 2 курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті, Атырау қ.

Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған №

BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында даярланды.

Атырау өлкесінің тарихи орындарының бірі болған ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи маңыздылығы өте жоғары. Сарайшық - Алтын Орданың кіші астанасы, Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының ордасы болған заманында өркениеті дамыған қала. Теңіз сауда жолдары ашылғанға дейін Ұлы Жібек жолының мәдени маңызы зор болды. Керуен жолдары бойында көлемді некропольдар, демалуға арналған «ханака» ғимараттары, керуенсарайлар мен зәулім қалалар қалыптасты. Сарайшық қаласы туралы зерттеулер XVII-XVIII ғасырлардан бастап әр кезеңде құнды тарихи деректермен толығып отырды. Ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихына байланысты ғылыми деректерді саралай келе, хронологиялық тұрғыдан қаланың зерттелу тарихын екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Біріншісі, қаланың пайда болу, қалыптасуы және даму тарихы туралы, екіншісі XVI ғасырда қаланың құлдырап, қирандыға айналған кезеңін айтуымызға болады. Сарайшық зерттеулерінің бірінші кезеңіне қатысты дерек ретінде Ибн Баттута жазбаларын білеміз [1, 7 б.]. XVIII ғасырдан бастап қаланың екінші кезеңі деректері кездеседі. Бұл кезеңде Ресей империясының Орта Азияны отарлау саясаты барысында жүргізілген әскери, ғылыми зерттеу экспедициялары нәтижесінде ортағасырлық Сарайшық қаласының дереккөздері қалыптасты. XVIII ғасырдың 60 жылдары соңында қаланы П.С. Паллас көзімен көргенін жазса, 1834 жылы Ф.Гебель аз уақытқа археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар XVIII-XIX ғасырларда П. Рычков, А. Левшин, Н.М. Карамзин еңбектерінде қала туралы тың мәліметтер келтіреді [2, 17 б.].

Келесі ортағасырлық қалаларға қатысты Кеңестік дәуірдегі Қазақстан археология ғылымын дамытуда үлестерін қосқан Е.И.Агеева, А.Г.Максимова, Е.И.Сенигова, К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, Х.А.Алпысбаев, М.Қ. Қадырбаев, С.М. Ақынжанов, Б. Нұрмұханбетов, Т.М. Савельева, Ж. Құрманқұлов, З.Самашев, А.С.Ермолаева сынды ғалым-археологтардың зерттеулері нәтижесінде бүгінде көптеген жаңалықтар ашылды [1, 18, 4 б.]. Оның ішінде ортағасырлық Сарайшық орнына жүргізілген Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының бірнеше жылдарға созылған зерттеулерінің Сарайшық қаласы тарихы мен археологиясын біраз зерттеу деңгейіне көтерді.

Сарайшықта 1937 жылы қыркүйек айында археолог Н.К. Арзютов кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ал одан кейін 1950 жылы Ә.Х. Марғұлан бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшықта қазба жұмыстарын жалғастырады [3, 7 б.]. Экспедиция құрамында институт ғылыми қызметкері Г.И.Пацевич, аға лаборант П.В.Агапов, фотограф А.А.Попов болды [4, 7 б.].

1974 – 1983 жылдары Л.Л. Галкин жетекшілігімен КСРО ҒА Археология институтының Орта-Еділ (кейін Еділ-Жайық) экспедициясы

Сарайшықта археологиялық зерттеулермен айналысқан болса, осы экспедиция жұмысының жалғасы ретінде 1989-1992 жылдар аралығында археолог т.ғ.д. З. Самашев экспедиция жетекшісі ретінде бірнеше жылдық зерттеулерін одан әрі жалғастырды.

Сонымен археолог т.ғ.д., профессор Зайнолла Самашев – 1947 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Бестерек ауылында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Платиналы Тарлан» жалпыұлттық тәуелсіз сыйлығының лауреаты, неміс Археология институтының корреспондент мүшесі. Оның ғылыми қызығушылықтары көп салалы болып, Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық халықтарының тарихын, мәдениеті мен өнерін зерттеу мәселелерін қамтиды. З. Самашев бүгінгі таңда тас дәуіріне жататын, этнографиялық қазіргі заманға дейінгі және Қазақстанның барлық аумағында петроглифтердің жүздеген орнын ашып, зерттеулер жүргізді. Ғалым Шығыс Қазақстандағы зерттеулерімен қатар Қазақстанның батыс өңірінде де кешенді зерттеулерін жүргізген. Аталған экспедицияның жұмысы барысында сармат кезеңінің көптеген жарқын ескерткіштері, соның ішінде Үстірт құмында орналасқан Байте, Қызылүйік ғибадатханалары ғалым басшылығымен қазба жұмыстарын жүргізді.

З.Самашевтің Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының маңызды тұстарының бірі ретінде ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу тарихымен байланысты Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығының маңызды орталығы болған – ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына жүргізілген зерттеулерін айтуымызға болады [5]. З. Самашевтың жетекшілігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында тың деректер жинақталды. 1996-2000 жылдары археолог З.Самашев қазбаны қайта жалғастырады. Бұл кездегі зерттеулерді сол кездегі Атырау облысы әкімі И.Тасмағамбетов ұйымдастырады. Зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтан анықталған үйлердің құрылысы Төменгі Еділ, Хорезм және Сырдария өңіріндегі қалаларға ұқсас болғандығы туралы тұжырым жасайды.

Сарайшық қалашығының 1989-2008 жылдар аралығындағы археологиялық тарихына назар аударсақ ортағасырлық Сарайшық үшін Жайық өзенінің қаншалықты қауіпті болып, оның алдын-алу мақсатында зерттеулер жүріп отырды. 1990 жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде де тарихи қаланың 800 м-дей бөлігі су астында қалғаны археологиялық есептерде келтіріледі. 1990 жылғы зерттеулері нәтижесінде З.Самашев ортағасырлық қаланың мәдени қабатын шамамен 3-3,5 м-ге дейін жетіп, оны XII-XVI ғасырларға жатқызады [6, С.1]. Ғалым қаланың мәдени қабатын бірнеше кезеңдерге бөліп көрсетеді. Атасақ, төменгі қабат - XII – XIII ғғ., жоғарғы қабат - XIV – XV ғғ. және ең соңғысы кейінгі кезең XVI – XVII ғғ. деп кезең кезеңмен жүйелей таратады. Осы мәдени қабаттардан әртүрлі жәдігерлер анықталған. Сонымен қатар, кейінгі XVI – XVII ғғ. кезеңінен «горизонт» деп аталатын жерлеу орындары табылған. Бұндай жерлеу орындарының ерекшелігі құрылыстың жоғарғы бөлігі қиратылып,

кейде нысанның негізгі бөлігіне де зақым келтірілген. Аталған жерлеу орындары төмендегідей екі типке бөлінеді. Олар:

«Сағана» типтес жерасты үй-жайларындағы ұжымдық көрханалар, келесі типі кірпішпен жабылған жалғыз жерлеу орны.

1996 жылғы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Жайық өзенінің ағысы салдарынан шайылып кеткен қалашықтың көп бөлігі ашылды. Жерлеу орындары, шығыс моншалары, ханака, тұрғын үйлер, күйдіру пештері қазылды. Сондай-ақ, көптеген қыш ыдыстар, металл бұйымдар табылып, ескерткіштің топографиясы мен стратиграфиясы анықталды [7, С. 322]. Қазба жұмыстар 3 аймақта жүргізілді. Нәтижесінде көптеген жәдігерлер анықталды. Оның ішінде сүйектен жасалған музыкалық аспап. Аспап жақсы сақталған болып, оның диаметрі 28 мм, ұзындығы 4,5 мм, ішкі тесігінің диаметрі 11 мм. Сонымен қатар, сырланған және сырланбаған ыдыстардың фрагменттері кездескен. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде анықталған қыш бұйымдары реттеліп, сараланды. Қазба жұмыстары нәтижесінде ортағасырлық Сарайшық тұрғындарының өзіндік шеберлігі қалыптасқан, қолөнершілік дәстүрі бар, бай орта ретінде тарихта қалған Сарайшық материалдық деректерімен дәлелденді [8].

Археолог З. Самашев бастаған 1998 жылғы археологиялық қазба жұмыстары қаланың өзенге іргелес аумақтардағы орналасуын зерттеу жұмыстарынан басталды. Сондай-ақ болжау үшін жалпы көлемі жағынан ерекшеленетін және зерттеуді қажет ететін қаланың екі жерінде қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде шаруашылық тұрғын-үй комплексі кеңейтілді. Одан бір жыл бұрын жүргізілген зерттеулер тек қана комплекстің орталық бөлігінде ұйымдастырылған. Ал 1998 жылғы қазба көлемі 50x50 м көлемінде кеңейтілген. Бұл жылғы археологиялық қазба жұмыстарының негізгі мақсаты қазба нысаналары ретінде белгіленген аймақтарда материкке дейін жеткізу. Қазба жұмыстары барысында Қазақстанның археологиялық институты ғана емес, Ресей және шетел мемлекеттері археолог мамандарының археологиялық зерттеу методтары қолданылған [9, С.2].

З. Самашев 1999 жылғы жылдық есебінде 2000 м²-тан асатын «керуен сарайының» орын ерекше екенін көрсетіп, көктемгі су шаюдан қорғап қалуға алдын ала іс шаралар ұйымдастыру керектігін жазады. Археолог сонымен қатар Сарайшықтың рухани орталықтардың бірі болғандығын атап көрсетеді. Бұл жылғы археологиялық зерттеу қазба жұмыстары ханака шаруашылық-тұрғын кешенінде өз жалғасын тапты. Нысанның солтүстік бөлігінде жер қатпарларын анықтау мақсатында геодезиялық зерттеулер жүргізіліп, аймақтың топографиялық түсірілімі жасалды. Кейін ала II, III, XII-шартты номерлердегі қазба орындарында зерттеулер жүргізілді. II-ші қазба орнынан 45 бөлме ашылып, сипаттамалары жасалған болса, III және XII қазба аймағынан 2 құрылыс қабатындағы ғимарат орындары анықталған [10].

2001-2002 жылдары Сарайшықтағы археологиялық қазба жұмыстары тоқтап қалды. Екі жылдық үзілістен кейін 2003 жылы зерттеулер өз жалғасын

тапты. Бұл жылғы зерттеулерде өткен жылдарда атқарылған жұмыстардың ізін жалғап, археологиялық қазба жұмыстарын жоспарлы одан әрі жүргізді.

2003 жылы зерттелген учаскенің шамамен ауданы 3600 шаршы метрді құрады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында археологтар бірнеше қиындықтарға кезіккен. Олар қалашықтың ғасырлар бойғы өмірінде таза топырақ емес, бұрынғы дәуірлердің мәдени қабаттары бір жерге тұрақтауы. Негізгі нысан – «Ханака» үлгісіндегі сарай құрылысы еді. Ол тікбұрышты, оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған, өлшемдері 20-дан 25 метрге дейін, ішкі жағы торлы құрылымды болып, күрделі қабырғаларға арналған және «ханның» тұрғын үй-жайларына арналған платформа болып табылады. Қабырға қалыңдығы 80-160 см. Құрылыс қабырғалары шикі кірпіштен салынған. Қабырғаның биіктігі 200 см-ге тең болды. Қабырғалар арасындағы кеңістік 1330-1360 жылдардағы мәдени қабаттың бітіуімен аяқталды. Кейіннен қайта құрулардың арқасында ол 40x40 метрге дейін кеңейді. Бөлмелердің интерьерінде ішкі қан арналарымен жылытылатын суфалар және тандыр пештері болды. Пештің жанында ташнау, ағызу тесігі бар «раковиналар» және олардың астындағы лас суға арналған контейнерлер анықталды. Олардың диаметрі шамамен 1 метр болды [11, С.4-5]. Анықталған жәдігерлер құжатталып, арнайы тізімдері жасалды. Бұл жәдігерлер кейін музейдің баға жетпес экспонаттарына айналды.

2004 жылға келіп мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2004-2008 жылдар аралығында зерттеулер жүргізілді [1, 31-32 бб.]. Қазба жұмыстары 2004 жылы қайта жалғасты. Бағдарлама аясында археология саласындағы ғылыми-қолданбалы зерттеулер қолға алынды. Олардың арасынан Сарайшық қаласы да орын алды. Археологиялық қазба жұмыстары ханака типті сарай кешенінде өз жалғасын тапты. Ғимараттың шығыс бөлігі оңтүстік және солтүстік бағытта қатар орналасқан 4 бөлмеден тұрады. Бөлмелердің ішкі өлшемі 3x5 м. Олар қоғамдық мақсатта қолданылған. Оған шығыстан ұзын дәліз жалғасады. Ташнау – ортағасырлық тұрғын үйлерде көп кездесетін жуынып-шайынуға арналған ұлутастардан жасалған құрылғы. Диаметрі 1 м шамасында, ортасында су ағуға арналған ойық тесігі бар. Ханаканың батыс бөлігіндегі қазба бөлмелерді анықтаған жоқ. Қазба жұмыстары барысында бірқанша маңызды жәдігелер де анықталды. Олардан 19 алтын жапсырма пластинкалардан тұратын сәндік әшекейлер қорғасыннан құйылған асық бейнесіндегі жәдігер. Әйелдердің киіміне жапсыратын нәзік те, көркем етіп жасалған бедерлі гүл композициясы бейнеленген сәндік бұйым жергілікті зергерлердің қолынан шыққан болса керек. Қызыл теңіз жағалауынан әкелінген қызғылт түсті маржан. Моншақтар (халцедон) Үндістаннан, тальк тас қазандары Хорезмнен, жайнаған люстр қыш ыдыстары Ираннан, фарфор тектес селадон ыдыстары Қытайдан келген. Түрлі түсті шынылар Сарайшыққа Сирия мен Түркістаннан келетін болған [12, С.5]. Бұл деректер Ұлы Жібек бойында жатқан ортағасырлық Сарайшық қаласының экономикалық-стратегиялық маңызы зор болғандығын айқындай түседі. Археолог З. Самашев бастаған экспедиция мүшелерінің Сарайшықтағы зерттеулері 2005 жылғы археологиялық қазбалар

ортағасырлық қаланың Жайық өзені жағалауы аумағында орналасқан қыш күйдіру пеші, монша құландысы, тұрғын үй орындарында жалғасын тапты. 2005 жылғы зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты Сарайшық қалашығының материалдары бойынша, XIII-XVI ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің, Ноғай Ордасының пайда болуының, гүлденуі мен ыдырауының жалпы тарихы және Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының бастапқы кезеңін айқындауды қойған болатын. Қазба барысында монша үстіне көлемі 400 м² қазба салынды. Анықталған нысанға жүргізілген зерттеулер және жобалау, оның құрылыс ерекшеліктері мен архитектуралық бөлшектерін зерттеу бойынша және алтынордалық, оңтүстік Қазақстандағы, Орта Азиядағы қалалар қазбаларындағы монументалды ғимараттар мен архитектуралық ескерткіштермен салыстыру нәтижесінде ашылған қазба нысанын монша деп болжам жасалды. Дегенмен өзеннің көктемгі тасуы аталған нысанның көп бөлігінің су астына кетуіне себепші болды. Қазба барысында нысанның сақталған оңтүстік-шығыс бөлігі топырақтан тазартылып, сақталған бөліктің өзінен жуыну бөлмесі, от жағу және ауыз бөлмесі айқындалды [13, С.5].

Ортағасырлық қала құрылысы туралы Х.Г. Надыров «Архитектура городов Золтой Орды» атты мақаласында Алтын Орда қалаларындағы қарапайым халық арасында кеңінен таралған, көпшілік жиналатын ғимараттар қатарына мешіт-медресе, базарлар және моншаларды жатқызады [14, С.35].

2006 жылғы «О работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» атты жылдық есебінде жыл бойғы жасалған жұмыстар нәтижелері берілді. Қазба жұмыстары 1999 жылы жүргізілген №3-қазба орнында жүргізілді. Алдымен қазба аймағы топырақтан тазаланып, кейіннен кеңейтіліп қазылды. 2006 жылғы археологиялық қазба аймағының жалпы аумағы 200 м² болды. Қазба жұмыстары барысында 1999 жылы гүлдесте деп болжам жасалған нысандар колонна типіндегі құрылыс екендігі белгілі болды. Осында колонналардың тағы 3-еуі анықталды. №3 колоннаның сақталған бөлігі 190 см. Оның жерден 80 см тереңдікте орналасып, диаметрі 85-90 см болды. Сақталған бөлігінен жоғары қарай 5 қатар тас қаландысы сақталған. Аймақты тазалау барысында көптеген моншақтар мен 2-3 тиындар табылды [15, С.7-8].

2007 жылғы археологиялық зерттеу жұмыстары V-қазба орнында, ханакада жүргізілді. Қазба нәтижесі туралы «О работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» есебінде толық мәліметтер беріледі. Негізгі бағыт өзен жағалауындағы құлаған белдеулерді зерттеуге қаратылды. V қазба аймағы 1997 жылдан бері қазылып келеді. Жүргізілген археологиялық қазба аймағы шамамен 300 м²-ты құрады. Зерттеу барысында ескерткіште белгіленген бес құрылыс кезеңі ретімен анықталды. Әр кезеңге

жататын уақыт аралығы, ол бірнеше онжылдықтар болды және кезеңдегі әртүрлі қайта құрылымдауларды қамтиды. Төменгі көкжиектер ашылған кезде кезеңдер жоғарыдан төменге қарай саналды. Алғашқы құрылыс нысанына тоқталсақ, Оған XV ғасырдың II-жартысы мен XVII ғасырға жататын жерлеу құрылыстары кіреді. Анықталған мемориалды комплекстың стратиграфиясы 4 құрылыс қабатынан тұратындығын көрсетті. Құрылыс нысандары жерден 4-7 см-ге дейінгі тереңдікте анықталған. Бұндағы жерленімдердің дерлік көпшілік бөлігі мұсылмандық дәстүрлерді сақтағандағы байқалады. Онда жерленген адам оң жақ қырымен жатқызылып, жүзі оңтүстікке қаратылған [16, С.4-5].

Қорыта келе, археолог З.Самашевтың ұзақ жылдық еңбектері көптеген есептер, мақалалар, кітаптар және монографиялар күйінде ғылыми айналымға енген. Оның ішінде Қазақстан, Ресей, ҚХР, Франция, АҚШ өзге де елдерде баспадан шыққан 100-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы. Олардан «Древности Алматы. Курганы Боролдая», «Петроглифы Казахстана», «Древнетюркская графика», «Древнетюркская графика», «Қазақ петроглифтері», «Қазақ Алтайының көне қазыналары» сынды кітаптары әлемдік деңгейде ғылыми айналымда [17].

Ғалымның ортағасырлық қаласы орнына жүргізілген археологиялық зерттеулері Сарайшықтың археологиялық зерттеулер тарихын жазуда біз үшін өте құнды деп есептейміз. Осы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде И.Тасмағамбетов, З.Самашев авторлық бірлікте жарық көрген «Сарайшық», З.Самашев, О. Кузнецова, В.Плаховтардың «Сарайшықтың қыш бұйымдары» және «Сарайшық тиындары» еңбектері жарық көрді.

Сарайшықта қазірде археологиялық қазба жұмыстары З.Самашевтың кеңесімен одан әрі жалғасын табуда. Сарайшық музей қорық ұйымдастыруымен жүргізіліп отырған зерттеулер ортағасырлық Сарайшық тарихын бүтіндеуге үлес қосады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі.

1 Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер/ Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев //Ғыл.ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.

2 Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.

3 Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963-2019). Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 192 б.

4 Мұқтар Ә.Қ., Диярова Ж. Ортағасырлық Сарайшық жәдігерлері тарихи дерек ретінде. // «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Хабаршысы» ғылыми журнал. № 2 (61), 2021. – 51 б.

5 Ученому–археологу Зайнолле Самашеву – 70 лет // Qazaqstan Tarihy порталы. Сайт: <https://e-history.kz/ru/news/show/5123/>. Пайдаланылған уақыты: 11.04.2022 жыл, сағат: 14:40.

6 Қазақстан Республикасы Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының мұрағаты. 1990 ж., 2 т., 2297 іс., 133 п.

7 Сагидуллаев Д.З., Яранцева Н.С. История археологического изучения городищ Золотой Орды северо-восточного прикаспия /Археология Евразийских степей, 2021 (5), 320–327.

8 ҚР ӘМА АИА. 1996 ж., 2 т., 2463 іс., 438 п.

9 ҚР ӘМА АИА. 1998 ж., 1 т., 255 іс., 12 п.

10 ҚР ӘМА АИА. 1999 ж., 2 т., 2520 іс., 146 п.

11 Отчет по договору с РГКП «Хан Ордалы Сарайшык» по теме «Археологические раскопки аварийно-спасательного характера на городище Сарайчик» в 2003 году. Т.1 // Алматы, 2004. – 189 с.

12 ӘМА АИА. 2004 ж., 2 т., 2690 іс., 90 п.

13 ҚР ӘМА АИА 2005 ж., 2 т., 2748 іс., 87 п.

14 Х.Г. Надыров «Архитектура городов Золтой Орды». Известия КазГАСУ, 2008, №1 (9) Сілтеме: <https://cyberleninka.ru/article/n/arhitektura-gorodov-zolotoy-ordy> Пайдаланған уақыт: 01.04.2022 ж, сағат: 12:15

15 ҚР ӘМА АИА 2006 ж., 2 т., 2820 іс., 60 п.

16 ҚР ӘМА АИА 2007 ж., 2 т., 2842 іс., 73 п.

17 Самашев З // «Шығыс Қазақстан танымал есімдер» дерекқоры. Сайт: <https://imena.pushkinlibrary.kz/ru/ushiteli/1250-.html>. Пайдаланылған уақыт: 11.04.2022 жыл, сағат: 14:52.

18 Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991-2011): ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Археология институты, 2011. – 448 б., +64 б.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

А. Күзембайұлы – т.ғ.д., профессор,
Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай
өңірлік университеті

А.Н. Капан - Тарих мамандығының 4
курс студенті, Ахмет Байтұрсынов
атындағы Қостанай өңірлік университеті

Соңғы жылдары қазақтың тарих сүйер қауымы халқымыздың орта ғасырлық тарихына қызығушылық танытуда. Кеңес заманында өз тарихынан алыстап қалған қазақ қоғамы өткенімен қауышып, кәрі тарихтың қыр-сырына қанық болуда. Өткен ғасырдың 70 жылдарында халқымыздың біртуар ұлы, заңғар жазушы Ілияс Есенберлиннің шығармалары тарихи санамызды оятып, «Алтын Орда» мемлекетінің тікелей ұрпағы екендігімізге көзімізді жеткізгендей болды. Өкініштісі, тарихшы мамандар осы тақырыпқа терең бойлап, түшымды еңбек жаза алмағандығында.

Өткен бір жылдарда ел басшысы «Валдай пікірсайыс клубында» қазақ халқының тарихындағы «Алтын Орда» дәуірін зерттеу кезек күттірмейтін шаруа екендігін айтып қалды. Содан бері біршама уақыт өтті. Бүгінде «Жошы ұлысының» тарихын зерттеу институты ашылды. Келешекте тарихшы маманар іріктеліп, қаржы бөлінсе бұл зерттеу мекемесінің ісі оңға басатындығына сенімдіміз.

Осыған дейінде еліміздің ортағасырлық тарихын зерттеуге өз үлестерін қосқан қазақ ғалымдары болғандығын айта кеткен жөн. Қазақ тарихшыларының аға буынына жататын О.Сұмағұлов, К.Пищулина, М.Әбусейтова, Б.Көмеков, С.Ақынжанов, А.Күзембайұлы, орта буынға жататын Е.Әбіл, Ж.Артықбай, Б.Кәрібай, Н.Атығаев, Б.Көшкібаев, Ж.Сәтитов сияқты ғалымдардың еңбектерінде Алтын Орда тарихының кейбір мәселелері қарастырылады.

Алдарыңыздағы шағын мақаламызда Ортағасырдағы қазақ шерін мекендеген ру-тайпалардың рухани әлеміне көз жүгірту. Тақырыптың барлық мәселелерін бір мақала көлемінде шешіп тастау мүмкін емес екендігі белгілі. Сондықтан бұлтарыста қалып, ескерімеген мәселелер болса оқырманнан кішірім өтінеміз.

Бәрімізге белгілі «Алтын Орда» атауы XVI ғасырда ғана пайда болды. Бұл мемлекет болған кезде ол Шыңғыс ханның үлкен ұлының атымен Жошы Ұлысы деп аталды. Шыңғыс хан көзі тірісінде жаулап алған жерлерінің бір бөлігін (Балқаш көлі мен Арал теңізі маңындағы, Оңтүстік Сібірдегі ұланғайыр аумақтар) Жошыға мұраға (ұлыс) берді. Ол үлкен ұлына әлі жаулап алмаған Шығыс Еуропаның «татар аттарының тұяғы жететін» шектерге дейінгі жерлерді өсиет етті. 1227 жылы Жошы қайтыс болғаннан кейін бұл жерлерді оның ұлы, Шыңғыс ханның немересі Батудың өзі жаулап алып, әкесінің атымен мемлекет құрды.

Жошы Ұлында әртүрлі халықтар өмір сүрген. Мұнда Еуразияның түркі, славян, моңғол, иран, кавказ және басқа халықтарының мәдениеттері біріктірілді. Олардың көпшілігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Кейбір халықтар, мысалы, бұлғарлар, Қырым және Хорезм халықтары отырықшы өмір салтын ұстанды. [1, б. 58 - 59]

Ф.Энгельс «Адамды адам еткен – еңбек» десе, осыған орайлас, «Адамды адам еткен тіл» деуге де болды[2]. Тіл дегеніміз – тұтас бір әлем. Тіл – адамдардың арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге сол халықтың ғасырлар бойғы даму барысында жинақтаған өмір, қоғам, табиғат жайлы білім-ғылымдарының жиынтығы, адамзат қоғамының бір бөлшегі ретіндегі өздері, басқалар туралы мағлұматтар, т.б. Демек, бір тілдің немесе ұлттың тарихтың санасынан жоғалуы – адамзат қоғамының, кейінгі өз ұрпақтарының жақсы, бақытты ғұмыр сүруі үшін пайдалануы тиіс болған ол жасаған рухани, мәдени қазынасының бір бөлшегінен айырылу, ұлттық, тарихи, жергілікті ерекшеліктері бар адамзаттық мәдениеттің жойылуы деген сөз. Бұл дегеніміз – бір сөзбен айтқанда, тілдік, этникалық, мәдени апат.

XIII-XIV ғғ. - қазақ тілінің одан әрі даму және әдеби тілдердің халыққа жақындау уақыты бірі. Моңғол тілі Қазақстан жерінде кең таралмаған

тілдердің бірі және Мөңке мен Бату хан тұсында барлық мемлекеттік және ресми құжаттар түркі тілдерінде жүргізілді. Халық диалектілерінің арасында бірнеше диалектілерден тұратын қыпшақ тілі үстемдік етуді жалғастырды. Сонымен қатар, Қырым мен Оңтүстік Қазақстанның отырықшы аудандарында Шығыс Түркі топтарының тілдері - оғыздар мен ұйғырлар - қарлықтар сақталып, хазарлар мен соғдылар біртіндеп қолданыстан шықты.

Алтын Орда жайында жазылған отандық ғалымдардың еңбектері А. Күзембайұлының «История Казахстана: учеб. для вузов» атты еңбегінде Бату ханның билігі және одан кейінгі Сартақ және Берке хандар туралы құнды деректерді кездестіреміз [3].

Рухани мәдениет - адам мен қоғамның рухани өмірінің әртүрлі аспектілерін, сондай-ақ белгілі бір мәдени-тарихи бірлікке немесе жалпы адамзатқа тән білім мен дүниетанымдық идеялар жүйесін қамтитын адам қызметінің саласы.

Ғылым мен білім Алтын Орданың рухани мәдениетінің бір бөлігі болды. Сарайда астрономия мен геодезияның дамуын археологиялық қазбалар кезінде табылған астролябтың сынықтары мен квадранттары дәлелдейді. Елордада басқа елдерден келген дәрігерлер тұрып, жұмыс істеген. Қарапайым халық арасында сауаттылық кең тараған.

Шығыстың, әсіресе мұсылмандықтың ғылыми дәстүрлері Алтын Ордада өзіндік даму жолын тапты. Бұл көне түркілік те, мұсылмандық құрамдастарды да бойына сіңірген ерекше өркениеттік деңгей еді. Онда көне түркі музыкалық қабаты сақталған. Тіпті музыкалық мәдениеттің бір түрі болды. Сонымен, 1340 жылы «Ненеки Джан» жырының ноталары Сарайда жазылып алынған[4, б.86 – 87].

Алтын Орда ғалымдарының Жерді Күнді басқа планеталармен бірге айналатын шар ретінде қабылдағаны да маңызды. Ал, христиандық Еуропада адамдар 150 жылдан кейін де инквизицияның отында өртенді, олар бидғат ретінде қабылданды.

Тек Сарайда ғана емес, еліміздің басқа қалаларында да түрлі оқу орындарының кең желісі құрылды. Мұнда көрнекті теологтар, ғалымдар мен жазушылар, соның ішінде мұсылман Шығысының белгілі орталықтарынан келген адамдар дәріс берді. Сонымен ұзақ уақыт бойы көрнекті дін қайраткерлері Гянджа (Әзербайжан) тумасы Қожа Хасан ибн-Омар әл-Булгария, Ираннан келген босқын Әбу Мохтар ибн-Махмуд әл-Казвини, ферғаналық Ғосам ибн-Мәлик әл-Марғиани және басқалары Болгарда тұрды.

Ислам дінін қабылдануы қалалар мен қала мәдениетінің дамуына үлкен серпін берді, бұған себеп болған араб жазуы мен жазба әдебиетінің таралуы. Фердоуси мен Рудакидің (X ғ.), әл-Ма-ари мен Омар Хайямның (XI ғ.), Аттар мен Низамидің (XII ғ.), Руми мен Саадидің (XIII ғ.) және басқа да бірқатар атақты ақындардың көрнекті шығармалары кең тарады. Олардың барлығы дерлік, данышпан Фердоусиден бастап, өзінің өлмейтін «Шах-наме» арқылы парсы немесе парсы-тәжік ақындары болды (араб классигі әл-Маари мен әзірбайжан Низамиінен басқа, бірақ олар парсы тілінде де жазған).

Шығыстың ұлы данышпандары мен ақындарының шығармалары Алтын Орда ақындарын XIV ғасырда – Ұлыс Жошы билігі дәуірінде жоғары дәрежеде дамыған өз әдебиетін жасауға итермеледі. Дәл осы кезеңде ортағасырлық әдебиеттің «Хосров пен Шірін» Құтби, «Махаббат-наме» Харазми поэмалары, Хисам Кятибтің «Жұмжума-Сұлтан», ақын Рабғузидің «Қисса-и-Рабғузи» поэмалары, прозалық шығармасы «Нахдж әл-фарадис» Махмуд әл-Булгари. [4, б. 92]

«Кодекс Куманикус» сөздігі Алтын Орда мен Солтүстік Қара теңіз аймағындағы генуездік және венециялық колониялар арасындағы сауда қатынастарының болғандығын куәландырады. Сөздіктің бірінші бөлігі үш тілде параллель үш бағаннан тұрады: латын, парсы және куман. Бұл бөлік шартты түрде келесідей атауға болатын жеке топтарға бөлінеді: «сөйлеудің барлық бөліктерінің жалпы мағынасындағы сөздер», «жалпы ұғымдар», «рухани және діни терминдер», «элементтер», «уақыт», «сезімдер», антонимдер, мінез-құлық ерекшеліктері, дене мүшелері мен мүшелері, географиялық және туристік терминдер, коммерциялық терминдер, тауарлар, үй ыдыстары, қолөнер, оқыту, ойын-сауық, әлеуметтік терминология», «тамақ» [5].

Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұраның нағыз маржаны – Сайф әл-Сарай шығармашылығы. Ақын 1321 жылы Қамыстыда (қазіргі Самара облысы) дүниеге келген. Сайф ас-Сарай Сарайда өмір сүрген, оқыған және шығармашылықпен айналысқан, осыдан «әс-Сарай» нисбасы. 80-жылдары тағдыр оны Мысырға лақтырды, ол 1396 жылы қайтыс болды. Сол жерде ол өз өлеңдерін жасады: 1391 жылы - «Гүлістан бит-түрік», 1394 жылы - «Сухайл мен Гүлдүр-сүн». Оның біріншісі – XIII ғасырдағы парсы авторы Саадидің аттас өлеңінің түркі тіліне еркін аудармасы. Өлең соңында Мәвл Қазиден Харазмиге дейінгі сегіз түркі, негізінен татар ақындарының шығармаларынан үзінділер берілген. Сарай осындай әрбір үзіндіні поэтикалық түрдегі түсініктеме-жауаптарымен сүйемелдейді. Бұл «Гүлістан бит-түрік» поэмасына орта ғасырлардағы татар поэзиясының өзіндік антологиясы ретінде ерекше мән береді. [6, б. 74].

Халық ауыз шығармашылығы шығыс әдебиетінің тамаша жетістіктерінің әсерінен дамыды. Соның көрнекті мысалы ретінде кейінгі Алтын Орда дәуіріндегі «Идегей» татар халық эпосын айтуға болады. XV – XVI ғасырларда халық арасынан шыққан есімі жоқ айтушылар құрастырған дастанның драмалық тағдыры қиын болды. Ол бірнеше ғасырлар бойы ауызша аңыз-әңгімелер түрінде өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырса, кейіннен дастандар туралы жазбалар пайда болды, көптеген жергілікті нұсқаларда. Ал 1989 және 1990 жылдары ғана «Идегей» татар және орыс тілдерінде (Семён Липкиннің аудармасы) жалпы оқырманға келді.

Әдебиет зерттеушілері антикалық және орта ғасыр жазушылары шығармаларын белгілі сюжеттер негізінде жазуды жақсы көргенін айтады. Бұл сол кездегі өзіндік поэтикалық канон, сол кездегі дүниетаным мен поэтикалық ойлаудың эстетикалық нормасы еді.

Бұл шығармалардың барлығы ортағасырлық шығыс поэзиясы мен философиясының аса құнды ескерткіштері бола отырып, жазба әдебиеттің, жалпы алғанда, рухани өмірдің осы қалпында жоғары деңгейде дамығанын айғақтайды.

Алтын Орда мәдениеті туралы айта отырып, көптеген мәдени жаңалықтардың қайнар көзі – Илханидтер Иранмен байланыстардың жемістілігін атап өткен жөн. Алтын Орданың, соның ішінде діни байланыстары, Мамлюк Египетпен, Орталық және Кіші Азиямен байланыстары үлкен маңызға ие. Алтын Орданың Таяу және Орта Шығыс әлемімен жақындасу процестерінде X ғасырдан бастап мұсылман мәдениетінің белгісімен қалыптасқан болгар мұрасы өте сындарлы рөл атқарды. [7, б. 65]

Қорытындылай келе, Ұлыс Жошы мәдениеті жарқын қалалық және далалық ортағасырлық мәдениет, мозаика және майолика сәулет өнері мәдениеті, тамаша лирика мен терең философияға толы поэзия мәдениеті, шығыс даналығы мен мұсылмандық ғұлама руханият деп атауға болады. Ғажайып мәдениеті мен әсем каллиграфия, ежелгі тас мүсіндер мен монументалды ғибадат орындары.

Алтын Ордадағы мәдениеттің гүлдену кезеңі ұзаққа созылмады. XIV ғасырдың екінші жартысында басталған мемлекеттің дағдарысымен ол құлдырау кезеңіне енді. Қоғамның ағартушы бөлігінің көптеген өкілдері елден кетіп жатыр. Таяу Шығыс ислам ғылымы мен мәдениетінің орталығына айналды.

Бүгінгі таңда Алтын Орда жұртының тікелей ұрпақ түркі халықтары. Оны жұртында қазақ, ноғай, башқұрт, татар, құмық, малқар, қарашай, чуваш, қырым түркілері мекен етіп жатыр. Айтаын дегеніміз осы халықтар тамырын тереңге жіберіп, сол заманда қалыптасқан түркі руханиятынан нәр алып отыр. Тарихымыз да ортақ, руханиятымыз да ортақ. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген мақалды ұмытпай, Исмайыл Гаспралы атамыздың тәпсілін ұран еткеніміз абзал.

Әдебиеттер тізімі.

1. Якубовский А.Ю., Греков Б.Д. Золотая Орда и её падение.- М.: Издательство Академии Наук СССР, 1950. - 582
2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/36838>
3. Кузембайулы А. История Казахстана: учеб. для вузов / А. Кузембайулы, Е. А. Абиль. - СПб.: Соларт, 2004. - 419 с.
4. Рашитов Ф.А. История татарского народа. С древнейших времен до наших дней: Учебное пособие для национальных школ, гимназий, лицеев. - Саратов: Приволж. изд-во "Детская книга", 2001. - 288 с.
5. Расовский Д. А. К вопросу о происхождении Codex Cumanicus // Seminarium Kondakovianum. Recueil d'études. Archeologie. Histoire de l'art. Etudes byzantines. (Сборник статей по археологии и

византиноведению, издаваемый семинарием им. Н. П. Кондакова). Т. III. Prague, 1929. С. 195–206.

6. История татар с древнейших времен: Народы степной Евразии в древности. - Казань: Изд. "Рухият", 2002. - 552 с.
7. Егоров В.Л. Золотая Орда: Мифы и реальность. - М., 1990. - 344 с.

ЖАЙЫҚТАҒЫ АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ОРТАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒАСЫ

Д.З. Сагидуллаев - М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Біз қарастырмақ Алтын Орда ескерткіштері Солтүстік-Шығыс Каспий маңында, Жайық бойында орналасқан. Атап айтсақ Сарайшық, Жайық, Жалпақтал маңайында зерттелген жерлеу кешендерінен анықталған жерлеу ғұрыптары. Бұл жерлеу кешендерін зерттеу ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан басталып, күні бүгінге дейін жүргізіліп келеді. Зерттелген жерлеу кешендерінің қатары мынадай: Сарайшықтағы күмбез тәріздес жерлеу нысандары; Жайықтағы жерлеу нысандары; Жалпақталдағы Мокринский I, Қараөзен (Мокринский III), Қошқар, Жалпақтал I, Райым I, Сегизсай (Лебедевка VIII) және Қарауылтөбе I обалы жерлеу кешендерінен тұрады. Мұндағы археологиялық қазба жұмыстары Г.И. Пацевичтің, Е.И. Агееваның, Т.Н. Сенигованың, Ғ.А. Кушаевтың, Б.Ф. Железчиковтың, В.А. Афанасьевтің, З.С. Самашевтың, К.М. Байпақовтың, Д.В. Марыксиннің, М.Д. Қалменовтың басшылықтарымен жүргізілді.

Топографиясы. Сарайшық, Жайық және Жалпақталдың жерлеу кешендері ескерткіштердің маңында және айналысында шоғырланған. Сарайшықта зерттелген жерлеу орындары негізінен топырақтық жерлеулер мен склептік-камералардағы бірнеше мүрделерден тұрады. Сарайшық жөнінде жазба деректеріндегі мәліметтерді зерттеу мен саралау кезінде ескерткіштің қала ішінде және қала сыртындағы жерлеу кешендерінің болғандығы анықталды. А.С. Алексеевтің айтуынша Сарайшықтың қалалық мәйіттері 200 м оңтүстігірек орналасқан және 1861 жылға таман Сарайшық (Сорочинка) өзенінің көктемгі тасуының салдарынан суға кетіп, жойылған [1, 5 б.]. Зерттелген деректерге сәйкес Сарайшық жерлеу орындарының топографиясы былай болса керек: қала тұрғындарының топырақтық жерлеулері ретіндегі қала сырты кешені болса, ал қала ішінде кесене сынды нысандардағы склептерде жерленген ақсүйектердің, жоғары тап өкілдерінің зиараттары болған.

Жайық топографиясында жерлеу кешені тұрғын-жайлардан солтүстік-батысқа 2 шақырым жерде орналасқан. Жел таудың (Свистун гора) үстінде және қала-жұртынан шығысырақ, Жайық бойында Бор тауларымен (Меловые горы) шектеледі. Таудың үстінде оба тәріздес күйге еңген кесене сынды жерлеу нысандарының қирандыларынан тұратын бес төмпешік кездесті [2, 138–139 б.].

Жалпақтал аумағында алтынордалық заманға тиесілі бірнеше жерлеу кешендері анықталып, зерттелінді. Олар бүгінде Мокринский I, Қараөзен (Мокринский III), Жалпақтал I, Қошқар және Райым I деген атауларға ие. Мокринский I, Қараөзен (Мокринский III), Жалпақтал I, Қошқар кешендерінің Жалпақтал топографиясында тығыз шоғырлануы, олардың қала-жұртымен тікелей байланыста болғандығының көрсеткіші бола алады. Бұл жерлеу кешендеріндегі қазба жұмыстары Г.А. Кушаев пен Б.Ф. Железчиковтың бастауымен өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында алғаш зерттелінді.

Мокринский I жерлеу кешені Қараөзеннің шығыс бетінде, екінші жағалау қабатының ескі арнасында, қазіргі Мәстексай мен Жаңажол ауылдары арасын жалғайтын көлік жолының екі бетін жайлай шоғырланған 75 обадан тұрады. Кешен Жаңажол ауылынан 1 шақырымда оңтүстік-шығыс бағытты бойлай жайғасқан. Жерлеу кешенінің орталық бөлігіндегі кіші және орташа обалардың үйінділері бір-біріне жанасады, ал ірі обалар еректене бөлек орналасқан [3, 246–275 б.].

Қараөзен (Мокринский III) кешені Жалпақтал жұртынан шығысырақ 0,5 шақырым жерде шоғырланған. Жерлеу алаңы Қараөзеннің ескі арнасының оң беті жағалау үсті қабатында орналасқан және солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 200 м-ге созылса, ал оңтүстік-батыстан солтүстік-шығыс бағытта 100 м ұзындықты алып жатыр. Обалардың үйінділері екі-үшеуден жанаса-біріге түзілген [4, 27 б.]. Қошқар кешені осы атаумен белгілі көлдің жағалауында, Жалпақтал жұртынан оңтүстік-батысқа қарай 5 шақырым қашықтықта шоғырланған [4, 25 б.]. Жалпақтал I кешені Жаңажол ауылынан солтүстігірек 4-5 шақырымда, Жалпақтал жұртынан 1,3 шақырымда оңтүстік-батысырақ шоғырландырылған. Одан 5 шақырым оңтүстік-шығысырақ Мокринский I кешені және 2 шақырым солтүстік-шығыста Қараөзен (Мокринский III) кешені жатыр [5, 4–7 б.].

Қала-жұрттарының ішінде, маңайында және айналасында орналасқан жерлеу кешендерінен бөлек Солтүстік-Шығыс Каспий маңында орналасқан алтынордалық кезеңге тән Райым I кешені Жаңақазан ауылынан оңтүстік-батысырақ 1,5–2 шақырымда, құрғаған Райым көлінің оңтүстік жағалауында шоғырланған [6, 4 б.]. Сегізсай (Лебедевка) обалары Лебедевка ауылының айналасында, Қалдығайты өзенінің жоғарғы бөлігінде, Оңтүстік Орал далаларының аз зерттелген өңірлерінде шоғырланған [6, 15 б.]. Қарауылтөбе I кешені Қарауылтөбе ауылының солтүстік-батысында 1 шақырымда, Ақжайық ауданының орталығы Ақжайық ауылынан 70 шақырым оңтүстік-шығыста, Жайық өзенінің сол бетінде екінші жағалау үсті қабатында жатыр [7, 194–207 б.].

Каспий маңы Солтүстік-Шығыс бөлігіндегі Алтын Орда ескерткіштерінің жерлеу орындары Жайық өзені бассейнінде ауқымды түрде жайлай шоғырланған. Олар оба тәріздес бірнеше кешендерден құрала келе, жерлеу үсті құрылыстарының басым бөлігі саман қоршаулар мен кесенелердің қирандыларынан тұрады. Жоғары сипаттағанымыздай Сарайшық пен Жайықтың жерлеу орындары қала-жұрттардың ішінде, 2 шақырымдық төңірегінде орналасса, ал Жалпақтал кешендері шашыраңқы күйде жайылып шоғырланған. Ең қысқа қашықтық 0,5 шақырым болса, ең алыс қашықтық 7 шақырым оңтүстігірек. Жалпақтал төңірегіндегі жерлеу орындары бірнеше оба тәріздес кешендер жиынтықтарынан құралған. Қалған зерттелген жерлеу кешендерінің Райым I, Сегізсай, Қарауылтөбе I біз қарастырып отырған қала-жұрттарынан әлдеқайда алыс қашықтарда орын тебуі, олардың орналасқан өңірлерде де ескі жұрттардың бар болуы мүмкін деген болжамға сүйеу бола алады.

Жерлеу үсті құрылыстары. Каспий маңы Солтүстік-Шығыс бөлігіндегі алтынордалық ескерткіштердің жерлеу орындары әртүрлі пішіндегі құрылыстардан тұрады. Оларда тәңіршілдік пен мұсыландық кезеңдердің дәстүрлері мен ғұрыптары біріктірілген. Жерлеу орындарының шоғырлану аймағына байланысты жерлеу үсті құрылыстарының мөлшері де саналуан. Егер жерлеу орындары қала-жұрттардың төңірегінде немесе ішінде орналасса, онда жерлеу үсті құрылыстары көбірек кездеседі. Жерлеу құрылыстарының түрлері келесідей.

Ең жие кездесетін жерлеу үсті құрылыстарының бірінші түрі – *саман кірпіш қоршаулар*. Мұндай қоршау құрылыстары негізінен Жалпақтал жұрты маңындағы Мокринский I, Қараөзен (Мокринский III) және Жалпақтал I, сонымен қатар Қарауылтөбе I мен Сегізсай кешендерінде анықталды.

Жерлеу үстінде тұрғызылған мұндай қоршаулардың дені негізінен тікбұрышты пішінде, өлшемдері 0,4x0,2x0,1 м болатын саман кірпішті, бірекі қатар бір жарым кірпішпен қаланған болып келеді.

Қоршаулы жерлеу орындарының көп бөлігі Мокринский I кешенінде анықталды. 1974–75 жылдарда жүргізілген қазба жұмыстарында зерттелінген 17 обаның ішіндегі 5 обада осындай қоршаулар кездесті. Ал, 2008-2011 жылдардағы қазба жұмыстарындағы 18 обаның 11-де табылған болатын [8, 130–141 б.]. Сондай-ақ, мұндай қоршаулар Қараөзендегі 5 обаның 4-нен табылса, Жалпақтал I-де тек қана бір мәрте кездескен [4, 27–33 б.; 5, 4–7 б.].

Қарауылтөбе I кешенінде жүрігізілген қазба жұмыстары (1978 және 2007 жылдар) 26 оба ішіндегі 8-н ғана зерттеді және солардың ішіндегі 4 обадан тікбұрышты және дөңгелек пішінді қоршаулардың қалдықтары табылды [3, 246–275 б.]. Сегізсай кешеніндегі алтынордалық кезеңге тән 12 обаның 2-де ғана қоршаулар бірінде тікбұрышты, екіншісінде дөңгелек күйде анықталған [6, 15–22 б.].

Жерлеу үсті құрылыстардың келесі түрі *күмбез тәріздес склепті-камералы* болып келеді. Мұндай құрылыстар алғаш рет 1843 жылы Царев қалашығындағы А.В. Терещенконың қазба жұмыстары кезінде анықталды [9, 139–148 б.]. Бұл жерлеу үсті құрылысы біз қарастырып отырған аймақта тек

Сарайшықта ғана алғаш болып 1950 жылы Г.И. Пацевичтің, Е.И. Агееваның және Т.Н. Сенигованың қазба жұмыстарында табылды [10, 27–30 б.]. 1992 жылы В.А. Афанасьевтің жүргізген қазба жұмыстарында кезекті осындай құрылыс қирандысы табылды. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мұндай құрылыстар жер бетінде қаланып, ішінде бірнеше адам мүрделері жерленген.

Жерлеу құрылыстарының келесі түріне *кесенелер* жатады. Кесенелер Алтын Орданың барлық өңірлерінде тұрғызылған және орналасқан аймағына байланысты бірнеше түрдегі құрылыс әдебі кездеседі. Ол дегеніміз, ғимараттарды салу кезінде табиғи ресурстарға және сәулет дәстүріне байланысты құрылыс көздерін қолдану есесінде әр өңірге тән әдеп ерекшелігі.

Біз қарастырып отырған өңір кесенелері өзінің сызбасы бойынша тікбұрышты пішінде, дәлізді өтпелдерден тұратын және склептардағы, тақтай қабірлердегі, әдеттегі қабірлерде немесе кейде саманмен қаланған қабірлерде жерленген бірнеше мүрделерден тұратын бір камералы ғимараттар болып келеді. Құрылыстардың тікбұрыштығына қарай олардың жоғарғы бөлігі күмбез тәрізді немесе шатырлы төбелерден тұрғызылған деген пайым жасауға болады. Аталмыш кесенелер Сарайшықта, Жайықта және Жалпақтал төңірегіндегі жерлеу кешендері Қошқарда, Қараөзенде (Мокринский III) археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылып, зерттелінді.

Жерлеу ғұрыптары. Солтүстік-Шығыс Каспий маңы алтынордалық ескерткіштердің жерлеу орындарында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде анықталған жерлеу ғұрыптарын саралай келе біз мынадай топтарға бөлдік: *мұсылмандыққа дейінгі тәңіршілдікпен байланысты ғұрыптар, қалалық және далалық мұсылмандық ғұрыптар және көшпелілік пен мұсылмандық көзқарастар сабақтасқан ғұрыптар.*

Бірінші топ *мұсылмандыққа дейінгі тәңіршілдікпен байланысты ғұрыптар* біз қарастырып отырған алтынордалық жерлеу орындарында көп мөлшерде кездеспейді. Бұл жерлеу ғұрыптары көшпелілердің жерлеу ғұрыптары сақталғандығының көрсеткіші болады. Баспалдақты және жаңдатпалы қабірлерде, жай шұңқырлы обаларда, қоршауларда жерленген мүрделермен бірге қарулар, қайшылар, сырғалар, қола айналар, монеталар және жануарлардың сүйектері бірге жерленген қабір шұңқырларында кездеседі. Біздегі деректер бойынша осы топқа жататын қабірлер Мокринский I, Райым I және Сегізсайда кездесті.

Мокринский I жерлеу кешеніндегі жүргізілген барлық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазылған 74 қабірдің 68-і алтынордалық кезеңге тиесілі болса, оның 6-ы ғана таза шарифат бойынша жерленген. Демек, бұл кешенде көшпелілік қоғамның басым болғандығы көрінеді [12, 243–248 б.]. Ал, Райым I кешенінде бірнеше жылдық зерттеу кезінде 9 қабірдегі мүрделердің толықтай мұсылмандыққа дейінгі ғұрыппен жерленгендігі анықталды [6, 4–10 б.]. Сегізсай кешенінде алтынордалық кезең қабірлерінің ішіндегі екеуі осы топ жерлеу ғұрыптарына тиесілі [6, 15–22 б.].

Аталған үш жерлеу кешендеріндегі барлық мүрделердің басының бағыттары мынадай: оңтүстік – 30, оңтүстік-батыс – 24, оңтүстік-шығыс – 20, солтүстік – 2, солтүстік-батыс – 1, солтүстік-шығыс – 1 қабір. Ал үш қабірдің бағытын тонаушылықтың салдарынан анықталмады [12, 243–248 б.; 6, 15–22 б.; 5, 4–7 б.].

Жерлеу кешендеріндегі қабірлердің көп бөлігі екінші топқа, *қалалық және далалық мұсылмандық ғұрыптар* қатарына жатады. Олар шарифаттың барлық талаптарын орындай отырып, жерленген. Қабірлер баспалдақты, оңға қарай жаңдатпалы немесе саман кірпішті болып келеді. Мүрделердің бағыттары батысқа, солтүстік-батысқа қараса, ал беті құбылаға қаратылып, ешқандай жерлеу құралдарысыз қойылады.

Сарайшықта Г.И. Пацевичтің 1950-ші, В.А. Афанасьевтің 1992-ші және З.С. Самашевтің 1996–2009 жылдар аралығында зерттелінген барлық жерлеу орындарындағы қабірлер шарифаттың барлық талаптарына сәйкес келеді [10; 13; 14, 11–12 б.]. Сондай-ақ, Қошқардағы кесенедегі 2 қабірде [4, 25–27 б.], Қараөзендегі 19 қабірде [4, 27–33 б.], Жалпақтал I 2 қабірде [5, 4–7 б.] және Қарауылтөбедегі барлық 13 қабірде де шарифат талаптары қатаң сақталған [7, 194–207 б.]. Ал Мокринский I, Райым I-де мұндай қабірлер өте сирек және біріншісінде 6 қабір болса, екіншісінде 1-еу табылды. Сегізсай кешеніндегі 4 қабірде шарифат талаптарының орындалғандығы анықталды [6, 15–22 б.]. Сонымен қатар, Жайықтағы үлкен кесене қабірлерінің 10-ы және 2009 жылғы обалардың бірінде мұсылмандық ғұрыптағы мүрде анықталды [2; 15; 16; 17; 18].

Жерлеу ғұрыптарының үшінші тобына *көшпелілік пен мұсылмандық көзқарастар сабақтасқан ғұрыптар* жатқызылды. Бұл топта біз шарифат талаптарына сай жерленген, алайда кейбір көшпелі ғұрыптар сырғалардың, моншақтардың, қайшылардың және т.б. бірге жерленуінде көрінетін қабірлерді кездестіреміз. Мысалы, Жайықтағы жерлеу орындарында басы батысқа қаратылып, склептік қабірде жерленген кіші кесене мен үлкен кесенедегі №7 қабірлер кездесті. Олардан қола салпыншақтар, темір пышақ бөліктері мен екі сырға табылды [2; 15; 16; 17]. Тағы сондай мүрде 2009 жылғы обалардың бірінде анықталды. Онда мүрде солтүстік-батыс бағытқа қаратылған және қабірде сұр түсті қолдан соғылған қыш ыдыс пен қызыл түсті айналмада жасалған қыш ыдыс бөлшектері мен күміс тиын, ал аяқ шамасында қола айна табылды [18]. Сондай-ақ, 1974 жылы Қараөзендегі қазба жұмыстарында табылған екі қоршауда екі қабір табылып, олардың батысқа қаратылғандығы, бірінде сырға болса, екіншісінде ағаштың сынығы мен ұсақ малдың сүйегі табылған [4, 27–33 б.]. 2014 жылы Сегізсайдағы 3 обадан екі осы топқа тиесілі қабір анықталды. Бірі, оңтүстік-батысқа бағытталып, беті құбылаға қараса, екіншісі, жерлеу құралдарымен солтүстік-батысқа қаратылған [6, 15–22 б.].

Алтын Орда заманында қалыптасқан жерлеу дәстүрлері мен ғұрыптары ең алдымен ислам дінінің келуімен жүре бастады. Жерлеу ғұрыптарының жаңа бағытта дамуының басты қозғаушы күші зороастризмдік ата-баба аруақтарына тағзым етуші сенімдегі сопылық ислам бағытымен ұштасқан

Ирандық құрылыс дәстүрінің Орта Азиялық даму ерекшелігіндегі нұсқасы болды [11, 55 б.]. Мұндай наным-сенім негізіндегі көзқарас көшпелілердің дәстүрлі сенімі тәңіршілдікпен жеңіл сабақтасып, біз қарастырып отырған құрылыс әдептері мен жерлеу ғұрыптарын қалыптастырды.

Біз бөліп қарастырған жерлеу құрылыстарының біріншісі *қоршаулардың* шығу тегі осы көшпелілік әдет-ғұрыптардан бастау алады деген пікірдеміз, өйткені мұсылмандық кезеңге дейінгі көшпелілердің обалары бірнеше құрылыс түрінде кездеседі. Атап айтқанда, олар: қабір үсті тас үйінділер, тас-топырақ үйінділер, топырақ үсті тас қалқандары, қабір үсті тас үйінділері және қабір айналасы тас шеңберлері [19, 28–33 б.]. Біздің болжам бойынша бұл құрылыстар сопылық исламның келуімен жаңа кейіпке еніп, саман кірпіштен тұрғызыла бастады және ашық түрде қалдырылды. Бұған қоршаулардың 10–15 см қалындықтан табылатындығы дәлел бола алады [7, 194–207 б.].

Төменгі Еділ қоршаулы жерлеу орындарын зерттеген археолог Д.В. Васильевтің пікірінше бұл қоршауларды обасыз жерлеу орындарына жатқызу керектігін және олардың ұзақ уақыт ашық күйде тұрғандығын атап көрсетеді. Ал, қазіргі таңдағы қоршаулардың оба ретінде кездесуі олардың уақыт өте табиғи шөгуге ұшырап, осындай күйге түскендігін көрсетеді [20, 230–242 б.] және бізде бұл сөздерге қосыламыз, өйткені Мокринский I-гі обалардың жанаса екі-үшеуден кездесуі осы қоршаулардың қирандыларынан пайда болғандығынын нәтижесі.

Алтын Ордадан кейінгі заман қазақ қоғамында бұл құрылыстардың кең өріс алғандығы белгілі. Оған көптеген саяхатшылардың қазақ даласынан кездестірген саманнан соғылған жерлеу құрылыстарының кездесуі дәлел бола алады. Ал, қазіргі таңдағы жерлеу құрылыстары, бақилық болған адамдарға арнап тұрғызылатын үйлердің шығу тегі осы Алтын Орда заманынан бастау алған болса керек деген ой келеді.

Алтын Ордадағы кесенелер сәулет дәстүрі екі түрде кездеседі – бірі, тастардан салынған кесенелер, екіншісі, саман немесе қызыл кірпіштерден салынған кесенелер. Бірінші кесене түрінің шығу тегі анадолылы-армениялық болса, екіншісінік ортазиялық сәулет дәстүрінен бастау алады [11, 53–59 б.].

Жайық бойында зерттелген кесенелердің дені осы ортазиялық сәулет дәстүріндегі Төменгі Еділдік кесенелер бейнесін қайталайды. Олардың негізгі бөлігі саман мен қызыл кірпіштерді қатар пайдалана тұрғызылған және Жайықтағы кесенеде суфалардың кездесуі олардың тағзым ету орындары болғандығының да көрсеткіші, тәңіршілдік ғұрыптардың белгісі бола алады. Кесенелердің барлығы жоғары тап өкілдерінен, билеуші топтарға немесе құрметті азаматтарға арнап тұрғызылғандығы белгілі.

Кесенелер Алтын Орданың барлық өңірінде қарқынды түрде тұрғызылды және олар көшпелілік наным-сенімнің шарифат талаптарынан тыс өзіндік дәстүрді дамытқандығының айқын көрінісі. Кесенелер арнайы белгілі адамдардан бөлек бүкіл әулеттік жерлеу орындары ретінде де қызмет етті және оларда жерленген адамдардың барлығы толықтай мұсылман бола

қоймағандығы көшпелілік жерлеу ғұрыптардың қатар жүргендігінен байқаймыз. XIV ғасырда кесенелі жерлеу орындарының бүкіл халық арасында кең қолданысқа енуі ислам саясатының бұқараға толықтай сіңгендігінің нәтижесі болып табылады [21, 95–119 б.]. Демек, Алтын Орданың ұстанған дәстүрі көшпелілік пен мұсылмандық көзқарастардың сабақтастығы, сопылық бағыттағы ислам діні еді.

Алтын Ордада қалыптасқан дәстүрлер қазақ қоғамында әлі күнге дейін сақталды деп айта аламыз. Бүгінгі таңдағы жерлеу құрылыстары – бұл біздің дәстүрімізге осы алтынордалық дәуірден қалыптасқандығы жоғарыда келтірілген дәйектерден көре аламыз. Бүгінде бізге белгілі Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қазақ хандары пантеоны болуының өзі осы дәстүрдің қазақ қоғамында маңызды рөлге ие екендігінің көрсеткіші.

Исламның әсері Алтын Орда халқының жерлеу ғұрыптарына да үлкен әсерін тигізді. Қарастырылып отырған жерлеу кешендердегі қабірлердің басым бөлігі осы исламның әсерінен батысқа, солтүстік-батысқа қаратылып жерленген. Жерлеу ғұрыптарының айырмашылықтарына байланысты біздің оларды топтарға бөлуіміздің басты белгілерінің бірі осы мүрделердің бағыттары еді. Алтын Орданың мұсылмандық кезеңінде солтүстік, оңтүстік немесе шығыс бағыттарда жерленген мүрделердің кездесуі көшпелі тәңіршілдік нанымдардың белгісін білдіреді.

Біздің бірінші тобымыз *мұсылмандыққа дейінгі тәңіршілдікпен байланысты ғұрыптардағы* басы оңтүстікке, оңтүстік-батыс және шығысқа қараған мүрделер басым көпшілікті құраса, қалғандары солтүстік, солтүстік-батыс және шығыс бағытта жерленген. Бір уақытта бірнеше бағыттағы мүрделердің жерленуі бұл алтынордалық кезеңге тән құбылыс, өйткені көшпелі тайпалар арасында қарқынды қозғалыстар мен араласулар жүрген кезең болып табылады. Г.А. Федоров-Давыдов бұл кезеңде (IV кезең) шығыстан келген моңғол тайпаларының әсерін баса көрсетеді, өйткені Төменгі Еділ және басқада өңірлерде солтүстік, солтүстік-шығысқа қаратылған мүрделердің саны артады. Оның айтуынша батыс, солтүстік және оңтүстік-батыс, шығыс бағыттарда мүрделер көшпелі түрік тайпаларымен байланысты және олардың жерлеу ғұрыптарының ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топқа бөліп қарастырады. Ал, біз қарастырған Мокринский I-гі оңтүстікке бағытталған мүрделерге келсек, Г.А. Федоров-Давыдов оларды ЖІ түріне жатқызады. Ол дегеніміз мүрденің жәй ғана қабірде, ешқандай құралсыз, жануарлардың сүйектерісіз жерлеу орындары [22, 127 б.; 159 б.]. Бұл бағыттағы жерлеулер басым көпшілігі Төменгі Еділ қалаларындағы топырақты жерлеу кешендерінде кездеседі және олардың саны көп емес [8, 130–141 б.]. Л.Ф. Недашковский оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс секілді мүрделердің бағыттарын батысқа немесе оңтүстікке қаратылу кезіндегі ауытқулар болуы керек деп көрсетеді [23, 205–213 б.]. Қысқаша айтқанда, алтынордалық кезең жерлеу кешендерінде бірінші топ жерлеулері бірнеше көшпелі тайпалар есесінде қалдырылған, ал олардың аз мөлшерде кездесуі исламның кең түрде шарпығанын тағы да көрсетеді. Бұл кезеңде мұсылмандық баспалдақты, жаңдатпалы немесе саман кірпішті қабірлер кең

таралады және олармен қатар кесенелердегі склепті жерлеулер әдетке айналады. Біздің пайымдауымызша мұндай қабірлердің қолданысы топырақ түзілімімен тікелей байланысты. Ол дегеніміз егер топырақ құрылымы шөгінділі немесе борпылдақты болса, қабір саман кірпіштен қаланып, жаңдатпасыз келеді, ал кесенелердегі склептер ондағы құрылысқа сәйкес қабір қазуды қажет етпеген соң жер үстік эпитафтары қолданылды.

Алтын Орда дәуірінде толықтай орныққан мұсылмандық жерлеу ғұрпы қазақ қоғамында негізгі орынға ие болды. Сарайшықта, Ақтөбе-Лаэтида жүргізілген қазба жұмыстары кезінде жоғарғы қабаттан табылған қабірлердегі мүрделердің барлығы осы шарифат талаптарын қатаң сақтап жерленгендігі соны дәлелдей түседі. Қазіргі таңда мәйітті жерлеуде осы талаптардың қатаң сақталғандығына өзіміз куә болып жүрміз.

Қорыта айтқанда, бүгінгі жерлеу дәстүрлеріміз, ғұрыптарымыз осы Алтын Орда кезеңінен бастау алып, исламның негізіндегі қазақтың өзіндік жерлеу дәстүрін қалыптастырды, яғни ата-баба аруақтарына деген құрмет қазақ даласында шарифат қағидаларымен қатар жүре отырып, өз орынын ешқашан жоғалтпады.

Әдебиеттер тізімі.

1. Алексеев А.Е. О развалинах татарского города Сарайль-Джадита / А.Е. Алексеев // Уральские войсковые ведомости. – 1867. №30. – С. 2-7.
2. Байпаков К.М. Отчет Уральской археологической экспедиции в 2001 году. Археологические работы в Западно-Казахстанской области. Уральск / К.М. Байпаков // Западно-Казахстанского центра археологии и истории. – 2001.
3. Марыксин Д.В. Могильник эпохи Золотой Орды Мокринский I (по материалам работ 2008 года) / Д.В. Марыксин // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – 2009. №1. – С. 246-275.
4. Марыксин Д.В. Отчет о раскопках городища Жалпактал, посления Бауржан-Аяк и курганных комплексов Кошкар и Карозен в 2012 г. / Д.В. Марыксин // Архив Института Институт археологии имени А.Х. Маргулана. – 2013.
5. Марыксин Д.В. Отчет о раскопках курганного комплекса Жалпактал I и городища Жалпактал / Д.В. Марыксин, А.А. Джубанов // Архив Института Институт археологии имени А.Х. Маргулана. – 2011.
6. Марыксин Д.В. Отчет о раскопках курганных комплексов Райым I, Алебастрово I, Сегизсай (Лебедевка) VIII и городища Жалпактал в 2014 г. / Д.В. Марыксин // Архив Института Институт археологии имени А.Х. Маргулана. – 2015.
7. Кригер В.А., Марыксин Д.В. Могильник Караултобе I (к вопросу о захоронениях в сырцовых оградках) / В.А. Кригер // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – 2008. №1. – С. 194-207.

8. Марыксин Д.В. Комплекс сырцовых мавзолеев у аула Айдархан / Д.В. Марыксин // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – 2012. №1. – С. 130-141.
9. Глухов А.А. Подземный купольный склеп в «Кургане» №5 из раскопок А.В. Терещенко на Царевском городище в 1843 году / А.А. Глухов // Вестник Волгоградского государственного университета. – 2015. Сер. 4, Ист. №5 (35). – С. 139-148.
10. Пацевич Г.И. Раскопки развалин древнего города Сарайчика (по материалам ЗКАЭ 1950 г.) / Г.И. Пацевич // Архив Института археологии имени А.Х. Маргулана. – 1950.
11. Зиливинская Э.Д. Культовая архитектура Золотой Орды: происхождение и традиции / Э.Д. Зиливинская // Поволжская археология. – 2016. №2 (16). – С. 44-67.
12. Марыксин Д.В. Об одном типе сырцовых оградок Западного Казахстана / Д.В. Марыксин // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2012. Т. 14, №3. – С. 243-248.
13. Афанасьев В.А. Отчет о работе Гурьевского отряда на раскопках разрушаемый прибрежный полосы р. Урала с остатками золотоордынского городка Сарайджук / В.А. Афанасьев // Архив Института археологии имени А.Х. Маргулана. – 1992.
14. Самашев З.С. Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2008 году / З.С. Самашев // Институт археологии им. А.Х. Маргулана. – 2009.
15. Байпаков К.М. Отчет Уральской археологической экспедиции в 2002 году / К.М. Байпаков // Архив Института археологии имени А.Х. Маргулана. – 2003.
16. Байпаков К.М. Отчет Уральской археологической экспедиции в 2003 году. Археологические работы в Западно-Казахстанской области / К.М. Байпаков // Архив Института археологии имени А.Х. Маргулана. – 2004.
17. Байпаков К.М. Отчет о работах на некрополе Кыркоба и городище Жаик Западно-Казахстанской области 2004 года / К.М. Байпаков // Архив Института археологии имени А.Х. Маргулана. – 2005.
18. Марыксин Д.В. Отчет о раскопках некрополя городища Жайык, комплекса Айдархан I, разведках на территории Жангалинского и Казталовского районов / Д.В. Марыксин, А.П. Крыгин // Архив Института археологии имени А.Х. Маргулана. – 2010.
19. Иванов В.А. Археологические памятники кочевников Центральной Азии в Восточной Европе в XIII-XIV вв. / Историческая и социально-образовательная мысль. – 2016. Том 8 №4/2. – С. 28-33.
20. Васильев Д.В. Статистический анализ золотоордынских захоронений в подкурганых оградках / Д.В. Васильев // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – 2006. №1-2. – С. 230-242.

21. Гарустович Г.Н. «Теория мавзолеев» или региональные особенности культового мемориального зодчества Урало-Поволжья эпохи Золотой Орды (исторические и этнографические аспекты проблемы) / Г.Н. Гарустович // Золотоордынское обозрение. – 2014. №2(4). – С. 95-119.

22. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов / Г.А. Федоров-Давыдов. – Москва: Издательство Московского университета, 1966. – 275 с.

23. Недашковский Л.Ф. Классификация погребальной обрядности грунтовых могильников округа Царевского городища / Л.Ф. Недашковский // Поволжская археология. – 2015. №3(13). – С. 205-213.

СВЕДЕНИЯ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ О ГОРОДЕ САРАЙЧИКЕ

Н.М.Тукешева - Областной музей
истории и археологии Западно-
Казахстанской области, г. Уральск

Изучение истории и археологии средневековых городов на территории Казахстана продолжает оставаться актуальной темой в современной историографии. Одним из таких объектов исследования является город Сарайчик, развалины которого расположены на территории Махамбетского района Атырауской области Казахстана.

В средневековых источниках достаточно много репрезентативной информации о городе Сарайчике, раскрывающие его историю, начиная от названия, основания и завершая упадком.

В источниках приводятся различные написания названия средневекового города: Сарайчук, Сараджук, Сараджик, Seratchik, Сарайчик. Все они являются различными вариантами одного слова. Наиболее правильным из них является название «Сараджук или Сараджик («Сарайчик»)), что означает «Малый Сарай». В комментариях к «Чингизнаме» перевода В.П. Юдина расположение средневекового города определяется как правый берег реки Урал, в 60 км от г. Гурьева [1]. Более подробное описание находим в другом источнике: «Город Сарайчик (Сарайчук) располагался на правом берегу реки Яик (Урал), в 60 км. от его устья, в урочище, ограниченном с востока течением Яика, с запада — его протокой Сарачинкой» [2, с.225]. Сейчас на данном месте находится село Сарайчиковское.

Датой основания называется города Сарайчик называется вторая половина XIII в. или XIV в. Датой окончательного разрушения называется 1580г.(1581) и связано с нападением волжских и яицких казаков. От Сарайчика была дорога, связывающая город с Сараем, столицей Золотой Орды. С другой стороны дорога вела в сторону Хорезма, а именно в г. Ургенч на территории Хорезма. В XV-XVI вв. город Сарайчик был торговым центром со Средней Азией [1]. Город находился на старом торговом пути из Средней Азии в Поволжье и на крупнейшей переправе через Яик [2, с.225].

В сочинении Абуль-Гази указывается, что Сарайчик был основан старшим братом Берке хана, то есть Бату ханом. Берке также бывал в этом городе. В предании, приведенном Абуль-Гази Сарайчик упоминается в связи с возникшим интересом у Берке к исламу: «здесь он увидел большой караван, прибывший из Бухары. Из этого каравана, он призвал к себе, в уединенное от людей место, двух хороших человек, и спросил у них об учении и правилах мусульманства. Эти люди хорошо объяснили ему, в чем состоит мусульманство. Счастливцев государь, этот Берке-хан, от искреннего сердца, сделался мусульманином. Призвав после сего младшего из своих братьев, Тугай-Тимура, он пересказал ему свою тайну, и этот тоже сделался мусульманином» [3]. Путь Берке хана из Ургенча в Сарайчик описывается следующим образом: «Когда хан, да будет над ним милость [Аллаха], выйдя из Кара-Куля, прибыл в Урганч, он из Урганча пошел в Сарайчук. Рассказывают. Пока он шел в Сарайчук, [вокруг него] собрались пятьсот человек. Пока [же они], пройдя через Сарайчук, дошли до берега реки 'Идил, то собрались [уже] тысяча пятьсот человек» [1].

Ибн Баттута описал свой путь из Сарая в Хорезм. По пути он остановился со своими спутниками в г. Сарайчике: «Из Сарая мы ехали 10 дней и прибыли в город Сарайджук (= Сарайчик). Джук (пишется) через джу и к и значит маленький, так что Сарайджук значит Сарай Малый. Он лежит на берегу большой и быстрой реки, которая называется Улусу - (пишется) через у, лу и су, — что значит «великая вода». На ней мост из судов, как мост Багдадский. У этого города кончилась наша езда на лошадях, везущих арбы. Мы продали их там, считая по 4 динара серебром за лошадь и дешевле этого, вследствие их слабосилия и дешевизны их в этом городе. Для возки арб мы наняли верблюдов. В этом городе келья благочестивого пожилого человека из Тюрков; имя ему Ата - (пишется) через а и та - что значить «родитель». Он угостил нас в ней и помолился за нас» [4]. Рукопись Пеголотти начинается с описания пути в Китай через Тану, Сарай, Сарайчук, Ургенч, Отрар, Алмалык [5].

г. Сарайчик стал столицей Ногайской Орды в конце XV века, когда мангытские племена заселили междуречье Волги и Яика [6]. Посольские книги России с Ногайской Ордой утверждают, что г. Сарайчик был центром ногайских мурз и располагался в низовьях Яика [7]. В XVI в. Сарайчик продолжал быть столицей Ногайской Орды и служил зимней резиденцией правящего ногайского бия [2]. При этом ногаи характеризуются кочевыми скотоводами, не любившими городской жизни и в целом оседлости.

Город Сарайчик на р. Яик называется единственным, оставшимся от золотоордынских времен городом у ногаев. Управление городом Сарайчиком осуществлялось улусной администрацией, в которую входили придворные служители, писцы, мусульманское духовенство [8]. В городе Сарайчике находился постоянный орган управления бия, обозначенный в источниках как «Кара Дуван». Чиновник, который возглавлял этот «дуван», носил аналогичный титул. Он выполнял функцию везира, советника бия. Был наиболее приближенным лицом к бию Ногайской Орды. Во главе канцелярии и придворного хозяйства стоял чиновник с титулом «тока дуван». Вопросы финансов находились в ведении казначея. Чиновники канцелярии назывались афызами и бакшеями [7].

В первой половине XVI в. г. Сарайчиком правил мирза Юсуф, который приходился тестем казанского хана Сафа-Гирей. В начале 1546 года из-за народных волнений Сафа-Гирей был вынужден бежать из Казани в Ногайскую Орду. Он попросил у Юсуфа помощи, так как союз с Астраханским ханством был неудачным. Однако Юсуф выдвинул зятю тяжелые условия, потребовав посадить своего сына Юнуса на место мангытского бека в Казани и выплачивать ему «ногайские доходы». Сафа-Гирей согласился на эти условия. В качестве залога он оставил в Сарайчике свой гарем с детьми. В июле 1546 г. после восьмидневной осады ногайское войско во главе с Юнусом смогло взять г. Казань, выгнав московского ставленника хана Шах-Али. Укрепившись у власти, Сафа-Гирей попросил ногайцев вернуть ему свою семью. В это время мирза Юсуф находился в походе на Астрахань и ханскую семью отвез в Казань мирза Юнус, сын Юсуфа. Вместе с тем, казанский хан не выполнил свои обещания и Юнус ни с чем вернулся домой [7].

После Юсуфа к власти в Большой Ногайской Орде пришёл Исмаил бий, который убил своего брата и был сторонником московского влияния. Весной 1558 г. Исмаил бий одолел своих племянников в междоусобной борьбе и выдал их Москве. В посольских книгах даются сведения иного характера, что разгромленный Юнус явился в Астрахань и выразил желание поступить на службу к царю и 5 июня 1558 г. мирза прибыл в Москву. Он удостоился не только благосклонной аудиенции и жалованья, но и получил высокий статус: Иван IV «учинил его на государстве, на княжении нагайском, на отца его юрте и на его, по старине» [9]. Следовательно, российский монарх пообещал мирзе Юнусу посадить его на престол отца. Однако, 10 мая 1561 г. Юнус скончался в Москве и был увезен на захоронение в город Сарайчик [9].

В сведениях английского путешественника XVI века сообщается, что г. Сарайчик (Seratchik) находился под властью татарского князя мурзы Измаила, который находился в отношениях дружбы с русским царем. Население характеризуется как воины и скотоводы, однако отмечается, что народ не знает денег и не производит торговли [10]. По всей вероятности речь идёт о денежной торговле, тогда как кочевники вели больше меновую торговлю.

Сарайчук (Сарайчик) называется в числе городов, в котором чеканились монеты во время правления Тохтамыш хана [11]. По сведениям Ибнарабшаха, город Сарайчук наряду с Сараем и Хаджитарханом был разрушен войсками эмира Тимура в одном из походов на территорию Золотой Орды [4].

Город Сарайчик упоминается в связи с событиями, связанными с последним ханом Золотой Орды Барак ханом. Согласно источнику, раненый Барак бежал и, скрываясь от преследователей, взобрался на какую-то гору. Первым обнаружил Барака Айиас-бек. Он прикончил хана и доставил его голову Кучук-Мухаммаду и Гази-беку. За это они пожаловали ему должность даруги города Сарайчук и облагодетельствовали ежегодным денежным вознаграждением в размере 30 тысяч золотых [12].

Согласно Мирза Мухаммад Хайдару, автора средневекового произведения «Тарих-и Рашиди» в Сарайчике зиму проводил Бурундук хан. Касым хан, чтоб держаться от него подальше откочевал к границам Моголистана и зиму провёл в Каратале [13]. Следовательно, город Сарайчик использовался казахскими ханами в качестве зимней резиденции.

Последние сведения мы находим в источнике о «Секретной экспедиции уральских казаков», где упоминается Сарайчиковская крепость, которая служила сборным пунктом для казачьего полка. На сборном пункте их проверили, осмотрели, а потом разделили на пары десятки и сотни. Из Сарайчика полк выступил 21 декабря, а 24 числа прибыл в Гурьев-городок [13]. На месте города была построена военная крепость, которую уральские казаки использовали как место сбора при организации дальних походов.

Таким образом, средневековые источники XIV – XVI вв. содержат ценные сведения по истории города Сарайчика. Они характеризуют город, основанный правителями Золотой Орды как центр торговли. Сарайчик называется в числе городов, который связывал главные города Золотой Орды с Ургенчем и далее с Китаем. В последующем город играл роль политического центра и ставки биев Ногайской Орды и ханов Казахского ханства.

Список использованной литературы:

1. Чингиз-наме. Алма-Ата. Гылым. 1992. – URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 4.03.2022.)
2. Трепавлов В. В. Сарайчук: переправа, некрополь, столица, развалины Тюркологический сборник 2001. Золотая Орда и ее наследие. СПб.: Восточная литература РАН, 2002. - С.225-245
3. Родословное древо тюрков. Сочинение Абуль-Гази, Хивинского хана. // Известия общества археологии, истории и этнографии при императорском Казанском университете, Том XXI, Вып. 5-6. Казань. 1906. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 7.03.2022.)
4. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, том I. Извлечения из сочинений арабских. СПб. 1884. 1906. - URL: <https://www.vostlit.info>(дата обращения: 12.03.2022.)

5. Денежно-весовые единицы Таны в начале XIV века (по данным Франческо Пеголотти). // Советская археология, № 3. 1958. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 16.03.2022.)
6. Астраханское ханство по документам ногайской посольской книги за 1551-1556 гг. // Исторический архив, № 3, 2006. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 20.03.2022.)
7. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой 1489-1549 гг. Махачкала. Дагестанское книжное издательство. 1995. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 24.03.2022.)
8. Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой (июль-сентябрь 1576 г.). РГАДА, ф. 137, оп. 1, д.137, ЛЛ. 338-393ж. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 28.03.2022.)
9. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой. 1551-1561 гг. Казань. Татарское книжное издательство. 2006. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 30.03.2022.)
10. Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке. М. Соцэкгиз. 1937 - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 02.04.2022.)
11. Письменные памятники Тохтамыш-хана. // Журнал министерства народного просвещения, № 8, 1840. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 04.04.2022.)
12. Султанов Т.И. и Кляшторный С.Г. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы. Рауан. 1992. – 383с.
13. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ташкент. Фан. 1996 - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 07.04.2022.)
14. Мякушин Н. Г. Секретная экспедиция уральских казаков (Исторический очерк). Уральск. 1903. - URL: <https://www.vostlit.info> (дата обращения: 10.04.2022.)

САРАЙШЫҚ – АСТАНА ДӘРЕЖЕСІНДЕГІ ҚАЛА

Ж.Т. Таңатарова - т.ғ.д., профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті

Н.Б. Жеңісов – Х.Досмұхамедов
атындағы Атырау университетінің 2-курс
магистранты

Атырау өңірі туралы мол мағлұмат беретін еңбектерінің үлгілісі Хисмет Табылдиевтің «Атырау облысының тарихы» монографиясы. Ғалым осы еңбегінде өз алдына Орта ғасырдағы Каспий аймағының Алтын Орда, Ноғай Ордасы тарихындағы орнын айқындау, сондай ақ, Сарайшықтың

батыс аймақтағы тарихи орнын көрсету мақсаттарын қойған. Қаланың құрылған уақыты, қала орнындағы ежелгі қаланың болуы, қала есімінің әр түрлі нұсқалары туралы қамтыған. Сарайшықтың әр түрлі дәуірде Алтын Орданың, Ноғай Ордасының одан кейін Қазақ хандығының астанасына болғандығы реттілікпен жазылған. Орыс-казактарының Жайық бойына көшудегі миссиясы жайында түрлі зерттеушілердің пікірлері сараланған.

Бірінші мәселе Сарайшық қаласының хронологиялық бастауы. Хисмет Бозанұлы Әбілғазының «Түрік шежіресі» еңбегімен, т.ғ.п. К. Байпақовтың пікірін салыстырған. Екі пікір бойынша Бату, Берке хандар тұсында яғни XIII ғ. бастау алатындығын айғақтайды. Сондаяқ қаланың оданда XI ғ. бұрын өмір сүргендігі туралы айтылады. Осы мәселе төңірегінде бірнеше ғалымның сөздері келтірілген. Ғалым И. Кастаньенің дерегі бойынша «Хазар үстемдігі кезіндегі байланыс жолдарының маңыздысы болды» дейді. Ноғайтанушы Ә. Сарай зерттеуші Д.Девиз, академик Б.Көмеков, археолог С.П.Толстовтың зерттеулеріндегі мына пікірді ұстанған «зерттеу барысында Сарайшықтың астыңғы қабаттары моңғолдарға дейінгі уақытты қамтиды».

Екінші зерттеу қаланың орнында Хазарлардың көне Сақсын қаласы болғандығы туралы алға тартады. Ал басқа археологтар Сақсын қаласын оғыз-печенегтер қаласына жатқызады. Қамтылған пікірлерді тізе келе Х.Табылдиев «қалаға кешенді тарихи-археологиялық зерттеулер қажет» деп қорытындылайды.

Үшінші тоқталған мәселе қала есімінің ерекшелігі. Алғашқы сенімді деп табылатын нұсқа осы жерден өткен саяхатшылардың деректері. П.Карпини мен Г.Рубрук «Сарайшық» атауы «Сарай» қаласына ұқсатудан пайда болды және 1334 ж. Ибн Баттута «Сарай қаласынан 10 тәулік жүріп, Сарайджук қаласына жеттік» деген деректен «Джук» сөзін кіші деп алып, Сарайджук – кіші Сарай деген байламға келеді. 1367 жазылған Ф. және Д. Пицигани, 1375 жылы сызылған Каталон атласындағы жарты ай бедерлі ту мен Жошы әулетінің таңбасын негізге алып, ол Сарайшықты меңзеп тұр деген қорытынды шығарады [1, 35 б.]

Әнес Сарайдың «Ноғайлы» еңбегінде Сарайшықтың тарихын V ғ. дейін көнелеткені жазылады. Ол жерде автор Османдық XVIII ғ. ғалымы Хаджи Халифтің «Джахан-наме» еңбегіне: «Жайықтың теңізге құяр тамағында С.ван.дж. (немесе С.ван.х) деген көне қала бар, ол бір мезгілде кумандардың астанасы болды, кейін оны ноғайлар қоныс қылды, хандары да сонда тұрады» деп сілтеме жасай отырып Сван атауын – ғұндардың бір тайпасы екенін айтады. Сөйтіп V ғ. свандардан қалған қала Сарайшықтың тарихын байытады деп тұжырымдайды [2, 38 б.]. Ал, археолог Ә.Марғұлан 1951 ж. Бүкіл Одақтық археологтардың кеңесінде жасаған «Сарайшық қазбалар атты баяндамасында: «Сарайшық қаласы XIII ғасырдың II жартысынан бастап, XV ғ. басына дейін Алтын Орданың ең басты қалаларының бірі болды...» [3, 25 б.].

Едіге өз жұртын көшіріп Сарайшық қаласын астана еткен соң, батыстағы шекарасын Еділ өзеніне дейін кеңейтеді. Ноғай Ордасынан кейін Сарайшық қаласының жаңа шежіресі Қазақ хандығымен тығыз байланысты.

Бұрындық хан Мұхаммед Шайбанидің таққа келуіне қолдау білдірген Маңғыт еліне шабуыл жасаған. «Маңғыт жұрты» пайда болып ауызға ілігіп, ресми құжаттарда осылай хатталғанмен, неліктен ол атау тұрақталмай, тұра келе Ноғайлыға айналды? Ақыры, «маңғытты» ығыстырып шығарып, Ноғайлы атымен тарихқа енді [2, 15 б.]. Ноғай биі Мұса алғашқы кезде қазақтарға қарсылық танытпай Сарайшық Бұрындық ханның иелігіне өтеді.

Сарайшықты Қазақ хандығының астанасы етіп жариялаудың мәні: Бұрындық хан Шығыс-Дешті-Қыпшақтағы түрлі тайпалардың күнделікті тұрмыстық байланыстары ертеден орныққан Сарайшықты бағындыруы және астана – деп, ту тігуі, жергілікті тұрғындардың мәртебесін арттыруымен қатар, қыпшақ маңғыт тайпаларының Қазақ хандығына бағыныштылығы мен берілгендігін нығайтып, өз еліне деген ел жандылық, ұлтжандылық рухының қалыптасуына пәрменді ықпалы болғаны сөзсіз [4, 120 б.].

Қазақ хандығы алғашқы қоныстанған, гүлденген уақытында Сарайшық қаласы ірі астана болды. Сырдария бойындағы қалаларға қарағанда мұнда ең маңыздысы – соғыс жауалаушылықтарынан алыс болып, халықтың дамуына ыңғайлы аймақ болды. Ұлы жібек жолының ірі нүктелерінің бірі болған қала, Дешті қыпшақтың атын әйгілі етті. Сонымен қатар Қазақ хандығының бастапқы уақытында бұл аумақта оған қарсы келетін күштердің болмады, Маңғыт елі әлсіреп, Ресей патшалығында соғыс қимылдарын жүргізуге мардымсыз болды.

Қазақ хандығын барынша дамытып, аумағын кеңейткен Қасым хан не үшін Сарайшықты алғашқы астана етті деген сауалға келсек бірнеше тұжырым жасауға болады: 1) Қаланың географиялық орналасуы: суы мол, шөбі шүйгін, тартымды Жайық өзенінің сағасында болуы; 2) Еуропа мен Азияның байланыстырушы нүктесінде орналасуы. Бұл өз кезегінде көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға ықпал етті; 3) Шаһардың аса ірі сауда орталығы болуы, экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етті; 4) Қазақ хандығына дейін Алтын Орда мен Ноғай Ордасының атақты билеушілері бұл қаланы астана етуі;

Х.Табылдиев еңбегінде зерттеуші С.К.Ибрагимовтың Қазақ хандары мен Ноғай Ордасының қақтығыстары туралы тұжырымдарды жеткізеді. Екі жақтың күресі туралы С.К.Ибрагимов « біріншілері Маңғыт жұртынан айрылғысы келмесе, екіншілері оны Шыңғыс хан тегіне, «Орыс хан ұрпақтарына» бере салуды ойламады» деген. Сондай ақ Х. Табылдиев ноғайтанушы А.Исиннің де дәлелдемесін келтірген. Онда Орыс ханның саясатына Едіге қарсылық көрсеткен. Сонымен қатар А.Исин «Қазақтардың Ноғай Ордасымен күресі Едіге мен Орыс хан уақытынан бергі тарихи деректердегі тұңғышы. Ол қазақ және ноғай билеушілерінің Әбілхайыр хан мұрасына бірлескен күресінің аяқталып, саяси бақталастықтың басталғанын дәлелдейді» деп қорытынды жасаған [1, 38 б.].

Қасым хан қайтыс болған соң оның ұрпақтары астананы ұстап тұра алмады. Хакназар хан таққа отырған соң Еділ-Жайық бойлары мен Сарайшықты алуға барын салады. Осы туралы Х.Табылдиев И.Мясоедовтың

маңызды дерегін маңызды деп тапқан: «Қазақ ханы Хақназар Ноғайларды өзіне қаратқысы келді. Ол Сарайшықты қазақтардың иелігі деп есептейді».

Осылайша бабалардан қалған құтты мекенді әрі сауда-саттықтың ірі нүктесі саналған Сарайшыққа қазақтар мен ноғайлар арасында қақтығыстар қызып жатқан кезеңде Мәскеудің нұсқауымен бұл араға орыс-казактары араласа бастайды.

Авторлары: Х.Табылдиев, А.Сарсенов, Л.Бердіғожинның еңбегімен «Жайық казактары тарихы» туралы мақаласы, «Ізденіс» газетінің №2 санында 1998 жылы жарық көрді. Ол мақалада Қазақстан тарихшыларының алдағы ізденісі өткен тарихқа сын көзбен қарап, қайта зерттеп, жете қадағалауы керек деп көрсетілген. Сонымен қатар Жайық бойына казактардың келген уақыттары туралы мәселелерге тоқталып, олардың саяси рөлі мен демографиялық ахуалына тоқталған. Орыс-казактары Ресей патшалығының саяси қолшоқпары болғандығы туралы қамтылған. Патшалық Ресей Қазақ жерін отарлаудың алғашқы қадамын орыс-казактары арқылы жүзеге асқандығы баяндалады.

Ш.Уәлиханов «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде: Алтын Орданың құлауы кезеңінде шағын халықтар арасында жанжалдар ұлғайып, әртүрлі рулар шет аймақтарға қонас аударған соң, қазақ қауымдарын құрды. Сол секілді орыс казактары әртүрлі тайпалардың бірігуімен одақ болып, казактар деген атқа ие болған дейді.

Ғалымдар Русьтегі бастапқы казактардың қалыптасуынан XV ғ. соңғы ширегі деп есептегенмен, бұл уақыттан әлдеқайда ерте басталатынын жоққа шығрмайды. Жайық бойына қоныстана бастауы XVI ғ. 80 жылдары деп алынады. Хисмет Табылдиев зерттеуші О.Поповтың дерегін сөйлетеді: 1577 ж. патша әскер басы Иван Мурашкин көпес керуендерін тонаушылықпен өмір сүретін казактардың ірі тобын талқандады. Еділ бойын жайлаған олар қарсыласуға әлдері жетпей Кама, Сібір, Терек және Жайық мекендеріне қарай қоныс аударды [5]. 1577 ж. 1 қазанда патша стольник Иван Мурашкинге «ұры-казактарды» құрықтап, өлім жазасына кесуді тапсырды [1, 40 б.].

Жайықты бетке алған казактарға атаман Прохор Рыжичек басшылық жасайды. Нәтижесінде осы казактар 1580-81, 1586 жылдары Сарайшыққа жойқын шабуылдар жасайды. Бұл Ноғай басшысы Орыс ханға астананы сақтап қалуға мүмкіндік бермейді. Х. Табылдиев тарихшы В.В. Трепавловтың орыс казактары туралы саралауын келтіреді: «Ноғайларды өзіне қаратуда казактар Мәскеудің қолшоқпары болған. Казактарға шыдамаған ноғайлар Жайықтан ауып кетті. Осы себепті орыс шекарасының қаупі сейілді. Сондаяқ казактардан қауіптенген ноғайлар Мәскеуді паналауға мәжбүр болады». Жайық казактары Ресей патшалығының айдағанымен жүріп мынадай міндеттерді орындады: орыс отаршылдығының өрісін кеңейту мен жүзеге асыру; жаулап алынған жерлерді шет халықтардан қорғау; әскери құрамын жетілдіріп отыру;.

Қазақстан тарихшылары орыс казактарының келуімен қазақ жерінде орыс патшалығының отарлау саясаты бірге келді деп санайды. Зерттеуші Әйтиев Ресейдің Қазақстанды отарлауын үш кезеңге бөлген:

1. XIV ғасырдан басталған еркін адамдар (казактар) немесе қашқындар мен босқындар жүргізген отарлау;

2. XVII ғасырда басталған сауда-өнеркәсіп мүддесі үшін жүргізілген әскери-әкімшілік отарлау;

3. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоныс аудару арқылы отарлау; [5, 2 б.].

Сарайшықты тұңғыш зерттеген И.П.Рычков: «Сарайшық қаласының талқандалуына орыс-казак топтары әсер еткен» дейді.

Өкінішке орай орыс казактарының себебімен Сарайшық қаласының орнында шаһардың қирандысы ғана қалды. 1732 ж. Сарайшықта болған И.Г.Гербер қаланы қалмақ билеушісі Назар Даршидің жазғы тұрағына айналғандығын жазып қалдырған.

Әдебиеттер тізімі.

1. X. Табылдиев «Атырау облысының тарихы». – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, 2019. – 200 б.
2. Сарай Ә., Ноғайлы (зерттеу) – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 бет.
3. Қасенов М.С., «Сарайшық қаласы». Атырау: «Ағатай» баспасы, -2011. – 103 бет
4. Мұстафин Ж.Ж., «Ортағасырлық Сарайшық». Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015 жыл. 177-бет
5. X. Табылдиев, А.Сарсенов, Л.Бердіғожин, «Жайық казактары тарихынан», «Ізденіс» №2, Алматы, 1998

АЛТЫН ОРДА ТАҒЫЛЫМЫ

А.А. Кусанова - №35 Х.Ерғалиев атындағы мектеп гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, Атырау қаласы

Ұлы Дала төсінде өркендеген Алтын Орда өркениетінің адамзат тарихындағы орны, түркі халықтарының тілі мен дініндегі, әдебиеті мен мәдениетіндегі маңызы, сондай-ақ кейінгі дәуірлерде тарих сахнасында бой көрсеткен хандықтар, әмірліктерге тигізген ықпалы жайлы білу әрбір қазақтың міндеті.

Қазір таңда тарихымызды түгендейік деген жақсы бастама көтеріліп жатыр. Енді соған көкірек көзі ояу жанның бәрі атсалысып, жоғалтқанымыздың бәрін тауып, айтуға болмай келгеннің бәрін қамтып, жинап алуымыз керек.

Алтын Орда қуатты империя болды. Кез-келген империя сияқты, ол өзіне бағынышты халықтардың, соның ішінде орыс халқының бостандығын басып озды. Орыс адамының санасында Алтын Орда зұлымдық империясы ретінде бекітілгені кездейсоқ емес [1].

Алтын Орданың тарихы азаттық күресі мен жазалау жорықтарына толы. Тек біздің өлкеміз үш шабуылдан және онға жуық ірі жорықтардан аман қалды.

Моңғолдардың жорықтары жаппай кісі өлтірумен және халықты құлдыққа салумен қатар жүрді. Халықтың қалпына келуі үшін ондаған жылдар қажет болды. Шабуыл кезінде көптеген қалалар қирады. Баға жетпес кітап және көркем қазыналар өртеніп, сәулет ескерткіштері қирады. Негізінен қанды жаулап алулар нәтижесінде құрылған Алтын Орда кейіннен белгілі бір өркениетті рөл атқарды. Алтын Орда дәуірінде бірегей қалалық өркениет құрды. Оның қалыптасуына Шығыс Еуропа, Батыс Сібір, Қазақстан және Солтүстік Арал маңында тұратын барлық халықтар қатысты.

Алтын орданың басты қалаларында кең көшелер, керамикалық құбырлар мен канализациялар болды. Қала тұрғындары субұрқақтардан ауыз су алды.

Барлық қалалар мен ауылдарда моншалар болды [2].

Алтын ордалықтар Қытайда қабылданған пошта байланысы жүйесін құрды, бұл іс жүзінде жол желісін дамытудағы революция болды.

Алтын Орда басқа халықтардың діндеріне түсіністікпен қарауда ерекшеленді. (Шыңғыс Ханның Дәстүрлері)

Алтын Ордада мәдениет қалыптасты, онда осы аумақтарда өмір сүрген халықтардың дәстүрлері біріктірілді: моңғолдар, Еділ булгарлары, славяндар, парсылар және басқалар. Орда тәртібі саудаға барынша қолайлы болды.

XIII-XVI ғасырларда өмір сүрген Алтын Орда мемлекеті Еуразияның көптеген халықтарының қалыптасуы мен тағдырына елеулі ықпал еткен бай мәдени-тарихи мұра қалдырды. Бұл біздің Отанымыздың тарихының негіздерінің бірі.

Жошы ұлысы – дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген **Шыңғыс ханның** өз иелігіндегі жерлерін төрт ұлына бөліп бергенде Жошының үлесіне тиген аса үлкен территориялық аумақ. Зерттеушілердің айтуынша, Жошының қол астына қараған аумаққа қазіргі қазақ жерінің 65 пайызы кірген екен. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 млн шаршы шақырымға жеткен. Қыпшақ даласында құрылған Жошы ұлысы кейіннен Алтын Ордаға айналды. Оның дәуірі шамамен екі жарым ғасырға созылды.

Яғни Жошы әкесі Шыңғыс хан секілді әлем тарихында 250 жылдық тарихы бар Алтын Орда атты ұлы империяның негізін қалап кетті. Жошы қыпшақ даласына келіп өз ұлысын құрғанымен моңғолдық дәстүрмен жүрген жоқ. Жергілікті қыпшақ халықтарының ділі мен дініне еркіндік берді. Көп ұзамай Жошының ұрпағы жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысына қарай икемделіп, бір жолата сіңісіп кетті. Белгілі тарихшы ғалым **Зардыхан Қинаятұлының** еңбектеріне сенсек: олар үшінші ұрпағынан бастап қазаққа айналған: *«Яғни, сол кездің өзінде мұсылмандықты қабылдап, қыпшақ тілінде сөйлеуге көшкен»* деп жазады ол.

Өкініштісі сол, Юань империясы, Иран, Еуропа елдерімен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатып сауда жолын қалыптастыра білген Алтын Орда мемлекет туралы ашық айта алмадық. «Шын мәнінде, Алтын Орда Рим, Осман, Цин империясы секілді ірі империя болған. Орыс кінәздіктері, Ноғай ордасы, көшпелі Өзбек мемлекеті, Моғолстан секілді елдер осы Алтын Ордадан бөлініп шыққаны белгілі. Керек болса Украина мен Молдавияның өзі кезінде осы империяның құрамында болды. Алтын Ордада жүйелі мемлекеттік құрылым болды. Онда салық жүйесі, әскери бөліністері, пошталық жеткізу қызметі, мемлекеттік басқару жүйесі жұмыс істеп тұрды. Бертінге дейін Ресей аумағында жұмыс істеп келген «ямская служба» яғни жеткізіп беру қызметі осы Алтын Орда заманында қалыптасқан. Бүгінде жеке-жеке ел болып дамып отырған мемлекеттердің барлығы да Алтын Орданың экономикалық жүйесін пайдаланды. Ақша өндірісі, экономикалық құрылым, валюта саясаты, тұрақты әскер ұстау, салық жүйесі секілді дүниелердің барлығы Алтын Орда заманында пайда болған. Қазіргі мемлекет басқару жүйесі де осы Алтын Ордадан алынған.

Дамудың осыншама биік сатысына көтерілген Алтын Орда шаһарлары XIV ғасырдың аяғында Орта Азиялық әмірші Ақсақ Темірдің кесапатты соғыстары кезінде жойылып кетті. Әсіресе, Темірдің 1395 — 1396 жылдарға екінші жорығынан кейін өртелмеген, талқандалмаған екі-ақ қала — Сарай мен Сарайшық қана қалыпты. Осындай лаңды шапқыншы иесі Ұлы Алтын Орда да қайтып оңала алмады.

Алтын Орда тұсындағы түркі әдебиеті ортағасырлық Шығыс әдебиеті үрдісінде дамыды. Бұл кезеңдегі әдеби ескерткіштерден ең белгілілері — Әл-Бинайдың - «Шайбанинама», М.Хорезмидің «Махаббатнамасы», Бұрханетдин Рабғұзидің «Қисса-су-л әнбия», Ұсман Кухастанидің «Тарихи Әбілхайыр-хатниы», Құтбының «Хусрау уа Шырыны». Ал көне қыпшақтардың жыраулық дәстүрінен хабар беретіндей жәдігерліктер, өкінішке орай, сақталмапты. Бізге олардың Кетбұға, Сыпыра жырау деген есімдер еміс-еміс ғана жетті. Тек қазақ әдебиетінің көш басшысы саналатын, ұлы жырау, Алтын Орданың күні еңгейген кезін көзімен көрген кемеңгер Асан Қайғының шығармалары ғана қазақ әдебиеті тарихынан қасиетті орнын алып, оқырман қолына тиді.

Әйткенмен, Алтын Орда тұсында түркінің ежелгі қаһармандық эпосы жаңаша тыныс түзеп, өріс тапқаны және өзінен кейін тарих сахнасына келген

берісі қазақ, ноғай, т.б, елдердің қаһармандық дастандарына, арысы орыс былиналарына (батырлар жыры) нәр бергендігі — даусыз ақиқат [4].

Түркі тілдес халықтардың көпшілігі ісләм дінін ұстап, араб жазуымен, араб мәдениетімен жақын таныс болған. Алтын Орда мемлекетінде өз тарихнамасы, әсіресе ауызша тарихнама жете дамыған,

Көшпелілер арасында ауыз әдебиеті, жыр дәстүрі қалыптасқан. Сол кезден мұра болып келе жатқан қазіргі татар, ноғай, қазақ халық тарихында «Едіге батыр», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Көкше» сияқты батырлар жыры кеңінен тараған. Алтын Орда, Ноғайлы заманындағы көшпелілер мәдениеті әлі де болса аз зерттеліп, өзінің әділ бағасын ала алмай отыр. Оны батыс ғалымдары баяғы да-ақ дәлелдеп мойындап қойған дүниелер. Революцияға дейін Ресейдің өзінде ашық айтылып келді. Ключевский, Костамаров, Зернов, Бартольд қатарлы тарихшылар объективті зерттеулер жүргізген. Тек 1944 жылы тамыз айында Татар партия комитетінің идеялогиялық тәрбие ісіне жауапты бөлімінде үлкен қаулы қабылданды. Оның негізгі мақсаты осы Алтын Орданы айтқызбау, қаралау, айтқан күннің өзінде теріс жағынан яғни феодалдық мемлекет, басқыншы тайпалар бірлестігі, жабайылық ордасы деп насихаттау болды. Керек болса, осы тақырып туралы зерттеуді мүлдем тоқтату керек деген миссия жатты. Бір қуантарлығы бізде тыйым салынғанмен батыс ғалымдары зерттеп жатты. Олардың арасында атақты Тойнби, Неміс ғалымы Бертольд Шпулер секілді ғалымдар бар. Германия ғана емес Италия, Франция тарихшыларының еңбектерінде де Алтын Орда туралы деректер кездеседі. Мұндай шектеулер Алтын Ордаға ғана емес жалпы түркі халықтарының шынайы тарихын тануға үлкен кедергі болды. Алтын орда кезеңін зерттеу өлі нүктеде тоқтап қалды. Алайда қазіргі мемлекеттердің көбі осынау алып мемлекетке қарыздар. Еуразияның тарихшылары неліктен Алтын орда тарихы жайлы ауыз ашпай отыр. Соңғы уақытта біздің бауырлас елдердің ішінде тек Татарстан ғалымдары ғана Алтын Орда тарихына қатысты зерттеулер жасап келеді.

Алтын Орда – шекпенінен көптеген түркі халқы шыққан алып империя. Сол үшін бұл мемлекеттің тарихы барлығымыз үшін өте маңызды. Әсіресе, Ресей өзінің тарихи жылнамасына Алтын Орда мұрасын енгізуге мейлінше қызығушылық танытуы тиіс [3].

Алтын орда өз дәуірінде қатты өркендеді. Ол дәуірде қалалық өмір де болды. Тіптен түркілердің жұлдызды ғасыры деуге болады. Себебі кейін жеке-жеке ел болған түрік халықтарының ешқайсысы мұндай деңгейдегі империя құра алған жоқ. Бұл жерде Алтын ордадан Еуропаға, мәселен, Италияға астық жеткізіліп тұрғанын айта кету керек. Сол себепті, оны біз тек көшпелі мемлекет деп айта алмаймыз. Қай жылдар аралығында, қандай жолмен, қанша көлемде сатылғаны туралы деректер жоқ деуге болады. Бірақ Генуя мен Венеция Алтын ордадан жеткен астықты азық еткені анық жазылған. Өкінішке қарай, ұзақ уақыт бойы осы шындық ашық айтылмады. «Еуропа елдерінің санасында бұл ел жау мемлекет ретінде қалып қойды. Орыстар да татар-моңғол шапқыншылығы деген жағымсыз ұғымды осы империямен байланыстырады. Әрине, мұның бұның бәрі тарих. Алайда бұл

жайсыз пайым-пікірлер, түсініктерден арылу керек. Ол үшін Алтын Орда туралы тарихты қайта жазу керек.

Ғалымдардың бұл ұсыны қолдаусыз қалған жоқ. Қазақстан – Алтын орданың тікелей мұрагері деген тарихи шындықты қайтару керек. Қазақстан шынында да - Алтын орданың заңды да тікелей мұрагері. Географияны, этнографияны, мемлекеттердің тарихын бәрін қарасаңыз, осыған көзіңіз жетеді. Бұл жерде тарихи шындықты қайтару керек. Ештеңені созбалаудың да, конструкциялаудың да қажеті жоқ. Алтын ордада қаланың дамыған өркениетті үлгісі болған. Алып мемлекеттің қалаларын Алтын орданың өз хандары салғызған. Сонымен бірге, Алтын орда тұсында жазба әдебиет те бар еді. Дамыған мемлекеттік аппарат та жұмыс істеп тұрды. Алтын орда – заңнама, коммуникация мен логистикасы жолға қойылған бірегей мемлекет еді. Яғни, сол тұстағы мықты мемлекеттіліктің толыққанды атрибуттары болды. Алтын орда – империялық мемлекет еді. Оның құрылым үлгісінен Ресей де көп үлгі алды. Рас, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы негізін салған Алтын орданың тікелей мұрагері – қазақ деген пікірді растайтын деректер өте көп. Жошы мазыран ұлысқа қарасты 26 тайпаның таңбалары табылды. Ғалымдардың барлығы да осы 26 таңбаның түгелі бүгінгі қазақ руларына тиесілі белгілер екенін айтады. Әрі олардың ішінде қазіргі моңғол ұлтына жататын рулардың бірде-біреуінің белгісі кездеспейді. Керек болса, археологиялық қазба жұмыстары мен генетикалық зерттеу жұмыстары да осы пікірді толықтай қуаттап отыр: Ресейлік антрополог Л.Т. Яблонский 30 жыл бойы Алтын Орданың көшпенділерінің бассүйегін, қаңқасын зерттей келе, ортағасырларда өмір сүрген алтынордалықтардың бет-пішініне, қазіргі халықтардың ішінде пошымы жағынан тек қазақтар қатты ұқсайды деген қорытынды жасаған. Сондай-ақ палеогенетикалық зерттемелер нәтижесі де Алтын Орда аристократтарына гендік, қандық тұрғыдан тағы да қазақтар ғана жақын" деген естелігі тағы бар. Баязит Юнусбаев, Оразақ Смағұлов бастаған генетик ғалымдар қазақтарда бар антрополиялық типтің XIII ғасырда қалыптасқанын айтып та, жазып да дәлелдеп келеді. О. Смағұловтың айтуынша, қазақтарға тән генетикалық коктейль XIII ғасырда екі популяцияның – жергілікті түркі-қыпшақ және шығыс Азиядан келген моңғол түрік популяциясының араласуынан пайда болған. Сол секілді қазақтар өздерін Алтын Орда татарларының ұрпақтарымыз деп санайды» деген деректерді Шоқан Уәлихановтың естеліктерінен де кездестіруге болады. Яғни бұл бүгін ғана белгілі болып отырған әңгіме емес деген сөз. Яғни, кешегі Алтын Орданың бүгінгі мұрагері татар да емес, басқа да емес – қазақ қана деген сөз. Әрі бұл толықтай дәлелденген, талас тудырмайтын ақиқат [5].

Мұндай деректер баяғыда-ақ дәлелденуі тиіс жүйелер еді. Басында айтып өткеніміздей Советтік жүйенің озбырлығы салдарынан тарихи деректер қолдан бұрмаланып, мұрағатта жатқан көне карталар мен құнды құжаттар жойылып кетті. Абырой болғанда, Алтын Ордаға қажетті құжаттардың біраз бөлігі шіркеулерде сақталып қалыпты. Кеңес Одағы кезінде Алаш Орданы, Алтын Орданы, Кенесарыны айтуды шектеді.

Сонымен бірге Алтын Орданың мұрағаттарын жойып жіберуге тырысты. Алайда, өз шіркеулерінде сақталып қалған мұрағаттар сол кемдіктің орнын толтырды. Ондағы басты себеп, Алтын Орда билігі діни орындарға тиіспеген. Естеріңізде болса, 2019 жылдың 24 тамызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытауға сапары барысында Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын атап өтіп, сонымен қатар оның негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау туралы бастама көтерген болатын. «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл жұмыстарды Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу қарсаңында бастау керек. Сонымен қатар Біз Алтын Орда негізін қалаушы Жошы ханға міндетті түрде құрмет көрсетуіміз керек», – деген болатын Жезқазған өңіріндегі Жошы ханның кесенесіне зиярат етіп тұрып.

Жеті ғасыр өтті. 750 жыл тарих қойнауында қалды. Ұлық ұлыстың ұрпақтары ретінде бұрынғы тарихқа бүгінгі көзқараспен қайта қарауды жөн санап отырмыз.

Отандық тарихты оқытуда мемлекетшілдік дүниетанымның жаңа моделін жасап, осыған байланысты ұлттық құндылықтар мен тарихи жетістіктер бағдарларын ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында айқындап алу міндетінен зор талап жоқ.

Ол үшін мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға Алтын Орда туралы жаңарған, тарихи деректер арқылы дәйектелген мәліметтер мен баяндауларды енгізу қажет. Жоғары оқу орындарында «Алтын Орда және Қазақ хандығы: тарихы және сабақтастығы» тәрізді арнайы курстарды енгізсек, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақстанның орда мұрагері екендігін ашып айтатын кез келді деп санаймыз. Бір сөзбен айтқанда, тарихи сананы жаңғырту аясында Алтын Орда туралы көзқарасымызды өзгертуіміз қажет. Алтын Орданың тарихын пәнаралық байланыстар бойынша зерттеу керек. Мәселен, тарих, деректану, археология, тарихи география, қосалқы тарихи пәндерді тоғыстыру арқылы ізденістер іргелі ғылыми нәтижелерге әкелер еді. Жастарды тарих арқылы тәрбиелеу турасында айтар болсақ, Алтын Орда тарихын насихаттайтын кинофильмдер түсірілуі керек. Мәселен, орда хандарының өмірі мен қызметі, ордадағы керуен және сауда, пошта жолдары, исламды мемлекеттік дін ретінде жариялаған Өзбек хан туралы жастарға ой салатын, қоғамды дамытуға идея беретін көркем фильмдер қажет. Пошта жолдары демекші, ХІХ ғасырда атақты Жәңгір хан ордасында ресми іс қағаздарын шабармандар арқылы тасымалдауда Алтын Орда тұсындағы пошта бекеттерін жаңғыртқан. [6]

Қорыта келе, төл тарихымызды қастерлеуге, одан тағылым алуға, насихаттауға үйренгеніміз жөн демекпін. Кешегісін білмеген елдің болашағының бұлыңғыр болатынын естен шығармайық.

Әдебиеттер тізімі.

1. Абдуллаев Н. К вопросу новой мировоззренческой модели истории Казахстана. // О модернизации национальной истории. На новом рубеже исторической науки ХХІ века. Материалы расширенных заседаний

Межведомственной рабочей группы по вопросам изучения национальной истории, состоявшихся 5 июня и 25 сентября 2013 года и мнения видных общественных деятелей. Алматы, 2013. С. 218-227.

2. Алексеев А.К. Политическая история Тукай-Тимуридов: По материалам персидского исторического сочинения Бахр ал-асрар. Спб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2006. 229 с.

3. Анастасьев Н. Мухтар Ауэзов. Москва. 2006. 449 с.

4. Антология казахской поэзии в переводах Ауэзхана Кодара. Алматы. 2007. 328 с.

5. Антоненко С. От Ак-орды к Ак-падишаху//Родина. 2005. № 8. С. 34-38.

6. Атамбаев А.Ш. Казахстан - прямой наследник Золотой Орды
<http://www.zakon.kz/4665988-prezident-kyrgyzskojj-respubliki.html>

АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Ж.Т. Утеулиев - №13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназиясының тарих, құқық пәнінің педагог-шебер санатты мұғалімі

Кеңес тарихнамасында әкімшіл-әміршіл жүйе ықпалымен жазылған еңбектерді қарастыра отырып, олар ұзақ уақыт бойы ғылыми сынға емес, керісінше идеологиялық ықпал астында болғаны жайлы ой қалыптасады. Осыған орай, Қазақстан тарихындағы орта ғасыр кезеңін зерттеуге қатысты тұжырымдардың өзгергенін білеміз. Коммунистік партия өкіметі билігі кезінде Жошы Ұлысы тақырыбы зерттеліп келгенімен, теріс баға беретін пікірлер көбейді. Себебі, кеңестік саясатты жүзеге асыру барысында халық санасына әсер етуге тырысты. Алтын Орда тарихын зерттеу КСРО кезеңінде қатаң бақылауда болғанына қарамастан кеңестік, шетелдік зерттеушілер үшін қызық тақырыптардың бірі болды. Алғашқы уақыттары Алтын Орда мемлекетінің Киев Русіне әсері, әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұстары кеңестік зерттеушілердің назарына ілікті. Сол себепті, Алтын Орда тарихын баяндауда зерттеушілердің тараптарынан түрлі көзқарастар барына көз жеткізе аламыз. Кеңестік, шетелдік ғалымдардың еңбектерін қарастыру арқылы Жошы ұлысы тарихына қатысты мәліметтерге талдау жасап, өткен ғасырдан дұрыс тарихи тәжірибе алуға мүмкіндік туады. Кеңестік кезеңде жазылған еңбектер маркстік-лениндік тұрғыдан қарастырылып, орталық биліктің ұстанымына бағынды [1].

Осы орайда, кеңестік және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау өзекті мәселе болып табылады.

«Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің бергі замандағы Ұлы Түрік қағандығы, Дешті Қыпшық пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері» деп баса айтуы – тарихшыларға жаңа бағытта зерттеу жүргізуге жол салды [2].

Ұлық Ұлыс Алтын Ордаға қатысты маман ғалымдарының көзқарастары



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры», «Мәдени мұра бағдарламасы және «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақалаларының өзектілігі өз маңызын жойған жоқ. Онда кез келген халық, оның ұрпағы өзінің тарихын, адамзат дамуына қосқан үлесі туралы білуі тиіс деп көрсетілген. Осы міндеттерді жүзеген асыру ең бірінше тарихшы ғалымдардың құзырында [3].

2019 жылдың 24 тамызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс., қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет», - деп Алтын Орда 750 жылдық мерейтойын атап өтуді, сонымен қатар оның негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау туралы бастама жасады (Тоқаев 2019:1). Осындай игі бастамадан кейін өңірлерде жиындар, дөңгелек үстелдер өткізіліп, бұрындары көп қозғала бермейтін Алтын Орда, Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы және оның құрған алып империясы туралы тың пікірлер талқыға түсіп жатыр. Жошы ұлысы – дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген Шыңғыс ханның өз иелігіндегі жерлерін төрт бөліп бергенде Жошының үлесіне тиген аса үлкен аумақ. Кейін бұл аумақтың Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балтық елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм және Дешті Қыпшақ даласы енген. Қыпшақ даласында құрылған Жошы ұлысы кейіннен Алтын Ордаға айналды. Орыс кінәздіктері, Ноғай ордасы, Көшпелі Өзбек мемлекеті, Моғолстан секілді елдер осы Алтын Ордадан бөлініп шыққаны белгілі

Жошы Ұлысы (Алтын Орда) шамамен 200-250 жылдай уақыт өмір сүріп, оның құрамына енген халықтардың әлеуметтік – экономикалық мәдени институтына әсерін тигізгені сөзсіз. Алайда, ортағасырлық мемлекет тарихына объективті бағаның әлсіз болғанын кеңес тарихнамасының мұрасы дәлелдейді. Сондай-ақ кеңестік дәуірде Алтын Орда тарихына қатысты тарихнамалық дәстүрдің біркелкі болмағаны белгілі. Тарихына белгілі ресми мәліметтерден бөлек, саяси ықпал әсерінен арнаулы түрде жасырынды, бұрмаланған тұстары жеткілікті. Осылайша, кеңестік дәуірдің еңбектері қатаң «партиялық-идеологиялық» сынға түсіп, белсенді

түрде ғылыми айналымдардан бірден алынып, кеңестік саясатына сай еңбектер көп мөлшерде баспаға жарияланып отырды.

Ұлық Ұлыс Алтын Ордаға зерттеуді жан-жақты қарауды талап етеді



Шығыстанушы Френнің пікірінше: «Алтын Орда деген атпен белгілі Жошы Ұлысы тарихын жазу, сыни тұрғыдан өңделген шығыс дереккөздерін, әсіресе, хан әулетінен теңгелі ескерткіштерді сақтаған мұсылман қолжазбаларын, ежелгі славян, поляк, венгер халықтарының қолжазбалары үзінділерін келтірген еңбектерді пайдалану қажет». Френнің ұсынған жұмысында Алтын Орда тарихына қатысты жаңа мәліметтер кездеседі, алайда Жошы Ұлысындағы әлеуметтік – экономикалық тақырып мәселесі қарастырылмады. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, «Бізге моңғол үстемдігі жылдары Алтын Орда деген атпен белгілі болған ортағасырлық мемлекет, сондай-ақ мұсылмандар үшін Жошы Ұлысы деген атпен белгілі..., екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы Ресейдің қасіретіне айналып, оны сөзсіз құлдықта ұстап, отанымыздаң тағдырына, құрылымына, құрылу тарихы мен тіліне әсерін тигізді» [4].

Алтын Орда дәуіріне жататын Сарайшықтан табылған жәдігерлер



Шыңғыс ханының үлкен ұлы Жошы Ұрпақтары негізін салған Алтын Орданың тікелей мұрагері – қазақ деген пікірді растайтын деректер аз емес. Солардың ең бастыларының бірі Жошы мазарынан ұлысқа қарасты 26 тайпаның таңбалары табылған. Ғалымдар 1/осы 26 таңбаның түгелі бүгінгі қазақ руларына тиесілі белгілер екенін айтады. Олардың ішінде қазіргі моңғол ұлтына жататын рулардың бірде-біреуінің белгісі кездеспеген. Кезінде ресейлік антрополог Л.Т.Яблонский Алтын Орданың көшпенділердің бас сүйегін, қаңқасын зерттей келе, орта ғасырларда өмір сүрген Алтынордалықтардың бет-пішініне, қазіргі халықтардың ішіндегі тек қазақтар қатты ұқсайды деген пікірі тарихтан белгілі.

Кейін қазақтан шыққан тұңғыш антрополог ғалым Оразақ Самғұлов бастаған генетик ғалымдар қазақтарда бар антропологиялық типтің XIII ғ. қалыптасқанын дәлелдеп келеді [5].

Көп жылдар бойы Юань империясы, Иран, Еуропа елдерімен тең дәрежеде қарым қатынас орнатып, сауда жолын қалыптастыра білген Алтын Орда мемлекеті туралы ашық айтылмады. Қазақстан ресми тарихында Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының жерлерін жаулап алған» бөтен шетелдік ретінде қарастырылады. Орта ғасырлық Қазақстан тарихында алғашқы кеңестік осы бұрмаланған көзқарасының орнығуына Б. Греков пен А. Якубовскийдің 1937т жылы жарық көрген ғылыми монографиясы негіз болады.

Сарайшық, Кіші Сарай – орта ғасырларда Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы. Бұл қала Жайық өзенінің қазіргі Атырау қаласынан 50 км жоғары орналасқан. Қала кезінде күллі Еуразияның тағдырын шешкен шаһар болған. Орыс княздары қаласын билеуге ұлықсатты осы Алтын Орданың астанасына келіп алатын болған. Бұл қалада Алтын Орданың ұлы, атақты хандары жерленген. Қасым ханның тұсында Сарайшық қазақтың астанасын айналды[6].

2000 жылдың аяғынан бері ғалымдар Алтын Орда Еуразияны мекендеген көптеген түркі тайпаларының, соның ішінде қазақтардың да ортақ ата-бабасы ретінде көрсетті. Сонымен қатар «қазақтар – Ақ Орданың мұрагері» деген тезис әлі күнге дейін өмір сүруін тоқтатқан емес. Елбасы өзінің Ұлытауда берген сұхбатында: «Біздің еліміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін алтын Орда орнығады. Сөйтіп хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Бұл - ... ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер» десе, 2014 жылдың желтоқсанында Н.Ә. Назарбаев Алтын Орданы Қазақ хандығының негізін қалаушы деп тағы да жариялады. Осының нәтижесінде моңғол империясы ыдырағаннан кейін де, жеке дара империяға айналған ұлыстарда (Жошы ұлысы, Төле ұлысы, шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы) бұл ұлыстар ыдырап, құрылған хандықтарды да Шыңғыс хан ұрпақтарының билігі заңды деп, таққа тек Шыңғыс хан ұрпақтары отырды. Қазақ хандығында да осы дәстүр сақталды .

Көптеген қазақ зиялылары қазақтардың Алтын Ордадан шыққанын біліп келді. Шоқан Уалиханов қазақтарды Алтын Орданың ұрпағы деп ашық жазды. Ал қазақ әдебиетінің классигі І. Есенберлин қазақтың шығу тегі туралы баяндайтын «Алты басты айдаһар», «Айдаһардың алты басы» және «айдаһардың өлімі» атты романдардан тұратын «Алтын Орда» трилогиясын жазды[7].

Моңғолдардың сұрапыл жорықтарының нәтижесінде Еуразияның саяси картасы өзгеріп, ғасырлар бойы осы аумақты мекен еткен халықтардың тарихи даму процесін белгілі бір уақытқа дейін тежеген сол кезеңнің тарихи деректерінде сипатталғандай, үлкен апаттарды алып келгені мәлім. Алайда, әскери жорықтардың нәтижесінде Еуразия даласында Алтын Орда мемлекеті құрылғаннан кейін, оның жүргізген саясатының нәтижесінде ортағасырлық феодалдық қоғамның әр түрлі тайпалары мен халықтары арасындағы күрес бірсыпыра тоқтатылып, олардың кейін мемлекет ретінде одан әрі қалыптасуына оң әсерін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда, мәселенің ара салмағын салыстырмалы қарастыру арқылы ғана объективтілікке қол жеткізуге болады. Алтын Орда күш-қайраты мол кезеңінде өз геосаяси

мүмкіндіктеріне сүйене отырып, Шығыс пен Орта Азия мен Сібір, Таяу, Орта Шығыс елдеріне байланысты саясатын жүргізген шын мәнісінде қуатты державалық мемлекет болды. Осыған байланысты Алтын Орда мемлекеті өзінің сыртқы саясатын әлемдік саясат аясында батыс, шығыс және оңтүстік бағыттарында (векторлар) жүргізгені анық көрінеді. Бату мен Берке хандар тұсында Алтын Орданың нақты тәуелсіздігі белгіленген болатын. Бұл хандардың пәрменді билігінің арқасында орныққан Алтын Орданың Еуразиядағы ең қуатты мемлекетке айналғандығының сипаттамасын беру тақырыптың өзектілігін айқындай түсетіні сөзсіз.

Теориядан практикаға оқушылармен музейге барғанда



Алтын Орда мемлекеті тарихтың мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерді екі топқа – шетелдік, отандық деп топтастырып қарастыруға болады. Шетелдік зерттеушілердің қатарына И.Хаммер-Пургшталь, Г.Ховарс, Б.Шпулер т.б жатқызуға болады. Олар алғашқыларының бірі Алтын Орда мемлекеті тарихының мәселелеріне қатысты көптеген ортағасырлық қолжазбалық деректерді кеңінен қолдана отырып, ғылыми айналымға енгізді .

Қорытынды. Қазақ жері түгелдей Жошы ұлысының құрамына кіріп, Алтын Орданың хандарына сүйеу болған негізгі күш қазіргі қазақты құрап отырған тайпалар болғанына тарих куә. XIII ғасырдың 40 жылдары Үгедей хан тұсында «Моңғолдың құпия шежіресі» атты еңбектің жазылуының бір мақсаты Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының жаулап алған аймақтардағы билігін идеологиялық тұрғыдан негіздеу болды. Ал одан кейінгі ғасырларды бұл идеология ислам дінімен біте қайнасып, шыңғыстық идеологияға алып келеді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл идеология жергілікті этностың санасына сіңдірілді. Жалпы қорыта айтқанда Алтын орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық мәселесі жан-жақты және ғылыми тұрғыда терең талдауды, болашақта күрделі зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі.

1.Жошы ұлысы тарихы:Кеңес тарихнамасында зерттелуі. /Құр. А.Сақтаған/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2021.-40б.

2.Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -11б.

3. Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -12б.

4.Жошы ұлысы тарихы:Кеңес тарихнамасында зерттелуі. /Құр. А.Сақтаған/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2021.-41б.

5.Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -12б.

6. Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -12б.

7.Алтын Орда-қазақ мемлекетінің бастауында. /Құр. Е.Т.Берлібаев, Г.Б.Қозғамбаева/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2020. -№12 -13б.

8. Алтын Орда-Еуразиядағы ең қуатты мемлекет:Бату мен Берке хандар тұсы. /Құр. З.Токбергенова/Ғыл.ред. Ә.Ж.Салықбай.-Алматы:Қазақ тарихы журналы ғыл.-әдіс.журналы, 2021.-11-12б.

9. Ұлы дала мемлекеттері /Құр. Е.Жайнақова/БасРед. Қ.Байғабылва.-Алматы: «Аруна» баспасы, 2010, 112б.

КӨНЕ САРАЙШЫҚТЫҢ ТАРИХЫНАН

Д. Абуова - № 31 мектеп-гимназия КМК
бастауыш сынып мұғалімі, Атырау қ.

Сарайшық жайындағы алғашқы жазба деректерді қалдырған араб саяхатшысы Ибн Батута болыпты. Шаһар жөнінде ол: «Біз ат жеген арбамен он күн жол жүріп, Сарайжук қаласына жеттік. Бұл Ұлысу деп аталатын үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдадтан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен» деп 1334 жылғы саяхатының жазбасында келтірген дейді [1, 17 б.]. Ал Сарайшықтың картаға түсірілуі ағылшын көпесі Энтони Дженкинсонның 1558 – 1560 жылдары Орта Азияға жасаған сапары барысында жүзеге асырылған. «Бетімізді оңтүстік-шығысқа беріп жүріп отырып, Жайық деген Каспий теңізіне құятын бастауын Сібірден алатын үлкен өзеннің жағасымен жүрдік. Осы өзеннің бойымен жоғарыға бір күн жүргенде орыс патшасымен достас Исмаил мырзаның билігіндегі Сарайшық атты қалаға келдік», деп жазып, картаға түсіреді [1, 19 б.].

Ғалымдар Сарайшықтың өмір сүру дәуірін үш кезеңге бөледі:

1. X-XI ғасырларда қала іргесінің қаланып бой көтеруі.
2. XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда өмір сүрген кезеңіндегі гүлдену кезеңі
3. Қазақ хандығы дәуірі мен кейін 1580 жылы жазда Ноғай Ордасының астанасы Сарайшыққа казак-орыстар тұтқиылдан шабуыл жасайды. Сарайшықтың қала ретінде тарих парағынан алынып тасталуы осы кезден басталады.

Сарайшықты Жайық казак-орыс әскерінің осы тонауынан соң, қала қайта бұрынғы дәрежесіне көтеріле алмайды.

XVII ғасырдың аяғында батыс өңірде қатты су тасқыны болып, Жайықтың арнасы бұзылуына байланысты қаланың 6/5 бөлігі судың астында қалған. Сарайшықты 1937 жылы алғаш қазған Н.Арзютов, 1950 жылы мұнда Ә.Марғұлан экспедициямен келеді. Тәуелсіздік жылдары Жеңісбек Мұстафин, Зейнолла Самашев, Марат Касенов та қазба жұмыстарын жүргізіп зерттеу қорытындыларын кітапша ретінде шығарды. Арзютов қазба жұмыстарын жүргізгенде қаланың 100 бен 80 метрдей бөлігінің судың астында қалғанын жазады. Қазірде Сарайшық тарихи мәдени музей қорығы құрылып, қарқынды жұмыстар жүргізіп жатыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен облыстық деңгейдегі музей-қорық республикалық мекемеге айналды. «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК-ны тарихи-мұраларды сақтау, жаңа тарихи деректер мен жәдігерлерді анықтау, насихаттау, ғылыми-зерттеу және археологиялық-этнографиялық жұмыстарды, түрлі экспедицияларды, ашық аспан астындағы музейді ұйымдастыру арқылы туризмді дамытуға жол ашылды» [2, 4 б.]. Сөйтіп Сарайшық ауылында 2 га жерге Сапар орталығын салу мәселесі шешілді.

Бүгінгі таңда Қазақстан тарих ғылымында өзіндік орны бар ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар жетекшілік жасайтын республикалық мекеме бірнеше ғылыми жобалар арқылы Сарайшықтың негізгі бөлігін зерттеп, қазір туристік кешен жасау мақсатында сапаржай құрылысын салуға да қол жеткізді.

Сапар орталығы кешені ішінде әкімшілік ғимараты, қонақүй, экспозициялық-көрме залдары, қор қоймасы, 100-150 орындық конференц-зал, зертханалық және қалпына келтіру үй-жайы, кітап қоймасы, электрондық мәліметтер базасы бар кітапхана орналасатын болады.

Қорыта келгенде, көне Сарайшық тарихы бабалар мұрасы мен келешек ұрпақты жалғастыратын көпір. Болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде көне Сарайшықтың алар орны ерекше болмақ.

Әдебиеттер тізімі.

1. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дерекөздер (Құр. Ж.Жұмабаева, М.Қ. Кипиев. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.
2. Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963 – 2019 жж.). Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 192 б.

САРАЙШЫҚ- ТАРИХИ ОРДА

Б.Е. Бисенбаева -№3 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, Атырау қ.

Қазақстан тарихы мен мәдениетінің ескерткіштерін кешенді зерттеудің үлкен тақырыбының маңызды бөлігін олардың ерте, мүмкіндігінше көне кезеңдерден бастап, «ескерткіш тарихнамасының» қазіргі жай-күйімен аяқталатын зерттелу тарихын қарастырған жөн. Кең байтақ дала өлкесінің көне жәдігерлеріне келетін болсақ, іргелі ғылыми-танымдық, деректік мәні бар бұл күрделі мәселе, әсіресе көптеген ескерткіштердің сөзсіз жойылуына, сыртқы түрінің өзгеруіне байланысты мәселелер өте нашар зерттелгені бәрімізге анық деп ойлаймын. Осыған байланысты, ең алдымен «революцияға дейінгі кезеңдегі» көптеген өте құнды, ақпараттық дереккөздер әлі күнге дейін аз белгілі немесе мүлде белгісіз, ғылыми зерттеулер мен құрылыстарда, мәдени мұраны дамыту тәжірибесінде, ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарында және басқа да іс-шараларда көне дереккөздер пайдаланылмайды. Бұл жағдай, шын мәнінде, іс жүзінде Қазақстанның ескерткіштерінің барлық санаттарына қатысты: археологиялық көнеліктер біршама аз дәрежеде болуы мүмкін, эпиграфиялық сипаттағы немесе этнографиялық бағыттағы ерекше ескерткіштерді айтпағанда, сәулет кешендері мен құрылыстары – бірінші кезекте.

Бұл мақала осы тұрғыда Батыс Қазақстан өңірінің неғұрлым кеңінен географиялық тұрғыдан Сарайшық атауымен белгілі қазақтардың халық сәулеті құрылыстарының үлкен шеңберіне қатысты кеңестік дәуірге дейінгі уақыт дерек көздеріне шолу жасауға арналған.

Зерттеу барысында тәрбие теорияларының құндылық бағдарларын қайта ойластыру, ұлттық мұраны игеру жолдары, Қазақстан азаматтарын дәстүрлі халық мәдениетінің негіздерімен таныстыру, бұл ұлттық құндылықтардың дамуына байланысты ата-бабаларға адалдық, азаматтардың санасында, болашақ ұрпақтарда патриотизм сезімін қалыптастыру, ежелгі Сарайшық тарихын зерделеу кезінде ежелгі мұраға құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер болашақ ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруға жаңа талаптар қояды. Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, әртүрлі мәдени дәстүрлерді өзара байытуға ықпал ететін, ұрпақтар қалыптастырған рухани құндылықтарды зерделеу әдістерін қайта қарау басым бағытқа айналады.

Сарайшық - Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан Қазақстанның ең көне тарихи ескерткіштерінің бірі екенін көпшілік біледі . Ол Алтын

Орданың, одан кейін Ноғай және Қазақ хандықтарының орталықтарының бірі болды.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы, оның тарихы қай заманда да қалың көпшіліктің назарында болды. Оның Жошы ұлысының, Қазақ хандығының астанасы болуы, Еуразия аймағында Жібек жолының алтын көпірі болғаны әлемге аян. Мұның өзі қаланың болашақ зерттелуіне және ертең үшін сақталуына айтарлықтай әсер етті. Әрине қала тарихы сонау XIV ғасырда-ақ жазыла бастағанымен кейінгі жылдары тарих ғылымындағы евроцентристік бағытқа байланысты толыққанды зерттелуге мүмкіндік бермеді. Оны бүгін айқын сезініп отырмыз.

Неліктен дәл Сарайшық астана болып қабылданды?

Ең алдымен Сарайшық бойында Ұлы су, яғни қазіргі Жайық өзені болған. Су-өмірдің негізгі негізі, және ол жерде өмір пайда болады. Сонымен қатар, қаланың географиялық орналасуы халықаралық маңызға ие болды. Ол Еуразиялық сауданың жандануына негіз болды, бұл оның астана етіп тағайындалуына ықпал етті. Мұрат Мөңкеұлы Ақ Жайықты көрсете отырып, «жеті жұрт келіп-кеткен жер» деп бекер айтпаған.

Батыс Қазақстанның халық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіштері ежелден саяхатшылардың, әскерилердің және зерттеушілердің назарын аударып келеді. Сарайшық аумағында болған ортағасырлық авторлардың еңбектерінде қазірдің өзінде қабір құрылымдарына назар аударылады.

18 ғасырдан бастап Ресей және Батыс Еуропа зерттеушілерінің Қазақстан аумағын көпжақты зерттеуі көне жәдігерлерге, соның ішінде сәулет құрылымдарына деген қызығушылықты оятады. Бұл шеңбердің ең алғашқы көздеріне неміс текті зерттеуші Иоган Густав Гербердің 1732 жылы Солтүстік-Шығыс Каспий теңізі мен Үстірт арқылы Хиуаға (және Бұхараға) жасаған саяхатының күнделігі жатады, ол да өзінің түпкілікті мақсатына жете алмады. Ескі керуен («Ноғай») жолының Сарайшықтан Сам құмының солтүстік шетіне дейінгі жолындағы бірқатар ескерткіштер (ең алдымен керуен сарайлардың қалдықтары, «қалалар қирандылары» т.б.) туралы мәліметтер бар, неміс тілінде жарияланған Гербер күнделігінің мазмұнын егжей-тегжейлі бағалау соңғы уақытқа дейін өте қиын болды.

Саяхатшы Сарайшықтан Сам құмына дейінгі ортағасырлық «Ноғай жолы» бойындағы Каспий теңізінің сәулет-археологиялық ескерткіштерін мақсатты түрде түсіреді: барлығында ол ежелгі құрылыстардың, кешендердің 15-ке жуық орнын қысқаша сипаттады (немесе атап өтті). Олай болса, Жайықтан батысқа қарай 4 верст жерде орналасқан Сарайшық туралы ол «ескі қираған қала», «бұл 3 бөлікке бөлінген, әлі күнге дейін қирандыларын көрсететін өте үлкен жер болған; үйілген тастар мен бірнеше ... өртенген тастардың қисық жертөлелерінен басқа ғимараттардан ештеңе қалмады. Бұл тастар жартылай қызыл, ішінара ақ, бірақ өте күшті және қатты, бірақ жұқа және қалыңдығы қарапайым кірпіштің жартысы ғана, бірақ кеңірек және төртбұрышты. Одан әрі Гербер «Гурьев қамалының» кірпіштен салынғанын, оның «негізінен Сарайшық қирандыларынан алынғанын» атап көрсетеді; жазбаларының соңында Гурьев бекінісінің ерекшеліктеріне тағы да қысқаша

тоқталады. Автор «Ескі ноғай жолының» учаскесі – дәлірек айтсақ, оның Гурьевтен (Сарайшықтан шығысқа қарай) өтетін жолға қосылған жерінен солтүстікке қарай 15 верст жердегі керуен тоқтайтын жеріне дейінгі аралықта толығырақ әрі қызықты мәліметтер береді. Гербер бұл жолды «өте кең және өте ескі» деп сипаттап, былайша сипаттайды: «... ежелгі уақытта бұл ... Сарайшықтан және бұрынғы заманда осында болған басқа қалалардан Хорезмге дейін немесе, жоғарыда айтылғандай, ... Хиуаға және ондағы басқа жерлерге...».

Көріп отырғанымыздай, керуен 1950 жылғы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының барлау жолының арқасында кейін белгілі болған өту нүктелері (ескерткіштер) осы жолмен қозғалған.

Батыс Қазақстандағы көне ескерткіштердің ғылыми есебінің басталуын 18 ғасырдың 2-жартысына жатқызу керек және ол шын мәнінде қазақ даласын мақсатты түрде зерттеп жүрген орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қаланған – П.И. Рычков, 1768–1774 жылдардағы алғашқы академиялық экспедициялардың мүшелері. Р.С. Паллас, І.Р. Фалька, С.Г. Гмелин, Н.П. Рычкова және т.б., олар көп жағдайда аумақтың солтүстік бөлігіндегі учаскелер туралы ақпарат берді. Бұл кезеңде Қазақстан территориясын зерттеуге неміс текті зерттеушілер үлкен үлес қосты.

П.И. Рычковтың 1755 жылы жазылған «Орынбор топографиясы» деген еңбегінде бірінші бөлімнің бесінші тарауында «Ежелгі қалалар мен құрылыстардың қирандылары» атты арнайы бөлім алғаш рет ерекшеленген. Атап айтқанда, осында ежелгі Жанкент, Сарайшық қалаларының қысқаша сипаттамасы («көп шатырлы» «асыл адамдар зиратының» қалдықтары - кесенелер бар).

Облыстың жекелеген ескерткіштері туралы өте қызықты деректер П.С. Паллас «Әр губернияларды аралау»: атап айтқанда, оның 1768-1769 жылдардағы саяхатқа арналған бірінші бөлімінде қазақтар арасындағы киелі таулар – «Сарайшық» культі туралы мәліметтер жарияланған. Паллас аттас заставаның жанындағы көне Сарайшық қаласының қалдықтарына қысқаша сипаттама бере отырып, «кірпішпен қапталған» көптеген бейіттер орналасқан ескі қорымды да атап өтеді.

Аты аңызға айналған қала бүгінде танымал туристік орынға айналды. Сарайшық ЭКСПО-2017 қонақтары үшін Батыс Қазақстандағы жеті туристік маршруттың тізіміне енді. Аты аңызға айналған көнелікті ұрпаққа сақтау – бүгінгі біздің міндетіміз. 13-15 ғасырлар өлшемдері бойынша алып бекініс қала өзеннің иінінде орналасқан. Бұл оны жау үшін алынбайтын етіп жасады. Бірақ, өкінішке орай, бүгінде қалың құмның астында ұрпаққа сақталып қалған дүниені қиратып отырған Жайық өзені. Осының салдарынан қазба жұмыстары кезінде көптеген жәдігерлерді жоғалттық. Қазіргі уақытта ол жерде болашақта мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ғана бөгет салынды. Оның үстіне Жайық – шекаралас өзен, қазір оның таязданып жатқанына куә болып отырмыз.

Сарайшықты туристік аймаққа айналдыру мақсатында жаңа жобалар жасалып, тіпті туристер орталығының құрылысы басталғанын да білеміз.

Алайда, Сарайшықтың Қазақ хандығының алғашқы астанасы ретіндегі қасиетті маңызы болмаса, Атырауда Жайық өзенінен бөлек, туристік ағынды тартуға табиғат та, қолайлы жағдай да жоқ. Осы орайда Ежелгі Сарайшықтағы туризмді зерттеу және дамыту арқылы ішкі туризмді дамыту қаншалықты мақсатқа сай деген жаһандық мәселе де айқындалады.

Егер қолайлы жағдай болмаса, оны өз қолымызбен жасауымыз керек деп есептеймін. Бұл кез келген дамыған елде қалыпты жағдай, мысалы, Түркияда орналасқан тарихи ескерткіштер әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарға шын мәнінде өшпес әсер қалдырады. Түркияның Ежелгі Сарайшық сияқты Азияның тоғысқан жерінде орналасуы бұл елге керемет әсер берді. тарих: мұнда көптеген адамдар, мемлекеттер, дәуірлер мен империялар өз ізін қалдырды.

Тағы бір мысал Дубай, Дубай шөлді ауылдан әлемдік деңгейдегі қалаға айналды. Соңғы онжылдықтарда Дубай өзін аймақтық сауда нүктесінен және шағын мұнай өндірушіден жаһандық инвестициялық және туристік орталыққа айналдыруға ұмтылуда. Бүгінде Дубай – 2,5 миллион көпұлтты халқы бар заманауи мегаполис.

Меніңше, адамзатқа тарих өте қызық тақырып сияқты. Ал, Сарайшық қаласы нағыз тарихи оқиғалардың ордасы деседе болады. Бұл жерде жақсы, тіпті жақсы сақталған нысандар өте көп.

Осылайша, халықтың тарихи орындарға деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруға әбден болады. Туристерге жайлы қонақ үйлер, кәдесыйлар жасайтын шеберханалар салынса болар еді. Сонымен қатар, әңгіме айтудың заманауи үлгісін жасап, жаңартып отырсақ, онда барлық тарихи деректерді халыққа қызықты етіп жеткізуге болады. Сарайшық қаласы тек қазақ хандығының орталығы ғана емес бұл жер киелі мекен екендігі белгілі. Бұл қазыналы киелі қаламызда қазақ жерінде билік еткен атақты хандар жерленген, сондықтан Сарайшық қаласы хандардың жерленген пантеоны. Сарайшық қаласында жерленген атақты жеті хан: Мөңке Темір хан, Тоқта хан, Жәнібек хан, Шейх-Мамай хан, Охас хан, Жүсіп хан, Қасым хан, бұдан бөлек қазақ жерін жаудан қорғаған қанша батыр, әулие бабаларымыз жатыр. Солардың ішінде аты аңызға айналып қазақтың батырлар жырындағы кейіпкер болып қанша жастардың рухын көтеріп, үлгі болған Қамбар батыр, Ер Тарғын батырларымыз осы Сарайшық қаласында мәңгілік орындарын тапқан. Сонымен қатар жергілікті халық арасында әулиелігімен танылған батырлар қожа руынан шыққан Қарақожа баба, жайық беріш руынан шыққан Зейнел Ғабит бабаларымызды айтуға болады, олар туралы өз алдына айтылар тарих пен қызықтыратын оқиғалары бар. Қазақ хандығын нығайтып, шекарасын бекіткен ұлы ханымыз Қасым хан бабамыздың өзі бір төбе. Осындай ұлы хандар мен батыр бабалар жатқан жерімізді қалайша киелі мекен деп айтпаймыз. Бұл жердің тылсым күші бары жергілікті халыққа мәлім, ауырып шипа іздеп қиналған жандардың осы жерге келіп зиарат етіп жазылып кеткендері де бар. Сондықтан бұл қасиетті жерге үлкен ғибадат орны салынып халықтың жан-тәндерін емдеп рухани азық алатын орын ретінде

танытып, әлемдік деңгейдегі туристерді қызықтыра шақыратын орталыққа айналдырса, бұл қазақ елін әлемге танытатын керемет орын болар еді.

Біз өзімізді өзіміз кемсітпеуіміз керек, өткенге өкінішпен қарамауымыз керек. Сондықтан, қоғамдық сананы тарихқа деген құрметпен қарауға бейімдей алсақ, бағындыра алмаған биіктер болмас.

АҢЫЗҒА БЕРГІСІЗ - САРАЙШЫҚ

Б.Қ. Кемалиева -№ 31 мектеп-
гиназия КМК бастауыш сынып
мұғалімі, Атырау қ.

Сарайшық қалашығы - Атырау облысы Махамбет ауданында орналасқан құпияға толы мекен. Бұл төңіректе ертегіге белгісіз аңыз бар. Ғажап аймақ сыры асау Жайыққа ғана аян. Заманалардың куәсі болған өзенмен біте қайнасқан алып шаһар - Сарайшық қалашығы. Ұсынылып отырған баяндаманың басты мақсаты да киелі мекенің түрлі сырын айқындап, құдіретін сезіну.

1334 жыл арабтың белгілі саяхатшысы Ибн Баттута Түркі тілдес халықтардың қаласы Сарайшықта алғаш рет болған. Ол өзінің көргендерін былайша суреттепті: «Мен күллі әлемді шарладым. Бұл қала - Бағдаттан кейінгі екінші орындағы ең ірі қалалардың бірі. Бұл жерде ханның ордасы, салтанаты көркіне сай төрт мешіт және көптеген қонақ үйлер бар», - дейді. Тарих қойнауында жатқан Сарайшық қаласы туралы алғашқы қолжазба деректер осылай деп сыр шертеді. Ал бір жарым ғасырдан кейін дәл осы қала қазақ хандығының астанасы болып жарияланды [1].

Қойнауы құпияға толы Сарайшық қаласы Жайық өзенінің сағасында орналасқан. Сарайшықтың іргетасы X-XI ғасырда қаланған деген пікір бар. Дәл осы жерде әртүрлі мәдениеттер тоғысқан. Адамдар тауар алып, келген көпестерден бұрын көрмеген, естімеген елдер туралы жаңа ақпараттар алып отырған. Соның салдарынан қала өз дәуірінде Алтын Орданың ең ірі қаласына айналған.

Қала байлығы көпестер үшін аңызға айналғандықтан күніне жүзден астам керуеннің келген кездері де тіркелген. Бір өкініштісі, қала даңқы басқыншыларды бей-жай қалдырмаған. Сарайшық Европадан басталып, Хорезм арқылы Қытайға шығатын сауда жолының бойында орналасқан. Ол камал сол кездегі сауда жолдарының қауіпсіздігіне жауап берген. Сонымен қатар жібек және басқа да қымбат тауарлары мен шығыстың дәмді тағамдары осы жолмен тасмалданған болатын.

Біздің дәуірімізге дейін II ғасырда негізі қаланған Ұлы Жібек Жолы Сарайшықты басып өтуі қаланың дамып гүлденуіне мұрындық болды. Басында осы жол арқылы Қытайдың жібегі Европаға шығарылған болатын. Уақыт өте келе көптеген жаңа елдер экономикалық мүдделері де осы қалада

тоғыса бастады. Ал зергерлік өнерлерімен және қыш құмыралар өндірісімен атағы шыққан Сарайшық шеберлері өз тауарларын Еуропаға жеткізуді қолға алды. Оның дәлелі ретінде қазба жұмыстар кезінде қалашықтан табылған жеңіл әрі әдемі өрнектермен көмкерілген ыдыстарды атап айтуға болады.

Археологиялық қазбалар кезінде табылған тарихи жәдігерлерге қарасақ, Сарайшық қаласы мәдени тұрмыстық жағдайы өте жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. Мәселен қаланың тұрғындары сол заманда қыштан жасалған су жүйелерін пайдаланған. Сондай-ақ Сарайшықта металлургия мен құмыра өндіріп, ақша шығарып, тиын соққан.

Сарайшық сауда, қолөнер өнімдерін өндіру орталығы және коммуналдық шаруашылығы дамыған қала болуымен қатар аса ірі ғылыми және мәдени орталықтар болған деген деректер жеткілікті. Сарайшық іргетасын қалаған кірпіштердің тарихтан алар орны да өзгеше. Қалада кірпіш құюмен айналысатын адамдар саны өте көп болған. Қазба жұмыстар кезінде кірпіш құюшы шеберлердің өздеріне тән айрықша таңбалар табылған. Басқаша айтқанда олардың өзіндік сапа белгілері болған. Қамал ішінде қираған құрлыстар мен сағаналардың үйінділері олардың сапалы күйдірілген кірпіштен жасалғандығының дәлелі. Қазіргі таңда бір ғана сағана сақталып қалған. Ал оны «хан қабірі» деп те атайды. Сарайшықта Алтын Орданың жеті ханы жерленген деп есептеледі. Олар: Сартақ, Берке, Тоқтақия, Жәнібек, Қазақ ханы Қасым хан, Ноғай хандары Измайл мен Ораз [1].

1395 жылы Ақсақ Темір әскері жаулап алып, оны күл-талқан еткен. Дегенмен, XV ғасырдың басында оны қайтадан қалпына келтіру жұмыстары басталады. Алғашқы кезде дәл осы жерде Ноғай хандығы орналасты. Кейінірек қазақтың алғашқы хандарының ордасы болып жарияланған.

Қаланың гүлденген дәуірі - XIV ғасыр. Бір өкініштісі Жайық өзені арнасынан асып, оның өзгеруіне байланысты қалашықты су басып, оның көптеген бөлігі жоғалып кетті. Дегенмен, дер кезінде жасалған археологиялық жұмыстардың арқасында ежелгі қаланың сол кездегі келбетін жаңғыртуға және де сол кезегі тұрғындардың тұрмыстық заттарын табуға зор мүмкіндік болды. Археологтар қазба жұмысы барысында бірегей құнды жәдігерлердің табыларына осы күнге дейін сенімді. Оған жақын арада Мәскеу мұражайынан табылған Сарайшықтың картасы да себеп болып отыр. Карта бойынша көне қаланың басым бөлігі осы уақытқа дейін жер астында екені байқалып тұр. Көп зерттеушілердің айтуына қарағанда, Сарайшықтағы Жайық өзенінің жағалауында адамның бас сүйектері мен қаңқалары көптеп табылған. Кейбір тарихшылар бірінші мәдени қабаттың астында тағы бір ежелгі қоныс орны бар деген тұжырым жасайды. Егер ол табылса, Сарайшық тарихының жаңа беттері ашылары анық.

Сарайшық үшін Жайық өзенінің алатын орны ерекше. Бір жағынан қорғануға ыңғайлы болса, екінші жағынан қала экономикасы балық шаруашылығының дамуына зор ықпал етті. Сонымен қатар кері әсер етіп тасыған кезде қалашықты бірнеше рет су астында қалдырған кездері де болған.

Археологтардың көптеген жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмыстары негізінде 1999 жылы Хан ордалы Сарайшық мұражай қорығы ашылды. Мұражай кешенінің құрамына Хан сағанасы және ежелгі Сарайшық қалашығының орнынан табылған тарихи жәдігерлер сақталған. Бұл тарихи өлкелік мұражайында XV ғасырда белгісіз шебер жасаған қыш құмыра сақтаулы тұр. Онда түрік ғұламасы Жүсіп Баласағұнның «Адам көркі-жүзі, жүзінің көркі-көз, ауыз көркі-тіл, тілдің көркі-сөз» және «Адам көркі ғылым мен өнер, адам ғылым үшін жанын құрбандыққа шалуы тиіс» деген сөздері ойып жазылған. Бұл сөздердің құдіретті мағынасы осы күнге дейін жойылған жоқ. Бұл Сарайшық тұрғындарының сауатты болғанының тағы да бір дәлелі [2].

Сарайшық - қазақтар үшін киелі орын. Дәл осы жерде хандардың, қолбасшылардың, қолөнершілер мен қарапайым халықтың тағдырлары тоғысқан. Ұлы айқастар мен қазақ елі тағдырына қатысты маңызды тарихи оқиғалар да осы жерде орын алған. Сағана ішінде қазақтың хандарына арналған жеті символикалық құлпытас орналасқан. Сағананың ортасында кеуіп қалған алма ағашы орналасқан. Осы елдің тұрғандарының наным-сеніміне байланысты бұл ағаш көптеген ауруларды емдеуге септігін тигізеді.

Сарайшық пен оның төңірегіндегі тарихи тағдырлардың еркі бойынша тек Каспий аймақ елдерінің ғана емес, жалпы шығыс пен батыстың геосаяси мүдделері соқтығысқан, оның экономикалық, мәдени, саяси байланыстарын қамтамасыз етудегі ерекше рөлге ие қазіргі ежелгі қала тарих беттерінде ерекше сақталған. Сарайшық қалашығы тарихта халықтың шаһарға деген ықыласпен де, ата-бабаларының жемісті күш-жігерімен де қаланды. Қазір аты аңызға айналған қаланың орнында тек қирандылар қалды. Қазба жұмыстары кезінде алынған тарихи олжалар жергілікті мұражайда сақталған, бірақ ауқымды зерттеулер әлі алда.

Әдебиеттер тізімі.

1 Мұстафин Жеңісбек Жұпболұлы. «Ортағасырлық Сарайшық». Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015ж. – 177 б.

2 Сарайчик - история древних городов Казахстана :: Исторические факты, произошедшие на земле казахского народа// https://www.orexca.com/rus/kazakhstan/monuments/history_cities/saraichik.htm

Пайд. уақыты: 20.02.2022 ж., сағ: 14:07

САРАЙШЫҚ - ДАРХАН ДАЛА МҰРАСЫ

Г.К. Муканбедиева – магистр,
Қ.Смағұлов атындағы орта мектептің
мұғалімі, Атырау қ.

Сарайшық - Орта ғасырлық тарих көмбесі. Қазіргі Батыс Қазақстан аймағындағы, яғни көне тарих деректерінде Дешті -Қыпшақ деп аталған өңірдегі орта ғасырлық болмысымыздың көрмесі іспеттес қасиетті де киелі орын Сарайшық қаласы екендігі мойындалғаны шындық. Орта ғасырда бүкіл Шығыс пен батысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы географиялық орнына байланысты іргесі дәуірінде -ақ, яғни IX ғасырда қаланған Сарайшық қаласы гүлденген иірі шаһарға айналып, аты жарты әлемге жайылған.

Бату, Берке Сарайларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасы болды, ал 15-16 ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғандығы тарихтан белгілі. Жәнібек хан атағы шартарапқа тарап, аңызға айналған Сарайшықтағы «Аққу көлін» осы кезде жасатқан болуы керек. Бұл кезең тарихта 1347-1357 жылдар делінеді. Қала сауданың, қолөнердің, діннің орталықтарының біріне айналуымен қатар архитектуралық әсемдігі жағынан да жиһанкездерді таңғалдырған. Әлемге әйгілі Пано Карини, Вильгельм Рубрук және Ибн Батутта XIV ғасырдың 30-жылдарында Сарайшыққа келіп Жайық үстіне салынған жүзбелі көпірді тамашалап, оның Бағдаттағы жүзбелі көпірден де әдемі екендігі туралы дерек қалдырған [1].

Сарайшыққа алғаш болып зерттеу жүргізгендердің бірі белгілі археолог Әлкей Марғұлан еді. Ол 1950 жылы ескі шаһардың орнына қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде «Қала он екінші ғасырда салынған» деген қорытындыға келген. Кейін бұл пікірді республикалық археология институтының ғалымдары да растады. Азия мен Еуропаның түйіскен тұсында, Жайықтың Каспий теңізіне құяр сағасына жақын маңнан бой көтерген Сарайшықтан сонау Қытай мен Үнді, Хорезм мен Иран, Қарақорымнан шыққан керуен өткен деседі. Ал Қазан мен Орынбор татарлары «Сарайшық Үлкен Сарайдың көшірмесі ретінде бой көтерді, онда қыпшақ хандары жаз бойы демалатын» деп жазған.

Белгілі өлкетанушы Молдаш Бердімұратовтың айтуынша, Сарайшық-киелі орындардың бірі. Бұл топырақта есімдері елге жайылған 12 әулие мәңгілік тыныс тапқан. Кезінде Сарайшықта жүзден астам хан билік етіпті. Жеті ханның сүйегі, бір ханның басы жатыр. 1999 жылы Иманғали Тасмағамбетовтің бастамасымен мемориалды кешен салынып, хандар пантеоны ашылды. Оған Елбасының өзі келіп, ашылу салтанатына қатысты. Мөңке Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Әмір Оқас, Қасым хан, Шейх Мамай, Жүсіп хандарға арналып жеті құлпытас қойылды. Аңыздарда Едіге мен Ер Тарғын батырлардың да осмында жерленгені жайлы айтылды [2].

Сарайшық – XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек Жолының бойындағы маңызды бекеттің бірі, Хан Ордасы болған

ортағасырлық қала. Сонау VI-VIII ғасырларда Қытайдан шыққан жібек Жолы керуені Сыр бойын жағалай келіп, Маңғыстау даласы, Каспий арқылы Дербентке өтіп, одан әрі ішкі Еуропаға жол тартса, Алтын Орданың өмірге келуі XIII-XIV ғасырларда бұл керуен жолының Солтүстік каспий тармағының жандануына, сөйтіп бұл бағыттағы қалалар мен елді мекендердің тез дамуына, солардың бірі - Сарайшықтың да гүлденуіне тікелей әсер етті. Аталған кезеңде Сарайшықта Жібек жолының бірнеше тармақтары тоғысты:

- Қытайдан жібек артқан керуен жолдың тіке батысқа шығар тармағымен Алакөл, Дүнгене, Тараз, Отырар арқылы Сыр бойын жағалап Сарайшыққа келсе,

-жолдың Қытайдан шығатын келесі бір тармағы Пакистан, Үнді елдерін аралап, Үргеніш арқылы Сарайшыққа,

-үшінші тармақ сонау араб елінен, одан бергі түстік елдерін түгелге жуық аралап Сарайшыққа,

-келесісі Түркия жақтан шығатын жол тармағы, бәрі -бәрі Сарайшықта тоғысып, сол кезгі астана қалалар – Еділ бойындағы Бату мен Берке атындағы Сарайлардың бірі арқылы одан әрі Еуропаға асатын.

Күндіз – түні ағылған керуен Сарайшық үшін байлықтың көзі болды. Қала тез өсті, байи түсті. Онда сол заманғы шығыстық сәулет өнерінің озық үлгілерімен салынған ғимараттар көбейді.

XXI ғасыр көрерменін сүйсінтер Мәскеудегі әдеміліктер бұдан жеті ғасыр бұрын Сарайшықта жасалған. Отыз жылға таяу Алтын Орданы басқарған Бату қайтыс болып, інісі Берке таққа отырады. Мысыр еліне құл ретінде сатылып барып, сол елдің хан тағына көтерілген қыпшақ ұланы Бейбарыстың Берке хан қайын атасы екендігі белгілі. Сол Беркенің орта ғасыр тарихында айтыла бермейтін ерекшелігі оның Сарайшық Алтын Ордада мұсылмандардың діни орталығы болды. Сөйтіп Сарайшық Алтын Орданың рухани астанасына айналды. Берке әдейі мемлекет қазынасынан қаржы бөліріп, мешіттер салдырады, діндарларды, мұқтаж адамдарды тегін тамақтандырып, жатқызатын орындар салады.

Сарайшықтың өркендеу кезеңі моңғол өзбек ханның баласы Жәнібек ханның тұсына сәйкес келеді. Тарихшылардың мәліметтеріне қарағанда Жәнібек хан өзінің жанына ел сыйлаған билерді, шешендер мен жырауларды, халық қамын ойлаған жақсыларды жинаған деседі. Сол Жәнібек керуеннен толассыз түсіп жатқан байлықты халықтың игілігіне жұмсап, қаланы көркейтуге барын салған [3].

«Жәнібек ханның тұсында қаланың батыс жақ бөлігінде орналасқан сай күндіз-түні өзеннен өгіздермен су тасу арқылы толтырылып, қолдан көл жасатылды. Көлге құс, жағасына керуен қонып, қаланың көз тартатын әсем орнына айналды. Осы әдеміліктің жалғасқанын қалаған хан: «... көл суын ескіртпей ауыстырып тұруды, әрі құстар қашанда жүзіп жүруі үшін оны тәтті қылып ұстауды... жарлық еткен деседі.

Қазақтың тұңғыш астанасы Сарайшық бүгінде тек Атырау өңірі ғана емес, алыс –жақын шетелдерден келетін көптеген туристердің назарына

ұсынылып отырған тарихи орынға айналды. Сондықтан да бүгінгі өркениет дәуіріндегі халқымыз, әсіресе өскелең жас ұрпақ туған өлкеміздің кезінде сәулетті шаһар болған Сарайшықтың мән маңызын біліп, көкірегіне тоқып, құрметтей білгені абзал.

Әдебиеттер тізімі.

1. Қаженбаев Е. Атырау облысының географиясы. Алматы, Өлке, 2007 ж.
2. Атырау аңыздары-Легенды Атырау-Atyrau legends. Атырау, 2019 ж.
3. Ғизатов Ж. «Ұлы даланың қасиетті күмбезі». Алматы, 2009 ж.

САРАЙШЫҚ – ТЕҢДЕССІЗ АСЫЛ МҰРА

Кубиева Ж. - Қ.Смағұлов атындағы орта мектептің 8 сынып оқушысы, Атырау қ.
Жетекшісі: Муканбедиева Г.К. - магистр

«Ұшса сұңқардың қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы кетілетін» кең жазира қазақ даласының бір бөлшегі Атырау өлкесі – көне тарихтың куәсі. Бұл өлкеден халқының қамы үшін, шұрайлы да саялы жер іздеп, желмаясымен желдей ескен Асан Қайғы, Алтын Орданың негізін қалаған Батудай қаһарлы хан, Әбілхайыр хан, әрі батыр, әрі өткір тілді Сырымдай шешен, Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасқан «Алаштың алдаспаны, намыстың наркескені» Исатай мен Махамбеттей батырлар өтті. Міне, осы бабаларымыз салған өлкеміздің әр соқпағы тұңғыықтан сыр шертіп, терең бір шежірелі тарихты толғайды.

Атырау қаласының солтүстігінен 55 км жерде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан ортағасырлық қала. Қала іргесі 11 ғасырларда қаланған. Алтын Орда дәуірінде Кавказ бен Қырымда Қарақорым, Қытаймен байланыстырған. Керуен жолы бойындағы маңызды діни саяси–экономикалық орталық. Алтын Орданың қазақ және ноғай хандарының алғашқы пантеоны. Бату Сарайынан кейінгі екінші астана, кіші сарай [1]. Қаланың Сарайшық деп аталуы тегіннен-тегін емес. Мысалы, XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн-Баттута: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол – Ұлы су (Жайық) жағасына орналасқан. «Жук» деген сөз бұл жерде «кіші» деген мағынада, сонымен бұл қала – «Кіші Сарай» дейді жазбасында. Демек, қаланың Сарайшық аталуы – Кіші Сарай атынан туындаған. Ал белгілі археолог Г.И. Пацевич Сарайшық қаласында 1373-1374 жылдары Алтын Орда тағының мұрагерлері Ильбан хан мен Ала Қожалардың қоныстанғанын растайды. Бұл дәлелдерден Сарайшық қаласының Жошы ұлысының бір аудан орталығы болуы мүмкін деген қорытынды жасауымызға әбден болады [2].

Сарайшықтың өмір сүру дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөледі:
1. X-XII ғасырларда қала іргесінің қаланып бой көтеруі.
2. XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда өмір сүрген кезеңдегі Еуропаны, Орта Азия, Қазақстанда, монғолдар және Қытаймен жалғастырған ірі сауда орталығы болуы, яғни қаланың гүлденіп, өркендеу дәуірі.
3. XV-XVI ғасырлар Ноғай ордасының орталығы болуы, қазақтар шабуылын күйреп, қирауы.

Сарайшық Еуропа елдері мен Еділ бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай–Бату, Сарай–Берке) Хорезм шаһарларына, құрлықаралық керуен жолының бойында жатты.

«Бағдадтың көпіріндей қайықтан жасалған көпірі бар» бекініссіз Сарайшық керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық, аса мол арзан еңбек күшінің есебінен тез өсті. Сарайшық ордаішілік және халықаралық оқиғалардың қайнаған ортасында болуымен қатар Алтын Орда хандарының қасиетті мәңгілік мекеніне айналды. Мұнда Мөңке Темір, Тоқта, Жәнібек, Бердібек, Қасым, т.б. хандар жерленген.

Қазақ тарихында терең із қалдырған қазақтың ұлы хандарының бірі – Әз Жәнібек. Көнекөз қариялардың айтуынша, Сарайшық қаласының төменгі жағасындағы Секер көлі ханның тапсырмасымен қазылған. Тегіс жерде ойпаттың пайда болуы, жағасының қолмен нығыздалуы, кейбір жерлерде тастармен, топырақпен, қызыл балшықпен бекітілуі көлдің қолдан жасалғанын дәлелдейді. Аққулар келіп қонуы үшін хан әрдайым көлдің бетіне шекер себуді бұйырған. Көлдегі аққудың көптігі соншалық, су алуға келген Сарайшықтың қыздары алдымен құстарды ығыстырып, содан кейін ғанашелектерін суға салатын болған.

Бұл көл, ел аузында «Сарайшықтың аққу көлі», «Аққу көлі» аталыпты. Хан қызы Аққу ханша хор қыздарындай әсем құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен Секер көлде жүзіп, құстарға жем беріп, оларды адамнан үрікпеуге үйретеді. Құс атаулы жаз бойы Секер көлде еркін жүзіп жүрген.

Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық – халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін елдік пен ерлікті дәлелдейтін, бабалар аманатына адалдықты айғақтайтын киелі шаңырақ. Ендігі кезекте киелі Сарайшықты сақтап қана қоймай, өскелең ұрпақтың көзімен көріп, тарихтан сыр шертетін нысан ретінде дәріптейтін кезіміз келді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Атырау: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2020 ж
2. Мыңжасарқызы Д. «Сайын даланың мақтаны болған Сарайшық» Түркістан газеті, 23.11.2017

САРАЙШЫҚ –ТАРИХ ТҮҢҒИЫҒЫНАН СЫР ШЕРТЕР АШЫҚ МҰРАЖАЙ

Л.Б. Айжарық - №13 Д.Байбосынов
атындағы мектеп-гимназиясының тарих
пәні мұғалімі

«Атырау өңірінде қастерлі де әрі тарихи орындар көп.Соның бірі – ежелгі Сарайшық қаласы.Алтын Орда дәуірінде маңызды роль атқарған шаһардың Қазақстан аумағында орналасуы тегін емес,бұл төл тарихымыздың тамыры терең екенін көрсетеді.Біздің бабаларымыз қала салып,жаңа мәдениетке жол ашқан.Әйгілі Сарайшық қаласы-соның айқын дәлелі.Мұнда Алтын Орда дәуірінің хандары және қазақтың ұлы ханы Қасым хан жерлегені белгілі.Жалпы, ұлан байтақ жеріміздегі көне шаһарларды,мемлекеттілігіміздің тарихында айрықша орны бар.Алтын орданы жан-жақты зерттеп,ғылыми ақпараттық жұмыстарды жүйелі жүргізу керек.Сол арқылы елдік шежіремізді кеңінен таныта аламыз.Осыны жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз керек».

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, қазақ жері адамзат өркенітінің көне жәдігерлеріне өте бай ортағасырлық қала. Халқымыздың мәдениеті,көшпелі жұрт екендігін танытар мұрағаттар жетерлік.Соның бірі-көне Сарайшық қаласы.Сондықтан да оны көздің қарашығындай сақтап,келер ұрпаққа мирас ету-парыз.Өйткені ,Сарайшық қазақ хандығының алғашқы астанасы. Қаланың іргесі Х ғасырда қаланған.Алтын орда дәуірінде Сарайшық қаласы Кавказ бен Қырымды Қарақорым,Қытаймен байланыстырған қала болған.

XIII-XIV ғасырларда дәуірленген Тоғыз жолдың торабы түйіскен Сарайшық XIII-XIV ғасырларда Еділ-Жайық аралығындағы ірі қалалардың біріне айналды. Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын 1861 жылы Сарайшық зерттеген топограф А.Алексеев Жайық бойы қалаларын ұзақ жылдар бойы зерттеген археолог Л.Галкин бұл кезеңде Сарайшық халқы 50 мыңнан көп емес деп жазған. Жалпы тарихшылардың айтуынша, Сарайшық қаласының іргесі Алтын Орда тұсында қаланған. Қаланы Шыңғыс ханның немересі, Жошының баласы Бату хан салдырғандығы туралы деректер бар. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған – арабтың белгілі географ-ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол 1334 жылы келіп, шаһарды аралап, «Өмірлік саяхат» атты кітабына мынадай естелік жазып қалдырыпты: «Мен дүние жүзінің бәрін араладым. Сонда аңғарғаным, Сарайшық – Бағдаттан кейінгі ірі қала екен. Жер бетінде Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен. Қалада ханның салтанатты сарайы және төрт мешіт бар. Қонақ үйлердің есебіне сан жетпейді. Бірақ, мен оларды көріп таңқалған жоқпын. Менің таңқалғаным – жер шарын шарлап жүргенімде, көрмеген бір қызықты Сарайшықтан көруім болды. Мұнда су әрбір үйге өзі барады екен».Бұл жерде саяхатшының «су әрбір үйге өзі барады» деп тұрғаны – XIV ғасырдың ортасында Сарайшықта кәріз желілері

салынып, әрбір үйге су қыштан жасалған құбырлар арқылы жүріп тұрған. XIV ғасырдың өзінде-ақ, Сарайшықта өркениеттің дамығанын көруге болады. Сол уақытта қалада сәулетті сарайлар, мешіттер, моншалар, қонақ үйлер салынған. Мәселен, Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон былай деп жазады: «Батыста Парижді көру арман болса, Шығыста Сарайшықты көру таңсық екен. Сол құмарлықпен Сарайшыққа келіп, көлігімнің болмай қалуына байланысты бір ай тоқтап қалдым. Бұл жерге айына жеті жүзге дейін керуен келеді екен. Қала үлкен сауданың орны, іздеген затыңның бәрі бар», – депті. Яғни, Сарайшық – сол кездегі саудасы дамыған үлкен шаһары болған. Кезінде негізін Бату хан қалаған, кейіннен 1457-1458 жылдары Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің ұлы Қасым хан 1513 жылы қазақ мемлекетінің астанасы деп жариялаған қала тұрғындарының саны сол заманда жүз мыңға жеткен екен. Орта ғасырдағы тарихшы Әбілғазы Баһадүр ханның дерегі бойынша, Сарайшықта әз Жәнібек хан таққа отырып, 17 жыл хандық құрған, сүйегі осында қойылған. Одан кейін оның баласы Бердібек хан Сарайшыққа келіп, хан сайланған. 1395 жылы Ақсақ Темір күйретіп кеткен Сарайшық қаласы XV ғасырдың бірінші жартысында қайта қалпына келтіріліп, Жәнібек хан мен Бұрындық хан тұсында-ақ Қазақ мемлекетінің астанасы болған деген дерек бар. Қадырғали би өз еңбегінде Қасым ханның Сарайшықта дүние салғанын, қабірі Сарайшықта жатқанын жазып қалдырған. XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген ақын Шығияз Шанайұлының қалдырған дерегі бойынша, Сарайшықта Сартақ, Берке, Тоқтақия, әз Жәнібек, Қасым хандар және ноғай хандары Ысмайыл мен Ораз жерленген. Бүгінде көне қала орнында осы жеті ханға құлпытас қойылған. Дон, Еділ казактарының Жайық бойына шапқыншылық жасау салдарынан Сарайшықты 1580 жылы орыстың патшасы Иван Грозный казактарды жіберіп қираттырған. Қаланы басып алған казактар оны қиратуға қимайды. Бұны естіген Грозный қалаға арнайы келіп, 12 күн болады. Кетерінде Иван Грозный қаланың көркіне тамсанғанмен, «Мәскеуге ұқсайтын қала жер бетінде тұруға тиісті емес» деп қаланы тас-талқан етіп қиратуға бұйрық береді. Сөйтіп, бес ғасырға жуық уақыт өмір сүрген салтанатты Сарайшық жермен-жексен болады. Бір ғасырдан астам уақыт бойы тоналады. Грозныйдың қаланы бұлай қирату себебі өзіне дейін билік құрған Юрий Долгорукий Мәскеудегі Қызыл алаңның келбетін Сарайшықтан көшірген деседі, ал Кремльдің келбетін Алтын ордадан алған. Жұртшылықтың «Казанские, Успенские соборы» деп атап жүрген Кремльдің жан-жағындағы сәулетті соборлар Қазан қаласының көшірмесі. Орыстардың «Москва построено по восточному стилю» деп сөйлейтіні осыдан болуы керек. Грозныйдың әуелі Қазанды, одан кейін Сарайшықты құлатып тынғандағы негізгі себебі — өздерінің осы ұрлықтарын жасырып қалу болатын. Қирандыға айналған Сарайшық қаласының орны содан бері талай тоналуды бастан кешірді, талай ғалымдардың зерттеулеріне арқау болды. Сарайшықты нақты ғылыми тұрғыда жүйелі түрде алғаш рет 1937 жылы Н.Арзютов деген орыс ғалымы зерттеген. Бұл іргелі істі 1950 жылы Әлкей

Марғұлан экспедициясы жалғастырып, тарихқа өлшеусіз өзіндік үлесін қосады. Кейінірек тарихшы Зейнолла Самашевтың да жүргізген қазба жұмыстары – Сарайшық тарихы үшін үлкен олжа болды. Десек те, бір өкініштісі, Ресей империясының отары болған кезімізде де, Кеңес үкіметі кезінде Сарайшықтың тарихын орыс ғалымдары талай мәрте зерттеп тастағанымен, олар тапқан таянған талай құнды жәдігерлерді өздерімен бірге ала кеткен. Артында сұрауы болмаған. Қазір бізге белгілісі жәдігерлердің бірқатары Саратов пен Астраханның музейлерінде тұр. Бірақ ондағы мәліметтер кезінде біз оқыған Кеңестік тарих оқулықтарына енбеді. Еліміз тәуелсіздік алған кезеңде ғана мәдени мұраға бет бұра бастады. 1999 жылы қала орнынан жер астындағы екі қабатты, қырық бес бөлмелі қонақ үйдің екінші қабаты, келер жылы бірінші қабаты қазылды. Қасынан XIII ғасырда салынған монша табылды. Сондай-ақ шаһардан көне құдық табылған. Құдықтың жеті метр тереңдігінен құмыра мен кесе шыққан. Құмыраның қасиеті тәуліктің әр мезгілінде түсін құбылтып тұрады екен. Ерекшелігі құмыраның бір жақ бүйірінде: «Бұған адамның көз жасы құйылмасын» деген арабша жазу бар екен. Ал кесенің қасиеті ішіне салынған тамаққа у қосылса, бірден түсін өзгертеді. Бұл дүние жүзінде табылған екінші осындай жәдігер. Бірі Мысырда табылған. екіншісі - Қазақстанда. Әлемде өте сирек кездесетін жәдігерлердің бірі болғандықтан, құбылмалы құмыра мен керемет кесе және күміс ақшалар 2000 жылдың 18 қыркүйегінде Президенттің мұражайына жіберіліпті.

Сонымен қатар Жайықтың Азия бетінде Сарайшықтан шамамен 5-7 км жерде аты аңызға айналған алтын көл, аққулы көл – Шекер көлінің орны бар деседі, аңыз бойынша. Оны да нақтылап, зерттеу керек. «Тау шайқалса да тарих шайқалмайды – деп айтқандай ғасырлар қойнауындағы жұмбағы мол ортағасырлық Сарайшықтың сырлары ашылып, тарих беттеріне жазыла берері сөзсіз.

Ұрпақ үшін тарихтың үлкен-кішісі жоқ, бары біреу ғана – ол ұлттық тарих. Олай болса Сарайшық-ел тарихында, өткен ғасырдың тарихынан сыр шертер, жұмбағы мол көмбелердің бірі екені ақиқат. Сондықтан да әр кезеңдегі жиһангерлер: Ибн-Баттута, Плано Карпини, Вильгельм Рубрук, А Левшин, П. Небольсин, В Бартольд, А Греков т.б көрнекті тарихшылар Сарайшық қаласы туралы тарихымыздың терең қатпарында қалған бүктеулі қыртысын құнды деректермен қалдырған.

Сондай-ақ археолог – ғалым З. Самашевтің басшылығымен археологиялық экспедициясы Сарайшық қаласының ортағасырлық ірі қолөнер, сауда орталықтарының бірі екендігіне дәлел боларлықтай мол жәдігерлер тапты. Әсіресе, бұл жәдігерлер арасында бұрын Қазақстанның ортағасырлық өзге қалаларында кездесе бермейтін, керамика мен терілерге салынатын үшбұрышты өрнек мөрлері, қыштан күйдіріліп жасалған шығырқауға, сәби бесігіне пайдаланатын қыш түбектер жұртшылықтың қызығушылығын туғызда.

Елең еткізетін жәдігерлердің тағы бірі-түрлі түсті асыл тастардан тізіліп жасалған алқалар мен құран сүресі жазылған күміс сақина. Демек,

«Сарайшық мемориалдық кешені» еліміздің өткен ғасырлар тереңінен сыр ашар,көрме мұражай іспетті екендігіне дау жоқ.Кешеннің бүгінгісінен ертеңінің қоғамдық дамуымыздағы орны ерекше,жалпы тарихи орын.Сондықтан да,оның сәулетшісі-Сайын Назарбеков пен Сарайшық қаласын түбегейлі зерттеуші ғалым Зейнолла Самашевтің еңбегі зор. Қазір көне шаһардың тарихи орнын болашақ ұрпақтар үшін сақтап қалу маңызды болып тұр. Сарайшық қаласы Жайық өзенінің ең бір шұрайлы тұсында, әрі әжептәуір биіктеу жерде орналасқан. Ертеректе қатты су тасқыны болып, Жайықтың арнасы кеңейіп,сол кезде қаланың алтыдан бес бөлігі су астында қалған. Оның үстіне жыл сайын су тасыған кезде қаланың 5-10 метрге дейінгі жерін ағыс құлатып кетіп жатыр. Бірақ, зерттеуші-ғалымдардың пайымдауынша, соңғы жүзжылдықта Жайық ежелгі арнасын өзгертіп, Сарайшық орнын қақ тіліп өтуі – көне шаһардың жұртын су астында қалуына әкеліп соқтырып тұр. Сарайшық әлдеқашан туризм ошағына айналып, аспанасты музейі болар еді. Сарайшық қаласы жыл сайын археологиялық зерттеулер нәтижесінде қазылып келеді. Сондықтан, хан ордасы болған, Алтын Орданың ресми маңызды қаласы Сарайшық туризм тұрғысынан әлі де мыңдаған туристі өзіне шақырып сан қырлы сиқырын ұсына алары сөзсіз,Сарайшық туризм ошағына айналып, аспанасты музейі болар еді.

САРАЙШЫҚ-ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

А. Болатқызы - №13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназияның 10 «б» сынып оқушысы

Жетекшісі: Л.Айжарық, №13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі

Сарайшық-киелі орын. Мұнда ел үшін, атажұрт үшін, қазақ халқының, ұрпақтың жарқын болашағы үшін өмірлерін сарп еткен қаншама хандар мен батырлардың мәңгілік мекендеп жатқаны тарихтан белгілі. Қазақ Ордасының бесігіне айналған Сарайшық-қазақ халқының, тарихымыздың ұлы мұрасы. Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан бұл шаһардың іргесі Х ғасырда қалаған деген деректер бар. Бірақ, кейбір тарихшылардың деректеріне сүйенсек көне қаланың тарихы ХІІІ ғасырда басталған. Тарихшылар бұл мекенді Шыңғыс хан мен Бату ханның шапқыншылығымен байланыстырады.

Тарихи деректерді шолып шықсақ, Әбілғазы баһадүр өз еңбегінде: «Сарайшық қалашығын атақты Шыңғыс ханның Жошыдан тараған немересі Бату хан салды» деседі. Бату 1227-1255 жылдары Алтын Орданы билеген. Сарайшық Алтын Орданың үшінші астанасы болып табылады. Бірінші

астанасы Астрахань облысындағы Сарай-Бату, негізін 1250 жылы Бату хан қалаған. Екінші астанасы Волгоградтағы Сарай-Берке болса, Сарайшықты «кіші Сарай» деген атаумен Алтын Орданың үшінші астанасы болып танылды [1].

Сарайшық Алтын Орданың, Ноғай Ордасының және Қазақ хандығының астанасы болды. Сарайшық қаласы, көпшілікке белгілі, Меңгу-Темір тұсында, XIII ғасырдың ортасынан кейін қаланған. Ешбір деректе қалашықтың нақты құрылған жылы жоқ, бірақ жиналған халық аңыздары бойынша және саяхатшылардың дерегінше көне қаланың Сарайға еліктеп салынғаны жазылған. Араб саяхатшысы және саудагер Ибн Баттута 1334 жылы Сарайшықты «Сарайджуке» деп сипаттайды. «Джук» -кіші деген мағынаны білдіреді. Мұнымен жоғарыда айтылғандай «кіші Сарай» меңзелген. Ибн Баттута сол жылы қалаға келіп, өз кітабында «қала мешіттер мен қонақүйлерге бай, сумен жабдықталған және су бұру технологиялары пайдаланылғандығын» жазды.

1913 жылы тарихшы Руднев Алтын Орда хандары Сарайшықта жерленгені туралы жазады. Расыменде, Сарайшық жерінде Алтын Орда хандары мен Қазақ хандығының аталары жерленген. 1999 жылы 3 қыркүйекте тарихи қалашықта хандар кесенесі ашылған кезде Алтын Орда хандары Мөңке Темір (1266-1380), Тоқты ханды (1290-1312), Жәнібек ханды (1342-1357), Бердібек ханды (1357-1359), Тоқтамыс ханын, қазақтың Қасым ханын және Ноғай билері Едіге, Тарғын және Қамбарды көрсетеді. Ал тарихшы М.Қасенов тізімге Ақ орда ханы Барақ ханды қосады.

Бұл тарихи тұлғалар арасынан Тоқты мен Жәнібек, Қасым хандар талас тудырмайды. Өйткені, Қасым ханның Сарайшықта билік еткені және Сарайшықтың Қасым хан тұсында гүлденіп, Сарайшық қаласында жерленгені туралы бірнеше деректерде айқын жазылған. Бұл деректерге тарихшы А. П. Чулошниковтың 1925 жылы жазған жазбаларын дәлел ретінде қарастыруға болады: «Хана Касима в это время не было живых, он умер еще за несколько лет до этого (около 1518-20 гг.), в г. Сарайчике, где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака. Мы говорим Дешти-Кипчака – имея в виду пространство от среднего течения реки Урала до такового же р. Сыр-Дарья. Еще в начале XVII в. в г. Сарайчике можно было видеть гробницу хана Касима».

Тарихшылар сүйенген Сарайшық қаласы туралы құнды ақпаратты XVII ғасыр басындағы Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы», XVII ғасырдың екінші жартысындағы Әбілғазының «Түрік шежіресі» және заттай табылған құнды деректер береді. Тарихшы Қ. Жалайыри Қасым хан жөнінде: «Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» десе, ал Әбілғазы Алтын Орда хандары Тоқтағу хан мен Мөңке Темірұлын «патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді», Жәнібек хан Өзбекұлын «ол он жеті жыл патшалық құрды. Сарайшықта жерленді» деп айқын жазады. Бірақ ресейлік тарихшы, ноғайтанушы В.Трепавлов Әбілғазының еңбектеріне сүйене отырып, Тоқтағу

мен Жәнібектің Сарайшықта жерленгеніне күмәнмен қарап, «мүмкін ол Еділ бойындағы Сарай болуы мүмкін» деген қорытынды жасайды. Ал біздің ойымызша ата-баба тарихына келгенде хан тұқымынан шыққан Әбілғазының қателесуі мүмкін емес және ол Сарай мен Сарайшықты жақсы білетіндігіне толық сенім білдіруге болады. Қадырғали мен Әбілғазы өз еңбектерінде өзге хандардың тікелей Сарайшық қаласында жерленгені туралы жазбайды.

Татар ғалымдары аударған «Шыңғыс-наменің» жаңа нұсқасында Орыс ханның немересі Барақ ханның Сарайшық маңында қаза тапқаны туралы деректер кездеседі. Еңбекте «Барақ елі Жайықтан өтіп Жемге жетті. Шайқас Қайнар Сағызда болды. Қыпшақ Айас Барақты ұстап басын алып, Мұхаммед хан мен Қади бекке берді. Өзі Сарайшық даруғасы (қала басшысы – Ә.М.) болды» деп жазылған. Осы деректі Қ.Жалайыри Барақ хан: «Ақыр аяғында Еділ төңірегінде, Жайық бойында Сарайшық қаласына жақын жердегі Қас, Наурыз өңірінде опат болды» деп аяқтайды. Абдулгаффар Қырымидің 1747 жылғы «Умдет-ал-ахбар» еңбегінде «Орыс хан немересі Барақты халық хан сайлады. Ол қазақ жайлауында орналасты» дей келе, ханның Күшік Мұхаммед ханмен шайқасын баяндайды. Зерттеуші еңбегінде: «Затем напали на след Барака хана. Он был ранен, из-за этого не мог взобраться на коня, и остался на вершине холма только с одним слугой. Кыпчак Айас бег, отрезал ему голову, вместе с ханом привел к Гази беку. Ему в руки был дан ярлык и должность даруги города Сарайчык, с выплатой каждый год тридцать тысяч золота. Это и является причиной того, что по сегодняшний день они называют себя правителями кыпчакского народа в Сарайчыке. В это время Курлевут Магреб бег во время упомянутой битвы, ранил Барака. Он пел на пьяных торжествах: «мой палец, который стрелял в Барака – жив, моя глотка хочет меда» деген жолдарды байқаймыз. Қорытындылай келе: Барақ хан өлтіріліп, Сарайшыққа жеткізілген. Яғни, Барақ хан Сарайшықта мәңгілік мекенін тапты деуімізге әбден болады.

Бірақ, Барақ хан Моғолстанда өлтірілді деген де пікірлерді жоққа шығара алмаймыз. Егер ол Моғолстанда өлтірілді деген ақпарат рас болатын болса, «сонау батыстағы Сарайшыққа қалай әкелінеді?» деген сұрақ пайда болады. Тарихшы Н.Кенжеахмет: «Шахрухтың орда тарихшысы Абд ар-Разақ Самарқанидің (1431-1482) дерегінше, Жәнібектің әкесі Барақ хан 1429 жылы Моғолстанда Сұлтан Махмуд оғлан дегеннің қолынан қаза табады» деп жазған болатын.

Киелі Сарайшық шаһары Жошы ұлысы хандарының таққа отыратын маңызды саяси орталығы – астанасы болды. Сарайшық қаласы ханның сайлану дәстүрімен, алтын тағымен ерекшеленіп, көзге түсті. Ол алғашында Әбілғазы еңбегінде: «Өзбек хан өлгеннен соң оның ұлы Жәнібекті хан көтерді, Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді, Сарайшық шаһарында таққа отырды», «Жәнібек хан өлгеннен соң Тебризден Бердібек хан Сарайшыққа келді. Үш күн аза тұтып, азадан соң барлық ханзадалар мен әмірлер жиналып, Бердібекті хан көтерді» деп жазады. Осы тізімге Тарихи деректер хандар «Алтын таста», «Алтын тақта» отырды деп жазады. Мәселен, 1332 жылы Жошы ұлысы иелігіне

жеткен араб саяхатшысы Ибн Баттута: «Біздің келіп жеткен жеріміз Дешті Қыпшақ деп аталады. Дешті түркі тілінде далалық дегенді білдіреді», «Қырым шаһары ұлы Сұлтан Мұхаммед Өзбек ханға (1312-1342) қарайды. Хан бізше сұлтан деген сөз. Бұл сұлтанның тағы бір әдеті: ол әр жұма күні намаздан соң өзінің «Алтын тас» деп аталатын үйінде отырады» деп жазады [2].

Сарайшық қаласы мұсылман дінін мемлекеттік діні деңгейіне көтерілген рухани астанасы болды. Берке (1257—1266), інісі Тоқай-Темір 1263 жылы мұсылман дінін қабылдады, ал Өзбек хан ұлыстың мемлекеттік дінін жариялады. Берке ханның ислам дінін XIII ғасырдың 40-жылдары қабылдағанын және ханға Бұхара оқымыстысы 1261 жылы қайтыс болған Шамсуддин әл-Бұхари ықпал жасағандығы жөнінде неміс ғалымы Б.Шпулер жазып қалдырған-ды. Ол турасында Әбілғазы Берке хан Бұхарадан келген керуеншілермен сөйлесіп «Мұсылманшылықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Берке хан таза жүрегімен мұсылман болды. Сосын ол халқын исламға сенуге шақырды», Өзбек хан «Елдің ұлыс-ұлысын исламға кіргізді, халықтың дәулеті артты», Ибн Баттута Сарайшықта «Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұрар жайы бар, оның аты – Ата. Ол бізді қонақ қылып әрі батасын берді» деп қосты [2].

Ортағасырлық Сарайшық Азияны Ұлы Жібек жолы арқылы Еуропамен байланыстырған, Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-саттық орталығы болды. Жайық өзенін кешіп өткен Ибн Баттутаның «Біз Сарай қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарай-жук қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу» деп аталған үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейін екінші жүзбелі көпір осында екен» деп айтуы қаланың дамыған әрі сұлу қалалардың қатарында болғандығын көрсетеді. Еуропадан Қытайға баратын негізгі керуен бағыты Қырым, Астрахан, Сарайшық қалалары арқылы, Сағыз, Уіл, Ембі өзендерінің аңғарлары арқылы, Каспий маңы ойпаты бойынша, Үргеніш, Сырдария өзенінің төменгі бойы арқылы Отырарға дейін, одан әрі Алмалыққа, Қамсуға, Ганчжоуға, Ханбалыққа барады.

Сарайшық қаласы Алтын Орда хандарының атынан теңге соғылатын ақша сарайы болды. Бүгінде ақша сарайларының саны 60-тан асады. Сарайшықтағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тиындардың ең көнесі Менгу-Темір ханның теңгесі (1266-1282), ал кейінгісі 1515-1600 жылдары болса, Алтын Орда нумизматикасының негізін салушы Х.Френнің анықтауынша «Сарайшықтың өзінде соғылған тиындардың ең көнесі Елбан ханнан бастап Дервіш хан тиындарына дейін» [2].

Дегенмен 1359-1361 жылдары Қызыр ханның тұсында Сарайшықта теңге соғылғандығы анықталды. Қызыр тұсында қалада «Сарай әл-Жадид» атымен теңге шығарылған. Ал 1370-1374 жылдары Сарайшықта шайбанилық Айбек билік еткен тұста теңге Әли-қожа мен Елбан хан атымен соғылған.

Сарайшық әлемдік тарихта атағы шыққан танымал тұлғалардың кіндік қаны тамған жер. Олардың арасында 1549-1554 жылы Үлкен Ноғай ордасы-

ның билеушісі болған Едіге әулетінің ұрпағы Жүсіптің қызы, Қазан хандығының ханшайымы Сүйімбике (1516-1554), Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек ханның Жәдігінен тарайтын Оңдан сұлтанның ұлы, Қазақ хандығы мен Москва арасындағы дипломатиялық байланыстың негізін қалаушы Оразмұхамед сұлтанның, Бөкей Ордасы ханы Жәңгір ханның туған жері.

Сарайшық Еуропа мен Азияны байланыстырған алтын көпір болды. Қаланың маңызды керуен жолында орналасқанын Ұлық ұлыс заманында-ақ Ибн Батута (1333-1334 жж.), Джованни Мариньолли (1338-1353 жж.), испан пірөдары Пасхалия (1335-1339 жж.), ағайынды көпестер Франциско мен Доминико Пициганилер (1367 ж.) атап өтеді. Осыған байланысты Алтын Орда кезеңін зерттеуші Р.Почекаев «Сарайшықты керуен жолдарынан алым-салық жинайтын әкімшілік орталық болды» деп есептейді. Ал қазір Сарайшық орнында жүргізілген археологиялық қазбалар оның Ұлық Ұлыстың басты қалаларының бірі болғанын айғақтайды. Қазба кезінде ашылған кешенді сарай, тұрғын жайлар, одан табылған қыш бұйымдар, қытайлық селадон ыдысы, ирандық сырлы қыш түрлері қаланың бай-қуатты болғанын дәлелдейді.

Қазіргі таңда «Хан Ордалы-Сарайшық» музей-қорығы ерекше рөл атқарады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сарайшықтың жаңа кезеңі басталды. Музей 1961 жылы Сарайшық орта мектебінің бір бұрышында, мектептің қарапайым тарих пәнінің мұғалімі Намазғалиев Мұстажаптың бірнеше ондаған жылдар бойы өз қаражатына және де өзінің «инициативасымен» жиналған мол тарихи жәдігерлердің жинақталуымен қалыптасты [3]. Мұстажап ағай қазіргі Сарайшық ауылдық-округындағы атақты және сыйлы жан. Сарайшықтың тарихы мен оның болашағы үшін өмірін арнаған кісі десекте болады. Мұстажап ағай Сарайшық қаласының орнынан табылған жәдігерлерді өмірінің соңына дейін жинап, сақтаумен жүрді. 1982 жылы аталған тарихи жәдігерлер облыстық ауылшаруашылығын химияландыру-іздігіру тәжірибе бекетінің кеңсесіндегі бір залға көшірілсе, 1989 жылы Сарайшық ауыл советінің игілігіндегі бөлмеге, ақыр соңында 1999 жылы жаңадан ашылған «Хан Ордалы-Сарайшық» музейіне табыс етілді. Міне, осылай Н. Мұстажап ағайдың ерен еңбегінің арқасында «Хан Ордалы-Сарайшық» музейінің іргетасы қаланып еді.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Б. Мұхамбетов. Қазақтың тұңғыш астанасы. «Сарайшық» республикалық әдеби-мәдени, тарихи-танымдық журналы. С. 75
- 2 Ә. Мұқтар. Ұлық Ұлыс тарихындағы Сарайшық // <https://egemen.kz/article/233346-ulyq-ulyk-tarikhyndaghy-sarayshyq>
- 3 «Сарайшық музейі шертер сыр» М. Намазғалиев//«Жұлдыз» журналы. С. 71

САРАЙШЫҚ – ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІҢ ШЕЖІРЕСІ

С. Қуатова - М.Әуезов атындағы
орта мектептің 10 сынып оқушысы
Жетекшісі: Н.С.Аймуратова
Атырау қ.

Әлемдік тарих ғылымында Жошы ұлысы немесе Дешті Қыпшақ даласы атанған сонау Ертіс пен Дунай аралығын қамтыған ұлан-байтақ территорияда мемлекеттік маңызға ие болған қалалар көп емес. Бүгінде зерттеушілер осы аралықтағы қалалар санын 150-ге жеткізді. Олардың ішінен Бату хан сол заманда аты әлемге белгілі болған Қырым, Маджар, Үкек, Қазан, Қажы-Тархан (Астрахан), Сарайшық қалаларының негізін қалауымен дараланады. Ұлт тарихын түгендеуде қашанда күрделі мәселелер бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн», - деді. Тоғыз жолдың торабы түйіскен Сарайшық XIII-XIV ғасырларда Еділ-Жайық аралығындағы ірі қалалардың біріне айналды. Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын 1861 жылы Сарайшық құландыларын зерттеген топограф А.Е.Алексеев 3 верст 350 сажен (бүгінгі өлшеммен 4,5 км²) [Сарайшық – бабалар мұрасы. – 54-55 б.], Жайық бойы қалаларын ұзақ жылдар бойы зерттеген археолог Л.Л.Галкин бұл кезеңде Сарайшық халқы 50 мыңнан көп емес деп анықтайды [1.Байнекеева З.Разрушитель легенд // Ақжайық. – 2011. – 29 сентябрь].

Сарайшықтағы қазба жұмыстары елімізде 1950-1953 жылдары басталған. Академик Әлкей Марғұланның зерттеулері, тың ойлары ғылымда терең із қалдырған. Тарих ғылымдарының докторы, академик Хангелді Әбжанов: «Сарайшық – Ұлы Даланың мұрасы һәм мұраты, халқымыздың империялық дәуірді басынан кешіп отырған заманда пайда болған қала», дейді. Негізінен алғанда Алтын Орда дәуірі халқымыздың тұтас ұлттық бірегейлікке ұмтылған тұсы. Демек Сарайшық осындай ұлы тарихтың куәсі және түркі тұқымдастарды біріктіруші фактор десе, келесі кезекте пікір айту мүмкіндігі бұйырған танымал археолог, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев: «Сарайшықтың ұлттық мәдениет пен тарихта алатын орны орасан зор. Бұл қала тарихы Жошы ұлысының тағдырымен сабақтас. Хангелді Махмұтұлы айтқандай, Сарайшық біздің империялық рухымызды тірілтетін – семантикамыз. Сол себепті оған ұлы тарихтың, ұлы жолдың бір пұшпағы деп қарауымыз керек. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған – арабтың белгілі географ ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өзінің саяхаттарының бірінде, 1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып (Сарай-Берке – Алтын Орданың астанасы), Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол «Біз Сарайшық қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжүк қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу деп аталатын» үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің жағасындағы гүлденген

әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен» деген пікірді қалдырады. [2, 404-б.]Бұдан кейін Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған – орыс патшасы VI Иван Грозныймен дос болған, ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон. Ол 1558-1559 жылдары Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауына саяхат жасауы кезінде Сарайшық қаласына соғады. «Теңізден бір күндік сапарда үлкен өзен жағасындағы гүлденген Сарайшық деген қалаға келдік. Бұл қала орыс патшасымен көңілдес Измаил деген татар князінің қол астында екен. Шығыс пен Батысты байланыстыратын керуен жолының үстінде болғандықтан қолөнері мен саудасы дамыған қала екен», – деп жазған. Тіпті кейбір деректерде әлгі Грозный 1581 жылы Сарайшық қаласына тамсанып, осы қалада 10 күндей демалып, кейін казактарға қаланы «толықтай жермен-жексен етіндер» деп бұйырса керек. Иван Грозныйды қаланың таңғажайып көрінісі мен архитектуралық келбеті қызықтырды. Сарайшық әлемдік тарихта аты қалған атақты тұлғалардың кіндік қаны тамған жер. Олардың арасында 1549-1554 жылы Үлкен Ноғай ордасының билеушісі болған Едіге әулетінің ұрпағы Жүсіптің қызы, Қазан хандығының ханшайымы Сүйімбике (1516-1554), Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек ханның Жәдігінен тарайтын Ондан сұлтанның ұлы, Қазақ хандығы мен Москва мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстың негізін қалаушы Оразмұхамед сұлтанның, Бөкей Ордасы ханы Жәңгір ханның туған жері. Қазіргі таңда, Сарайшық қаласы «Қазақстанның киелі жерлер географиясына» енгізілді. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» ұлттық жобасы Қазақстандағы киелі жерлер туралы жаңа деректер жинақтап, жүйелеп, кең көлемде, кешенді түрде зерттеу жүргізу мақсатын көздейді. Тарихтың өз жерімізде өткен осындай айтулы оқиғаларын тереңдеп білдіртудің әдіс-тәсілдеріне көңіл бөлу керек. Сарайшықтың елді қызықтыра түсетін оқиғалары жетерлік. Соның бірі деп 1999 жылғы қазба жұмыстары кезінде табылған таңғажайып ыдысты алайыншы. Сол ыдыстың салмағының бір парақ қағаздан да жеңілірек екендігінің өзі адамды таңғалдырады. Ал осы ыдысқа у құйса, оның дереу түсін өзгертетіндігі деген ғажап қой! Мұндай ыдыстың табылуы Сарайшық қаласы туралы қандай ақпараттар беріп тұр дейтін болсақ: біріншіден: хандардың арасындағы бәсекелестіктің немесе іштен бүлдіруді көздеп жүрген сыртқы жаулардың көп болғандығы. Бұл сыры ашылмаған ыдысты зерттей отыра көкейімде сұрақтар пайда болды: осындай ыдыс ойлап табу кімнің идеясы? Бұл қай ханның тұсында жасалған ыдыс? Тағы бір ескере кететін зат ол дәл осындай ыдыстың Египетте де табылғаныны.

Бұл ғажап ыдысқа қатысы бар Берке ханның өз уақытында өте батыл, идеяшыл, жаңашыл тұлға екенін білдіреді. Және Берке хан мен сұлтан Бейбарыстың бір - біріне деген сыйластығы ерекше болды. Бейбарыс Беркеге деген құрметі ретінде венециандық маталар, левкандтық кілемдер, франктердің дулығалары, бағалы киім - кешектер, ыдыстар мен шырағандар, қару - жарақтар мен сырты қызыл атласпен қапталған тері қорапшаға салынған Құран кітабын сыйға тартты (Әмин әл-Холи бұл Хазіреті Османның өз қолымен көшірілген Құраны деген). Сонымен қатар

піл сүйегі мен қара ағаштан жасалған, күміспен көмкерілген тұғыр сыйлады. Оған қоса Алтын Ордада кездеспейтін жануарларды, атап айтқанда піл, маймыл, керік, зебра, тотықұстарды жіберген. Оларды күтіп - баптау үшін қызметшілерінде қосты. Бейбарыс Беркеге деген құрметін осылайша білдіргісі келді. Осыдан бастап екі ел арасындағы дипломатиялық және сауда байланысы едәуір қарыштады. Бейбарыс пен Берке Ніл мен Еділдің арасына алтын көпір тұрғызды. Тарихи деректерге сүйенсек Бейбарыс сұлтанның Мысырда билік құруымен байланысты. "Мысырда мемлекет басына мәмлүк (қыпшақ) әулетінің келуімен Алтын Ордамен байланыстың нығаюына орай тарихи әдебиет жедел қарқынмен дамыды. Түркі әулеттері, халықтарының тарихи-географиялық мәліметтерін толық қамтитын энциклопедиялар пайда болды. Мысырда сұлтан Бейбарыстың өмір-дерегіне арнап жазған хатшысы Абд-аз-Захирдің тарихи еңбегі дүниеге келді. Бұл еңбекте Алтын Ордамен қарым-қатынастар туралы мәліметтер, сонымен бірге Қырымнан Волгаға дейінгі аралықтағы қысқаша «жолсілтеме», Қырымның тұрғылықты халқы туралы діни, этнографиялық мәліметтер келтіріледі. Олардың бірқатары сақталған. Ол сұлтандық билікке қол жеткізген кезде қыпшақ жерлері моңғол ханы Берке Құлағу билеп отырған Алтын Орданың иелігінде еді. Бейбарыс бірінші кезекте оларға достық пиғылдағы хат жіберді. 1262 жылы сұлтан екі ел арасында достық қарым-қатынас орнату үшін өз елшісін жіберді". Осы ақпаратты оқи отыра бұл Берке хан тұсында болғанын түсіне аламыз. Берке хан тұсында Алтын Орда күшейе түсті. Ибн Халдунның айтуынша Беркенің исламды қабылдауы белгілі бір саяси қадам болды. Осы қадамға бара отырып Еділ Бұлғариясынан Орта Азияға бейінгі аумақта орын тепкен ірі-ірі сауда орталықтарының, қалалардың қолдауына ие болды. Бұған қоса ол басқару ісіне білімді мұсылмандарды алуға рұқсатын берді. Осылайша ұлыстың басқару жүйесінде дәстүрлі исламның кейбір белгілері қалыптаса бастады. Сол үшін мұсылман жылнамалары Беркені өте жоғары бағалады. Беркенің саясаты қалалық өмірдің, қолөнер мен сауда-саттық дамуына арналды. Оның кезінде қала құрылысы қатты дамыды. Ел астанасы Сарай-Бату, Сарай-Берке деп атала бастады. Ордадағы барлық қалаларда мешіттер мен мұнаралар, медреселер мен керуен-сарайлар тұрғызылып жатты. Сарайшық шеберлері өзге елден әкелінген тауарларды зерттеу арқылы сапалы өнім жасаудың әлемдік озық әдіс-тәсілдерін меңгеру жолында ізденеді, нәтижесінде Жібек Жолы саудасы талғамына сәйкес деңгейде тауар өндіруге қол жеткізеді. Оған қала асты қазбасынан табылған 5-6 ғасыр бойы топырақ астында жатса да, сыры да, сыны да кетпеген түрлі бедерлі, әшекейлі керамикалық ыдыс сынықтары, әдемі өрнектермен жасалған қыш құмыралар түрлері, шебер безендірілген тиын ақшалар, т.б. әшекей бұйымдарының сынықтары дәлел. Тарихшы ғалым А.Ю. Якубовскийдің деректеріне сүйенсек, Орта Азия XIII және XIV ғасырлардағыдай Шығыс Еуропамен бүкіл феодализм дәуірінде қарқынды да, жүйелі сауда жасап көрген жоқ. Бату Сарайы мен Берке Сарайы қалалары ірі қолөнер өндірісі мен сауда орталығы бола отырып, XIV ғасырда Қытай, Орта Азия, Кавказ және Персиямен сауда жасауда орасан зор шешуші рөл атқарған [3]. Алтын Орда аумағында отырықшылық пен қолөнер

бірте-бірте ұлғайып, соның нәтижесінде қалалардың да рөлі нығая берді. Мысалы: Каф, Судак, Керчь, Азау, Бұлғар, Сарай, Сарайшық, Үргеніш, Сауран, Сығанақ, Отырар тағы басқа шаһарлар Жошы ұлысының экономикалық, саяси-стратегиялық өмірінде аса зор рөл атқарған. Сарайшық қаласы VIII–XVI ғасырларда Қазақстанның батыс аймағының экономикалық, мәдени өміріндегі аса зор рөл атқаратындығы жоғарыда келтірілген тарихи деректермен тарихшы ғалымдардың сындарлы да, келелі пікірлерінен айқын көрінеді. Сарайшық қаласы Алтын Орданы Берке хан билеген кезден бастап, идеологиялық – мәдени маңызды орталық болған деген қорытынды жасай отыра, өлкенің өркениетіне елеулі үлес қосқан. Берке хан 1266 жылы дүниеден өтті. Берке дүниеден өткеннен кейін де Мысыр мен Алтын Орда достығы ажыраған жоқ. Мөңке хан Беркенің жолын ұстанып, екі ел арасындағы байланысты нығайтты. Бұл туралы Ибн Касир: «Ол (Мөңке) Беркенің сара жолын жалғады, Аллаға мадақ болсын!» деп жазды.

1266 жылы Кавказ жеріне жорықта Берке хан қазақ тапқаннан кейін оның орнына хан тағын отырған: Меңгу – Темір *Алтын Орда Меңгу Темір хан тұсында : Өз ақшасын шығарды .XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда мен Египет арасындағы байланысқа кедергі болуға тырысқан мемлекет: Византия. 1271 жылы Меңгу – Темір Византияға қарсы жорыққа шығады. Византия императоры соғыстан бас тартып, бейбіт келісімге келеді. Бұл келісім Алтын Орданың Жерорта теңізі бойындағы қалалармен сауда қатынасын жақсартты. 20.1290-1312 жылдары Алтын Орданың саяси жағынан мемлекеттік беделінің көтерілуіне зор үлес қосқан хан: Тоқты хан (Ноғай ханның көмегімен)*Ол Иран, Кавказ елдерімен сауда байланысын жанлдандырып, Мысыр мәмлүктерімен тығыз қарым – қатынаста болған. XIII ғасырдың соңына қатысты Сарайшықтың тағы бір тиын түрі Меңгү-Темірдің ұлы Тоқты немесе Тоқтоғұның атымен байланысты. Ол 1290-1312 жылдары билік құрды. Ең бір қызықты тұсы да сол, Әбілғазы Баһадүрдің айтуынша Тоқты оның әкесі Меңгү-Темірдің сүйектері Сарайшықтың қасиетті орнында (пантеонда) жатыр (4.Абулғазы Багадур-хан, 1966, 396.). Тоқтыны әкесімен бірге жерлеудің себебі ол тек қана оның қарапайым ұлы болғандықтан емес, сонымен бірге әмірші билеуші, мемлекет тұғырын бекітіп жалғастырушы ретінде шығлған болса керек. Әбілғазы Алтын Орда хандары Тоқтағу хан «патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді», Жәнібек хан Өзбекұлын «ол он жеті жыл патшалық құрды. Сарайшықта жерленді» [5.Әбілғазы Түрік шежіресі. – 116-117 б.] деп жазады. Оның билік құрған кезеңіне байланысты Сарайшықтан табылған хұлағұд елхандардың (ирандық) тиындары жатады. Ол тиындар мұнда Иранмен жүргізген саяси-әскери қатынастары мен сауда-экономикалық байланыстар нәтижесінде келсе керек. Қашан Хұлағұдың әскерлері Иранды жаулады, сол сәттен-ақ Хұлағұ мен Берке арасында талас тартыс үдейе өрши түсті. Оның негізгі себебі де тұрмысқа қолайлы да маңызды әзербайжан жері болды. Бұл жер үшін жүздеген жылға созылған күресте жеңіс бір қолдан екінші қолға алма-кезек өтіп жатты. Ортақ мүдде бола қалғанда күрес-талас та тоқтап, дамыл

алатын. Тоқтоғұ алғашқы ақша реформасын жасады. Қай жерде болмасын дирхем 1,365 грамм салмақпен соғылатын болды. Тиындарда Тоқтының аты кейде мадақтау атымен «Насир ад-Дин» және «Гийяс ад-Дин» («дін тірегі») деп жазылды. Және көне ұйғыр жазуымен де "Тоқтүбек" деп өрнектелді. Оның атымен соғылған тиындар орталықтан шалғай провинцияларда және Қырым мен Хорезмде де соғылып жатты. Дегенмен мыс тиындары аз мөлшерде ғана ақша айналымына енгізілді. Экономиканы тұрақтандыру екінші кезеңде, яғни 1310-1311 жылдары саяси тұрақтылықтың арқасында тағы да қосымша ақша реформасы жасалды. Ол империяның тіптен алыс шалғай жерлерінде де жүргізілді. Ескі тиындар тәркіленді, жаңалары орталық қалаларда көп нұсқамен шығарылды. Дирхемнің салмағы 1,486 грамм болды. Осы қазба зерттеулері барысында табылған тиындар Бұлғар, Орды, Бик-Базар, Қырық Йер, Бақша Сарай қалаларында соғылған Топырақ үстіңгі қабаты материалдарында Сырдарияның ортаңғы ағысы тұсындағы қалалардың пұлдарына ұқсас пұлдар кездесті. Олардың ішінде тұңғыш рет кездесіп отырған пұл да бар. Онда таңба соғылған және әзірше оқылуы қиын мәтіннің әріп бөлшектері бар. Осылардың кейбіреулері Сарайшықтың тиын соғатын орындарында соғылды деп айтуға әбден болады. Сөйтіп қаланың гүлденуі 1312 жылдан басталды, оның елеулі мәдени-экономикалық өрлеу дәуірі болғаны анық.

Сарайшық – тек Атырау өлкесінің емес, ұлтқа ортақ тарихи-мәдени бірегей ескерткіш. Орта ғасырда әлемдік өркениеттің бел ортасында гүлденген шаһар шежіресі кім-кімге де қызықты. Сарайшық қаласы сол бір салтанаты жарасқан империялық дәуреннің тамаша көрінісі. Сол үшін де біз оны ұлықтап, осынау құнды жәдігерді, Ұлы даламыздың мәдени жауһарындай болған асыл мұраны қастерлеп өзіміз ұрпақ жетік білуіміз керек. Тарихи және мәдени ескерткіштер - өлкеміздің тарихы. Халқымыздың қазынасы ел-жұрттың тағдыры. Қандай халықтың, қандай елдің болмасын мәдениет деңгейі, мұражай, мұрағаттар арқылы деректер жинақталып анықталады. Тарихи деректануының негізгі міндетті – бәрінен бұрын жазба ескерткіштерді жүйелеу мен сыни тұрғыдан зерттеу және олардан ғылыми зерттеу үшін ең маңызды, неғұрлым толық материалды саралап ала білу. Орта ғасырдағы әлем тарихи зерттеулердің деректеріне сүйене отырып, осы ғылыми зерттеу жұмысымда сол кезде билік құрған хандардың әлемнің ғылымы мен мәдениетін меңгере отырып, өз елінің материалдық мәдениеттің дамуына үлес қосқандығына дәлел келтірдім. Көне Сарайшықтың даму тарихы әлемдік өркениеттің шежіресіне айналғандығы мәлім болды. Өлкеміз қойнауы тарихи-мәдени мұраларға толы, сондықтан да менде мынадай ұсыныс туып отыр. Сарайшық елге, әлемге танымал болу үшін осы жерде билік құрған хандар сол кездегі әлем билеушілерімен саяси, экономикалық байланыста болғанын жеке-жеке анықтау. Сол кездегі хандардың білім, ғылым, мәдениеттің өркендеуіне, өркениетті дамытуда үлес қосқандығына жеке тоқталып өттім. Осы зерттеу жұмысымда негізгі мақсатыма жеттім. Ендігі ұсынысым болашақта туған өлкеміздегі сәулет, археология және тарихи-мәдени мұраларының әлі де зерттелмегенін

тұстарын одан әрі зерттеп, мектеп оқулығына осы аталған хандардың өркениетке қосқан үлесін тақырыпты оқығанда осындай тың деректермен толықтырылып енгізілсе.

Әдебиеттер тізімі.

1. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы.. «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. – Т.9. – 472
2. байнекеева З.Разрушитель легенд // Ақжайық. – 2011. – 29 сентябрь].
3. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – с.569-571
4. Абулгази Багадур-хан, 1966, 396.
5. Әбілғазы Түрік шежіресі. – 116-117 б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 544 б.

ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ БИГІНДЕ САРАЙШЫҚ ШАҒАРЫ

С. Болатова - №13 Д.Байбосынов атындағы мектеп-гимназиясының 9 «А» сынып оқушысы
Жетекшісі: тарих және құқық пәнінің шебер-педагог санатты мұғалімі Ж.Т.Утеулиев

Ұлы Жібек жолы дүниежүзілік өркениеттің ғажайып жетістігі болғанына адамзат тарихы куә. Әр елдегі ғылыми жетістіктің, жаңа ұтымды технологиялық шешімнің, әдебиет пен өнердің озық туындысының, құнды мәдени мұралар мен өмірлік маңызды тәжірибелердің бір аймақ шегінде томаға-тұйық қалып қоймай, дүниежүзілік өркениетпен араласуы, бірін-бірі байытуы үшін, сондай-ақ урбанизациялық үрдістердің тездеуіне, қазақ даласында отырықшылық пен қала мәдениетінің жедел дамуына Жібек Жолының ықпалы зор болған. Мемлекет аралық экономикалық және мәдени байланыстардың ұйтқысы болған, сөйтіп адамзат қоғамының прогрестік дамуына қомақты үлес қосқан Жібек Жолының он алты ғасырға жуық уақыт бойғы керуені өз тарихын біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдан бастайды [1].

Жібек жолы керуенімен он алты ғасыр бойына шығыстан батысқа, оңтүстікке, кейіндеу терістікке тасылған үлбіреген Қытай жібегі өз кезеңінде сан ондаған елдерді қамтып, олардың сән-салтанатын арттырды, ақсүйектері үлде мен бұлдеге армансыз оранды, күлкісінен күн шуағы төгілген құралай көз арулардың көркіне көрік қосып, әлемді тамсантады. Саудамен қоса керуен жолы елдер арасындағы дипломатиялық бейбіт қатынастардың дамуына жол ашты. Сауда керуені үшін керуен жолындағы саяси тұрақтылық, қырғи-қабақ соғыссыз, дау-жанжалсыз, елдер арасындағы тыныштық пен бейбіт түсіністік қажет екені белгілі. Сауда керуені ел - елге әртүрлі тауарлар әкелумен ғана

шектелмей, ғылым мен мәдениеттің, технология мен діннің, әдебиет пен өнердің озық туындыларын да ала келді.

Шығыстан келген керуендермен ислам елдерінің жұлдыздары: Әбу Насыр әл-Фараби мен Ибн-Синаның сан салалы ғылыми еңбектері, Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастаны, көрнекті ақын, исламның діни философиясының білгірі Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани Хикметі», шығыс ғұламалары Рудаки, Фирдоуси, Бирунилердің інжу-маржан дастандары, Әбу-ар-Разидің, Али ибн-Аббастың дәрігерлік энциклопедиялары, Мұхаммед ибн Мұса Әл-Хорезмидің математикасы әкелінді. Ал шығысқа бағыт алған керуендермен Эвклид пен Архимед геометриялары, Аристотель, Сократ, Платон, Демокриттің ғылыми еңбектері жеткізілді [2].

Жібек жолы керуені енді: Қазақстан жерін оңтүстік шығыстан батысқа түгелдей аралап өтетін болды. Бұл-сол заманда көп елге бұйыра қоймаған бақыт! Түрік қағаны қалалары мен Соғдыда дайындалған жібек сапасы жөнінен Қытайдікінен кем болмаған. Қазақ жерінде қала саны тез өсті. Жібек Жолы бойында орта ғасыр кезеңінде қалада халықтың 20 пайызы тұрса, Еуропа елінде бұл көрсеткіш сол кезеңде 12 пайыз болған. Сөйтіп, Жетісудағы, Оңтүстік, Орталық, Батыс Қазақстан жеріндегі өзен-көл, теңіз жағаларындағы қалалар өмірге келді. Қалалар мен керуен сарайлар туралы алғашқы толық деректі Араб географы Хордадбек 846-847 жылдардағы жазбасында келтіреді. Қытайдан шығып, Еуразияны қақ жарып өтіп, Жерорта теңізіне баратын керуен жолы бойымен келіп, кезінде оғыздар орта және төменгі Сыр бойындағы кангар-печенегтерді ығыстырып VIII-IX ғасырларда өздері орнықты. Осы жол бойымен XI ғасырда қыпшақтың қалың қолы өтсе, одан екі ғасыр кейін, XIII ғасыр басында құмырсқадай қаптаған қолмен монғолдар батысқа өтті. Жаугершілік кезеңдерде саябырсығанмен, жағдай тұрақтанған аймақтарда керуен жүрісі жалғасып жатты. Қазақстан жеріндегі, Орта Азиядағы орта ғасырлық шеберлер қалдырған сәулет өнері ескерткіштері XXI ғасырдағы дүниежүзінің талғампаз көрермендерінің өзін тамсантауда. Республикамыз аумағындағы ертедегі архитектуралық өнердің өзіндік үлгілері: Қожа Ахмет Йассауи, Айша Бибі, Алашахан, Сырлытам, Жошыхан, Қарахан ескерткіштері неше ғасырлар бойғы жаңбыр мен желге, күн сәулесі мен температура өзгерістеріне сырын да, сынын да жоғалтпастан шыдам берген ғимараттар, хас шебердің қиялынан туған. Ұрпаққа мақтаныш боларлық ұлттық мұралар екендігі халқымызға бұрыннан таныс. Бұлардан табиғаты өзге, ертеде қазақ жерінде көлемі жөнінен Египет фараондары жатқан Хеопс пирамидасынан да асып-түсетін құрылыс болғандығы жөнінде дерек бар [3].

Сарайшық - XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды бекеттің бірі, Хан Ордасы болған ортағасырлық қала. Кезінде орыс патшасы өзінің Мәскеуінде атақты Қызыл Алаңды салдырарда оның жоба-үлгісін Сарайшықтан, Кремль қорғанының жоба үлгісін Бату Сарайынан алыпты-ау! XXI ғасыр көрерменін сүйсінтер Мәскеудегі әдеміліктер бұдан жеті ғасыр бұрын Сарайшықта жасалған! Көл суына керуенмен келген қап-қап кант төктіріп, аққу мен қаз қондырған.

Оларды ұшырып жібермеудің барлық шараларын алыпты. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен құстарға дән беріп, бірте-бірте қолға үйреткен. Көл маңында өзіне қауіптің жоқтығына көзі жеткен құс атаулы Сарайшық аруларының алақанын қытықтап, бидайын жеп, жаз бойы Секер көлде еркін сайрандап, керуенмен келген шет жерліктер алдында қаланың сән салтанатын арттырады. Балғын шыбықтарды отырғызып, жерсіндіріп жібергенше, сол жақтың шебер бағбандарын да жалдап алады.

Қазақ қалалары архитектуралық үйлесімдігі жөнінен өзге елдерден кем түспеген. Алтын Орда өмір сүрген екі ғасырға жуық уақыт аралығында 150-дей қала тұрғызылған. Солардың ішіндегі сәнділері Еділ бойындағы Бату сарайы, Берке сарайы және Жайық бойындағы Сарайшық қалалары болса керек. Профессор Ә.Тәттіғұловтың Ақиқат журналына сұхбат бергенінде мынадай ойын айтқан: «...Аңыз ба әлде шындық па, Мәскеудегі Қызыл алаң Жібек жолы тармағындағы Сарайшық қаласының сол кездегі кескін-келбетіннен алынған екен дейді. Ал Сарайшық қаласының» іргетасы Мәскеудегі Қызыл алаңнан бұрын қалған ғой. Мұны мен төмендегі ғылыми мақаладан оқыған едім.

...И.Калита Мәскеудің кіндігі –Кремльдің құрылысын Сарай-Бату шаһарының үлгісімен салдырған. Ресейдің кейінгі кінәздері мен патшалары Кремльдің Бату, Берке сарайлары орталықтарына ұқсас екенін кейінгі ұрпақ мүлдем есінен шығарып, ұмытсын деген ниетпен, әсіресе И.Грозный тұсында Еділ бойындағы Алтын Орданың қос астанасын да жер бетінен жоқ ету ниетін жүзеге асырған».

«Сарай қаласы И.Грозныйдың баласы Федордың әдейі бұйрығымен 1578 жылы жермен-жексен есіп қиратылған»-деп жазады оралдық өлкетанушы Ж.Ақбай. Сарайшық Еуропа және Қазақстан мен Орта Азияның арасын жалғайтын көпір іспеттес. Ибн Баттута осы сапары жөнінде: «Сарайдан шығып бірнеше күннен соң біз Сарайшық қаласына келдік, мұндағы «шық - кішкене деген сөз, яғни Сарайшық Кішкене Сарай деген мағынаны білдірген. Сарайшықта ақша сарайында құны әр түрлі мыс ақшалар құйылады. Осылайша, XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында пұлдар-теңгелер шығарыла бастайды. Олардың бір бетінде «Сарайшық қаласының құймасы» деген сөз, ал екінші бетінде гүл мен жыртқыш аңның, мүмкін, арыстанның бейнесі басылған. Сарайшықтағы қазба жұмыстары кезінде Алтын Орда қалаларында, сонымен бірге Хорезм, Самарканд, Иранда соғылған көптеген тиындар табылды. Қаланың дамуына Сарайшықтың Алтын Ордаға, содан кейін Қазақ хандығына ислам дінін тарату орталығы болуы да әсер етті. Сарайшықтың көркем керамикасы ерекше көз тартарлық. Сарайшық қалашығында археологиялық қазбалар кезінде шұңғыл табақ, тостаған, жайпақ табақ, құмыра, құты секілді қыш бұйымдар жинап алынды[4].

Сарайшықтағы Аққу көлі, алтын қайық, көмілген мол қазына туралы халық аузында көп айтылады. Сарайшықтың өркенду кезеңі моңғол Өзбек ханның Жәнібек хан тұсына сәйкес келсе керек. Шоқанның мәліметтерінде

Жәнібек хан жанына ел сыйлаған билерді, шешендер мен жырауларды, халық қамын ойлаған жақсылар мен жайсаңдарды жинаған дейді. Сол Жәнібек керуеннен толассыз түсіп жатқан байлықты халықтың игілігіне, қаланы көркейтуге жұмсапты. талай ел өкілдерін тамсантаң Аққу көлін осы кезеңде салдырыпты Жәнібек. Көл суына керуенмен келген қап-қап қант төктіріп, аққу мен қаз қондырған. Оларды ұшырып жібермеудің барлық шараларын алыпты. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен құстарға дән беріп, бірте-бірте қолға үйреткен. Көп маңында өзіне қауіптің жоқтығына көзі жеткен құс атаулы Сарайшық аруларының алақанын қытықтап, бидайын жеп, жаз бойы Секер көлде еркін сайрандап, керуенмен келген шет жерліктер алдында қаланың сән-салтанатын арттырады. Осы ғажайыпты көзімен көріп, куәгер болған италиялық саяхатшылардың бірі «сол ғасырларда бау-бақша отаны саналған парсыларда кездеспеген жүзім мен жеміс ағаштарының ерекше түрлері Сарайшықта өседі екен» деп жазады. Оңтүстік елдерінің базарларында сатып алып жейтін уылжып піскен, дәмі тілді үйретін небір жемістің түрлерін Сарайшыққа келген шетелдік қонақтар атақты Аққу көлінің жағасында жеміс ағаштарының қоңыр салқын көлеңкесінде демалып жатып, өз қолымен үзіп жегендіктерін елдеріне барғанда аңыз ғып айтып жүрген. Бұл пәнидегі Сарайшықтай жұмақты көру, Аққу көлінде сайрандау сол кезгі бұны естіген әр саяхатшы мен саудагердің арманы болса керек.

Әдебиеттер тізімі.

1. Ғизатов Ж. «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» Алматы: 2009ж. 32 б.
2. К.Байпақов «Қазақстанның ежелгі қалалары» энциклопедиясы. Алматы:2008ж. «Аруна» баспасының 2-ші басылымы.
3. Ғизатов Ж. «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» Алматы: 2009ж. 42б.
4. К.Байпақов «Қазақстанның ежелгі қалалары» энциклопедиясы. Алматы: 2007ж. 295 б.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ

А.Р. Мырзабай - №33 Қ.Қайсенов атындағы орта мектептің 9 сынып оқушысы, Атырау қ.

Тарихымыздың өзекті түйіндерінің бірі – Сарайшық қаласының ғасырлар көшіндегі орнын айқындау, ұлттық тарихымыздың жоғалғанын түгендеу жолындағы ізденістерді жинақтау ғана. Сарайшық қаласы мен үшін ортағасырларда Алтын Орда хандары мен қазақ хандарының сарайы болған, Ұлы Жібек жолында бой көтеріп, көркейген. Керемет арман қала болып қалады. Қираған үйінді қаланы емес, Ақжайықтың бойындағы әсем де ,әдемі

кала деп көз алдыма елестетемін. Сарайшық қаласы жыл сайын археологиялық зерттеулер нәтижесінде қазылып келеді. Содан бері ұлы ордамыз болған шаһардан көп қабатты қонақ үйлер, XIII ғасырдың моншасы, құбыр кәріздері, үлкен алып мұнаралардың қалдықтары, қазіргі біздің қолданысымызға табан кафелдері, түрлі көздің жауын алар тұрмыстық заттар табылды. Сондықтан хан ордасы болған, Алтын Орданың ресми маңызды қаласы Сарайшық туризм тұрғысынан әлі де мыңдаған туристі өзіне шақырып, сан қырлы сикырын ұсына алады. Ол үшін мемлекет басымдық берген «100 нақты қадам» бағдарламасы аясында тұралаған Сарайшықтың туризм әлеуетін дамытып, күрделі жөндеуден өткізуге болады. Бұл – біздің Сарайшыққа келместен, көне қаланың келбетін көзімізбен көрместен бұрынғы көңіл түкпірінде қастерлеп келген қиялымыз. Бағытымыз айқындалып, жолымыз шырайлы шаһардың шекарасына жақындаған сайын ертегілер еліне келе жатқандай айрықша әсерленіп, қиял қанатында қалықтадық. Сарайшық! Салтанаты асқан, мейманасы тасқан шырайлы шаһар. Туған халқының өткеніне бейжай қарамайтын әрбір қазақ үшін бұл қала өзінің тағылымды тарихымен, өрелі өркениетімен, сәнді сәулетімен бағалы, талай марғасқа хандар мен апайтөс батырлар тұлпары тұяғының ізі қалуымен қастерлі.

XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн-Баттута былай дейді: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол — Ұлы су (Жайық) жағасына орналасқан. «Жук» — деген сөз бұл жерде «кіші» — деген мағынада, сонымен бұл қала — «Кіші Сарай».



Хан ордасының жанында, кең далада әдетте «қызмет көрсету салаларының» басқа да өкілдері өздерінің отбасыларымен, қызметшілермен, барлық шаруашылықтарымен бірге жүрді. Демек, қаланың Сарайшық аталуы — Кіші Сарай атынан туындаған деп жорамал жасауымызға болады, өйткені, шаһардың бұлайша аталуы қаланың өмір сүрген кезеңдеріне тұтастай жалғасты және орта ғасырдан біздің дәуірімізге жеткен деректерде де өзгеріссіз сақталды.

Сарайшық-ханның екінші ордасы, яғни жазғы мекені болуы мүмкін. Алтын Орданың астанасы дәрежесіне жақындаған қала. Бұл пікіріміздің дәлелі ретінде Ибн Баттутаның Сарайшық қаласындағы Алтын Орда ханы Өзбектің (1312-1342жж) алтын шатыры туралы жазбаларына сүйенеміз. « Шатыр – алтын жапырақшалармен керілген

уықтардан тұрғызылған. Шатырдың ортасында алтын жалатылған тақ, тақтың аяқтары таза күмістен құйылған, үсті асыл тастармен әшекейленген» - дейді (2.283) Сарайшық қаласының тарихы туралы жазба деректер көп. Сарайшық қаласының Қазақ хандығының аумағында болғандығын Мұхаммед Хайдар Дулатидің: «Бұрындық хан Сарайшықта орналасты»- деген тарихи мәлімдемесін мысалға келтіру арқылы дәлелдеу [1]. Қазақ хандығының құруға біршама күшейіп нығаюына әкесі Керей ханмен бірге бар күш-жігерін арнаған қайраткердің елдің батысындағы қалаға орнығуы жайдан-жай емес екендігі түсінікті. Басты себеп, Сарайшық шаһарының саяси стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық, және мәдени-идеологиялық роліне байланысты деуге негіз болады. Сарайшық қаласының өмір сүрген уақытын «төрт кезеңге» бөлеміз. 1-кезең-ХІІІғасырға дейінгі «Ұлы Жібек жолындағы «бекеттік» дәуірі; 2-кезең- ХІІІ-ХІV ғасырлар Алтын Орда дәуірі. 3-кезең – ноғайлық дәуір; 4 – кезең – ХV-ХVІ ғасырлар Қазақ хандығы тұсындағы – тұсындағы – алғашқы Астаналық дәуір.

Сарайшық қаласының сын-сипатының көркейіп, шаһарға айналуы – оның екінші кезеңін құрайтын Алтын Орда дәуіріне сәйкес келеді. Сарайшық өңірі- ХV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда біржолата ыдырағаннан кейін қуатты саяси біртұтастықты көксеген Шығыс Дешті-Қыпшақ тайпаларының жайлы қоныс, атамекені болатын. Қазақ хандығы үшін стратегиялық-әскери жағынан өте тиімді болды [2].

Сарайшықтың батыс пен шығысты байланыстырушы аса маңызды мәнін саяхатшылар: Плано Карпини, Вильгельм Рубруе, Ибн Баттута, Джованни Мариньоло, Бальдуччи Пеголлотти, Юль бірін-бірі толықтыра сипаттаса, тарихшылар: А.Левшин, В.В.Бартольд, М.Вяткин тағы басқалар Ұлы Жібек жолының Алтын Орда дәуірінде Сарайшық арқылы өтуінің экономикалық, саяси-стратегиялық мәндерін толық ашқан. ХІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХVғасырда Алтын Орда дербес қуатты мемлекетке айналып, оның халықаралық беделі өсіп, нығайып, шетелдермен қарым-қатынасы күшейді. Сарайшық қаласы туралы Г.И.Пацевич басқа тарихшылардан өзгеше пікір айтады. Мысалы: «Раскопки развалин древнего города Сарайчик» - деген еңбегінде былай деп жазған: «Сарайшық қаласы» (Сарайжук немесе бұрынғы Сарай Бату) тарихи деректерге сүйене отырып, оны салдырған Шыңғыс ханның немересі Бату хан. Ол Ұлы су не Жайық өзенінің оң жағалауына өзен сағасынан шамамен 60 км қашықтықта салынған. Алтын Орданың басқа қалалары сияқты Сарайшық қаласында да хандар өз ақшаларын шығарып тұрған. Мысалы, **1373-1374** жылдары мұнда бір мезгілде Алтын Орда тағының мұрагерлері –Ильбан хан мен Ала Ходжалар өз аттарынан ақшаларын соқтырып айналысқа түсірген [3].



Сарайшықтың орта ғасырдағы қол өнер өндірісінің ең бір дамыған, озық үлгілерін тарихқа енгізген Алтын Орданың өндірісті қаласы екенін дәлелдеу үшін, оған тікелей археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген ғалым – археологтардың зерттеу еңбектеріне және Сарайшықтан табылған заттық жәдігерлерге жүгінеміз. Мысалы, 1937 жылы Н.Арзютов Сарайшыққа археологтардың экспедициясын бастап барып, қазба жұмысын жүргізеді. Бұл қазба жұмыстары кезінде бағалы жәдігерлер табылды. Мысалы, қыштан жасалынған сан көлемдегі қыш ыдыстар, құмыралар, олардың түрлі сынықтар, шыны фарфордан жасалған алуан түрлі сынықтары, қола пышақ-қанжарлар, айналар, ақшалар, темір шегелер, қармақтар, мыстан жасалған әртүрлі әртүрлі шағын ыдыстар, білезіктер, сырғалар сияқты әсемдік бұйымдар табылды. Бұл табылған заттарға қарап, Сарайшықтың қызу өмірлі, әрі салтанатты да ауқымды шаһар болумен қатар, өркендеген қолөнер өндірісінің де орталығы болғанын байқаймыз. Бұл пікірімізге тағы да дәлел ретінде 13 траншей- аршылған орта ғасырлық қолөнерінің өте бір бағалы дерегі ретінде күйдіру пешін алуға болады.



Мына суреттерде Ұлы Жібек жолы картасының бірнеше нұсқасы көрсетілген.

Сарайшықта XIII-XIV ғасырларда керамикалық қол өнер өндірісі дамыды. Бұған дәлел ретінде, қазба жұмыстарының барысында табылған ақ,

жасыл, көк, сары бояулармен өрнектеле жасалған кесе тәрізді ыдыстар және қола пышақтар мен айналарды алуға болады. Табылған жәдігерлерді Ә.Х.Марғұлан Бүкілодақтық археологтардың кеңесінде жасаған баяндамасында «Бұл заттардың барлығыда Сарайшықтың өзінде әзірленген, себебі ірі шеберханаларды айтпағанның өзінде, Сарайшықта жоғарыдағы керамикалық ыдыстарды жасау кезіндегі өндірістік қалдықтар өте жиі кездеседі.

Елді елең еткізетін жәдігерлер қатарына түрлі -түсті асыл тастардан тізіліп жасалынған алқалар мен құран сүресі жазылған күміс сақина болып есептеледі.



XIII-XV ғасырлар аралығында Сарайшық қаласы сауда орталығы ретінде аса зор рол атқарды. Бұл туралы осы өңір арқылы сапар шеккен саяхатшы, елшілер, ғұламалар, археологтар мен тарихшылар жазған болатын. Мысалы Әлкей Марғұлан: «Сарайшық қаласы Каспий теңізі бассейніндегі ірі қаланың ірі қаланың бірі бола тұра, ол –Европа мен Азияны жалғастыратын негізгі сауда керуен жолының бойында орналасқан. Сондықтанда Сарайшық транзиттік жол», - деп көрсетеді [2].

Сонымен қатар, Ибн-Баттута Хорезмге барар жолында Сарайшықтың үстімен жүріп, қала туралы төмендегідей нақтылы мәліметтер келтіреді. «Сарай мен Хорезм арасы қырық күншілік жол. Сарайдан шыққан соң кейін Сарайжук қаласына келдік. Осы жерден бастап біз аттарымызды арық болғандықтан арзанға, әрқайсысын 4 динарға сатып, арбамызға жегуге түйелер жалдадық. Оның себебі, алдағы жолдарымызда көліктерге азықтық шөптердің жетімсіздігі еді», - дейді [4].

Қазақ хандығына әкесі Керей ханмен бірге негіз қалаған Бұрындық хан мен Қазақ хандығын барынша кеңейтіп, нығайтқан хан Қасым неліктен Сарайшықты алғашқы Қазақ мемлекетінің астанасы етті? Сарайшық шаһарының жайылымдары, сулары, өмірге қолайлы Жайық өзенінің бойына орналасуы. Евразияның ең төте, сондықтанда тиімді шебіне орналасуы, көшпелілердің шаруашылық-тұрмыстық мүдделеріне сай келуі, осыған байланысты астана болды. Сарайшық қаласы қазақ хандығының алғашқы құрылған кезінен бастап-ақ, ел тарихындағы шешуші маңызы бар –астаналық міндетін абыроймен атқарып және ұлттық тарихымызға өшпестей із қалдырғандығын мақтаныш етумен қатар, келешек ұрпаққа үлгі етерлік тарихи алтын арқауларымыздың бірі екендігін паш ету бүгінгі дәуір міндеттерінің бірі. Ғалым –археолог Зейнолла

Самашевтің басшылығымен Батыс Қазақстан Археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, ұлттық тарихымыздың құнарлы көмбелерінің бірі – Сарайшық шаһарына жүйелі түрде қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазба жұмыстарының барысында қала көшелерінің түзу болғандығы көше енінің 4-8 метр екендігі анықталды [4, 20 б.]. Сонымен қатар, Сарайшық шаһарының әр жерінде қалаға көрік беріп тұрған ірі ғимарат, сарайлар табылып, аршыла бастады. Осындай ірі құрылыстардың бірі көлемі 20x220 метрлік-зәмбия (керуен) Сарай. Ірі құрылыстардағы бөлмелер саны 40 жеткен. Бұл сарайлар құрметті қонақтарға, бай көпес-саудагерлерге, ғибадатшыларға саяхатшыларға арналып салынған дейді зерттеуші ғалым З.Самашев.

Сарайшық тұрғындары жаз айларын бау-бақшасы және егістігі бар қала маңындағы үйлерде өткізген. Бау-бақша өнімдерімен қатар, арпа мен тарыда өсірген. Қалада сүйектен әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберханалар болған. Бұл шеберханаларда әртүрлі толғалар, садақтың қаптамалары, қорамсаның әшекей бөліктері, тері өңдеуге қажетті бұйымдар жас алуан шырағдандар болып есептеледі. Қазба жұмыстары барысында тері өңдеушілердің былғарыдан жасалған қоржын, белдік, мäs пен өкшелі етіктер, кебістер, күртелер, мес, ертоқымдар табылды. Шыны өңдеу де жақсы сұраныста болған. Моншақтар, жүзіктер, әртүрлі ыдыстар, түрлі-түсті терезе әйнектері сарайларға көрік берген. Сарайшық қаласының тұрғындары өз дәуіріндегі жоғары деңгейдегі сауаттылығымен ерекшеленеді. Өйткені қазба кезінде табылған ыдыстардағы, қола бұйымдардағы және қағаздардағы әртүрлі мағынадағы жазулар бұған дәлел. Сондай, бір үлкен қыш ыдыс хұмның сыртына Жүсіп Баласағұни поэмасынан:

«Адам көркі-жүз, бұл жүз көркі-көз,

Ауыз көркі –тіл, бұл тіл көркі-сөз.

Тағы көркі кісіге-білім мен өнер,

Жанын құрбан етер, білім үшін-ер, -деген үзінді жазылған. Керуен жолдарының тоғыз торабында ірге көтерген Сарайшық шаһары кең ауқымдағы халықаралық саудаға белсене араласқан. Сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді.

Сарайшық-Евразияның даласындағы көптеген елді өркениет пен өрлікке, елдік пен ерлікке ,бірлік пен тірлікке, ақыл-парасат пен бауырластыққа баулыған Алтын Орда елінен қалған сары жұрт. Ол Қасым хан билік құрған кезде Қазақ хандығының астанасы болды.

Сарайшық-Евразияның даласындағы көптеген елді өркениет пен өрлікке, елдік пен ерлікке, бірлік пен тірлікке, ақыл-парасат пен бауырластыққа баулыған Алтын Орда елінен қалған сары жұрт. Ол Қасым хан билік құрған кезде Қазақ хандығының астанасы болды.

Ортағасырлық Сарайшықтың бай тарихы, географиялық жағдайы, көне қала маңындағы құлпытастар, қабірханалар, мазар құндылары, аңыз-әңгімелері тарихи тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Өкінішке орай осындай керемет қаланың, Қазақстан тарихының көрнекті ескерткіші –Сарайшықтың бүгінгі таңдағы жайы өте нашар. Тарих қойнауында қалып, мәңгілік жоғалып кетеме деген қаупім бар.

Әдебиеттер тізімі.

1. Мұстафин.Ж. Сарайшық қаласының қалыптасуы. Қазақ тарихы. 2001 б.
- 2.Ортағасырлық Сарайшықтағы тарихи ескерткіштер. Алматы, 2021 ж.- 40 б.
3. Самашев.З. Сарайшықтан табылған ақшалар. // Абай. 2007 ж.
- 4.Мұстафин Ж.Ж. Ортағасырлық Сарайшық .Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015ж. 100 б.

САРАЙШЫҚ-АҢЫЗ ҚАЛА

Д.Хайретденова - № 19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-гимназиясының 6-сынып оқушысы

Жетекшісі: Т.Е. Аксерикова магистр педагог-зерттеуші, Атырау қ.

Сарайшық XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды бекеттердің бірі. Хан Ордасы болған ортағасырлық қала. Академик Ә.Марғұланның пікірінше ,Сарайшық кезінде дүниеге аты әйгілі болған Алтын Орда мемлекетінің астанасы Бату Сарайымен қатар XIII ғасырдың орта шенінде салынған.Сонау VI-VIII ғасырларда Қытайдан шыққан Жібек жолы керуені Сыр бойын-жағалай келіп,Маңғыстау даласы,Каспий арқылы Дербентке өтіп ,одан әрі ішкі Еуропадағы жол тартса,Алтын Орданың өмірге келуі XIII-XVI ғасырларда бұл керуен жолының Солтүстік Каспий тармағының жандануына, сөйтіп бұл бағыттағы қалалар мен елді мекендердің тез дамуына, солардың бірі-Сарайшықтың да гүлденуіне тікелей әсер етті.Аталған кезеңде Сарайшықта Жібек жолының бірнеше тармақтары тоғысты:

-Қытайдан жібек артқан керуен жолдың тіке батысқа шығар тармағымен Алакөл, Тараз, Отырар арқылы Сыр бойын жағалап Сарайшыққа келсе,-жолдың Қытайдан шығатын келесі бір тармағы Пәкістан, Үнді елдерін аралап, Үргеніш арқылы Сарайшыққа,-үшінші тармақ сонау Араб елінен одан бергі түстік елдерін түгелге жуық аралап Сарайшыққа,-келесе Түркия

жаққа шығатын жол тармағы,бәрі-бәрі Сарайшыққа тоғысып,сол кездегі астана қалалар –Еділ бойындағы Бату мен Берке атындағы Сарайлардың бірі арқылы одан әрі Еуропаға асатын.XIV ғ.соңында Ақсақ Темір шапқыншылығынан Жібек жолының негізгі бөлігі жұмысын тоқтатты делінеді тарихта. Дегенмен XV-XVII ғ тіпті XIX-ғасырдың ішінде Ресейден Сарайшық, Үргеніш арқылы оңтүстік елдеріне сауда керуендерінің жүріп тұрғандығы туралы деректер бар.Әр керуенде бірнеше мыңдаған көлік пен әлденеше де жүздеген адамдар болатынын ескерсек, Сарайшық керуен сарайларында аптасына бірнеше керуенді қабылдау қаншалықты ауқымды шаруа болғандығын елестету қиын емес.Күні –түні ағылған керуен Сарайшық үшін байлықтың көзі болды.Қала тез өсті,байып түсті,қалада сол заманғы шығыстық сәулет өнерінің өзық үлгілерімен салынған ғимараттар көбейді.Дүниенің түкпір-түкпірінен керуенмен келген әртүрлі елдердің өкілдерін тамсандырған ғимараттар, Алтын Орданың қалаларында аз болмапты.Кезінде орыс патшасы өзінің Мәскеуінде атақты Қызыл Алаңды салдырарда оның жоба-үлгісін Бату Сарайынан алыпты-ау.

XXI ғасыр көрерменін сүйсіндірген Мәскеудегі әкімшіліктер бұдан жеті ғасыр бұрын Сарайшықта жасалған.Алтын Орданы басқарған Бату қайтыс болып,інісі Берке таққа отырды.Мысыр еліне құл ретінде сатылып барып,сол елдің хан тағына көтерілетін қыпшақ ұланы Бейбарыстың Берке хан қайын атасы екендігі оқырманға белгілі. Сол Беркенің орта ғасыр тарихында айтыла бермейтін ерекшелігі-оның Сарайшықты Алтын Ордада мұсылмандардың діни орталығы жасауы.Сөйтіп Сарайшық Алтын Орданың рухани астанасына айналды.Берке бұнда мемлекет қазынасынан әдейі қаржы бөлдіріп,мешіттер салдырды,діндарларды,дәуіштерді тіпті қайыршыларды да тегін тамақтандыратын,жатқызатын орындар салуға оның үзіліссіз жұмыс істеп тұруына мүмкіндік жасаған.Ендігі қазба жұмыстарынан күтеріміз,ескі қаладағы қорған сыртында орналасқан делінетін шеберханалар мен керуен сарайлар туралы құнды деректер болмақ.Қойнауы сырға толы Сарайшық - аңыз қала мен осындай тарихи өлкеде тұратыныма қуанамын.

КӨНЕ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ

А. Шадиярова - № 42 жалпы орта мектебінің
10 сынып оқушысы

Жетекшісі: А.К. Калиева, тарих пәнінің мұғалімі. Атырау қ.

Ортағасырлық Сарайшық ежелден жиһанкездер мен зерттеушілердің назарынан тыс қалып көрмеген қала. Еуропа мен Азияның шекарасы саналатын тұста орналасып, заманында Алтын Орда сынды алпауыт мемлекетті Еуразия құрлығындағы сауда-қолөнері дамыған барша қалалармен байланыстыратын күре жолда жатқан Сарайшыққа ат ізін салушылар көп болған. Қазіргі уақытта қала жұртынан импорттық бұйымдар мен барыс-келіс, ауыс-түйісте болған мемлекеттердің ақшаларының табылып жатуы және ортағасырлық саяхатшы, дінтартушы, көпестер жасаған карталарында Сарайшықтың белгіленуі осының дәлелі.

Жалпы Сарайшық тақырыбы көптеген жазба деректер мен ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалаларға арқау болса да, оның зерттелуі соңғы 30 жылға жуық уақыт ішінде ғана ілгері басып, 2001-2008 жж. аралығында археолог, т.ғ.д. З. Самашев бастаған авторлар тобының «Сарайшық» [1], «Сарайшық тиындары», «Сарайшықтың қыш бұйымдары» [2] атты үш, ресейлік зерттеуші В.В. Трепавловтың «Ноғай ордасының тарихы» [3] атты бір монографиялық еңбектері жарық көрді.

Бүгінгі таңда зерттеу еңбектерінде Сарайшық қаласының тарихы Алтын Орда кезеңінен бастау алатыны туралы айтылады. Бірақ қандай да бір қала болмасын айдалаға емес, әлдебір елді мекеннің үстінен салынатыны белгілі. В.В. Трепавлов монғол кезеңіне дейін бұл жерлерде қандай да бір қоныстың болу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Ол өз пайымдауын С.П. Толстовтың 1950 жылы Сарайшықта жүргізген археологиялық экспедициясы нәтижесінде монғол дәуіріне дейінгі қабаттың анықталғанымен түсіндіреді. Сарайшық туралы ортағасырлық жазба деректер қатарын З.Самашевтың да, В.В. Трепавловтың да аталған еңбектерінен көруге болады. Солардың ішіндегі қызықты деген тұстарына төменде кеңірек тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Шығыс деректерінде Сарайшық туралы Берке хан билік құрған кезден бастап айтылады (1250 жылдардың екінші жартысы). З. Самашев пен В.В.Трепавлов Сарайшық туралы алғашқы шығыс жазба деректерінің қатарында – Берке хан Сарайшықта ислам дінін қабылдады деп жазылған Әбілғазының және Берке хан өзінің таққа отыру салтанатын өткізу үшін Үргеніштен шығып Сарай әл-Махрусқа барар жолында Сарайшықтың үстімен өтті деп келтірген Өтеміс қажының еңбектерін атайды. Бұл деректерге тереңірек тоқталар болсақ, Әбілғазы Баһадүр хан өзінің «Түрік шежіресі» кітабында: «Берке хан хан тағына отырған соң үлкен той өткізіп, көптеген сыйлықтар таратты. Бауырларына Бату ханнан қалған еншілерін бөліп берді. Қағанға үлкен сыйлықтар жібертті. Күндердің бір күні құдай оның жүрегіне иман ұялатып, осыған дейін оның теріс жолда жүргенін білдіртті. Ол былай болған еді: бірде ол сапарлап ағасы салдырған Сарайшық қаласына келіп, ол жерде Бұхарадан келіп тұрған үлкен керуенді кезіктіреді.

Осы керуеннің ішінен екі жақсы адамды оңаша жерге ертіп апарып олардан мұсылман дінінің ілімі мен шарттары туралы сұрастыра бастайды. Әлгі екі адам оған мұсылмандықтың мәнін егжей-тегжейлі түсіндіріп береді. Бағы жанған әмірші Берке хан шын жүрегімен исламды қабыл етеді. Артынша інісі Тоқай-Темірді өзіне шақыртып алып сырын ашады, ол да мұсылмандыққа бас иеді. Кейіннен бүкіл халқына ислам дінін жария етіп, қабыл алмағандарға қаталдық танытып қуғындай бастайды», - деп жазады. Сонымен қатар, Ибн-Батутаның «Саяхатнама» кітабының И. Ибрагимов аударған «Хорезмге сапар» бөлімінде: «Сарайдан шыққаннан он күн өткен соң біз Сарайджук, яғни джук дегені «кіші» дегенді білдіретін қалаға келіп тоқтадық. Бұл оның кіші Сарай екенін білдірсе керек. Қала Ұлысу деп аталатын суы мол ірі өзеннің жағасында орналасқан екен. Бұл жерде Бағдаттағыдай қайықтан жасалған көпір бар. Бұл жерде ат-арбамен жүрген саяхатымыз аяқталды. Біз бұл жерде жылқыларды төрт динардан, тіпті одан кем бағаға да саттық. Аттарымыз әлсіз болатын, әрі бұл жерде жылқы арзан тұрады екен. Орнына арбаға жегетін түйе жалдадық. Бұнда түркілердің ақсақалы отыратын завия бар екен. Ол бізге қонақасын және батасын берді. Бізді осы қаланың қадіі де қабылдаған болатын, бірақ оның аты есімде қалмапты» - деп жазылған.

Алтын Орда дәуіріндегі Сарайшықты заманауи авторлар түрліше сипаттайды: бірі Жошы Ұлысының қос Сарайдан кейінгі ірі қалаларының бірі деп санаса, екіншілері тысқары жатқан сауда орталығы деп қарастырады. Оның ноғай кезеңіне қатысты тарихы да түрліше жазылып жүр. В.В. Трепавлов осы жөнінде: «Тарихшылар әдетте Сарайшықты ноғайдың бір биінің қысқы ордасы ретінде қарастырады. Ондағы өмір тым жұпыны, аздаған сауда-саттығы, кейбір әкімшілік мекемелері, түрме мен зираты бар қоңырқай тірлігі бар қала болған деп таниды», - деп жазады.

Алтынорда кезеңіндегі және одан кейінгі кез келген қалалар тәрізді Сарайшықтың да өз басқару органы болған. Оның билеушісін даруға деп атаған. Сарайшықтың даруғасы қызметін 1420 ж. қыпшақ Айиас бек, Исмаилдың кезінде Қарақожа бидің күйеу баласы атқарған. Ноғай істерінде «Сарайшықта үлкен сейіт Икисат сейіт» деген жазбалар бар, шамасы – сейіт деген астана мен Орданың ең жоғары діни атағы болса керек. Ішкі құрылыстарға келер болсақ, ол жерде 1562 жылы бидің сарайын және 1564 жылы мешіт тұрғызу жоспары болғандығы туралы мәлімет бар. Ол жерде түрме де болған, 1515 ж. Шейх-Мұхаммед б. Мұса бәсекелесі Алчаги-ромның қолымен осы түрмеге қамалған екен.

Маңғыт мемлекетінің жалғыз қаласының отырықшы халқының қалай қалыптасқаны туралы мәлімет жоқ. Қалалықтардың белгілі бір бөлігі ежелден, Алтынорда дәуірінен келе жатқан тұрғындар болуы ықтимал, сонымен қатар бұл жерге жұтап қалған көшпелілер де қоныс тепкен болуы мүмкін. В.В. Трепавловтың айтуынша әзірге тек бір деректі ғана, Темір талқандаған бұлғарлардың Жайық бойына орныққаны туралы жазылған башқұрт шежіресін кездестірген.

Дешті Қыпшақ жұртының арасындағы қайшылықтар мен шиеленістер ноғай астанасына бірнеше рет ықпал еткен. Казактар да ондаған жылдар

бойы қаланы бірнеше рет жаулап алып талқандап отырған. Сарайшықты ең соңғы, түбегейлі күйреткен соққыны да солар 1581 ж. жасаған. Бірақ кейбір деректерде, атап айтқанда Ә.Х. Марғұланның пікірінше, Сарайшық астана ретінде өз маңызын Ноғай Ордасындағы дағдарыс кезінде-ақ жоғалтқан деп жазады.

Тұрғындардың шаруашылық-экономикалық жағдайы: қолөнері, қыш өндірісі және ақша айналымы. Тұрғындардың шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік жағдайларының бірінші көрсеткіші ол тұрғын-жайлары десек, ең алдымен, бірінші кезең, XIII ғ. қала іргетасы қаланған сәтінен Өзбек хан билікке келгенге дейінгі аралықта өмір сүрген, осы қаланың іргетасын қалаған халықтың құрылысты жоспарсыз жүргізбегенін, үйлерін 2–4 бөлмелі етіп, көшпелі жұртқа тән дәстүрді сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен, жылыту жүйесі мен азық-түлік қоймасының болуын ескеріп мұқият салғанын көреміз.

Ортағасырлық қалаларға тән дәстүрмен қала төңірегі де игеріліп, қала жұртшылығын азықпен қамтамасыз ететін егістіктері мен бау-бақшалары болған. Сарайшық тұрғындары өздерінің жазғы уақыттарын сол жердегі үйлерінде өткізген. Олар сондай-ақ, Жайықтың жағасындағы жайылымдық жерлерде керуеншілердің қызметіне қажетті жылқылар мен түйелерді ұстаған. Қаланың және қала сыртындағы үй-жайлардың аумағынан шалғылар, орақтар, кетпендер және шығырға арналған құмыра пішіндес ыдыстар табылған. Шығыр су диірмені тәріздендіріп жасалған, үлкен ағаш дөңгелегі болған, оған ыдыстар бекітіліп, дөңгелектің астыңғы жағындағы ыдыстармен су алынып, ол су жоғары жағына жеткен кезде арықтардың бас жағына орнатылған ағаш астауларға құйылып отырған. Шығыр дөңгелегін малдың күшімен тартқан.

Қала халқы бау-бақша өнімдерімен бірге тары мен арпа өсірген. Оған шаруашылық шұңқырларынан табылған астық өнімдерінің қалдықтары дәлел бола алады. Сарайшық билеушілері XVI ғ. кейінірек, орыстың астық өсіретін жерлерінен қала егістіктеріне қажетті астық тұқымдарын көптеп жібертуді сұратқаны туралы дерек бар. Сарайшық маңында егістік жерлердің көп болғандығына тастан жасалған қол диірмендерінің көптеп табылуы да дәлел бола алады.

Археологиялық қазба барысында анықталған қалалықтардың тамақ қалдықтары олардың ас мәзірі де уақыт өткен сайын өзгеріп отырғанын көрсетеді. Өзбек және Жәнібек хандардың кезінде (1320-1340 жж.) тұрғындардың дастарханында қызыл балық, ірі сазандар, сиыр және қой еттері, тауық пен қаз еттері болғаны байқалады. Жылқы еті, ара-тұра түйе етін де тұтынған. Келесі, 1360 ж. басталатын кезеңде келтірілген рационға өзгерістер енгені: қой мен ірі қараның етін тұтыну жиілеп, жылқы, түйе және ешкі етін қолдану азая түседі. Қазбадан қабан мен киіктің сүйектері де шыққандығы туралы айтылған. Көксерке, сазан, қызыл балықтың сүйектері де там-тұмдап кездесіп қалады. Ал балықтың қабыршағы мен частик тұқымдас балықтардың сүйектерінің кездесуі жиілей түседі. Жалпы, тұтастай алғанда қала тіршілігі жоғарыда аталған кезеңдердің қай-қайсысын

қарастырғанда да, ортағасырлардағы алтынордалық дәстүрлі қала тұрмысы көз алдымызға келеді. Ұлы Жібек жолының Азия мен Еуропаны байланыстырып тұрған күре жолдарының бірінде орналасқан Сарайшық керуендер лек-лек болып келіп, ат-көліктерін ауыстырып, жағасына кемелер аялдап, көпестер сауда-айырбас жұмыстарын жүргізіп, дінтартушылар мен саяхатшылар ізі бір басылмай, теңге сарайларында түрлі тиындар, ұстаханаларда тұрмыстық бұйымдар мен ат-арба бөлшектері соғылып, көзеші дөңгелегі тыным таппай зырылдап тұрған, моншаларында игі жақсылары келіссөздер жүргізіп, бір жағында Үргенішке, бір жағында Сарайға, бір жағында Сауран, Түркістан, Алмалыққа бет алған керуендер тізбегі көрінетін тоғыз жолдың торабындағы тірек шаһар болып көрінеді.

Сарайшықтың қыш ыдыстар жинағы қолөнер өндірісінде мемлекет дамуының түрлі кезеңдеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктер болғанын көрсетеді.

Қыштан бұйым жасау өндірісінің ұлғаю және тұрақтану уақытын қыштан жасалған заттардың жаңа үлгілері мен өрнектерінің пайда болуымен, сондай-ақ оларды жасаудың технологиялық әдістерінің жетілдіріле түсуімен сипаттауға болады.

Өндіріс ошақтарының көпшілігіндегі бұйымдар мен сәулеттік өрнектердің түрлері бір-біріне жуықтай түседі. Олар молынан өндіріліп Алтын Орда қалаларына тез тарап отырған. Қыштан бұйым жасау деңгейін өзара салыстыру олардың теңесе бастағанын байқатады. Қалаларда белгілі бір бұйым түрлерін шығаратын цехтар орналасқан тұтас бір орамдар пайда бола бастайды.

Сарайшықтан табылған осындай өндірістік орамдар сол кезеңдерде қаланың экономикалық жағынан тез өрлеуіне септігін тигізіп отырған.

Сондай-ақ алтынордалық қалаларда технологиялық әдістеріндегі бағыттары мен стилі әртүрлі шеберлер ортасы (мектебі) қалыптаса бастайды.

Ортағасырлық мемлекеттерде кең тараған бұйымдардың бірі – қызыл балшықтан жасалған ыдыс болып табылады. Сол себепті қыш өндірісінің ошақтарын, Сарайшықтың экономикалық мүдделеріндегі негізгі бағыттарды және тағы да басқа бірқатар мәселелердің басын ашып алу үшін ыдыс қамырының құрамы мен бұйымдардың пішіндерін зерттеу және өрнектер жүйесін топтау мен сараптаудың маңызы зор. Сол сияқты Сарайшықта да басқа жерлерден келген қолөнершілер мен көпестер өз алдына жерлестіктер құрып тұрақты тұрған болса керек.

Бүгінгі таңда қазақстан тарихы мен археологиясы 2008 ж. Сарайшықтың қыштан жасалған заттар жинағына қатысты мәліметтер қорын толтыру, сондай-ақ, Жошы ұлысында және оның орнында пайда болған түрлі мемлекеттік бірлестіктерде орын алған саяси-экономикалық жағдайларды зерттеу барысында туындаған күрделі ғылыми мәселелерді шешу бағытында жазылған іргелі ғылыми еңбекпен «Сарайшықтың қыш бұйымдары» кітабынан белгілі.

Ақша айналымы. Қазақ даласындағы Сарайшықтан, сондай-ақ Алтын Орданың және кейінгі ортағасырлық Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының мемлекеттерінің ортағасырлық қалалары мен қоныстарынан табылған

нумизматикалық жәдігерлерден ақша айналымының маңызды орын алғанын көреміз. Қазақстан нумизматикасына серпіліс 2006 ж. келіп, осы жылы үш бірдей монографиялық зерттеулер жарық көрді.

Сарайшықтан табылған тиындар жинағы XIII ғ. соңы мен XV ғ. жатқызылады. Беркенің тұсында (1257-1266 жж.) ақша салмағын реттеу реформасы жүзеге асырылып, 4,26 гр қалыпты мысқал жүйесінің салмағы 4,68 гр болып өзгертіледі. Мұндағы мақсат – мемлекет аумағында бірыңғай ақша өлшемін енгізу, сауда қатынастарындағы бағаны тұрақтандыру болды. Берке ханның кезінде ұлыстың дербестігі нығая түсіп, монғол империясынан оқшаулану үрдісі байқалды. Осының дәлелі ретінде, бұл кезеңде Батыйдың таңбасы және мұсылмандық белгілер қосылып соғылған тиындар пайда бола бастағанын айтуға болады. Жошы ұлысының өз алдына дербес өмір сүре бастағанын осыдан да көруге болады.

Сарайшықтан табылған теңгелердің ең көнесі Батыйдың немересі Менгу Темір (1266-1282 жж.) билік еткен кезде Үкекте соғылған дирхем болып саналады. Бұл Сарайшықтың Булғар, Сарай әл-Жадид, Үкек, Гүлістан, Сарай, Азақ және т.б. ұлыстың басқа да негізгі қалаларымен сауда-экономикалық байланысы үзілмегеніне дәлел бола алады.

Сарайшық Берке хан мен Өзбек хан исламды қабылдаған тұста қарқынды дамып, қоғамдық және діни ғимараттар бой көтере бастайды. Қаланың гүлдену кезеңін табылған теңгелер негізінде сипаттауға болады.

Жошы ұлысының ең бір гүлденген дәуірі Өзбек және Жәнібек хандардың билік еткен кезеңі болды. Аталмыш билеушілердің атынан шығарылған тиындар Сарайшықтан көптеп табылып отыр. Яғни, Өзбек ханның билік еткен кезі (1312-1342 жж.) Сарайшықтағы тұрақтылық пен гүлденудің шегіне жеткен уақыты болған. Шын мәнінде ақша-тауар айналымы 30 жыл билік еткен Өзбек ханның тұсында ең жоғары деңгейге жеткен. Алтын, мыс тиындар мемлекет базарында есепсіз қолданыста болды. Ол билік еткен тұста империяның территориясы Ертіс пен Батыс Сібірге дейін кеңейді. Көптеген қалалар мен жаңа қоныстар бой көтерді, Сарайшық қаласы гүлденген үстіне гүлдене берді. Соңғы уақыттардағы археологиялық зертеу жұмыстары осы дәуірде қалалардың жаппай салынғанын көрсетіп отыр. Осы кездің қалалары көшелерін кең етіп, алаңдар қосып, әрбір орамы жақсылап жоспарланып салынды.

Өзбек билік еткен тұстағы теңгелердің арасында Хорезмде соғылған түрлі тиындар кездесіп жатады. Сонымен қатар Өзбек ханның кезінде жасалған мыс теңгелердің арасында «Он алты пул теңге» деп аталатын ақша бар. Оның салмағы 0,76 гр құраған. Теңгенің осындай нақты бағасын белгілеп соғу сауда қатынастарын реттеу үшін жасалған, бұл жайт қарастырылып отырған кезең үшін ерекше оқиғалардың бірі саналған. Ол заманда бір күміс тиын 32 мыс тиынға теңгерілетін. Осы уақыттарда мыс тиындардың бетіне әр түрлі бейнелер, кескіндер салына бастаған. Сонымен қатар, мыс тиындардың бетінде «жаңа пул құтты болсын» деген сөздердің бар екендігін де байқаймыз. Негізі мыс тиындардың аса жоғары бағаланбады. Себебі күміс тиындар ғана өз салмағына сай бағаланатындықтан ақша

айналымында жиі қолданылатын еді. Өзбектің ортаншы ұлы Жәнібек хан (1341-1357 жж.) өзін «әкесіндей әділетті, билеуші де қамқоршы» деп соқтырған екен.

Сарайшықта тиындар XIV ғ. екінші жартысы мен ортасында соғыла бастайды. Алтын Ордадағы барлық тиын сарайларында 1376-1395 жж. тиындар Тоқтамыстың атымен соғыла бастады. Оның билік жүргізуінің бас кезінде ақша реформасы жасалады.

Қазақ хандығының алғашқы билеушілерінің бірі Қасым ханның тұсында (1511-1521 жж.) мемлекеттің құдыреті күшейеді. Каспий мен Жайықтың даласы оның аумағына енеді, Сарайшық бір кездері хандықтың ордасына айналады. Тарихи деректер бойынша Қасым хан Сарайшықта дүние салып, осында жерленеді. Елдің шығысында орын алған оқиғалар салдарынан егемендік үшін күресуге мәжбүр болған қазақ хандарына Сарайшықты тастап кету тура келеді. Сарайшық көп ұзамай негізінен Еділ мен Жайық арасын мекен еткен Маңғыт жұртының немесе Ноғай ордасының астанасы болып сала берді. Сарайшық Қасым ханның мұрагері Хақназар (1538-1580 жж.) хан билік еткен кезде 1568 ж. тағы да Қазақ хандығының құрамына енгізіледі. Сарайшықтың топографиясына XV ғ. үшінші ширегінде өзгерістер орын алады. қаланың батыс бөлігіндегі тұрғын үйлер қаңырап қалып, тұрғындар оңтүстік-шығыс бөлігіне, өзен ағысы бойлай шоғырлана бастайды. Қаланың осы бөлігінде орналасқан XV–XVI ғғ. үйлердің қалдықтарына археологиялық зерттеулер жүргізілген. Осы қазбалар барысында табылған тиындар Булғар, Бақшасарай, Орду, Қырық Йер, Биік Базар қалаларында соғылған болып шықты. Мәдени қабаттың үстіңгі бөлігінен табылған материалдар арасынан Сырдарияның орта ағысын бойлай орналасқан қалалардың пулдарына ұқсас пулдар кездеседі. Олардың арасында бірінші рет кездесіп отырған пул да бар. Оған таңба соғылған және әзірше оқылуы мүмкін болмай отырған мәтіннің әріп қалдықтары бар. Ғалымдардың пікірінше, осылардың кейбірі Сарайшықтың теңге сарайларында соғылды деп айтуға әбден негіз бар. Осылайша, қаланың гүлденуі XIII ғ. басынан басталған. Оның кәдімгідей мәдени-экономикалық өрлеу уақыты болғанына шек келтіре алмаймыз. Қаланың өз теңгелерін соғып шығара бастауы XIII ғ. жатады, ара-тұра саябырсып қалса да XV ғ. дейін жалғасқаны байқалады.

Империяның сән-салтанатын келістіріп тұрғызған орталық қалаларына жан-жақтан саудагерлер өз тауарларымен ағылып келіп жатты. Сарай, Сарайшық, Тебриз, Сарай әл-Джадид, Үкек, Қажытархан, Азақ, Биляр, Булғар, Қырым, Орду Базар, Мажар, Орду және т.б. қалаларына Қытай, Үндістан, Хорезм, Сирия, Мысыр және т.б. шетелдерден саудагерлер (мата, торғын, торқа және т.б. тауарларын өткізу үшін) дамылсыз ағылып келіп жатты. Ал көпестер өз кезегінде Жошы ұлысындағы дала көшпелілерінің жылқыларын сатып алып Үндістан, Парсы, Еуропа елдеріне саудалайтын болған.

Сарайшықтан табылған алтын, күміс, мыс теңгелер Жошы ұлысының саяси-экономикалық келбетін нақтылауға, әсіресе орданың теңге шығару

тарихын айқындауға негізгі дерек бола алады. Сонымен бірге, империя хандарының, түгелінің болмаса да ең негізгі билеушілерінің тиындарының қаладан молынан табылуы Сарайшықта ақша айналымының, сауда қатынастарының қарқынды дамығанын, сауда жолы торабындағы негізгі қалалардың бірі әрі бірегейі болғандығын дәлелдейді.

Тарихта Ұлы жібек жолының күре тамырындағы Еуропа мен Азияны жалғастырып жатқан тірек пункттердің бірі болған, Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ Хандығы сынды іргелі мемлекеттердің рухани астанасы саналған, бүгінде тәуелсіз Қазақстан елі үшін сакральды орындардың біріне айналған ортағасырлық Сарайшық өз заманында атағы әлемге жайылған қалалардың бірі болса, қазіргі уақытта қойнына жасырған сырын толық аша қоймаған жұмбақ мекен.

Сарайшық қаласы негізінен, Жошы ұлысының шығыс жағында көршілес жатқан Қытай, Иран, Үндістан, Хорезм елдерімен саяси-экономикалық, әскери, әлеуметтік және т.б. мемлекеттік маңызы бар қызметтерді жүргізетін орталық тұрғызу қажеттілігі тууына байланысты бой көтерген болатын. Зерттеушілер қаланың көне қоныстың орнына салынуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Сарайшықтың көне қабаттары хазарлардың ежелгі Саксин қаласының орны немесе Хорезмнен қоныс аударғандар орныққан жер болуы мүмкін, сондай-ақ печенег-оғыздардың қонысы болған деген де болжамдар бар.

Суы мол, жасыл желекті оазиске Бату ханның тікелей бұйрық етуімен танымал қолөнершілер мен сәулетшілер жиналып жаңа қала тұрғызуды қолға алады. Бұл қала, яғни Сарайшық көп ұзамай базарлары, керуен сарайлары, мешіттері мен моншалары, медреселері, жергілікті билеушілер мен ақсүйектердің сәнді сарайлары бар ірі қалалардың біріне, империяның маңызды орталықтарының біріне айналып үлгереді. Сонымен қатар, Сарайшық XVI ғ. дейін Дешті-Қыпшақ жерінің әкімшілік орталығы қызметін де қатар алып жүреді.

Сарайшықтан табылған ең көне тиын Алтын Орданың ханы Менгу Темірге тиесілі екені анықталды. Сарайшық тұрғындары қолөнердің барлық түрімен шұғылданды, ішіндегі ең үздігі қыш өндірісі болды. Сарайшық халқы сауаттылығымен де ерекшеленді. Оған қазба барысында табылған жазулары бар жәдігерлер дәлел бола алады.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с
2. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Керамика Сарайчика. – Алматы, 2008. – 264 с.
3. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. – 764 с

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ - ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ МЕКЕНІ

Д.Ж. Аяпберген - Аққыстау орта мектебінің 9-сынып оқушысы, Атырау облысы, Исатай ауданы

Жетекшісі: Қойшекен С., Аққыстау орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.

Андатпа. Мақалада қазақтың киелі мекені Сарайшық қаласы туралы, оның тарихтағы алатын орны, осы мәдени мұраны кейінгі ұрпаққа сақтап қалудың маңызды екені туралы айтылады.

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы барша қоғамымызға зор сілкініс әкелді. Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасы ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге мән беріп, «Идеяның түп төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, алтайдағы көне қорымдар мен өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» деп жаңаша ізденістер мен нақты атқарылар жұмыстарды көрсетіп берді [1].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деген болатын. Сондай қасиетті жерлеріміздің бірі – Сарайшық [2].

1333-1334 жылдары «Мен бүкіл әлемді шарлап шықтым, Сарайшық Бағдаттан кейінгі ең үлкен қала екен. Ол жерде ханның мөлшерлемелері, төрт жалтыраған мешіт және көптеген қонақ үйлер орналасқан. Мені таң қалдырған бұл емес, су жіберу жүйесі Сарайшықта әрбір үйге өзі кіреді. Осыны көргеннен кейін мен шын мәнінде таң қалдым» деген араб саяхатшысы Ибн Баттутаның жазбасы біз танып болмаған Сарайшық қаласының сан қатпарлы тарихына бас игізеді.

Сарайшық қаласының пайда болған уақытының өзі нақты дәлелдене қойған жоқ. Мәселен, Әбілғазы «Түрік шежіресі» еңбегінде қаланың салынуын Батый ханнан бастайды. Бұл пікірді белгілі ғалым, академик Қ.Байпақов: «Жазба ескеркіштерге назар аударсақ қала Алтын Орданың негізін қалаған Батый хан бұйрығымен салынған» деп қолдау білдіреді. Бұл пікірлер Сарайшық қаласының XIII ғасырда Сарай Бату (1254-1480), Сарай Берке (1260-1395) қалаларымен қатарлас өмір сүргенін айғақтайды [3].

Жағрапияда «тундра», көне түрік тілінде «түнжыра» аталған аймақтың түстігі мен осы күнгі қазақ, башқұрт жерлерінің билеушісі Жошы хан қаза тапқан соң Шыңғыс хан немересі, Жошы хан ұлы Батый хан ата, әке аманатын орындап, Еділ-Жайықты қол астына қаратты. Жаулап алуды, ойран салуды емес, осында орнығып қалуды мақсат етіп, айбынды Алтын Орданы

құрды. Бату, Берке Сарайларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасы болды, ал XV-XVI ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғандығы, тарихтан белгілі. Тарихшылар ханның Сарайшыққа көбірек мемлекеттік мән бергенін, осындағы ордасына жиірек келгенін көрсетіп отыр. Оның да өзіндік себебі бар. Алтын Орда тұсында Ұлы Жібек жолының Кіші Азия – Иран – Ауған – Үндістан арқылы өтетін түстік тармағынан гөрі, Рим - Қырым – Дон – Еділ – Жайық – Сыр бойы кенттері, Қаратау, Алатау баурайлары арқылы өтетін терістік даңғылы орасан маңызға ие болды. Мемлекетке баж салығын жолдағы кенттерге басқа да алымдарды төлеген соң сауда керуендері жол бойы тонаушы, қарақшыдан қорғайтын қатал заңы бар, тегеурінді тәртібі бар елдің жерімен Қытай астанасы Ханбалыққа дейін алаңсыз ағылып жатты. Ерсілі-қарсылы толассыз керуен тізбектері Сарайшықта тауарларын саудалап, көліктерін жаңалап, бар бабы табылып жатты. Бүкіл Еуропа мен Азияға Жайықтағы Сарайшық сауда жасайтын қала, керуен дамылдайтын бекет қана емес, басты жолдар тоғысатын торап ретінде де маңызды еді. Сарайшықтан шығыс бетке шыққан Жібек жолының бір тіні Қарашүңгіл-Бейнеу – Хорезм-Ауған арқылы алтынды асыл тасты Үндіге бет алса, екіншісі Арал сырты, Сыр бойы арқылы барлық елдер зәру бұйым – жібек үшін Қытайға асықты. Сонымен Сарайшық қаласының негізі монғолдар билігіне дейін қаланған, ал аты төрткүл әлемге жайылған уақыты Алтын Орда хандарының Кіші астана ретінде пайдалана бастаған кезеңімен байланыстыруға әбден болады. Осы арада Сарайшық XI ғасырдығы Қыпшақ хандығының мәдени астанасы, XIII-XV ғасырларда Алтын Орда, кейін Ноғай Ордасы, онымен қатарлас Қазақ хандығының астанасы болғанын, 1580-1581 жылдары Мәскеу мемлекеті қолдаған орыс-казактарының оны біржолата талқандағанын, уақыт сала орыс қорғанына айналып, қалмақ билеушілерінің де тұрақтағанын, оған төзбей «Жайық өзені кеуіп қалғанша тіпті ақырзаман келгенше қазақ халқы бұл жерден ешқашан айрылмайды» деп жар салған қазақтың бас ханы Әбілқайырдың қадамдарын, Сырым батыр бастаған қазақтардың атой салғанын, нәтижесінде 1801 жылы Бөкей бастаған қазақ руларының Сарайшықты айнала көшіп алғанын тарих анық біледі.

Тарихи ескерткіштер – осы даланың және осы даланы ежелден мекен еткен ұлттық кодының бір парағы. Мәселе – сол ұлттық кодтың маңызды парағын сөйлете білуде. Тарихи деректер мен заттық шежірелер не деп сөйлеп тұрғанына тереңдей назар аударудың маңызы артты. Басқа деректерді айтпағанның өзінде, көне дәуірдің сәні болған Сарайшық қаласының көшесін көрмеге айналдырып жіберуге болатын еді. Оған, әрине ең басты кедергі болған жағдай – біздің Кеңес Одағының құрамында болғандығымыз. Кеңес Одағының одақтас республикалардың, оның ішінде іргесі бір Қазақ елінің тарихи деректеріне деген көзқарасы кезінде Сарайшықты тонап, халқын қырып кеткен Иван Грозныйдың көзқарасымен қарайлас болды. Белгілі бір деңгейдегі зерттеулер жүргізілді. Ә.Марғұлан ғұлама бастаған зерттеушілер көп нәрсені қолға ұстап қалды. Бірақ одан да көп нәрсе тонауға түсті., біраз бөлігін Жайықтың суы ағызып алып кетті.

Сарайшық қаласы «Қазақстанның киелі жерлер географиясына» енгізілді. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» ұлттық жобасы Қазақстандағы киелі жерлер туралы жаңа деректер жинақтап, жүйелеп, кең көлемде, кешенді түрде зерттеу жүргізу мақсатын көздейді. Сарайшықтың сол тізімге енгенінің өзі – үлкен жетістік. Алайда Сарайшық бұл күндері жұмбағы көп қалаға айналды. Деректік заттарының өзі талай нәрсені аңғартары анық. Басқасын айтпағанның өзінде, 7 ханға мәңгілік мекен болуының өзінде терең сыр жатыр. Сарайшықта жергенген 7 ханның үшеуі – Алтын орданың хандары. Үшеуі – Ноғай Ордасының билері. Біреуі – Қазақ хандығының ханы. Осылардың әрқайсысына жеке-дара тоқталсақ.

Біріншісі – Мөңке Темір хан Бату ханның немересі. 1269-1282 жылдары Алтын Орданың ханы болды. Мөңке Темір билікке келісімен Шыңғыс империясынан іргесін аулақ салып, Алтын Орданы тәуелсіз мемлекетке айналдырды. Қазіргі Татарстанда өз есімі жазылған алғашқы монеталарды шығарып, мөрін соқтырды. Ол Алтын Орда тарихында тұңғыш өз атынан теңге соқтырған билеуші. Елдегі ішкі тартыстарды тыйды. Берке хан салған сара жолды жалғап, мысыр сұлтаны Бейбарыспен байланысын күшейтті. Мөңке темір 1280 жылдың шілде айында қайтыс болып, Сарайшықтағы хандар пантеонына жерленеді.

Сарайшықтағы жерленген екінші хан – осы Мөңке Темірдің ұлы Тоқты хан (1270-1312 жж), Бату ханның шөбересі, 1291-1312 жылдары Алтын Орданы басқарды. Тоқты ханның кезінде басқару билігі нығайып, қалалар гүлденді. Мысыр сұлтандығымен байланысы күшейді. Ол 1312 жылы Құрнадағы өзінің жазғы ордасында қайтыс болып, Сарайшыққа жерленеді.

Сарайшықта үшінші жерленген адам Жәнібек –Шыңғыс ханның бірінші баласы Жошының ұрпағы, Мөңке Темірдің немересі болып болып келетін Өзбек ханның екінші ұлы. Отыз жылдай ел басқарған Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етіп, халықты имандылыққа баулығаны белгілі. Жәнібек әкесінің бастаған ісін негізгі бағыт етіп ұстады. Мемлекетте ислам діні қанат жайды. Мешіт, медреселер салына бастады. Содан болар, жылнамашылар «Жәнібек Дешті Қыпшақ елінің ханы болды. Халық оған дене болса, ол халықтың жаны болды» деп жазды. Л.Гумилев те Жәнібектің әділетті хан болғанын еңбектерінде ерекшелеп атап өтеді [4].

Жәнібек заманында Алтын Орда ханы Ресей княздерін арнаулы жарлық шығарып, бекітетін. Карамзиннің, Соловьевтің еңбектерінде Жәнібек хан 1347-1353 жылдары Литва княздігімен арадағы келіспеушілікті Мәскеу князінің пайдасына шешкен. Жәнібек ханның кезінде Алтын Орда құрамына бүгінгі Әзірбайжан жері қосылып, қоныс кеңейді. 1357 жылы Жәнібек еліне жәбір көрсеткені үшін Әзірбайжанды басқарып отырған Мәлік Әшір ханды шауып, Иранның Тебриз қаласын басып алады. Осы сапардан келе жатқан жолында қатты сырқаттанады. Тірі қалмасын сезген ол халқымен бақұлдасып, баласы Бердібекті өзінің орнына тағайындауды ұсынады. Жәнібек 1357 жылы қайтыс болып, Сарайшыққа жерленеді. Сарайшықта жерленген үш адам – Ноғай ордасының билері. Негізінде, «хан» атағын тек

Шыңғыс ханның ұрпақтары ғана алды. Ноғай ордасын билеген Едіге ұрпақтарының бәрі де «би» статусына ие болды.

Төртінші жерленген Әмір Оқас – ноғайлының атақты батыры Едігенің немересі. XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың тоқырауға ұшырап, ыдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі Ноғай Ордасы болды. Астанасы Сарайшық болып қалды. Ноғай Ордасы Шығыс Еуропада үлкен күшке айналған кезінде Ресей, Қырым, Орта Азия да санасқан. Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының туысқандығы туралы Шоқан Уәлиханов «Екі туысқан орда» деп жазған болатын. Осы ордада билік құрған Әмір Оқас 1447 жылға дейін хан тағына отырады. Дүние салғаннан кейін Сарайшықта жерленеді.

Бесінші боп жерленген Қасым хан –әз Жәнібек ханның баласы. 1513 Алтын Орданың астанасын астанасын Еділ бойынан Жайықтағы Сарайшыққа ауыстырған да Жәнібек хан болатын. Ол кезде қаланың ұзындығы шамамен он, ені сегіз шақырымға дейін созылған. Қасым дәуірінде қазақ іргелі ел болып, алыс-жақын мемлекеттерді санасуға мәжбүр еткен. 1517-1521 жылдары Қасым хан Қазақ хандығының батысында белсенді саясат жүргізеді. Ноғайлардың бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекара Еділге дейін созылады. Қасым хан тұсында қазақ әскерінің саны 200 мың, халқының саны 1 млн-ға жетеді. Шекара батысында Еділге, оңтүстікте Ташкентке дейінгі жерлерді қамтиды. Қасым әділ хандардың бірі болды. Қасым өз тұсында «Қасым ханның қасқа жолы» атты қазақ халқының әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығын өмірге енгізді. Ол Қасым ханның ел басқарып тұрған кезінде қолданылды. Оның негізі орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстары қолданған ярғу заңынан алынған еді. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына сай қайшы келмейтін қазақы ғұрып ерекшеліктерін сақтады. Мысалы, жеті атаға дейін үйленбеу, әменгерлік, құдалық жол-жоралар, қазылық билік т.б.

Қасым хан 1521 жылы қыста қайтыс болып Сарайшықта жерленеді.

Сарайшықта жатқан Шейх-Мамай – Уаққас бидің немересі, Мұса бидің ұлы, Шейх Мамай би 1519 жылы Қазақтың Қасым ханының билігін мойындады. 1535 жылы Шейх-мамай Сібір хандығымен соғысты. Орданың шығыс жағын иеленді. Башқұртқа дейін билігі жүрді. 1549 жылға дейін хан тағында отырған Шейх мамай Орданың басынан бағы тая бастаған кезде өмірден өтіп, Сарайшықта жерленеді.

Жүсіп би де Сарайшықта жерленген. 1549-1554 жылдары Ноғай ордасының биі болды. Бауыры Шейх-Мамайдан кейін таққа отырды. Жүсіптің өзі мұсылман болса, інісі Исмайл христиан дінін қабылдаған. Оның ел басқарған уақыты Орданан береке кеткен кез еді. Ноғай көсемдері қазақ хандарына одақтас болды десек те, уақыт өте келе олардың арасында қақтығыстар болмай қалмайды. Осыны пайдаланған орыстар да Ордаға ауыз сала бастайды. Орыстарға қарсы болғаны үшін Жүсіпті өз інісі Исмайл өлтіреді. Ол Сарайшықта жерленіп, кейін оның ұрпақтары түгелдей христиан дініне өтеді.

Бұдан кейін көп ұзамай Ноғай Ордасы ыдырай бастайды. Өйткені оның жекелеген аудандарын бір-бірімен жауласқан, алауыз әміршілер басқаратын. Бұл кезде қаһарлы Иванның арқасында Қазан мен Астрахан Ресейге қосылғаннан кейін Еділдің бүкіл аңғары орыс мемлекетіне өтеді. Көп ұзамай Иван Грозный Сарайшыққа ауыр қол аттандырады. 1573 жылы орыс әскерлері мен сарайшықтар арасында ауыр шайқас жүреді. Қорғаушылар саны 16 мың ғана болса, жау қолы 40 мыңның үстінде еді. Нәтижесінде орыс әскері қаланы талқандап тонайды. Арада бес жыл өткеннен кейін Дон казактары Сарайшыққа келіп, тірілерді қарақшылықпен тонап, өлілердің қабірлерін айуандықпен қопарады. Сөйтіп, Ноғай Ордасының астанасы, кешегі гүлденген хандар ордасы болған Сарайшық бір кездегі Отырар қаласы сияқты үйіндіге айналады.

Сарайшық хандар таққа отырған астана болған қала. Орта ғасырлық еуропа, араб, парсы, орыс саяхатшылары, елшілері, саудагерлері өздерінің жолжазбаларында «Сарайшық – қала шаруашылығы дамыған, шет елдерге өтімді теңгелер соғылған, тоғыз мешіт азан шақырған байтақ шаһар» деп сипаттайды. Сарайшықтың Қазақ хандығының құрылуына, көшпелі өзбектер елі атанған тайпаларға бөлініп, Қазақ хандығының құрылуына, көшпелі өзбектер елі атанған тайпаларға бөлініп, Қазақ халқының дербес ұлт ретінде қалыптасуына да тікелей қатысы бар. Керей, Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ханнан ірге ажыратып, Сарайшықтан аттанып, түстіктегі Қозыбасы жерінде тұңғыш Қазақ ордасын құрды. Тақ мұрагерлері өзара қырқысып, Бердібек хан Бату ұрпақтарының тұқым-тұяғын түгел жойып, өзі де бір жылға жетпей өлтірілген оқиға "Нар мойыны кесілген кез" деген атаумен ел есінде сақталып қалды. Содан соң атақты мемлекет бірнеше хандыққа ыдырап кеткенде алтын Орданың ерлік, елдік салтын ұстаған Ноғайлы елінің, Ноғай Ордасының бас қаласы Сарайшық болды.

Сарайшықта жерленген хандарды осы жетеуімен ғана шектеуге келмеді. Ол жерде Алтын Орда, Ноғай ордасы, Қазақ хандығының біраз хан-сұлтандары мен билері жерленгені анық. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына енетін киелі жердің бірі – Сарайшық болары сөзсіз. Себебі Сарайшық – қазақтың киелі қонысы, қастерлі мекені, хан-сұлтандарының көзі. Өткен заманда Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін, елдік пен ерлікті дәлелдейтін, бабалар аманатына адалдықты айғақтайтын киелі шаңырақ деп есептеймін. Рухани жаңғыру бағыты киелі Сарайшықты сақтап қана қоймай, өскелең ұрпақ сезініп, көзімен көретін, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарызымызды өтеуді, кешенді ізденістер мен мемлекеттік оң көзқарасты талап етеді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Серікбол Хасан. «Сарайшықта жерленген 7 хан кім?», «Айқын», 6 мамыр, 2017 жыл

2. Тараз Наурызәлі. «Жеті хан жатқан Сарайшық», «Нарын таңы», 24.09.2015 жыл
3. Әбілсейт Мұхтар. «Сарайшық – қазақтың киелі мекені», «Егемен Қазақстан», 2017 жыл
4. Н. Құрмашев. «Сарайшық – әулиелі жер», «Сарайшық» Республикалық әдеби-мәдени, тарихи-танымдық журнал, №6, маусым, 2021 жыл

САРАЙШЫҚТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ

Жаксимбетова З.Б - №42
жалпы білім беретін орта
мектептің тарих пәні мұғалімі

Халқымыздың тарихында ортағасырлық қалалардың орны ерекше. Сондай қалалардың бірі-еліміздің Батыс бөлігінде орналасқан Сарайшық қаласы.

Ол Атырау қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан. Сарайшық –XIII XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды бекеттердің бірі. Уақытша хан ордасы болған ортағасырлық қала. Қаланың негізі монғол шапқыншылығынан бұрын, яғни X ғасырда қаланғанын археологиялық қазба нәтижелері анықтап отыр.

Сонау VI-VIII ғасырларда Қытайдан шыққан Жібек жолы керуені Сыр бойын жағалай келіп, Маңғыстау даласы, Каспий арқылы Дербентке өтіп, одан әрі ішкі Еуропаға жол тартса, Алтын Орданың өмірге келуі XIII-XIV ғасырларда бұл керуен жолының Солтүстік Каспий тармағының жандануына, сөйтіп бұл бағыттағы қалалар мен елді мекендердің тез дамуына, солардың бірі – Сарайшықтың да гүлденуіне тікелей әсер етті. XIV ғасырдағы саяхатшы Ибн-Батута өзінің жазбасында: «Сарайджук, джук деген сөз кіші деген мағынада. Олар осы мағынасында Сарайшықтың кіші сарай міндетін атқаратынын білдірді. Қала ағыны тасыған Ұлысу өзенінің бойында жатыр. Өзенде көпір жасақталынған. Әлемде бұндай көпірді тек Бағдаттан ғана көрдім» деген [1]. Сарайшықтың гүлденген дәуірі Алтын Орданың гүлдену уақытымен сәйкес. Шағын қалалар орталыққа айналып, көптеген керуен-сарайлар, моншалар, т.б. ғимараттар көбейе берді. Ірі орталыққа айналған қалаларда теңге шығаратынын ұстаханалардың болуы заңды еді. XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында Сарайшықта қола монеталар шығарылды. Монетаның бір жағында «чекан города Сарайджук», екінші жағында гүлдердің, жабайы аңдардың бейнесі бейнеленген. Сарайшықты қазу барысында қаладан көптеген монеталар табылды, соның ішінде Алтын Орданың басқа қалаларынан, Хорезмнен, Самаркандтан, Ираннан шығарылған теңгелер көптеп кездесті [2]. Бұның

өзі Сарайшықтың саудасының қалай жүргенін көрсетеді. Күніне мыңдаған көлік пен керуенді қабылдау оңай шаруа емес. Күні-түні ағылған керуен Сарайшық үшін байлықтың көзі болды. Қала тез өсіп, байи түсті. Шаһарда шығыстық үлгідегі көздің жауын алатын ғимараттар көбейді. Дүниенің түкпір-түкпірінен керуенмен келген әртүрлі елдердің өкілдерін тамсандырған ғимараттар Алтын Орданың қалаларында аз болмапты. Кезінде орыс патшасы өзінің Мәскеуінде Қызыл Алаңды салдырар кезде, оның жоба үлгісін Сарайшықтан, Кремль қорғанының жоба үлгісін Бату Сарайынан алыпты-ау.

XX ғасыр көрерменін сүйсінтер Мәскеудегі сәнді сәулеттер бұдан жеті ғасыр бұрын Сарайшықта жасалған. Отыз жылға таяу Алтын Орданы басқарған Бату қайтыс болып, інісі Берке хан тағына отырады. Мысыр еліне құлдыққа сатылып, кейін хандыққа дейінгі деңгейге жеткен қыпшақ ұланын, бөлдіріп, Сарайшықта мешіттер салдырады, қайыршыларды тегін тамақтандыратын орындардың салынуына жағдай жасаған [1].

Сарайшық «қасиетті жер» атанғандықтан, мұсылмандар үшін жерлеу пантеоны болды. Дәл осы жерде әйгілі саяхатшы Марко Поло «Батыстың патшасы» деп атаған, Алтын Орданы 1290-1312 жылдар аралығында билік еткен Тохты хан жерленген. Тыңғылықты қазба барысында Сарайшықтан кешенді тұрғын үй қалдықтарын тапты. Үйлер екі бөлмеден үш бөлмеге дейін болған. Үйді еденнің асты арқылы жылытқан. Сондай-ақ, үйлерде астық сақтайтын қоймалар жасалынған. Қыш ыдыстар, Сирияның әйнек бұйымдары, Қытай фарфоры, Хорезмнің кеселері, Ираннан әкелінген қола құмыралар мен тамақтардың қалдықтары табылды. Сарайшықтағы Аққу көлі, алтын қайық көмілген қыз жасауы туралы аңыздар ел аузында көп. Сарайшықтың өркендеу кезеңі Өзбек ханның баласы Жәнібек ханның тұсына сәйкес. Шоқан Уәлихановтың және де өзге де тарихшылардың мәліметтерінде, Жәнібек хан өз жанына ел сыйлаған шешендер жырауларды, халық қамын ойлаған жақсылар мен жайсаңдарды жинаған дейді. Сол Жәнібек хан керуеннен түскен толассыз түсіп жатқан байлықты халықтың игілігіне, қаланы көркейтуге жұмсапты. Талай ел өкілдерін тамсантақан Аққу көлі осы кезеңде салдырыпты. Электр тоғы адам игілігіне қызмет етпестен бұрынғы ескі заманда көл табанын суға толтыру, оны үнемі жаңартып отыру әлденеше ондаған қосақ өгіздермен, сандаған шығыр құрылғыларын күндіз-түні айналдырумен іске асатыны түсінікті жай. Жәнібек бұл істі үлкен ақыл-парасатпен істеген. Көл суына керуенмен келген қап-қап қант төктіріп, аққу мен қаз қондырған. Оларды ұшырып жібермеудің барлық шараларын жасапты. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен құстарға дән беріп, бірте-бірте қолға үйреткен. Көл маңында өзіне қауіптің жоқтығына көзі жеткен құс атаулы Сарайшық аруларының алақанына қытықтап, бидайын жеп, жаз бойы Секер көлде еркін сайрандап, керуенмен келген шет жерліктер алдында қаланың сән-салтанатын арттырады. Сарайшықтың аққу көлі туралы аңызы ел-елге тарайды^[1]. Жәнібек хан онымен де шектелмей, оңтүстіктің бал татыған жеміс ағаштарының түр-түрін алдырып, көл жағалай отырғыздырады. Балғын

шыбықтарды отырғызып, жерсіндіріп жібергенше, сол жақтың шебер бағбандарын да жалдап алады. Осы ғажайыпты көзімен көріп, куәгер болған италияндық саяхатшылардың бірі «сол ғасырларда бау-бақша отаны саналған парсыларда кездеспеген жүзім мен жеміс ағаштарының ерекше түрлері Сарайшықта өседі екен» деп жазды. Оңтүстік елдерінің базарларында сатып алып жейтін (бағасы да арзан емес) уылжып піскен, дәмі тілді үйіретін небір жемістің түрлерін Сарайшыққа келген шетелдік қонақтар атақты Аққу көлінің жағасында жеміс ағаштарының қоңыр салқын көлеңкесінде демалып жатып, өз қолымен үзіп жегендіктерін елдеріне барғанда аңыз ғып айтып жүрген. Бұл пәнидегі Сарайшықтай жұмақты көру, Аққу көлінде сайрандау сол кезгі бұны естіген әр саяхатшы мен саудагердің арманы болса керек [2]. Жасауын жасап, ұзатқалы отырғанда, Жәнібек ханның жалғыз қызы, он бес жасқа қараған шағында, кенеттен қайтыс болады. Қыз жасауына сол кезгі бір мемлекеттің тұтас қазынасына тең байлық жұмсалыпты деседі. Қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге әмір етіпті хан. «Сонша байлықтың жерге көмілгенін естіген бір қара жүрек қарақшы қызыңыздың денесін ит пен құсқа жем қылып, қабірінен шығарып тастап, байлықты алып кетсе, Сіз қай қарақшының артынан қуып жүресіз?» деп сақтандырған уәзірлер, ханға қызын жасырын жерлеуге ақыл қосады. Ханнан жеке тапсырма алған жетеу сол түні таң қаранғылығына дейін қызды жерлеп үлгереді. Хан тапсырмасы «Ұшқан құс, жүгірген аң, тірі жан қызымның қайда жерленгенін білмейтін болмасын. Орындасандар әрқайсысың ат басындай алтын аласыңдар» болыпты. Түн бойына қала халқы шұрқыраған жылқы дыбысын естіп жатыпты. Сан мыңдаған жылқы бірнеше сағат бойына қабір үстімен ілгері-кейін айдалса керек. Таң қаранғылығында уәделі алтындарын алғалы келген жетеуді хан емес, ханның жендеттері қарсы алыпты да, түгел бастарын алып тастапты-мыс. Хан қызының денесімен бірге қомақты қазына-байлықтың жерге көмілуі туралы аңыз және мұнда бірнеше хандардың жерленуі (хандар қабіріне өздері тірі кезінде тұтынған қымбат дүниелері мен қарулары қоса көміліпті-мыс) түптің түбінде Сарайшықтың сан қайтара тоналуына, ақыры бір кезгі Шыңғыс хан қиратқан Отырардай күлі ғана үйіндіге айналуына соқтырады. 1576 жылы (кейбір деректерде 1580 ж.) Иван Грозныйдың мирасқоры Федордың Сарайшықтағы әдемі алаңның қалдығын жою тапсырмасымен жіберген Еділ мен Жайық бойы казактары, кейін ерінбей байлық іздегеннің бәрі, XVII ғасыр басындағы қалмақтар, олардан қалғанды XIX ғасырда орыс археологтардың атын жамылғандар өлілердің қабіріне дейін айуандықпен тонайды, әлденеше рет астын үстіне шығарып қопарады. Ендігі қазбадан күтеріміз ескі қаладағы қорған сыртында орналасқан делінетін түрлі шеберханалар мен көлемді деп айтылып жүрген бесінші мешіт және кезінде қала сыртында орналасқан керуен сарайлар орындары болар. Тарихи құнды жәдігерлер табылуын да жоққа шығаруға болмас [3].

Әлі күнге дейін көне Сарайшықтың қирандылары сарайшық ауылында шашылып жатыр. Атырауға аяқ басқандардың Алтын Орда

дәуірінде астана болған Сарайшық қаласының тарихи орнына табан тірмейтіні кемде-кем. Мұнда тарихшы-зерттеуші, облыс қонақтарынан басқа да осы орынды көру үшін шет мемлекеттерден арнайы келетіндер де аз емес.

Қасым хан хандық құрған кезеңде саяси-экономикалық тұрғыда айрықша дамыған, ғылыми орталық болған Сарайшықта мұражай қорығы жұмыс істеп, өткеннің ұлағатын ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөл атқарып тұр. 1999 жылы қыркүйекте ашылған кешен үш құрамнан тұрады. Оның алғашқысы – хандар пантеоны. Сол тұста облысты басқарған Иманғали Тасмағамбетовтің идеясынан туындаған бұл пантеон сегіз қабырғадан құралған. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Мөңке-Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Әмір-Оқас, Қасым хан, Ших Мамай, Жүсіп хандардың есімдері осылайша тәуелсіз елдің төрінде тағы бір жаңғырды. Ал мұражай ішіне Сарайшық қазбасынан шыққан тарихи жәдігерлер қойылып, XIV ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті жасақталған. Кешен ішіндегі мешітте ата-бабалар рухына дұға бағыштап, өткенге иман тілеу үнемі орындалып отырады. Кешеннің үшінші бөлігі – қазба орны. Жайық өзенінің иінінде орналасқан жалпы көлемі 600*600 метр алаңқайды алып жатқан қазба орнында жаз айларында Ә.Марғұлан атындағы Қазақ археология институтының Батыс филиалының экспедициясы жұмыс істейді [4]. Сарайшықты Ә.Марғұлан, З.Самашев, Ж.Сыдыков, т.б. ғалымдар зерттеген.

Қорытындылай келе, Сарайшық біздің тарихымыздың бөлінбес бөлшегі. Қазіргі таңда қаланың жер бетінен жойылып кету қаупі туып отырған сәтте, қаланы сақтап қалу керек. Сарайшықта сол заманда болмаған көпір болған, аңызға сүйенсек, аққу көлі болған, кең бөлмелі үйлері мен ұстаханалары, мешіттер мен керуен сарайларға толы қала болған. Сән-салтанаты асқан дархан даламыздың орталығын орыстар келіп, талап, жойып жіберді. Түркістаннан бұрын, алғашқы хандар жерленген пантеоны. Қазіргі таңда Сарайшық өз деңгейінде дәріптеліп жүрген жоқ. Тарихқа толы мекенімізді туризммен ұштастыра білсек, халқымыз үшін де жақсы. Бар тарихты көрсетіп, мақтана білейік.

Әдебиеттер тізімі.

1. Хан ордалы Сарайшық // Алаш аймағы. – 2012. – 20 шілде.
2. Атырау: энциклопедия. – Алматы: Арыс баспасы, 2004.
3. Тоқтабаева А. Сарайшықтың Аққу көлі // Егемен Қазақстан–1998– 21 наурыз.
4. Құсайынұлы Ш. Аспан астындағы мұражай//«Қазақстан Заман» газеті–2009 –2шілде.

СЫРҒА ТОЛЫ - ҰЛЫ САРАЙШЫҚ

А. Жомартқызы - №33 Қ.Қайсенов атындағы орта мектептің 8 сынып оқушысы

Жетекшісі: З.Ордабаева, тарих пәнінің мұғалімі

Ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихына үңілсек, адамзат қоғамының әртүрлі даму сатылары туралы сыр шертеді. Сол дәуірдегі Алтын Орда, Қазақ хандығы және Ноғай Ордасы ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне орасан ықпал етеді. Көне Сарайшық кезеңінде ертеден бері жалғасып, ары қарай дами түскен жалпы түркілік руханияттың мұрагері ретінде қазақ халқы мен мемлекеті енді бұрынғы бабалардан қалған мирасты сақтап, байытып, жаңғырта дамыта түсті. Сарайшық қаласы Қазақ хандығының астанасы болып қоймай, Еуразия кіндігіндегі Жібек жолының алтын көпірі болған іздері жұртшылыққа мәлім. Сарайшық қаласының аумағы, онда мекендеген ұлт-ұлыстардың тарихы, тарихи деректер мен аңыз-әпсаналар, хандардың көне Сарайшықта қоныстануы мен жерленуі, олар туралы тарихи шежірелер әлі де жаңаша зерттеулерге сұранып тұрған тарихи көмбе десек те болады.

Өйткені, Сарайшық- орта ғасырдағы Қазақстан аумағындағы далалық Ұлы қала. Ол – Алтын Орданың және одан кейінгі құрылған мемлекеттердің қалаларына қарағанда мүлдем өзгеше, сыр шертеді. Сарайшық шахарының жағдайы неліктен өзгеше? Мүмкін, бұл сауда керуендерінің қарқынды жүруі үшін қызмет жасайтын далалық түпкірге орналасқан қала болуы да мүмкін. Бірақ ,батыс пен шығысты байланыстырушы негізгі сауда жолын құрлықтан теңізге ауыстырғанда да бұл қаланың өмір сүруін тоқтатпағанын қалай түсіндіруге болады? Алтын Орда ыдырауына байланысты және Шығыс Дешті Қыпшақтағы хандардың және сұлтандардың қырқыстарынан аман қалған өміршеңдігін немен түсіндіруге болады? Сарай тағы басқа қалалар Алтын Орданың ыдырауымен бірге құрып кетсе, Сарайшық бұдан кейін де бірнеше ғасыр өмір сүріп, өз өңіріне елеулі ықпал жасаған еді. Сарайшық қаласының күйзеліп, тоқырап, ақырында шаһар ретінде маңызының жойылуына тікелей жасалынған қарақшылық жорықтар мен Ресей патшалығының жүйелі жүргізілген отаршылдық саясаттары себеп болған.

Сонымен Сарайшық қаласының өміршеңдігін қандай пайымдаулармен дәйектеуге болады? Оның Шығыс Дешті Қыпшақ даласының батыс бөлігіндегі сауда, қолөнер орталығы болғандығынан? Тарихи деректерден Сарайшыққа Алтын Орда және Ноғай Ордасы мен алғашқы Қазақ хандығы астанасы болғандығынан ба? Немесе белгілі хандар мен бектер жерленгендіктен бе? Бұл сияқты сұрақтар Сарайшық

қаласының тарихын зерттеушілердің алдынан шығары даусыз және шешімін таппай қоймайтын мәселелер.

Сарайшық қаласы орнына тікелей қазба жұмыстарын жүргізіп, нақты зерттеген археологтар: Н.Арзютов, А.Х.Марғұлан, Г.А.Пацевичтер мен Е.И.Агеевалар және З.С.Самашев бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы. Қазақстан тарихында Сарайшық қаласының орны ерекше. Себебі, XIII-XIV ғ.ғ. Қазақстан аумағында өмір сүрген бірден-бір даңқты мемлекет Алтын Орда мен Ақ Орда болса, Сарайшық шаһары Алтын Орданың көз тартқан көркем де бай және сырға толы базарлы болмысымен, өте маңызды экономикалық, мәдени – идеологиялық орталықтарға айналған еді.

Сондықтан да сырға толы көне Сарайшық қаласын насихаттау, оның даму тарихын зерттеу, жаңа деректермен толықтыру жас ұрпақтың, көпшіліктің, тарихшы-ғалымдардың еншісінде.

Сырға толы - Ұлы Сарайшық – орта ғасырлық қала. Қазіргі Атырау қаласынан солтүстігінен 55 км жерде Еуропа мен Азияны қақ бөліп жатқан Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы – Сарайшық) қаласының қираған құландысы ғана қалған.

Сарайшық қаласы тек ғана Атырау өңіріне ғана емес, Қазақстан тарихында өзіндік орны бар сырға толы, бірегей ескерткіштің бірі. Осы кезеңге дейін Сарайшық Алтын Орда кезеңінде пайда болған қалалар қатарында айтылып келді. Дегенмен кейбір зерттеушілер еңбегінен қаланың монғолдар дәуірінен бұрын пайда болғаны туралы мәліметтерді де кездестіруге болады. Мысалы, араб саяхатшысы Ибн-Дастенің жазуына қарағанда X ғасырда Каспий теңізінің солтүстігін мекендеген хазарларда Сарашень және Хабнела атты екі басты қала болған [1, С.17]. Ғалым В.В.Григорьевтің пікірінше Сарашень, бұл қазіргі Сарайшық қаласы болып табылады [2, С. 47]. Сондай-ақ, XVII ғасырдағы осман тарихшысы Кятиб К.Челебидің еңбегін аударған ғалым Д.Девиз Сарайшықты Дешті Қыпшақтың исламға дейінгі мәдени орталығы деп есептейді [3, С. 584]. Қала іргесі 11 ғасырда қаланған деген дерек те бар.

Жоғарыда берілген деректер Сарайшықтың шежіресін XIII ғасырдан да бұрын бастау алатындығын аңғартады. Бұл тұжырымдарды Сарайшықты зерттеген археолог ғалымдар Ә.Марғұлан мен Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының жетекшісі С.П.Толстов та қуаттайды. Ә.Марғұлан Сарайшықты монғол кезеңіне дейін пайда болған десе [4, С.3], С.П.Толстов қалашықтың мәдени қабаты XI ғасырдағы хорезмдік стильге ұқсастығын айтып, ол ертеғасырлық Саксин қаласы болу мүмкін деп тұжырымдайды [5, С. 304].

Сарайшық (Сарай-Жүк) қаласын пайда болуын тарихшы ғалымдар 13 ғ. Шыңғыс хан мен Бату ханның шапқыншылығымен байланыстырады. Әзірге белгілі болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер 14 ғасырдың алғашқы жартысынан басталады да, оларда Сарайшық гүлденген қолөнері мен сауда қаласы болғандығы айтылады.

Әбілғазы Бахадүр-ханның (XVIIғ.) Сарайшықтағы негізін Батухан (Билік құрған уақыты 1221-1256 ж.ж.) салған деген тарихи пікірмен келісуге болады.

Бірақ, кеңестік ғылымда Сарайшық XIII ғасырдың II- жартысында Жошы Ұлысының негізгі әкімшілік -аумақтық елді мекенінің бірі ретінде пайда болып, XIV ғасырдың I- жартысында Алтын Орда мемлекетінің ірі саяси және сауда өндірістік орталығына айналғандығы жөнінде тұжырым қалыптасты. [6, С, 124].

Себебі: Сарайшық Еуропаны, Жошы Ұлысының астаналары орналасқан Төменгі Еділден - Қытайдың, Үндістанның, Иранның, Орта Азия мен Хорезмнің қалаларымен байланыстыратын, трансаймақтық керуен жолы бөлігінің қауіпсіздігімен қамтамасыз ететін, стратегиялық қала болып табылды [7, С.183]. XII-XIV ғ.ғ. қала Шығысты Батыспен негізгі жалғастырушы болды [8, С.3].

Бұл қала неліктен «Сарайшық » аталды? Бұл туралы мәселе қозғасақ, сол дәуірдің дерек көздеріне жүгінеміз. Мысалы, XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн Батута былай дейді: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол – Ұлы су (Жайық) жағасына орналасқан. «Жук» деген сөз бұл жерде «кіші» деген мағынада, сонымен бұл қала «Кіші Сарай» [1, С. 92].

Демек, қаланың Сарайшық аталуы -Кіші Сарай атынан туындыған деп жорамал жасауымызға болады. Сарай –деп, негізінен ханның ордасы аталған. Олай болса, Сарайшық- бұл ханның екінші ордасы, яғни жазғы мекені болуы мүмкін.

Қаланың гүлденген дәуірі 13-14 ғ.ғ. аралығы. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының алғашқы астанасы болды. Қасым хан өлгеннен соң, мұрагерлері тұсында Сарайшық Ноғай Ордасының иелігіне өтеді. Ал, 1868ж. Хақназар хан Сарайшықты Қазақ хандығына қайтарып алады. Дегенмен, 1580 ж. Дон, Еділ казактарының Жайық бойына еңдеп кіріп, тағылық шапқыншылық жасау нәтижесінде Сарайшық біржолата күлге айналып қирап, тарих қойнауына кетеді.



Алтын Орда дәуірінде Кавказ бен Қырымды Қарақорым,Қытаймен байланыстыратын керуен жолы бойындағы тоғыз жолдың торабында орналасқан маңызды діни, саяси-экономикалық орталық. Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айрықша байқалды. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті.

Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, халықаралық саудаға қатысқан. Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді. Қытай форфоры ауқатты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Жылтыратылған ашық бұлттар, құстар бейнелерімен, иероглифтерімен де безендірілген. Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген,шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған әйнекейлі құмыралар, құтылар, шамдалдар көздің жауын алады. Сарайшық тұрғындары ішіндегі тамақ аса дәмді деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше ұнатқан. Қара қыштан құйылып,күн түскенде ою-өрнектері жарқырап тұратын құмғандар, кеселер мен табақтар молынан саудаға түскен. Хорасаннан және Еділдің төменгі сағасындағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселер мен пиалалары Сарайшық халқының күнделікті өміріне көп пайдаланылған.Алтын Орданың басқа қалаларының тұрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық шеберлерінің қолынан да шыққан.Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеудің Қызыл Алаңындағы мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған [1, С.14].



Сарайшықтың ұлылығы онда тек мұсылман діндарларының жерленгендігінде ғана емес, ең алдымен оның Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғанында.

Хиуа ханы Әбілғазының мәліметінше, Сарайшықта алтын ордалық хандар жерленген. Тарихшы Ә.Мұқтар жоғарыда аталған Әбілғазының дерегін негізге ала отырып, Сарайшықта Жәнібекұлы Бердібек ханның жерленуі мүмкін деп тұжырымдайды.

XIV ғасырдың басында мемлекетте мықты өрлеу басталды, әсіресе Тоқта патшалық құрған соңғы жылдар Алтын Орданың әскери және экономикалық күдіретінің дамуындағы алғашқы кезең болды. Сарайшықта кейін жерленгендер Алтын Орданың билеушілері Жәнібек пен Бердібек. Жәнібек билік құрған кезінде (1342 ж.) Орта Азиядан астана Сарайшыққа келген тақ мұрагері, өзінің ағасы Тыныбекті өлтірді. Жәнібек әуелі Әзербайжанды Алтын Ордаға қосып алғаны да белгілі. Ол билік құрған кезде мемлекетте өзі тежей алмаған құлдыраудың алғашқы нышандары көрінді. Оның өлімі 1357 жылы өз ұлы Бердібектің төңірегіндегі билікті көксеуші қаскүнемдер тарапынан болды. Әкесінің өлімінен соң Бердібек те өз бауыры Құлнаның қастандығынан қаза тауып, Сарайшықтағы өз әкесінің моласының жанынан орын алды. Өмірге Едіге (1365-1419) жайындағы бір дастандағы болжамда айтуынша, 1406 жылы қазіргі Түмен қаласының жанында қаза тапқан, кейбір деректерде айтылғандай «Алтын Орданың ең соңғы және ұлы тұлғасы» Тоқтамыс ханның басы да Сарайшықта жерленген екен. Сондай - ақ, осында ноғай бекзадалары мен мырзалары, Ер Тарғын мен Қамбар сынды эпикалық

батырлар және көреген, өз халқының қамын ойлаған қазақтың ханы Қасымхан да жерленген [3. С .4].

Сондықтан да Сарайшықтың бірден- бір танылуына әсер еткен, ол жерде Жошы Ұлысының басты пантеонының болуы. Қазір Сарайшыққа келсеңіз, жеті ханның моласы дейді де, төрт хан мен үш ноғайлы билеріне қойылған құлпытастарды көрсетеді. Ноғайлының билері ешқашан хан болған жоқ. Тарихшы Әбілғазы баһадүрдің шежіресіндегі Алтын Орданы билеген Мөңке Темір, Тоқтағу және Өз Жәнібек Сарайшықта дамылдап жатыр. Бұл шежіре 1600ж. ортасында дүниеге келген, сондықтан шежіресінің қателесуі мүмкін емес.

Сарайшықтың тарихи мәні, оның қазақ мемлекетінің алғашқы қалыптасу кезеңіндегі ролі және ұрпақтар арасындағы байланыстар үшін ата –бабалар мұраларының төтенше маңыздылығы ескеріліп, 1999 ж. осы жерде биіктігі 17 метр символды Пантеон, мешіт, архелогиялық мұражай кіретін Сарайшық мұражай - қорығы бой көтерді.

Қазақ хандығының астанасы – Сарайшық қаласының тарихи орны ғасырлар қойнауынан сыр ақтарар тарихи ескерткіші «Сарайшық – мемориалдық кешені» - деген атпен барша халықтың тағзым етіп, ғибрат алар қасиетті де киелі орнына айналды.



...Жайық бойы -
Жарлауыт,
Жар басына жолай шық.
Ақ толқынға арбалып,
Мызғып жатыр Сарайшық!

Сәнің қайда, Сарайшық? – дегендей Қазақстан тарихының көрнекті ескерткіші – Сарайшықтың бүгінгі таңдағы жайы өте қынжырлық күйде. Қалашық жер бетінен тым тез жоғалып барады. Бұл процесс Жайық өзенінің арнасының ауытқуына байланысты. Судың асау ағысының мәдени қабаттарын күн сайын және жылдам шайып жатыр. Сарайшықтың қазіргі мәдени қабаттары бақытты, махаббат пен күдестікті, қалалықтардың рахаты мен уайымын, ауыруы мен қайғысын, табан ет, маңдай терімен жиналған әрбір жәдігер, кермика, т.б. болсын, бәрі де әлі танып үлгермеген сол бір сырға толы дәуірдің дерегін сыйлайды. Ортағасырлық шежірелі шаһардың бүгінгі сақталған небәрі бестен бір бөлігін толықтай қазып - зерттеп, мемлекеттік дәрежедегі ашық археологиялық қорық ұйымдастырса, бүгінгі талғамға сай жағажай және жол салып, алыс-

жақын қонақтар, шетелдіктер үшін Атырау өңіріндегі бірден –бір киелі мәдени орын ретіндегі маңызын арттыра түседі.



Қорыта айтсақ, ортағасырлық мың жылдан астам сырға толы тарихы бар Сарайшық шаһары Шығыс Дешті Қыпшақ тарихының аса ауқымды сырларының құпиялы жұмбақтарының қатпарлы көмбесі екендігін дәлелдеуде. Мысалы, 2003 жылдан жүргізілген Ә. Марғұлан атындағы Тарих және этнология институтының археолог ғалымы Зейнолла Самашев бастаған Батыс Қазақстан экспедициясы көне қала Сарайшық орнының ең төменгі қабатына қазба жұмыстарын жүргізу барысында қаланың оғыздар дәуірінде, яғни ІХ- ғасырда өмір сүргендігін анықтады [1]. Оғыз тайпалары жөнінде тарихшы және саясаттанушы ғалымдар: Қ. Аманжолов пен Қ. Рахметов былай деп жазды: «Оғыздар Каспий –Арал өңірінде VII ғ. пайда болды. ІХ-Х ғ.ғ. Оңтүстік пен Батыс Қазақстан аумағында оғыз этносы қалыптасты. Оғыз тайпалары Ырғыз, Жайық, Ембі, Ойыл өзендерінің алқабында көшіп- қонып жүрді. Алайда, Х ғасырдың ортасынан бастап, оғыздар мемлекетінің дағдарысқа ұшырап, құлдырауға түсуі –оларды Х ғасырдың ортасында қыпшақтар талқандауға мүмкіндік жасады [2, 167-169 б.].

Ұлы Жібек жолы бойында дәурені басталған қыпшақ тайпаларының XI ғасырдың екінші жартысында саяси бірлігі нығайды. Әскери -әкімшілік екіге бөлінді: біріншісі -оң қанат,ол Жайық өзенінің бойындағы Сарайшық қаласы болды,екіншісі - сол қанат. Оның ордасы Сығанақ қаласында орналасты- дейді [3,162-163 б.].

Демек, Сарайшық қаласының сырға толы тарихы оғыздар мен қыпшақтар тайпалары тұсында басталып,халқымыз бен еліміздің ортағасырлық тарихында өшпестей із қалдырғаны еріксіз иландырады.

Сырға толы тарихы бар Ұлы Сарайшықтағы түбі бір түркі халықтарына ортақ мәдени рухани мұраны зерттеп, қайта жаңғырту бүгінгі тәуелсіздігіміздің арқасында ұлт мұқтаждықтарының біріне айналуда.

Әдебиеттер тізімі.

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.»ЖШС,2005,-538 б
- 2.И.Тасмағамбетов.,З.Самашев «Сарайчик» - Атырау 2003, С.3-15
- 3.Ортағасырлық Сарайшықтағы тарихи ескерткіштер - /құраст:А.Тұрарұлы,Ж.Диярова, Н. Нұғыманова .- Алматы: « Арыс» баспасы, 2021.

4. Известия о хазарах, бургасах, болгарах, мадьярах, славянах и русах Абу-Али-Ахмеда бен-Омара Ибн-Даста. Пер. Д. А. Хвольсона. - СПб., 1869. 199 с.
5. Григорьев В. В. О путешествии Гарбера в Хиву в 1732 г. // Известия Императорского Русского Географического общества 1870. Т. 6, С. 46-47
6. Трепавлов В. В. История Ногайской Орды – М., 2002. 752 с.
7. Маргулан А. Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951 г. // Архив института археологии им. А. Х. Маргулана. Инв. № 763 а.
8. Толстов С. П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950 г. // Советская археология. - М., 1953. Т. 18. С. 301-325.

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ — ҰЛТТЫҚ САНАМЫЗДЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС АСЫЛ ҚАЗЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ

Н.Брланұлы - Бержан Қанатбаев орта мектебінің 11 сынып оқушысы, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті
Жетекшісі: Ж.К. Шихиева, тарих пәнінің мұғалімі

Қаланың Сарайшық деп аталуы тегіннен-тегін емес, сол кенттің жанында бұдан мың жылдан астам бұрын іргесі көтерілген Сарайшық атты Алтын Орданың орыс деректері бойынша немесе Ақ Орданың (шығыс деректері бойынша) кезінде ірі қалаларының бірі болған.

Бұл қала неліктен «Сарайшық» аталды? Мысалы, XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн-Баттута былай дейді: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол — Ұлы су (Жайық) жағасына орналасқан. «Жук» — деген сөз бұл жерде «кіші» — деген мағынада, сонымен бұл қала — «Кіші Сарай».

Демек, қаланың Сарайшық аталуы — Кіші Сарай атынан туындаған деп жорамал жасауымызға болады, өйткені, шаһардың бұлайша аталуы қаланың өмір сүрген кезеңдеріне тұтастай жалғасты және орта ғасырдан біздің дәуірімізге жеткен деректерде де өзгеріссіз сақталды.

Сарай — деп, негізінен ханның ордасы аталған. Олай болса, Сарайшық — бұл ханның екінші ордасы, яғни, жазғы мекені болуы мүмкін. Немесе басқа себептерден Алтын Орданың астанасы дәрежесіне жақындаған қала. Бұл пікірімізді нақтылай түсу үшін тағы да Ибн-Баттутаның Сарайшық қаласындағы Алтын Орда ханы Өзбектің (1312-1342 жж.) алтын шатыры туралы жазбаларына сүйенеміз: «Шатыр — алтын жапырақшалармен

керілген уықтардан тұрғызылған. Шатырдың ортасында алтын жалатылған тақ, тақтың аяқтары таза күмістен кұйылып, үсті асыл тастармен әшекейленген» — дейді.

Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірін «Археологическая карта Казахстана» деген жинақта былай деп үшке бөледі: «Бірінші дәуір — XI-XII ғасырлар, яғни, моңғол үстемдігіне дейінгі мезгіл, екінші дәуір — XIII-XIV ғасырлар, яғни, Алтын Орданың немесе Ақ Орданың кезі, ал үшінші дәуір — XV-XVI ғасырлар, бұл дәуірді ноғайлық дәуір», — деп атаған.

Алайда, бұл пайымдауларды бүгінгі таңда еш өзгеріссіз мойындап, қабылдау ұлттық тарихымызға жасалған қиянат болар еді. Өйткені, халқымыз: «Елу жылда — ел жаңа, қырық жылда — қазан» деп, елдің қоғамдық дамуының қарқынды қадамын меңзеген сияқты. Бұл халық даналығын тәуелсіздік алғаннан кейінгі серпінді дамуымыз бен ғасырлар тоғысында, яғни, үшінші мың жылдыққа адамзат қауымдастығының қатарында Қазақ халқының да нық сеніммен енуіне жігерлендірумен қатар, ұлттық тарихымызды жаңа жағдайларға орай терең саралауды міндеттейді. Өйткені, «өткенге көзі жеткеннің — келешекке де көзі жетеді», — дейді халық.

Қазақ хандығының құрылуына және едәуір күшейуіне айтарлықтай қайраткерлігі мен бүкіл күш-жігерін жұмсаған Керей ханнан кейін мемлекетті билеген Бұрындық хан ежелден Дешті-Қыпшақ тайпалары кіндік қаны тамып, мамыражай көшіп-қонып, атамекен еткен сары даланың төсіндегі Сарайшықты ел ордасы — етіп таңдаған. Бұл жөнінде Қазақстанның орта ғасыр тарихының білгір маманы, әйгілі шығыстанушы В.В.Вельяминов-Зернов былай дейді: «Сарайшықты Қазақ ханы Бұрындық бағындырып, алғашқы астана етті».

Сарайшық шаһарын Қазақ хандығының астанасы етуінің сол дәуірлік сыры сан алуан. Сол сырдың бірі — біздіңше, Қазақ хандығы құрылуының бастапқы ауыр кезінде Бұрындық ханның Шығыс Дешті-Қыпшақтағы түрлі тайпалардың күнделікті тұрмыстық байланыстары ертеден орныққан Сарайшықты бағындыруы және астана — деп, ту тігуі, жергілікті тұрғындардың мәртебесін арттыруымен қатар, қыпшақ-маңғыт тайпаларының Қазақ хандығына бағыныштылығы мен берілгендігін нығайтып, өз еліне деген ел жандылық, ұлтжандылық рухының қалыптасуына пәрменді ықпалы болғаны сөзсіз. Мысалы, Шығыс Дешті Қыпшақта XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырда қыпшақ этникалық қауымдастығына біріккен 24 ірі тайпалардың қауымдастығы негізінде айтарлықтай әскери-стратегиялық күш жинақталғандығы. Атап айтқанда, елбөрілі, тоқсоба, жетіоба, дурут, әларс, буржоғлы, маңқұтоғлы, имек, тағ, башғұрт, куманлы, базанақ, бажна, қарабөріккі, ұз, жартан, ұрандар, баят, азқиши, тургеш, қаңлы, қарлұқ, жікіл және қай тайпаларымен қатар, бұл өңірге жаулаушылық кезінде келген моңғолдық маңғыт, үйсін, қият, дулат, барлас және қоңырат тайпаларында жергілікті қыпшақтармен бауырласып орныққанын ескерсек, Бұрындық ханның Сарайшықты астана етуінің алысты

болжаған ел болашағы үшін аса маңызды көрегендік саясат жасағанына көзіміз жетеді.

Өйткені, жоғарыда аты аталған 30 тайпалық бірлестіктердің жүздеген мың мүшелері Шығыс Дешті-Қыпшақты алғашқы қазақ хандығына мықты тірек аймағына айналдырумен қатар, Бұрындық ханның өз дұшпандарына қарсы қаһарлы айбарының орнығуына шешуші ықпал еткені айқын.

Әсіресе, Қасым хан тұсында Қазақхандығының нығаюы экономикалық және стратегиялық жағынан қалалардың рөлінің өмірлік мәні артты. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани Сығанақты Дешті қыпшақтың сауда аймағы- деп атай келе, былай деп хабарлайды: «бұл елге Дешті жағынан, Хажы Тарханнан көптеген игіліктер, семіз қойлар және аң терісінен, яғни, бұлғын мен тиін терлерінен тігілген тондар, берік садақтар, ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар сияқты бағалы тауарлар және өзге де асыл бұйымдар жеткізіледі».

Ал, Хажы Тархан мен Сығанақты байланыстырған игілікті сауда жолы Сарайшық арқылы жүргендігі күмәнсыз. Сөйтіп, сауда-экономикалық байланыстардың маңызы арта түсті. Алайда, қазақтардың күш-қуатын әлсіретуді көздеген Мұхаммед Шайбанидың қазақтардың қалаларда сауда жасауына тиым салуға тырысуы кездейсоқ емес. Демек, тұрақты сауда байланысы үшін күрес қазақ және өзбек хандарының XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдағы өзара шиеленістерінің күрмеуі қиын қайшылықтарының біріне айналдырды.

Сондықтан да, Қазақ хандығының алғашқы орныққан, нығайған кезеңінде Сарайшық қаласы далалық өңірдегі Жалқы ірі шаһар болғандықтан да орны айрықша екендігін мойындауға тура келеді. Өйткені, Сырдария бойындағы қалаларды иелену Орта Азиялық түрлі ұлттар мен мемлекеттер мен ұзаққа созылған азапты да, қасіретті қантөгістер мен үздіксіз жүргізілген соғыстарға киліктірді. Себебі, бұл аймақтағы қалалардың экономикалық-әлеуметтік және саяси-стратегиялық маңызы ежелгі замандардан-ақ баршаға аян болатын.

Ал, Сарайшық қаласы орналасқан аймақ Қазақ хандығы құрылған дәуірде, ең бастысы — қарулы қақтығыстардан тыныш — қоғамдық дамуға ең қолайлы өлке болғандығы даусыз. Өйткені, Алтын Орда кезеңінен бастап, батыс пен шығысты байланыстырушы — Ұлы Жібек жолының аса маңызды бір тармағы осы өңір және оның бірден-бір ірі шаһары Сарайшық арқылы өтіп, Дешті-Қыпшақтың даңқын шартарапқа жайғандығы белгілі.

Оның үстіне, Қазақ хандығы нығаюының алғашқы кезеңінде бұл аймақта стратегиялық түпкі мақсатқа кедергі келтіріп, қарсы тұратындай саяси күштер де жоқ еді, яғни, Маңғыт жұрты құрған Ноғай ордасы әлсіреп, ыдырап кеткен болатын. Екіншіден, Ресей патшалығы да әлі де өте әлсіз еді.

Демек, Сарайшықтың Қазақ хандығының, алғашқы астанасы болғанына күмәндану шын мәнісінде, күні кешегі тәуелсіздікке дейінгі ұлттық тарихымыздың бұрмалануымен әдейі күңгірттендірілген ықпалынан шыға алмау болып табылады.

Өз тағдырына — өзің ие болу үшін — «Жаныңның — азығы, санаңның — қазығы болғаны ләзім» — демей ме? Олай болса, орта ғасырлық Сарайшық қаласы — ұлттық санамыздың баға жетпес асыл қазықтарының бірі.

Қазақ хандығына әкесі Керей ханмен бірге негіз қалаған Бұрындық хан мен Қазақ хандығын барынша кеңейтіп, нығайтқан хан Қасым неліктен Сарайшықты алғашқы Қазақ мемлекетінің астанасы етті? Бұл сауалға жауапты төмендегі тұжырымдауларымыздан шығаруға болады:

Біріншіден, Сарайшық шаһарының жайқалған жұғымды жайылымдары мен шәрбәттай дәмді, мөлдір сулы, өмірге қолайлы Жайық өзенінің бойына орналасуы;

Екіншіден, еуразияның ең төте, сондықтан да ең тиімді байланыстырушы шебіне ірге орнықтыруы;

Үшіншіден, теңіздей толқыған, сан ғасырлар бойы ұрпақ үшін, ел үшін, жер үшін қиян-кескі арпалыспен күн кешкен көшпелілердің шаруашылық-тұрмыстық мүдделеріне сай;

Төртіншіден, халықаралық мәнге, яғни, еуразиялық сауданың дамуы тек Қазақ халқына ғана емес, барша осы құрлықтарды мекендеушілердің экономикалық мүдделіктеріне орай;

Бесіншіден, Сарайшық шаһары — Қазақ хандығына дейін-ақ, Алтын Орда мен Маңғыт жұртының даңқты хандары мен билерінің, мәңгіге топырақ бұйырып, жергілікті тайпалар мен рулардың имандылығы мен ата-баба аруағына бас иер қасиетті орталығы болуы.

Алғашқы кезде Алтын Орда хандары мен оның төңірегіндегілер Сарайшықты саят құрып ,көңіл көтеретін ,қаланың шуынан табиғатқа шығып,демалатын орын ретінде пайдаланған.

Сарайшықты 1580 жылы орыстың патшасы Иван Грозный казактарды жіберіп қираттырған. Қаланы басып алған казактар алғашқы әзірде оны қиратуға қимайды. Бұны естіген Грозный қалаға өзі арнайы келіп, 12 күн болады. Кетерінде патша қаланың көркіне тамсанғанмен, «Мәскеуге ұқсайтын қала жер бетінде тұруға тиісті емес» деп қаланы тас-талқан етіп қиратуға бұйрық береді. Сөйтіп, бес ғасырға жуық уақыт өмір сүрген салтанатты Сарайшық жермен-жексен болады. Бір ғасырдан астам уақыт бойы тоналады. Грозныйдың қаланы бұлай қирату себебі – өзіне дейін билік құрған Юрий Долгорукий Мәскеудегі Қызыл алаңның келбетін Сарайшықтан көшірген. Ал, Кремльдің келбетін Алтын Ордадан алған. Жұртшылықтың «Казанские, Успенские соборы» деп атап жүрген Кремльдің жан-жағындағы сәулетті соборлар — Қазан қаласының көшірмесі. Орыстардың «Москва построено по восточному стилю» деп сөйлейтіні де осыдан. Грозныйдың әуелі Қазанды, одан кейін Сарайшықты құлатып тынғандағы негізгі себебі – өздерінің осы «ұрлықтарын» жасырып қалу болатын.

Сарайшық байлығымен қазынасын тонау 20 ғасырға дейін жалғасады .1904 жылы Орынбор ғылыми –мұражай комиссиясы хабарламасында ғалым

Георгий .Скалов Сарайшық қаласының қазыналыры аяусыздықпен адамгершілікке жат әрекеттермен тоналып жатқаны туралы мәлімет берген.

17 ғасырдың басында да Сарайшық арқылы өтетін сауда керуендерін мұндағы мұндағы казактар мен қалмақтар айуандықпен тонаумен болды.

Сөйтіп ,үш жарым ғасырдай сауда керуен қатынасының бірегей орталығы болған Сарайшық ,Хан ордасы ,имандылықпен ұйыған діни орталық болған бай астана өзінің мән-мағынасын жоғалтты

Сарайшық қаласының орны жатқан Жайық бойы ,Атырау аймағының 17 ғасырдан бергі тарихы –осы өлкеде тарихи тағдырлары тоғысқан Қазақ елі мен Ресейдің және Еділ-Жайық бойы казактары (казактары мен орыстары) мен екі өзен арасын ғасыр жарымдай мекендеген ,тағдыр желі қаңбақша домалатқан қалмақ халқының бір бөлігінің (ойраттардын тарихы)

Монғолдардың су-монғол тобы ,маңғыт,ұңғыт және шүршіт тайраларына бөлінеді.Соңғы шүршіт тайпасынан 17-18 ғасырларда тарихта жиі айтылатын қалмақтар шығады

17 ғасыр басында ойрат одағын құрған дүрбіт ,хошеуіт ,торғауыт,чорос,хойт рулары-деген деректерде бар.

1635 жылдар шамасында Жоңғарияда ойрат тайпалары бірігіп ,Жоңғар мемлектін құрады.Бұған дейін ойраттардың бір бөлігі батысқа ойысқан болатын.Малына жайылым ,жанына жәйлі қоныс іздеген қалмақтардың қомақты бөлігі сонау Жоңғариядан Қазақстанның шығыс-терістік шекараларымен қозғалып,батыстағы екі өзен аралығына жетеді.

Қалмақтардың Еділ мен Жайық бойына алғаш келуі 1616 жылдары болатын – деп жазады А.Тәжүтов.

Ембі,Ойыл өзендері бойынан Нарын құмы мен Боғда тауына қарай көшіп-қонған қалмақтарға ,Ресей патшасы 1655 жылы сәуір айында арнайы жарлық шығарып ,Еділ-Жайық өзендері аралығынан жер береді.Қалмақтар Қазақ хандығы шекарасына орналыстырылып ,шекара қызметімен айналыса бастайды.

1866 жылғы Оренбургская губерния ның дерегіне сүйеніп ҚАЗМҰУ оқытушысы Дәурен Сайдалы былай деп жазады.1577 жылы әбден құнығып ,құтырынған бұл қарақшыларды Еділ бойынан аластату үшін жіберілген Иван Мурашкиннің отряды оларды Жайыққа қарай қуып салды.Бытырай қашқандардың Ермек бастаған бір бөлігі Сібір жағына ,Екіншісі Терек бағытына ,ал үшінші бөлігі жан сауғалап ,қырға ,құмды шөлге паналап ,естерін жиған соң Каспийге келіп,жағалаудың қалың қамысына жасырынып жүрді

Сарайшықты 1580 жылы тонайтын да осылар.Жайықты өрлей жоғары көтеріліп ,бүгінгі Орал қаласынан сәл жоғары Орешной шатқалына бекінеді.Кейін осы қарақшылардың ұрпақтары Жайық казак әскерінің негізін құрайды.Казактар туралы келесі бір деректе осы мазмұндас.Батыс Қазақстандық журналист Т.Әліпқали П.И.Рычковтың Орынбор губерниясының топографиясы 1761 жылдар шамасында шығарылған еңбегіндегі деректерге сүйеніп,мына мәліметтерді келтіреді.Казактардың осы

және бұдан өзге де топтары кезінде бай қала атанған Сарайшықты бірнеше рет тонауға қатысса керек. Сарайшық қаласы қирамай тұрып орта ғасырларда өте бай,көркейген қалаға айналған.Мен бұл сөзімді мына қазба жұмыстарында дәлелдермен дәлелдей аламын.

Жайықтың Сарайшық қаласы тұрған осы иінінде,кезінде хорезм құлдары болжаулы мәліметтер бойынша хорезм құлдары 10-12 ғасырларда қала болғандығы жөнінде дерек бар(авторлар Толстов Сергей Павлович,Александр Натанович,Бернштам.Әлкей Марғұлан еңбектерінде)қаланың аты туралы әртүрлі болжам айтылады.Қалай деп аталсада,қазба жәдігерлерінің дәлелдеуінде,9-10-11 ғасырларда Сарайшық қаласының орнында кен қорыту,тігін цехы,металдан тұрмыстық заттарды жасайтын кәсіпкерлік орны жәнеде Сарайшық қаласында сауда-саттық қатты дамыған,оған дәлел қазба жұмыстары мен,ұлы жібек жолының шығысқа апаратын маңызды қала болуы мен байланыстырамын.Сарайшық қаласын айналып ағатын Жайықтың сол жақ(Азия беті) жағалауы қалың да ,биік тоғай болған деседі (болжаулы мәлімет бойынша 750 жылдай өтседе ,сол тоғайлар сирексіген күйі әлі бар)

18 ғасырдың 60 жылдарынның соңында Петр Симмон Паллас бастаған неміс экспедициясы Сарайшық қаласын көріп қайтса,1834 жылы Фридеман Гебель шағын қазба жұмыстарын жүргізеді.1937 жылы Арзютов жетекшілік еткен Қазақстанды зерттеу қоғамының Батыс Қазақстандағы бөлімшесі Саратов облысы мұражай қызметкерлерімен қазба жұмыстарын жүргізсе,1937,1950 жылдары археолог ғалым Әлкей Марғұлан Сарайшықтың су астында қалып бара жатқан бөлігін зерттеді.

Қорыта келе қазақ халқының асыл мұра қаласы Сарайшықты көпшілік алдына паш ету, Сарайшық қаласы үшін соғысып жанын берген ата бабаларымыздың сүйегі сол қалада жатыр.Сол себепті біз өскелең ұрпақ бұны ұмытпауымыз керек деп ойлаймын.

Өкінішке орай Сарайшық қаласы қазіргі таңда адамдар арасында ұмытылып жатыр сол себепті біздің мақсатымыз Сарайшық қаласысының тарихы мен ұзақ жылғы даңқын күллі әлемге паш ету.

3 СЕКЦИЯ
ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА
ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТАРИХЫ, АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ,
ТОПОНОМИКА МӘСЕЛелЕРІ

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ БАСПАСӨЗ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

А.Қ. Ахмет – т.ғ.д., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры. Атырау қ.

А. Умбетжан - Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 2 курс магистранты, Атырау қ.

Л.К. Даулетбаева - Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 2 курс магистранты, Атырау қ.

Қазіргі таңда республика, аймақтың өнеркәсіп орындары мен салаларының еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін баяндау, олардың даму барысын саралау және алдыңғы аға буын өкілдерінің мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеруінді серпін беріп зерттеу тарих ғылымының негізі бағыт-бағдарына жатады. Туған өлкеміздің экономикасының дамуында халықшаруашылығының алатын орны, оның дамуы, қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегі, Кеңес үкіметі тұсында халық шаруашылығының өркендеп дамуына белсенді араласып, осы саланы көтеруге атсалысты. Сол кезеңдерде халық шаруашылығын басқару қиын жағдайларда жүргізілді. Барша халықтың басына түскен аса ауыр қиыншылықтан кейін жөнге салу, мемлекет пен партия талабына сай іс жүргізу қиынның қиыны еді. Сондай ауыртпалықты қиналмай көтере білген облыс еңбекшілері болатын. Соғыстан кейінгі сталиндік бесжылдықтардың көрсеткіштері ауыл еңбеккерлерінің азапты еңбегінің, жоқшылығы мен аштығының, өмір жастары дәрежесі төмендігінің, әйелдер мен балалардың еңбегін қанаудың, халықты шаршатып-шалдықтырудың ең жоғары шегіне жеткізудің нәтижесі еді. Ұжымшарлар мен кеңшарлар өзінің басты міндетін қоғамды азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін орындай алмағаны да шындық.

Сондықтан да Кеңес үкіметі мен коммунистік партия басшылығы соғыстан кейін қираған халықшаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі өркендету жұмыстарына елдің барлық еңбекшілерін жұмылдырғаны белгілі. Үкімет пен коммунистік партия тарапынан 1946-1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдық жоспары қабылданды. Осы жылдары Кеңес елінде

жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны орта жылдық есеп бойынша 14 пайызды құрады. Ал жалпы ішкі өнім дегеніміз – мемлекет территориясындағы барлық өндірушілердің белгілі бір кезең ішінде өндірген түпкі тауарлары мен көрсеткен қызметтерінің нарықтық құнын білдіретін жиынтық көрсеткіш. Төртінші бесжылдықтың негізгі шаруашылық-саяси міндетін Кеңес елінің көсемі И.В.Сталин Москва қаласының Сталин сайлау округі сайлаушыларының 1946 жылғы 9 ақпандағы сайлау алдындағы жиналысында сөйлеген сөзінде: «Елдің зардап шеккен аудандарын қалпына келтіру, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы деңгейін соғысқа дейінгі дәрежесіне қалпына келтіру, сосын ғана бұл деңгейді айтарлықтай көлемде арттыру болып табылады», - деп тұжырымдады (Ахмет А., 2021). Ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күресте республика жұртшылығы ерекше белсенділік көрсетті. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге жету жолындағы жарыс шаруашылықтардың, аудандардың, облыстардың әлеуметтік-экономикалық деңгейлерінің көтерілуіне оң әсер етті. Сонымен бірге ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, ұжымшарларды ірілендіру жолындағы жұмыстар ауыл шаруашылық өндірісінің материалдық-техникалық базасының нығайуына жағдай жасады. Ұсақ ұжымшарларды ірілендіру жұмыстарының жүргізілуіне орай Қазақстандағы ұжымшарлардың саны 1945 жылғы көрсеткіш бойынша 6737 болған болса, 1952 жылдың аяғында 2047-ге дейін азайды. Бұл жұмыстарды жүргізудегі басты мақсат ірілендірілген шаруашылықтар техниканы толығырақ пайдаланып, ауыл шаруашылық саласында неғұрлым жоғары өнім бер бастады, соның нәтижесінде мал шаруашылығы өнімділігі де арттырылды (387-388 бб. Алматы: Қазақстан, 1985.).

Сол кезеңдегі облыс еңбекшілерінің қажырлы еңбегін баспасөз құралдары үнемі басты назарда ұстаған. Оның жарқын мысалы сол жылдары жарық көрген «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газетіне облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуы туралы мақалалар жарық көріп отырған. Бұл мақалаларда халықшаруашылығының барлық саласы бойынша деректер бар.

1948-1954 жылдардағы бағаның төмендеуі, халықтан мемлекеттік займ түрінде мәжбүрлеу жолымен ақша жинау және жалақы мөлшерінің мүлде төмен деңгейі арқасында жүзеге асырылды. Дүкендерде сол кезде іздеп таптырмайтын азық-түлік түрлерінің, соның ішінде балық уылдырығынан бастап, экзотикалық теңіз кальмарына дейін сыймай тұруы, ал нан мен қанттың құрып кетуі түсінікті жайт еді, 1950 жылы Қазақстандағы орташа жалақы мөлшері 62 рубльді құрады. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары төртінші бесжылдық жоспарын орындауда бүгінгі облыс аудандары еңбекшілерінің де зор үлесі бар.

Оның жарқын мысалы «Социалистік құрылыс» газеті 20 тамыз күні аудандағы озат малшылардың аудандық мәслихаты өткендігі туралы жазады. Газет мақаласында «Таяуда Есбол ауданында озат малшылардың мәслихаты болып өтті. Мәслихатқа Социалистік Еңбек Ерлері, мал шаруашылығының алдыңғы қатарлылары қатысты. Онда қоғамдық өнімді мал шаруашылығын

өркендетудің үшжылдық жоспарының алғашқы жылында алынған міндеттеменің орындалуы туралы аудандық партия комитетінің секретарі Аймұратов жолдас баяндама жасады. Баяндамашы аудан колхоздарының алған міндеттемелерінің орындалуына жекелей тоқталды. Мал басын өсіріп-өркендету жөнінде мол табыстарға ие болған колхоздарды айта келіп, кемшіліктерге баса көңіл аударды. Аймұратов жолдас өзінің қорытынды сөзінде малшы колхозшыларды малдың күйін ерекше арттыруға, мал басынан шығын бермеуге және құнарлы мол азығын дайындауға шақырды.

Баяндама бойынша 15 адам жарыс сөзге шығып сөйледі. Олар мал шаруашылығын өркендету жөнінен маңызды пікірлер айтты. Мәслихатта «Социализм» колхозының озат сиыршысы Нұрмағанбетов, «Передовик» колхозының атақты шопаны Бергенов жолдастар мал бағудағы тәжірибелерін ортаға салды. Озат малшылар мәслихатында қоғамдық мал басын арттыру жөніндегі алынған міндеттеменің абыроймен орындалуын және мал шаруашылығы өнімдерін молайтуды көздеген кең көлемді қаулы қабылданды», - деп жазды. Мәслихатқа аудандағы Социалистік Еңбек Ерлері қатынасқандығы назарға беріледі.

Ал Жылой ауданындағы «Жаңа таң» колхозының малшы колхозшылары көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемені орындау жолындағы социалистік жарысқа белсене қатынасты деп жазды. Ауылшаруашылығын дамытуда көптеген мал өсірушілер қажырлы еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Ол туралы облыстың баспасөзінде мақалалар жарияланды. Мысалы қой фермасының шопаны Теңізбаев Қали өзі баққан 400 саулық қойдан 468 қозы алып, аман сақтады. Ол мал қыстатуға кезінде ұқыпты әзірлік жасады. Теңізбаев жолдас қосымша еңбек ақыға 31 бас тоқты алды. Жылқышы Көсемов Қыстаубай 38 биеден 38 құлын алып, аман сақтап келеді. Бұлар сияқты сиыршы Бисенов Есмағанбет, сауыншылар Шағырбаева Аяухан мен Өтепбергенова Қалампыр жолдастар да озат малшылар болып саналады. Олар малды бірде-бір шығынсыз өсіруде. Колхоздарда малшыларға жақсы жағдай туғызылған: олар жылы орынмен, киіммен толық қамтамасыз етілген. Мал өсірушілер малды қыстан шығынсыз, күйлі шығару үшін, сөйтіп Қазақстан большевиктерінің IV съезін жаңа табыстармен қарсы алу үшін еңбек етуде деп жазды сол жылдардағы облыстың бас үнпарағы. (Айдабаев А., 1949).

Жергілікті өнеркәсіптің балық комбинаты коллективі (директоры Найденов жолдас) өздерінің көктемгі маусымдағы жұмыстарын қорытындылады. Республикамыздың 30 жылдығын көрнекті табыстармен қарсы алу жолында жарысты өрістете отырып, бұл коллектив ірі табыстарға жетті. Комбинат екінші тоқсанның балық аулау жоспарын 106,5 процент, жарты жылдық жоспарды 36,6 процент орындады. Комбинаттың бірқатар бригадалары жұмысты стахановша жасады. Балықшы Таршилов жолдастың бригадасы жарты жылдық жоспарды 129,3 процент орындап шықты. Комбинат коллективі балық өнімдерін өңдеу жөнінде де жақсы көрсеткіштерге ие болды. Олар сыртқа шығарылып сатылатын өнімнің 85 процентін бірінші сортпен өткізді. Еңбек өнімділігінің жоғарғы үлгілерін

көрсеткен комбинаттың 9 жұмысшысы «Қазақ ССР жергілік өнеркәсіп министрлігінің социалистік жарысы озаты» значогымен, 12 адам Қазақ ССР жергілік өнеркәсіп министрлігінің грамотасымен наградталды. Бұлардың ішінде Қисмолдинова, Сладкова, Лепская, Пестеров, Ақбаева, Қалдыбаева, тағы басқалар бар (Меңдіғалиев П., 1950).

Соғыстан кейінгі ауыр жылдары Гурьев (қазіргі Атырау) облысы аумағында жеміс ағаштары өте аз өскені белгілі. Жергілікті халықтар Гурьевтің бедеге мен жусанынан басқа шөп өспейтін, жартылай шөлді жағдайының есебінен жеміс ағаштары шықпайды деп есептеген. Бірақ, алдыңғы қатарлы мичуриндік ғылыммен қаруланған агрономдар бұл көзқарасты жоққа шығарды. Газеттегі деректерге назар салсақ. Қазақстан мұнай бірлестігі жұмысшыларды жабдықтау басқармасының ауыл шаруашылық бөлімін тәжірибелі агроном Корепанов жолдас басқарады. Бұл бөлім көп жылдардан бері өзінің екі қосалқы шаруашылығында картоп, овощь, бақша егістерін өсіріп келеді.

Биылғы жылы Корепанов «Сарытоғайда» 45 гектар жерге жеміс ағаштарын, 5 гектар жерге виноград егуді ұсынды. Бұл егістер егілетін участок ұқыпты тыңайтылды. Жеміс ағаштары Жамбыл облысынан сатылып алынды. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап-ақ, виноград егіле бастады. Қосалқы шаруашылық бригадирлері жемістің шығуына жақсы көңіл бөлуде. Осының нәтижесінде биыл жемістің 90 проценті көктеді. Осы учасютке басқа да жеміс ағаштары егілді. Олар да жақсы шығып келеді (Бастраков Т., 1950). Кейінгі жылдары Сарытоғай ауылының жеміс-жидек өнімдері бүкіл облыс жұртшылығының игілігіне айналғаны белгілі

Келесі газет дерегіне назар аударсақ. Теңіз ауданы, Ворошилов атындағы колхоздың мүшелері БК (б) П Орталық комитетінің Октябрь мерекесіне арналған ұрандарымен жігерленіп, қоғамдық мал басын өркендету жолында аянбай еңбек етіп келеді. Олар мереке алдындағы социалистік жарысты да кең өрістетіп отыр. Орденді малшы Нұралиев Оразбек мереке алдындағы жарыста өзінің қарауындағы 400 ешкіні жеткілікті мал азығымен, жылы қорамен қамтамасыз етуді 7 ноябрьге аяқтаймын деп уәде берген еді. Ол өз сертіне берік болу үшін күресуде. Қажетті мал қорасы қазірдің өзінде даяр болды, мал азығын қыстақ басына қызу тасып жатыр. Мереке алдындағы жарыста алынған міндеттемелерін орындау күресінде жылқышылар Әубекеров, Жанғатаев, шопан Досжанова жолдастар да өнегелі еңбектің үлгісін көрсетіп отырғандығын ерекше мақтанышпен жазады (Нұрмұханбетов Қ., 1951).

Бақсай ауданы, Чкалов атындағы іріленген колхоздың күрішші егіншілері Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыста алынған міндеттемелерін абыроймен орындап келеді. Мин-Ин-Сук жолдастың звеносы овощьтың әрбір гектарынан 90 центнерден өнім алуға міндеттенген еді. Берген уәде асыра орындалып отыр. Овощьтың әрбір гектарынан 230 центнерден өнім алынды. Күрішші Ли-Он-Сун жолдас күріш ору нормасын 113 процент орындады. Колхозшылар мерекеге лайықты тартулармен келу үшін еңбекті қыздыра түсуде (Харкин С., 1951).

Облыстың қаракөл совхоздарында жыл сайын құрылыс жұмыстары ұлғайтылуда. Тек үстіміздегі жылы Сағыз совхозында 8 мыңнан аса текше метр негізгі объектілердің құрылысы тұрғызылды. Олардың ішінде 10 стандартты қой қорасы, 12 тұрғын үй, монша, дүкен, автогараж және тағы басқалары бар. Әрбір отарлардың қыстағынан басынан шахта құдықтар қазылады. Қазір құрылыс бригадалары бөлініп, өткен жетіде екі бригада тұрғын үйлердің фундаментін жасауға кірісті. Тас басуға да әдейі бригадалар бөлінді.

Сондай-ақ газет тілшісінің сол жылы Бақсай, Гурьев қаракөл совхоздарында да ондаған стандартты қой қоралары және жаңадан тұрғын үйлер тұрғызылатындығы айтылады. Гурьев совхозында қойды қолдан ұрықтандыратын пункт үйі салынады. Совхоздарда құрылыс жұмыстарына әзірлік қызу жүргізілгендігі туралы дерек сақталған (Совхоздардағы құрылыстар, 1952).

Гурьев машина-шаруашылық станциясының маңдай алды механизаторлары қоғамдық мал азығының жылжарымдық – екіжылдық қорын жасақтау жолында қажырлы еңбек етіп, күндік және бескүндік тапсырмаларын үнемі асыра орындағандары туралы дерек бойынша механизаторлардың қажырлы еңбектеріне куә боламыз.

Мақалада жазылғандай коммунист Тоғайбаев жолдастың бригадасы оңтүстік қазақстандықтардың үндеуіне жауап ретінде алған міндеттемесін үнемі асыра орындап, еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Бұл бригаданың мүшелері механизмдерді жақсы күтудің нәтижесінде кідірісті болмай, олардың өнімді жұмыс істеуіне жетілдірудегі еңбегін ерекше атап өткен.

Тракторға тіркелетін машинамен шөп шабушы Байбосынов жолдас қажырлы еңбегімен жақсы көрсеткішке ие болуда. Ол күніне 30 гектар жердің шөбін шабудың орнына 46 гектар жердің шөбін шауып, күнделікті тапсырманы үнемі асырып орындайды. Ол бұл табысқа механизмді жақсы күтіп, уақытты өнімді пайдаланудың нәтижесінде жетіп келеді. Моторлы машинамен шөп шабушы Ермағанбетов жолдас күніне 40 гектар жердің шөбін шауып, күндік тапсырмасын 115 проценттен орындайды. Сол сияқты тракторшы Көшқалиев жолдас та күніне 47 гектар жердің шөбін шауып алда келеді. Шөп шабушылардан шөп жинаушылар да қалысатын емес. Мәселен, Қағазғалиев жолдас күніне 50 гектар жерден шабылған шөптің жинаудың орнына 80 гектар жерден шабылған шөпті жинап, еңбек өнімділігін арттыра түсуде деп жазды газет тілшісі (Орынғалиев Ө., 1952).

1953 жылдың соңғы айларынан бастап бүкіл кеңес елінде ауыл шаруашылығы үлкен күйзеліске ұшырап, Ұлы Отан соғысы зардаптарынан кейін үкіметтің әлі де ауылға тиісті көмегі тимей жатқан кезеңі болатын. Осы кезде жағдайды байқаған КСРО үкіметі бастамасымен СОКП Орталық Комитетінің қазан Пленумы бұл мәселені талқылап, ерекше бет бұрыс жасау керек деп табады.

Новобогат ауданы бойынша газеттің өз тілшісі тарапынан жазған мақалада Чапаев атындағы колхоздың мүшелері Май мерекесі алдындағы

социалистік жарысқа қосылып, алынған төлдерді аман сақтауға міндеттенгенін жазады. Колхозшылар бұл серттерін абыроймен орындап келеді дей келе мұнда қазір 165 сиыр, 12 жылқы және 172 қой мен ешкі төлдеп, алынған төлдер аман өсірілуде екендігін оқырман назарына береді.

Газет мақаласында озат шопан Қарабаева Нақыш қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан мандай алды малшылардың бірі екендігін, оның қазірдің өзінде 41 ешкіден 50 лақ алып, оны аман сақтап отырғандығын атап өтеді. Сондай-ақ, шопан Мырзағалиев, сиыр бағушы Быланбаев жолдастар да бағымындағы малдың күйін арттырып, алынған төлді шығынсыз өсіруде. Колхозшылар мереке алдындағы табысын баянды ету үшін еңбек қарқындарын арттыруда деп өз мақаласын аяқтайды (Шопандардың жарысы, 1953).

Кеңестік қоғамның тағы бір ерекшелігі партия органдары халық шаруашылығының барлық салаларын қатаң бақылауда ұстады.

Ал Теңіз ауданы, Карл Маркс атындағы колхозының бірсыпыра мал өсірушілеріне өткен шаруашылық жылын жоғары көрсеткіштермен қорытындылағаны үшін қосымша ақыға көптеген мал берілгені жөніндегі дерек келтіреді. Газет бетіндегі деректерден түйешілер Әжіғалиев Қожан 3 бұзау, 8 тоқты, Жанғалиев Қарақойшы 2 бұзау, 10 тоқты, жылқышылар Ахметов, Зұлпықаровтар 3 құлыннан алған. Колхоз бойынша қосымша ақыға небәрі 100 тоқты, 32 бұзау, 29 құлын берілді деп жазды З.Садиров өзінің мақаласында (Садиров З., 1956).

Соғыстан кейінгі ауыр жылдары Маңқыстау ауданы, «Путь к коммунизму» колхозының құрылысшылар бригадасы 30 тұрғын үй салып, пайдалануға берген. Салынған үйлердің сапасы жақсы, тұрмысқа қолайлы, 3-4 бөлмелерден тұрады. Келесі жылдары мұнда 100 тұрғын үй, клуб, дүкен, басқа да құрылыстар салынбақ екендігін газет деректері айғақтайды (Ербакиев Б., 1956). Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде алынған социалистік міндеттеменің орындалу барысын тексеру жөнінде Қызылорда облысы малшыларының делегациясының Гурьевке келгендігін «Социалистік құрылыс» газетінің кезекті санынан білуге болады. Делегацияны еңбекшілер депутаттарының Қызылорда облыстық советінің атқару комитеті председателінің орынбасары А.Совостьянов басқарып келген дерек сақталған. Делегация мүшелері мал шаруашылық қызметкерлерінің облыстық мәслихатына қатынасып, Қызылорда облысының еңбекшілері атынан мәслихаты атынан қатынасушыларға жалынды сәлем жолдады.

Делегация мүшелері мәслихат аяқталғаннан кейін облысымыздың аудандарында, жеке колхоздар мен фермаларда болып, социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындалу барысын тексереді, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі озат малшылардың тәжірибесін ортаға салып, пікір алысады. Сонымен қатар, міндеттемені орындау күресіндегі кемшіліктердің бетін ашып, оларды жою жөнінде өздерінің ұсыныстарын айтады. Қызылорда облысы малшыларының социалистік жарыста алынған міндеттемені орындау барысын тексеру үшін жақында біздің облысымыздың малшыларының делегациясы да Қызылорда облысына жүреді. Сөйтіп, екі

облыстың малшылары қоғамдық мал өркендету жөнінде өзара тәжірибе алысады делінген газет мақаласында (Қызылорда малшыларының делегациясы Гурьевте, 1953).

Архив қорында сақталған сарғайған «Социалистік құрылыс» газеті беттеріндегі деректер аға ұрпақтың жүріп өткен жолдары және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан жеке тұлғалардың тарихы мен олардың қажырлы еңбектері бүгінгі күнгі егемендігіміздің баспалдақтары екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 А.Ахмет Баспасөз бетіндегі аудан тынысы // Дендер, 3 желтоқсан 2021 ж.
- 2 Б.Ербакиев Колхозшылар үшін тұрғын үй // Социалистік құрылыс, 19 декабрь 1956 ж.
- 3 З.Садиров Қосымша ақыға мал берілді // Социалистік құрылыс, 30 ноябрь 1956 ж.
- 4 Қ.Айдабаев Озат мал өсірушілер // Социалистік құрылыс, 19 январь 1949 ж.
- 5 Қ.Нұрмұханбетов // Социалистік құрылыс, 4 ноябрь 1951 ж.
- 6 Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі –Алматы: Қазақстан, 1985. –735 б.
- 7 Қызылорда малшыларының делегациясы Гурьевте // Социалистік құрылыс, 13 май 1953 ж.
- 8 Ө.Орынғалиев Маңдай алды механизаторлар // Социалистік құрылыс, 8 июль 1952 ж.
- 9 П.Меңдіғалиев Балық комбинатында // Социалистік құрылыс, 13 июнь 1950 ж.
- 10 С.Харкин Мол өнім // Социалистік құрылыс, 4 ноябрь 1951 ж.
- 11 Совхоздағы құрылыстар // Социалистік құрылыс, 20 апрель 1952 ж.
- 12 Т.Бастраков Жайық маңындағы жеміс бақшасы // Социалистік құрылыс, 24 июнь 1950 ж.
- 13 Шопандардың жарысы // Социалистік құрылыс, 6 май 1953 ж.

МҰНАЙ ӨНДІРІСІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Л.Б. Бердіғожин – т.ғ.д., қауым. профессор
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Ж.Қ. Аманбаева -1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақстандық тарихнаманың кеңестік кезеңінде жұмысшы кадрлары және жалпы кадр мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері жан-жақты қарастырылғанын айтқан жөн. Олардың қатарында:

А.Н.Нүсіпбековтің кадр тақырыбын зерттеудің теориялық мәселелері, кадрлардың сандық және сапалық құрамы, жас және жыныс ерекшелігі мәселелерін зерттеуге жол ашуы [1], еңбек жарыстары туралы теориялық пікірлер білдірген М.Уалиев еңбектерін [2], кадр мәселесіндегі ғылыми техникалық революция әсері туралы Б.Абишева зерттеулерін [3], темір жол кадрларының тұтас жүйесін жасаған М.Асылбеков еңбектерін [4] айтқан орынды.

1920-1980 жылдары толық үстемдік құрған маркстік-лениндік теориялық-методологиялық ұстанымдарды басшылыққа алған зерттеу еңбектері 1970 жылдары ортасында қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды ғылыми шешу жолын көрсетуге дәрменсіз болды.

1970 жылдардың ортасы және 1980 жылдары елдегі әлеуметтік-экономикалық шиеленіс кадр мәселесінде төмендегідей бағытта көрінді:

Елде белгіленген әлеуметтік-экономикалық дамудың бесжылдық жоспарлары орындалмады, жұмысшы кадрларын даярлайтын кәсіптік білім тұралады, инженер-техникалық қызметкерлер әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының дұрыс шешілмеуіне байланысты өндірістен жаппай кете бастады. Міне бұл жағдайлар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Отандық тарихшылардан жаңаша теориялық бағыттағы еңбектерді талап етті. Кадр мәселесін жаңаша көзқараста зерттеу, ең алдымен әлеуметтік-демографиялық бағыттағы өзгерістерге байланысты болды.

1989 жылғы Жаңа Өзен қаласындағы ұлтаралық шиеленіс бұл мәселеде толық көрініс тапты. Өндірістік аудандардағы экология мәселесі, еңбек ақы, тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру проблемаларына өндірістік аудандардағы шағын қалалар проблемасы мен көптеген жұмыс орындарының қысқару, жабылу салдарынан пайда болған жұмыс күші миграциясы мәселесі қосылды. Оның бер жағында ірі өнеркәсіп аудандарына шеттегі қандастарымыз көптеп қоныс аударып, проблемалар өсе түсті. Міне, осы проблемаларды саралап, тарихи тәжірибені теориялық бағытта қолдана білген жаңа зерттеулер жазылды.

Зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей қатысы болмаса да, Қазақстандық өндіріс салаларының кадр мәселесіне арналған С. К. Игибаевтың «Қазақстанның революцияға дейінгі өнеркәсіп жұмысшылары»[5], А.Ш.Алтаевтің «Қазақстан өнеркәсіп жұмысшыларының әлеуметтік дамуы (1970-1990жж)» [6], Н.А.Абдуллаевтің «1950-1975 жылдардағы Қазақстан өнеркәсіп жұмысшыларының қалыптасуы»[7], М.Ж.Ташеновтың «Қазақстан жұмысшы табы 1960-1985 жылдарда (өнеркәсіп бойынша)»[8]. монографиялық, диссертациялық зерттеулері жарияланды

Бұл зерттеулерде көрсетілген Отандық тарихтың теориялық-методологиялық мәселелері кейін, кеңірек түрде З.Алдамжардың «Тарих: пайым мен тағылым» атты 2003 жылы жарық көрген методологиялық бағыттағы мақалалар жинағында көрініс тапты.

Қазақстан тарих ғылымында әлі де болса тиісті көңіл бөлініп, ұқыпты түрде қолға алынбай келе жатқан мәселелердің бірі – осы методологиялық жүйені қайтадан жаңа ғылыми негізде зерттеу.

Әрине, бұл іске кіріскенде осы уақытқа дейін қалыптасып, ғылыми айналысқа енген методологиялық тұжырымдар мен қағидаларды түгелдей теріс деп тауып, ысырып тастасақ, онда асығыстық, бірыңғай пайымсыздық көрсетер едік. Өйткені өткен дәуірде орын алған қате-кемшіліктерді, и кесаппаттық тылсым салдарын сынап, бой арылту барысында біз іске асар мұраның бір мысқалы болса да бекер шашпай жинақтағанмыз жөн. Ізденіс пен жинақтылық – ағайынды тіршілік. Сондықтан методологиялық жүйе туралы мәселе қозғағанда, біз марксистік-лениндік таптық методологияның принциптерінен, оның идеологиялық шырмауынан бас тартып, сынағанда, сонымен бірге, жалпы ғылыми методологиялық жүйе, таптық шеңберден тыс жатқан ғылыми ортақ негіздегі ақиқаттық принциптер мен объективтік ой-пікір барлығын ескергеніміз абзал [9, 108 б].

Отан тарихындағы теориялық-методологиялық ұстанымдар туралы, соңғы зерттеулер ішінде Х.Әбжановтың «Ұлт тарихы: оны зерттеудің ұстанымдары қандай болуы керек?» атты мақаласын көрсетуге болады. Мақалада З.Алдамжар теориялық ойлары ғылыми дамытылып, Қазақстан тарихын зерттеудің қалыптасқан негізгі тұжырымдары ретінде: тарихты жасайтын адам, тарихты жазуда адамзат тәжірибесі мен тағылымын ескеру, тарихтағы сабақтастық әсіресе ұрпақтар сабақтастығы, ұлт тарихының гуманизмі, ұлт тарихының оптимизмі туралы методологиялық тұжырымдармен байытты [10, 118-128 б].

Кадр мәселесін зерттеудің негізі ретінде диалектикалық және тарихи материализм принциптері, әлеуметтану категориялары ең бастысы философияның дамытушылық қағидалары басшылыққа алынуы тиіс.

Жаңа парадигма немесе тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, процестерді зерттеудегі жаңа үлгі – модель, Марксистік философия мен методологиядан түгелдей бас тарту емес. Мәселе оның тарихи құбылыстар мен процестерді қарама-қарсы таптық көзқарас тұрғысынан түсіндіретін сипатынан бас тарту.

Ұлт тарихын жазудағы марксистік-лениндік таптық теориялық-методологиялық ізденістерді тарихи шындықтан толықтай ысырып тастамай, бүгінгі күнмен үндес теориялық ойлары сарапталынуы қажет. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын жазудағы бір партиялық тұрғыда баяндау, көп жағдайда тарихшының кәсіби деңгейі мен тарихи шындықты теориялық-методологиялық пайымдауларына байланысты еді. Неге тарихта ақтандақ беттер көп, тарихи бағыт беретін методология неліктен күнделікті өмір шындығынан ауытқыды?

Бұл сұраққа жауап іздеуге талпыныс тарихшылар тұлғасының қоғамдағы атқарар рөліне ой жүгіртумен қатар, зиялылар, олардың қоғамдағы орны деген мәселені айналып өтуі мүмкін емес. Зиялылар қауымы, соның ішінде тарихшылар кез-келген қоғамның бет бейнесін анықтайтындықтан олардың қоғамдағы рөлі мен прогреске қосқан үлесін

зерделеу әрбір өркениетке бет алған ел үшін маңызды болып табылады. Осы ретте қазақ зиялыларын жалпы екі топқа: ресми өкіметтің бағдарларымен келіспей, белгілі дәрежеде қарсы тұрған қазақ зиялыларының екінші буыны және дүние танымы мен көзқарастары Кеңес өкімет тұсында қалыптасып, ел игілігі үшін еңбек еткен зиялылардың келесі буындары деп бөлуге болады деген ой айтылуда. Бірінші топ өкілдерінің қазақ тарихындағы рөліне баға беруде соңғы кезде тарих ғылымында үлкен жұмыс атқарылып, табан тірерлік негіз жасалған болса, екінші топ өкілдері туралы не айтуға болады, олардың соңынан қалдырған мұрасын қалай бағалауға болады деген мәселе бой көтереді. Мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар социализм идеяларына шын сеніп, дарыны мен еңбегін соған бағыштап, көптеген жылдар бойы тер төгіп, еңбек етті. Бұл мәселе көп зерттеу жүргізіліп, жаңа көзқараспен байыпты ой-тұжырымдар айтуды қажет ететін мәселе.

Тарихшы-ғалымның қоғамдық, ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын көрсету мақсаты маңыздылығымен құнды. Себебі бұл тақырып қазіргі кезеңде күрделі болып отырған мәселенің бірі. Біріншіден, жеке адамның (бұл жағдайда тарихшының) өмірі мен қызметін бағалау, зерттеушінің алдына көптеген тарихи, философиялық, этикалық, моральдық тұрғыдағы шешуін іздейтін қиындықтарды көлденең тартатын іс. Әсіресе, бұл жерде үлкен өзгерістерге ұшырап, бағдарлары жаңартылып жатқан тарих ғылымының еңбеккерлері, тұлғалары туралы зерттеу жасап, еңбек жазудың жүгі басқа салаларға қарағанда ауырырақ екені сөзсіз. Екіншіден, Қазақстан тарих ғылымының ірге тасын қалаған тарихшылардың біразының аты-жөні жұртшылыққа белгісіз, көптеген тарихшылар мен олардың еңбектеріне “маркстік-лениндік” тұрғыдан жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын, енжарлық пен дилетанттылықтың, салғырттықтың шекараларына жақын көңіл-күйдің бұл мәселеге мойын бұруға кедергі жасап отырғаны тағы бар. Қазақстан тарихшылары, олардың ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасаған еңбектер қазірде баршылық.

Әдебиеттер

1. Нүсіпбеков А.Н. Состояние изучение истории советского рабочего класса Казахстана.// Вестник АН Каз.ССР.Серия общественных наук.- 1961,№7.- С 11-17.

2. Уалиев М.Вопросы социалистического соревнование рабочего класса Каз.ССР. в Казахстанской историографии.//В книге: Деятельность компартии Казахстана по руководству социально-экономической развитием республики.- Алма-Ата,1978, - С 25-29.

3.Абишева Б.Н. Изучение истории рабочего класса Казахстана.// В книге: Актуальные проблемы истории советского Казахстана. -Алма-Ата,1980, - С.15-24.

4. Асылбеков М.Х. Итоги и задачи изучения истории рабочего класса Казахстана (1917-1976 гг.).-В кн: Рабочий класс Страны Советов.- Минск,1980,-С. 350-357.

5. Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана: численность, состав, положение (1861-1917 гг.): дисс.... док. ист. наук. – Усть-Каменогорск, 1990. – 431 с.

6. Алтаев А.Ш. Социальное развитие рабочих промышленности Казахстана (1970-1990 гг.): дисс.... док. ист. наук. – Алматы, 1996. – 322 с.

7. Абдуллаев Н.А. Формирование рабочих кадров промышленности Казахстана в 1950-1975 годы: дисс.... док. ист. наук. – М, 1998. – 411 с.

8. Ташенов М.Ж. Рабочий класс Казахстана 1960-1985 гг. (на примере промышленности): дисс.... док. ист. наук. – Екатеринбург, 1997. – 471 с.

9. Алдамжар З.А. Тарих: Пайым мен тағылым.-Алматы, 2002.- 288 б.

10. Әбжанов Х. Ұлт тарихы: оны зерттеудің өзекті ұстанымдары қандай болуы керек?// Кітапта: Таным таразысында.- Атырау,2006.-313 б.

1920 – 1980 ЖЫЛДАРЫ МҰНАЙ ГАЗ ӨНДІРІСІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Л.Б. Бердіғожин – т.ғ.д., қауым. профессор

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Ж.Қ. Аманбаева -1 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақстан мұнай өндірісі мен маман кадрларының тарихы туралы іргелі зерттеулер 1920-1980 жылдарды қамтыған Кеңестік тарихнамада жалғасты.

Коммунистік идеологияға негізделген еңбектердің әдістемелік негізін В.И.Ленин және партия, Кеңес мемлекет басшыларының еңбегі құрады. Бұл еңбектерге сын көзбен қарап отырып В.И.Ленин [1], М.В.Фрунзенің [2] мұнайлы Ембі ауданына қатысты шығармаларын Кеңестік, Қазақстандық зерттеушілер пікірлерімен салыстыра отырып пайдаланған С.Бисенбаев [44], Е.Н.Городецкий [3], Г.Ф.Дахшлейгер [4], А.Н.Нүсіпбеков, С.Б.Нұрмұхамедов [5] еңбектерінің қазіргі тарихнамада алатын орны ерекше.

1920-1930 жылдары жазылған алғашқы еңбектер қатарына С.Садуақасов, Т.Рысқұлов, Ғ.Тоғжанов, С.Асфендияров зерттеулерін жатқызамыз. Көрнекті мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасов (1875-1938) «Правда Востока» журналында жарияланған И.Зелинскийдің «Шығысты индустрияландыру табиғаты» еңбегіне қарсы пікір білдіріп бірінші кезекте ұлт республикаларын индустрияландыру тұжырымын ұсынды. Ал, Республиканың жоспарлау комитеті қызметкері Прокопович Қазақстанда өнеркәсіп орындарын салмау, қайта шикізат көзі есебінде болу керек деген еді. Бұл тұжырымдарға С.Садуақасов қарсы болып, пікір білдірді [6].

Санжар Жағыппарұлы Асфендияров (1889-1938) өзінің «Қазақстан тарихы» еңбегінде 1896 жылы Қазақстан жерінде 560 пайдалы қазба орны

ашылды. Оларда 4-5 мың адам еңбек етті. Алғашқы жұмысшы кадрлары Риддер мен Қарсақпайда қалыптасты деп көрсетті [7].

Т.Рысқұловтың «Қазақстан», Ғ.Тоғжановтың «Қазақ ауылы туралы», «Отарлық қазақ ауылы» еңбектерінде қазақ қоғамының құрылысы, өндірістік қатынастардағы таукен өндірісі, ұлттық жұмысшы табы мәселелері көрсетілді.

1930 жылдары Қазақстан өндіріс орындарындағы қалпына келтіру, индустрияландыру және алғашқы бесжылдықтар туралы еңбектер жарық көре бастады. Олардың қатарында В.Н.Ярковтың [8] Риддер өндірісі туралы, Оболенский және Березиннің [9] Балқаш кен орындары туралы еңбектерін жатқызамыз. П.Домричев [10] өз зерттеуін Балқаш кен орнына арнаса, Қарағанды өндіріс ауданының жағдайы және даму қарқыны зерттеушілер Н.Заводский [11], Л.Трофимов [12] еңбектерінде баяндалды.

Көрсетілген еңбектерде зерттеушілер пікірінше Қазақстанда осы үш процесс; өндіріс орындарын қалпына келтіру, индустрияландыру, бес жылдықтар бір кезеңде жүргізілді және ұлттық жұмысшы табы осы процестер нәтижесінде қалыптасты. Мұнай өнеркәсібіндегі қалпына келтіру және индустрияландыру мәселелері А.Айтиев [13], П.Катков [14] сияқты зерттеушілер назарына іліге бастады.

Осы кезеңде жазылған шығармалар ішінде орыс жазушысы Константин Паустовскийдің [15] «Дала желі» әңгімесі Доссор мұнайшыларының ауыр тірлігіне, мұнайлы ауданның ауыр табиғи жағдайына арналды.

Қазақстан өнеркәсібінің дамуына алғаш тарихи баға берген зерттеу авторы Ф.Я.Хрущев пікірінше индустриализация қаншама қарқынды жүргізілсе де негізгі өндіріс пен жұмыс күші жеңіл, тамақ өнеркәсіптері болды. Ал, ауыр өнеркәсіпті дамыту қарқыны төмен болды [16].

Ұлттық жұмысшы кадрлары қалыптасуының тұрмыстық кедергілері, орыс жұмысшыларының Қазақстанға көмегі Т.Джумабаев пен Ш.Шафионың еңбегіне арқау болды [17].

Қазақстан статистика басқармасы 1937 жылы және 1940 жылдары [екі рет халық шаруашылығы кадрлары туралы толық есептерін жариялады. Материалдардың құндылығы сол, онда өндіріс салалары бойынша мамандар саны, олардың кәсіптік деңгейі беріледі.

Зерттеуші С.Б.Нұрмұхамедовтың пікірінше бұл материалдарда кейбір қате көрсеткіштер бар. Мысалы, 1932 жылы ірі өнеркәсіпте 78,7 мың жұмысшы тіркелсе жинақта ол 56,5 мың деп берілген. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш 1937 жылы 145,7 мың болса, жинақта 58,4 мың деп берілген [18].

Жайық – Жем мұнайлы ауданының дамуына, кадрлармен толығуында және зерттеле бастауында 1935 жылы қарашада өткен КСРО Ғылым Академиясының арнайы сессиясы маңызды. Сессияда арнайы баяндамаларды, академиктер И.М.Губкин, Н.С.Курнаков және қосымша баяндамаларды, академиктер А.Д.Архангельский, В.Е.Тищенко, Г.А.Надсондар жасады.

Сессия мінберінен Эмбанефть Тресті басшысы Я.В.Лаврентьевтің «Ембі» мұнай өнеркәсібін кім игеру керек? Бұнда, тек қазақ кадрларын дайындауға ғана арқа сүйеуге болады. Басқа ұлттар сияқты қазақтардың

арасында да талантты, білікті адамдар бар. Сондықтан, адам тасымалын тоқтатып, ұлттық мамандар дайындауды жолға қою керек деген сөздері, жаңа істердің бастауын салды. Ғалымдар мен өндіріс басшыларының баяндамалары «Үлкен Эмба» деген атпен екі том болып жарияланды [19].

Кеңестік кезеңдегі тарих ғылымының дамуында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары ерекше беттерге толы.

Алматыға көшірілген Ресейдің белгілі-ғалым тарихшылары М.П.Ким, А.М.Панкратова, Н.М.Дружинин, С.В.Бахрушин, А.П.Кучкин, М.П.Вяткиндер 1943 жылы «Қазақ КССР тарихы» іргелі еңбегін жазып және тарихшы ғалымдар даярлауға ерекше үлес қосты [20].

«Қазақ КССР тарихының» іргелі еңбек ретінде жарық көруі ғылымда сілкініс жасап республикадағы жүргізілген индустрияландыру мен реконструкциялаудың тәжірибесі, Ресей жұмысшы табы көмегі зерттеле бастады. А.Б.Тұрсынбаев өз зерттеуінде Ленинград жұмысшыларының көмегі [21], Н.К.Киикбаев еңбегінде жетістіктермен қатар индустрияландыруға ұлттық жұмысшы табы мен инженер-техникалық интеллигенцияның болмауы кедергі болды деп көрсетіледі [22].

Зерттеуші А.А.Айтжанов өнеркәсіп орындарын салу, қайта құру шаруашылықты жүргізудің жаңа формасында жүзеге асты. Сондықтан қиындық болуы заңды және бұл істе ұлттық мамандардың толық қалыптаспауы кедергі болды дейді [23].

Қазақстан өнеркәсібі мен мамандары туралы зерттеген Г.Чуланов [24], С.Нейштат [25], В.Кольцов [26] еңбектерінде Республика ауыр өнеркәсібіндегі бесжылдықтар талданады. Жайық-Жем мұнайлы ауданы туралы мәліметтер салыстырмалы түрде берілген. Мұнайшы мамандар туралы мәліметтер жоқ.

Ал, С.М.Лисичкин [27], Е.Д.Шашин [28] сияқты Одақтық ауқымда зерттелген авторлар Қазақстан мұнай өнеркәсібі дамуын шолу ретінде баяндады. Бұл зерттеушілер кезінде Одақтық мұнай министрлігінде лауазымды қызмет атқарғандықтан Қазақстан мұнай өндірісін Ресей мен Әзірбайжаннан кейін үшінші орынға қойып, бұл Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жүргізілген жұмыстардың жемісі деп бағалайды.

1960 жылдары Қазақстан мұнай өнеркәсібінің экономикалық тарихы туралы құнды зерттеулерді ғалым-экономист Тарыбай Шәуекенбаев (1913-1985) жазды.

Мұнайлы өлкеде туылып, Мәскеу мұнай институтын бітірген (1938) Т.Шәуекенбаев өзі көп еңбек еткен Ембі кәсіпшіліктерінің экономикалық тарихын 1899-1959 жылдар аралығына дейін зерделеп зерттей отырып 6-бөлімнен тұратын «Жайық-Жем мұнайлы ауданы» (1960) атты монографиясын жариялады.

Кейін оны Маңғыстау мұнай кәсіпшіліктерімен толықтырып «Қазақстан мұнай өнеркәсібінің экономикасы» (1970) атты іргелі зерттеуін жариялады [29].

Т.Шауекенбаев еңбектерінде мұнай кеніштерінің ашылуы хронологиялық дұрыс көрсетілген және кеніштердің мұнай қоры мен өнім өндіру

көрсеткіштері берілген. Мұнайшы мамандар туралы арнайы тоқталмаса да, көрнекті мұнайшылар С.Зорбаев, Б.Досбаева, Р.Есқарив сияқты тұлғаларға тоқталады.

Көрнекті тарихшы Ермұхан Бекмаханов (1915-1966) Т.Шәукенбаев монографиясын экономика тарихына қосылған құнды еңбек деп бағалады [30].

Тарихта «жылымық жылдар» деп аталған 1954-1964 жылдарда жүргізілген шаруашылық реформасы мұнай өндірісін де қамтиды. Жаңа техниканы өндіріске енгізуде еңбек ұжымдарының еңбек жарысы осы кезде кең қанат жайды. Сондықтан еңбек жарысының тарихи тәжірибесін саралайтын Б.Н.Абишева, Ж.Жумабеков, А.Курманбаев, Т.Земцов, А.Г.Сармурзин, У.А.Жанайдаров монографиялары жазылды.

Қазақстан тарихнамасындағы ұлттық жұмысшы кадрларының қалыптасуы, социалистік құрылыс жұмысындағы өнеркәсіп жұмысшылары рөлі, Стахановтың қозғалыс тәжірибесі туралы еңбекті А.А.Байшин жазды.

С.Б.Нұрмұхамедов, В.К.Савосько, Р.Б.Сүлейменов зерттеулері де Социалистік құрылыс тәжірибесін ғылыми саралауға арналды.

Қазақстан тарихнамасының дамуында із қалдырған, тарихи процестердің объективті шындық негізде жазылуына бағыт берген, ол 1968 жылы мамырда «КСРО тарих ғылымы тарихының очерктерінің» Қазақстан мен Орта Азия Республикаларына арналған VII томын талқылау болды.

В.П.Шерстобитов, В.Дунаевский, Х.Хабиев, Г.Ф.Дахшлейгер сияқты белгілі тарихшылар өндіріс салаларының, ұлттық жұмысшы кадрлары тарихының жалпы индустриялы дамыған елге айналудағы қол жеткен табыстарды тарих тағылымына айналдыруға мән берді.

1960-1980 жылдардағы Қазақстан тарихнамасының дамуында Григорий Федерович Дахшлейгер (1919-1983) еңбектері өте қомақты. Г.Ф.Дахшлейгер республикадағы 1920-1970 жылдардағы тарих ғалымы дамуының ғылыми бағытын саралады. Тарих ғылымының проблемалық мәселелеріне объективті бағыт берді.

Дегенмен, 1960 жылдары Қазақ КСР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімі зерттеу еңбектерін саралай отырып ұлттық жұмысшы кадрларының қалыптасуы мен дамуы туралы жазылған тарихи еңбектер қоғам дамуына жауап бермей отыр деген қорытынды жасалды.

Әсіресе, академик А.Нүсіпбековтің көрсетуінше өндіріс салалары бойынша жазылған еңбектер аз. Металлургия, көмір өнеркәсіптерінен басқа салалар жазылған жоқ деген пікір ұстанды.

Себебі, 1960 жылы жарияланған А.Р.Ахметов, А.А.Байшин, А.С.Рахимовтердің ұжымдық еңбектері бұрын жарияланған деректер негізінде жұмысшы мамандардың еңбек ерліктерін дәріптеуден аса алмады.

Дегенмен, ұлттық жұмысшы мамандардың таза өмірнамалық тарихын, сандық және сапалық даму динамикасын нақты көрсете білген зерттеу еңбекті 1966 жылы көрнекті ғалым Ақай Нүсіпбеков (1909-1983) жазып шығарды.

Жұмысшы мамандар тақырыбының белгілі тарихнамасы И.Е.Ворожейкиннің бағалауынша Кеңестік Қазақстан индустриясының қалыптасып, дамуындағы ұлт кадрлары рөлін тарихи объективті көрсеткен А.Нүсіпбеков монографиясы болды.

Қазақстан жұмысшы табының тарихы – А.Нүсіпбекұлы көш басында болып, ілгері дамуына зор үлес қосқан Қазақстан тарих ғылымының үлкен салаларының бірі.

Тарихшы-ғалымның қаламынан осы тақырыпта бірнеше мақалалар шыққан: «Социалистік құрылыс жылдары жұмысшы табының қалыптасуы», «Қазақстанда Кеңестік жұмысшы табының және жаңа ұлтаралық қатынастардың қалыптасуы», «Ленин және Орта Азия Республикалары мен Қазақстанда жұмысшы табының ұлттық кадрларының қалыптасуы», т.б. Бұл мақалалардың әрқайсысының өзінше қарастырған жеке мәселе болғанмен олардың негізгі өзегі А.Нүсіпбековтың «Қазақстанда Кеңестік жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуы» атты монографиясына келіп тоғысқан.

А.Н.Нүсіпбековтың осы салада сіңірген еңбегінің құндылығына көз жеткізу үшін Қазақстандағы жұмысшы табының тарихнамасына шолу жасағанда көреміз. Сонымен бірге тарихшы-ғалымның осы тақырыптағы еңбектерін қандай принциптер тұрғысынан бағалаймыз деген сұраққа жауап ізделінеді.

А.Нүсіпбеков «Қазақстанда Кеңестік жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуы» атты өзінің монографиясында бай материалдардың негізінде Қазақстан жұмысшы табының пайда болып, қалыптасуының тарихы, жұмысшы табының қатарының көбеюінің қайнар көздерін, ұлттық, кәсіби құрамын ашып көрсеткен.

Ұлы Жеңістің 20 жылдығын мерекелеу кезеңінде мұнайшылардың майдандағы және тылдағы ерлік істерін баяндайтын М.Қозыбаев, Е.Иманқұлов, Л.Файн, К.Оразов, П.Букаткин зерттеулері жариялана бастады.

Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытудағы СОКП рөлі, маман кадрларды дайындау мәселесі, геологиялық зерттеу проблемалары, Маңғыстау түбегі қазба байлығын игеру, мұнайлы өңірдегі теміржол байланысы туралы диссертациялық зерттеулерді талантты жас ғалымдар Т.Жолбасқанов, С.Сәрсенбаев, И.Қисметов, К.Б.Исентаевтар жарыққа шығарды.

Мұнай өнеркәсібінде ашылмай қалған салалар мұнай айыру өндірісі, өндірістік-территориялық комплекстер ұйымдастыру және маман кадр дайындаудың сандық құрамнан сапалық биікке көтерілу мәселелері Г.Каленова, И.Камешев, В.Кисляков сияқты тарихшы ғалымдардың назарын аударды.

Г.Каленова өз диссертациясында Қазақстандағы алғашқы Гурьев мұнай өндеу зауытының ашылу және даму тарихын мұрағат деректері негізінде баяндады.

И.К.Камешовтың диссертациясындағы «Комплекс кәсіпорындарының кадр потенциалының қалыптасуы және дамуы» атты екінші тарауында мемлекеттік ұйымдық тарту мен қоғамдық шақырулардың нәтижесінде

Маңғыстау мұнай-газ комплексінде кадр құрамының интернациональдану процесінің тез қарқынмен жүргені фактілер арқылы көрсетіледі .

Ал, бұл процестің алда үлкен әлеуметтік қайшылықтар негізі болатыны түсінікті еді.

В.В.Кисляков өз диссертациясының «Қазақ КСР мұнай өнеркәсібінде жұмысшы кадрларының дайындалуы және қалыптасуы (1946-1970 жж.)» атты екінші тарауында мұнайшы мамандарды дайындаудағы негізгі орын кәсіптік-техникалық білім жүйесін жан-жақты талдайды. Жұмысшы кадрларын қалыптастырудағы колхозшылардың, әскер қатарынан босаған жастардың, орта мектепті бітірушілердің, қызметшілердің үлес салмағын көрсетеді. Сондай-ақ, партия және Кеңес органдарының ұйымдастыруымен соғыстан кейінгі жылдары жүргізілген мемлекеттік ұйымдық тарту, қоғамдық шақырулардың мәні мен маңызын зерделейді .

Жалпы, Қазақстан тарихшыларының 1970-1980 жылдары қол жеткізген қомақты істері, ол 12 томдық «Қазақ Кеңес энциклопедиясы» мен 5-томдық «Қазақ КСР тарихының» жазылуы болды .

Зерттеуші В.В.Усачевтің мәліметі бойынша 1956-1986 жылдары өнеркәсіп салалары бойынша 283 әр түрлі көлемдегі еңбек жазылған. Оның 103-і Лениана, 36-ы индустрияландыру тақырыбы, 20-ы Социалистік құрылысқа арналған.

1956-1986 жылдары 425 кандидаттық және 30 докторлық диссертациялар қорғалған. Оның 22-і индустрияландыру мен өндіріс саласына, ал 8-диссертация маман кадр тақырыбына арналған .

Тарихнамадағы Кеңестік кезеңнің зерттеулерін қорыта отырып, Кеңестік тарих ғылымында Қазақстанның ұлттық мамандары туралы, оларды зерттеу болашағы туралы А.Нүсіпбеков сөзімен аяқтауды жөн көрдік. «Қазақстан тарихында маман кадрлар туралы зерттеулерге болашақ жас ғалымдар назар аударуы керек» .

Қазақстан Республикасының тарихындағы қазіргі күндердегі бетбұрысты кезеңнің сипаты және ерекшеліктері біз жазып отырған жаңа да күрделі дәуірдің арасындағы байланыстылық тұрғысынан ашылып көрсетілуіне байланысты. Халықаралық дәрежеде ел ретінде бой көрсетуімен қатар, республикамыз әлеуметтік, экономикалық, рухани сипаттағы кедергілер мен қиындықтар бетпе-бет келіп отырған кезде көп мәселенің түп-тамырын тарихтан іздеп, тарих тағлымына жүгініп отырғанымыз белгілі. Осылайша тарих ғылымының арқалар жүгі ауырлап, оның өзіне мүлдем жаңа, тың талаптар қойылып отыр.

Әдебиеттер тізімі.

1. Ленин В.И. Толық шығармалар жинағы. 39-52 томдар.
2. Фрунзе М.В. Жизнь и деятельность. – Москва, 1962. – 365 с.
3. Бейсембаев С. Ленин және Қазақстан (1897-1924). – Алматы, 1970. – 370 б.
4. Городецкий Е.Н. Ленин – основоположник Советской исторической науки. – Москва, 1970. – 265 с.

5. Дахшлейгер Г.Ф. В.И. Ленин и проблемы Казахстанской историографии. – Алма-Ата, 1973. – 225 с.
6. Нусупбеков А.Н., Нурмухамедов С.Б. В.И. Ленин и формирование рабочего класса в Казахстане. // ИЗВ. АН Каз. ССР. – 1970. – №4.
7. Большевик. – 1928. – № 1. – С. 56-64; Правда Востока. – 1927. – 7 октябрь.
8. Асфендияров С.Д. История Казахстана. – Алма-Ата, 1993. – 304 с.
9. Ярков В.Н. Риддерское месторождение. – Москва, 1934.
10. Оболенский, Березкин. Прибалхашстрой. – Москва-Алма-Ата, 1933.
11. Домрачев П. Балхаш и Прибалхашье. – Москва, 1935.
12. Заводский Н. Угли Южного Казахстана. – Алма-Ата, 1935.
13. Профимов Л. Караганда. – Алма-Ата, 1935.
14. Айтиев А. Производительность труда на урало-Каспийских нефтяных промыслах. // Советская степь. – 1925. – № 432.
15. Катков П. Урало-Эмбенский район. // Советская Киргизия. – 1924. – №10.
16. Паустовский К. Собр. соч. – Москва, 1958. – 467 с.
17. Хрущев Я. От промысла к индустрии. – Алма-Ата-Москва, 1935.
18. Джумабаев Т., Шафиро Ш. Формирование Казахского пролетариата. – Алма-Ата, 1930.
19. Саматов М.С., Лучков А.Т. Кадры народного хозяйства Казахстана. – 1937. – № 1-2.
20. Нурмухамедов С.Б. Вопросы изучения истории рабочего класса Советского Казахстана // Вопросы историографии Казахстана. – Алма-Ата, 1983. – 34 с.
21. Большая Эмба. – М, 1937. 2-х томах.
22. История Казахской ССР / Под ред. М.Абдыкаликова и А.Панкратовой. – Алма-Ата, 1943. – 672 с.
23. Турсынбаев А.Б. Роль Русского народа в Социалистическом преобразовании Казахстана. – Алма-Ата, 1947.
24. Киикбаев Н.К. История аналитический индустриализаций Казахстана в Годы первой Сталинской пятилетки. – Алма-Ата, 1949. – 98 с.
25. Айтжанов А.А. Партийная организация Казахстана в борьбе за создание и развитие индустриальных очагов республики В Годы Второй Сталинской пятилетки (1933-1937 гг.). – М, 1950. – 68 с.
26. Чуланов Г. Промышленность Казахстана за годы Советской Власти. – Алма-Ата, 1951. – 101 с.
27. Нейштад С. Экономическое развитие Казахской ССР. – Алма-Ата, 1960. – 364 с.
28. Кольцов В. Развитие промышленности Казахстана. – Алма-Ата, 1961. – 284 с.
29. Шаукенбаев Т.Ш. Максимально увеличить добычу нефти в Урало – Эмбенском районе. // Народное хозяйство Казахстана. – 1938. – №5; его же. Вывести из прорыва промыслы треста «Актюбинскнефть» // Народное хозяйство Казахстана. – 1939. – № 7-8; его же, Перспектива развития Урало – Эмбенской нефтеносной области. // Народное хозяйство Казахстана. – 1940. – № 1; его же. Превратить Казахстан в крупный район нефтедобычи. //

Народное хозяйство Казахстана. – 1941. – № 4; его же. Урало – Эмбинский нефтеностной район. – Алма-Ата, 1960. – 214 с.; его же. Экономика нефтяной промышленности Казахстана. – Алма – Ата, 1974. – 365 с.

30. Бекмаханов Е. Полезный труд по экономике нефтяной промышленности Казахстана. // Казахстанская правда. – 1960. – 10 мая.

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Ш. Нағымұлы – п.ғ.к., қауым.
профессор, Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті

«Түркі» атауы VI ғасырда көшпелі халықтың атауы ретінде пайда болды. Ол кезде түркілер Монғолия мен Қытайдың солтүстік шекараларынан Қаратеңізге дейін созылып жатқан ұлы көшпелі империяның негізін қалады. Қазіргі заманда өмір кешіп жатқан біздерге ежелгі түркілер өздерінің қасиетті иелігі жері мен тілін, тәлім – тәрбиесін аманат етіп қалдырған. Түркі мәдениетінің аса көрнекті жазба ескерткіші Құлтегін тасында былай деп жазылған: «Әлемнің көгінде аспан, астында қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адам баласының үстінен менің бабаларым Бұмын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, Түркі заңдарын шығарып, бекітті». Монғолияның, Сібірдің, Қазақстанның территориясында орналасқан ежелгі түркі жазба ескерткіштері XVIII ғасырдан бастап алғашқы рет табылғаннан бері жүздеген жылдар бойы түркітанушылардың бірнеше буыны асқан қажырлылықпен тасқа жазылған олардың сына жазуларын оқумен айналысып келеді. Бұл аса маңызды шаруаның көш басында дат ғалымы В. Томсен тұрды. 1893 жылы ғалым «түркі» және «тәңірі» деген сөздерді оқып шықты.

Қазақстан тарихына байланысты құнды деректер мен мәліметтер негізінен Білге қағанның, Құлтегіннің, Тоныкөктің құрметіне бұдан бір мың үш жүз жыл бұрын қытай шеберлері мен суретшілеріне арнайы тапсырыспен орасан зор тас бағаналарға темір қашаумен ойып салдырған жазбаларында сақталып, соншама уақыттың, жел мен қардың, жауын- шашынның зиянды әрекеттеріне төтеп беріп біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Бұл жазбаларда түркілердің арасында қолданысқа ие болған әртүрлі лауазымдар мен мансаптардың атаулары кездеседі: Қаған(хан, император), Ябгу(империяның белгілі бір бөлігінің басқарушысы), шад- қаны бір мұрагерлер, тегін- жер үлесі бар қағанның туысқаны. Қазақтардың ежелгі түркілердің

туысқандық жағынан мұрагерлері екенін дәлелдейтін бір ғана атауға назар аударатын болсақ: ол «тегін» атауы. Түркілерде бұл сөз «туысқан» деген мағынаны білдірген. Ал қазақтарда осыған байланысты «ата тегі», «текті» ұғымдары бар. «Текіден текті туады, ата жолын қуады», «Тегі жақсының өзі жақсы», «Апырай, мына бала тегіне тартып, болайын деп тұр екен» т.б. мәтелдер мен нақыл сөздер жиі кездеседі.

Түркілердің арасында болған лауазым иелері «шадтар» кейін қазақтың сұлтандарына, бүкілқазақтық ұлы хан- бұрынғы түркілердің ұлы қағандардың ізбасарларына айналды. Араларынан кейін тархандар шыққан түркілердің бектері империяның аристократиялық бөлігін құрады. Сонымен қатар түркілік жазбаларда ««бұдын» термині жиі кездеседі. Бұл «халық» деген мағынаны білдіреді. ««Бұдын» сөзінің орыс тіліндегі «подданный»- бағынышты деген сөзге байланысы жоқ па екен? Абай өз шығармаларының бірінде бұл сөзді «бодан» деп пайдаланды. Кейін, бұл ұғым «бодандық, бодандыққа түсті, яғни тәуелсіздігінен қазақ елі айрылды» деп айтылатын болды. Халық ұлт ретінде түркілерде «Кип» деп аталды.

Ежелгі түркілік жазба ескеркіштерінде кез келген қазақ баласына ананың ақ сүтімен бірге келген ұғымдар мен сөздердің өте көп кездесуі біздің түбіміздің бір екенін дәлелдесе керек-ті. «Қаған», «ерен», «бай», «ат», «елу», «біз», «сегіз», «жау», «ай», «сары», «арық», «семіз», «қол», «кісі», «табгач», «атақты», «жас», «тәңірі», «жас», «ру», «күш», «қырық», «от», деп әрі қарай жалғаса береді.

Осындай қазақ тарихына байланысты қызғылықты мәліметтерді бойларына жинақтаған ежелгі түркілердің әліппіі қандай болды, ол қандай принциппен жасақталды дейтін сұраққа жауап іздейтін болсақ: Ежелгі түркі руникалық алфавиті негізінен дауыссыз дыбыстардан тұрды, кейбір әріптер бірнеше дыбыстарды білдіруі мүмкін. Мұнда пиктографтарды (әріптер-суреттер) көру оңай. Олар оңнан солға қарай оқып, жазды. Руникалық алфавит Истеми қағанның кезінде жасалған деп саналады. Қаған өз шенеуніктеріне осы әліпбиді үйренуді бұйырды. Көп ұзамай алфавит қарапайым халық арасында таралды. Қағанаттың тұрғындары бұл белгілерді көптеген жылдар бойы өз заттарына қолданған. Әріптер бір-бірімен байланыссыз курсивпен жазылды. Ең бастысы, руникалық алфавит ежелгі түрік ауызекі тілінің нормаларына дәл сәйкес келді. Осы тұрғыдан алғанда, руникалық жазу өз заманының ең сапалы жазуларының бірі болды. Ежелгі ғұндар мен түріктер қытайлардың маңында өмір сүрген. Олар, әрине, Қытай елінің ниетімен жақсы таныс еді. Мысалы, қытай таңбалары түріктерде қолданылған Қытай айналарында жиі кездеседі. Бірақ түркілер қытай иероглифтерін принципті себептер бойынша қабылдай алмады, солары дұрыс болды. Ұлы Түркі қағанатының ресми идеологиясының негізін түркі халқын («түрік будун») басқа халықтармен араласпауға деген ұмтылыс

құрады. Оның себебі саны жағынан аса көп қытай халқы мен әлемдік маңызы бар мәдениеті түркі елінің тәуелсіздігіне үлкен қауіп төндірді. Осыған орай, түркілердің негізгі идеологиялық принциптерінің бірі: «Қытайдан алыста болыңыз. Қытайдан тым алыс кетпеңіз» болды. Түркілер өздерінің қытайлықтарға жұтылып, олардың ортасында еніп, халық ретінде жойылып кетуі әбден мүмкін екенін түсінді. Қытай алфавитін қарызға алу Қытай алфавитіне негізделген барлық жазбаша өнімдерді және онымен байланысты барлық мәдениетті қабылдауға тең болар еді. Қытай әліпбиінен бас тартудың тағы бір себебі бар. Қытай таңбалары түркі рухына мүлдем сәйкес келмеді. Түркілер өз әліпбиін жасады, ол қоғамның жоғарғы топтары мен діни тұлғалар үшін ғана емес, шынайы жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Ежелгі түркілер « Мәңгілік тас» деп өздері атаған стеллаларға тоқтағанша көп материалдарды жазу үшін пайдаланып, олардың уақыт сынына төзе алмайтындығын түсінді. Басында көптеген руникалық хаттар тастардың, тау беткейлерінің, ағаштың, металлдың, кірпіштің және қағаздың бөліктеріне жазылды. Бірақ олардың қай-қайсысында мәңгілік еместігін әбден түсінген түркілер ақыр соңында өздерінің жазуларын жазу үшін тасқа тоқтады. Алайда, И. Л. Кызласовтың пікірінше, олар алдымен жұмсақ кенепке, атап айтқанда пергаментке сұйық бояғышпен жазған. Руникалық жазулар табиғи жағдайда орталық және Кіші Азияда, Алтайда, Қазақстанда жиі кездеседі. Олардың арасында ұзын мәтіндер де, жеке сөздер мен әріптер де бар. Бұл ежелгі түркі храмдарының орындары болды. Тас жазуларды қолдануға арналған материал ретінде өте танымал болды. Осы мақсатта үлкен табиғи тастар мен ұсақ тастар қолданылды.

Ежелгі түркі жазбаларында қанша уақыт, қанша заман өтсе де ешқандай өздерінің маңызын жоймаған, қазіргі кездегі жұртшылыққа үлгі, өнеге болатын өсиеттер мен ел басқаруға қажетті ұсыныс пікірлер бар. Оларды жүректері белқұлы тастан жаратылған адам болмаса толқымай, бейжай оқу мүмкін емес. Тас ескерткіштерде ұшырасатын « Осы жазбаларға қарап, оқып үйреніңдер», « Тәлім алыңдар», « Халық», « Ер түріктер» деген сөздер өздерінің маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ.

« Түркі және оғыз бектері мен халқы, ұғындаршы, кәні!

Үстеріңе аспан құлағанша, астарыңдағы қара жер айрылғанша.

Түркі халқы, сенің елің мен билігіңді, кім биікке көтерді?»- дей отырып қағандық билікті дәріптейді. Құлтегін жазуының авторы, халыққа мынадай өсиет айтады: « Түркі халқы , егер сен өз қағаныңмен бірге болсаң, өз бектеріңмен бірге болсаң, Отаныңмен бірге болсаң, өз үйіңде қайғысыз, бақытты өмір кешесің».

VIII ғасырда Білге қағанның өзінің құрметіне қойылған тас бағанаға қашап жазылған мына сөздері қазіргі бізге қарап айтылғандай әсер қалдырады: « Кіші інілер өздерінің ағаларынан дұрыс үлгі алмағаннан кейін,

ал балалар әкелерінен дұрыс үлгі алмай теріс жолға түскеннен кейін, патшалықтың басына қорқақ, ынжық қағандар отырғаннан кейін, олардың бектері де шетінен ақылсыз, әрі қорқақ, сатқын болғандықтан түркі халқының бұрынғы күшінен ештеңе де қалмай, енді Түркі Елі табғаштарға (қытайды солай атаған) құл болып, елу жыл бойы еркектері де, әйелдері де оларға тәуелсіздікке түсті. Түркі халқы айтты, бұлай болғанша өлгеніміз артық деп, өлімге қарай бағыт алды. Сол кезде Көк аспан мен Жер, Су түркілерге айтты: Түркі Халқы өлмейді! Олар: Түркі халқы жойылмасын, ел болсын! Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызған екен», - депті. Бұл жерде Білге қаған 679-683 жылдарғы түркілердің қытайлықтарға қарсы ерлік күресін тасқа жаздырып бейнелеген. Осы ерлік күрестің нәтижесінде Түркі Елінің қағаны Елтеріс пен оның ұлы Білге қаған түркілерді тәуелсіз мемлекет етіп дамытты. Оған Білге қағанның мына жалынды сөздері дәлел бола алады: «Түркі халқы үшін мен күндіз, түні ұйқы көрмей аттың үстінен түспедім, бір мезет демалысты білмедім. Жойылып кетуге қалған халықты өмірге қайтадан әкелдім. Жалаңаш халықтың үстіне көйлек кигіздім, аш халықты тоқ халыққа айналдырдым, дымы жоқ кедей халықты бай халыққа, аз халықты көп халыққа айналдырдым». Бұл сөздердің біздің еліміздің қазіргі жағдайы үшін қаншалықты маңызды екенін талдап жатудың қажеті жоқ деп есептейміз.

ПОЛИТЕХНИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ В ШКОЛАХ КУСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В НАЧАЛЬНЫЙ ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ

Жалелов А.А. – магистрант КРУ им. А. Байтұрсынова
Альтергот В.В. - Владимирская СШ
г. Костанай

В 1954 году Пленум ЦК КПСС принял эпохальное постановление «О дальнейшем увеличении производства зерна в стране и об освоении целинных и залежных земель». Данный шаг, продиктованный необходимостью решения продовольственной проблемы в стране, стал одним из самых значимых эпизодов советской истории. Для осуществления намеченных планов по освоению целины в Кустанайской области требовались десятки тысяч квалифицированных рабочих, инженерно-технических и агрономических кадров. Так, только в течение 1954–1956 годов в область переселилось более 150 тысяч человек [1, Л.13]. Резкое

увеличение численности населения области вызвало необходимость строительства объектов социальной инфраструктуры, в т.ч. и общеобразовательных школ. Так, «целинные» расходы по народному образованию в 1954 году в Кустанайской области составляли 3043 тыс. рублей, из них на школы всеобуча – 1280 т.р., интернаты – 1166 т.р., школы сельской молодежи – 160 тысяч рублей [2, Л.71].

Освоение целины начиналось с создания совхозов. В новоявленных зерносовхозах области открывались общеобразовательные школы. Осенью 1954 года список открытых школ выглядел следующим образом [3, Л.81]:

	Наименование школы	Тип школы	Район
	Амангельдинская	начальная	Карасуский
	Джамбульская	начальная	Карасуский
	Павловская	начальная	Карасуский
	Комсомольская	начальная	Джетыгаринский
	Баталинская	начальная	Орджоникидзевский
	Комаровская	начальная	Орджоникидзевский
	Орджоникидзевская	семилетняя	Орджоникидзевский
	им. Б. Хмельницкого	семилетняя	Пресногьковский
	Куйбышевская	начальная	Узункольский
0	Краснопреснянская	начальная	Узункольский
1	Веселоподольская	начальная	Урицкий
2	Урицкая	начальная	Урицкий
3	Ново-Барвинская	начальная	Урицкий
4	Лесная	начальная	Урицкий
5	Краснодонская	семилетняя	Урицкий
6	Урнекская	семилетняя	Карабалыкский
	Славянская	начальная	Карабалыкский

7		я	
---	--	---	--

Табл. 1. Список открытых школ в новых зерносовхозах

Увеличение количества детей школьного возраста и всеобъемлющий охват их учебным процессом предполагал увеличение сети школ и учительского контингента. Так, потребность в педагогических кадрах на новый 1954-1955 учебный год во вновь образованных совхозах составляла 155 человек, в т.ч. учителей для 1–4 классов – 19, русский язык – 29, математика и физика – 39, биология – 19, история – 18, география – 15, иностранный язык – 16 человек [4, Л.161-162]. В общеобразовательных школах продолжалась политика политехнического обучения. Учитывались затруднения молодежи при выборе профессии после окончания школы, последние уделяли большое внимание подготовке учащихся к практической деятельности. Школьные аналитики облОНО указывали, что данные затруднения заключались в недостаточном представлении учащихся о производственных специальностях и отсутствии прикладных навыков. Осуществление элементов политехнического обучения начиналось с начальных классов. В силу отсутствия общепринятых методов в работе учителей, Министерством просвещения разрабатывались новые учебные программы. Так, например, в 1-4 классах вводились уроки ручного труда, где дети учились изготавливать различные поделки из бумаги, ухаживать за животными, растениями и т.д. В 5-х классах по два часа в неделю школьники трудились на пришкольных участках. Новые программы вводились в старших классах по физике, химии, математике, черчению. Для устранения чрезмерной загруженности учащихся сокращались и облегчались программы по другим дисциплинам: иностранному языку, арифметике, русскому языку, истории, логики и психологии [5, Л.4].

Таким образом, выполняя решения XIX съезда КПСС, органами народного образования и школами области, проводились целевые мероприятия по осуществлению политехнического обучения. ОблОНО совместно с институтом усовершенствования учителей разработали рекомендательное методическое письмо в разрезе дисциплин с указанием всех видов практических работ, распространив среди школ области и кустовых методических объединений. Учитывался разный уровень материальной обеспеченности в оборудовании и учебно-наглядных пособиях в школах области, всем единицам народного образования предлагалось разработать индивидуальные практические мероприятия, исходя из имеющихся возможностей. Повсеместное выполнение постановления о политехнизации школ на начальном этапе сопрягалось с различными трудностями, в основном материального характера. Но имелся пример передовых учителей, которые творчески подходили к осуществлению политехнического обучения. Известен пример учителя физики Тибаева из Севастопольской семилетней школы Урицкого района, который несмотря на скудный фонд физического кабинета, самостоятельно изготавливал приборы

для практических занятий. Аналогично в отчетах школьных инспекторов отмечались преподаватели Павловский из Пешковской СШ, Сунцов из городской школы, Нарбеков из СШ им. Кирова, Бусловский из Боровской школы и др [6, Л.95]. Внедрение политехнического образования ставило задачу полного сокращения разрыва между теорией и практикой, что являлось неизбежным явлением при словесных методах преподавания в школах исследуемого периода. Пришкольные опытные участки являлись одним из элементов политехнического обучения. Земельные участки имелись при всех школах, но имелась проблема их сохранности, в основном от сельскохозяйственных животных. Не все школы имели возможность оградить участок деревянным забором. По этой причине проблема ограждения решалась по-разному: окапывание глубокими рвами или заборы из камыша и проволоки, что в прочем являлось ненадежной защитой. По этой причине во всех семилетних и средних школах организовывались постоянные дежурства учителей и учащихся с одновременным выполнением необходимых практических работ на участках. Сохранность учебно-опытных участков являлось важнейшей задачей школы для последующего получения хорошего урожая[7, Л.10].

Широкая механизация и автоматизация производственных процессов, электрификация всего народного хозяйства требовали пересмотра учебных программ и планов в школах. Согласно этим программам школы должны были давать своим питомцам прочные и систематические знания, которые ознакамливали учащихся с основами социалистического производства. Под надзором партийных органов и отделов народного образования принимались все необходимые меры для открытия в каждой семилетней и средней школе учебных мастерских. Так, в 1956 году из 236 семилетних школ учебные мастерские удалось организовать в 176 школах и во всех СШ. Распоряжение Совета Министров ССР от 15 мая 1955 года о безвозмездной передаче общеобразовательным школам для целей политехнического обучения станков, двигателей внутреннего сгорания, электромоторов, сельхозмашин, лабораторного и другого оборудования сыграло положительную роль в политехнизации школ. Средние школы области от МТС и совхозов получили техники и различного оборудования на сумму свыше 6 млн. рублей, в т.ч. автомашин – 84 ед., тракторов – 76 ед., комбайнов – 48 ед., электрических станков – 18 ед., станков различного назначения – 134 ед., сельскохозяйственных машин – 141 единиц [8, Л.22]. Так, например, дирекция Тельмановской МТС оказала помощь Денисовской СШ. Станция передала школе оборудования и машин на сумму свыше 50 тысяч рублей, в т.ч. рабочий трактор «НАТИ». Аятский совхоз одноименной СШ передал оборудования на сумму в 60 тыс. рублей. К тому же для школы построили гараж и провели прямой электропровод в учебную мастерскую. Покровский и Тобольский совхозы полностью оборудовали учебные мастерские своих школ в соответствии с требованиями учебной программы и т.д. [9, Л.4]. Уроки машиноведения и электротехники проводились во всех школах. В качестве преподавателей использовались инженеры МТС, совхозов и учителя

физики. С целью улучшения постановки политехнического обучения облОНО и Институт усовершенствования учителей проводили мероприятия следующего характера [10, Л.23-25]:

«1. Изучение новых учебных планов и программ на районных совещаниях учителей и семинарах-практикумах инспекторов РОНО и завучей школ.

2. Составлены и высланы во все райОНО области методические письма с примерным планированием уроков труда и практикумов по машиноведению, электротехнике и основам с/х.

3. Проведен недельный практикум для лаборантов СШ.

4. Во время областного семинара – посещения уроков труда и машиноведения в школах города.

5. На учительских совещаниях проведены практические занятия учителей труда, машиноведения, физики и математики и организованы производственные экскурсии.

6. Для учителей города проводились постоянно действующие семинары-практикумы по изучению авто, логарифмической линейки и основам электро- и радиотехники.

7. При ИИУ организован политехнический кабинет.

8. Во время областных педагогически чтений заслушаны доклады учителей, например преподавателя труда КСШ Нечаева сделал доклад «Как я провожу уроки труда в школьной учебной мастерской»

9. Проведен «День Учителя», посвященный обмену опытом по политехническому обучению в школах Карабалыкского района. После чего были организованы экскурсии в цеха мех. завода, в школьные учебные мастерские и на пришкольные с/х участки местных семилетних и средних школ.

10. В июне и июле при ИИУ организованы месячные курсы переподготовки учителей труда в школьных учебных мастерских и уроков машиноведения и электротехники в 8–9 классах на 180 человек.

11. В итоге учебного года во многих школах накопилось богатая материальная база, установлены правильные отношения с производственным окружением. В итоге этих процессов учащиеся стали вовлекаться в общественно-производительный труд. К примеру, учащиеся Михайловской, Ново-Алексеевской, Карабалыкской и других СШ изготовили болты, гайки, шайбы и др. детали, которые были использованы при ремонте с/х машин.

12. Основные трудности - отсутствие в большинстве школ помещений приспособленных для кабинетно-политехнического обучения. Особенно отрицательно сказалось на качестве работы отсутствие опыта и соответствующей подготовки у преподавателей новых учебных предметов»

Для ознакомления с опытом политехнического обучения ведущих школ директора СШ и учителя отправлялись в двухнедельную командировку в союзные республики: РСФСР, Украинскую ССР, Белорусскую ССР, Азербайджанскую ССР, Грузинскую ССР. По возвращении, каждая группа учителей предоставляла в облОНО общую письменную докладную о

приобретенном опыте и возможностях его применения на местном уровне. Также каждый участник командировочной группы обязывался выступить с сообщением перед учительством области о передовом опыте постановки политехнического обучения в союзных республиках и мерах его применения в школах области [11, Л.217].

В отдаленных от города и предприятий населенных пунктах имелись особые проблемы в применении политехнического обучения. Так, на совещании директоров сельских школ в феврале 1956 года руководитель Семиозерной школы Искаков озвучил трудности применения планов на местные условия, данных от вышестоящих инстанций по типу других школ. Была озвучена проблема сотрудничества с правлением колхозов и совхозов: «Мы находимся от областного центра на 120 км. У нас промышленных предприятий нет. Имеются в районном центре – МТС, школа механизации и в райцентре правление колхоза им. Энгельса. На базе техники этих трех объектов мы проводим с/х практику. Бывают, конечно, большие трудности, особенно при проведении практики по машиноведению в училище механизации ввиду того, что нет до сих пор постановления ..., которое заставляло бы руководителей предприятий, чтобы они шли нам навстречу. ... До сих пор, поскольку такого обязывающего постановления нет, нас слушают постольку поскольку, т.е. по желанию или по настроению» [12, Л.225].

Положительный опыт школ по осуществлению политехнического обучения широко освещался на страницах областной и районных газет. В таких школах, как СШ им. Павлова, Федоровской, Викторовской и других на высоком уровне организовывались практикумы по основам агротехники, механизации сельского хозяйства и производственная практика учащихся. В результате последнего учащиеся приобретали практические знания и навыки по сельскому хозяйству и оказывали большую помощь колхозам и совхозам в проведении сельскохозяйственных работ. Во всех районах области на августовских учительских совещаниях организовывались выставки экспонатов, которые характеризовали состояние политехнического обучения в школах. За участие на ВСХВ в 1956 году 13 кружков, 60 юннатов и Майкульская школа были награждены медалями выставки. В то же время вопросы политехнического обучения решались в области медленно. В большинстве школ отмечалась слабая материальная база. Это связывалось с недостаточным контролем облОНО в деле реализации Постановления Совета министров СССР о безвозмездной передаче школам оборудования, не используемого на производстве, но годного для целей политехнического обучения. Ряд школ получили вышедшие из строя автомашины, тракторы, комбайны, которые не обеспечивали практического их изучения. Многие школьные мастерские не отвечали всем требованиям, соответствующих для проведения практических занятий. В мастерской Боровской СШ имелось только 8 рабочих мест, мастерские СШ №№ 8 и 9 г. Кустаная размещались в непредназначенных для этого помещениях. Создавалась ситуация недостаточной обеспеченности кадрами преподавателей по проведению

практических занятий и технических практикумов. Многие руководители практическими занятиями в учебных мастерских не имели часто и общего среднего образования (плотники, столяры, кузнецы). А привлеченные к руководству практикумами учителя школ не имели соответствующей практической квалификации. Решение данных вопросов предполагалось через строительство и улучшения материальной базы учебных мастерских за счет привлечения средств колхозов и 5% отчислений из прибылей промкооперации, повышение квалификации работников школ по вопросам политехнического обучения, улучшения качества инспектирования школ, разработку учебных планов, программ и семинаров при ИИУ. [13, Л.36-38].

Список использованных источников

1. Освоение целинных и залежных земель в Кустанайской области. Костанай, 2010. - 639 с.
2. Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее ЦГА РК). Ф.1692. Оп.1. Д.2457. Л.71.
3. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2457. Л.81.
4. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2457. Л.161-162.
5. Новые учебные программы // Сталинский путь. 17 июля 1954 года.
6. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2290. Л.95.
7. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2769. Л.10.
8. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2769. Л.22.
9. Политехническому обучению школьников - повседневное внимание // Сталинский путь. 8 января 1956 года.
10. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2769. Л.23-25.
11. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2748. Л.217.
12. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.2778. Л.225.
13. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.431. Л.36-38.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МЕКТЕП ЖЕЛІСІН ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ДАМЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Жүніс Т.О. - М.Өтемісов атындағы
БҚУ магистранты, Орал қ.

Кез келген мемлекеттің, халықтың келешегі өсіп келе жатқан ұрпақтың шекті деңгейі мен болашағына тәуелді. Білім деңгейі, оқушылардың тәрбиелік мәдениеті, ұлттың интеллектуалды геноқыры оқып-үйрету білім берудің әр түрлі деңгейлерінде қалыптастырылады. 1991 жылы Қазақстан егемендік алғаннан бері орта жалпы білім берудің дамуында оны еліміздің ұлттық жетістіктері ретіндегі жаңа кезеңі басталды [1,72 б]. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатына қол жеткізу үшін әрине мектептердің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, мектеп ғимараттарының заман

талабына сай қамтамасыз ету үлкен қаржыны қажет етті. Егер статистика мәліметіне сүйенер болсақ, Батыс Қазақстан облысы бойынша орта мектептер бойынша көрсеткіштер:

	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000
Мектептер	530	534	540	541	538	539	521	523	520	522

[2, 23 б]

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарында елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте төмен, ауылдық жерлерде типті мектептер балабақшаларға көшіп, мектеп суықтығы, қаржы тапшылығынан мектеп ғимараттарына жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуі, мектептерді жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілмеуі т.б. мәселелері бойынша сапалы білім беруде көптеген қиындықтар туындады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында экономикасы тұрақтай бастаған сәттен бастап білім беру жүйесінің дамуы мен жаңа үрдістердің қалыптасуына басымдылық жасай бастады.

Атап айтсақ, Батыс Қазақстан облысында 2011 жылдан бастап **6646** орындық **17** мектеп салынды, оның ішінде 10 жылда

- ✓ 7-уі республикалық бюджет есебінен,
- ✓ 5-уі шетел инвестициясы есебінен,
- ✓ 5-уі жергілікті бюджет есебінен.

2011 жыл тарихтың маңызды да табысты кезеңіне айналғанын айтуға болады. Жаһандық дағдарыс жағдайларында экономикамыздың негіздері нығайтылды, мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасы жүзеге асырылды. Бағдарлама негізінде елімізде жаңа жұмыс орындары құрылды. Жаңа мектептер мен ауруханалар, әлеуметтік және коммуналдық сала нысандары салынды.

ҚР Тұңғыш Президентінің тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Осы бағдарламаға сай қазақстандық білім беру жүйесінің маңызды міндеті - білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту. Аталған міндеттердің жүзеге асырылуы – қазақстандық білім беруде әлемдік стандарттарға жету жолындағы кезекті қадам. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде Батыс Қазақстан облысында оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру жоспары бойынша нақтылы жұмыстар атқарылды. Облыстың білім беру бюджеті 2009 жылмен салыстырғанда 19,65 пайызға артып, 2011 жылы 32426,3 млн. теңгені құрады. Жалпы бюджеттік көрсеткішпен білім беруге бөлінетін мемлекеттік шығыс артты. 2009 жылы білім беруге бөлінген қаржы үлесі 27,1 млрд теңгені құраса, 2011 жылы оның көлемі 5,3 млрд. теңгеге өсті:


- типтік емес ғимараттарда орналасқан жалпы білім беретін мектептер үлесі 57 пайыздан 44,8 пайызға дейін төмендеп, жыл санап жаңа мектеп ғимараттары бой көтеруде;

- облыстың 239 мектебі немесе әр екінші мектеп күрделі жөндеуден өткізілді [3].

Облыс бойынша тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылындағы көрсеткіштерге назар аударсақ, жалпы білім беретін мектептердің желісі жыл санап қысқарып келеді. Облыс бойынша халықтың басқа аудандарға немесе облыстарға қоныс аударуы осыған себеп болып отыр, атап айтқанда 2009 жылы мемлекеттік меншік нысанындағы мектептер саны 428 болып, ондағы оқушылар саны 92 591 болса, осы көрсеткіш 2011 жылғы мәлімет бойынша сәйкесінше 13-ке және 3931-ге кеміген (1.1 сурет). Толығырақ айта кетсек, халықтың көші – қон мәселесі және оқушылар контингенті азаюы салдарынан 2010 жылы облыс бойынша 8 жалпы білім беретін мектеп жабылды. Олар: Бәйтерек (Зеленов) ауданының Петровская және Владимирская бастауыш мектептері, Қазталов ауданы бойынша Таңат бастауыш мектебі, Қаратөбе ауданына қарасты Қазақстан бастауыш мектебі, Сырым ауданының Қарақұдық бастауыш мектебі, Теректі ауданы бойынша Аңқаты бастауыш мектебі, Шыңғырлау ауданының Қотантал бастауыш мектебі және облыстық «Жас даурен» балалар кешенінің орта мектебі.

Ал оқушылар санының азаюы себебінен 2 негізгі мектеп, атап айтсақ: Теректі аудандық Қарабас негізгі мектебі және Сырым ауданына қарасты Алатау негізгі мектебі, бастауыш мектеп болып қайта құрылған. Сонымен қатар дәл осы себеппен 3 орта мектеп негізгі мектеп ретінде қайта құрылған, олар: Теректі ауданы бойынша Богдан және Шөптікөл орта мектептері, Сырым ауданының Көздіқара орта мектебі [4, 4 б].


1.1- сурет. Батыс Қазақстан облысындағы жалпы білім беретін мемлекеттік мектептер желісі мен оқушылар саны



Облыста жекеменшік иеліктегі мектептер санында соңғы үш жылда өзгеріс болған жоқ, үшеуі де Орал қаласында орналасқан, ал оқушы саны 2009 жылмен салыстырғанда 39-ға қысқарып 87 оқушы болды, олар жалпы білім беретін мектептер санының 0,70%-ын құрайды.


Аймақтық орналасуына келсек, 2011 жылы қалалық жерлерде орналасқан (жеке меншік мектептерді қоспағанда) мектептер үлесі 14,11%-ды құрап, жалпы саны 56–ны көрсетсе, ауылдық жерлердегі 359 мектептің үлесі 85,89% (1.2-сурет). Қалалық мектептерде білім алушылар үлесі мен ауылдық жерде білім алушылар үлесінде ауыл мектептері контингентінің үлесі басым болып отыр, яғни қала мектептерінде 43,53%, ал ауылда 56,47% (1.2-сурет) [4, 4 б].

1.2- сурет. Батыс Қазақстан облысындағы жалпы білім беретін мемлекеттік мектептер желісі мен оқушылар саны




Облыс бойынша мектептер желісінде шағын жинақталған мектептер ерекше орын алады. БҚО 415 күндізгі жалпы мектептің 313-і немесе 75,42%-ы шағын жинақталған мектептерге кіреді. Аталған мектептердегі оқушылар үлесі жалпы оқушылар санының 32,02%-ын құрайды (1.3 сурет) [4, 12 б].

1.3 сурет. Батыс Қазақстан облысындағы шағын жинақты мектептер желісі мен оқушылар саны



Батыс Қазақстан облысы бойынша 2011 жылы оқыту тіліне қарай жалпы білім беретін мектептер:- бір тілде оқытатын мектептер үлесі – 75,42%, оның ішінде қазақ тілінде – 66,75% , орыс тілінде – 8,67% , аралас мектептер – 24,58% [4, 13 б].

1.4 - сурет. Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың оқыту тілі бойынша бөлінуі, адам



2011 жылы Батыс Қазақстан облысы бойынша бір тілде сабақ беретін мектептер саны 2009 жылғы осы көрсеткішпен салыстырғанда 2,18%-ға кеміген. Орыс тілінде сабақ беретін мектептер аралас тілді мектептерге айналып, ал аралас тілде сабақ беретін мектептер мемлекеттік тілдегі сынып жиынтықтарының көбеюіне байланысты қазақ тілінде оқытатын мектептер үлесінің артуына септігін тигізуде.


Жалпы білім беретін мектептер бойынша 2011 жылы:

- типтік ғимараттарда орналасқан мектептер үлесі - 55,18% (230 бірлік)
- бейімделген ғимараттарда орналасқан мектептер үлесі – 44,82% (186 бірлік)
- күрделі жөндеуді талап ететін мектептер үлесі – 29,64% (123 бірлік)
- апатты жағдайдағы ғимараттарда орналасқан мектептер үлесі – 2,89%, яғни 12 бірлікті құрап отыр.2009 жылмен салыстыра кетсек, типтік ғимаратта орналасқан мектептер үлесі арту үстінде (2,61%-ға), бұл нәтижеге негізінен жаңадан салынған мектептер және бейімделген ғимараттарда орналасқан бастауыш мектептердің жабылуы есебінен қол жеткізілген.

Мектептер орналасқан ғимараттардың көпшілігінің қолдану мерзімі өтіп келе жатқандығынан жыл санап күрделі жөндеуді талап ететін және апаттық жағдайда орналасқан ғимараттар үлесі артуда, яғни 2009 жылы күрделі жөндеуді талап ететін ғимараттардың барлық ғимараттарға шаққандағы үлесі 21,26%-ды құраса, ол көрсеткіш 2011 жылы 8,38%-ға

артқан. Атап айтқанда, Бөрлі, Зеленов, Казталов, Сырым, Тасқала және Шыңғырлау аудандары бойынша апатты жағдайдағы ғимараттарда орналасқан мектептер тіркелмеген (1.5 сурет). Суретте жалпы білім беретін мектеп орналасқан ғимараттардың жалпы техникалық жағдайының облыс деңгейінде көрінісі диаграммалық түрде берілген [4, 13 б].

1.5 - сурет. Жалпы білім беретін мектеп ғимараттарының техникалық жағдайының үлесі, %



Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 2011 жылы республикалық бюджет есебінен су тасқынынан зардап шеккен 14 нысанға жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге 1170935,0 мың теңге бөлінді. Ал жергілікті бюджет қаражатына (сомасы 157400,0 мың теңге) балалар мен жасөспірімдерге арналған туризм және экология орталығына күрделі жөндеу жүргізілді.

Басқа білім беру нысандарына жергілікті бюджет дефициті кесірінен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген ал, мектеп ғимараттарының ағымдық жөндеу жұмыстарына 2011 жылы 251000,0 мың теңге жұмсалған.

Көктемгі су тасқыны зардаптарын жоюға арналған жоспарды орындау бойынша 2011 жылы Орал қаласының 5–ықшамауданында 1200 балаға арналған мектеп ғимаратының құрылысы басталды.

Сонымен қатар Орал қаласы 9 – ықшамауданынан 600 орындық мектеп құрылысының іс жүзінде жобасы жасақталуда, бұл №44 ЖОБМ – тегі 3 ауысымдық оқытуды жоюға септігін тигізеді [4, 14 б].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі облысымыздың даму кезеңін ой елегінен өткізе отырып, осы жылдарда өкілетті және атқарушы органдардың уақыт алға қойған сан түрлі мәселелерді шешкенін мен міндеттерді орындағандығын көруге болады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім берудің оза дамуы елімізге, оның аймақтарына инвестиция салуға қызығушылықты қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады және ол гуманитарлық, технологиялық қарқынды дамуын қамтамасыз етеді. Білім берудің қолжетімділігі мен сапасы туралы айтатын болсақ, олардың негізінде білім саласында тиімді экономикалық қатынастарды орнату мен саланы қаржылық ресурстармен қамту жатыр. Нақты қаржы көлемінде білім саласына облыстық бюджет шығындары

жылдан-жылға артып отырды. Соңғы он жылды алатын болсақ, облыстың білім саласына бөлінген қаражат 4,9 есеге өсіп 53,1 млрд. теңгені құрап отыр. Республикалық бюджеттен 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап білім беру саласы қызметкерлерінің орташа жалақысы 29%-ға дейін өсуіне байланысты еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделін енгізуге 10,9 млрд. теңге көлемінде трансферттер бөлінді.

Тәуелсіздік алғаннан бергі соңғы он жылда облыс көлемінде жаңа құрылыс есебінен 16317 орындық 39 мектеп пайдалануға берілді. 2005 жылы апатты жағдайдағы мектептер саны 11 және үш аусымдағы мектептер саны 5 болса, күні бүгін апатты жағдайдағы және үш аусымдағы мектептер жойылды. 2016 жылы жергілікті бюджет есебінен Зеленов ауданы Озерное ауылында 48 орындық мектептің құрылысы жүргізілді. «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 10 білім беру нысанына жалпы сомасы 1,548 млрд. теңгеге күрделі жөндеу жүргізілуде, соның ішінде 1,005 млн. теңгесі республикалық бюджеттен, 543,8 млн. теңгесі жергілікті бюджет есебінен. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бір білім беру нысанына 159,7 млн. теңгеге, шет ел инвестициясы есебінен 2 білім беру нысанына 527,0 млн. теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді [5].

Тәуелсіздік жылдарындағы Батыс Қазақстанның білім жүйесінде болған маңызды өзгерістердің бірі облыстағы ауысымдық жүйені қысқарту мақсатында жүргізілген жұмыстар. Өйткені, облыста 5 мектеп әлі күнге дейін үш ауысымда (Орал қаласындағы №20, СОШ №18, Х.Доспанова атындағы №30, Подстепный қазақ ЖОМ, Бөрлі ауданы Ақсай қаласындағы №7) білім беріп отырса, 7 мектеп апатты жағдайда саналады. Олар Орал қаласы №31, №33, Казталов ауданы, Казталов ауылындағы А.Оразбаева атындағы ЖОББМ, Жұлдыз ауылындағы Хусайнов атындағы ЖОББМ, Сайқұдық ауылындағы, Ақжайық ауданындағы Қонысай ауылындағы Қонысай негізгі мектептері. Осындай күрделі мәселелерді шешуде облыс әкімшілігі мақсатты жосаарларды қолға алып, облыста 8 мектеп құрылысы жұмысын бастады.

Тағы бір айта кететін мәселелердің бірі, облыс орталығында және қала маңындағы мектептерде оқушылар санының тез өсуі байқалады. Осыған байланысты жеке секторларды тарту арқылы 2 мектеп құрылысын салу үшін құжаттар рәсімду қолға алынды. Облыс бойынша 2021-2022 оқу жылында 372 мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер жұмыс жасап, оларда 113 мыңнан астам оқушы, 5 жеке мектепте - 618, кешкі мектептерде - 243 оқушы білім алады. Оқушылар санының азайып, талапқа сай келмеуіне байланысты облыстың алыс аудандарында 6 бастауыш мектеп жабылған (Казталов ауданы Ащысай БМ, Бестерек БМ, Аққұрай БМ, Теректі ауданы Қоныссай БМ, Шыңғырлау Ұрысай БМ, Жаңақала ауданы Плантация БМ). Сонымен қатар, оқушы санының азаюына байланысты 3 негізгі мектептер бастауыш мектеп болып қайта құрылған (Ақжайық ауданы И.Тайманов ат.НМ. және Қадырқұл НМ, Теректі ауданы Қызылжар НМ) [6].

Облысты соңғы жылдарда білім беру сапасын арттыру жағдайында көптеген білім беру нысандары күрделі жөндеуден өткізіліп отыр. Мысалы:

2021 жылы 11 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізуге 2 094,8 млн.теңге көлемінде қаражат бөлінді, оның ішінде, 1 нысан ағымдағы жылдың наурыз айында пайдалануға берілді (Бәйтерек ауданы Дариян ЖОББМ, 9,429 млн. теңг). «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын іске асыру шеңберінде республикалық бюджет есебінен 980,5 млн.теңге сомасына 3 білім беру нысаны бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген (Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ Ақжайық ауданы, Ғ.Молдашев атындағы ЖОББМ Қазталов ауданы, Аңқаты ЖОББМ Теректі ауданы). Жергілікті облыстық бюджет есебінен 8 білім беру нысанына 1 114,3 млн.теңге сомасына күрделі жөндеу жүргізілсе, Бөрлі ауданы Ақсай қаласының 2 мектебінде күрделі жөндеу аяқталып, іске қосылған (№3, 4 ЖОББМ) [6].

БҚО білім басқармасының мәліметі бойынша облыс бойынша білім беруді қаржыландыру 1991 жылы 25,0 млрд теңге болса, 2021 жылы 117,7 млрд теңгеге жетіп, 70 мектеп, 20 балабақша, 7 қосымша білім беру ұйымдары және Назарбаев зияткерлік мектебі, дарынды балаларға арналған мамандандырылған 4 мектеп, «Білім-инновация» лицейі, 22 мектеп-гимназия және мектеп-лицейлер ашылған. Бүгінгі таңда облыс бойынша 57 облыс мектебі (Орал және Ақсай қалалары) жан басына қаржыландыруға көшіп отыр.

Қорыта келе, еліміздің жаңа экономикалық және саяси даму бағыты мектеп оқушыларына жоғары деңгейде сапалы білім беруге бағытталған. Сапалы білім алу – әр адамның маңызды мақсаты. Қоғам да бұған мүдделі. Білім беру мазмұны мен сапасын уақыт үрдісіне сай биік деңгейге көтеруге педагог кадрлар біліктілігімен қатар мектептің материалдық-техникалық жағдайыда басты бағыттардың бірі екенін назарда ұстауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл : даму тенденциялары және статистикалық қортындылары. – Астана, 2001.
2. ҚР Статистика Агенттігі, БҚО статистика департаменті Білім беру. – Орал, 2010.
3. Облыс әкімі А.С.Көлгіновтың білім беру қызметкерлерінің облыстық тамыз кеңесінде сөйлеген сөзі. 22 тамыз, 2016 жыл.
4. БҚО Білім басқармасы//Білім берудің жағдайы мен дамуы туралы облыстық баяндамасы. – Орал, 2012.
5. Батыс Қазақстан облысы әкімі Ғ.Н.Есқалиевтің облыстық білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінде сөйлеген сөзі. – Орал, 25 тамыз 2021 жыл.
6. <https://zhaikpress.kz/kk/news/oblystyn-bilim-beru-ujymdarynyn-zhana-2021-2022-oku-zhylyna>

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

А.Е. Чугулёва - магистрант специальности 7М02201 - История, НАО «КРУ им. А.Байтурсынова»

А.С. Дукенбай - ученик 10 «Б1» класса, КГУ «Общеобразовательной школы № 5 имени Бауыржана Момышулы

г. Костанай

Современная Костанайская область была образована 29 июля 1936 года. На протяжении многих веков на территории области происходили различные политические события, которые отразились на развитии региона и вошли в историю области. На территории Костанайской области в разные времена происходили славные события казахской истории. Именно здесь родились знаменитые сыны Казахстана – справедливые бии и выдающиеся батыры. Следует отметить талантливого военачальника, героя битв с джунгарами Шакшак Жанибека Кошкарулы, который являлся первым из казахских батыров получивших почетное звание тархан. На территории области происходили основные боевые действия национально-освободительного восстания под руководством Кенесары Касымова. Именно на территории нашего региона сражались за свободу и независимость страны и казахского народа отважные батыры Амангельды Иманов и Нурмагамбет Кокембаев, известный как Кейки-батыр[1].

На сегодняшний день на территории Костанайской области имеется 1141 памятников истории и культуры, 38 сакральных и памятных объектов, которые составляют национально-культурное наследие региона. Одним из сакральных объектов, получивших статус общенационального достояния, являются Торгайские геоглифы. Данные геоглифы состоят из Уштогайского квадрата и Торгайской свастики. Геоглифы расположены на территории современного Амангельдинского района, в 15 километрах к востоку от села Уштогай, в 15 километрах к юго-востоку от села Амангельды. Торгайские геоглифы – это геометрические фигуры и узоры на поверхности земли, которые видны с высоты птичьего полета. В настоящий момент на территории Костанайской области насчитывается около 200 подобных геометрических фигур. В 2007 году, областной историко-краеведческий музей совместно с руководителем археологической лаборатории КГУ им. А. Байтурсынова Андреем Логвиным, организовали первую археологическую экспедицию к геоглифам. Задачей экспедиции стало проведение археологических раскопок на объекте «Уштогайский квадрат», с целью идентификации культуры, соорудившей грандиозный по размерам «могильный комплекс». Именно такое предположение главенствовало на тот

период времени. Курганообразные насыпи по своим размерам и внешней конструкции были похожи на захоронения эпохи бронзы и раннего железного века, которые в большом изобилии разбросаны по всей Тургайской степи. Результаты раскопок показали, что насыпи не являются захоронениями, а весь объект «Уштогайский квадрат» представляет собой сложное произведение земляной архитектуры. В июле 2014 года археологическая экспедиция под руководством Андрея Логвина провела раскопки курганообразной насыпи на объекте «Малый Ащутагинский крест». Результат оказался аналогичным результату раскопок, проведенных на Уштогайском квадрате в 2007 году [2].

Укрепленное поселение Камысты, расположено на территории Денисовского района, вблизи села Первомайское также является культурным достоянием нации. Археологи относят Камысты к знаменитой «Стране городов» - древнейшей цивилизации Урало-Казахстанских степей. Это – единственный известный памятник протогородской культуры индоевропейских племен ариев на территории Казахстана. Укрепленному поселению Камысты уже более 4 тысяч лет. Его часто называют Казахстанским Аркаимом по аналогии с историко-культурным заповедником «Аркаим» в Челябинской области. Камысты также как Аркаим был построен в форме солнечного круга. Такие города называют городами-солнцами. Древний город Камысты имел два оборонных вала, ров, смежные жилища, расположенные по окружности площади и ливневую канализацию. Его жители, судя по археологическим находкам, имели письменность и хорошо знали астрономию. Многие ученые считают его древней обсерваторией, ставя в один ряд с такими всемирно известными памятниками, как Стоунхендж. Впервые Камысты был выявлен в 1950-е годы при анализе аэрофотосъемки. Тогда же были замечены следы караванных путей, связывающих Камысты и Аркаим. Начиная с 1990 года, исследования велись известными археологами Виктором Логвиным и Геннадием Здановичем [3].

Культурный памятник Екидын. Расположен недалеко от села Екидын, город Аркалык. Екидын представляет собой два дына– архитектурных сооружения сферической формы из дикого камня, давшие название аулу. Они выполнены по принципу ложного свода, когда кладка камней, постепенно сужаясь в диаметре, снаружи образует форму полусферы. Вход ориентирован на восток. Верхнюю часть дынов венчает искусно сделанное отверстие. По мнению академика Алькея Маргулана, который исследовал дыны в экспедиции 1959 года, они датируются VIII – IX веками и в древности имели обрядовое, священное значение [4].

Екидын I расположен к северо-западу от зимовки Бейсен. Екидын II находится на возвышенности и хорошо заметен издали. Диаметр каждого из дынов составляет около 10 метров при высоте около 3 метров. Расстояние между двумя дынами составляет около 4 километров.

Екидын представляет значительный научный интерес, как уникальное сооружение домусульманского периода в Северном Казахстане. В 1980-е

годы частично разрушенные к тому времени дыны были восстановлены на средства, собранные местными жителями. Недавно архитектурные сооружения Екидын отреставрировали заново [5].

Мавзолей Барака Жанузакулы. Данный мавзолей расположен на территории Сарыкольского района, в 12 километрах от села Крыловка. Барак Карабалуанулы – выдающийся батыр, военачальник, соратник Абылай хана. В народе был известен как «аулие» – целитель, ясновидец. Барак батыр родился в 1696 году в ауле Алдияр на территории нынешнего Джангильдинского района. Его отец — прославленный богатырь Жанузак Алдиярулы, прозванный за борцовское мастерство Карабалуаном.

Ещё в юности Барак удостоился чести носить звание «аулие» за свои способности целителя и предсказателя. Дар врачевания он унаследовал от своей матери Жасканы, которая являлась родной племянницей Толе би. Барак батыр участвовал в собрании в Ордабасы, битвах Буланты и Аныракай за освобождение казахских земель от джунгарских и калмыцких захватчиков. Своей верной службой батыр удостоился доверия Абылай хана. Особо проявил себя Барак батыр во времена пугачевского бунта.

Барак батыр умер в конце XVIII века. С тех пор его захоронение является местом ежегодного паломничества. К трёхсотлетию юбилею со дня рождения батыра в 1996 году был торжественно открыт обновленный мавзолей. В нем находится каменная плита с надписью на арабском языке, сохранившаяся ещё со времени захоронения Барака батыра. В комплекс памятника входят также колодец и домик для паломников [6].

Мавзолей Жауке Назаргулулы. Расположен на территории Аркалыка, недалеко от села Екидин. Жауке Назаргулулы родился в 1822 году в ауле Акшыганак нынешнего Амангельдинского района Костанайской области. Происходил из рода аргын (толек) Среднего жуза. Он был знаменитым батыром, участником народно-освободительного восстания первой четверти XIX века, военачальником и ближайшим соратником Кенесары-хана. Большую часть своей жизни Жауке батыр провел в походах и сражениях, подолгу не слезая с седла.

В памяти народа Жауке батыр остался, как справедливый и мудрый воин. Его имя упоминается в исследованиях известного историка Ермухана Бекмаханова «Национально-освободительное движение казахского народа под предводительством Кенесары Касымова». Яркий образ батыра Жауке раскрыт в романе-трилогии писателя Ильяса Есенберлина «Кочевники» и поэме «Ворон» акына Нурхана Ахметбекова.

На территории Костанайской области имеются и иные сакральные объекты, которые являются общенациональным достоянием Казахстана. К ним относятся мавзолеи Ибрая Алтынсарина, Мыржакыпа Дулатова, Абдугафара Жанбосынова, Кейки-батыра, а также место захоронения Амангельды Иманова [7].

Благодаря сохранившимся историко-культурным памятникам уроженцы области будут помнить на протяжении веков имена героев, выдающихся просветителей, политических и общественных деятелей,

которые внесли огромный вклад в деле обретения независимости и дальнейшего развития и процветания Казахстана.

Список использованных источников:

1. Закон Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 288-VI «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия». *Информационная система ПАРАГРАФ*. Дата обращения: 23 июля 2020. Архивировано 22 июля 2020 года.
2. Об утверждении Правил выявления, учета, придания и лишения статуса, перемещения и изменения, мониторинга состояния и изменения категории памятников истории и культуры. *tengrinews.kz*. Дата обращения: 23 июля 2020.
3. Укрепленное поселение Камысты. /Режим доступа: <https://taran-musey.kz/2020/07/28/ukreplennoe-poselenie-kamysty/>
4. Культовый памятник Екидын. Режим доступа: <https://taran-musey.kz/2020/07/28/kultovuj-pamyatnik-ekidyn/>
5. Костанайская область // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. III. — ISBN 9965-9746-4-0. (CC BY-SA 3.0).
6. Мавзолей Барака Жанузакулы (Карабалуанулы). /Режим доступа: <https://taran-musey.kz/2020/07/28/mavzolej-baraka-zhanuzakuly-karabalanuly/>
7. Костанайская область: страницы истории (1936-2006 гг.) / сборник документов.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕУ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫНАН

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті, Атырау қ.

И. Айса - Тарих мамандығының 4 курс
студенті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті, Атырау қ.

1940 жылдың II-ші жартысы мен 1950 жылдың бас кезеңінде жазықсыз миллиондаған Кеңестер Одағы халқының Сталиндік жазалау машинасына айналған кеңес лагерлік жүйесі шыңына жетті. ГУЛАГ-тың ұйымдық басқару құрылымына қамаудағыларды күзетумен, есепке алумен, бөлумен

айналысқан, лагерлер мен колониялардың тыныс-тіршілігін және жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз еткен бірқатар басқармалар мен бөлімдер кірді.

ГУЛАГ-тың басқару құрылымы аппаратының ауқымдылығымен және кейбір бөлімдердің функцияларының өзара араласып қызмет жасауымен ерекшеленді. ГУЛАГ елдегі ең бюрократиялық институттардың бірі болды. ГУЛАГ-тың құрылуына бірнеше себептер әсер еткен еді. Біріншіден, бұл кеңестік жүйе дағдарыстан шығуды көздесе және елдегі қоғамдық қарсылықты басу құралы ретінде өзіне дейінгі империялық тәжірибеге сүйене алғашқы кеңестік орталықтандырылған лагерьлердің бірлескен мекемесі ретінде қызмет атқарды. Екіншіден, ГУЛАГ 1920 жылдың 2-ші жартысында Соловецкий арнайы лагерін құрып, ондағы тұтқындарды жазалау саясатын жүзеге асырып, кейін бұл тәжірибе арқылы ОГПУ-дың лагерь-өндірістік тәжірибесін ел көлемінде жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Үшіншіден, «лагерь» елдің ішкі отарлауының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін ең қолайлы әлеуметтік жүйе болды. Бұл жүйе – Қазақстанды да айналып өтпеді. Тарих беттеріне шолу жасап, арнайы Қазақстанда орын алған кеңестік концлагерь жүйесіне назар аудардық. 1930-1950 жылдардың соңына дейін қазақ елі зұлмат заманды бастан өткерді[1].

Қазақстанда ОГПУ НКВД КСРО ИМ ГУЛАГ - ның еңбекпен түзу лагерлері, сондай-ақ, КСРО ИМ әскери тұтқындар мен тұтқындарға арналған лагерьлер құрылып, жұмыс жасады.

Қазақстанда құрылған еңбек түзеу лагерлер тарихы қазірде өзекті және маңызды. Өйткені, елдің қазіргі және болашақ дамуы өткен тарихымыздан тағылым алу арқылы, халықтың басынан өткерген ащы сабақтарымен айқындалады.

Қуғын сүргін дәуірін ғылыми зерттеу Қазақстандағы еңбекпен түзеу лагерьлері тарихын нақты-тарихи талдап, тұтқындардың атқарған қызметін бағамдау аталған жүйемен танысуға мүмкіншілік береді. Елде «халық жаулары» мен олардың сыбайластарын және отбасы мүшелерін жазалайтын біртұтас лагерлер құрылды. Қазақстандықтар да Кеңестік режимнің экономикалық және саяси тәжірибесінің құрбаны болды.

Бұл тақырыпқа зерттеулер жүргізген Қазақстандықтарды атасақ, Д.А. Шаймуханов пен С.Д. Шаймухановты [2], С.Д. Дильмановты [3] және өзге де Қазақстандағы ГУЛАГ және ГУПВИ лагерлерінің тарихы арнайы зерттеудің негізгі аумағына алынып, ондаған мақалалар мен монографиялар жарияланды. Шаймуханов Д.А. және Шаймуханов С.Д. Қазақстандық ғалымдар арасында алғаш рет Қарағанды лагерінің қызметін зерттеген еді [2]. Еңбек Қарағанды облысы ІІБ архиві мен мерзімді баспасөздің материалдарына сүйене жазылған. Тұтқындарды ұстау шарттары мен олардың саны кең түрде қамтылған. Сонда-ақ, қамаудағылардың Қарағанды лагерінің шаруашылығын дамытуға қатысуы, ауыл шаруашылығы бойынша қамаудағылардың қызметі және «Алжир» деп аталатын лагерь бөлімшесіндегі – «Отанға опасыздық жасағандардың әйелдер Ақмола лагерінде» қамаудағылардың жағдайы мен тұрмысы туралы баяндалған.

Тарихшы С.Д. Дилмановтың зерттеулері бойынша ерекше лагерлердің тарихы арнайы зерттеу аумағына алынды. Қазақстандық еңбекпен түзеу лагерлерінің қызметінің түрлі сан-саласын зерттеу арқылы құнды мәліметтер берген еңбегі «Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века)» деп аталады [3]. Қазақстан аумағындағы еңбекпен түзеу лагерлерінің пайда болуы және олардың атқарған қызметтеріне тоқталған.

Тұтқындалғандар құрамы түрлі болды, мысалы, көпшілігі әкімшілік және қылмыстық баптар бойынша сотталған шаруалар болды. 1930 жылдары мемлекеттік меншікті қорғау туралы заңның енгізілуіне байланысты саяси режимнің нығаюы Қазақстанда қамаудағылардың еңбекпен түзеу мекемелері санының артуына тікелей әсер етті [3, С.67].

Зерттеуші С.В. Елеуханова өзінің «Повседневная жизнь населения Центрального Казахстана в 30-е годы XX века» деп аталатын зерттеуінде мынадай дерек келтіреді: «Особенностью промышленного строительства в Центрально-Казахстанском регионе являлось то, что гиганты социалистической индустрии — Карагандинский угольный бассейн, Балхашский медеплавильный комбинат, Карсакпайский медеплавильный комбинат — и сотни менее крупных предприятий строились в пустынных и полупустынных местностях в условиях нехватки жилья, питьевой воды, продовольственных и промышленных товаров и многих бытовых удобств» [4, С.74].

Д.А. Шаймуханов, С.Д. Шаймуханова «Карлаг» еңбегінде көрсетілген деректерге сай Қазақстанда 1930-1950 жылдар аралығында құрылған Сталиндік лагерлер тізімін береді. Олар:

1. Актюбинск - ЛП, строительство, химзавод.
2. АЛЖИР -акмолинский лагерь жен изменников Родины, вблизи нынешнего Целинограда
3. Алма-Ата - ЛП, строительство.
4. Балхашлаг - управление лагеря Балхаш, медные рудники, строительство.
5. Джамбул - ЛП, добыча, гипса, цемента.
6. Джекказганлаг - марганцевые медные рудники, строительство, горно-металлургический комбинат.
7. Иргиз - ЛП.
8. Казалинск - ЛП, кирпичный завод.
9. Камышлаг - спецлагерь.
10. Карлаг - управление лагеря в пос. Долинка, добыча угля, цветных металлов, сельхозработы; создан в 1932 г.
11. Кингир - ЛП спецлага, восстание в 1954 г.
12. Қзыл-Орда - ЛП.
13. Прорвинск -ЛП.
14. Кустанай - ЛП.
15. Луглаг - спецлагерь на станции Луговой.

16. Песчанлаг - спецлагерь, марганцевые и медные рудники, горно-металлургический комбинат. В районе Джекказгана.

17. Петропавловск - ЛП.

18. Семипалатинск – ЛП.

19. Степлаг - спецлагерь, горно-металлургический комбинат, управление Джекказгане.

20. Туркестан-ЛП.

21. Уральск - ЛП.

22. Усть-Каменогорск - ЛП, шахты свинцово-цинковых, полиметаллических руд, строительство горно-металлургических комбинатов, работа на них.

23. Чимкент – ЛП.

24. Экибастуз-ЛП [2,С.166]. Сонымен, ХКК-нің 1929 жылғы 11 шілдедегі Қаулысына сәйкес КСРО - ның жекелеген аудандарында тұтқындардың еңбегін пайдалану және елді-мекендердің табиғи байлығын пайдалану үшін 1930 жылы Қазақ КСР аумағында бірінші болып Қазақстан еңбекпен түзеу лагері ОГПУ (Казлаг, Казулон) ұйымдастырылған. Бұл лагерь «Гигант» совхозын ұйымдастырып, Түрксібке арналған совхоздар мен кірпіш зауыттарында ағаш дайындаумен айналысты.

30-жылдардың басында ұлттық экономиканың өсуі Кеңес Одағын индустрияландырудың және оны аграрлық елден индустриалды дамыған елге айналдыруды мақсат тұтты. Ұлттық экономиканы дамытудың бесжылдық жоспары Қазақстанның негізгі өндірістік және шикізат базасы ретіндегі маңыздылығын бекітті, осы мақсатта ауыл шаруашылығын қайта құру жоспарланды. Сонымен қатар, қазан айында өңірдің минералды және энергетикалық ресурстарын шаруашылық айналымға енгізу бойынша шаралар жоспарланды. Жұмыс күшінің жетіспеушілігі белгіленген қарқынға кедергі келтірді. Осы тұста Қазақстан аумағында лагерьлерді жоспарлау одан әрі күшейді.

Қарағанды облысында тағы 40-жылдардың соңына қарай № 4, 8, 9, Павлодар облысында №10 лагерльері ашылды. Арнайы лагерльерде құпиялылықты сақтау үшін оларға КСРО ПМ «дала», «құмды», «шалғынды» және «алыс» деген шартты атаулар берілді. Одан өзге Қазақстан аумағында Қарағанды, Ақтөбе және Жезқазғанда ірі лагерльері құрылды. Жоғарыда аталған лагерльерден басқа, республикада Қазақ КСР ПМ-нің ЕТЛ-дері мен колониялары департаментіне тікелей бағынышты лагерльік пункттер, 17 колония, 23 түрме, қоныс аударуға арналған 2 түрме, 151 республикалық аурухана пайда болды [3, С.73].

Жалпы алғанда, 1930 жылдан 1960 жылға дейін Қазақстан аумағында КСРО ПМ-нің 60-тан астам лагерльік бөлімшелері мен колониялары орналасты. КазИТЛАГ әкімшілігінің басты назарында Қарағанды көмір бассейні болды, оның көмір қоры зерттеулерге сәйкес 5 миллиард долларды құрады. Қазақстанның тарихи жағдайлары, дамыған мал шаруашылығы және жайылымға, шабындыққа және ауыл шаруашылығы болашақта көмір

бассейнінің ауылшаруашылық базасын құрып, ауыл шаруашылығын дамытты.

Қазақстанның батыс аумағында Прорва-Астрахань еңбекпен түзеу лагері Каспий теңізіндегі Прорва аралындағы 1932 жылғы 5 қыркүйектегі № 858/5 бұйрығына сәйкес құрылды. Лагерьде қамалғандар балық аулау және құрылыс жұмыстарымен айналысты [3, С.69]. Құрылған лагерлер төңірегінде тұтқындар 10 тұрақты өндірістік аймақта жұмыс істеді. Алайда, көптеген өндірістік объектілер лагерь бөлімшелеріне бекітілмеген және әртүрлі лагерь бөлімшелерінен қамаудағыларды жеткізер айдауылдар жұмысын қиындатқан. Лагерь басшылығына тұтқындардың еңбегін тиімді пайдалану мақсаты қойылды. Әр бесжылдықта міндеттемелер алды.

Соның бірі- Қарағанды еңбекпен түзеу лагері. Әрине, Карлаг тарихы ГУЛАГ тарихынан ажырағыссыз. Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің құрылу тарихының бастамасын зерттеуші Д.А. Шаймуханов, С.Д. Шаймуханова «Карлаг» атты еңбегінде былай келтіреді: «Қарағанды еңбекпен түзету лагері 1930 жылы құрылған. 1930 жылдың мамыр айында КСРО «Қазақ еңбек лагерін (КазИТЛАГ) ұйымдастыру туралы» қаулы қабылданды. Құжатта былай делінген: «Қазақстандағы ОГПУ-дың ерекше мақсаттағы лагерьлер құрған саяси-шаруашылық және аграрлық - мәдени маңызы зор болды. ҚазКСР халық комиссариаты жұмыс өндірісі үшін техникалық персоналды бөле отырып, иеліктен шығарылатын алаңға жерге орналастыруды дереу жүргізсін» [2, С.15]. Осы қаулыға сәйкес 1930 жылғы 13 мамырда ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақстандағы ОГПУ -дың ерекше мақсаттағы лагерьлеріне ауданы 110.000 га тұтас жер алқабын өтеусіз, мерзімсіз пайдалануға беру және Қарқаралинск округінің Бесоба мәдени пункті мен Қоянды жәрмеңкесінің тұрғын ғимараттары мен қызметтерін беру туралы шешім қабылдайды. Алайда бір жылдан кейін, 1931 жылдың 19 желтоқсанында басқа шешім қабылданды: «КазИТЛАГ» бірінші бөлімшесі – «Гигант» совхозы ОГПУ Қарағанды жеке еңбекпен түзету лагері болып қайта ұйымдастырылып, қысқартылған атауы «Карлаг ОГПУ» болып өзгертілді. Сонымен, Қарағанды жеке еңбекпен түзету лагері (Карлаг) 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды. Лагерь орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жерде «Долинка» ауылында орналасқан. 1930 жылдардағы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің орналасқан аумағы туралы зерттеуші С.К. Бастемиев «Исправительные учреждения Казахстана(историко-правовой аспект) атты еңбегінде мынадай ақпарат келтіреді: «Территория Карлага к этому времени с севера на юг по прямой составляла около 260-280 км, а с севера на северо-запад более чем 100 км. Часть лагерных пунктов находилась от центра Карлага на расстоянии до 450 км. Территорию с севера на юг разрезала железнодорожная линия Караганда-Балхаш, а с востока на запад - Жарык-Жезказган»[5, С.93]. Карлагты ұйымдастырудың басты мақсаттарының бірі Орталық Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан бөлігі - металлургия өнеркәсібі үшін ірі азық-түлік базасын құру. Сонымен қатар, Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған және Балқаш мыс қорыту комбинаттарын дамыту болды. Сондай ақ, осы салаларды құру және дамыту

үшін жұмыс күші қажет болды. Карлагта тұтқындар саны үнемі өсіп отырды. «Егер жаппай ұжымдастыру жылдарында түрмелерде 20-30 мың адам болса, сталиндік қуғын - сүргін жылдары - 40 мың адам. Ал соғыс жылдары және соғыстан кейінгі кезеңде «Отанын сатқындар» есебінен халқы-75 мың адамға толды», - деген лагердегі тұтқындар санының қарқынды түрде өскенін көре аламыз[3, С.40].

Жалпы алғанда Карлаг басқармасы Мәскеудегі ОГПУ (НКВД) ГУЛАГ-қа тікелей бағынышты болды. Республикалық және облыстық партиялық және кеңестік органдар лагерь қызметіне іс жүзінде ықпал ете алмады. Бұл Мәскеудегі мегаполиспен бірге отарлық типтің қалыптасуы болды. Негізінде, бұл мемлекет ішіндегі «мемлекет» болды. Онда нақты билік, құрал, көлік құралдары, пошта және телеграф болды. Оның көптеген бөлімшелері - біртұтас экономикалық механизммен, мемлекеттік жоспарымен байланысты болды. Карлагтың құрылымы едәуір көлемді болды және оның әкімшілік-шаруашылық, есепке алу-бөлу, бақылау-жоспарлау, мәдени-тәрбиелік, ерікті жалданушылар үшін кадрлар бөлімі, жабдықтау, сауда, көлік, саяси бөлімдері жұмыс жасады. Карлаг лагерінің әкімшілік құрамы ай сайын ГУЛАГ басқармасына есеп беріп отыратын болған.

КАРЛАГ-ты ұйымдастырудың басты мақсаттарының бірі - Орталық Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан бөлігі - металлургия өнеркәсібі үшін ірі азық-түлік базасын құру. Сонымен қатар, Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған және Балқаш мыс қорыту комбинаттарын дамыту болды.

ГУЛАГ тарихынан ажырағыссыз тағы бір белгілі лагерь - «Отанға опасыздық жасағандардың әйелдерінің Ақмола лагері». Тұтқын әйелдер КСРО ІХК-нің 58-17 - баптары бойынша сотталған. Айта кеткендей мұнда КСРО-ның қоғам қайраткерлерінің әйелдері «Отанға опасыздық жасағандардың әйелдері, қарындастары, туысы» деген айыппен қамалған. Лагерде көптеген әйелдер Карлаг бойынша таралған мал шаруашылығы фермаларында жұмыс істеді. Онда Қарағанды, Ақмола және Петропавл ет комбинаттары үшін мал өсірді. Ауыл шаруашылығында жұмыс істей отырып, әйелдер әр гектар жердің өнімділігін арттыруға, еңбек пен қаражаттың аз шығынымен көбірек астық, ет, сүт және басқа да өнімдер алуға ұмтылды. Әйелдердің жағдайы ауыр болды, олар жиі ауырған. Зардап шеккен азап олардың денсаулығына қатты әсер етті. Зерттеуші Д.А.Шаймуханов, С.Д.Шаймуханова «Карлаг» туралы жазған еңбегінде АЛЖИР әйелдер саны туралы мынадай дерек келтіреді:

5-шы кесте. АЛЖИР лагеріндегі жалпы әйелдер саны

Тұтқындау жылы	Тұтқындалушы саны
1933	2304
1934	3011
1936	3260
1938	7511
1939	17099

1940	20000
1942	209976
1944	19293
1947	11062
1948	10776
1951	12079
1952	13085

[2, С.74]. Кестеден көріп тұрғанымыздай әйелдер саны өте көп болды. Қамаудағы әйелдер өте ауыр жұмыстарды жасаған. Әйелдер «АЛЖИРге» елдің барлық жағынан: Мәскеу, Ленинград, Украина, Белоруссия, Грузия, Армения, Орта Азиядан әкелінді. Лагерьге келген әйелдер тек лагерь режиміне бағынады. Үнемі аштықты есептемегенде, моральдық азаптарда қиын болған. Оларға орамалдарына, жеңдеріне мен арқаларына нөмірлер ілініп отырған. Тұтқын әйелдердің арасында өлім мен мүгедектік өте жоғары болды. Тұтқында болған әйелдердің балалары да болды. Оларды арнайы балалар үйін ашып, сонда тәрбиелеген. Тіпті, кейде олардың туылған балалары рәсімделмейтін жағдайлар да тіркелген.

Қазақстан аумағында орналасқан лагерлік бөлімшелердің қатарында КСРО НКВД-МВД ГУЛАГ басқармасының бұйрығымен орталығы Гурьевте орналасқан Прорва-Астрахан еңбекпен түзеу лагеріне тоқталсақ. Прорва еңбекпен түзеу лагері (Прорвлаг) ол Каспий теңізіндегі Прорва аралындағы 1932 жылғы 5 қыркүйектегі № 858/5 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды. Лагерь орталығы бастапқы кезде Гурьев қаласында, кейін Астрахань қаласына ауыстырылған, яғни, елдегі саяси жағдайға орай аталған қалаларда басқару орталығы ауысып отырған [7, 298б]. Лагерьде саяси, әлеуметтік-экономикалық айыптаулармен және қылмыскерлер де тұтқындалған. Жергілікті архивтерде «Прорва» және «Астраханлаг» арнайы лагерінде отырған саны, саяси-қуғын сүргін құрбандарының жеке сауалнамалық мәліметтері, тергеу істері, атылғаны және ақталғандары туралы архив деректері берілген. Тұтқын орташа және жоғары білімді, лауазымды қызметтер атқарған, яғни, әр түрлі әлеуметтік топ болған. Лагерьдегілер балық аулау және құрылыс жұмыстарымен айналысады. Прорвалаг Кеңестер Одағы бойынша балық шаруашылығын дамытқан екінші орында болған [8, 298б]. Лагерь қызметі Кеңес Одағын балық шаруашылығымен қамтамасыз етуде жауапты болды [9, 40 б].

Қорыта келсек, 1930 жылдан пайдалануға берілген ГУЛАГ лагерлерінің барлығы дерлік жұмыс күшін барынша тиімді пайдаланып, сонымен қатар өз мүдделерін Қазақстан экономикасымен және жалпы бүкіл Одақпен байланыста дамыған 30-жылдардың басында ұлттық экономиканың өсуі Кеңес Одағын индустрияландырудың және оны аграрлық елден индустриалды дамыған елге айналдырамыз деген мақсатта жүзеге асырылды. Ұлттық экономиканы дамытудың бесжылдық жоспары Қазақстанның негізгі өндірістік және шикізат базасы ретіндегі маңыздылығын бекітті. Қазақстан

жеріндегі шикізат байлығын лагерлер тұтқындары өндіріп, бүкіл Кеңестер Одағының экономикасын жүйелеуге қызмет жасады.

Сонымен, XX ғасырдың басында КСРО-да белең алған социалистік құрылысты мәжбүрлеп лагерлерге отырғызып, жүзеге асырды. Кеңестік лагерлер жүйесінің Қазақстандағы бөлімшелері осылайша жұмыс жасады. Кеңестік режимнің экономикалық және саяси экспериментінің құрбаны болған Қазақстан аймағында ашылған бірнеше еңбекпен түзеу лагерлері тарихымен танысудың тағылымдық маңызы зор.

Мақала ИРН АР08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» ғылыми жобасы аясында даярланды.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Иванова Г.М. История ГУЛАГа, 1918-1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты / Г.М. Иванова; Ин-т рос. истории РАН. - М: Наука, 2006. - 438 с.
- 2 Шаймуханов Д. А., Шаймуханова С.Д. «Карлаг» - Национальное агенство по делам печати и массовой информации Республики Казахстан. - Алматы: Караганда, 1997. -175с.
- 3 Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века) - Алматы: «Кітап», 2002. – 344с.
- 4 С.В. Елеуханова «Повседневная жизнь населения Центрального Казахстана в 30-е годы XX века // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия» Право№3(51). – С. 70-75.
- 5 Бастемиев С.К. « Исправительные учреждения Казахстана (историко – правовой аспект) : монография / - Павлодар : Кереку, 2009.- С.258
- 6 Ахметова У., Джумабаев А. Прорва-Астрахань лагерлері тарихы Атырау облысы архивтерінде // М.Өтемісов атындағы БҚУ Хабаршысы. – 2021. - №1(81). - 295-305 б.
- 7 Дильманов С.Д. «ГУЛАГ НКВД-МВД СССР в карательной системе Советского государства (30-50-е годы 20 века)»/Астана, Национальный университет обороны имени Первого Президента РК – Елбасы, 2018. – 627 с.
- 8 Ахметова У.Т. Прорва еңбекпен түзету лагері тарихынан (1932-1950 жж.) / II «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 38-44 б. <http://saraishyq.kz/kk/ylym-zertte-jumystary/konferenc-a>
- 9 Мұқтар Ә., Ахметова У., Жумабаев А. «Прорва-Астрахань лагерлері тарихы архив деректерінде (1932-1950 жж.)» // Отан тарихы №4 (96) 2021. - 136-149б.

ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ – Ж. ҒИЗАТОВ

Ж.К.Диярова – магистр, ғалым-хатшы,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК

Атырау қ., Махамбет а., Сарайшық с.

Өлкетану туған ел мен жердің тарихын зерттеуден басталады. «Жалпак жұртыңды, алашыңды құрметтеу, алдымен, өзің тұрған өлкенің тарихын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады»- деген даналық сөзді басшылыққа ала отырып, Отан тарихын, өлке тарихын насихаттау мақсатында ұрпаққа ұлағат болар ата қонысымызда елдік пен ерліктің көптеген мұрасы болған Сарайшық қаласының тарихын насихаттауда, зерттеуде көз майын тауыса ғылыми ізденіспен шұғылданған өлкетанушылардың еңбектері зор.

Кешегі Алтын Орда дәуірінен бастап бүгінгі күнге жеткен ұлы ел билеушілері жерленген, елдігіміздің астаналары болған киелі жерлердің бірі – Сарайшық қаласының тарихы кімде-кімді қызықтары сөзсіз.

Ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиясы мен этнографиясы, жергілікті тарихты зерттеудегі өлкетанудың рөлі мен маңызы, ата-бабалардың рухани мұрасы және киелі нысан ретінде тұлғалары, туған өлке тарихының беймәлім беттері туралы жазып, бір сөзбен айтқанда өлке тарихын түгендеуге үлес қосқан өлкетанушылардың бірі «Сарайшық» музей-қорығының ардагері - Ғизатов Жанұзақ ағай.

Ж.Ғизатов 1939 жылы 14 шілдеде Атырау облысы, Исатай ауданы, Зинеден (Забурын) ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Гурьев (Атырау) педагогикалық институтының физика-математика факультетін аяқтаған. Еңбек жолын Қарағанды облысы Ұлытау ауданы, Байқоңыр орта мектебінде мұғалім болып бастайды. Кейін өз өлкесіне оралып, Исатай ауданындағы, Новобогат селосында кәсіптік-техникалық училище де қызмет атқарады. Алайда кейін училище Гурьев (Атырау) қаласына көшіріледі. Сол кезде Ж.Ғизатов жанұя жағдайына байланысты қалаға көшіп, қызметін жалғастыра алмады. Ақырында сол кездегі облыстық басқарма, Ж.Ғизатовты бірнеше жыл жұмыс атқарған тәжірибелі маман ретінде 1971 жылы Сарайшық селосында орналасқан кәсіптік-техникалық училищеге ауыстырады. Сол білім қабырғасында 30 жылға жуық әр түрлі салада қызмет атқарады. Білім саласына еңбегі сіңіп, 1975 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы беріледі.

Ж. Ғизатов бұл құрметке әбден лайықты. Шығармашылықпен айналысқан ізденімпаз ұстаз қашан да шәкірт жүрегінен орын табатыны сөзсіз. Дәлелі арада қанша уақыт өтсе де 2016 жылы Жезқазған қаласынан алғашқы шәкірттері ұстаздарын іздеп, арнайы Сарайшыққа келді. Шәкірттері де 60-67 жасты шамалаған жандар. Ұстаздың мерейі, абыройы асқақтаған сәті болды.

Бүкіл өмірін ұстаздыққа арнаумен қатар, Жанұзақ ағай ел жұртшылығына қарымды қаламгер, өлкетанушы ретінде де танылды. Жанұзақ ағай ғылымға бетбұрыс жасап, 2002 жылы «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығына аға ғылыми қызметкер болып, музейдің ғылыми жұмыстарын жүргізеді. 16 жыл ішінде музей жұмысының ілгері дамуына үлесін қосады. Сол кезеңде өлке тарихына қатысты түрлі дөңгелек үстел, пікір алмасулар мен қызықты кездесулер өткізеді. «Атырау өлкесі Алтын Ордаға дейін»; «Ұлы Жібек Жолы-дүниежүзілік өркениет жолы»; «Бабамның жұрты-Ноғайлы»; «Аңызға толы Сарайшық»; «Сарайшықтың екінші өмірі»; «Алтын Орда хандары» ғұндар мен хазарлар, оғыздар мен қыпшақтардың Атырау аймағындағы дәуірлеу кезеңін, орта ғасырлық көне қала жәйлі сыр шертсе, Ноғай батыр мен Едіге биден басқа алты хан туралы түрлі ғалымдардың пікірлері жинақтап, салыстырып серияларын жүзеге асырды [1, 35 б.].

Қазіргі уақытта да өлкетанушының кітапшалары музей-қорыққа келушілер арасында үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Музей қорларын есепке алу мекемедегі қор жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Барлық музей заты мен коллекциялары мемлекеттік есепке алынады. Бұл бағытта да Жанұзақ ағай аянбай еңбек етті. Музей-қорықтың қор жүйесін ретке келтіріп, жәдігерлердің барлығын есепке алып, тіркеу кітабын жүргізді. Қазіргі таңда осы жұмыстың негізінде, музей-қорықтың қор жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде.

Ж.Ғизатов 20-дан аса ғылыми мақалалардың авторы. Ғылыми зерттеу еңбектері республикалық басылымдарда жарияланған. Республикалық «Қазақ тарихы» ғылыми –әдістемелік журналдың Атырау облысындағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарады. «Сарайшық-Астана қала» [2], «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» [3] атты бірқатар еңбектер шығарады.

2015 жылы зейнетке шыққан өлкетанушы Сарайшық тарихына, ел тарихына бей-жай қарап отыра алмайды. 80 жасында Ж.Ғизатов оқушы жастар мен тарихқа қызығушылық танытатын қалың оқырмандарына «Түркіден шыққан тектілік» атты кітап шығарады [4]. «Тарихымызды байыптасак», «Жаңа буын оқулықтары сапасы», «Тарихи деректерге ұқыпты қарасак», «Адамзат дамуының оң бағыты», «Әдебиет беттері» «Халық сауалы» тарауларынан тұрады. Олардың барлығы тұрғылықты мекені Сарайшықпен шебер байланыстырылған. Сондай-ақ, осы еңбегінде өлкетанушы мектеп оқулықтарындағы қателіктерді де ашып көрсетеді. Оның «Қазақ тарихы» журналы мен «Ана тілі» газеті басылымдарында 2003 жылы жарық көрген «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығындағы кемшіліктерді дәл анықтауы ортағасырлық ел тарихын терең зерттегенін көрсетеді.

Өлкетанушының қай еңбегін, мақаласын алсақ та бүгінгі жастарға арналып отыр. Оны Ж.Ғизатовтың «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» еңбегіндегі алғы сөзін айтуға болады: «Жастардың еліне, туған жері – атамекеніне деген сүйіспеншілігін ояту, еліміздің кемел келешегіне сенімін қалыптастырып, отаншылдық сезімін тәрбиелеу үшін олардың санасына

ұлтымыздың тамырлы тарихы мен адамзат өркениетінде елеулі орны бар өнегелі мәдениетін сіңіруге көмектессек деген ағалық оймен бұл кішкене еңбек сіздерге арналады, ХХІ ғасыр жастары!» [5, 3 б.] .

«Сарайшық» музей-қорығында бірге қызметте болған ұжымы Жанұзақ ағай жөнінде: «Ағай да ұйымдастырушылық қабілеттерімен қатар, өзіне туа біткен қарапайымдылық, қонақжайлылық, мәдениеттілік, қызметтестеріне деген түсіністік, ізеттік пен пікірлестік қасиеттер ерекшеледі. Оның қандай жағдайда болмасын ешкімге қатты дауыс көтеріп сөйлемейтіндігін, әр мәселені сабырмен шешетіндігін» деп, ерекше құрметпен әңгімелейді.

Міне осылай бүгінгі уақытқа дейін тұғырынан таймай, белсенділік танытып отырған Жанұзақ ағайдың өмір жолы қазіргі жастарға, әрбір азаматқа үлгі боларлық деп айтуға толық негіз бар. Өйткені барлық қабілеті мен жігерін халқына қажетті, өзі ұнатып, мақсат қойған іске арнаған оның өмірі мен қызметі үнемі тынымсыз еңбек, алға ұмтылушылық пен нәтижелі істер баспалдағымен өсуден тұрады.

Мәуелі бәйтеректей ұрпағымен жайқалған ардақты ата Жанұзақ ағай жұбайы Нағима апаймен 5 ұл, 2 қыз тәрбилеп өсірді. Нағима апай 1995 жылы өмірден өтеді. Қазіргі таңда ұл-қыздарынан 8 немере, 4 жиен, 2 жиеншарды сүйіп отыр. Ағайдың қолында Нұрлан деген баласы, Гүлнафиз атты келіні бар. «Келіні жақсының керегесі алтын» деген халқымыз, қонақ арылмаған ағайдың шаңырағында келген қонақтарды үлкен қонақжайлылықпен қарсы алады.

Қорыта айтқанда, барлық саналы ғұмырын туған өлкесінің игілігіне арнаған, өзіндік із қалдырған Жанұзақ ағай өмірі мен қызметі ұрпағына үлгі деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі.

1 Мұқтар Ә., Диярова Ж. Сарайшық музей-қорығы тарихы (1963-2019 жж.). Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 192 б.

2 Ғизатов Ж. Сарайшық- астана қала. Ақтөбе: «Полиграфия» баспасы, 2004. – 192 б.

3 Ғизатов Ж. Ұлы Даланың қасиетті күмбезі. Алматы. 2009. – 288 б.

4 Ғизатов Ж. Түркіден қалған тектілік . Алматы: «Принт плюс» баспасы, 2019. – 216+8 б.

5 <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/884>

ҚЫЗЫЛҮЙ ЕЛДІМЕКЕНІНІҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

К.Б.Галиева – Атырау қаласы жалпы білім беретін №41 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, Атырау қ.

Нарын құмы алқабы шөбі шүйгін мал шаруашылығын дамытуда ең қолайлы аймақ саналады, аумағында және оның жиегінде орташа есеппен мыңға жуық тарихи-мәдени маңызы бар нысандар шоғырланған.

Бүгін мен Исатай ауданына қарасты Қызылүй елді мекені маңынан табылған тарихи жәдігерлерге тоқталып өткім келеді.

Қызылүйге жақын жердегі биіктігі 5 метр болатын «Бесікті» курганы өзінің құрылысымен ерекшеленеді. Төбесі шошақ болып келген обаның топырақ үйіндісі табиғи тастар араласқан құммен үйілген. 2019 жылғы барлау барысында Мыңтөбеден табылған осындай «Тасүйген» атты қорғанның табылуы «құмды аймақта қорғандар болуы мүмкін емес» деген күмәнді сейілтті. Ал енді, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіне жататын қашалған құлпытастар Нарын аумағында сирек кездеседі.

Нарын құмының тас дәуірінен адамдардың қоныстануына қолайлы болғанын археологиялық барлау жұмыстары барысында анықталған тұрақтар мен еңбек құралдары дәлелдейді. Оқушылар арасындағы «Зерде» ғылыми жобалар байқауы аясындағы зерттеу жұмыстары кезінде Қызыл үйдің іргесінде орналасқан құм шағылдан кремнийден жасалған бірнеше қырғыштарды, кескіштерді, жебе ұштарын анықтадық.

Қызыл үй құм шағылынан ең жиі кездесетін жәдігерлер тобы кремнийден жонып жасалған қырғыштар мен кескіштер болып табылады.





Мезолит дәуірінің ең маңызды өнертабысы — садақ.

Үрленген құмшағылдың бетінен сабақ жебелерін көптеп табуға болады. Жебелер сонау орта тас дәуірінен темір дәуірі аралығына жатады.

Қыштың пайда болуы және өмір сүруі дәстүрлі түрде отырықшы халықтармен байланысты. Шынында да, отырықшы шаруашылық қыш құмыра жасаумен айналысуға өте қолайлы, өйткені су мен шикізаттың жеткілікті болуы, қыштың күйдірілуі мен кебуі үшін уақыттың жеткілікті болуы, табиғаттың қолайлы болуы негізгі факторлар болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысында көптеген қыш құмыралардың ернеу, тұтқа, бүйір сынықтары табылған болатын. Бұл қыш ыдыс сынықтарының жасалу жолы мен түрлерін және қай кезеңге жататынын анықтау үшін Л.А.Краеваның «Гончарство сарматских племен Западного Казахстана» және З.Самашев, О.Кузнецова, В.Пляховтың «Сарайшықтың қыш құмыралары» еңбектеріне сүйене отырып, талдадық.

Құмыра сынықтарын зерделей келе Қызылүй маңынан сырланбаған қызыл балшықты құмыралар, қазандар, горшоктар екені анықталды.

Сырланбаған қызыл балшықты құмыраларды дайындау үшін шикізат ретінде темір тотығымен, иі қануымен және майда қоспаларымен (қоңыр темір тас, слюда, пирит, әктас) ерекшеленетін темірленген балшық пайдаланылған. Құмыра сынықтарының сынған жерлері тегіс, кедір-бұдырсыз, қабыршақты, бұл формалық массаларды дайындау технологиясының дамығандығының айғағы. Бұйымдардың барлығы көзе дөңгелегінде жасалған.

Қазандардың жиегі төртбұрышты немесе қимасы дөңес, аласа көлденең бұдырлы, немесе түзу мойыны төмен қарай сәл ұлғаятын тік кең ауызды болып келеді. Қазан тектес ыдыстардың жоғарғы жағы тараққа ұқсаған штамппен салынған оң бағытқа қаратылған бұрыштар түріндегі оюлармен әшекейленген. Зерттеушілердің пікірінше мұндай ыдыстар Алтын Ордада, Еділдегі бұлғарлық қыш өндіріс ықпалымен жасалған тәрізді. Дегенмен мұндай ыдыстар түрінің қалыптасуына Ортаазиялық шеңбер дүмді, қабырғалы, тұтқасыз Хорезмнің XII-XIII ғасырлардағы белгілі қыш қазандар өндірісі де ықпал етуі мүмкін.

Келесі бір табылған жәдігер Қырым хандығының дәуіріне жататын Герейлер әулетінің күміс тиындары. Оны менің жолдасым Досқалиев Инават Есболатұлы жас кезінде тауып алған болатын. Айтуы бойынша құмыра ішінен таптын дейтін. Сол тиындарға тарих магистрі. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің доктаранты, Халел Досмұхамедов университетінің аға оқытушысы Зайнов Амангелді Мұғауұлы қызығушылық танытып, 2020 жылдың жазында 5 данасын зерттеуге алған болатын.

Нарын құмдарының территориясынан Қырым хандығы дәуіріне жататын тиындар бұрын-соңды табылмаған екен.

Қырым тиындарын сипаттауда осы тиындарды зерттеп, атрибуциялаған тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Гулфайрус Қайыргалиевна мен гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы Гаухар Жәнібекқызының еңбегіне сүйеніп таныстырып өтейін.

Қырым хандығының Герейлер әулетінің ақша соғылымы белгілі нумизматик Отто Фердинандович Ретовскийдің (1849-1925 жж.) бірнеше еңбектерінде зерттеліп, талданған. **1 монета**

Аверс: Тиын бетінде төрт жол мәтін: «Меңлі Герей / ибн / Қажы Герей / хан». Тиынның шеті – нүктелі шеңбер.

Реверс: Тиынның ортасында нүктелі шеңберде Герейлердің тарақты таңбасы. Таңбаның айналасында мәтін «Соғылым Қырық Йер» мәтіні жазылған, таңбаның оң жақ бетінде соғылған уақыты өшіріліп қалған. Аталмыш тиынды О.Ретофскийдің еңбегіндегі мәліметтермен салыстыра отырып, 886 хиджра жылы (1480 жыл) соғылған деген болжам жасалынды.

Тиын жақсы сақталған, салмағы – 0,63г, диаметрі – 10,1 мм.

2 монета.

Аверс: Тиынның бетінде төрт жол мәтін: «Меңлі Герей / ибн / Қажы Герей / Хан. Тиынның шеті – нүктелі шеңбер.

Реверс: Тиынның ортасында нүктелі шеңберде Герейлердің тарақты таңбасы. Таңбаның айналасында «Соғылым Қырық Йер» мәтіні, жоғары жағында уақыты «890 (?) хиджра жылы (1485 жыл)» жазылған. Тиынның шеті – нүктелі шеңбер.

Тиын жақсы күйде сақталған, салмағы – 0,61 г, диаметрі – 10,2 мм.

3-4 монета.

Аверс: Тиынның бетінде төрт жол мәтін: «Меңлі Герей / ибн / Қажы Герей / Хан. Тиынның шеті – сызықты шеңбер.

Реверс: Тиынның ортасында сызықты шеңберде Герейлердің тарақты таңбасы. Таңбаның айналасында «Соғылым Қырық Йер» мәтіні, жоғары жағында уақыты «895 хиджра жылы (1489-1490 жж)» жазуыжартылай сақталған. Аталмыш тиындардың соғылған жері мен уақытының нашар сақталуына байланысты, атрибуциялау О.Ретофскийдің еңбегіндегі 5-кестедегі, №97 және №113 монеталарға негізделіп жасалынды. Тиынның шеті – сызықты шеңбер.

3-ші тиынның салмағы – 0,54 г, диаметрі – 10,3 мм; 4-ші тиынның салмағы – 0,61 г, диаметрі – 10,1 мм.

5 монета.

Аверс: Тиынның бетінде төрт жол мәтін жартылай сақталған: «Меңлі Герей / ибн / Қажы Герей / Хан.

Реверс: Жазулар жартылай өшкен. Толық атрибуциялау мүмкін емес. Салмағы – 0,63 г, диаметрі – 10,3 мм. (Лебедев, 5)

Зерттеу жұмысы кезінде көптеген тарихи жәдігерлердің табылуы Нарын құмының тас дәуірінен бері адамзатқа мекен болғандығын дәлелдей түсті. Кремнийден жасалынған қырғыштар, кескіштер мен тас жебе ұштарының және қыш құмыралар сынықтарының көп кездестіруіме байланысты Нарында мезолит дәуірі мен неолитте адамдардың көп

шоғырланған деген тұжырымға келдім. Еңбек құралдары мен жебелердің ұсақ микролиттерден асқан шеберлікпен жасалынуы, қыш құмаралардың осы күнге дейін жақсы сақталынуы, өрнектелінуі, әрқилы болуы осы жерді мекендеген ру, тайпаларда өркениеттің дамығандығын көрсетеді.

Нарын құмы қойнауындағы тарихи жәдігерлерді бір зерттеу төңірегінде талдап шығу мүмкін емес. Бұл тарихи мекеннің толық зерттелуі алдағы уақыттарда да жалғасын табады деген ойдамын.

Әдебиеттер тізімі.

1. «Нарын таңы» газеті, №18(3970) 30.04.2020 жыл, Фархад Байдәулетов мақаласы
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D0%B7%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82>
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D0%BB%D0%B0_%D0%B4%D3%99%D1%83%D1%96%D1%80%D1%96
4. «Гончарство сарматских племен Западного Казахстана», Л.А.Краева, Алматы, 2017
5. «Сарайшықтың қыш бұйымдары», З.Самашев, Ольга Кузнецова, Вячеслав Плахов, Алматы, 2008

НАРЫН ҚҰМЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ («Сарайшық- Сарай-Бату» керуен жолдары бойындағы ескерткіштерді анықтау мақсатындағы «Сарайшық» музей-қорығының экспедициясы)

А.Ж. Жумабаев - тарих магистрі,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығының ғылыми қызметкері,
Атырау қ.

Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған № BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында даярланды.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы 2020 жылы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, 3-4 шілде аралығында Сарайшық - Сарай-Бату қалалары арасындағы керуен жолдарын зерттеу мақсатында

Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан Нарын құмына ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастарды. Экспедиция құрамына тарихшы ғалымдар, археологтар, аймақ тарихын жақсы білетін жергілікті өлкетанушылар Шеген және Тастай Неталиевтер енгізілді.

Қазақ энциклопедиясының 7 томында Нарын құмы туралы қысқаша деректер берілген. «Нарын құмы – Каспий маңы ойпатының солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан. Әкімшілік тұрғыдан Атырау облысының Құрманғазы, Махамбет аудандары және Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы, Жаңақала және Ақжайық ауданының оңтүстік бөлігін қамтиды. Аумағы 40 мың км². Құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 21 м төмен жатыр. Өңір Каспий теңізінің Хвалын және Хазар кезеңдерінің шөгінділерінен түзілген. Неоген, пермь-триас жыныстары да кездеседі. Батпайсағыр, Теректіқұм, Жаманқұм, Орда, Бозанай, Қосдәулет, Ментеке массивтерінен тұрады» (Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия, 2005, 728 б.).

Экспедиция тоқтаған алғашқы нысан, 1801 жылы Жайықтың оң бетіне қазақтарды көшірген Бөкей хан Нұралыұлының Жалтыр көлі жағалауына алғаш қоныстанған жері, тастан салдырған үй-жайының орыны, осы жердегі төбе басына жерленген ханның анасы Аққолтықтың зираты болды.

Қазіргі кезде Шеген Неталиевтің бастамасымен Жалтыр көлі жағасындағы Бөкей ханның ордасы орнына ескерткіш белгі қойылған. Жергілікті жердің азаматтарының айтуынша, өткен ғасырдың 80-жылдары үйлердің кірпіштері бұзылып, «Чапаев» совхозының құрылыстарына пайдаланылған екен. Осылайша, кеңестің кезеңде тарихымыздың маңызды ескерткіші қолдан жойылған. Хан ордасы орнында, үй-жайлардың ақ түсті қатты тау жынысты іргетас кірпіштерін байқауға болады. Тарихи ескерткіштің жобасы сызылып, сипаттамасы жасалды, фотосуреттерге түсірілді.

Алдағы кезде Жалтыр көлі жағасындағы Бөкей хан ордасына қатысты архивтерден мәліметтер іздеу жұмыстарын жүргізу қолға алынбақ. Ал «Бөкей шешесі» қорымы орналасқан төбеде де зерттеу жұмыстары жалғасты. Драматург жазушы, шежіре зерттеуші Берік Қорқытовтың зерттеуінше Бөкей ханның анасының есімі - Аққолтық деп анықталған. Бұл туралы журналист Тілекқабыл Боранғалиұлы да өз зерттеуінде жазған.

Бір өкініштісі, тарихымыздағы беделді тұлға Бөкей хан Нұралыұлын дүниеге әкелген ананың жерленген жері қазіргі кезде жоғалуға айналған. Оны сақтап, басына ескерткіш белгі қою маңызы, қорғауға алынған ескерткіштер тізіміне қосып, құжаттарын жасақтау қажет.

Экспедиция Нарын құмына ішкелей еніп, Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылынан солтүстікке 70 шақырым жердегі қалпе Байғазы әулеті жерленген зиратқа бас тіреді. Зиратта ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап 1922 жылдарға дейін елді сауаттандырумен айналысқан, Обалы және Орпа елді мекендерінде мешіттер ашқан Байғазы ұлдары Қабдолла, Кәкімбек, Бақсиық, олардың бауырлары Батырбек, Қаби жерленген.

Бүгінде Орпадағы мешіт, медреселердің орны жоғалған. Қабдолла, Кәкімбек, Бақсиық Байғазыұлдарының құжаттары Башқұртстан Республикасының Уфа қаласындағы архивтен табылды. Бұл кісілердің ұрпақтарында Кәкімбек Байғазыұлының фотосуреті сақталған. 1870 жылы Астрахан кеңсесінде толтырылған анықтамада «Құлкеш руында 1 жұма мешіті, 1 медресе бар. Жұма намазын беретін 1 имам. Каспий теңізі жағасында. 15 ер адам, 1 медресе, 30 оқушы тіркелген» деп жазылған екен (Мұқтар, 2020, 10 б.).

Ғылыми-зерттеу экспедициясы барған тағы бір ескерткіш Елекен обасы. Елекен обасы алыстан байқалатын биік жерде, басына триангуляциялық белгі орнатылған. Тастай Неталиевтың хабарлауынша «қауымда жас бала жатыр. Ол оқыстан қаза болған. Бай әкесі оны есте сақтау үшін 80 түйемен алыстан тас алдырытып арнайы биік етіп үйгізген». Сонымен бірге Тастай Неталиев шежіреші Қапиз Мұқтаровтың «Мен Орпада туып өстім. Ел ішіндегі қарттардың Елекеннің қалмақ ханының баласы екенін, оның жастай қайтқанын және ханның баласына арнап қорған салғанын талай естігенмін» деп естелік айтатынын да жеткізді.

2020 жылдың 7-8 тамыз аралығында Нарын құмының бір бөлігі Айбас елді мекеніне археологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырды. Айбас өңірі солтүстік-батысында Батыс Қазақстан облысының аумағымен шектеседі. Айбас - Беріш-Жайық Сатыбалдының үлкен баласы болған делінеді. Экспедиция тоқтаған нысан, Тұшықұдық селосынан солтүстікке қарай 40 шақырым шамасындағы Таз Жастабан, Байсары Қойгелді Қожамбетұлы (1720-1790) жерленген қауым болды. Жергілікті руы Таз Дауылбай есімді азаматтың айтуынша Қойгелді Қожамбетұлы Таз руын Жайықтың арғы бетінен Нарын құмына көшін бастап келген, Жәңгірдің беделді биі болған деседі. Қауымда Керей, Сиық (1862-1922) жерленген. Белгі қоюшы Құрманбай Сиықұлы, немере шөберелері.

Қойгелді Қожамбетұлы таздың атақты ақыны Қашқынбай Қожамбетұлының әкесі болуы әбден мүмкін. Ғаламтор желісінде Қашқынбай Қожамбетұлын 1830 жылы Нарын құмы, Майтөбе мекенінде дүниеге келіп, 1870 жылы шамамен Өзбекстан, Хорезм өңірінде қайтыс болған деп көрсеткен (Қазақ әдебиеті, 2010). Қашқынбайдың ел аузында "Әуелі сөз сөйлейін жүрген жайдан", "Айналайын, Ыбыраш", "Сәлем айт барсаң, шырақ, біздің елге", "Дүнияның қызығы", "Ыбыраш, адал туған бір бала едің", т.б. толғаулары сақталған. "Сахара салқын, самал, самиян жел, жақсы еді жаз жайлауға Ойылымыз", "Көп кешер деген сөз бар сынық арба", "Мың қарға тие ала ма бір сұңқарға, он жабы сатсам жетпес бір тұлпарға", т.б. туындылардың авторы. Қашқынбай ақындығын Қарасақал Ерімбет ерекше бағалаған. Ақын өлең, толғаулары "Ақберен", "Бес ғасыр жырлайды" жинақтарында жарияланған. Шығармалары К. Сыдиықовтың "Ақын, жыраулар" (1974) кітабында талданған.

Қойгелді Қожамбетұлымен туыстығын, яғни Таз Жастабан, Байсары бөлімінен екенін төмендегі Қашқынбай ақынның «Әуелі сөз сөйлейін жүрген жайдан» өлеңіндегі мына жолдар нақтылай түседі.

«Ішінде Қаратаздың Жастабанбыз,
Бір жүріс елден шығып бастағанбыз.
Қу таяқ көлденеңдеп қолға алып,
Әр үйдің есігінде қақсағанбыз.
Ішінде Жастабанның Байсарымыз,
Бұл жерді мекен етсек, жай салармыз.
Қыдырып ел жақсысын танығандай,
Келіп жүр осы күні қай сәніміз?
Қожамбет арғы атам Айдабол-ды,
Дәулетті ата-бабам айдап еді.
Сапарым осы кеткен келіспей жүр,
Талабым бұрынғы өткен қайда болды?»

Ғаламтор желісіндегі tumalas.kz сайтында «Жастабан-Байсары-Елдезер-Намазғұл-Айдабол, Қожамбет, Қозыбай; -Айдаболдан -Қойгелді; Қойгелдіден - Көшкінбай, Қашқынбай, Нарынбай, Бітік» шежірені осылай таратады. Исатай ауданы шежіресінде Қойгелдіұлы Қашқынбай деп келтіреді (Исатай ауданы: Шежіре, 2018, 512 б.). Қашқынбай ақынның 1830 жылы дүниеге келгенін ескерсек, Қожамбетұлы Қойгелді бидің Таз руының Жастабан Байсары бөлімінің көшін Нарын құмына бастап келгені айдан анық. Сонымен қатар, қауымдағы қойылған тақтадағы Қойгелді бидің 1720-1790 жылдар аралығында өмір сүрді деген хронологиялық тұрғыдан сәйкес келмейді.

Экспедиция мүшелері Айбас елді мекені арқылы өтіп, Сабилов Таңатар ауылына табан тіреді. Экспедиция Сабилов Таңатардың бастауымен Айбас елді мекенінің батыс бетінде орналасқан Құсқонбас (Қаратөбе) төбесіне жетті. Сабилов Таңатардың айтуынша жергілікті аңызда Исатай батыр Безбородконың Оралға сатуға айдап бара жатқан 300 бас жылқысын айдап әкеліп, Құсқонбас төбесінде халыққа таратып, көмек еткен дейді. Исатай-Махамбет көтерілісін зерттеуші Кенжалиев Исатай «Махамбет» атты еңбегінде Исатай мен Мақамбет көтерілісшілерді бірнеше бөлікке бөлгені, бұлардың негізгі күштері Тауасар бейіті, «Құсқонбас», «Теректі», «Жаманқұм» т.б. жерлерде болғанын келтіреді (Кенжалиев, 1974, 50 б.).

Айбас елді мекенінен батыс бағытқа жылжып, Исатай татыры атты шағылға тоқтады. Жергілікті аңыз бойынша халық батыры Исатай Тайманұлы 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық көтеріліс барысында ұсталарды жинап, қару-жарақ соқтырған.

Тарихшы-өлкетанушы Насиханов Мүтиғолланың «Құм Нарын қойнына бүккен сырлар» мақаласында 1836-1838 жылдары Исатай Тайманұлы бастап патша үкіметі мен жергілікті билікке қарсы Кіші жүзде болып өткен көтеріліс тарихын зерттеуші Исатай Кенжалиевтің «Исатай Тайманұлы» кітабын парақтап отырғанымда ондағы: «... бір топ көтерілісшілер Исатайдың көк татыр деген жерінен оқ-дәрі дайындайды. Ал ұсталар найза, сүнгі, айбалта, қылыш, мылтық т.б қару-жарақ соғады...» деген жолдар еріксіз елең еткізді. 1999 жылы құм Нарынды аралау сапарымызда сол өлкенің өткені мен бүгінгісін жадында жақсы түйген Беркәлі Атолов ағамыз «Айбастың

маңында Исатай татыры» деген жер бар, көнекөз қариялардың айтуынша, онда Исатай батыр жер-жерден ұсталарды жинап, қару-жарақ соқтырған көрінеді. Күні кешеге дейін ауылдың жігіттері сол татырдан сынған қылыш пен садақ оқтарының ұшын тауып алып жүрді. Бірақ, өкінішке орай, оны сақтайтын, қадір-қасиетін білетін адам болмағандықтан жоғалып кетті ғой деймін» деген сөзі ойымызға орала кетті (Насиханов, 2020, 1 б.).

Исатайдың көк татыры атанған бұл жер Айбас елді мекенінен батысқа қарай 25 километр қашықтықта, Құсқонбас пен Ұштағанның Құрманғазы ауданымен шектесетін аймағында орналасқан екен. Жан-жағын жыңғыл өскен төбелер қоршаған бұл жердің атын «Көк татыр» деп дәл тауып қойыпты. Бұл біздің оны бірінші көргендегі ойымызға келген алғашқы әсер еді. Өйткені, ені 10-15 метр, ұзыны 30 метр болатын тегістіктің бетін темір тотығы мен күкірт араласқан көкшіл құм басып жатыр. Жол бастаушымыз Таңатар: «Қатты тебінсең татырдан жаңғырыққан бір дыбыс шығады, мініп жүрген аттарымыз бұл жерді баспайды. Талай рет астымыздағы көлігімізді камшылап, зорлықпен үстіне әрең шығарған кездеріміз болған» деп жаңа құпияның шетін шығарып қойды.

Жергілікті өлке тарихын жетік білетін Қарымсақов Едіге Нарын құмының орталық бөлігіндегі Досқали деп аталатын жерге бастап алып барды. Бұл жердегі үйік ерекше назарымызды аударды. Мұнда тастар сыртына молынан шығып жатыр. Жергілікті өлкетанушы Мүтиғолла Насиханов «Астыңғы жағының тастары ақшыл да, биіктеген сайын қызғылт қоңыр тартып, малина рендес бола түседі. Ең жоғарында қарайып балқыған тастар бар» деп сипаттаған. Ал археолог В.Плахов «Бұл күшті найзағай түсуінен немесе салттық жорамен арнайы от жағып, соның қызуынан болған болуы мүмкін» деп болжайды. «Мен найзағай түскеннен күйіп балқыған тастарды кездестірдім, бірақ олар бұдан әлдеқайда әлсіз күйген болатын» деп жалғайды.

Біздің ойымызша, бұлар қарауыл төбелердің қызметін атқаруы мүмкін. Мұның астында жерленім жоқ деп санаймыз. Көшпелілердің нысанасы қызметін, бағдарлау үшін 2-3 мың жыл бұрын жасалған ескерткіштер деп топшылап отырмыз.

«Сарайшық» музей-қорығының экспедиция мүшелері 6 қыркүйек күні жергілікті өлке тарихын жетік білетін, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жанизин Есмұқан және Иманғазиев Ғарифолланың бастауымен Қошалақ елді мекенінен солтүстік-шығысқа қарай шамамен 40 шақырым қашықтықта орналасқан Тастөбе немесе Тасоба төбесіне жетті. Жергілікті аңыз бойынша Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы бастаған 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық көтерілістің 1837 жылдың 15 қарашасында өткен Тастөбе шайқасы Батыс Қазақстан облысы аумағында емес, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы аймағында болған көрінеді. Белгілі жазушы, журналист Рахмет Иманғалиевтің «Нарын-шежіре» еңбегінде өңірдің байырғы тұрғыны Қибашев Темірболаттың Тастөбе туралы «Әне, терістік шығыста сағымға оранып көрініп тұрған атақты Тасоба - Исатай Тайманұлының орыс әскерлерінен ойсырай жеңіліп, жүзден астам

сарбаздары қырылып қалған қансіңді киелі топырақ. Дұрысы - Тастөбе деп аталады. Ол жерге де бір белгі қойса неғылсын.», - деп айтқанын келтіреді. (Иманғалиев, 2006, 105 б.) Келесі бір жергілікті аңыз бойынша, Тастөбе қорым-зиратын жасағанда Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісінің қайғылы күйде аяқталғанын мәңгі есте қалдыру үшін тастарды әдейі қашап, тескен. Одан қатты жел үрлегенде қайғылы, мұнды зар-ырғақ естіліп тұратын болған деседі. «Нарын-шежіре» еңбегінде төмендегідей мәліметтер кездеседі. «Калинин атындағы совхоздың директоры Қуаныш Ізімғалиев машинадан түсе сала Тастөбенің шығыс іргесін шарлап, жаяу біраз жүріп алды. - Ертеректе бір келгенімде, сол жерде тотығып қалған орыс мылтығының үлкенді-кішілі бөлшектері жататын. Соны іздегем - таба алмадым. Тастөбені құм қатты басып алған екен, - деді ол өкінішті үнмен. Әйтсе де, бір жер басылған, екінші тұсы ашылған. Аяқ астында ақсиып адам сүйектері жатыр. Қасымыздағы делбе ұстаған қосшысы Шоқан Уахитов бір шағын зеңбіректің (сол кезде түйеге артып жүріп қолданған «отмылтықтың» бірі шығар деп жобаладық) оқшантайын (гильзасын) тауып алды. Тап-таза шойыннан құйылған әлгі пәлекет уақыт озбырлығына ойсырап тозбаған қалпында жатыр екен». Жолбасшымыз Жанизин Есмұқан қарттардың Тастөбені Исатай батырдың патша әскерімен шайқасы өткен «Екінші Тастөбесі» деп атайтынын тілге тиек етті. Тастөбе шайқасы өткен жерді дәл анықтау, мұрағат қорлары арқылы тарихи тұрғыдан дәлелдеуді мақсат тұтып қайттық.

Мен, мен едім, мен едім.

Мен Нарында жүргенде,- деп дауылпаз ақын Махамбет мақтанышпен жырға қосқан, талай ұрпақтың кіндік қаны тамып, талай дүрлер мен дүлділдерді жарық дүниеге әкелген қасиетті құм Нарынның орны қазақ тарих ғылымы үшін орны бөлек. Нарын құмында әлі де ашылмаған талай құпия сырлардың бары анық. Сарайшық музей-қорығының ғылыми-зерттеу экспедициясы Нарын құмының сырын ашуды мақсат тұтып, алдына нақты міндеттер қойды.

Әдебиеттер тізімі.

Иманғалиев Р. Нарын-шежіре. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.

Исатай ауданы: Шежіре. Құраст. Сайпеден Сидеғалиев. - Алматы: «Сардар», 2018. - 512 б.

Кенжалиев Исатай. Махамбет Өтемісұлы. Өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк. Алматы: Қазақстан, 1974. - 56 б.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. 7-том / Бас ред. Б.Аяған.- Алматы: Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005.- 728 б.

Мұқтар Ә. Бөкей ордасының қазіреттері және олардың ел ішіндегі қызметтері (XIX-XX ғ. басы).// II «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» Республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік

конференцияның материалдар жинағы (15 мамыр, 2020 жыл) – Атырау – Сарайшық, 2020. 9-12 бб.

Насиханов М. Құм Нарын қойнына бүккен сырлар// http://taisoigan.kz/tarikh-lketanu/article_post/k%CB%8C%D2%B1m-naryn-k%CB%8Cojnyna-b%D2%AFkken-syrlar Пайд. уақыты. 20.09.2020.



Экспедиция мүшелері Исатай татырында

АҚКИЗТОҒАЙ АУЫЛЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТҰРҒЫДА ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Ә. Нәріков - №10 Амангелді атындағы жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі
Г. Айтбаева - №10 Амангелді атындағы жалпы орта білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы
Жылыой ауданы, Ақкиізтоғай а.

Ақкиізтоғай селолық округі әкімшілігі 1993 жылы желтоқсан айында бұрынғы Ақкиізтоғай селолық Кеңесі негізінде құрылды.

«Кіші жүзде би болған Қожаназар Жанайұлының асын бергенде Жем өзені бойында мың ағаш үй тігіліп, Кіші жүздің ханы Айшуақтың жүретін жолына мініп келген арбасы тұрған жерден арнайы тігілген үйге дейін ақ киіз төселген екен. Сол алқап кейін Ақкиізтоғай деп аталады» - деп жазды тарихшылар («Халық Кеңесі» газеті 18.06.1992 ж.). ХХ ғасырдың отызыншы жылдары басында ауылдық Кеңестерде серіктестіктер құрыла бастайды. Қазіргі Ақкиізтоғай селолық округінің сол кездегі аумағындағы Ембі ауыл советінде: «Жаңа Таң», «Бірлік таң», «Төрекен», «Дихан», «Жарылқамыс» және «Қызыл таң», Аралтөбе ауыл советінде: «Кеңтоғай», «Екпінді», Амангелді, Чапаев атындағы, Прорва ауыл советінде бірнеше серіктестік құрылды.

Осы серіктестіктердің алғашқы ұйымдастырушылары Әбен Сабыр, Оразбаев Абдолла, Айтбаев Шағырбай, Атырауов Ұзақбай, Дәукенов Іздібай, Бөриев Бисен, Бұрышев Іздік, Балтиев Қақпанбай, Оңғарбаев Қайыржан, Бекенов Бердіғали, Ершуов Құрманғали, Аташев Салықбайлар болыпты. Ауыл советтердің төрағалары болып Сүйеумағанбетова Дәметкен, Қуандықов Қожыр, Құдайбергенов Есен, Үмбетова Тойғандар істеген. Кейін осы Киров, Молотов, Чапаев, Амангелді, Ворошилов, Микоян атындағы «Жаңа күш», «Бірлік», «Жаңа таң» - барлығы 9 колхоз құрылды. Оларды Атшыбаев Ықсан, Бөлтеков Ізтұрған, Таумұрынов, Байжігітов Сағындық, Жанбозов Молдажан, Рахимов Отар, Жұмағалиев Кенжеғали, Өміров Елеусін басқарды. 1950 жылы ірілендірілгеннен кейін 9 колхоздың ізінде Молотов, Амангелді, Ворошилов, Микоян атындағы және «Бірлік» колхоздары қалады. Олардың ізінде кейін «Коммунизм таңы» совхозына айналған ХХ партсъезд колхозы құрылды. Елеуов Тауман, Ернуов Назар, Адайбеков Нығымет, Оспашев Қадір, Избасов Шафих сол колхоздарды басқарыпты. Колхоз басқармалары жиі ауысады да, әр жылдарда олардың қатарында – Жұмағалиев Кенжеш, Тілепбаев Тынышбай, Тұрғанбаев Төлеген, Шотанов Айтыбас, Боранбаев Бекқұлы, Аманшиев Сәрсенбай, Бөлтеков Айтбай, Атшыбаев Бөлтек, Бисенов Өткелбай, Смағұлов Мұрын, Жарылғасов Ақмырза, Сәрсенбаева Шымекен, Кенғанов Ажық, Жақыпов Бағыт, Жамансариев Дәли, Қашқанбаев Ақназар, Нұрмағанбетов Ботай, Баянов Ұлықпан, Ұлықпанов Түсекен, Ауданов Баймұқан, Орынбеков Дыбыс, Медеубаев Құбаш, Сайманов Нұрғожа, Таумергенов Құлбала, Масатова Жапырақ, Сұлтанов Айтқали, Айтқұлов Құлбалалар болады. Колхоздарда Шанханов Бұлжан, Жадырабаев Боздан, Рысбаев Алман, Керуенбаев Тынысбай, Өтегенов Жұмақшам, Бисенбаев Рах, Байтұров Оразалы, Нұғыманов Шарухия, Тұрғанбаев Айтжан, Боранбаев Базархан, Құлшаров Жекейбай, Нәдіров Дүйімбай, Жұмыров Әжімұқан, Қорғанбаев Абылай, Шалтаев Жарылғап, Иманбаев Шанықұл, Айтбаев Зұлқаш мал фермаларын басқарған. Ақкиізтоғай селолық округін, қала берді, аудан аумағында орналасқан колхоздарды темірден түйін түйген шеберлер – Боқанов Қайшыбай, Шәкіров Ізғара, Құттыбай, Жапаев Өтес темір

бөлшектерімен, қырықтық, ер – тұрман, т.б. заттармен қолдан жасап, қамтамасыз еткен. Колхоздарда, кейін олардың ізінде қалған «Коммунизм таңы» совхозында ерен еңбектерімен танылып, құрметке ие болған азаматтар: Көмеков Өткелбай, Қартабаев Рахби, Сағындықов Әбіш, Өміров Сарман, Ұлғатов Бекмұханбет, Ерманов Бүркіт, Өтеулиев, Қоңырбаев Сұлтанбек, Санапов Шоқыбай, Шоқымов Шолан, Жексенбаева Мәрзия, Жалғасбаев Аяп, Шәненов Мағұрып, Дүйсенбекова Әбді (1971), Асабаев Кісенбай (1984) т.б. 1963 жылдың басында құрылған «Коммунизм таңы» совхозы мал шаруашылығын өркендетуде жеткен жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен наградталып (1975), оның директоры Мәмбетов Тұрдығали «Қазақ ССР – іне еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағына ие болды. Ершуов Назар, Баянов Ұлықпан, Дәрімағанбетов Қаби, Сисенбердиев Жанкей, Атаев Қанат, Тобышев Құрман, Қазиев Ілияс, Набаев Рахмет, Биманов Әбдірлер шаруашылықты совхозынан 1964 жылы бөлінген «Қарақұм» совхозына 14000 қой, 325 жылқы, 1976 жылы жаңадан құрылған «Қосшағыл» совхозына 12430 қой, 1153 жылқы, 1132 түйе, көптеген ауыл шаруашылық техникасы берілді.

1970-1976 жылдары «Коммунизм таңы» совхозы әр жүз бас аналықтан 143-тен қозы, басына бастан құлын, 50-ден артық бота алуға қол жеткізді. Екпелі жоңышқаның ір гектарынан 55 центнерден өнім алды. Бірнеше дүркін Бүкілодақтық Социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, КПСС Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туларымен наградталды. №1 қой фермасы коллективі (жетекшісі А.Ұлғатов) 1984 жылы Бүкілодақтық Социалистік жарыста жеңімпаз атанып, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен және кітапхана қорымен марапатталды. Сондай-ақ совхоздың көптеген малшылары мен механизаторлар еңбегінің үздік көрсеткіштері үшін Отанның орден, медальдарымен марапатталды. Совхоздың жалпы ауылдың өсіп – өркендеуіне үлес қосқандар қатарында совхоз директорлары – Қабдешов Хамидолла, Бозаев Табысбай, Төремұратов Құлмұқан, Жанаев Тілекқабыл, Шақпақ Ысқақты, бас мамандар – Алманов Аманқұл, Есенғожин Сайын, Қындыбаев Мизамбай, Оразбаев Құдайберген, Өмірқалов Шыңғысты, совхоз партия комитеті хатшылары – Қисманов Ысқақ, Нұршаев Есенгелді, Байшығанов Тасым, Тілеулиев Теңізбайды, кәсіподақ комитеті төрағалары – Алдабергенов Сұлтан, Бердіғалиев Меңке, Іздібаев Сағынғали, Сибағатов Байша, Балғынбаев Нұғыман, Атшыбаев Еламан, Жаңбырбаев Сәттіғұлды, комсомол комитеті хатшылары – Кәдіров Тілеген, Махутов Сапи, Өмірзақов Аманбай, Боранбаев Аманқос, Ағынова Жаңылдық, Наурызбаев Дағыстан, Биманов Абайды, бас есеп қызметкерлері – Тілеубергенов Ұлықпан, Майлыбаев Иса, Қанаев Айтбай, Сағыбаев Шалабай, Қодаров Сәрсенғали, Қазбенев Керей, Ұлықпанов Бүркіт, Әнесов Аллажар, Өзбеков Дүзекен, Бердіғожиев Сарт, Ермеков Орынбасар, Бекболатов Түгелбай, Раушанов Асқарбекті атауға болады.

Амангелді селолық Кеңесі, кейін округ әкімшілігі өз аумағындағы мекемелер мен шаруашылықтар жұмысына, әлеуметтік мәселелерді шешуге

тікелей араласып отырды. Жергілікті Үкімет жұмыстарын талапқа сай атқарған Кеңес төрағалары – Бектенбаев Қызылқұл, Арыстанов Аманғали, Сibaғатов Байша, Жанкеев Аман, Ұлғатов Амангелді, хатшылары – Бердіғалиев Меңке, Қуатбаев Әмин, Нәріков Әлімберді.

«Коммунизм таңы» совхозында әр жылдарда ферма басқарған азаматтар қатарына – Нұрғожиев Құттыбай, Әбдірахманов Үбіш, Өткелбаев Орынғали, Ашықбаев Хамза, Бекеев Сілемғали, Майлашев Бақтияр, Қарабалин Мырзағұл, Сиықов Кенжеғали, Бүркітов Ізтұрғанды қосқан дұрыс.

Ақкиізтоғай селолық округі аумағында белгілі ақын-жазушылар, журналистер Меңдекеш Сатыбалдиев, Аманқос Ершуов, Айтуар Өтегенов, Өтеген Оралбаев, Әбдіхалық Сисенбердиев, Қонаш Қалдоразов, Қоғаш Сағынбаев, Құлжан Бөлекбаев, Аманғали Сенгірбаев, Төлеген Бекетов, Сайлау Тәжбентаев, Бақытжан Бозданов, Мақсот Қуатбаев, Амантай Оспанов, Сансызбай Естековтар өмірге келген. Амантай Оразов, Нәби Аққалиев, Сәттігүл Жаңбырбаев, Нұрсәлім Жұбановтар ауыл мәдениетін көтеру, ауыл шаруашылығын өркендету проблемаларын көтеруде қалам тербеді. Ақкиізтоғай топырағынан ғалымдар – Қуанғали Қуатбаев, Қабиболла Сыдиықов, Боқай Қожыров, Маржан Ершуова, Алшын Алтыбаевтар шықты. Өнерпаз күйшілер – Базархан Өтесов, Баймұқан Келдібаев, Мейрам Есалиев, Балғын Нәріков, Алмаш Тұрарбековалар аудандық ұлтаспаптар оркестрінің құрамында облыстық байқауларға әлденеше қатынасты. Ауылда спорт ісі де көңілден тыс қалған жоқ. Ақкиізтоғайдан атақты палуан Өскенбайдың ізбасарлары Алтыбаев Аян, Биманов Әбілхайыр, Бөлекбаев Сәуірбайлар шықты. Шахмат – дойбы ойындарының шеберлері – Рысқалиев Балғабай мен Қуандық Байқоңыровтар облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпаздары болды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Ақкиізтоғай селолық округі аумағынан 600-дей азамат Отанын қорғауға аттанса, солардың 284-і майдан даласынан оралмай қалды. Оларға Ақкиізтоғай селосында ескерткіш –obelisk орнатылды. 1994 жылы «Коммунизм таңы» совхозы таратылып, «Жаңа таң» акционерлік қоғамы және «Айнымас», «Алғабас», «Бағдар», «Тілеу», «Есенжол», «Көмек» шаруа қожалықтары құрылды. «Жаңа таң» акционерлік қоғамы мал шаруашылығымен, қосымша өнім көзі ретінде егін шаруашылығымен айналысады. Округ аймағында Ақкиізтоғай, Аққұдық елді мекендері, №465, №467 теміржол бекеттері мен Аққұдық, Қисымбай, Ақінген мұнай өндіру цехтары орналасқан. 2001 жылдың басында 451 отбасында 2794 адам болды, 2 орта мектеп, 7500 кітапқорымен 2 селолық кітапхана, 1 жанұялық емхана, 2 фельдшерлік – акушерлік пункт, 2 байланыс бөлімшесі жұмыс жасады. Селолық округ аумағында маңызды табиғи ескерткіштер – Аралтөбеде «Алтын адам» табылған. Қасиетті Әулие Бекет атаның ата-анасы жерленген Ақмешіт, Құлшан ата қорымдары бар. 1944 жылғы мамырдың 3-інде аудан аумағына Ә.Ағаев басқарып түскен фашистердің десантниківтері қолынан қаза тапқан Атағожиев Байжанның бейіті және оған қойылған ескерткіш тақтасы бар.

«Есекжал» шаруа қожалығы. Жетекшісі Шанханов Есенияз. 1996 жылы «Жаңа таң» АҚ-нан пай үлесін алу негізінде құрылған. 300 га жайылым жері бар. Жылына 100 аналық бас қойдан 100 қозы алып, шаруашылығын оңалтып отыр. Техникасы жеткілікті шаруа қожалығының құрамында 4 адам тұрақты жұмыс жасайды.

«Айнымас» шаруа қожалығы. Шаруашылық Жаңбырбаев Сәттіғұл жетекшілігімен, «Жаңа таң» АҚ-нан 1992 жылы пай үлесін алу арқылы құрылған. Соңғы 4-5 жылдан бері егін шаруашылығымен айналысады. 1998 жылы 3 гектар жерге қауын- қарбыз салып, әр гектардан 10 тоннадай өнім алып, 450 000 мың теңге табыс тапты.

Халықтың сұранысы бойынша Ақкиізтоғайдан Майкөмген селолық округі бөлініп шықты. Округ Атырау облысы әкімінің 2002 жылғы 21 маусым №186 қаулысы, және 2002 жылғы 29 тамыз №221-ІІ ХІХ сесиясының шешіміне сәйкес, Ақкиізтоғай селолық округінен бөлініп, құрылған. Округ орталығы – Майкөмген селосы Құлсары қаласынан оңтүстікке қарай 60 шақырым қашықтықта орналасқан, яғни Маңғыстау облысымен шекаралас, Атырау – Ақтау тас жолы, Атырау - Маңғышылақ темір жолдары бойында орналасқан. Селолық округ аймағында «Жаңа таң» АҚ-ның 27 малшы отарлары, 3 жеке шаруа қожалығы, №465 және №467 темір жол бекеттері мен Аққұдық, Ақінген, Қисымбай мұнай өндіру цехтары, №17 мектеп орналасқан. Майкөмген селолық округінде 1444 адам тұрады. Бұл округ сол кездегі Ақкиізтоғай селолық округінің базасында құрылды. Ақкиізтоғай селолық округінің сол кездегі әкімі Нәріков Әлімберді тұтас округтің соңғы халық жиынын Майкөмген селосында өткізіп, жас маман Нұртас Қуатбаевқа ақ жол тіледі. Бұл да тарих бетінде ұмытылуға тиісті нәрсе емес.

Білім мен мәдениет, әлеуметтік салаларда да зерттеуді қажет ететін материалдар жоқ емес. Мектеп тарихының өзін жеке тақырып етуге болады. Мектеп 1928 жылы 4 кластық бастауыш мектеп болып ашылды. 1938-1962 жылдары 7 жылдық мектеп болды. Мектепке байырғы ұстаздар С.Сабырғалиев, А.Байниязов, Б.Байқұтов, К.Қорғанбаев, Л.Харламова, Б.Өтесовтар ұстаздық қызметтерін атқарды. 1962-1963 оқу жылында мектеп 11 жылдыққа айналды. Бұл жылдары мұғалімдер ұжымы Ғ.Ержанов, М.Әлиева, А.Ершуов, М.Қақпанбаев, А.Айналжанова, Б.Рысқалиев, Ш.Шеруенова тәрізді мұғалімдермен толықты. 1965 жылы мектеп өзінің алғашқы 29 түлегін ұшырды. 1966 жылы Беков Боранқұл мектепті тұңғыш медальмен бітіруші шәкірт болды. Мектеп оқу-тәрбие сапасы жағынан аудан мектептерінің алдыңғы қатарынан көрініп отырды. Мектеп директорлары болып қызмет атқарғандар: Сабырғалиев Сисенбай (1960-1965), Арыстанов Аманғали (1965-1975), Төлеуов Наурызбай (1975-1986), Қарамурзин Болат (1986-1987), Бектембаев Мұбарак (1987-1994), Ахметова Амина (1994-2003).

1975 жылы қаңтар айында екі қатарлы мектеп үйі, 1976 жылы екі қатарлы интернат пайдалануға берілді. 1985 жылы үлкен интернат уйінде қосымша 60 орындық интернат іске қосылды. 1992 жылы алғаш математикадан тереңдетілген класс ашылды. Оған тәжірибелі ұстаз Б.Рысқалиев сабақ берді. 1993-1994 оқу жылында Майкөмген селосында

мектеп ашылуына байланысты механизатор және шопан балалары сол мектепке ауысты. 1996-1997 жылдары мектеп жанындағы интернат жабылды. Мектеп бітіргендер ішінен техника ғылымының докторы Қ.Қуатбаев, техника ғылымының кандидаты Алшын Алтыбаев, ғылым кандидаттары А.Өміржанов, Ж.Орамахов, Е.Байшығанов, Қ.Сыдиықов, Д.Қожағұлов, Ө.Оралбаев, Қ.Қалдыоразов т.б. атақты адамдар шықты.

Ақкиізтоғай аумағында оған қарасты елді мекендерде алаш азаматы атағына лайық, ел алдында аса қадірлі адамдар да аз болмаған. Солардың біразына тоқтала кетуді жөн көрдім.

Байниязов Ахмет (1909-Жаршық ауылы – 2000) – Орал қаласындағы қазақ педагогикалық жұмысшы факультетін бітіріп, Жылыой ауданындағы Тұздықөл, Көптілеу, Бірлік, Чапаев және Куйбышев атындағы бастауыш мектептерінің меңгерушісі, Амангелді орта мектебінде мұғалім болған. Ұлы Отан соғысының ардагері, «ҚР білім беру ісінің үздігі».

Мәмбетов Тұрдығали Оңдасұлы (1923-1976) – Ұлы Отан соғысының ардагері, аудандық жоспарлау бөлімінің бастығы болған. «Құрмет белгісі» орденін алған. «Коммунизм таңы» совхозының директоры (1964-1976), «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрмет атағын алған, «Октябрь революциясы», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендерімен наградталған. Аудандық, ауылдық Кеңестердің бірнеше шақырылуының депутаты, Ембі аудандық партия комитетінің мүшесі.

Дүйсенбеков Әбді (1915-1984) – шопан, Ұлы Отан соғысының ардагері. «Социалистік Еңбек Ері» (1971), екі рет Ленин орденімен наградталған, «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері» құрметті атағын алған. Гурьев облыстық, Ембі аудандық партия комитеттерінің мүшесі, Амангелді селолық Кеңесінің бірнеше шақырылуының депутаты.

Қақпанбаев Меліс (1941 - Жылыой ауданы Аралтөбе а/с – 1987) – білімі жоғары, Гурьев пед. Институтын (1962) бітірген. Амангелді орта мектебінде мұғалім (1962-1972), оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі (1972-1987) қызметтерін атқарған. Аудандық көркем өнерпаздар фестивалі жүлдегері (1967), екі мәрте «Социалистік жарыс жеңімпазы» (1973,1974) белгісімен, халыққа білім беру басқармасының Құрмет грамотасымен, селолық мақтау грамоталарымен марапатталған.

Елді мекендегі орындарға зерттеу жүргізуді бастадым. «Ақмешіт» мешіті Жылыой ауданы Құлсары қаласынан солтүстік шығысқа қарай Ақкиізтоғай селолық округінің ауамағында орналасқан. Ақмешіт «Пір Бекет» атанған Бекет Атаның туған жеріне 1998 жылы салынған. Ол жерде Бекет Атаның ата-анасының бейіті бар. Мешіт киіз үй тәрізді, бір-бірімен жалғаса және іштен қатынайтын үш күмбезден тұрады. «Ақмешіт» әулде қоғамдық ұйым ретінде тіркеуден өтіп, оны Бекет Атаның ұрпағы Мырзабеков Ислам басқарады. Ол қоғамдық ұйым осы мешіттің салынауына, мешіт басына, су, газ құбырларының жеткізілуіне аса көп еңбек сіңірді. Бекет Ата мешітіне келушілерге өз қаржысынан түнек үйін салды. «Ақмешіт» 2001 жылдың 18 қазанында Қазақстан мұсылмандары Діни Бірестігінің филиалы ретінде

мемлекеттік тіркеуден өтті. Бекет Ата Мырзағұлұлы (1750-1813) – халық батыры, абыз көріпкел, ағартушы, сәулетші. Туып өскен жері Атырау облысы Жем өзені бойындағы Ақмешіт – Құлшан және Маңғыстау өңірі. Мүрдесі Маңғыстауда Оғыландыдағы өзінің мешіт-ғимаратында қойылған. Бекет Ата жастайынан оқу-білімге құмартып, білім іздеген, өз еңбегімен күнелткен жігерлі қайсар, ерекше дарынды, көріпкел, әулие адам болған. Хорезм бойында Бақыржан қажыдан оқыған. Бекет Ата жер асты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан сәулетші. Жем бойынан (Ақмешіт) Бейнеуден, Баялыдан, Оғыландыдан жер асты медресе-мешіттер жасап, бала оқытқан. Ел тәуелсіздігі басқаншы шапқыншыларға қарсы жорықтарға қатысып, ақыл-кеңес беріп, қол бастаған. Бекет Атаның білімдарлық, батылдық, әділдік, еңбек сүйгіштігі, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Адайлар оны ерекше қадірлеп, әулие тұтқан, есімін ру ұранына айналдырған. Халық Бекет Ата өмірін, оның қысылғанда жар болған ерекше қасиет-қадірін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластырған. Бекет Ата туралы аңыз әңгімелер Орта Азия, Қазақстанның батыс аймағындағы қазақтар арасына кең тараған. Атаға байланысты аңыз бен ақиқатқа айтылатын тұлғалар, мысалы ұстазы (Бекет Ата жас шағында) Бақыржан қажы т.б. ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген. Бекет Ата жас шағында Бақыржан қажыдан дәріс алған деседі. Біз көп ізденіп, ұзақ зерттеу нәтижесінде Бақыржан қажы туралы деректерді де таба бастадық. ХІІІ ғасырдың бас кезінде Хорезм мемлекеті кеңінен танылды. Бұл кезде бүкіл Орта Азия хандықтары атап айтқанда, Бұқара, Самарқанд, Ташкент, Ферғана, Меро (Мары) Газна, Хамадан дерлік Хорезм мемлекетінің қарамағында болған еді. Хиуа мен Үргеніште де ондаған медреселер болды, оларда тек Орта Азия мен Қазақстаннан ғана емес сонымен бірге Үндістаннан, Пәкістаннан, Иран мен Ирактан және басқа да көптеген араб, парсы, түрік елдерінен шәкірттер келіп оқитын-ды. Аралтөбеден «Алтын адамның» табылуы, Қособа деген жерден – құмыра шеберханасының орны табылуы бұған дәлел. Атаның туған жиені – Кете Құлшан Ата. Бұрын Құлшан Ата мешіт үйі 3 бөлмеден тұратын. Кіреберістегі үлкен бөлме жарты шеңбер тәрізді, ал оның екі жағына кірген кісі еңкейіп қана жүретін жардан қашап қазылған шағын екі қуыс-үңгір болатын. Ол қуыстың (лақаттың) оң жағына марқұм болған Құлшан Ата жерленіпті. Атаның денесі бертінге дейін, яғни бұдан жарты ғасырдай уақыт бұрын сол өзі көзі тірісінде салдырған мешітінде сартап болып, бейне бір уйықтап жатқан кісі сияқты жаман ниетті кісілердің әлгі лақаттан бір олжа іздеу деген сияқты іс-әрекеттерінен кейін Ата Мүрдесі ұшып кетті ме, қалай да көрінбей қойған. Қазір сол екі қуыс та бос тұр. Құлшан Ата жерленген ақбор төбе бұрын үлкен қорым болған. Төбе басындағы адам тұрпаты сияқты үйінділер мен құлыптастар, қабірлер бұл пікірімізді растай түскендей. Бірақ қорым күтімсіздіктен бүлінген. Қорым аудан орталығы Құлсарыдан 60 шақырымдай, ал Ақмешіттен 6 шақырымдай қашықтықта, Құлсары-Ақмешіт тас жолының бойынан сол жақта 2 шақырымдай қашықтықтағы биік ақбор төбенің төбесі мен баурайларын бойлай орналасқан.

Әдебиеттер тізімі.

1. Ислам Мырзабекұлы. «Бекет Ата», Дәуір баспасы – 2000 ж. 4-5 бет
2. Қабіболла Сыдиықов. «Атамекен», «Информатика» 2001 ж. 319-320 бет
3. Меңдекеш Сатыбалдиев. «Еске алу» Арыс 2005 ж. 134-135 бет
4. С.Өжкенов. Атырау өнер өлкесі Қазақстан 1983 ж. 120-121 бет
5. Атырау. Жылыой энциклопедиясы. Мұрагер 2002 жыл.
(деректер салыстыру арқылы)
6. Спан Әбілқайыр. Қабекеңнің қазынасы. «Үш қиян» - 2003 ж.
(зерделеу түрінде)
7. Ахмет Жүнісов. «Бабалар дәстүрі» Алматы – 1992 ж. (зерделеу түрінде)
8. Әділ Жұмалыұлы. «Сүйіндік Қосайұлы», «Үш қиян» - 2002 ж.
(зерделеу түрінде)
9. «Кең Жылыой» газеті 1994 ж. қараша
10. Фотолар, кейбір деректер және адамдардан зерттеу барысында алынды.
11. «Қойнауы құтты Кең Жылыойым» Мұрагер – 2003 жыл.
(ауданның 75 жылдығына арналған кітап)
12. «Пір Ата» Б.Әзірханов. А-«Насихат» 2008 жыл.
13. «Бекет Ата туралы деректер мен аңыздар» Қ.Сыдиықұлы
А-«Насихат» 2008 жыл.

АТЫРАУ Өңірінің ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Куанов Р. – магистрант,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті

Қабір үсті архитектуралық белгілер, сан қилы және күрделі түрде ерекшеленіп келеді. Жергілікті халықтың этно-мәдени ошағы болып есептелінетін Каспий маңы географиялық және табиғат жағдайларының ерекше болуы бұл аумақта мал шаруашылығының дамуына септігін тигізді. Ежелден жергілікті халықтың өзіндік көшпелілер мәдениеті қалыптасу процесі жүрді. Мұның соңы аумақта тарихи-мәдени мұра объектілерінің пайда болуына ықпал етті. Батыс Қазақстан тұрғындарының үш мың жыл бойы көшпелі өмір сүргеніне қарамастан олардан 50 мыңнан кем емес тарихи-мәдени көркемдік ескерткіштер қалдырылды.

Осыған орай, Батыс Қазақстан Евразияның көшпенді тарихына ұқсамайтын тарихи-мәдени аумақ болып ерекшеленеді. Атырау өңіріндегі нақтылап айтсақ Қызылқоға ауданындағы қорымдардың құлпытастарына тоқталсақ деймін. Тас қашау өнері оның ішінде тасқа жазу түсіріп, ескерткіш ретінде қалдыру Батыс Қазақстан аймағында орта ғасырлардан бері келе жатқан үрдіс. Құлпытас – негізінен Батыс Қазақстанда аса кең тараған қазақ

тас ескерткіштерінің ерекше түрі. Алғашында құлпытастар қабір басына өңделмеген түрінде, белгі ретінде қойылып, құлпытастың төменгі жағына қайтқан адамның ру таңбасы қойылған. Құлпытастар – бас бөлігі жартылай дөңгелек немесе үш бұрышты тас бағана тәрізді болады. Бастапқы құлпытастардың тек батыс жағы безендірілген еді, кейінірек – араб жазуымен төте жазу үрдіске айналып эпиграфика сәндік рольді атқаратын болды.

Құлпытастардағы жазу негізінен араб графикасымен қазақ тілінде жазылған, алайда көп кездесетіні татар диалектісінде. Оған себеп тас қашау ұсталардың көпшілігі татар жазба қолданудың ықпалында болуы деп айтуға болады. Тас қашау ұстаның бір басында тасқашаушылық, жазбаның бірнеше түрін меңгерген каллиграф-жазушылық, суретшілік те қасиеттері болған.[1] Олардың өз есімін эпитафия мәтініне қандай мақтанышпен қосқандығынан тасқашаушы шеберлердің қоғам арасындағы құрметін болжай аламыз. Өңірдегі араб эпиграфикасының татар сөзінен алынғаны: *яшында, ылда, уфат углы* т.б. Ал эпитафия жазуларының басында *المرحوم* – «эль мархум»- «қайтыс болған» сөзі жазылуы, татар эпитафиялық жазылуының ғұрпын дәлелдейді. Құран аяттары, сүрелер мен дұғалардың араб тілінде аудармасыз жазылуы, ислам діні мен мәдениетінен бастау алу әсері деп білеміз.[2]

Ескерткіштердің көптеп салынуына басты фактор – ол бұл аймақта өңдеуге, тұрғызуға, безендіруге жарайтын құм тас, ұлу тас, бор тас т.б. құрылыс материалдарының болуында.

Эпиграфикалық мәтінді қашау тәртібі: бірінші бас жолда аяттар немесе дұғалар, екіншісінде ру тайпалық атау, келесі жолдарда адам аты, әкесінің аты, қайтыс болған жылы, айы содан кейін жерлеген кісінің аты жазылады. Жылды араб цифрымен григориян жыл санауы бойынша, ал кейде хиджра жыл санауымен де белгілейді. Ай мен күн ескі атауымен кей кездерде григориян атауларымен беріліп кете береді. Ең төменгі бөлігінде қай ру өкілі екенің айқындайтын таңбасы қашалады.[3]

Құлпытас жазуында кейде ұлы, кейде баласы днп береді. Сондай ақ бірде жылы, жылында бірде сана, санада сөздері қолданылған. Жалпы құлпытастардағы сөздердің жазылуында біріңғай жазу үрдісі сақталмаған.[4] Мысалы: жылы-илы, тайфасы-тайпасы, жасында-йасында, руы-руғы кей кезде руғынікі деп те кездесіп жатады.

2019 жылғы Қызылқоға ауданында орналасқан қорымдарының араб эпиграфикасымен жазылған құлпытастарды зерттеу мақсатындағы далалық экспедициясынан мысал. Соның ішінен атап өткенде Рақ пен Аю қорымдарының эпиграфикалық жазбаларының аударымын төмендегідей графиканы оқып шыққан.

Рақ қорымы Қарабау ауылының солтүстік шығысқа қарай 12 км жерде орналасқан. Қорым сипаттамасы: қорым оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған. Сәулеттік маңызы бар құлпытас саны құлағанымен бірге жетеуге жуықтайды. Құлпытастардың биіктігі 50-70 см аралығын қамтиды. Көлемі мен пішіні жағынан әртүрлі. Құлпытас құмды-эктасты блоктардан қашалып, араб эпиграфикасымен жазылған және оюлармен өрнектелген.[5]



1) құлпытас. Шеркеш ругының Қылышкестен тайпасы Себекбай Құбек баласы Өтек опат 83 жасында 1856 жылы қойды баласы Жәки
 چركش روعينك قلچكستن طائفسى سبكبای قوبك بالاسى اوتك وفات ۷۳
 ياشنده ۱۸۵۶ يلدە قويدى بالاسى جكى

2) құлпытас. 1878 Шеркеш ругы, Кетен бөлімі Сейд Ахмет... 34 жасында...
 ۱۸۷۸ چركاچ روعى كتان بولمى سيد احمد... ۳۴ جاسنده...



3) құлпытас. Шеркеш руғы, Қылышкестен тайпасы, Шотан бөлімі... бол
ғыл... опат 78 жасында 1891-нші жылы қойды баласы Исмайыл
چركش روعى قىلچكستن طائفسى چوپان بولمى... بول عل... وفات ۷۸ ياشنده
۱۸۹۱ نچى يلده قويدى
بالاسى ايسماى

4) құлпытас. Шеркеш ру, Қылышкестен тайпасы, Ескібас бөлімі Дауылбас
Берес Қорасан Бабасы баласы Орта опат 44 қалдырды баласы Құлмырза
چركش رو قلچكستن طائفسى يسكباس بولمى داولباس برس قارسان باباسى
بالاسى ارطا وفات ۴۴ قالدردى بالاسى قل مرزا



5) құлпытас.

1874 жылы Шеркеш руғы, Қылышкестен
тайпасы

Жол бөлімі ... Шекер ұлы опат 26-нші
жасында

۱۸۷۴ يلده چركش روعى قلچكستن طائفسى

جول بولمى ...

چاكار اوعلى وفات ۲۶ نچى ياشنده



Аю қорымы Сармайшағыл ауылынан батысқа қарай 16 км жерде орналасқан. Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған. Қорымда Беріш-Қаратоқай руының өкілдеріне жерленген. Алғаш рет 2004 жылы С.Әжіғали бастаған кешенді этноархеологиялық экспедициясы кезінде зерттеліп, аталмыш қорымды «Аю» қорымы деп көрсеткен. Сәулеттік маңызы бар 30 көне құлпытас және көптеген қабір үйінділері бар. Құлпытастар құмды-эктасты блоктан қашалып, араб эпиграфикасымен жазылып, оюлармен өрнектелген



1.1) құлпытас. *Беріш руы, Қаратоқай тайпасы, Боранқұл бөлімі Досжан Махамбет ұлы*

опат 73 жасында 1919 жылда

**برش روعى قاراتوقاي تايپاسى بورانعل بولمى دوشان ماقامبت ولى وفات ۷۳
جاسنده ۱۹۱۹ جلد۱**

1.2) құлпытас. Жана баласы Біржан опат 30 жасында Жана баласы Нұрыш опат 20 жасында

جانى بالاسى برجان وفات ۳۰ جاسنده جانا بالاسى نوريش وفات ۲۰ جاسنده

2) құлпытас. Беріш руғы, Қаратоқай тайпасы, Есболай аймағы Жан баласы Салдыұлы опат 33 жасында 1904-ші...

بروش روعى قراطوقاى طایفسى ايسبولای ايماعى جان بالاسى صلده اوعلی
وفات ۳۳ ياشنده ۱۹۰۴ نچی

3) құлпытас. Беріш руғы, Қаратоқай тайпасы ... аймағынан ... тхар Әлен ұлы опат

بروش روعى قرطوقاى طایفسى ... تحار الين اوعلی وفات...



4) құлпытас. Беріш руғы, Қаратоқай тайпасы, Боранқұл бөлімі Мәрдлім Дүлен ұлы опат..

برش روعى قراطوقاى طایفسى بورنغل بولمى ماردلیم دولین اوعلی وفات...



Ескерткіштердің түрі мен оларды салуға пайдаланған материалдар өлкеміздің батысы мен шығысында, оңтүстігі мен солтүстігінде өзіндік ерекшелікке ие. Олардың ішінде Атырау өңіріндегі кеңінен таралған сәулет ескерткіштері көп шоғырланған Алып-Ана, Қазыбек, Алтын, Дәрі, Атан, Қосай, Ұшқан секілді бірқатар қорымдар бар. Кейін осындай зерттеу жұмыстары 2004-2005 жылдары Батыс-Қазақстан этнографиялық (жетекшісі С.Әжіғали) экспедициясы кезінде жүргізіліп көптеген қорымдар анықталды.[6]

Соның бірі жуық арада мәлім болған Х. Досмұхамедовтың арғы атасы Байнақ би. Алдар бидің немересі Байнақ бидің құлпытасы Махамбет ауданы Есбол ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 10,5 км жердегі Тілеке атты қорымда жерленген. Халелдің бесінші атасы – Алдар Ерназарұлы әділдікпен аты шыққан би болған.[7] Одан кейінгі Байнақ та, Машақ та тарихта қалған белгілі билер. Төменде көрсетілген құлпытаста



ال ماوت کاس کلی ناس ثاریباحو بروچ روغی
جایق طایفاسی تیلکنیک بالاسی باینایق بای
اوقات ۶۲

ياشندە ۱۸۵۵ نچى يلدە بو طاشنى قالديرىب
قويدى بالاسى ماچاق مرضا كافا بيل ماوت

Әль мәут кәәс кулли нәәс шарибану

(күллі адам ажал кесесінендәм татады)

Беріш руғының, Жайық тайфасынан

Тілекенің баласы, Байнақ бай офат

62жасында 1855-нші жылы бұ ташны

қалдырып қойды баласы Машақ мырза

Кәфә биль мәут

Байнақ бидің жерленген жерінің картада Тілеке зираты деп белгіленгеніне қарап, бұл қорымда оның әкесі Тілекеніңде де осы жерде жерленгендігі ықтимал. Құлпытастардың кейбір әріптері оқуға жарамсыз күйде. Асқан шеберлікпен қашалған, өрнектерімен безендірілген құлпытастар ХІХ ғасырдың Батыс Қазақстан тас қашау өнері биік дәрежеде болғанын көреміз.

Әрине араб графикасындағы эпиграфикалық ескерткіштердің Атырау өңірі тарихы туралы дерек көзі екенің білу қажет. Мақаланың басты мақсаты эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу және ғылыми айналымға енгізу. Бұдан кейін жазылу тәртібі, әріптердің тасқа қашалуы мен мәтіннің мазмұнына анализ жасап жалпы қазақ тас қашау өнерін насихаттау болады.

Әдебиеттер тізімі.

1. Әжіғали С. Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы, 2002
2. Бекназаров Р. А. Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. Алматы. 2005
3. Муминов А. Қ., Нұрманова А. Ш. – Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы. Алматы, 2009.
4. Мендикулов М. М. Памятники народного зодчества Западного-Казахстана. Алма-ата; Өнер, 1987.
5. Байдәулетов Ф., Жаңабай М., Өтеуғалиев Р. Көне жазудың құпиясы // «Жайық шұғыласы» газеті 2013
6. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері т. І Атырау 2017
7. Байдәулетов Ф. Байнақ би қайда жерленген // «Қызылқоға» газеті 3 ақпан 2022.

ҚАЗЫБЕК АТАУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Мираш С. – магистрант,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті

Кез-келген елдің өткені мен бүгінгінің сабақтастығы оның жер-су атаулары (топонимдер) арқылы да көрініс табады. Әсіресе, Қазақ елінде ұлт тарихына бұл тұрғыдан келетін пайдасы зор. Облыс топонимдерінің бір тобы көне заман және ескі тарихымызбен тығыз байланысты болса, екінші бір басым тобы Кеңес өкіметі тұсында пайда болды. Осы орайда, Кеңес заманында бұрмаланып, өзгеріске ұшыраған тарихи жер атауларын толыққанды зерттеп, олардың байырғы атауларын қайтару – тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы.

Тайсойған құмын кесіп өтіп, Бөлекаяқ, Мән, Саркөл алқаптарындағы аттас көлдерге тарамдала құйылатын атақты Жарыпшыққан [(Джангильды)] өзені – Ойыл өзенінің бір тармағы. Мол судың өзеннен жарып шығып, Тайсойған құмына еніп бара жатқан тұсындағы түбекті ертеде халық «Құйылыс түбегі» деп атаған екен. Бүгінде бұл жерді «Ералы» су торабы немесе «Бесесік» аталып кеткен. Осы төңіректегі кең алқап – «Қазыбек тоғайы». Соның бір бүйірінде «Қазыбек қорымы» да бар.

Қазыбек қорымы – жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген нысандардың бірі. Қорымның топонимі XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген Шеркеш руы, Жауғашты аймағы, Батырқожа бөлімінен тарайтын Қазыбек деген адамның атымен аталады (1-сурет). Өлкетанушы Өтепберген Әлімгереевтің пайымдауынша, Қазыбек осы өңірде өмір сүріп, бір руды басқарып, би дәрежесіне көтерілген тұлға. Ол 1760 жылдары дүниеге келіп, 1824 жылы 64 жасында қайтыс болған. [1]

Ал, осы топонимді зерттеу мақсатында өз бетімізбен архив деректерін ақтара жүріп, XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген Қазыбек есімді адам есімін кездестірдік, бірақ ол туралы дерек аз. Рас, оның бұл өлкені жайлап, өмір сүргені және осы елді мекеннің сол кісінің атымен аталғаны еш күмәнсіз. Оған дәлел – Шеркеш руының биі Қазыбектің ұлы Дабыс туралы архивтік-библиографиялық құжаттар. Шынында, Дабыс 1850 жылдарға дейін беделді билердің бірі болған және ол өзінің рулас, үзеңгілес, замандас досы Асауұлы Тұрланмен бірге Гурьевке жақын Қараөткел-Қызылтал (Сокол болысы) маңына дейін келіп қыстап отырған. Бұл мәлімет 2006 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жанынан жарық көрген «XVI-XX ғасырлардағы орыс дерекнамаларында Қазақстан тарихы» атты ғылыми басылымының VIII томының II-інші кітабындағы XIX ғасырда өмір сүрген ең құрметті де беделді Орда қазақтарының (сұлтандар, билер, старшындар) тізімінде жарияланды. Жинаққа енгізілген Орынбор Шекара комиссиясына 1850 жылғы 10 сәуірде жазылған хабарламада былай көрсетіледі:

Алфавитный список о почетнейших и влиятельнейших ордынцах

...Қазыбеков, по имени Давус, бий, сын простолюдина, лет 70. Ростом высок, сложения крепкого, лицо мрачное. Черкесского рода, джаугаштова отделения, батырходжева подотделения. Печати не имеет. Тамга – общая черкесская. Место кочевания: летнее – вместе с бием Турланом Асавовым; зимнее – против Гурьева-городка, по речке Соколку, верстах в 20. Женат на одной жене. Сыновей у него шесть, из них трое на отделе: Курман, Тору и Клыч. Состояния достаточного. Ум и сметливость доставили ему звание бия. Рассудителен, более других справедлив, в речах скромнен и обходителен. Одно отделение уважают его за скромность и осторожность и руководствуются советами преимущественно. Столкновения с русским начальством не избегает и по вызовам на линию является. Особенных заслуг не оказывал и награждаем не был. Кибиточному сбору способствовать готов добросовестнее других. Сколько известно, по судом и следствием не состоял, непохвальных поступках не замечается.

Попечитель оренбургских при линейных киргизов, коллежский секретарь Шершеневич (ЦГА РК, Ф. И-4; Оп. 1, Д.2512, Л.152-159, Подлинник). [2]

Бұл кітапқа 1836-1917 ж.ж. аралығында Орынбор ведомствосы мен қазақ даласына ықпал-беделі зорби-сұлтандар мен старшындар туралы мәліметтер енгізілген. Демек бұл тізімге Қазыбек бидің енбей қалуы заңдылық, өйткені ол 1824 жылы қайтыс болған. Республика көлемінде азғана таралыммен жарық көрген бұл жинақтағы құжаттардың көбі 2006 жылға дейін жарияланбаған дүниелер.

1990 жылдары «Казпроектреставрация» ғылыми-зерттеу институты архитекторларының зерттеп, сызуы бойынша, Қазыбек қорымы екі төбеге бөлініп жерленген. Қорымның батыс бетінде, яғни алдыңғы төбеде – осы жердің атауына бірден-бір себепкер Қазыбек бидің мазарының құландысы берілсе, екінші төбеде – баласы Дабыстың мазары тұр (2-сурет) [3]. Қазақтардың жерлеу дәстүріне үңілетін болсақ, марқұм болған әр тұлғаның ізбасары оның аяқ жағына жерленеді. Ал, оның ізбасарларынан би атанған жалғыз Дабыс би. Демек, «Дабыс би де қайтыс болғаннан кейін осы қорымда өз әкесінен кейін жерленген» деп пайымдауға болады.

Қазыбек есімі тек қорымның атауымен шектелмей, осы өңірдегі көз жетер алқап «Қазыбек елді мекені» болып қалыптасады (3-сурет). Тіпті, XIX ғасырдың аяғында осы аумақта құрылған Темір уезіне қарасты бүтін бір болыс Қазыбектің атымен аталады. Қазыбек болысы жөнінде 1910 жылғы Темір уезіне қатысты статистикалық журналында былай деп жазады:

Площадь границы. Казбецкая волость, площадью около 300-350 т.д., располагается в западной части Темирского уезда по обоим сторонам нижнего течения р. Уила, приблизительно от впадения в него Аще-Уила до того места, где Уил разделяется на Кур-Уил и Джангильды где и находится волостная администрация. От соседних волостей Казбецкая волость ограничивается не достаточно точно установленными линиями, на северо-восток граничит с Уилской и на север с Джетикульской волостями

Темирского уезда, на запад, как и юго-восток с Тайсуйганской волостью Гурьевского уезда. [4]

Ұғынған жанға бұл да біраз жайттан хабардар етіп тұр.

1868 жылы Ресей өкіметі Орынбор және Батыс Сібір ведомстволарына қарасты қазақтарды басқару туралы «Уақытша Ереже» шығарды. Жылдық салықты екі есеге көбейтіп, ендігі уақытта әр ру өз жерін ортақ пайдалануға беріп, болысқа немесе уезге бөлінетінін жариялайды. Көшпелі қоғамның тірегі–рулық құрылымды бұзып, әкімшілік басқаруды оларға түсініксіз, сан алуан сатылы билік иерархиясымен ауыстырды. Орал облысы қазақтарының жері Орал казак әскерлері жерімен біріктіріліп, оны басқару казак атаманының қолына берілуі де қазақтардың наразылығын туғызды. Қазақтар өз дүниетанымы мен көшпелі өмір салтына қайшы, сырттан күшпен таңылған жаңа реформаны қабылдай алған жоқ.

Халық арасында «орыстар ата жұртымызды бөліп алайын деп жатыр» деген қауесет тез тарады. «Жаңа ереже» дүйім халық арасына тез жетіп, жаппай толқу басталады. Қазақтар «Атакүлдігімізді ешкіммен бөліспейміз» деп қылыштарын қайрай бастайды. Келесі жылдың қаңтарынан бастап, бұл заң күшіне ену керек болатын. Аталған реформаны орындау үшін әскер қосып, Орынбордан казак жеріне комиссия шығарады.

Қазақтар 1869 жылы қаңтарда Гурьев уезін ұйымдастыру комиссиясына қарсы шықты. 400-ге тарта Ысық руы қазақтарының Тентексор, Сағыз өзендері бойында көрсеткен алғашқы қарсылығынан кейін Жемнен әрі қарай өте алмаған комиссия мүшелері Каспийдің мұзын жағалап кейін қайтады. Бұл жөнінде архивтік деректерде де нақты келтірілген.

1869 жылы мамыр айының басында казак жеріне бұл жаңалықты қайта әкеле жатқан комиссия мен әскерді 20 мың көтерілісші қоршап алып, аяғы соғысқа ұласады. Шешуші аяқас Тайсойған құмының теріскейіндегі Ұлы Ойыл өзенінің Құройыл мен Жыңғылды [(Джангильды)] өзендеріне бөлінетін жеріндегі Қазыбек алқабында аяқталып, Орынбордан келген комиссияның Калмыков бекінісіне шегінуіне тура келеді. Бұл жөнінде сол кездегі Әскери министрліктің 1871 жылы 1 қаңтарда Императорға берген 1869 жылғы әскери жорықтары жөніндегі есебінде (архив дерегі) былай деп жазады:

«...Первое серьезное столкновение с вооруженными шайками произошло 6-го мая, в отряд барона Штемпеля, который шел на Уил для закладки предположенного там укрепления. Огромное простирившееся, по донесению барона Штемпеля, до 20 000 киргизское скопище окружило отряд со всех сторон и в продолжение семи дней производило на него самая отчаянная нападения. Никогда быт не может, оренбургские киргизы не собирались в столь огромное полчище, notwithstanding на это, все нападения их были отбиты и отряд достиг до ур. Казыбека, потеряв лишь несколько телег, захваченным киргизами, при первом неожиданном их натиск. На Казыбек барон Штемпель простоял шесть дней, истощил вес провиант и не имея возможности получить его с линии, вынужден был отступить назад к Калмыковской станиц.» (1-кітап. 1871 ж.)

В последних числах июня, генерал-майор Веревкин прибыл на ур.Казыбек, где уже находился отряд подполковника Рукина, имевшего при движении своем сюда несколько мелких стычек. Мятежные скопища не решились однако же вступить в открытый бой и рассеялись. Только незначительный партии киргизов пытались как во время движения, так и в первые дни пребывания на Казыбек, тревожить наш отряд, но всякий раз, при посылке против них малых команд, удалялись. Вследствие этого и с целью наказания ближайших к Казыбеку аулов Черкесова и Тазова родов произведен был подполковником Рукиным, с 2-мя сотнями казаков, удачный поиск на юг от р.Уила и одна шайка сильно наказана. По соединении с отрядом графа Комаровского, генерал-майор Веревкин перешел на ур.Баркын (15 версть выше Казыбека) и 6-го июля заложил укрепление. Вслед затем, старшины киргизские начали прибывать с изъявлением раскаяния и желания принять новое положение. Большая часть аулов получила здесь же новую организацию и лишь весьма незначительное число кочевников самых диких адаевцев и др. упыло за Эмбу на Уст-Юрт.» (2-кітап. 1873 ж.) [5]

Алайда, винтовкамен, зеңбірекпен мұздай қаруланған казактар жалаң қылышпен шапқан көтерілісшілерді тез басып тастайды. Бұл көтерілістің басқа көтерілістерге қарағандағы ерекшелігі – қара халықты төресұлтандардың патша өкіметінің саясатына қарсы өздері бастап шығуында. Себебі – түсінікті, егер әр ру болыстыққа бөлініп, өздерін-өздері басқарса, сұлтандар биліктен қол үзіп қалады. Бұл көтерілістің ішінде Шеркеш руының, соның ішінде Жауғашты-Батырқожа бөлімінің белгілі билерінің бірі Қазыбектің де ұрпақтары бар еді.

Хан-ғали Арсыланов пен Мәмбет-әлі сұлтандар басқарған көтеріліс 1869 жылғы мамырда басталып, шілденің соңына дейін аяқталып тынды. Көтеріліс басшыларының біразы тұтқындалып, сұлтандар Хиуа жеріне өтіп кетеді. Бұл дерек М.Н.Галкиннің еңбектерінде де кездеседі. [6] Амалы таусылған рубасылары, старшындар мен билер патша өкіметінің уәкілдерімен ымыраласуға бел буады.

Содан бастап, құрыла бастаған жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністердің бірі – Темір уезіне қарасты Қазыбек болысының орталығыда осы маңдағы шағын ауылдардың біріне орналасады.

2020 жылдың мамыр айында тарихы терең бұл аймақта Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының мамандары Қызылқоға ауданының жанашыр белсенділерімен бірлесіп, эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу экспедициясын жүргіздік. Ұлы Ойылдан бөлінетін Жарыпшыққан [(Джангильды)] [7] сағасындағы қорымнан анықталғаны XIX-XX ғасырларда жерленген марқұмдардың көбі Шеркеш руы, Жауғашты аймағы, Батырқожа бөлімінен тараған. [8] Дейтұрғанмен, бұл қорымға қайта зерттеу және табиғи құбылыстарға байланысты көміліп қалған құлпытастарды қайта аршып, нақтылау жұмыстарын жүргізу қажет. Бәлкім, сонда ғана беймәлім көптеген құпия дүниенің беті ашылар. Сөз соңында айтпақ ойымыз: өзгеріске ұшыраған тарихи жер атауларын толыққанды

зерттеп, олардың байырғы атауларын егжей-тегжейлі қамтып, тарихи атауларды тиімді пайдалану - мемлекетіміздің іргесін нығайтудың басым бағыттары деп түсіну керек.

Әдебиеттер тізімі.


1. Ө. Әлімгереев. «Бата дарыған би», «Егемен Қазақстан», 22 қаңтар, 2021 ж.
2. «История Казахстана в русских источниках XVIII-XX веков», VIII т. Часть 2. 2006 г.
3. Материалы экспедиции 1990 года в Гурьевскую область. Архив института «Казпроектреставрация» Инв.№523. от 26.11.1990 г. Рук.экспедиции А.О.Итенов.
4. Материалы Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Статистической Партий Тургайско-Уральского переселенческого района. Темирский уезд. Оренбург. Типография О.Яковлева. 1910 г.
5. Әскери министрліктің 1871 жылы 1 қаңтарда Императорға берген 1869 жылғы әскери жорықтары жөніндегі есебі. 1871-1873 жж. 1-2 кітап. РФ-ның Ғылыми электрондық кітапханасы.
6. Этнографические и исторические материалы по средней Азии Оренбургскому краю. М.Н.Галкина. Издание Я.А.Исакова. Санкт-Петербург. 1868 г.
7. Полное географическое описание нашего Отечества. Киргизский край. Подъ редакции В. П. Семенова-Тянь-Шаньский . Санкт-Петербург. Издание Д. Ф. Девреенд. 1903 жыл.
8. Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы архиві. Сорқуыс, Қазыбек елді мекендеріне жүргізілген эпиграфикалық экспедиция. 2020 жыл.



1-сурет. Қазыбек бидің жерленген орны.



2-сурет. Дабыс бидің мазары.



3-

сурет. Қазыбек елді мекенінің картасы. 1909 ж.

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ГУБЕРНИЯ ПРОКУРОРЫ

А.С. Айжарикова - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1 курс магистранты, Орал қ.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. Байбулсинова А.С.

Андатпа. Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері-Шафхат Бекмұхамедовтың қоғамдық қызметін зерттеуі жөнінде баяндалады. Сонымен

қатар ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті күшейту мәселесі туындады. Бірақ енді зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша Бірінші орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларның әрекеттері кейініректегі Алаш қозғалысының бастамасы болғандығы туралы айтылады. Ол 1892 жылы Бөкей ордасының 2-теңіз жағалауы округінде туған. Өз заманында белгілі мемлекет қайраткері болған. 1903-1912 жылдар арасында Астрахань ерлер гимназиясында оқып, 1916 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Оқып жүрген кезінде студенттер қозғалысына қатынасқаны үшін оқудан шығарылып, кейін қайта қабылданады. 1916-1917 жылдары тыл жұмысына алынған қазақ жігіттеріне көмек көрсету мақсатында қазақ зиялыларымен бірге Белоруссияда болған. 1917 жылы 2-6 сәуір аралығында Орынбор қаласында өткен Торғай облыстық қазақтарының съезінде төралқа, хатшы болып қызмет атқарады. 1917 жылы 21 сәуірде Бөкей ордасының болыстар съезінде төралқаның орынбасары болады. Қазақ халқының өкілі ретінде Ресей мұсылмандар съезіне қатынасады. Алашорда таратылған соң амалсыздан Кеңес үкіметіне қызмет етеді.

Кілт сөздер: Патша үкіметі; Алашорда; губерниялық съездер; губерния прокуроры; Мақаш әкім; халық комиссары.

Кіріспе

Халық арасы қашан да қазына, олар алтын құрсақ аналардың көмегімен қалың елдің қамын жейтін қаһарман қас батырды да, қажымас қайраткерді де дүниеге әкелді, тәрбиеледі. Солардың аты мықты, алысқа кетті, басына бақ қонды, астына тақ бұйырды, елдің келешек көкжиектерін белгіледі. Міне осындай санаулы тұлға, санаттағы қайраткерлердің бірі, есімі тек өзі өскен Нарын бой-Бөкей Ордасында емес, Еділдің екі жағын ен жайлаған орыс, қазақ, басқа да ұлт пен ұлысқа белгілі Шафхат Мұхамеджанұлы. Шафхат Мұхамеджанұлы 1892 жылы 26 ақпанда Бөкей ордасының 2-ші теңіз жағалауы округінде дүниеге келген. Әкесі Мұхамбетжан Шолтырұлы Бекмұхамбетов (1830-1904)-этнограф, шешен, би, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, ел ішінде «Мақаш әкім» есімімен белгілі тұлға. Кадет корпусын бітірген соң Орынбор шекара комиссиясында, 1852 жылдан бастап Уақытша кеңестің ордадағы тілмәші. Каспий жағалауындағы І-ші, II-ші округтерінде әкім қызметін атқарды. Бөкей ордасынан 1881 жылдың шілде айында III Александр патшаның қабылдауына барған төрт қазақтың бірі-Мақаш Бекмұхамедов. Бұл іссапардың ерекшелігі патшаға сый ретінде, қазақ халқының ғасырлар бойы тұтынып келе жатқан баспанасы киіз үйдің макетін алтыннан соқтырып, алып баруы. Сол сыйлықты Мақаш Шолтырұлы Бөкей ордасындағы прогрестік бағыт ұстанған әкімдердің бірі-Өтешқали Атаниязұлымен бірге патшаға тапсырды. Ордадан келіп патша аудиенциясына кірген қазақ өкілдері тиісті рәсімдерден соң өтініштерін

айтады. Бұл жайында М.Бекмұхамедов өз естелігінде: «Бізді шоқындырып, мұсылмандық үлгіден айырмаңыз деп тілек қылдым», - деген мәлімет қалдырған. 1892-97 жылдары Уақытша Кеңестің Кеңесшісі. Оның Қазан және Астрахан қалаларынан «Жақсы үгіт» (1908), «Книга о калмыках и киргизах» Кочующих в Астраханской губернии (1910) атты кітаптары жарық көрді. Мақаш әкімнің ел ауызынан жинаған ауыз әдебиеті мұралары Санкт-Петербург қаласындағы Салтыков-Щедрин кітапханасы мен Ресей ҒА Шығыстану институтының қорында сақтаулы. Жоғарыда аталып өткен В.Г. Семёнова мен В.П. Семёнованың кітабындағы архив деректері бойынша 1916 жылғы кадет корпусында оқып жатқандар туралы тізімде Мұса Сейдалин жиырмамыншы болып тіркелген. ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы, профессор М.Қ.Қойгелдиев былай деп жазған болатын: «1921 жылы Алаш зиялылары Бұхарадағы А.З.Валидовтан кездесуге шақыру хатын алады. Ташкенттегі М.Дулатұлы мен Х.Досмұхамедұлы жауап ретінде Бұхараға Ғ.Бірімжановты аттандырады. Осы іссапары жөнінде ол мынадай көрсету береді: «Валидовқа мені іссапарға онымен байланыс орнату үшін жіберді. Менімен бірге Мұса Сейдалин аттанды. Бұл 1919 жылдың басы еді. Мен Валидовпен таныс емес едім, жақыннан Орынборда Ақпан революциясы тұсында көргенім бар. Бұл кезде оның Дутовпен қатынасы күрделі еді». Өз ретінде А.З. Валидовтың естелігінен осы сапарға байланысты мынадай жолдарды оқимыз: «Біз Бұхараға Алашорда өкілдерін және түрікмен зиялыларын шақырдық... Ақпанда түрікмен адвокаты Қақаджан Бердиев, Алашорданың өкілдері ретінде Хайретдин Болғамбаев, Мұхтар Әуезов, Дінше және тағы екі кісі келді». Аттары аталмаған екі кісі Ғ.Бірімжанов пен М.Сейдалин болса керек. (М.Қойгелдиев Ұстанымы биік зиялы // Қазақ әдебиеті, 2 қыркүйек 2016 жыл). Біздіңше, Ғ.Бірімжанов бірге кездесуге еріп барған, қазақтар арасынан кадет корпусын соңғы бітіруші түлек Мұса Сейдалин болуы керек. [5, б.9]

Зерттеу материалдары мен әдістері

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті күшейту мәселесі туындады. Бірақ енді зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша Бірінші орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларының әрекеттері кейініректегі Алаш қозғалысының бастамасы болды. Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов жетекшілігімен ұлттық зиялылар ұлт азаттығы үшін саяси күрес жолдарын меңгере бастады. Олар түрлі қозғалыстарға қатысып, үгіт-насихат жұмыстары үшін газеттер, кітаптар шығаруды жолға қойды. 1911 жылдан «Айқап» журналы, 1913 жылдан «Қазақ», артынша «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес жолын айқындауға қызмет етті. Алаш қозғалысы- қазақ елінің

өзін- өзі басқару және біртіндеп дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне қоныс аударуға шек қою, адам құқын қадір тұту, экономиканы дамыту, қазақ тілінің беделін арттыру жолындағы күресті басты мақсат етті. Алаш қозғалысы арқасында 1917 жылы қазақ комитеттері, Түркістан автономиясы және Алашорда үкіметі құрылды. 1917 жылыпайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылды. Алаш қозғалысының барлық жақтаушылары қуған-сүргінге ұшыратылып, өлім жазасына кесілді. Бірақ Алаш қозғалысынан басталған ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Одан кейін ұлт-азаттық жаңа сипатта Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Спандияров, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев сынды зиялылар қызметінде жалғасын тапты. Алайда тоталитарлық билік оларды Алаш қозғалысы ізбасарлары ретінде жаппай жазалады. Сөйтіп, Бірінші орыс төңкерісінен бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30-жылдарға дейін жалғасты.

Зерттеу нәтижелері

Мақаштың отбасында 8 ұл, бір қыз болған. Өзі Жәңгір мектебінде білім алып, одан әрі Неплюев кадет корпусында оқыған әкім балаларын да оқуға берген. Ұлдары алғаш Теңіз жағалауы мектебінде, кейін Астрахан гимназиясында оқыған. Үлкен екі ұлы Әміржан мен Шәмілжан жас кезінде дүниеден өткен. Шафхат та ағаларынан кейін 1902 жылдың 7 қазанында Астрахан гимназиясына оқуға қабылданып, оны 1912 жылдың 5 маусымында бітіріп шығады. Сол жылы Қазан университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, өз өтінішімен заң факультетіне ауысады. Университетте оқып жүргенінде студенттер қозғалысына қатысқаны үшін оқудан шығарылып, қайта алынады. Студент кезінен елдегі саяси жағдайларға араласқан Шафхат 1916 жылғы патша жарлығына қарсы көтерілген қазақ жұрты қанға бөкпесін деп, көтерілісшілерді жазалауды тежеуге күш салған қазақ зиялылары қатарында да болған. Ол тыл жұмысына алынған қазақ жігіттеріне жәрдем көрсетуге қазақ оқығандарын Минск қаласына бастап барған болатын. 1917 жылдың 2-6 сәуір аралығында Орынборда өткен съезде, 21 сәуірде өткен Жалпыбөкейлік съезде студент болса да, білімді Шафхат президиумға мүше болып сайланады. Осы жылы оқуын тәмамдап, елге оралады.

Бірінші, әйгілі Мақаш правительдің талапты ұлы Шафхат Бекмұхамедов Бөкей ордасында 1917-1920 жылдары өткен қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді. Бөкей ордасы қазақтарының съездеріне белсенді қатысқан, Қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкын жасақтауға атсалысқан. «Ұран», «Хабар», «Қазақ дұрыстығы», «Дұрыстық жолы» газеттерінің бетінде Шафхаттың есімі жиі айтылады. Мысалы, «Дұрыстық жолының» №7 (1919 жыл, 2-зауза) санында «Ұлттар ісін басқаратын комиссариаттың қаулысы бойынша жалпы комиссия құрылып, оның құрамына Мұхамедияр Тұңғашин, Мәжит Шомбалов, Ғұмар Қараш, Хасен Бекентаев, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ғабдолхакім Бөкейханов, Иса Қисықовтармен бірге Шафхат Бекмұхамедов та кіргені» жазылған. Кеңес өкіметі орнаған соң Бөкей Ревкомның мүшелігіне өтіп, жер-су комиссары болып сайланады. Ол кезде іс жүзінде билік Кеңес өкіметінің қолында

болғанымен, жер-жерде билікке қарсы бой көтерулер болып жатқан еді. Бөкей ордасы маңызды аймақ болғандықтан, Ұлт істері жанындағы қазақ бөлімі қазақ әскери бөлімдерін Ордада жасақтауды ұйғарады. 1918 жылы М.Тұңғашиннің басшылығымен Қазақ әскери комиссариаты Орда қаласына келіп, қазақтың I атты әскер полкін жасақтауға кіріседі. Әскери комиссардың орынбасары қызметіне тағайындалған Ш.Бекмұхамедов те полкті жасақтау ісіне белсене араласады.

1919 жылы большевиктер партиясына қабылданған Шафхатты Бөкей губаткомы қазақ өлкесін басқаратын Ревкомға мандат беріп, Орынборға жібереді. Жер бөлімінде хатшы қызметін атқарған ол кейін Орынбор жұмысшы-шаруа инспекциясында алқа мүшесі, Бөкей губерниялық жер бөлімінің меңгерушісі, атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. 1921 жылы қыркүйек айында өткен II Жалпықазақ съезінде Қазаткомның ұсынуымен Қазақ АКСР-інің Юстиция (Әділет) комиссары болып сайланады. Юстиция комиссариатының бұйрық кітапшасына 17 қазан күні: «Бүгіннен бастап мен Юстиция халық комиссары қызметін атқаруға кірістім. Бекмұхамедов», деп қол қойған екен. Басшылық қызметті атқарған кезде қылмыспен күрес әдістерін жетілдіру, аймақтық халық соттарын құру, сот реформасын жүргізу, тұңғыш кеңестік заңдарды қабылдау сынды жұмыстарды жандандыруға бар күш-жігерін жұмсайды. Азамат соғысынан кейін ел ішінде азық-түлік, мал ұрлығы көп болатын. Сондықтан Кеңес өкіметі аса зиянды қылмыстарды жоюға ерекше көңіл бөлді. Шафхат Мұхамеджанұлының тапсырмасы бойынша комиссариат бөлімдері қылмыстарға қатысты түскен мәліметтерді топтастырып, қылмыстың түріне анықтама беріп, жаза тағайындау жобасын жасайды. Соның нәтижесінде, 1921 жылдың қараша айында «Мал ұрлығымен күрес» декреті бекітіледі. Осы декретке байланысты Шафхат Мұхамеджанұлының бастамасымен губерниялық съездер өткізіледі. Алайда ауылдардың бір-бірінен алыс, бытыраңқы орналасуы, қызметкерлердің жетіспеуі және тағы басқа да себептерден мал ұрлығы, барымтамен күрес жұмыстары бірнеше жылға созылып, 1924 жылдан кейін ғана оң нәтиже бере бастады.[2, б.79]

Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси «Орал өңірі» газетінің тарихы да қазақ халқының аумалы-төкпелі, талайлы тағдырымен сабақтас. Атауы сан мәрте өзгерсе де үзілмей шығып келе жатқанына бір ғасырға жуықтаған бұл басылымның бетінде талай ұлт зиялыларының үкілі үміті, асқақ арманы елге қызмет етсем деген мақсат-мүддесі көрінді. Бүгінде «Орал өңірі» газетінің алғашқы саны «1918 жылы 17 қарашада Бөкей облысы кеңесінің органы ретінде «Хабар» деген атпен жарық көрген» делінеді. Дегенмен, газет тарихын одан әріге тартатын да тарихи дерек жоқ емес. Әуелден ірі қоғамдық-саяси оқиғалардың-саяси оқиғалардың ордасына айналған Ішкі орда-Бөкейлік өңірінің алғашқы қазақ баспасөзінің қалыптасуында да ерекше орны бар. Әсіресе, 1917-1918 жылдардың аласапыран өзгерістері Бөкей ордасында да шарпыды. Қазақ даласына, әсіресе, батыс өлкеге ерекше ықпалы бар Ордада кеңес өкіметін орнатуға большевиктерде де белсене кірісті.

Бөкей ордасында большевиктер билігі 1917 жылдың 11 желтоқсаны күні орнаған болатын. Ішкі орда ол кезде Астрахан губерниясына бағынышты еді. 1918 жылдың басында Бөкей ордасына Астрахан қаласынан С.Милютин бастаған бір топ большевик келеді. Сөйтіп, 21-22 наурыз күндері Ордада Бөкей жұмысшы, солдат және қазақ депутаттары кеңесінің атқару комитеті құрылып, большевик С.Милютин оның басшылығына сайланады. Кеңес үкіметінің идеологиясын Бөкейлікке таратып, көпшілікті соңынан ерту үшін қызылдар газет шығару керектігін түсінген. Орда жұртына газет таңсық емес еді. 1911 жылы шыққан «Қазақстан» газетін айтпағанда, сол 1917 жылдың аласапыранында «Ұран» газеті шығып, енді ояна бастаған қазақ қоғамына еркіндік туралы ой тастап жатқан болатын...

Большевиктер Астрахан қаласынан орыс қаріпті баспахана құралдарын алдыртты. Ордадағы «Ұран» газетінің баспаханасы да солардың қолына көшкен. Көп кешікпей Ордада 1918 жылғы 17 қараша күні орыс және қазақ тілдерінде шығатын «Известия» -«Хабар» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Оның редакторы-Ішкі ордалықты басқарушы облыстық кіндік (орталық) комитет төрағасы С.Милютин еді. Осы газеттің алғашқы санында облыстық кіндік комитеттің № 112 хаттамасы жарияланған. Онда «баспасөз» тарату ісі ілгерілеп, жемісті һәм пайдалы болуы үшін Астраханнан келген жаңа баспахана мен Хан ордасындағы «Ұран» баспаханасы біріктіріліп, ол баспахананы басқару ісі жолдас Выгдорщикке тапсырылатыны» айтылады.

«Известия»- «Хабар» 1918 жылдың соңына дейін шыққан. Газеттің қанша саны шыққаны бізге беймәлім. 2013 жылдың маусым айында Мәскеу қаласында, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінде болғанымызда аталмыш газеттің 3 санын (№1, 17 қараша, 1918; №2, 19 қараша, 1918; №3, 21 қараша, 1918) тауып, көшірмесін алдық.

Газет 1919 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Киргизская правда» -«Қазақ дұрыстығы» деген атаумен шыға бастады. Бұл газетте де редактор ретінде С.Милютиннің фамилиясы фамилиясы жүр. Бірақ газет мақалаларынан және зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен басылым жұмысына сол кездегі аса көрнекті қазақ зиялылары С.Меңдешев, М.Көкебаев, Ғ.Қараш, Ғ.Мұсағалиев, Ш.Бекмұхамедов, Х.Есенбаев, Т.Сафиев, И.Меңдіханов, Ғ.Бегалиев, Ғ.Бөкейханов, т.б. қатысқандығы белгілі. «Жайық Пресс» ЖШС тарапынан жасалған жұмыстардың нәтижесінде Мәскеу архивтерінде сақталған осы басылымның тігіндісі де бүгінде елге, Орал қаласына жеткізіліп, тарихшы мамандардың назар аударуын күтуде. [1,б.134-139]

1922 жылдың орта шенінде құқық қорғау органдарын қайта құру ісі басталады. Реформалар негізінде Бүкілодақтық төтенше комитет жойылып, орнына құрылған мемлекеттік саяси басқарма Ішкі істер комиссариатының құрамына кіргізіледі. Сот реформасы туралы қаулы, ережеге сәйкес үш сатылы жүйе: халық соты, губерниялық сот, жоғарғы сот құру белгіленеді. Прокуратура, адвокатура, төрелік комиссия құру туралы қаулы қабылданады. Сонымен қатар КСРО Конституциясының жобасын жасау жөнінде де арнайы комиссия құрылады. Әділет халық комиссары Ш.Бекмұхамедовке республикалық заң орындарының қызметін түбегейлі қайта құру міндеті

жүктеледі. Соған сәйкес «Прокуратура туралы» және «Адвокатура туралы» ережелердің жобасы әзірленеді. Прокуратура туралы ережеде: «Юстиция комиссары республика прокуроры қызметін қоса атқарады», деп көрсетіледі. Ережеге сәйкес 1922 жылдың 1 тамызынан Республика прокуроры міндетін Шафхат Бекмұхамедов атқарады. Қазаткомға өткізген бір айлық жұмысының есебінде өз бұйрығымен губерния прокурорлары етіп, Орынборға Е.А.Башиловты, Ақмолаға Ф.И.Ковалевті, Бөкей Ордасына А.Галкинді тағайындағанын, басқа губернияларға мамандар табылмағанын, адвокатура туралы тек нұсқау бергенін хабарлаған.

Еңбек демалысын алып, туған жері Бөкейлікке кеткенінде уақытша міндетін атқаруды орынбасары С.С.Пилявскийге жүктейді. Алайда демалыста жүргенінде Қазатком шешімімен Әділет халық комиссары мен республика прокуроры болып М.Атаниязов тағайындалады. Демалыстан оралған Шафхатқа Қостанай губерниялық прокуроры қызметі ұсынылады. Өзінің себепсіз қызметтен босатылуы заңсыз деп таныған Ш.Бекмұхамедов қызметтен бас тартады. Көп кешікпей үкімет берген қызметтен бас тартты, тәртіпке бағынбады деген желеумен партия қатарынан шығарады. Соған қарамастан, 1930 жылдарға дейін Әділет комиссариатында тергеуші, заңгер-кеңесші болып жұмыс жасаған. Кейін қызметтен біржола кетіп, шығармашылықпен айналысады. 1937 жылдың зобалаңы да айналып өтпейді. Негізсіз айыптар тағылып, түрлі тергеп-тексеруден өтеді. Шафхат Мұхамеджанұлы 1958 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Жұбайы Хадиша да Кеңес өкіметі орнаған тұстағы белсенді қазақ әйелінің бірі болатын. Өзі шебер, білімді Хадиша Әзербайбаева-Бекмұхамедова Рәзия Меңдешевамен бірге аштыққа ұшырағандарға жәрдем беру үшін Орынборда қойылымдар ұйымдастырып, қайырымдылықтан түскен қаражатпен көмек көрсетті. Шафхаттың Кәміл (1922 жылы туған), Баязит (1924 жылы туған) есімді екі ұлы болған. Екеуі де Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Кәміл I дәрежелі, Баязит II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары Кәміл Ұлттық кітапханада жұмыс істеген. Баязит Тіл білімі институтын бітіріп, сонда қызмет еткен [3,б.44-47].

Қорытынды

Заманның неше түрлі объективті қиындығына қарамай, демократиялық және халықаралық, еуропалық стандарттарға сай ұлтты қайта өрлету, қазақ мемлекеттілігі құрылысын жаңғырту идеясына халқын топтастырған зиялыларымыздың даналығына, биік интеллектуалдық деңгейіне, білім-білігіне ұрпақ алғысын мен ниеті әрдайым келешек ұрпақ үшін құнды.

Біз, Алаш зиялыларының жанқиярлық және азаматтық ерлігін аса жоғары бағалаймыз. Әрине, олар қарапайым пендешілікке салынып, жиған білімі мен лауазым-қызметін жан бағуға да арнай алар еді. Бірақ ол жолға түспеді. Оған ары да, халыққа деген адалдығыда жібермеді. Сондықтан, алда неше түрлі құқай-отаршыл-тоталитарлық жүйенің қуғын-сүргіні мен абақтысы, қақ маңдайға кезенген қаруы тұрғанын сезсе де, саналы түрде кейде ашық, кейде жасырын 20-30 жыл бойы туған халқының азаттығы мен

тәуелсіздігі үшін табанды түрде күресті. Қаупі де расқа шықты: айдалды, отбасылары азапталды, атылды. Алайда, олар соңғы демі таусылғанша «елімнен, ұлтымнан, халқымнан жаным садаға» деп өтті.

Әдебиеттер тізімі.

1 Кабдушев Б.Ж. Қазақтан шыққан бірінші губерния прокуроры //Научно-технический журнал «Вестник Алматинского университета энергетики и связи». -Б.134-139

2 Қабдешев Б. Қазақ автономиялық Республикасының бірінші прокуроры Шафқат Бекмұхамедов// Заң және заман.-2006.-№12.-Б.79

3 Қабдешев Б. Қазақ автономиялы республикасының прокуратурасы қалай қалыптасты? // Заң және заман.-2009. .-№12. –Б.44-47

4 Бірімжаров Б.Қ. //Бөкей Ордасы: монография-Орал: Полиграфсервис баспасы, 2017. –Б.148-156

5 Қ.Құттымұратұлы // Егемен Қазақстан.-2022.-Б. 9

6 Бекмұхамедов Ш. Ғұмар Қарашев жайында // ҚР БжҒМ. ОҒК. Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі. 1602-папка, № 3-бума, № 17-дәптер.

ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ БАҚТЫҒАЛИ БИСЕНОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

А.М. Захарова - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1 курс магистранты, Орал қаласы.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. Байбулсинова А.С.

Аңдатпа.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар рухани азаттық пен демократиялық – ағартушылық идеяларға толы бұл кезеңде, ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекет құру еді. Олай болса ғасыр басындағы дағдарыстан шығудың жолын қарастырған алаш көсемдерінің теориялық ізденістері, практикалық қызметі бүгін де өз маңызын жойған жоқ.

Қазақ тарихында өз орнын ала алмай келген, Алашорда үкіметі мүшелерінің арасында беделі жоғары тұлғаның бірі - Бақтығали Бисенов. Өйткені оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы халқына

адал еңбек етіп, болашаққа жөн сілтеп, өз ұлтын өркениетті елдер қатарына қосуға бағытталған. Туған халқының мүддесі үшін адал қызмет етіп, сол жолда құрбан болса да, ұзақ жылдар бойына ұлтына беймәлім болып келген Бақтығали Бисенов өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан зерттеу қазіргі заман қажет етіп отырған тың тақырып екендігін айғақтайды.

Түйін сөздер: Алаш арыстары, тарихи құжаттар, Алашорда азаматтары, Алашорда үкіметі, Алаш қозғалысы, контрреволюция

Кіріспе

Жиырмамыншы ғасырда өз халқына қарсы алапат қанды террорды іске асырған кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, арамыздан мәңгілікке кеткен ұрпақтардың ой-арманы, үміт-тілегі, қуанышы мен қайғысы да қайтпасқа кетті. Мұрағаттардан саяси қуғын-сүргін құрбандарының қай-қайсысына қатысты болмасын «Свидетельство о смерти» деген анықтаманы ашсаңыз, оның бәрінде дерлік «причина смерти-расстрел» деген суық сөз алдыңнан шығады. Жеңдеттің оғы саған кезеліп тұрғандай денең шымырлап, арқаң мұздайды. Ажал үкімі арманына жеткізбей, қанатын қиғандардың бірі- жер бетіндегі ең абзал мамандық иесі, Ресей императорлық университеті медицина факультетінің түлегі, туған халқының өз алдына ел болып, дербес қазақ мемлекетін құруын армандаған, сол ұлы мақсат жолына бар ғұмырын сарп еткен ақжайықтық алаш арыстарының бірі- Бақтығали Бисенов болатын [1].

Батыс Алашорда қайраткері, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Бақтығали Бисенов 1889 жылы 24 тамызда Орал облысы, Ілбішін уезі, Қызылжар болысының, № 5-ауылда (қазіргі Ақжайық ауданында) туған. Әкесі Бейсен сауатты, дәулетті адам болған. Болыстық орыс-қазақ мектебін, қалалық Романов орыс-қазақ училищесін жанындағы жоғары оқу орнына даярлайтын қосымша сыныпты бітірді (1901). 1902-1910 жылдары Орал реальдық әскер училищесінде оқыды [1, 586]. Бақтығали Бисеновтың студенттік жылдары бірінші орыс төңкерісімен және «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы саяси акцияларымен тұспа-тұс келді. 1905 жылы қараша айында Орал қаласында 5 облыс қазақтары делегаттарының қатысуымен съез өтеді. Б.Қаратаев, Б.Бақыткереев сынды сұлтандар мен Санкт-Петербург медицина академиясының студенттері Х.Досмұхамедов, Н.Имағамбетов және басқаларының құрылтайшылық етуімен Қазақ конституциялық-демогратиялық партиясы құрылып, оның баспасөз органы - «Фикер» газеті ашылды. Осы кадеттер партиясының белсенді қолдаушысы ретінде Бақтығали Бисенов жандармериянының назарына ілінді. 1910 жылы жазда Бақтығали Бисенов пен досы Ғұмар Есенғұлов Мәскеу Императорлық университетіне құжат тапсырады. Бірақ олардың құжаты Николаев Императорлық университетіне (қазіргі Саратов мемлекеттік университетіне) жолданады. Сөйтіп Бақтығали Бисенов 1910 жылы 4 қазанда Николаев университетінің студенті атанады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың әсерінен медицина факультетіне 1910 жылы түскен талапкер 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында жеделдетілген курстан өтуге мәжбүр болады. Осылайша

Бақтығали Бисеновке 1917 жылы 29 қараша күні «Емші» куәлігі беріледі [2, 106].

Осы жылы Бақтығали Бисенов Орал облысы 13-Қызылкүлгін ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, жергілікті жұрттың алғысына бөленеді. Күні-түні тынбай еңбек еткен Бақыш Бисеновтің міндеті де ауыр болғаны анық. Өйткені медицина әлсіз, иен далаға жетпеген заманда ір түрлі жұқпалы аурулардың өршіп тұрғаны белгілі. Ісіне жетік мамандар да жоқтың қасы. Мұнда 1920 жылға дейін еңбек етеді. XX ғасырдың басы орыс патшалығы тыныштығынан айырылған кезең болатын. Патшалық құрылыс дағдарысқа ұшырап, халық арасында толқулар болып жатты. Оның аяғы февраль, октябрь революцияларына, ақтар мен қызылдардың атыс-шабысына, сөйтіп кеңес өкіметінің орнауына әкелді. Аштық, ауыр тұрмыс, ауру-індет, саяси қуғын-сүргін, үздіксіз қантөгістер дәуірі басталды. Ел басына түскен осындай ауыр жағдайда Калмыков уездік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған өз заманының білгір маманы Бақтыгерей Бисенов қай жерде қиын ахуал қалыптасады, көмек қолын созып сонда аттанады. Бұл жылдары Калмыков уезінде 120 мыңдай халық тұрған. Уездің өзінде бес дәрігерлік, он фельдшерлік пункт болған. Азамат соғысының басталуымен уез халқына медициналық қызмет көрсетуде көп кедергілер туындайды. Бас дәрігерлік пункт бір ғана мектеп фельдшерінің басшылығымен жұмыс істейді. Уездің орталығындағы қалалық 25 төсектік аурухана дәрігерсіз жұмыс істеп тұрған. Білікті дәрігер, іскер ұйымдастырушы Б.Бисенов 1924 жылдың басында Орал облысындағы Байғұтты ауруханасының меңгерушісі болса, 1925 жылы Жымпиты уездік денсаулық сақтау бөлімінде санитарлық дәрігер, одан көп уақыт өтпей Жымпиты ауруханасын басқарады. Мұндағы медициналық қызмет көрсетуді жоғары деңгейге жеткізген оны 1928 жылы Тайпақ аудандық ауруханасына басқарушы етіп жіберді. Келесі жылдың қаңтарында Орал қалалық совет-партия мектебінің дәрігері, бір жылдан соң Губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-профилактика ісі жөніндегі инспекторы болып тағайындалады. Бисеновты партия қиырдан-қиырға, қиыннан-қиынға жұмсады. Қиындықтың қандайынан болсын ол жол тауып шыға білді. Жайықтың жағасын жайлаған жұрт осы күнге дейін Б.Бисеновты 1921-1935 жылдағы ауыр тұрмыс пен ашаршылықтан азып-тозған ел ішінде бас көтерген оба індеті сынды түрлі жұқпалы аурулардың бетін қайтарып, елді қатерлі дерттің құрығынан аман алып қалған бірден-бір өте зерделі маман, білікті дәрігер, ұлтын сүйген азамат деп бағалайды. Азамат соғысының аласапыран жылдарында Тайпақ ауданының орталығы Базартөбеде қазақтарға арнап аурухана салдырғаны да ел есінде. Қазірдің өзінде дұрыс жолға жарымаған бұл өңірдің халқы сол кезде Жайықтың арғы бетіне құрылыс материалдарын тасып апарудың қаншалық қиямет екенін жақсы түсінеді. Жайықтың бергі жағасында, уез орталығы- Оралдағы ауруханаға жергілікті халықтың өкілдері бас сұға алмайтындығын, қабылдаған күннің өзінде жеткізбес жол ауыртпалығының азабын ескерген ол елдің болашағы үшін бұл қияметті өз мойнына алған еді. Денсаулықтың негізі ең алдымен

саби күтімі мен дұрыс тамақтандырылуына байланысты екеніне барынша маңыз берген білгір маман балалар тағамы үшін арнайы сиыр табынын бөлуді ұсынады. Осы мақсатта малшаруашылығы көрмесіне қатысқаны үшін Мақтау қағазы берілген. Оның 1921 жылы Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімі кеңесінде халықтың денсаулық жағдайы және дәрігерлік көмек туралы жасаған баяндамасы архивте сақталған. Мұндай баяндаманы дайындау, әрине, тек мықты маманға ғана сеніп тапсырылатын. Жұмысбастылығына қарамастан Б.Бисенов өзінің білімін жетілдіруді де ұмыт қалдырмаған [3].

Дәрігер Бақтыгерейдің Базартөбе ауылында қызыл кірпіштен 10орындық емхана тұрғызғаны да ерлік іске пара-пар. Сори бес елі қазақ халқын оба індеті, шешек, сүзек аурулары оңбай тұралатып, сырқаттардың ем-дом қабылдайтын емханада тазалық гигиенасы өте қатаң сақталады. Емхана жанынан монша, дәріхана секілді әлеуметтік нысандар салынып, 1 гектар аумаққа картоп, басқа да көкөніс түрлері егіледі. Медицина ғылымының сауатсыз бұқара халықта жұппалы аурулардан ересектермен бірге балалар да қатты зардап шегеді [4].

1929 жылы Орал қаласындағы кеңестік партия мектебі ауруханасының дәрігері, 1930 жылы 15 шілдеде Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-прфинспекторы атанады.

Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында 10төсектік Базартөбе ауруханасының есептік құжаттары сақталған. «Төрт ауыл тұрғындарына қызмет көрсеткен аурухана кешені бас ғимараттан, дәріхана мен моншаға арналған қосымша құрылыстан және дәрігерлерге арналған үш шағын үйден тұрған. Аурухана құзырындағы 1га жерге бақша, 1 га жерге картоп егілген. Ауруханада бір тарантас арба болған, бірақ оған жегетін ат жоқ, сірә өгіз жегілсе керек. 1934 жылға амбулатория есебіне қарағанда, аурухана сол жылы 282күн жұмыс істеп, 3019 науқасты қабылдаған. 1937 жылдың басында Б.Бисенов Жымпиты аудандық ауруханасына жіберіледі. «Бисенов Бах Бисенұлы 1890 жылы Тайпақ ауданының №3 ауылында туған, қазақ. 1937 жылы 10 қыркүйекте тұтқындалған, сол кезде Жымпиты поселкесінде тұрған, аудандық ауруханада дәрігер. 1938 жылғы 15 ақпанда Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының (УНКВД) Батыс Қазақстан бойынша үштігі ату жазасына сотталған. Батыс Қазақстан облыстық соты президиумының 1958 жылғы 14 маусымдағы қаулысымен ақталған».

«Бақтығали Бисеновтың ісін жүргізген тергеуші «алашордашы» деп айыпталып, атылып кеткен қос «күнәнің» тергеудегі жауабына сүйеніп, оған «контрреволюциялық ұйым мүшесі» деген айып тағады. Куәгерлермен жүздестіру, жауапты тексеру болмаған. Бақтығали тергеуде ешкімді көрсетпеген. 5 желтоқсан күні қағазға түскен айыптау қаулысындағы ең «әшкерелеуші» сөйлем- «Алашорда үкіметі мүшелерінің арасында беделі жоғары болды» делінген. Соған қарамастан Бисеновке үштік әуелі 10 жыл түрме жазасын кескен. Алайда 1938жылғы 15 ақпанда ол қаулы бұзылып, ату жазасына ауыстырылған. Үкім 1938 жылы 19ақпанда 21сағат 15минутта орындалған [2, 106]. Сөйтіп, күні кеше қиын-қыстау жылдарда елдің

денсаулығын қайтсем жақсартам, денсаулық сақтау саласын қайткенде көтеріміз деп ұлтының ертеңі үшін тыныштық көрмеген ардақты азамат «халық жауы» болып атылып кете барды. 1958 жылы Б.Бисеновтың ісі қайта қаралып, Батыс Қазақстан облыстық соты президумының қаулысымен ешбір кінәсі болмағандықтан толық ақталады.

1890 жылы 10 желтоқсанда Орал облысы, Лебшін уезі, Қызылжар болысындағы №5 ауылда дүниеге келген ол кісінің бірге туған бауырларының бәрі де (алты ұл, бір қыз) патша заманында-ақ жақсы білім алған. Ең үлкен ағасы-Мейірман -мұғалім, сол кездегі қазақ басылымдарында мақалалары жарияланып тұрған. 1910 жылы қаза болса керек. Ұрпақтары Алматы, Орал қалаларында тұрып жатыр. Ізімей деген баласы патша үкіметі кезінде болыс сайланған, ауыл шаруашылығы академиясын бітірген адам. Ақеділ өте парасатты, туыстарына мейірімді болған. Бисен атамыздың жалғыз қызы-Аққенже апамыз Калмыков уезінде болыс болып, жастарды тәрбиелеу ісіне үлкен еңбек сіңірген. Ол кісіден қалған жалғыз тұяқ-жиеніміз Кәрім Қайыршин мен Қасила жеңгейдің балалары осы Орал қаласында тұрады. Әкеміздің тағы бір ағасы Нұрғали да кеңес кезінде жер аударылған. Одан үш қыз тараған. Үлкені Ғазиза Мұхтар Әуезовтың хатшы-машинисткасы болыпты. Ортаншысы Рәзия Алматыда баспаханада машинистка болып жұмыс істеген. Кенжесі Ғапура Орал пединститутының математика факультетін бітірген. Кейін Алматы консерваториясын бітіріп, сонда сабақ береді. Одан қазақтың талай белгілі композиторлары, музыка мамандары білім алған. Консерваторияда жиырма жылдан астам проектор болған ол кісі қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы шахматшылардың бірі [3].

«Халық жауының» балаларының тағдыры оңай болған жоқ. Бақтығали Бисенов тұтқындалған кезде оның отбасында әйелі Жәнша шиеттей бес баламен қалған екен. Тұңғышы Махмуд-17 жаста, Мәжит -12-де, Зейнеп -9-да, Әнуар -4-де, ал Роза 1 жаста болыпты. Мәжит пен Әнуар көп кешікпей шетінеп кеткен. Махмуд 1918 жылы дүниеге келген, 1940 жылы Қызыл әскер қатарына алынған. 1941 жылы неміс тұтқынына түсіп, еріксіз Түркістан легионында қызмет етеді. Бақыштың әйелі Жәнша Орал қаласындағы былғары шикізат комбинатында тігінші болды. Қыздары Зейнеп пен Роза қолында болған. 1929 жылы Бақышқызы Зейнеп Орал қаласында тұрып, ұзақ жыл «Екпінді құрылыс» газетінде аға корректор болып қызмет етіпті. Бақтығали Бисеновтің кіші қызы Роза Бисенова әке жолын қуып, 1962 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтын бітірген. Ұзақ жыл Қарағанды облысының Жанарқа ауданында дәрігер педиатр болып қызмет еткен Роза Бақышқызы бірнеше ордендермен марапатталған [2, 106]. Бүгінде Бақтығали Бисеновтің қызы Роза Бақтығали қызы Бисенова Астана қаласында тұрады. Ал оның балалары Алматы қаласында еңбек етуде. Роза Бақтығалиқызы көп жылдар әкесі туралы мәліметтерді іздестірумен, жинастырумен айналысқан. Роза Бақтығалиқызы зейнеткер, мұғалім болған, көп жылдар комсомол, партия ұйымдарында қызмет істеген. Жанары өткір, сөзі мірдің оғындай, өте пысық, қазақша-орысша екі тілде сөйлейтін

қайратты адам болған [5, 64б]. Роза апай елге келіп, ауылдастары-мен, ақжайықтық жастармен жиі кездесіп тұрады. Әкесі Б. Бисеновтің сонау аласапыран жылдарда салдырып кеткен аурухана емхана ғимараттарына ескерткіш белгі тақта орнату салтанатына (2013 ж.) қатысты. Әр жүздесуде жанары өткір, әңгімесін екі тілде бірдей айтатын Роза ападан жастарымыз өткен уақыттың тарихи шындығы, бүгін тәуелсіздігіміздің қандай күш-жігермен, құрбандықтармен келгенін ұғары анық. Естуімізше, Базартөбеде Б. Бисеновке арналған мұражай ашу ісі қолға алынған көрінеді. Мектептерде оқырмандар конференциясы тұрақты өткізіліп келеді. Жалпы, оқушыларымыздың Алаш қайраткерлеріне қатысты қызығушылығы артып отыр. Жиырмамыншы, отызыншы жылдар жылнамасы бойынша өткізетін сабақтарда жоғары сынып оқушылары алашшылардың арман-тілегіне, отаншыл-ұлтжанды образына, аса білімдарлығы мен тағдыр трагедиясына қатысты сұрақтарды жиі қояды, өз бетімен ізденіп, баяндамалар жасауға, сөйтіп, Алаш тағылымына терең үңілуге, олар қалдырған мол мұраны үйренуге күштар. Ендеше, Бақтығали Бисенов есімі, барша Алаш арыстарының өнегесі еш-қашан ұмытылмайды, тәуелсіз елімізбен мәңгі бірге жасайды [6,14б].

Зерттеудің материалдары мен әдістері.

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік-қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақ жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам күшін түзейді, бағытын айқындайды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі.

Бүгінгі егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің тарихында Алаш атын аспандатқан арыстарымыздың үлесі орасан екендігі дәлелдеуді қажет етпейтіні ақиқат. Олар келер ұрпаққа қиыннан қиып жол салып, еркіндіктің отын өшпестей етіп тұтатып кетті. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы – осы Алаш арыстары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтың т.б. Ақ Тумен көтерген тегеурінге бергісіз батыл, мемлекетшіл және отандық идеясы болатын. Алаш қайраткерлері атқарған тарихи міндеттің зор маңызы да осында. Елбасшысы Н. Назарбаев: «Алаштың» басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. «Күнбатыс» Алашорда зиялыларының түпкі ойлары дербес ел болу еді.

Зерттеудің нәтижесі.

Өзі ұсталғаннан кейін отбасын көзі ашық туысқандары кезінде Алматы қаласына жіберіп, ұрпағы өсіп, білім мен мамандық алып, елдің сыйлы

азаматшалары болғандығын біз кейін ғана білдік. Әрине ұрпақтарының басынан кешкен қиындықтарын біз айтып жеткізе алмаспыз. Текті ұрпақ қиындықты көре жүріп, оқып білім алып, үлкен апаларымыз Ғазиза мен Нұрғали қызы Бисенова белгілі қоғам қайраткері, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың көп жылдар хатшысы болып, 80-жылдарға дейін елімізде үздік машинка басушысы болып, көпшілік құрметіне бөленгенін, кейіннен Ғазиза апамыздың халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтың жан-жары болып, жазушыны ақырғы сапарға шығарып салған адал жары болғандығын, көпшіліктің бірі білсе, бірі білмейтін анық. Артында қалған кіші қызы Роза Бисенова әкесі жөнінде көп еңбектеніп, ақыры 60-жылдары әкесін ақтап шығарулары, нағыз ерлікпен өжеттік, әке парызын өтеген үлкен жеңістері деп білемін. Сол жұмысты бұл күнде Астанада тұратын кіші кенже қызы Роза жалғастыруда. Жақында осы жылдың маусым айында Роза, ұлы Ерік Тоққулов Бақыш дәрігердің туыс-өскен, жұмыс жасаған елінде Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базартөбе ауыл округінде болып, әкесі өз қолымен салған дәрігерлік дәріхананы, Бақыш атындағы мұражайға айналдыру мақсатында, сол үйдің қабырғасына Бисенов Бақтығалиға арналған ескерткіш тақта орнатуға қатысып, осы салтанатта ауданның ардагерлерімен, Ақжайық ауданының құрметті азаматтары Қазақстанның құрметті журналисті- Базарғали Қуатов еңбек ардагерлері: Мензипа Жұматова, қызы Роза, жиені Ерік Базартөбе ауылдық округі әкімі Амантай Сәлимовтер тебіреніп сөз сөйлеп, ағаны құрметпен еске алды. Роза өзі жинақтаған құжаттарын болашақ мұражайға тапсырды [7].

Қорытынды.

XX ғасырда қазақ ұлтының маңдайына біткен асылдары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, Х.Досмұхаммедов, М.Шоқай, М.Әуезов т.б. қазақ ұлтының мүддесін қорғауда, қазақ ұлтының тілі мен тағдырына бей-жай қарамай елдік тұрғыда күресіп, бірігіп «Алашорда» үкіметін құруы бәрімізге тарихтан белгілі. Тарихта болып, өзінен бұрын ұлт үшін ерен еңбек етіп, дегенмен тасада қалып қойып, есімі көп атала бермейтін тұлғалар қаншама. Сол тұлғалар туралы деректерді тауып, оларды бүгінгі күнде жаңғырту өскелең ұрпақтың әрбірінің қасиетті парызы екенін ескерсек игі. Сондай сом тұлғалардың ішінде қазақтан шыққан тұңғыш дәрігерлердің бірі Бақтыгерей Бисеновты даралап атауға негіз бар. Бақтығали Бисенов тек ақ халатты абзал жан ғана болып қойған жоқ, ұлт болашағына, оның әрі қарай қарыштауына Патша үкіметінің қылышын қынап тұрған қаһарлы дәуірінде де жан таласқан, сол тұстағы елжандылар Алашордалықтармен қатар аталатын (Батыс Алашорда қайраткері болған) тұлға екенін біреу білсе, біреу білмес. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел үшін, туған жер үшін, туған халқының денсаулығының жақсы болуына бар күш-жігерін жұмсап, көптеген жұқпалы аурулардың бетін қайтару үшін жан тыныштығын көрмей шапқылап, ақыры бұл жалғаннан жазықсыз өте барды. Бірақ оның артынан өшпестей мәңгі ізі қалды.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Алаш қозғалысы. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008 . - 324 б.,
- 2 ЗЕРДЕ// Егемен Қазақстан, 4 тамыз, 2020. -10 б.
- 3 Рымтай Сағынбеков «Жайықта қалды бір арман»//Түркістан газеті.
- 4 Алдаберген Кемпірбаев // Орталық Қазақстан газеті. -2009.-Б. 4
5. Сүлейменова Д. Батыс Алашорда арыстар. – Орал, 2017.
- 6 Дана журналы. 2016 жыл, №8 (31)13-14бб
7. Роза Бисенованың естелігінен(Бақыш туралы бір үзік сыр).

ЖАҢАҚАЛА АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Хайруллин А.С. - М.Өтемісов атындағы
БҚУ 2 курс магистранты, Орал қаласы
Ғылыми жетекшісі: Т.Ғ.Д., доцент
Тасмағамбетов А.С.

Қазақстан тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі ХХ ғасырдың басындағы алмағайып сергелдең уақыт. Ол 1917 жылғы қазанның аяғынан, шамамен, 1918 жылғы көктемге дейін большевиктер жеңіске жеткен саяси жағдайдағы елді басқару, бірінші кезекке жаңа қоғамның экономикалық негізін құру, оның әлеуметтік саясатын анықтау мен жүзеге асыру дегенді білдірді. Мұны Қазақстанда жүзеге асыру алғашқы кезде жеңіл көрінгені мен оңай іс болмады [1, 132 б.].

1917 жылы көктемде (13 наурызда) Оралда патшаның тақтан тайғанын тойлаған қала жұртшылығының демонстрациясы болды. Осы күндері патша өкіметінің құлауын құптаған құттықтаулар Орал қаласына Темірден, Калмыковтан, Доссордан, Жылойдан, Сахарнов, Ілбішін, Сламихин станицаларынан, Жымпиты, Елек, Покровск болыстарынан, Ойыл, Қаратөбе, Қызылқоға және басқа қазақ болыстарынан келіп түсті. 1917 жылдың жазында барлық елдегідей сияқты Батыс Қазақстан өлкесінде де қос өкімет орнады [2, 42 б.].

Бірақ бұл елдің, кедей-жалшылардың патша орнынан түскендегі теңдік аламыз деген үміті жайдақ шамның отындай жалпылдап өшуге айналған еді. Бұл тұста елдегі бай-билер билік жібінің бір ұшын өз қолдарында ұстап, күшейтіп, насаттанып кетіп еді, қазақ елінде қазақ байларының өкіметін орнату бағыты белең ала бастаған.

С.Меңдешұлы сияқты қазақ зиялылары земствоны жойып Кеңес өкіметін құрудың жолын қарастыруда болды. Бұл уақытта ел адамдары большевиктер мен меньшевиктер туралы ұзынқұлақтан естіп, «большевиктер кедейшіл көрінеді» дегенді біле бастаған. Сол себепті де большевиктердің

аты естілгеннен ауыл арасына бай және кедей тобының жіктелісі күшейе түскен еді. Елдің кедейлері «сол большевиктер ауыл үстіне келсе, жауын бірге жаулап, атқа мінер едік» дейтін.

Қазан төңкерісінен кейін Ордаға кетіп, ондағы революциялық комитеттің бастығы болған Сейітқали Меңдешев 1918 жылы наурызда Жаңақалаға келіп, мұнда Кеңес үкіметінің табанын тартып, халықты жинап кеңес сайлауын өткізді. Оның төрағалығына Мұқтар Сәрсенбіұлы (мұғалім), мүшелігіне Хакім Ғабдешұлы (мұғалім), Елеусін Бұйраулық (мұғалім), Шабак Таңғатұлы, Қайырғали Жақыпбайұлы, Ғалым Жантұрсынұлы, Жақыпалы Шойтықұлы, Боқан Сетекбайұлы, кейін милицияда істеп 40-жылдарға дейін ұстаздық қызмет атқарған Ғабдолла Көрбайұлы сайланды. Жаңақаланың әскери коменданты Бозай Аманғалиұлы белгіленіп, жұмысшы-шаруа милициясы құрамына Меңдіғали Сүгірәліұлы, Шалабай Шұңқашұлы, Өтеш Сәрсенбайұлы, Мұхамбетқали Қауысұлы, Лұқпан Бектілеуұлы кірді. Сары Бисенғалиұлы, Жанәділ Арыстанұлы, Тоқыш Қиланбекұлы жедел байланысшы болып бекіді. Одан бұрын қантар ішінде Новая-Казанка селолық Кеңесі ұйымдастырылып, оның бастығына майданнан оралғандардың ішіндегі ынта жігері күшті Ахметкерей Шамсетденұлы сайланған болатын. Сөйтіп Кеңес үкіметі, мұнда қантөгіссіз бейбіт жағдайда орнады. Майданнан қайтқандардан 11 сақшы ұйымдастырылды. Бұларға бір-бірден мылтық берілді [3, 33 б].

Осы жылы көктемде уездік съез шақырылып онда учаскелік Кеңестің құрамы бекітіліп Ордадағы губерниялық съезге өкілдер жіберілді. Бірақ бейнетсіз келген бұл рахат көпке созылмады. Мамырдың 23 күні Жаңақаланы Оралдан келген ақ казактар отряды басып алды. Қаладағы 11 сақшы (милиция) оларға қарсы тұра алмады. Оралдың атты казактары келгенде қала адамдары шырт ұйқыда жатыр еді. Және казак-орыстар келеді деген қауіп болмайтын. Қаланы басып алған оралдық казактар саны 500-дей болғанымен олардың қаруы құсмылтық, бесатар, сойыл сияқты қару еді. Жаңақаланы барып басып аламыз деп аттан салған олардың шапқыншыларының арасында қара көбейту үшін атты жайдақ, жүгенсіз мінгендері де көп екен.

Бұл жолы олар адамдарды аса көп зәбірлемей, тіпті көп өзгеріс те жасамай, учаскелік кеңесті таратып, оның орнына Қорғаныс Комитетін құрып өз жайына кетті. Кеңес жұмысына белсене қатысып жүргендердің бірі Нұғыман Зәліұлы Ордаға кетті. Кеше патша орнынан түскенде қуғын көріп, енді ақтармен ауыз жаласып Қорғаныс комитеті құрамына кірген көкжалдардың арасында Нұрмағамбет Таңатарұлы, Дәулетияр Көшпенұлы, Мауба Жұмаұлы, Бақтыгерей Құлманұлы, Сүндетқали Нұрсарыұлы, қашқын Есқара бар еді. Бұлардың қимыл-әрекетінің патша кезіндегі правитель Нұрымның ісінен жөнді айырмашылығы болған жоқ. Бұл кезде Ордада Кеңес өкіметі әбден орнығып, өз ісін кең құлашпен жүргізіп жатқан еді. Ордадағы Кеңес өкіметінің халық арасында істеп жатқан игі істері туралы хабар сыңараяқтай елден елге тарап, жарлы-жақыбайдың жүрегіне жылы тиіп, кедей табының мүддесін қозғай бастады. Сонымен бірге Ордада тұңғыш

казак атты әскер полкі құрылып, ел ішінде Кеңес өкіметінің қолдауымен казак тілінде мектептер ашыла бастады. Оларда жұмыс істеу үшін 1918 жылғы күзде Жаңақаладағы ақтардың қол астынан Қайырғали Жақыпбайұлы, Хакім Әбдішұлы, Ишақат Бегәліұлы, Баймырза Қарменұлы, Шайдолла Ысмағұлұлы, Ғабдығали Сұлтанұлы тағы басқалары Ордаға қашып барып, мұғалімдерді дайындау курсына оқуға түсті [3, 35 б].

1919 ж. наурыз айынан бастап Жаңақаланы ақтардан тазарту үшін Ордадағы Кеңес өкіметі әзірлік жұмысын жүргізе бастады. Орда мен Жаңақала арасындағы қатынас үзілді-кесілді тиылып қалған еді. Қарменұлы Баймырза Ордадағы әскери комиссариаттың жұмсауымен Жаңақалаға елеусіз келіп, жай-күйді біліп кетіп жүретін. 1919 жылдың көктемінде Таловкадағы Ефим Панченко басқаратын қызылдардың отряды Жаңақаладағы 30-ға тарта Оралдың ақ казактар әскерін үркітіп жіберіп, Жаңақалаға қашып келіп, паналап жүрген бай Әубекерді өлтіріп, қалада Кеңес өкіметін қайта орнатты. Панченко 40 шамалы қарулы қызыл әскер мен 50 шамалы қарусыз адамдарды ілестіріп, қара көбейтіп келіпті. Панченко Ефим қызыл партизан ретінде дербес пенсия алып, ұзақ өмір сүріп, соғыстан кейін Казталовкада қайтыс болды. Драматургия саласындағы тұңғыш көрнекті әдебиетшілердің бірі Ишанғали Меңдіхановтың әдеби творчествосына Мұхтар Әуезовте көңіл бөлген еді.

И.Меңдіхановтың халық сүйген қадірлі азамат екенін мынадан да байқауға болады. Ол оқыс жағдайда қаза тапқаннан кейін Төртпішен ауылы Меңдіханов болысы атанып, 1925 жылы болыстар жойылғанға дейін соның атында болып келді Ишақанның атын тірілтіп, оның мұраларын жинастырып халық иелігіне жаратудың сәті енді түсіп отырған сияқты [4].

Арада көп уақыт өтпей-ақ Саратов Александров-Гай темір жол бойындағы Савенко селосы маңынан бас көтеріп, қашып шыққан Насаев деген банданың отряды келіп, Жаңақаладағы орыс-ноғай жігіттерін еріксіз өз қатарына қосып алды. Атты казак бандыларына барып қосылған олар Панченкоға қарусыз, құрқол еріп келген Тоқсобаның екі жігітін ұстап алып, қылыштап өлтірді. Ақтардың қылыштары қанға боялды. Азамат соғысында ақ казактардан қазаға ұшыраған қызылға тілектестердің бас құрбаны осы Тоқсоба жігіттері еді.

1919 жылы қыркүйектің бірі күні Жаңақалада ақтарды атыспай қуып шығып, Ордадағы тұңғыш қазақтың жауынгер атты полкінің жігіттері Жаңақаланы жаудан босатты. Казак-орыстар қашып бара жатып, қызылдардың қалаға бір бөлек кірген 10 жігітін байқаусызда тұтқындап, жаяу айдап кетті [4].

Қызыл әскерлерді бастап келген белгілі азамат Сейіткерей Нұралыханұлы еді. Ордадан әскерлермен бірге Сейтқали Меңдешұлы, Нұғыман Зәліұлы, Аманғали Ахметұлы келіп, Жаңақалада ревком құрады. Қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің жеңісі, ревкомның құрылуы елдің адамдарына үлкен жігер берді. Бір жұма ішінде қала, даладан келіп көптеген казак кедейлері қызыл әскер құрамына жазылады. Сексеннен аса жігіт өз еркімен әскер қатарына алынады. Олардың арасында Сапарәлі Дастайұлы,

Хайруш Мұқашұлы, Дәулетияр Отаралыұлы, Ақтамғали Абдоллаұлы т.б. болды. Әскерге еркімен жазылғандардың арасында №10 Сарыкөл-Самар ауылында туған Ысмағұлұлы Шайекенде болды. Ол бірінші үлгілі атты әскер полкінде үлгілі-нұсқаушы болып істеген. Оны Таловка ауданына жұмсаған мандатта былай делінген: 1919 жылғы №169 бұл мандат Орда полкасы 1-үлгілі кеңестік қырғыз атты әскер үгітші-нұсқаушысы Ысмағұлұлы жолдасқа берілді. Ол қырғыздың жауынгерлік бөлімін толықтыру мақсатымен қырғыздың жауынгерлік комиссариатынан Таловка поселкасына командировкаға жіберілді. Бірақ органдар мен жауапты басшылар Ысмағұлұлы жолдасқа оның жауапты тапсырманы орындауы үшін тиісті көмек көрсетулері қажет.

Бірінші атты әскер полкінің көптеген жауынгерлері 1919 жылы Жаңақала еңбекшілері арасында саяси-үгіт жұмысын жүргізді. Олардың арасында Баймырза Қарменұлы, Әлмұханбетұлы, Ғабден Аязбайұлы, Ишақат Бегдәліұлы, Ғабдығали Сұлтанұлы, тағы басқалары болды [5, 116 б].

Әскерге жазылғандар өңкей елдің сіңірі шыққан кедейлері еді. Олармен бірге ақ казактарға қарсы болып, атқа мініп, қару ұстап жүрген Имаш Нарынғазыұлы партизан отряды да қызыл әскерлерге келіп қосылып, олардың қатарын толықтырды.

Бұл тұста ауылда тап жігі жыртылып айырылды. Елдің кедей жағы түгелімен большевиктердің тілеуін тілеп кетті. Бай, әлді, ауқатты жақтары казак-орыс жағында болып, шамасы келсе Оралға сөз тастап, ақтарға жәрдем ету талабында болды. Ұрыс, соғыс әдісін жете үйрендегеніне қарамастан қызылдардың жас жауынгерлері бір рет оларға шабуыл жасап көрді. Сонымен Жаңақаладан қуылған ақтың әскерлері Қараөзеннің сол жағалауындағы 30-40 шақырым жердегі Мәстексай, Мухор (Казарма), Факеево (Бородино) селоларына бекінді.

С.Нұралыханұлы басқарған қызылдардың атты әскер отрядының алдында осы елді мекендерді жаудан тазарту міндеті қойылды. Оны орындауға А.Иванов, Бозай Аманғалиұлы, Баймырза Қарменұлы, Сапарәлі Достайұлы бастаған жауынгерлер тобы аттанды. Олар «Тастықұлақ» пунктіне келген кезде Факеево селосын тіке шабуылмен алуға болмайтындығы, өйткені мұнда жау бекінісінің беріктігі, адам күшінің басымдылығы белгілі болды. «Кеңарал» жағынан соққы беру жөнінде ұйғарым жасалды. 1919 жылдың қыркүйек айының ортасы, түн, ай қараңғы, сылбыр жауын жауып тұр. Жау шебін барлап қайтуға солдат Темірғали Қойшыбайұлы жіберілді. Бірақ ол шалағайлық жасап, ақтардың қолына түсті. Ақтар одан қызылдардың «Кеңаралда» екенін біліп қойды.

Сөйтіп Таңсәріде ұрыс басталды. Кескілескен шайқас үстінде қызылдар жағынан Құсайын (фамилиясы белгісіз) және Мұқашұлы деген жігіттер ерлікпен қаза тапты. Ал взвод командирі Бозай Аманғалиұлы оң қолынан жеңіл жаралы болды. Күшінің басымдығына қарамастан ақтарға ойсырата соққы берілді. Олардан ондаған адам шығынға ұшырады.

Ұрыстың барысында жаудың күшті бекінген жері «Құмжық» өткелі алынды.

Бұл тұста ақтардың негізгі күші Александров Гай станциясында Жалпақтал (қазіргі Фурманово селосы) Қараөзеннің сол жағалауындағы орыс таловкасы, Орыс Көктерегі, Савенково селоларында болатын. «Кеңаралда» талқандалған жаудың бір бөлігі осы жерлерге, екіншісі-Жайық өзені бойына, әсіресе, Калмыково селосына қарай ығысты [3, 116 б]. .

«Кеңарал» ұрысынан кейін С.Нұралыханұлы өз әскерімен Жаңақала Қамыс-Самар өңірін аралап елге рух беріп, 1919 жылдың желтоқсан айының бас кезінде 25-Чапаев дивизиясына келіп қосылды.

Үлгілі атты әскер полкінің бұл кезде Орда Гарнизонына екі-ақ эскадроны тұрған болатын. Полктің тең жартысынан астамының Чапаев дивизиясына қосылуға аттанғанын білген Нарын құмында паналап жүрген ақ казактардың атаманы Анохин бастаған отряд Ордаға тұтқиылдан шабуыл жасады. Ақ гвардияшылардың бұл тобын Нарынның атақты байлары Шәпен Омарұлы, Сұлтанияр Қалиұлы, Бектілеу, Көптілеу есімді ағайынды Алғазыұлдары бастап келген еді. Сөйтіп Ордада сұрапыл соғыс болды. Ақ гвардияшылар Астраханнан қызыл армия бөлімдері келіп көмек бергенше қазақтың үлгілі атты әскерлерінің Орда гарнизонындағы жауынгерлердің біразын қолға түсірді. 1919 жылдың желтоқсанының 14 жұлдызынан 15-іне қараған түнде қолға түскен қызылдардың 80 солдатын ақтар қылыштап өлтірді. Сапқа тұрғызып айдап келіп, қылышты мойын тұстан сермеп, жігіттерді өлімше етіп құлатып тұрған жау жеңдетінің алдына барғандардың арасында жаңақалалық Қисым Мырзағалиұлы мен Бүркіт Берешбайұлы да бар еді. Жақтан қылыш тиіп, шалажансар болып құлап, жау кеткеннен кейін жан шақырған олар, үй-үйді паналап, жарасын жазып кейін қызыл әскер полкіне келіп қосылды.

1919 жылдың желтоқсанының 16 жұлдызында ақ гвардияшылармен болған кескілескен шайқаста Орда қаласы жаудан азат етілді.

Қазақтың үлгілі атты әскер полкі 25-Чапаев дивизиясына қосылып Александров-Гай станциясын, Сламихин станциясын және тағы да басқа көптеген елді мекендерді ақтардан тазартты. Бұл полк жауынгерлері арасында біздің жаңақалалық жерлесіміз, өз еркімен атты әскер полкіне жазылған Дәулетияр Отаралыұлы болды. Ол Орал қаласын ерлікпен босатуға қатысқандардың бірі еді.

25-Чапаев дивизиясы құрамындағы қазақтың бірінші үлгілі атты әскері жаудан тазартқан жерлерде өкімет билігіне ие болды. Орда оқиғасынан бір апта кейін Жаңақалада да жергілікті өкімет басқару ісі қайта құрылған революциялық комитеттің қолына көшті.

1920 жылдың басында әкімшілік бөлінісі жағынан Жаңақала уез болып оның революциялық комитеті құрылғанда төрағалығына Ордадан жіберілген Қамыс-Самар бойының қазағы коммунист Нұғыман Зәліұлы тағайындалды.

Уездік оқу бөлімінің меңгерушісі болып Өтешқали Алмақұлы, милиция бөлімінің бастығы болып Хабиболла Досымұлы белгіленді. Кеңес партия жұмысы жанданды. Еңбекшілер арасында Кеңес өкіметінің маңызы мен мақсатын түсіндіру, қоғамдық істерді жолға қою қолға алына бастады. Партия топтары құрылып, партия қатарына кедей тобының өкілдері

қабылданды. Сол тұста Жаңақалада коммунистік партия қатарына өткендер: Өтешқали Алмақов, Хабиболла Досымов, Хабер Хабибуллин, Мұхан Есенғалиев, Ғалым Жантұрсынов, Түменбай Құдайбергенов, Жанғазы Рахметов, Фахниса Абдрашитова, Ишахат Бегалиұлы, Баймырза Қарменұлы және тағы басқалары болды. Олардың қатары революция ісіне берілген Жаңақаладағы еңбекші халық өкілдері кедейлерден, ауыл белсенділерінен толықтырылып жатты.

1920 жылдың шілдесінде учаскелік (ауылдық) Кеңес сайлауы өтті. Бұл үшін уездік атқару комитеті жергілікті жерлерге өзінің көптеген өкілдері мен мүшелерін жіберді. Олар сайлау алдында біраз жұмыстар жүргізді [6, 56 б]. Сайлау уездің барлық 16 болысында өтті. Жергілікті кеңестердің бұл ісінде кедей, орташалар белсенділік көрсете алмай, атқару комитеттерінің құрамына бұрынғы патша заманында ел билеп қалған, ауыл байларының атқа мінер белсенділерінен толықтырылып жатты.

1920 жылдың шілдесінде учаскелік (ауылдық) Кеңес сайлауы өтті. Бұл үшін уездік атқару комитеті жергілікті жерлерге өзінің көптеген өкілдері мен мүшелерін жіберді. Олар сайлау алдында біраз жұмыстар жүргізді. Сайлау уездің барлық 16 болысында өтті. Жергілікті кеңестердің бұл ісінде кедей, орташалар белсенділік көрсете алмай, атқару комитеттерінің құрамына бұрынғы патша заманында ел билеп қалған, ауыл байларының атқа мінер белсенділері көбірек өтті. Кеңес құрамында кедейлердің, орташалардың саны өте аз болды. Сондықтан биліктің бір пұшпағына қолы жеткен әлділерінің өкілдері 1923 жылғы «бұрынғы патша заманында әкімшілік билігіне араласып келген қанаушы тап өкілдерінің сайлау және сайлау құқын жоятын сайлау ережесі» шыққанға дейін Кеңестердің құрамында болып келеді.

1922 жылдың шілдесінде бұрынғы Нарын уезі әкімшілік территориялық жағынан екіге бөлінді.

Нарынның арғы беті Орда уезіне бағындырылды да, бергі беті Шалқар, Таубұйрат, Жиделі, Толыбай, Теректі және Бекетай ауылдары, Жаңақала уезінің әкімшілік территориясына енгізілді.

Жаңақала кеңестерінің уездік съезі шақырылды. Оған себеп болған жағдай бір жағынан, әкімшілік территориясының қайта бөлінуі болса, екіншіден уездік атқару комитетінің төрағасы болып келген Нұғыман Зәліұлы Қазақ КСР-і оқу халық комиссарының орынбасарлығы қызметіне ауысуы себеп болды.

Сонымен уездік съезд Нұғыман Зәліұлын босатып, оның орнына Өтешқали Алмақұлын сайлады. Уездік атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына Ғабит Омарғалиев сайланды [6, 57 б]. .

1925 жылдың басында Бөкей Орал губерниясына қосылып, Орал губерниясы болды. Содан бастап бұрынғы уездер: Орда, Жаңақала, Жәнібек, Казталовка, Теңіз-енді ауданға айналды.

1930 жылдың күзінде Сламихин ауданы ажыратылып оның бір бөлігі Жаңақала ауданына екінші бөлігі Казталовка ауданына қарады. Сөйтіп, оның

есебінен Жаңақала, Казталовка аудандары іріленді. Жаңақаланың аудан болып қалыптасуы осы кезден деп тарихқа енді.

Осыдан кең арналы бастау алған Жаңақала еңбекшілері өз ауданының құрылғанына 60 жыл толу мерекесін 1990 жылдың маусым айында салтанатты түрде атап өтті.

Жергілікті кеңестердің алдында тұрған басты міндет елді сол бандылардан қорғау, елдің тыныштығын қамтамасыз ету болды. Сөйтіп олар 1920-1921 жылдары Жаңақала территориясында ақ казактар Насаевтің, Сапожковтың, Серовтың, Киселевтің және ауданның өз ішінен шыққан Сәрсен Дәрменовтың бүліктерін басу жолында көп жұмыстар істеді.

Уездік кеңестің аудандық комитеті өз жұмысын халықты қараңғылықтан шығаруға бағыттай отырып көп іс тындырды. Новая-Казанка селосында бірінші басқышты екі кластық (қазіргі орталау мектеп) мектеп ашты. Кейін татар бастауыш мектебін және орыс тұрғындарының өтінішімен жеті жылдық мектебін ұйымдастырып, олардың қалыпты жұмыс жасауына қамқоршы болды.

Уездік комитет жанынан құрылған сауаттандыру жөніндегі төтенше комиссия көп жұмыс істеді. Ол жасөспірімдермен бірге ересектерді оқытуға сауаты мол, оқыту қабілеті жеткілікті, ұстаған бағыты дұрыс адамдарды іріктеп ауылдарға жіберді.

Уездік кеңес өз жұмысында право қорғау органын құру, оның құрамын жергілікті адамдар есебінен толықтырумен үнемі шұғылданып отырды. Осыған орай ауданның ішкі істер бөлімі ыждағатты, білімді жергілікті адамдармен толықты. Ұзақ жылдар бойы ішкі істер бөлімінде жұмыс істеген Шәпен Бұлқашев, Жұпмағамбет Исағалиев, Мұқтар Сәрсенбиев, Бозай Аманғалиев, Сүлеймен Жакин, Лұқпан Бектілеуов, Ниетбай Дәрібаев, Ғабит Омарғалиев т.б. сияқты Жаңақаланың түлектері-аға ұрпақ өкілдерінің жұмысы, олардың революция ісі үшін табандылықпен атқарған істері кейінгі ұрпақтың күні бүгінге дейін есінде.

Жаңа экономикалық саясат (НЭП) негізінде саудаға еркіндік берілді. Мұның өзі ауылдағы байлардың шаруасының біраз жандануына, орта шаруалардың, кедейлердің шаруашылығының әжептәуір әлденуіне, ал ұсақ қолөнершілердің өз өнімдерінің түрін көбейтіп, оны базарға шығарып сатуға кеңінен жол ашты.

Мұның өзі соғыс зардабынан шұғыл арада құтылу молшылық көзін жасау үшін істелді. Осындай еркіндік бола тұрғанмен байлығы шамадан тыс тасып бара жатқандарды тежеу мемлекеттің өз қолында болатын.

Ал, Жаңақалада ауданның Таубұйрат, Жиделі, Шалқар, Ұмтыл, Бекетай, Қияқты, Толыбай, Теректі ауылдарының көптеген шаруалары Астрахань балық кәсіпшілігіне жылына екі мәрте барып, балық аулауды дағдыға айналдырып, тапқан табысымен үй шаруашылығының күнделікті қажетін өтеп отырды.

20-жылдың аяғына таман оба ауруынан қорыққан бірқатар ауыл адамдарына түгелімен қоныс аударуға тура келді. 27-ші ауыл түгелімен көшіріліп оны мекендеген халық Каменка, Бөрлі аудандарынан қоныс тепті.

Ал, 12-ші түгелімен қазіргі Чапаев ауданынан көшірілді. Бірақ оның халқы жерсінбей, барған жерінен қайта көшіп, ата-қонысымен қайта табысты. 21-ші ауылдан біраз әулет қазіргі Айдархан ауылының Кіші Айдархан атанған жеріне келіп қоныстанып, кейін «Новый путь» колхозын құрды. 24-ші Бекетай ауылының біраз адамы көшіп келіп Қисық Қамыстың Қырқопа деген жерін мекендеді. Кейін, олар «Бірлік» колхозына қосылды.

Бұл жылдары ауданда тұтынушылар одағы, дайындау конторы, аудандық Кеңестің әкімшілігіне енетін мекемелер қалыптасты.

Жалпы, Жаңақала ауданы танымал, батыс Қазақстан облысы, ірі мал шаруашылығымен айналысатын аудан [7]. Аудан тарихында мал шаруашылығы саласындағы ірі өзгерістер осы Кеңес өкіметі орнағаннан кейін басталды. Бірақ бұл мәселе басқа деректер негізінде тереңірек баяндауды қажет етеді. Ендеше, әрі қарайғы Жаңақала ауданының тарихы келесі алдағы кезекке қалдырылды.

Әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4- том.- Алматы: «Атамұра», 2010. 752 б., суретті, карталы.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 бет + 48 бет суретті жапсырма.
3. Қамыс-Самар-Жаңақала. Өткені мен бүгіні (I том). – Арыс, 2016 ж.
4. Бөкейдегі тұңғыш қазақ үкіметі // <http://gonzo.kz/blog/2642> (қаралған уақыты: 11.02.2022)
5. Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2018. -720 б.
6. Известия Областного Комитета РКП (б), ноябрь-декабрь, 1922 г. №24//ҚР Президентінің архиві Қор-139, тізбе-1, байлам-139, іс-53 (56-57 бб)
7. Жаңақала ауданы // <https://rel.kz/zha-a-ala-audany/> (қаралған уақыты: 17.03.2022)

ӘОЖ 94 (574)

АҚЫН, ҚАЙРАТКЕР ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ЖӘНЕ ҚОҒАМ МӘСЕЛЕСІ

А. Мухамбетов - М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал қаласы

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. А.С. Байбулсинова

Өз ұлтының сонау қиын-қыстау кезеңдерінен бастап, иығына ауыр да, ардақты жүк артқанын Қадыр Мырзалиев жете түсініп, қай қызметте болсын

қазақтың қадірін арттыру жолында өмір бойы қызмет етті. Айналасындағы қаумалаған ортаның тәрбиешісі бола білді. Қазақ қандай болу керек деген проблемаларын шешуге өз інің барлық ғұмырын арнады. Орта мектепті тәмамдап Қадыр: нағыз өнер, шын өнер -шығар шыңым, өмір көлге өлеңім-құяр шыным- деп Алматыға жол тартып, университеттің студенті атанған алғашқы кезінде Мұхтар Әуезовты кездестіреді. Мұхтар Әуезов оған «Атыңды Қадыр деп қоюының мәні бар ғой, онда сен Қадыр түні, қасиетті түнде дүниеге келгенің ғой сірә, жақсы есім, жақсы нышан атыңа ісің сай болғай»- деп ишарат білдірген екен [1, 42 б.].

1920-1930 жылдардан бастап 1960 жылдарға дейін Қазақстан үшін үлкен проблема болған адамдардың бірі –Мұхтар Әуезов болған. Ол үнемі бір жақты сынның астында өмір сүрген. Мұхтар Әуезов елдің мемлекеттік қоғамдық істеріне араласа жүріп, ұлтына адал қызмет қылған ұлтжанды тұлғалардың бірі ретінде Қадыр Мырзалиевке өзіндік үлгі болды. Кейін Сәбит Мұқановпен танысады [2, 16 б.]. 1960 жылы М.Әуезов Қадырдың бір шумақ өлеңін оқып тұрып, «Қадыр Мырзалиевтың өлеңдері маған ұнады, жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетін сияқты болады» -деген ұлағатты сөздері қалған екен [1, 43 б.].

Қадыр Мырзалиев үнемі халық арасында жүріп, халықпен үндес тұлғалардың бірі. Ол талай жыл түрлі басылымдарда жұмыстар атқарды. Көптеген авторлар мен олардың шығармаларына редакторлық еткен қаламгер өз идеялары мен ойларынан айырылып қала ма, әлде керісінше, түрлі мәліметтер арқылы байи түсе ме? Ия ол қызмет пен шығармашылық... Ол сол заманның ағымына қарсы жүре отырып, өзіне де, басқаға да жамандыққа жол бергізбей, барынша қорғап отыруға тырысты. Қадыр Мырзалиевтің балаларға арналған туындыларына басқа барлық шығармаларында сол заманның идеялогиясының көлеңкесінде, бірақ естір құлаққа түсінікті болып тұратын жайттарды, қоғамның бейнесін шынайы көруге болады.

« – Сен жассың ғой, сенің артыңда өзіңнің буының тұр. Сенің артыңда біздің болашақ бар. Мен ғана емес, басқалар да солай ойлайтын шығар, саған бір нәрсені айтайын: билік пен кресло, байлық деген нәрселер өнерге қайшы келеді. Оны бұзады. Қазақ әдебиетінде керемет ақындар, жазушылар болды. Мысалы, Сәбит Мұқанов жаман жазушы емес. Ол кісілер ақылдылығымен жұмыс істеді. Бірақ одан артыққа бара алмайды. Өйткені үкімет оған креслоны жай берген жоқ. Өзінің, совет үкіметінің тенденциясын жүргізіп отыру үшін берді. Ғабит те істеді сол жерде, Ғабиден де істеді. Ал Әуезов істеген жоқ. Ол партияда жоқ еді. Өз субъективті ойым, егер Әуезов партия мүшесі болса, «Абай» романын жаза алмауы да мүмкін еді. Ол ретін тауып диссертациясын қорғап алған, доктор, профессор болатын. КазГУ-де сабақ берді. Соның арқасында күн көруіне мүмкіндік туды. Ал егер қарапайым біреу болса далада қалады ғой. Егер сол коммунистік партиясының мүшесі болса қайтер еді? Онда ананы тағы да жаза алмайды. Бұл әдебиеттің өзі – сайып келгенде, тағдыр» [3, 61-62 бб.]-деп жазды шығармасында. Ия, шын мәнісінде кеңестік кезеңнің азаматы ретінде Қадыр Мырзалиевке

үкіметтік тараптан сан қырлы тексерістер мен шектеулер қойылса да, ұлтқа қызмет етуден жалықпаған қайраткер өмірінің соңына дейін сол қарапайымдылығы мен, ең маңыздысы қазақшылығын жоғатпады.

Сол қызыл империяның заманында жағаласа жүріп, өз шығармаларындағы көрсетілгендей, өзінің қоғамдық салалардағы қызметтерінде ел үшін, қазақ ұлты үшін сіңірген еңбектері күні бүгін өлшеусіз қызмет. Қадыр Мырзалиевтің өзі мұндай жағдайларды баяндай келе, «Жазмыш» шағырмасында былай дейді:

«Мысалы, Фадеевті ешбір адам жаман жазушы деп айтпайды. Бірақ ол қанша роман бастап, қаншасын аяқтамады. Ойы жақсы болғанмен аяқтай алмайды. Өйткені ол не фальш, өтірікпен аяқталу керек я шындықты жазып Совет Одағына қарсы шығу керек. Сондықтан ол аяқтамады. Тек бір бітіргені революцияның алғашқы кездеріндегі «Разгром» («Тас-талқан») деген шағын романы. Оның классикасы сол. Сөйтсе, ол өз қоғамымен қайшы келген екен. Сол кезде жүріп жатқан саясатты, соның ішінде әдебиет саласын қайта қарау керектігін айтып Сталинге де хат жазған. Біраз адамның өліміне жеке қатысы болмаса да сотталған адамдарға қарсы қол қою керек болған. Сол арқылы оның дұшпандығын анықтайды. Жалпы Ресейді, барлық ұлттарды жақсы көрген табиғаты адал ондай жанға бұл өте ауыр болды. Әдебиеттің тарихына сақ болу керек. Паустовскийдің естеліктер кітабында айтқаны бар, Фадеев Әдебиет институтында сабақ береді. Онысы қызық, лекция оқылмайды, тек семинар. Алты-жеті не он шақты адамы болады. Тапсырма беріледі. Олар әңгіме жазады. Сосын оны талдайды. Сондай бір сабақ үстінде шәкірттеріне ашық тұрған терезеден аулада үлкен сыпырғышпен көше тазалап жүрген адамды нұсқап, «Ананы танысыңдар ма?» деп сұрайды. Ешкім білмейді. «Бұл орыстың ұлы жазушысы Андрей Платонов», - дейді. Ол кезде оны тіпті сол студенттердің өзі білмейді... Сол Фадеевті қазір оқулықтан алып тастады. Ал Платонов кірді. Көрдің бе? Ол кезде Булгаковтар ауырып, төсек тартып жатты, әйтеуір сотталған жоқ. Әдебиетте саған көзіңнің тірісінде қоғамның берген бағасы – анық баға емес. Теңіздің де толқып-толқып тынышталатын кезі болады, мына Каспийдің өзіне таныс қой, сол сияқты қоғамдық толқулардан кейін барып анықталады. Абайдың өзіне тиіскендер де болды, феодал деп. Мәселе онда емес қой. Орыстың да, Еуропаның да ең мықты адамдары, ақсүйектердің өзі түгел халықтың жағында болған. Оны ертең мұғалім боласың ба, өзің әдебиетші болып ары қарай жалғастырасың ба, сонда ескеретін бір нәрсе – бүгіннің бағасы анық баға емес. Оған иманыңдай сен. Мысалы, мен туралы жұрт жақсы пікір айтады. Мен пенде ретінде соған сенем. Бірақ осы бағамды басқа бағытқа қарсы жұмсағандығым үшін алдым. Көп мақтап жатқанда мен өз заманыма өз бағамды беруге тырыстым» [4, 62 б.].

Қадыр Мырзалиев сондай ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап 90 жылдарға дейін қай салада қызмет жасасада қаламын кептірмей шығармаларын жазумен болды. Сол қоғамдық қызметте жүрген жылдары жарық көрген еңбектерінде көбіне қалам мен заман жайлы айтып отырады. Бір сұхбатында «Менде черновик болмайды. Өйткені қарындашпен жазамын.

Ұнамаған жерін қайта жөндеймін», - деген сөзі бар [2, 35 б.]. Ал бірқатар қаламгерлер жазған-сызғандарын заманына қарай бейімдеп түзеп, күзеп отыратыны байқалады?

«Мен Ленин туралы поэма жаздым. Оны кейінгі кітаптарыма, көптомдықтарыма енгізген жоқпын. Лениннің заманы өтті дегеннен емес. Мен соны бала кезде жазғандығымнан, объектіме толық баға бере алмағандығымнан. Бірақ мен сол поэмадан бас тартпаймын. Ленинді Ресейдің өзі бекер жоққа шығарады. Неге жек көреді? Себебі, Ресей үлкен ел, әрі өздеріне ғана тән армандары бар еді. Ал Ленин патша үкіметін құртқан адам. Оның артында қаншама адамдар, қаншама тағдырлар бар. Сондықтан...

Мен не болса да өзімнің деңгейімде, заманыма лайық нәрселер жазуға тырыстым. Өз бағанды көтеру үшін біреудің бағасын түсіріп керегі жоқ. 50-60 жыл бойы біздің жазушылардың көбі қоғамға, қоғамды басқарып отырған партияға жағуды ойлады. Мальцев деген орыс жазушысы болды, төрт рет Сталиндік сыйлық алған адам. Мен сонымен Бүкілодақтық Жазушылар съезінде қатар отырдым. Ешқандай бағасы жоқ. Тіпті әдебиетші ретінде ол жоқ қазір. Ал сол кезде шығармасын бастыра алмай жүрген Платонов қазір классик» [5, 167 б.] - деп кеңестік замандағы әділетсіз идеологияның қазіргі кезеңде мүлде кереғар саясат екендігін ашық әшкерелегенін байқаймыз.

Бүгінгі күнге оралсақ, 2008 жылдың басында «Қазақ әдебиеті» газетінде еліміздің бір топ қайраткерлері бірігіп «Саралайтын кезең келді» деген үндеу-хат жариялады. Үндеудің жаршыларының ішінде елімізге танымал Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырзалиев сияқты басқада бірқатар ақын-жазушылар, зиялы қауым бар. Сол ашық хаттың қоғамда, әдеби, мәдени ортада әсері, ықпалы болды ма деген сұраққа 2008 жылы журналистерге берген сұхбатында Қадыр Мырзалиев төмендегідей ойларын бірдіреді:

«— Шын мәнінде, нақтылы келетін болсақ, ол ықпалдың қаншалықты екендігін ешкім де анықтай алмайды. Мәселе сол хаттың жазылғандығында, соған белгілі бір адамдардың қол қойғандығында және белгілі бір адамдардың қол қоймағандығында. Осы. Арғы жағын уақыт өзі анықтайды» [6, 1 б].

Бір сұхбатында «Мен бала кезімнен тәрбиені адамдардың қасқабағынан үйрендім» деді. Сондай-ақ ақын «Бір өлең-бір әлем» мүшәйрасынан бас жүлде алған «Не істеуге болады?» атты өлеңінде:

Ханыңа жақсаң қаралар қарап күдікпен,

Теріс мінгізіп жіберер сені есекке! - дейді [2, 36 б.]. Енді бір жолында тіпті «Тоқалға жақсаң быт-шыт болады бәйбішең!» дейді. Мұндай заманда сонда ақынның ойынша шынында да не істеу керек? Бұған өзінің еңбектерінде өзі жауап береді:

«Демократиялық кезде біз осындай өлең жазуға ғана қол жеткіздік. Соның өзі де жеңіс деп есептеймін. Бір кездері оны да айтқызып жоқ. Мен 5-6 жыл «Жазушы» баспасының поэзия редакциясын басқардым. Біздің кезімізде цензура күшті болды. Мен Социалистік Республикалар Одағы тұсында қорғаған бір-ақ нәрсем бар. Сол цензураны қорғадым. Қалғандары адамға тән кемшілік, адамға тән қасиет, сондай нәрселер ғана. Оппозиция

деген бар. Бұрын «Анау дұрыс айтқан жоқ» дейтін материалдар басылмайтын. Қазір ашық айтылады. Тек бір ғана нәрсеге риза емеспін. Сол оппозицияны ауырсынамыз. Оппозиция деген – мәдениеттің ең жоғарғы түрі. Егер баяғыдай бір партиялық болса, оның кемшілігін ешкім айтпаса, сонда ол қалай түзеледі? Менің жазып жүрген афоризмдерім бар, кітап болып та шықты. Сонда «Оппозиция – әйеліңнен басталады» дегенім бар. Ол сенің жанашырың. «Бабалардың шоқ басқан табанымен, Бірдей екен жақсысы жаманымен,- деп елді тарихи тұрғыдан таразылап көруге тырыстық.

– Безбен деген – субъективті нәрсе, әсіресе, ақын адам, өнер адамы үшін. Бәрібір мен жазған сол өлең біразға дейін өз күшінде қалады. Сонда айтылған нәрселердің көбі әлі бар. Бірақ онда мен соған бір анықтама берейін, баға берейін дегем жоқ. Менде бір-ақ ниет болды. Өлеңнің артында айтылады ғой:

«Бір жаманы сонда да үй салмаған,

Бір жақсысы абақты тұрғызбаған»,- деген [3, 59 б.]. Қазақтарда сол абақты болмағандығын айту үшін үй салмағандығын қоса жаздым. Алдыңғы салыстырулардың бәрі де тек ана сөзді ақтау үшін айтылды. Өйткені ол кезде оларды бастыру өте қиын болатын. Сол өлеңді жазған кезде Ақтөбеде қазақ әдебиеті мен өнерінің күндерін өткізіп жүрдік. Бізді басқарып барған Ғабит Мүсірепов болатын. Ол соңғы жылдары біз біраз туыстас ретінде араласып, көптеген істерді қатар атқардық» [3, 60б].

1960 жылдары Қадыр Мырзалиев редакцияда қызмет жасаған кезінде «Ой орманы» кітабын жариялайды. 1966 жылы бұл кітап үшін кезінде Қадыр Мырзалиевке Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы беріледі. «Ой орманы»-автордың азаматтық келбетін танытқан кітап. Мұнда Қадырдың ешкімге ұқсамайтын айрықша өз бітімі мен мінезі бар. Ақындық бітім, ақындық мінез мағынасында айтып отырмыз [7, 209 б.].

Қадырдың қызметті жүрген жылдарында кездескен түрлі қиындықтар мен қоғамның әділетсіздігі, шарасыздық тағы бақа да проблемалар оның осы туындысында көрініс тапты. Кітаптағы өлеңдердің тақырыбы мен мазмұны-адам, адамға тән алуан түрлі сезімдер, ойлар, толғаныстар, адамның өмірге көзқарасы, адамның табиғатқа қарым-қатысы, сайып келгенде, адамның тағдыры мен тіршілігі. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып-мазмұн ретінде жаңалық емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандайы болмасын Қадыр Мырзалиевтың еңбектерінде жаңа қырынан, бұрын-соңды ешкім айтпаған мағынада, тың пішінде көрінеді. Мәселен, бір өлеңде «биікке шықпағандардың биіктен құламайтыны» оқыс айшықпен ойнақы кестеленіп, бір өлеңде «қателесем деп қорқудың өзі-қателік» екені ұтымды жеткізілсе, енді бір өлең даңқ туралы; даңқ деген де бір шың секілді, шың басына шыға алмай, «етекте қалғандардың іші күйсе, басына шыққандардың басы айналатынын» майда, жұмсақ юмормен аңғартады. Осылардың бәрі әшейін ауызекі айтыла салмайды, әсем өрнекпен, ақындық шабытпен шебер айтылуының үстіне, әр оқушының өзі ойлап, іздеп тауып алғандай құпия сырмен, қызық астармен айтылады. Ақынның

қоғамдағы қызметінің күрделілігі, қиыншылығы, дәрменсіздігі ойлылығы дегеннің өзі осыдан көрініп тұр.

Әрбір шын мәніндегі суреткер секілді Қадырдың да кешегі жыры-Адам туралы болатын, бүгінгі жыры да-Адам туралы, ертеңгі жыры да – Адам туралы болмақ.

Ал адам, оның тағдыры тіршілігі әдеби шығармада әрқашан белгілі бір уақыт пен кеңістікте көрсетілуі шарт. Демек, Қадырдың Адамы да мезгіл-мекенсіз әлдебір абстракциялық нәрсе емес. Сондықтан Мырзалиев поэзиясына үзілмейтін өзекті желі боп тартылып, жан-жақты ашыла суреттеліп, жиңақтала тұлғаланып келе жатқан бір күрделі образ бар. Ол қазақ даласының образы. Осынау шетсіз-шексіз кең далаға, өзінің туған даласына Қадыр «Ой орманында» бір бөлім арнап айрықша бір мол шабытпен көкірегін кере, мақтана сөйлеп; «Уа, дала! Кеңдігіңе тамсандым көп, айта алман бәрін жазып тауса алдым деп. Сен алып-алып пластинка дөңгеленген, инең бол тұрады ылғи ән салғым кеп!»-десе, соның іс жүзіндегі дерегі секілді келесі кітабын түп-түгел далаға арнап, түп-тура «Дала дидары» деп атады.

Қадыр Мырзалиев 1968 -1973 жылдар аралығында «Жазушы» баспа орталығының редакция меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Ол кезде бұл баспа орталығы еліміздегі аса құрметті орындардың бірі болатын. Осы қызметте жүрген жылдарында Қадыр ақын көптеген ақын-жазушылар мен сырлас болып, көптеген маңызды мәселелерді бірлесіп шешеді [8, 63 б.].

«Дала дидарында» тек сырт қарағанның өзінде көзге бірден шалынатын бір түрлі бір композициялық бірлік, тың келісім бар. Кітаптағы төрт бөлім өзара тұтасқан төрт алуан сыр мен шындықты желілі, арнаулы түрде тарата жырлап жатса, осылардың ара-арасында ақын үш мәрте арнайы лирикалық шегініс жасп, оқырманын өзгеше бір толғаныстарға түсіріп, оның сезімін тербейді. Сөйтіп, ақын мен оқырманның көңіл күйлері өзара тағы бір тың үйлесім, үндестік тапқандай болады [8, 140 б.].

Ал мазмұн жағынан келсек, мұндағы жүз өлең бір идеялық мақсатқа жарыса жол тартқан тағы да тұтас толғамды сыр, толқынды жыр. Мысалы, «Көне заман көріністері» атанған бірінші бөлім бір ғана басты тақырыптың кезеңді құбылыстарын жан-жақты әрі қаз-қатар тарихи мәтінде толғайды: «Жар-Жар», «Күрес», «Барымта», «Көкпар», «Қыз қуу»...осылардың әрқайсысында байырғы көне ауылдың әр алуан шындығы әр қырынан көрініп кеп біртұтас бейне-дала дидарын алдымызға тартады. Сонда бір өлең осы даланың күлкісі мен қуанышы болса, енді бір өлең қайғысы мен көз жасы, бір өлең әні мен назы болса, енді бір өлең мұны мен зары, бір өлең күші мен ірілігі болса, бір өлең әлсіздігі мен күйкілігі...секілді өзара өріліп-тұтасып, өріліп-тұтасып кете барады. Жоқ, кете бармайды, ақын өзі суреттеп отырған шындық құбыластардан қызық-қызық ойлар, философиялық байыптаулар, парасатты түйін-тұжырымдар қорытып отырады [9, 5-12 бб.].

Мәселен, «Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей екен жақсысы жаманымен: бір жаманы-тынымсыз көше берген, бір жақсысы қимаған даланы кең. Бір жаманы-жел сөзге ерген екен, бір жақсысы-тілге ерік берген

екен: бір жаманы-кетпенге орашолақ, бір жақсысы-найзагер, мерген екен. Бір жаманы-кешігіп әліппе ашқан, бір жақсысы-күйлері көбік шашқан; бір жаманы-қыздарын малға сатып, бір жақсысы сүйгенін алып қашқан. Бір жаманы-шаруасын мандытпаған, бір жақсысы-қулықпен жанды ұтпаған; бір жаманы-үйленіп жеңгесіне, бір жақсысы-жесірін қаңғытпаған. Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған, бірде тоңып суықта, бір мұздаған; бір жаманы-сонда да үй салмаған, бір жақсысы-абақты тұрғызбаған!...» Міне, бұл-бір жағынан, осыған дейін әр қырынан суреттеліп дала шындығын енді бірде ойша байыптаудан туған жиынтық-синтез болса, екінші жағынан, байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен бүтін бір халықтың бір алуан мінез-кұлқы екені даусыз [9, 105-106 бб.].

Қ.Мырзалиев – қазақ қоғамында әр шаңырақтың, әрбір жанның ол мейлі саяси тұлға болсын, қарапайым ауыл адамы болса да жүрегіне ой салатын, ұлттық намысын оятып, мінбелерде сөйлеген сөзінде артына барлығын бірдей ертіп, ұлтшылдықтың, елжандылықтың үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі болды.

Қ.Мырзалиев қазақ халқының поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, жылдан-жылға оқырмандары көбеймесе, азаймайтын ақындарымыздың бірі. З.Қабдолов пікірімен айтсақ: «...Әр өлеңде және жинақтағы бар өлеңде автор мөп-мөлдір шындықты тап-таза ағысқа, ақындық ағысқа айналдырып, соншалық бір кең тыныспен еркін, ешқандай қитықсыз, есіле, көсіле жырлаған. Әр өлең кәдімгі қиыннан-қиысу жағынан жасандылықтан аулақ, соншалық табиғи, тіпті оп-оңай құйыла салған секілді» [10, 209 б.].

Қ.Мәшһүр-Жүсіп «Қадыр Мырзалиев шеберлігі» мақаласында «Қазақ ақындары ішінде Қадыр Мырзалиев әр жинақ сайын өзін-өзі қайталамауымен, әр кітабын белгілі бір тақырыпқа құрып, біріндегі ойды екіншісінде алға апаруымен, сөйтіп, күрделі өмірді неғұрлым жан-жақты бейнелеуімен ерекшеленеді» [10, 211 б.].

Қадыр Мырзалиев қазақ елінің ұлтжандылығы мәселесімен ғана айналысып қоймай, елдің экономикасы мен экологиясы мәселесінде де өзіндік қолтаңба қалдырған тұлға. Үзіндіде биік тау деген сөз жоқ, бірақ жай судың емес, өзен суының ақ көбіктеніп, құлауына қарағанда, сонымен бірге ат-көліктің өте алмауынан таудың биік екендігін аңғарамыз. «Топ еткенде апорты Алма ағаштан, Біреу қағып түскендей естіледі» [11, 19 б.].

Әдебиеттер тізімі.

1. Ақбай Ж. Қадыр. -Орал: Полиграфсервис, 2011. -164 б.
2. Мырза Али Қадыр. Иірім. –Алматы: Атамұра, 2004.-360 б.
3. Мырза Али Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы, Қазығұрт, 2001. Т-1: күміс қоңырау: өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. -480 б.
4. Мырза Али Қадыр. Жазмыш. –Алматы: Атамұра, 2004.-480 б.

5. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. –Алматы, 1997. - 287 б.
6. <http://archive.turkystan.kz/page>
7. Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. Құрастырғандар Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы:Алматыкітап, ЖШС, 2006. -376 б.
8. Мырза Али Қадыр. Көкейкесті. Өлеңдер мен толғаулар. –Алматы, Атамұра, 2003.-280 б.
9. Мырза Али Қадыр. Егіз жолдар. –Алматы: Жазушы, 2008.-320 б.
10. Мырза Али Қадыр. Көкейкесті. Өлеңдер мен толғаулар. –Алматы: Атамұра, 2003.-280 б.
11. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы.- Алматы: Қазақ университеті, 2003.- 284 б.

ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О ГИДРОНИМЕ ШАЛКАР

А.Г. Мясников - учитель истории школа-лицей №35, г.Уральск

К. Доля - ученица 10 класса школа-лицей №35, г.Уральск

Озеро Челкар – расположено на территории Теректинского района Западно-Казахстанской области, в 75 км к юго-востоку от города Уральска. Это самый глубокий, крупный водоем в Западно-Казахстанской области. Принадлежит бассейну реки Урал. Длина озера составляет около 18 км, ширина — 14 км. Котловина овальной формы немного вытянута с севера на юг. Средняя глубина водоема — 5 м, максимальное расстояние до дна — 18 м. Поверхность озера находится на отметке 17 м по отношению к уровню Мирового океан [1]. Впадина ярко выражена. Северные, юго-западные берега равнинные, остальные места обрывистые, высота 3-10 м. В озеро впадают две маловодные реки Шолак анкаты и Есен анкаты (Большая и Малая Анкаты), вытекает одна река Солянка (пересыхающий приток Урала). Весной уровень воды поднимается, осенью стихает. Весной минералы 3-4 г/л а к зиме они достигают 6-8 г/л. В последние годы его уровень снижается, много воды ушло после землетрясения. Самое сильное из них произошло 26 апреля 2008 года магнитудой 5,3 и интенсивностью в эпицентре 7 баллов. Землетрясение, вероятнее всего, имеет тектоническую природу [1].

На озере обитают лебеди, гуси, утки, фламинго, чайки, бакланы. Местные жители называют Шалкар "Малым морем". На карте Западно-Казахстанской области озеро отмечается как Малый Шалкар (карта) [2].

Относительно значения названия озера мы обнаружили следующие сведения: «Шалкар — название множества населённых пунктов и водоёмов в Казахстане. В переводе с казахского языка означает: «широкий,

просторный, необъятный». В советское время была распространена транскрипция на русский язык «Челкар» [3]. Казахское название стали использовать с 2000 года.

К тюркским географическим названиям пристальное внимание обращали тюркологи. В частности, Березин И.Н. в своих работах давал этимологию целому ряду тюркских топонимов. Ильминский Н.И. собирал казахские географические названия. Радлов В.В. и Катанов Н.Ф. в своих исследованиях собирали тюркскую ономастику. Мелиоранский П.М. в своей работе «Краткая грамматика казахско-киргизского языка» приводит много названий географических объектов и пердаёт их народное значение. В том числе озера Шалкар: «Шал-кар көл» [4, с.51].

Этот природный водоем является очень древней, по поводу времени его появления до сегодняшнего дня ведутся споры. Считается, озеро является остаточной делимой частью Каспийского моря. Миллион лет назад Каспийское море доходило до горы Ыскырык (свистун гора). Если быть точнее, то Каспийское море – это название современного моря, на берегу которого расположен казахстанский город Актау. Море, которое было на месте всей Прикаспийской низменности, называлось Хвалынское. Это древнее море стянулось, постепенно вода ушла. В некоторых местах остались соленые озера. Одним из них является озеро Шалкар. Доказательством считается панцирь морской черепахи, найденный на дне моря. находка хранится в Западно-Казахстанском областном музее. Меловые отложения (Меловые горки), которые есть около г.Уральска являются остаточными явлениями моря.

Исследователь Н.Северцев пытался восстановить очертания бывшего Хвалынского моря, в работе он называет «Арало-Каспийское море», тем самым подчеркивая, что в древности, это было единое море. Вот отрывок из его работы: «восстановить очертания бывшего Арало-Каспийского моря в разные периоды его постепенного осушения до настоящих отдельных водоёмов Каспийского, Аральского, Балхашского, Алакульского и еще многих солёных озёр степи, как, например, Чалкар-тенгиз. Такое восстановление очертаний прежнего моря весьма существенно для объяснения, найденных мной впоследствии на Тянь-Шане следов ледникового периода» [5]. Кроме того, по мнению ученого, остатками этого моря являются озеро Балхаш, Алакуль, Чалкар-тенгиз. В данном случае, здесь речь идёт о другом Чалкаре. На территории бывшего Иргизского уезда Тургайской области, ныне Костанайской области. «Соединившись с рекой Тургаем, впадает на урочище Тауп (у могилы Бай-сакал) в озеро Челкар-денгиз, лежащее на абсолютной высоте 23,4 сажени и не имеющее стока». Однако, намеченные границы Арало-Каспийского моря – до озера Балхаш на востоке и до озера Челкар-тенгиз на севере и Каспийского моря на западе не признаны современной наукой. Вместе с тем именно ему принадлежит заслуга определения древних границ между Каспийским и Аральскими морями. Он также установил роль вулканических явлений в разделении этих морей [5].

В средневековье на берегах озера Шалкар обитали племена огузы, печенеги, кыпчаки и другие тюркские племена. Свидетельством тому, сочинение Ахмед Ибн-Фадлана - арабского купца-ученого. В 921-922 годах он совершил путешествие в Волжскую Булгарию и описал в своем дневнике земли, через которые он проезжал. Путь через Прикаспийскую низменность и по Заволжью Ибн Фадлан описал скупо, в основном перечислял речные переправы после спуска с чинка Устюрта. Посольство пересекло р. Яганды (Шаган), стекающую с южного отрога Мугоджар, и переправилось через Джам (Эмба) в дорожных мешках, переоборудованных в кожаные челны, в которых помещались шесть человек. Лошадей и верблюдов перегоняли вплавь. Затем форсировали Джахыш (Сагиз), Узил (Уил), ряд других рек и остановились у озера Шалкар. Об обитании племен огузов и печенег на территории вокруг озера Шалкар встречается частично в его рассказах, притоком Шамар, Анкаты, Вабна, (малая Анкаты), дана характеристика как "все являются большими реками" [6].

Вот как описывает Ибн-Фадлан: «Итак, мы переправились через Яганды описанным нами способом. Потом, после этого мы переправились через реку, называемую Джам, также в дорожных мешках, потом мы переправились через Джахыш, потом Узил, потом “Эрдэн”, потом “Варыш”, потом Анхаты, потом “Вабна”, а это все большие реки. ...34) Потом, после этого мы прибыли к печенегам. И вот они остановились у воды, похожей на настоящее море. Они - темные брюнеты /203a/ с совершенно бритыми бородами, бедны в противоположность гузам. Ведь я видел среди гузов таких, которые владели десятью тысячами лошадей и ста тысячами голов овец. По большей части овцы посутся на том, что [имеется] в снегу, выбивая копытами и разыскивая сухую траву. А если они не найдут ее, то грызут снег и до крайности жиреют. Курдюки этих овец волочатся по земле, А когда бывает лето, и они едят траву, [то] худеют. Ибн Фадлан упоминает название Большой и Малой Анкаты, называя их Анхаты и Вабна. Он пишет, что это «большие реки». Следовательно, в X веке, эти реки были полноводные. Удивительно и то, что название рек, впадающих в озеро Шалкар, сохранились до наших дней.

Вокруг озера Шалкар в X веке располагались населенные пункты и города [1]. Об этом свидетельствуют археологические раскопки, проведенные в 1968-1970 гг. и 2002-2003 гг. – пишут современные источники. Однако о проведении археологических работ и обнаружении средневекового города у самих археологов нет сведений. Возможно, речь идет о памятнике периода Золотой Орды, средневековом городище Сарыозен. Оно было открыто в 2007 году сотрудниками центра истории и археологии во главе с Арманом Бисембаевым. Городище расположено в междуречье Большого и Малого Узеней, на берегу крупного озера. На берегу озера Шалкар еще не обнаружено древнего или средневекового городища [8, с.31].

В источниках XVI века также встречаются краткие сведения об озере Шалкар. В частности такого плана: «Манатов — гора Мана-тау на левобережье реки Урал, к югу от озера Челкар» [9]. Эти сведения мы

обнаружили в «Посольских книгах по связям России с Ногайской Ордой. 1551-1561 гг.», что подтверждает использование названия Чалкар (совр.Шалкар) и древность его происхождения.

Географические сведения относительно озера Шалкар ещё в одном источнике XVI века, а именно в «Книге Большого Чертежа» не обнаружено [10].

Хотелось бы обратить внимание на следующие сведения современных источников: «Как объект природы, озеро стало изучаться во время зоологической экспедиции ученых Российской Академии под руководством академика П.С.Палласа в 1768-1774 годах. П.С.Паллас не только всесторонне описал озеро, также описал про улов рыбы, его организацию и регулирование. Интенсивное развитие производства в середине XIX века определила о надобности глубокого знания о сырьевой базе водоема, о научно-результативных мероприятиях регулирующий водоем» [11].

Теперь обратим внимание на сведения российского исследователя П.Палласа:

«Грязное озеро находится от Яицкаго городка в южновосточной стороне больше 250 верст в Киргизской степи, а от Яика прямо в восточную сторону больше ста верст. [444] Как сие озеро гораздо ближе других, и козаки собравшись до несколько сот человек и вооружась ходили туда только летом, и привозили соль в город на домашнее употребление. Но не по всякой год и не во всякое время года, а только в жаркое и сухое лето садилась в сем озере соль толстым черепом, и в последние года садилось в нем очень мало соли, так что для сей неизвестности, и для труднаго собирания тамошней соли ныне туда не ездят: но берут соль на употребление вовремя вешней рыбной ловли из Индерскаго соленаго озера и как то при всех форпостах в нижней стране Яике лежит запасная соль отчасти в ямах, а отчасти в бочках, которыя покрыты рогожами и обмазаны глиною.

В северную сторону от сего озера находится еще другое, но не очень соленое, и козаки называют его *морцо*, то есть малое море. Сие озеро лежит выше Чаганскаго форпоста в восточной стороне, и по прямой дороге считается до него 80 верст. Сказывают, что сие озеро несколько меньше Грязнаго, и никогда в нем много соли не садится» [12].

Российский исследователь П.Паллас не называет, как мы видим название озера, он сообщает, что казаки его называли «морцо», то есть маленькое море и его расположение от Яицкого городка (г.Уральска). Других сведений о Шалкаре мы не обнаружили в этом источнике. Относительно Грязного озера, мы предполагаем, что речь идёт об озере Альжан (Альжансор). Этому подтверждением является маршрут научно-исторического проекта под названием «По маршруту экспедиции академика П.С. Палласа», осуществленного совместно учеными России и Казахстана в 2010 году. Один из маршрутов выглядел так: «Уральск-озеро Шалкар-озеро Альжан- Уральск» [13, с.169].

В работе другого российского исследователя этого периода А.Левшина (известного как Геродот казахской истории) мы находим сведения, где

присутствует название озера: «Озеро Чалкар, или, как называют оное казаки уральские, Чалкарское морцо, поглощает несколько речек, и испускает из себя проток Аще, впадающий в Урал» [14]. Отсюда следует, что Уральские казаки называли озеро «Чалкарское морцо», а р.Солянка называлась Аще. Последнее, это казахское слово «Соленое». Отсюда следует, что П.Паллас не дает подробного описания озера Шалкар, он больше описывает озеро Грязное в связи с добычей соли с этого озера. Относительно Шалкара он отмечает, что там соль не откладывается. По сути, казаки не добывали там соль. Более того, А. Левшин приводит название озера «Чалкарское морцо» и даже реки Солянки, которая вытекает из озера Шалкар. При этом, названия как озера, так и реки тюркского происхождения – Чалкар и Ащы.

К XVIII веку относятся сведения о родах, кочевавших на берегу озера Шалкар. Например, «В ведомости сказки (вид документа - автор), составленной оренбургским казачьим урядником Федором Найденовым и казаком Иваном Лапиным о кочевьях Младшего и Среднего жуза показано следующее: «Средняя ж орда Чаргитим Чакчатской и Кипчатской, в которых /л. 158/ старшиною Джанбек Тархан, так же несколько улусов и Гирейского родов, с вершин Тоболу реки, до устья Уя реки, при которой Усть Уйская крепость, состоящая от Оренбурга в 916 верстах... Сверх того единственно Лапин показал, что прочие Средней орды, так же частью и Джанбекова ведомства улусы, обыкновенно как зимою, так и летом, переходя с места на место кочуют... По озеру Чалкару, лежащему при горе Карачатау, расстоянием, едучи от Орска, вверх по Оре, и оставя оную вправо вверх по Камышле до вершины, и с оной на помянутое озеро 3 дни езды, и так оное озеро будет от Орска в левой стороне». /л. 159/ [15].

Из приведенных сведений следует, что рода, находящиеся под управлением тархана Жаныбека кочевали около озера Чалкар. Однако, в большей степени вероятности в приведенном из источника отрывке, речь идет о другом озере. Написано, что озеро Чалкар расположено при горе Карачатау. Возвышенность Карачатау относится к хребту Каржантау, на границе Казахстана и Узбекистана. Однако до озера Чалкар, судя по источнику 916 верст, тогда как до юга Казахстана расстояние в 2 раза больше. По всей вероятности, речь идет о территории Актюбинской области и озера Шалкар.

Конечно же, названия Челкар или Челкар-денгис (указывает на соленость озера или его схожесть с морем) встечаются и в других местностях. Данный факт замечен учеными при анализе географических сведений книги Большого Чертежа: «...на новейших картах и в описании Бларамберга неизвестно почему переименовано в Челкар-денгис, название общее в Киргизских степях многим озерам. Бларамберг насчитывает в Оренбургской Киргизской степи четыре Челкара. Слово «денгис», по русски «море», прибавлено на картах для обозначения как значительной величины озера, так и горько соленого вкуса воды в нем» [10]. Одно из этих Челкар-денгизов – это конечно наше озеро Шалкар.

В трудах Н.А. Бородина охвачено краткая характеристика о физико-географических условиях озера Шалкар, прибрежных полос, состава грунта и глубины и исследования, ихтиофауны, промысел улова рыбы в гидробиологических комплексах бассейна. Н.А.Бородин родился в 1861 году в городе Уральске. Естественник, позднее ученый Совета, профессор Гарвардского и Кембриджского университета. В течении многих лет занимался выращиванием рыб, в том числе занимался проведением опыта выращивания на озере Шалкар и на реке Солянка рыб семейства осетровых. На основании исследования гидрофауны озера Шалкар, учеными были высказаны мнения, что озеро как остаточный водный водоем Понто-Каспийского водоема по генезису является реликтом древней геологической эры.

О существовании на озере Шалкар формы черноморско-каспийской тюльки, а именно чархальской селедочки писал Н.Бородин в своей работе «Озеро Чалхар» (СПб, 1896г.), которую он написал как результат комплексного исследования на озере в 1895 году. В это время озеро Шалкар имело соединение через речку Солянку с рекой Урал. По предположению ученых, тюлька могла проникнуть оттуда. В последующие годы связь с Уралом прервалась [16].

В рассмотренных нами источниках, в которых есть описание или название гидронима Шалкар, охватываемый хронологический период с X по XIX века.

Название озера встречаемый в источниках - Челкар Чалкар, Чалкарское морце, Чалкар-тенгиз, Челкар денгиз, Чалхар, Шал-кар kö1. Следовательно, все эти названия восходят к тюркскому названию озера Шалкар. Как мы отметили выше, именно это название озера было включено тюркологом П.Мелиоранским как слово тюркского происхождения «Шал-кар kö1» в его работу «Краткая грамматика казахско-киргизского языка».

Заключение

Исходя из проведенного нами небольшого исследования, можно заключить, что название озера Шалкар, расположенного на территории Теректинского района Западно-Казахстанской области является по происхождению тюркским. Лингвистический анализ тюркологов подтверждается сведениями письменных источников. Самые ранние из них относятся к IX-X векам. Это описание озера арабским путешественником Ахмедом Ибн Фадланом, который направлялся в Волжскую Булгарию через территорию Западного Казахстана. Он пишет, что на берегу озера жили печенеги. В своем отчете путешествия он приводит названия рек, впадающих в озеро Шалкар. Это Анхаты и Вабна. Название Анкаты сохранилось до наших дней.

В посольских документах XVI века между Русским государством и Ногайской Ордой приводится название озера как «Чалкарское морце». Слово «морце» или «денгиз» использовалось по отношению к соленым озерам Казахстана, в том числе и рассматриваемом озере Шалкар на территории

нашей области. Этим словом обозначали не только соленые озера, но и те, которые были похожи на море.

В работах российских исследователей XVIII-XIX веков не во всех присутствует название озера, но при этом есть хорошее описание, по которому можно понять, что автор описывает озеро Шалкар. А. Левшин приводит название озера «Чалкарское морцо» и даже реки Солянки, которая вытекает из озера Шалкар. При этом, названия как озера, так и реки тюркского происхождения – Чалкар (искаженный рус.вариант) и Ащы.

Автор гипотезы о происхождении озера Шалкар (и некоторых других озер, морей) является исследователь Н.Северцев. Он пытался восстановить очертания бывшего Хвалынского моря.

Н.А. Бородин, который сам был уроженцем г.Уральска, в своих работах даёт физико-географическое описание озера Шалкар, уделяя большое внимание рыбам и рыболовству, так как он был ихтиологом. Озеру Шалкар он посвятил целое исследование, правда, назвав её искаженно Чалхар.

Таким образом, название озера Шалкар является тюркским по происхождению. Название озера, рек, которые впадают в него и вытекают, отражены во многих письменных исторических источниках и не изменялись до наших дней, сохранив своё тюркское звучание.

Анализ сведений исторических источников позволил нам определить ранние сведения о гидрониме Шалкар, определить тюркоязычность происхождения названия гидронима Шалкар, определить неполноценность информации современных информационных ресурсов.

Список использованной литературы:

1. Озеро Шалкар. Жемчужина Приуралья. - tengritravel.kz – Дата обращения: 2.09.2019.
2. Карта «Западно-Казахстанская область» - РГКП «Запгеодезия», 2009.
3. Шалкар - ru.wikipedia.org - Дата обращения: 11.09.2019.
4. Благова Г.Ф. П.М. Мелиоранский и изучение тюркской топонимики. - Тюркологический сборник. 1972. М.: Наука, 1973.
5. Н. А. Северцов. Путешествия по Туркестанскому краю. М. ОГИЗ. 1947 - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 14.09.2019.
6. Озеро Шалкар - <http://oqu-zaman.kz> - Дата обращения: 12.09.2019.
7. Книга Ахмеда Ибн-Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922 гг. Харьков, 1956 - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 22.09.2019.
8. Средневековые города бассейна реки Урал. Под ре. М.Н. Сдыкова – кн.1.- Уральск, 2014.
9. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой. 1551-1561 гг. Казань. Татарское книжное издательство. 2006. - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 24.09.2019.
10. Географические сведения книги Большого Чертежа о киргизских степях и Туркестанском крае // Записки императорского русского

географического общества по отделению этнографии, Том VI. СПб. 1880. - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 28.09.2019.

11. Степное море. - <https://www.caravan.kz/gazeta> - Дата обращения: 5.10.2019.

12. П. С. Палласа, доктора медицины, профессора натуральной истории и члена российской императорской Академии Наук и Санктпетербургского Вольного Экономического общества, также Римской императорской Академии испытателей естества и королевского англинского ученого собрания, путешествие по разным местам Российской империи. Часть первая. СПб. 1773. - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 8.10.2019

13. Боркин Л.Я. По маршруту экспедиции XVIII века академика Петра Симона Палласа (Западный Казахстан, 2010) - <https://cyberleninka.ru> - Дата обращения: 15.10.2019

14. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Гл. V. Воды. Алматы. Санат. 1996. - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 12.10.2019

15. Из истории Казахстана XVIII в. // Красный архив, № 2 (87). 1938 - <http://www.vostlit.info> - Дата обращения: 18.10.2019

16. Степанов М.В. Морфо-биологическая характеристика черноморско-каспийской тюльки в Рыбинском водохранилище. Дис.Борок, 2011. - www.dissercat.com - Дата обращения: 24.10.2019.

ИСТОРИЯ НАШЕГО КРАЯ

Б.А. Бимаганов - учитель истории ОСШ
М.В Ломоносова, Атырауская область,
Курмангазинский район, с.Курмангазы

Понятие «история» означает, что при переводе с арабского это исследование, разговор о прошлых событиях. Слово «история» использовалось первыми арабами и греками на земле. В частности, известный греческий историк Геродот тщательно изучил важнейшие события в жизни древних греков и впервые написал «историю» из девяти книг. Позже, на других Олимпийских играх, Геродот прочитает это произведение перед публикой. Его исследовательская работа настолько систематична и интересна, что большая часть работы была широко распространена из страны в страну, из уст в уста. Таким образом, он написал первую книгу об истории и стал «отцом истории» Геродота, чье имя впервые упоминается в греческой стране, а затем и в мире. Китайский историк Сима Цян был признан отцом истории в восточном мире после Геродота. Он жил в 145-86 годах ранее нашего времени и написал ценный труд под названием «Исторические записи», который состоял из 130 глав,

основанных на китайских хрониках. В своем творчестве Сима Цян дала ценную информацию о своем доме, древней земле Казахстана, карагандинских и гуннских племенах.

Традиция устной истории, которая сформировалась с древнейших времен в истории Казахи и дошла до наших дней, называется «шежере». Слово «**шежере**» означает память о прошлых событиях, сознательные знания, духовные сокровища. Например, средневековый историк Рашид ад-дин, живший с 1247 по 1318 год, писал в персидской истории с древнейших времен средневековые монгольские ханства. Это произведение называется «Джами ат-Малых», то есть «Собрание хроник». В работе будут представлены ценные факты о вождях казахской цивилизации, алашинском и уызском ханах. Среди средневековых историков труды «История-и Рашиди» Мухаммеда Хайдара Дулати и «Собрание Шежирелера» Кадыргали Джалайыри также дают ценную информацию по казахской истории.

История исследует прошлую жизнь человеческого общества и рассматривает ее с разных сторон. Следует также знать, что история изучается не только для науки, но в первую очередь для изучения истории. Нас интересуют вопросы о том, как и где были открыты великие научные открытия истории, как наши предки оставили великое историческое наследие. Профессионалов, которые делят их на определенные эпохи и систематически доводят до нас, называют «**таричширами**». В силу исторических эпох история Казахстана делится на четыре этапа: история Казахстана в древности, средневековье, новое и новое время. Из них древний период истории Казахстана составил 2,6 млн тенге. С года до 6 века до нашей эры средневековый период охватывает период с 6 века до нашей эры до XVII века до нашей эры. А новая эпоха охватывает XVIII-XIX века до нашей эры, нынешний период с начала 20 века до наших дней. Каждый этап имеет свои особенности и отличия.

В ходе введения в историю мы в первую очередь смотрим на историю мира, которая рассказывает об опыте всего человеческого рода на земле. Не следует забывать, что индивидуальная история каждой страны является составной частью мировой истории. Знание истории начинается прежде всего с признания своей страны, национальности и народа. В связи с этим история Казахстана учит истории казахского народа, а также истории всей казахской страны, связывая казахскую землю с другими народами. Поэтому каждый гражданин, проживающий в Казахстане, обязан знать историю этой страны. И трудно предсказать будущее, не зная прошлой истории. Поэтому дети растут, чтобы знать свою историю, независимо от того, в какой стране или нации они находятся в обществе. И у каждого поколения, выросшего со своей историей в сознании, должно быть чувство национализма и уважение к стране, земле, языку и религии, традициям и культурным ценностям. Поэтому дети всегда должны помнить, что сегодня мы обязаны не только знать свою историю, но и усваивать уроки прошлого и передавать будущим поколениям без помощи предков волны истории.[1]

Историческое краеведение сложилось как отдельная наука с XVIII века. Русский царь Петр I в 1713 году постановил, что предметы, имеющие какую-либо историческую ценность, должны быть переданы государству. Также

обязано записать, где, при каких обстоятельствах они были найдены. Краеведение тесно связано с такими областями исторической науки, как археология, ономастика, архивоведение. [2]

Сарайшык-город, занимающий особое место в истории средневекового Казахстана. Если увидеть картину городской культуры Южного региона страны и Семиречья во многих средневековых больших городах, замках, крепостях, населенных пунктах, то в западном регионе можно увидеть город Сарайчик. Это-одна из многих особенностей города. В целом, имеются исторические сведения о средневековом городе Сарайшык, в исследовательских работах часто встречается название этого города. А специального исследования, посвященного истории города, не было. Также нет никаких сомнений в том, что эта информация относится к числу работ, имеющих свое место в историографии города Сарайшык.[3]

Название Сарайшык происходит не от фамилии, а от имени Сарайшык, основанного более тысячи лет назад, по русским данным или одного из крупных городов Ак Орды (по восточным данным).

Почему этот город получил название «сарайчик»? Говоря об этом, мы должны обратиться к источникам той эпохи. Например, в первой половине XIV века арабский путешественник Ибн-Баттута, путешествовавший в Хорезм через кипчакские степи, говорит: "через десять дней после выхода из дворца мы прибыли в город Сарайджук, который расположен на берегу Великой воды (Урал). » Жук « — слово здесь в значении» малый«, так это город — »Малый дворец".

Очевидно, что влияние «орд» на появление крупных городов с населенными пунктами на территории Казахстана в периоды после монгольского нашествия также имело место. Ведь из средневековых данных известно, что Чингисхан раздал «Орду» своим сыновьям и известным внукам, оказавшим значительное влияние на эти завоевания после завоевания обширных территорий во главе с Дешт-и-кипчаком.

Слово "Орда" является общим для тюрко-монгольских языков и считается коренным словом в словаре этих языков. Его первоначальное значение - » дом, дом Хана«,» дворцовый дом«,» резиденция хана, правителя, Орда". В Турко-монгольской среде не было оппозиции исламской идеологии. В условиях многоженства слово «орда» даже имело метафорическое значение, как «женщина», потому что считала правильным давать каждому женщине отдельный дом.

Рядом с ханской Ордой, на просторах степей, обычно шли другие представители «сферы обслуживания» со своими семьями, слугами, всеми хозяйствами. Рядом с ордой хана постоянно кочевали купцы, послы, ремесленники и т.д. с ордой хана, при которой часто образовывались очень большие «кочевые города или поселения». Такие кочевые города также назывались "орда-базар", очевидно, в Восточном значении слова базар. Ведь на востоке рынки были не только местом торговли, но и местом производства различных изделий, продуктов питания. Таким образом, неожиданно на

дальних окраинах, в местах, где раньше никогда не было населенных пунктов, внезапно появились новые города. Иногда они выходили из кочевья, превращались в населенные пункты с оседлыми постоянными жителями и даже крупные города.

Сарай-так называли в основном орды хана. Если это так, Сарайшык может быть второй ордой хана, то есть летней обителью. Или, по другим причинам, город, приближающийся к рангу столицы Золотой Орды. Чтобы прояснить это мнение, Ибн-Баттута вновь обратился к хану Золотой Орды Узбека в Сарайшык (1312-1342 гг.) опираемся на свои записи о золотом шатре: "шатер-из уыков, натянутых золотыми лепестками. В центре палатки-позолоченный трон, ножки трона отливали из чистого серебра, а верх украшали драгоценными камнями».

Распад Золотой Орды-путь к объединению казахского народа, распад Абулхайрского ханства и ослабление Моголстана — ускорили процесс становления казахского народа и ускорили становление государственности-основы политического единства народа. Ведь только государство могло бы ликвидировать влияние разнородных влияний при этническом объединении народа на интеграцию казахских племен в единую политическую структуру, обеспечить культурное, хозяйственное развитие народа как этноса, установив в общественной жизни устойчивые экономические связи территорий, где уже сформировались кочевое скотоводство и оседлое земледелие и городское хозяйство. К примеру, " на протяжении всего развития казахского общества не было ни малейшего отрицательного влияния таких факторов, как затяжные внутренние войны и споры, ни волеизъявленные внешние войны казахских правителей на территориях соседней Средней Азии, Восточного Туркестана, Сибири, Джунгарии. Эти факторы вновь и вновь разрывали объективно возникшие хозяйственные, культурные и этнические связи». [4]

Четвертый период истории Сарайшыка начинается с образования Казахского ханства. Бурындык хан, правивший государством после хана Керая, который приложил значительные усилия и усилия для образования и значительного укрепления Казахского ханства, испокон веков был избран страной-Ордой-Сарайшыком у подножия сары — степи, где капала кровь Дешт-и-кипчакских племен, переселялся мамираджай и Атамекеном. Об этом говорит знаток средневековой истории Казахстана, известный востоковед В. В. Вельяминов-Зернов: «Сарайшык был покорен казахским ханом Бурындыком и стал первой столицей».

Та же эпохальная тайна делает город Сарайшык столицей Казахского ханства. Одним из таких секретов, по нашему мнению, является то, что в начальные тяжелые времена образования Казахского ханства Бурындык Хан подчинил Сарайшык, где издавна закреплялись повседневные бытовые связи различных племен Восточного Дешт-и — Кыпчака, и построил столицу, знамя, повысив статус местных жителей, укрепив подчинение и преданность Казахскому ханству племен кыпчак-Мангистау, привил дух патриотизма, национализма - я не знаю, - сказал он. Так, например, в Восточном Дешт-и-Кипчаке в последней четверти XV века и XVI веке накопилась значительная

военно-стратегическая сила на основе 24 общин крупных племен, объединенных в кыпчакскую этническую общность. В частности, среди племен елборили, токсоба, жетиоба, дурут, аларс, буржоглы, мангутоглы, имек, Таган, башгурт, куманлы, базанак, бажна, карабурикли, УЗ, жартан, лозунги, баят, азкиши, тургеш, Канлы, Карлук, чикил и других монгольских мангытов, прибывших в этот регион во время завоевания учитывая, что в племенах уйсун, Кият, дулат, барлас и Конырат поселились братства с местными кипчаками, мы убедились, что Бурындык-Хан сделал очень важную дальновидную политику для будущего страны, которая предсказывала отдаленность от Астаны Сарайшыка.

Ведь очевидно, что сотни тысяч членов вышеназванных 30 племенных объединений наряду с превращением Восточного Дешт-и-Кипчака в мощный опорный пункт первого казахского ханства оказали решающее влияние на утверждение Бурындыка-хана яростного Айбара против его врагов.

Особенно в расцвете Касым-хана укрепление Казахского ханства повысило жизненный смысл роли городов в экономическом и стратегическом плане. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани, называя Сыганак торговой зоной Дешт-и-Кыпчака, сообщает: "в эту страну со стороны Дешт-и-Хаджи Тархана поступает много благ, таких как тучные овцы и шубы из меха, т. е. меха, прочные луки, стрелы из белой березы, шелковые ткани и другие ценные товары, такие как благородные вещи доставляются".

А благородный торговый путь, соединявший Хаджи Тархан и Сыганак, пролегал через сарайчик. Таким образом, значение торгово-экономических связей возросло. Однако не случайно Мухаммед Шайбани, стремящийся ослабить власть казахов, пытается запретить торговлю казахами в городах. Следовательно, борьба за устойчивые торговые связи превратила казахских и узбекских ханов в одно из непреодолимых противоречий между ними конца XV-XVI веков.

Поэтому приходится признать, что в первый период становления и укрепления Казахского ханства город Сарайшык был одним из крупнейших городов степного региона. Дело в том, что владение городами вдоль Сырдарьи привело к продолжительным мучительным и трагическим кровопролитиям и непрерывным войнам различных национальностей и государств Центральной Азии. Потому что экономическое, социальное и политико-стратегическое значение городов в этом регионе было очевидным для всех с древних времен.

Неоспоримо, что территория, на которой расположен город Сарайшык, стала самым благоприятным краем для общественного развития в эпоху образования Казахского ханства, а главное — спокойного от вооруженных конфликтов. Ведь известно, что еще со времен Золотой Орды, связывающей Запад и Восток — важнейшая ветвь Великого Шелкового пути, этот регион и его единственный крупный город прошли через Сарайшык и прославили Дешт-и-Кипчак

Можно сделать вывод, что наиболее значимый для казахской действительности город Сарайшык стал первой столицей Казахского ханства.

Ведь какое бы государство ни было, в какой бы эпохе ни было вечное место своим главам и уважаемым личностям было отведено от столицы, то есть от центра государства.

Литературы.

1. <https://e-history.kz/media/scorm/97/1/text/text.htm>
2. [Баяндама Тарихи өлкетану жұмыстары және оларды ұйымдастыру жолдары — Тәрбие.kz \(tarbie.kz\)](#)
3. [Біздің тарих \(massaget.kz\)](#)
4. Б.Ғ. Нұғман, А.А Абдрахманова. Қазақстан тарихы

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ - ЖАЛҒАНСАЙ

Ж.Т. Симанов - М.Отаралиев атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі, Атырау қ.

Әркімнің туып өскен өлкесі өзіне ыстық болады. Мен бұл баяндамамды туған өлкем Жалғансай елді мекеніне арнамақпын. Жалғансай ауылы шығысында Жайық өзені, оңтүстігінде Сарайшық батысында Бақсай, солтүстігінде Махамбет ауылымен шектеседі. Көнекөз қарттардың айтуынша, қазіргі Жалғансай ауылы орнында балық сүзетін мекеме орны, жер иесі Бакин, карауылшысы Пугин деген казак-орыстар болса керек. Олар жергілікті қазақтарды ау тартуға, балық тұздауға жалдаған. 1921 жылға қарай ел тыныштала келе, отырықшы бола бастаған. Сол кезде көзі қарақты аздап сауаты бар Аймағамбеттің Мұхамбетқалиы 12 жігіт жалдап алғашқы болып үй салған. Бұл шамамен қазіргі Мақашев Шәрім тұрған үйдің орны. Оған жалғас Боранқұлдың Үбішайы, Тасмағамбетов үй салған. Тасмағамбетов Иманғалидың әкесі Нұрғали сол үйде дүниеге келген. Сол жылы «Жырықтағы», Бағыландағы, Меңетайдағы және Жанұзақ көлі, Бекқали талы маңындағы ауылдар Жалғансайға жинақтала бастаған. 1932-33 жылдардағы еліміздегі ашаршылық кезінде Тайсойғаннан келген елдің ұрпақтары Жалғансайда күні бүгінге дейін тұрып жатыр, «Тайсойған мен Бүйрек, ала өгіз келеді сүйреп»-деген жолдар сол жылдардан қалса керек. Кейбір деректерге қарағанда Жалғансай атауы – Жайыққа жалғанған деген мағына береді.

Жалғансайдан төмен Жанұзақ көлінде Мақаштың әкесі Жанұзақ деген кісі отырған. Мақаштың баласы Құспан Ленин орденді шопан болды. Ар жағы биік төбе «Меңетай қорымы». Ол жерде Меңетай атты барым ташы тұрған, Көлі терең, айналасы ну қамыс болыпты. Меңетай алыстан, арғы шеті Оралдан бай кулақтардың жылқыларын қуып әкеліп қалың қамысқа кіргізіп жібереді екен. Әкелген малын кедей кепшіктерге үлестіріп беред. Әрі қарай

қазіргі кезде « Бақылан» аттанған ауыл орналасқан. Бұл ауыл ол кездерде «Қозы ауыл» деп аталған. Кейін екі Кеңес біріктірілген. <<Қозы ауылда>> алғаш – Қарақойшы деген азамат төраға болған, ал Жалғансайдағы алғашқы Кеңес төрағасы Сағипа Нұғырманқызы Бөлекқали зайыбы (1887-1974) болған. Ауыл ол кісіні – Кеңес шеше деп атап кеткен. Кейін екі ауыл бірікенде Кеңес шеше төраға болған. Сол жылдардағы есеп бойынша жалғансайда 338 ер адам 310 әйелдер тұрған. Кейінен 1925 жылы аты Атырау өңіріне таныс Шомажанның Шәлігі де осы ауылдың Кеңес төрағасы болды. Кейде кейбір деректерге қарағанда Кулагино жақта да Қозы ауыл болған. Сол себепті бұл Қозы ауылды – Бағылан деп қайта атаған. Кейін орысша бұрмаланып – «Баклан» деп аталып кеткен. Қазір ол жерде демалыс орны ашылып, қалалықтардың табиғат аясында демалатын сүйікті орнына айналған. Жайықтың жағасы айналасы тал өте көрікті жер. Сондай ақ осы маңдағы Жайықтың иіндеріне Бозжан, Есжан деген кісілер қоныс тепкенде, кейінен Босжан талы махамбеттің ежелгі тұрғыны Бекқалиев жақсылықтың әкесі қоныстанғандықтан, күні бүгінге дейін «Бекқали» талы деп аталады.

Ал Жалғансай, ұжымшар болып қалыптасқан елуінші жылдарда отырғызылған алма бағы шапағаты тұрғындарға тиген. Алғаш 1955 жылы 1-ші сәуірде комсомолдық жолдамамен келген Людмила Соловьева, Полина Иванова, Нина Кулакова, Валентина Хохлачевалар осы алма бағына жұмысқа келген. Сол жылдарда қысқа курсты оқып келген, соғыс уақытында Москва қаласындағы Метро құрылысына қатынасқан Қожабай Түйешиев осы алма бағында 1990 жылдардың басында дейін жұмыс жасады.

1932 жылғы аштық кезінде азып – тозған ауылды ұжымшарларға біріктіріп, алғашқы төрағасы болған Орал жақтан келген Маужыр деген Татар болыпты. Осы төрағаны ұйымдастыруымен егілген бақша, бидай, тары дақылдары отырықшы елді аштықтан аман алып қалды деп айтуға болады. Кейін ол кісі қайтыс болғанан кейін «Түлкібай» қауымына жерлеп басында белгі қоймаған, баласы болмаған, әйелі кейін Оралға оралған. Бұл жылдары Жалғансай селолық Кеңесі төрағасы Е. Мұқанов, мүшелері Жұман Есмұқанов, Нысанбай Нұрымбетов, Тыныштық Абдрахманов, Сабақ Жанұзақ болғандығы архив құжаттарында сақталған. 1935 жылы Кулагинодан 100 тоқты әкелініп оларды Жанұзақтың баласы құспан екеуі баққан. Келесі жылы 1 мамыр алдында үлкен жиналыс болып – екі ұжымшарды біріктіріп іріленген ұжымшар құрамыз атын таңдаңыздар, кімде қандай ұсыныс бар дегенде Мақаш: «Жиналыс 1 мамыр қарсаңында өтіп жатыр ғой, ұжымшардың аты Первомайский болсын» деп ұсыныс берген екен, жалпы жиналыс мақұлдап Жалғансайда «1 май ұжымшары құрылды».

Сол жылы жазда Гурьевте малшылар слеті болып оған Жалғансайдан Жанұзақтың Мақашы, Әлиманов Сабырғали, Қайырлының әкесі Төлеген барған.

Оларға сыйақыға 5 қойдан беріпті. Жалпы 1958 жыл 1 май ұжымшары үшін табысты жыл болды. Табыс көлемі 1957 жылмен салыстырғанда 2-2,5 есе өсті. Бұл аудан бойынша ең жоғарғы көрсеткіш еді. Ұжым шарда тек қозы алып, сақтау жөніндегі тапсырманы артық орындағаны үшін 49

шопанға 360 қозы қосымша ақы ретінде берілген. Шопандар ұжымшар бойынша 100 саулықтан 113 қозы алған.

1938-1939 жылдары әскерге шақырылғандар Фин соғысына тап келіп ауылдан кеткен Ідірісов Жолшы, Күзенев Меңдібай т.б. 9 – адамнан екеуі ғана Темірхан және Төреған Күнғалиевтар оралған. Ұлы Отан соғысына аттанғандардың көпшілігі оралмаған. Такошев Алдан, Бекешев Қамал, Қали Онбаев, Жаңбіров Әжібай аман келді.

Келгеннен кейін де «тұтқында болдың» деген желеумен қайта тұтқындап жазаларын өтеп оралды, ал Власовтың әскерінде болған Ермағамбетов Қалым елге оралмады.

Бұл кезде жазықсыз жер аударылып Украина жерінен 30 ға тарта еврей ұлты өкілдері әкелінді. Жол азабы мен тифке шалдықан көпшілігі көз жұмды. Олардың ауыл жанындағы картоп қоймасы тұсында жерленгендіктен ол жер «еврей төбе» деп аталып кеткен.

Сол жылдардағы елеулі оқиғалардың бірі Бақсай каналын қазу жұмыстары болды. Канал қазу жұмысына жергілікті тұрғындардан басқа Қиыр Шығыстан дер аударылғандар да қатыстырылды. Таңдай ауылына жақын «үш айрық» деген сайдың үш бағытқа бөлінетін жерін тіке қазып қосқан 10 – 12 м тереңнен топырақты арқалап тасып бір ізбен шұбырып жүріп отырған.

Ұжымшарға керекті мамандарды Орал қаласындағы қысқа мерзімді курстарда оқытып алған. Алғашқы мамандар Аймағамбетов Мұхамбетқали – Ветсанитар, Боранқұлдың Үбіші плантатор (агроном)

1941 жылдары Кеңес төрағасы Ахметов Өтен, хатшысы Имақ Аймағамбетов болған. Ал ұжымшарды Қиса Мустафин 11 жыл басқарды. Кейбір ел басқарған аталарымыз Дүйсек, Нағын, Жалмұқанов Сәрсен, Қарымсақ Сәрсен т.б. 1952-1954 жылдары селолық Кеңеске төраға Дүйсен Көптлеуов, ал 1945 жылдан 1950 жылдардың ортасына дейін ұжымшар төрағасы Төлешов Омар болды. Ол СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Төлешов Омардан кейін ұжымшарды Нұрғалиев Бақыт, Жұмағазиев Сәулен, Қисықбасов Құспандар басқарды. 1950 жылы Жаманқаладағы «Верный путь» пен «1 май» ұжымшарлары қосылып іріленді. Мал басы өсіп қой 12 мың ға, ірі қара 1200-ге, жылқы 300, түйе 150-ге жетті. 1950 жылғы сайлауда аудандық Кеңеске депутат болып сауыншы Қапанова Нұрлан сайланды. 1952 жылы Мақашов Құспан «Ленин» орденімен марапаталып, сыйақыға 80 еркек тоқты алыпты. Сол жылы қой фермасы меңгерушісі Д. Көптілеуов Жаманқаладан М.Брагин екеуі Қырғызстандағы Бүкілодақтық ауыл шаруа шылық съезіне қатынасты. 1957 жылы озат шопан Елеукен Мырзағалиев Москвада өткен комсомол жастар слётіне қатынасты. 1958 жылы озат шопан Қарасай Нұрмұханов «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапаталды «Қой шаруашылығының шебері» атағын алды.

1960 жылы 1 май және Чкалов ұжымшары бірігіп 1 май кеңшары құрылды, орталығы Жаманқаладағы МТС болды. Кейінен орталығы Чкалов селосы болып «Авангард», «Павлов», «Қызыл ту», «Жаңа тұрмыс», «1 май» ұжымшары қосылды. Жалғансай кеңшар бөлімшесі болып қалды. Бөлімшені

Б.Әренов, Б.Сүлейменов, Р.Отаровтар басқарды.

1976 жылы сәуір айында Жалғансай картоп өндіруге бағытталған кеңшар ретінде құрылды. Алғашқы директоры болып Ғалым Жұмағазиев тағайындалды. Сол кезде кеңшарда бас инженер – Қадірғалиев Қаршыға, бас аграром – Қырымқұлова Маруся, бас есепші – Шолпан Томпышева, бас экономист Жоламанов Сағын, бас зоотехник Р.Отаров болды.

Жалғансай орта мектебінің де тарихы тереңде жатыр. Алғаш мектеп өз жұмысын 1938 жылы бастады. Мектеп ғимраты 1924-30 жылдары Жарылғап молда Мешіті болды. 1930-32 жылдары клуб үйі болған. Мектеп алғашқыда төрт жылдық бастауыш мектеп ретінде ұйымдасқан.

Алғашқы меңгерушісі Базалиден Жұрмыхамбетов болды, ол кісі Ұлы Отан Соғысына аттанып оралмады. Мұғалімдері М.Бисенғалиев, Е.Қазиев, С. Шорабаев, Ш.Сәрекеновтер болды.

1938 – 1939 жылдары мектеп жеті жылдық болып кеңейтілді. Сол кезде соғыс жылдары директорлары Қайша Шақшиева, Есмұхан Қазиевтер болды. Мектеп 1956 – 1976 жылдары бастауыш мектеп ретінде жұмыс жасады. 1971 жылға дейін мектеп директоры Қазмұқаш Үмбетқалиев болды. 1971 – 1975 жылдары Жолдас Тасқалиев мектеп меңгерушісі, Жұмашов Молдаш, Жолдасбаева Үміт, Садықова Мақпалдар мұғалімдер болды.

Енді 1980 жылы Жалғансай орта мектебі ең алғашқы түлектерін шығарып салды. Сол түлектердің бірі осы баяндаманың авторы.

«Елу жылда ел жаңа» дегендей қазіргі Жалғансайдың келбеті өте тамаша. Жаңа типтік жобамен салынған мектеп, емхана, мәдениет үйі, көшелеріне қала көшесіндей тақтайдай асфальт төселген. Әрбір көшеге жарық беріліп түнде жарқырап тұрады. Әрбір үйге жарық береліп, суу жүйесі қосылып бау – бақша өсіріп ауыл жасыл желеке малынып тұр. Қаладан ауылға көшіп келушілер көбейіп ауыл аумағы үлкейіп келеді. Ауылымыздың қаладан айырмашылығы жоқ, интернет желісіне қосылған.

Сөз соңында ауылымыздың айтыскер ақыны Амангелді Есенғалиев ағамыздың мына өлеңімен аяқтайын:

Ару	Жайық	мекен	еткен	жағасын.
Татулықтан	тапқан	бірлік	–	жарасым
Жұдырықтай		жүрегімнің		төрінде
Алтын бесік – Жалғансайым дарасың				

АЛҒА АУЫЛЫ ТАРИХЫ

А.Н. Ерназаров - №11 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі (Атырау қаласы)

Қазіргі «Алға» селосын мекендеп отырған халықтың жартысы Морской ауыл советінен, жартысы Ботақан советінен.

Морской советінде 7 ауыл болды, 1931 жылы «Төңкеріс» балықшы колхозы құрылды. Оған председатель болып Қышықов Мансұр сайланған.

Ол 1934 жылы екіге бөлініп «Қызыл ту» колхозы құрылды, оған Мақатов Дәуім председатель болды. Партия ұйым секретары Жанғалиев Қимеден болды. «Төңкерістен» Калинин атындағы мал колхозы құрылды, председателі Сисенбаев Сабыр болды. Ал Қызыл тудан- Андреев атындағы мал колхозы бөлінді, председателі Нұрмұханбетов Қасантай, партия ұйымы секретары Жаманқұлов Өтеғали болды. Ал Морской ауыл советі 1938 жылы «Үш шеркеш болысы» болып, оған председатель Жаманбаев Жандос сайланды. Соңынан Морской ауыл советі болып, оған Құрманәлиев Бәдел председатель болды. Соңынан бұл советке Есмұханов Ғазиз, Мұқашев Сатқан, Келменова Нәби, Доцанов Өтепқали, Есенбанв Құрманғали, Бесқалиев Дәумен т.б жолдастар председатель болған.

Ал 1961 жылы Морской советі осы жерге көшіп келіп Морской ауыл советі болды. Оның председателі Сақманов Өтеген болды. Ботақан советі осы Морскойға қосылды. Ботақан советінде «Екпінді құрылыс», «Оян», «Алға» колхоздары 1930-1932 жылдары құралған. Екпінді құрылыста Таспов Ерен, Алғада Молдағалиев Өтеш, Оянда Рахмет басқарма болды. Микоян балықшы колхозы Ояннан бөлініп, Тілеуғалиев Наурызғали председатель, Алғадан Иманов колхозы бөлініп, оған алғаш председателі Бегалиев Нұртай, партия ұйым секретарі Сабикеев сайланды.

1933-1934 жылдары Ботақанда парт ячейка жұмыс жасады, оған секретарь болып Шақылықов Өтеғали, Омаров Қабази жолдастар істеді. ботақанда Елеуов Бораш, Қайбалдиев Бораш, Есенбаев Құрманғали, Қонысов Даулбай т.б председатель болды.

Қазіргі «Комунизм жолы» совхозы тұрған жер Ноғайбай деген жер еді. 1961 жылдан «Алға» селосы атанды. «Алға» деп аталуы- әуелі «Алға» балықшы колхозының атына байланысты шыққан. Әуелі кезде балықшылықпен айланысты. Алға колхозы Жасталап колхозына, ал Иманов колхозы «Путь к коммунизму» колхозына қосылды да, село Калинин атындағы мал колхозына қалды. Соңынан 1963 жылы ақпанда «Комунизм жолы» совхозы болып құрылды. Совхозға алғашқы директор Исаев Алдаш, Досаев Таңатар, Құлғазиев Мақсот, Абдошев Елемес директор болды. Партия ұйым секретары Мұфтахов Зинетолла, Хамзин Әшет, Әжіғалиев Қадірбай, Сисенова Латипа болды.

1918 жылы Қазан Революциясының жеңісіне дейін Теңіз ауданының жері 2-болысқа бөлінген. Бірінші болысқа «Үш шеркеш болысы»- оған төленгіт, жақау, сақау, қойыс шумақ, қосым, байбақты, шымбай шеркеш рулары кірген. Екінші болысқа алаша, қызылқұрт, кете, шеркеш, төленгіт рулары қараған. Бұлардың басқаруында «Кердуан», «Сафон», «Телящий», «Ганюшкино», «Голубев», «Конаева», «Жамбай» сияқты орыс халқы орналасқан ірі елді пункттер енген. Ол кезде бұл жерлерде 10 мыңға жуық халық болған. Негізгі кәсібі балық аулау, мал бағу, саудамен айналысқан. Ел

басқару байлар, кулактар қолдарында болды. Ірі бай Артықов Жексенде 1500-дей жылқы, 1000 түйе, сондай шамада сиыр, 5000 қой, 10-15 шабындық аралы болған. Ол 500-дей адамды құлшылыққа салған. Балық жөнінде Гилашевтер қолында «Харахоль, Дружкин, Жамбай, Сурхойен, Большой бугар», Михайлск, Гришукин, Семеков дегендерде маусымдарда 15-20 мың пут балық алатын батагалар ұстаған. Оқу орындары болмады, кедейлер сауатсыз. Жамбай мен Теляшиден ашылған 2 кластық 2 мектепте 40 ер бала, 1 қыз бала оқыды. 1914-1915 жылы Әбілов Ахметжан Қажы округтен үлкен мешіт салдырды. 1916 жылғы наборға байланысты ел ішінде қатты толқу басталды. Ж.Жаманбаев, Нысан Күнтуғанов, Сақтаған Айтуғанов, Әбусали Қапешов, Ниетқали Оразмаганбетов, Әмірешов Ебелек, Көшепов Мирас, Жанатанов Нух, Тілеуов Омар, Дәукешов Әбіш, Жанғалиев Әбу, Махатов Дәуім толқуға қатысты. Толқу тез басылды. 1918 жыл наурызда комиссар Кузма Кудряшов бастаған топтың ықпалымен Үш шеркеш советі құрылып, басшылығына Жандол Жаманбаевты сайлады. Осы жылдың мамыр айында ақ бандылар жайлап, Жанбайды алып революция идеясын жақтаушылар К. Кудряшевті, Жексенбаевті, Жаманбаев т.б жаяу бай сыпақтың екі жүзділігін пайдаланып, оны үйінің маңында азаптап өлтіреді. 1930 жылы ауданда совет үкіметі түпкілікті орнады. Ганюшкино уезд орталығы болды, комитет председателі Макиев Құсайын сайланды.

Партия қатарына Морскойдан бірінші болып Оразбағамбетов Ниетқали Тоғызбаев Уахит кірді. 1921 жылы Жамбай селосы Үш шеркешпен бірікті, Совет кеңсесі Жамбайға көшті. 1922 жылы Морской советі болып аталады. 1920-1938 жылдары Морскойда Советской батагасы болды. Онда 500-дей жұмысшы бар еді. 1924 жылы Советский батагасында партиячейка құрылып секретарлығына С.И. Плотинин сайланды. Онда 15-ке жуық адам болды. 1920 жылдан бастап балық артельдері құрылды. Алғашқыда артельдерде адам аз болды. Мәселен Төңкеріс, Батыран артельдерінде 12-15 адам мүше болды. Кейін Қызылту артелі құрылды. 1927-28 жылдары мұнда «Қазақстан, Калинин, К.Маркс» атындағы бастауыш мектептер болды. Кейіннен Киров, Пионер жеті жылдық мектебі болып қайта құрылды. Бірінші председатель Қышықов Мансур болып сайланды. Баласы Мансуров Өтеу шопан болып жұмыс жасайды. Оның партиячейкасы Қалешов Әбусали болды, мұнда 700-800 балықшы болды.

1934 жылы «Төңкеріс» артелін 4, 5, 6, 7 ауыл бөліп «Қызылту» колхозын ұйымдастырды. Председателі Махатов Дәуім, секретарі Орынғалиев Хамиден сайланды. Бұл колхоз 1952 жылы Жамбыл атындағы колхозға қосылды. Балық колхоздарында мал көбеюіне байланысты 1945 жылдан бастап «Төңкеріс» колхозынан «Калинин» атындағы, «Қызылту» колхозынан Андреев ауыл шаруашылық артелі құрылды. Калинин атындағы колхоз орталығы «Белужи», Андреев атындағы колхоз орталығы «Танкарада» болды. Родина колхозы Родина деген жерде болды. Колхоздарда 4-5 мың қой, 2000 сиыр, 900-дей жылқы болды. Андреев, Калинин бірігіп кейіннен Калинин колхозы болды. Орталығы Жыландыға, Кобяковка, Алғаға көшірілді. Бұл уақытта 4787 ірі қара, 23678 қой, 1582 жылқы, 238 түйе

болды. 1962 жылы колхоз әр 100 аналықтан 116 қозы алды. 1963 жылы Родина колхозы, Калинин колхозы қосылып «Комунизм жолы» совхозы құрылды. Алғашқы директоры Исаев Алдаш болды. Кейіннен Досаев Т, Абдошев Е жолдастар директор болды.

Совхоз шаруашылығы құрылған кезден бастап қоғамдық мал басын өсіруде, мемлекетке мал продукциясын тапсыруда біршама жетістіктерге қол жеткізіп келді. 1981 жылда совхоз еңбеккерлері партияның XXVI съезі белгілеген он бірінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолында бірқатар еңбек үлгісін көрсете білді. Социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып 1981 жылғы жоспарлы тапсырманы мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз етті. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін тапсыру жөніндегі жоспар мерзімінен бұрын бірінші қарашаға асыры орындалды. Атап айтқанда жыл ішінде мемлекетке совхоз бойынша 11427 ц. ет, 49 ц. сүт, 1157 ц. жүн тапсырылып, мемлекеттік жоспар ет 117 %-ке, жүн 108 %-ке орындалды. Соның нәтижесінде Отан қоймасына жоспардан тыс 1727 ц.ет, 19 ц. сүт, 87 ц. жүн артық тапсырылды. Жоғарыдағы игілікті жұмыстардың нәтижесінде совхоз коллективі онбірінші бесжылдықтың бірінші жылын 533,5 мың ақшалай пайдамен аяқтады. Онбірінші бесжылдықтың екінші жылында совхоз шаруашылығы бойынша әр 100 аналықтан 102,4 қозы алынды.

Совхоздың шаруашылығын өркендетуде, жоғарыдағы жетістіктерге қол жеткізуде селолық совет көлемінде 600-ге жуық жұмысшылар мен қызметкерлер өз үлестерін қосты. Оның ішінде, еңбек майданының алдыңғы шебінде 103-КПСС мүшесі, 25-селолық советтің, 4-аудандық советтің, 1-обылыстық советтің депутаттары еңбек етті. Олардың ішінде өздерінің жемісті еңбектерімен көзге түсіп, халық қалаулары болып сайланған коммунистер мен депутаттарымыз көптеп кездеседі. Олар: Еңбек Қызыл Ту орденді механизатор, аудандық советтің депутаты- Жұбаев Самифолла, коммунист- Қожанов Жұрынтай, құрылысшы, депутат- Татчиева Бақыт т.б жолдастар өздерінің қабылдаған социалистік міндеттемесін артығымен орындап, еңбек үлгісін көрсетіп келді.

Селолық совет көлемінде 1982 жылдың есебі бойынша 443 қожалық үй болды, онда 2537 адам тұрды. Осынша адамдарды қамтуда селолық совет көлемінде еңбек адамдарын, жалпы тұрғындарды түрлі салада қамтуда бір мәдениет үйі, бір клуб, үш дәрігерлік пункт, бір фельдшерлік амбулатория, бір қызыл отау, үш кітапхана, бір тұрмыстық қамту бөлімшесінің филиалы, төрт автодүкен, алты тұрақты дүкен, бір байланыс бөлімшесі жұмыс жасады.

Селомызда бүгінгі күннің болашағы үшін от оранып, қан кешкенаға ұрпақтар көптеп кездеседі.

Елімізді неміс басқыншыларынан қорғауда селолық совет бойынша қазіргі қолда бар мәлімттерімізге қарағанда 112 адам, соғыста қаза тапқан. Бұлардан басқа күні бүгін Отан соғысына қатысқандардың 33-і селомызда тұрады. Олардың ішінде Отан соғысы кезінде Отан наградасына ие болғандарда аз емес.

ҰСТАЗ, САЗГЕР ШӘМШИДЕН ШӘРІПОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Г.А. Қапаева - Жалпы білім беретін Новобогат орта мектебі музыка пәні мұғалімі, Атырау облысы, Исатай а.

Егеменді еліміздің даму тарихында халқымыздың рухани өнер қазынасы ерекше орын алады. Сондықтан да, қазақ халқының музыка өнері, өзінің біртуар тамаша таланттарымен әлемді мойындатып жүргені сөзсіз.

Қазақ музыка өнерінің қалыптасып, дамуына және зерттеу еңбектерге шолу жасай отырып, кең байтақ еліміздің әр аймағында әлі де түпкілікті зерттелмей, өз бағасын, орнын ала келе жатқан көптеген талантты музыканттардың барлығы рас. Біздің қасиетті Нарын топырағы тұнып тұрған таланттар мекені деуге болады. Әрбір жердің өзіндік табиғи әлеуметтік ерекшеліктерін өздерінше түсініп, жырлаған, күй күмбіріне қоса білген жергілікті композиторлар шығармалары әрқашан құнды, әрі зерттеуге тұрарлық.

Өткен ғасырдың бас кезінде Бегәлі ұлдары Жабал мен Тайман Жайықтың сол жағынан оң бетіне өткен. Тайманның ұлы Исатай сол кезде 12-13 жасар жасар бала болса керек. Жабал тайманның ағасы – Нұралы хан қарауында әуелі хатшы, кейін жалгер болып қызмет істеген. Оған хан әулеті бес түрлі ескерткіш берген : ит терісіне басылған указ, жағалы құндыз ішік, күмістелген ер-тұрман, жез табақ, сапты аяқ.

Ағайынды Жабал, Тайман Каспий теңізінің жағасына жақын жерден қоныс тепкен. Жабал орташа сауаты бар адам. Онан орыстар қауіптеніп, үзеңгісіне у жағып улап өлтірген. «Мен Жабалдың алтыншы ұрпағымын» дейді өз естеліктерінде Шәріпов Шәмшиден [1].

Солардың бірі Атырау облысы, Исатай ауданында тұрған, артына бірнеше ән – күйлер қалдырған, жастарды өнерге баулып, білімге баулып бірнеше жыл ұстаздық еткен күйші – композитор Шәмшиден Дәулетұлы Шәріпов (1922-1974) еді. Күні бүгін бүкіл республика өңіріне таныс оның шығармалары арнаулы зерттеуді қажет етсе, ал оның ұлағатты өмір жолы келешек ұрпаққа өшпес өнеге.

Шәмшиден Шәріпов 1922 жылы Нарын құмының Каспий теңізі жақ жиегінде Забурын (қазіргі Зейнеден ата) ауылында дүниеге келген.

Әкесі Дәулет шағын ғана шаруашылығы бар қарапайым адам болған. Шәмшиден естияр бола бастағанда туған анасы қайтыс болып, кәрі әжесі Гүлсімнің қолында тәрбиеленеді. Жасөспірім Шәмшиден көбіне әкесінің інісі Қапездің үйінде болуға құштар болатын. Себебі, осы кезде отыздың шамасындағы Қапез жастай әнші, жыр – қиссаларға үйір болатын. «Топжарма», «Ақ қайың», Мұхиттың «Кіші айдайын» едәуір жақсы орындайтын, бір кемшілігі домбыра тарта білмейтін. Ал, керісінше

Шәмшиденнің әкесі Дәулет ептеп домбыра шерткен адам. Шәкең домбыра тартуды әкесінен үйренген.

Шәмшиденнің нағашысы Нұрмұханда жақсы домбырашы болған адам. Ол әсіресе Дәулеткерей, Салауаткерей, Бақтыгерей, Мүсірәлі күйлерін шебер орындай білген. Ең сүйіп тартатыны Дәулеткерейдің «Жігер» атты күйі екен. Міне осындай ауыл арасының белгілі әнші – күйшілерімен біршама сауат ашқан Шәмшиден 1930 жылы сегіз жасында мектеп табалдырығын аттайды. Бұл кезең кеңес үкіметінің сауатсыздықты жоюға бетбұрыс жылдары болатын. Зерттеушілер 30-шы жылдардағы білім беруде үлкен ілгерлеушілік болғанын атап көрсетеді. Қорыта айтқанда, Шәмшиден ағаның мектеп табалдырығын аттауы, мектептердің жаңадан ұйымдастырылу кезеңімен тұстас келді. Құмдағы ауыл мектебінен екі жыл сауатын ашқан ол, кейін алыстағы теңізге жол тартады. Ол кезеңді интернат жоқ, сондықтан азық-түлік жинап қатынап оқиды. Бұл мектеп бұрын Теңізде правитель болған Құрманбаев Қайырлының тас қыстауына орналасқан болатын. Шәмшиден аталған мектепте мұғалім Хасанов Рақымның қарауында бір жыл ғана оқиды. Ауылдан қатынау, азық-түліктің тапшылығы оған білімін осы мектепте жалғастыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, Теңіз ауданының Кабаков елді мекеніндегі балалар үйіне жол тартады.

Осы жол жайын кейін Шәмшиден Шәріпов «Бір дорба құмаршық» очеркінде әңгімелейді.

Кобаков балалар үйінде оларға белгілі домбырашы, қазақтың жауынгер-композиторы Смағұл Көшекбаев (1904-1945) мұғалім болып, дәріс береді. Шәкең Смағұлдың үйінде талай рет болып ән салып, күй тартқан [1].

Смағұл Көшекбаев Атырау облысы Теңіз ауданында 1904 жылы дүниеге келген. 12-13 жасында күй тартумен әуестеніп, Мұхиттың әндерін жатқа айта бастайды. Қазан төңкерісінен кейін ауыл мектебіне мұғалім болып орналасқан, 1932 жылы Қызылордадағы мұғалімдер курсы бітіріп, ауылдағы мұғалімдік қызметін одан әрі жалғастырады.

1936 жылы Алматыда өткен көркемөнерпаздар байқауында жүлделі орын алып, қазақ филармониясына домбырашы болып жұмысқа қалады. 1940 жылы Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ студиясының композиторлық курсы бітіреді. Шәмшиден Шәріпов өз естеліктерінде өзінің домбырашылық өнерінің өсуіне, шыңдалуына Смағұл Көшекбаевтың ерекше әсер еткенін сүйсіне айтады. Шәмшиден Сейтектің «Заман-ай», «Жантаз», «Қарабас», Смағұлдың «Ортпа» күйлерін осы Смағұлдан үйренеді.

Бұл өмір жолын жаңа бастаған талантты балғын жастың әрі қарай өрлеуіне зор ықпалы болғанын атап өту керек.

Ш.Шәріповтің мұнан кейінгі білім алу жолы 1935-1936 оқу жылында Теңіз ауданының Киров атындағы интернатында жалғасады. Мұнда ол бесінші кластан оныншы класқа дейін, яғни бітіргенше оқиды. Шәмшиденнің шығармашылық өнерінің шыңдалуына мектеп жанындағы домбыра үйірмесі көп септігін тигізді. Музыка мамандарының тапшылығына орай, үйірмені жоғары класс оқушылары Молдағалиев Қайыржан мен Мусағалиев Іскендір басқарды. Олар ол кезде домбырамен қоса мандолина аспабын да шебер

меңгерген еді. Басқа да шалғайдағы ауылдар сияқты Теңіз ауданының мектептеріне шет ауылдарына патефон сияқты музыка ойнайтын аспаптар келе бастады.

Осы арқылы Алматыдан шыққан Құрманғазы оркестрінің орындауындағы шығармалар жазылған күй табақтары, ертедегі хиссалар, «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Ер Тарғын» қойылымдарындағы әндер енді ауылдарға тарай бастады. Кейін Ш.Шәріпов өз естеліктерінде Құрманғазының «Серпер», «Сарыарқа», «Ақсақ киік», «Балбырауын», «Қос алқа» күйлерін осы күйтабақтар арқылы үйренгенін толғана жазады. Мектеп қабырғасында өткізген он жылды аяқтап, музыка өнерін ғана емес, сол заманғы ұстаздары үйреткен білімді де терең меңгерген Шәмшиден Шәріпов ұстаздық етуді өз алдына ең ізгі де үлкен мақсат етіп қояды. [3]

Сөйтіп, елімізге үлкен ауыртпалық әкелген сұрапыл 1941 жылы өзінің туған жері, Забурын (қазіргі Зейнеден ата) елді мекенінің Калинин атындағы жеті жылдық мектебіне физика-математика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Сталинград майданына өте жақын орналасуына байланысты Атырау аймағы «Соғыс жағдайында» деп жарияланған болатын. Сондықтан Забурын жерінде орналасқан әуе шабуылынан қорғаныс қызметіне де белсене араласып, орыс, украин жауынгерлеріне әркез мандолинамен тамаша әндер сыйлайды. Мектепте жұмыс жасап жүріп те домбырашылық өнерін әрі қарай шындай түседі.

Ауылдық жерлерде мұғалім кадрларының жетіспеуіне байланысты Шәмшиден Дәулетұлы 1943 жылы Новобогат селосындағы Амангелді орта мектебіне жұмысқа жіберіледі.

Ш.Шәріповтің нағыз ұстаздық музыкант ретіндегі таланты осы кезеңдерден бастап ашылады. Ауыл мәдениетін көтеруде елеулі еңбек етеді. Мектеп, село клубы, аудан көркемөнерпаздар жұмыстарын ұйымдастыруды басқарады. Шалғайдағы малшы ауылдарына барып өнер көрсету де оның үлесіне тиеді. Ш.Дәулетұлы 1950-1951 оқу жылында ең алғаш Әзидолла Есқалиевке сабақ бергенін кейін оны домбыра үйірмесіне тартып, үлкен өнерге бағыт бергенін тебірене жазады.

Ә.Есқалиев 1934 жылы Теңіз ауданы Құрманғазы селосында дүниеге келген. 1958 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін бітірген. 1955-1960 жылдары қазақ филармониясының, 1960 жылы Қазақконцерттің, 1990 жылдан бастап консерваторияның профессоры, «Қазақстанның халық әртісі» деген құрметті атағы бар ол Құрманғазы, Мәмен, Сейтек, Дина күйлерін шебер орындаушы.

Сондай-ақ ол «Жастар», «Шаттық» күйлерінің авторы. Жастар мен студенттердің Москвада өткен фестивалінің лауреаты. Міне, бір кездері Ш.Шәріпов тәрбиелеп, үлкен өнерге жол көрсеткен Әзидолла Есқалиевтің шыққан өнер биігі осындай.

Ш.Шәріповтің өнер мектебінің даму тарихындағы ең ұмытылмас оқиғаларының бірі, ол оркестр ұйымдастыру еді.

1954 жылы Атырау (Гурьев) облысының көркемөнерпаздарының байқауына Новобогат ауданынан 25 адамдық домбыра оркестрі

катысады. Оркестр байқаудан жүлделі орын иеленеді. Міне, осыдан қанаттанған Шәмшиден енді оркестр құру ісімен шындап айналыса бастайды.

1955 жылы Чапаев кеңшарына жұмысқа ауысқан Ш.Шәріпов 15 адамдық домбырашылар ансамблін ұйымдастырады. Бұл ансамбль 1956 жылы аудан көркемөнерпаздарының байқауында бірінші орынды иеленді. Осы жылы есте қалар оқиға Алматыдан Ахмет Жұбанов келіп, ансамблдің алғашқы өнерін тыңдап, жақсы баға береді. Жалпы, Ахмет Жұбанов (1906-1968) Қазақстанның аймағында халық аспаптар оркестрлерінің қалыптасып дамуына көп қамқорлық жасады. (Ж.Реалдин. А.Жұбанов. Алматы 1966 ж. П.Арабин. А.Жұбанов Алматы, 1966 ж. Б.Ғизатов .Академик А.Жұбанов, 1972) [3].

1956 жылы Атырау облысының көркемөнерпаздарының байқауына Ш.Шәріпов «Құрманғазы» атты әдеби-музыкалық композиция жазып, дайындайды. Оркестр құрамы көбейіп, 70 адамға дейін жеткізіледі. Жақсы дайындық, көркемдік жетекшінің еңбегі арқасында оркестр облыста I орын иемденіп, Республикалық байқауға жолдама алады. Ал Чапаев кеңшарынан барған Ш.Шәріповтің басқаруындағы оркестр Құрманғазының «Саранжап» күйін орындап жүлделі орын алады.

1958 жылы Махамбет ауданы көркемөнерпаздарының байқауында Ш.Шәріповтің мектеп оқушыларынан құралған домбыра оркестрі I орын алған. Осы байқауға оркестр құрамында болған 6-класс оқушысы Қаршыға Ахмедияров өзінің домбырашылық өнерін осылай бастаған еді.

Қ.Ахмедияров 1946 жылы Махамбет ауданы Таңдай селосында дүниеге келген. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, күйші-композитор. 1972 жылы Алматы Мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетін бітірген. 1967 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияның профессоры, «Қазақстанның халық әртісі», үлкен ұстаз. Қ.Ахмедияров «Шашақты найза – шалқар күй», (1983) «Дина» (1997) кітаптары, «Нарын», «Қуаныш – Сағыныш», «Аққайың», «Желдірме», «Алтын ұя» т.б. күйлері, еңбектердің авторы.

Негізінен халық композиторларының шығармаларын орындайды. Міне, Ш.Шәріпов дайындаған шәкірттің бір қыры.

Осы кезеңдерде Ш.Шәріповтен дәріс алып, өнер мектебінен өткен адамдар аз емес. Ібішев Ғатау, Марданов Өтеген, Дүйсеев Қалидолла, Ідіркенов Өтеміс, Тастанбеков Ғатиет, Құспанов Жолдас, Латифуллина Рая, Ғилажев Байболат сияқты әнші-домбырашылар болатын.

1960 жылы Атырау облысы өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуында ерекше асуларға жетті. Көптеген өндіріс орындары ашылды. Халықтың мәдени-тұрмыстық жағдайы жақсара бастады. Жаңа үлгідегі мектеп, мәдениет үйлері бой көтерді. 1967 жылы Чапаев кеңшарында жаңа 400 орындық мәдениет үйі салынды. Күйшілік, әншілік өнердегі табыстар мектеп ұжымдарында ересек оқушылар ғана емес, бастауыш кластардағы бүлдіршіндерді осы өнерге тартуды алға қойды. Шәмшиден Дәулетұлының осы бір еңбегі міне, осы арада тағы бір көрінді. 1968 жылы бастауыш

кластардан жиналған 15 – оқушы құрамында «Балдырғандар» ансамблін ұйымдастырады. Ансамбль «Светит месяц», «Балбырауын» күйлерін орындайды. Шаштарына ақ бантик байлаған, аяқтары жерге жетпей отырып, халық композиторларының шығармаларын тамаша орындаған бүлдіршіндерге тыңдаушылар қатты риза болады. Иә, олардың өнердегі тұсаукесері де Ш.Шәріповтің үлесіне тиіпті. Олардың арасынан кейін ел сыйлаған азаматтар, домбырашы-күйшілер – Маштахова Салтанат, Дүйсеев Құттыгерей, Үлкенбаева Айгүл, Шәріпов Төребек, Салауат, Болат Қапизовтар, Дәулетов Манарбектер шықты. Құттыгерей мен Манарбек Атырауға, республикаға белгілі дарынды өнер иелері. Айгүл «Тірі Дина» аталып жүрген майталман домбырашы, ұстаз, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Алматы Мемлекеттік консерваториясының ұстазы [4,5].

Өңірдің өткен өміріне бір сәт қана ой жүгіртіп, көз алдымызға елестетсек, Атырау – Жайық, Нарын географиялық атау ғана емес, бай тарихы, сарқылмас сыры, таусылмас жыры, күмбірлеген күйі бар шежірелі де өнерлі өлке.

Көрнекті жазушымыз Ғ.Мұстафин былай деген еді : «Гурьев облысында кең байтақ даламен жол үстінде кездесе қалып, жөн сұрасаңыз, біреуі ән салатын, біреуі домбыра тартатын болып шығады.» Шынында солай, біздің өлке ежелден өнер дарыған өлке. Бұл өлкеде домбырасыз үй ілуде біреу ғана кездеседі. Ол дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келеді.

Ал Шәкеңнің өз ұлы Төребек Қызылордадағы педагогикалық институтының музыка факультетін бітіріп келіп, Аққыстауда ұзақ жыл музыка мектебінің директоры, аудандық мәдениет үйінің директоры қызметтерін жемісті атқарды. Көптеген әндер жазды. «Айгөлек» атты вокальды-аспапты ансамбль ұйымдастырып, облыс халқы алдында талай тамаша концерттер қойып, ел алғысына бөленді. «Айгөлек» ансамблін қазіргі уақытта кейінгі жастардан құралған музыканттар өнерін жалғап жүр. Төребек «Жайық», «Сол сағыныш қоймады жазбасыма», «Сен маған биік бол дедің» т.б. әндердің авторы. Терең сауатты, тамаша әнші еді. Амал қанша өмір жасы қысқа болды. Кемелденген дер шағында дүниеден озды. Халқына, өнер сүйер қауымға бергенінен берері көп еді. «Ат тұяғын тай басар» - деген қазір қыздары Ажар мен Анар да тәрбиелі, тәлімді, өнерлі болып өсіп, аудан, облыс сахнасында өнерімен көрінді. Ажар Атырау университетінің музыка факультетін бітіріп, ұстаз болып жүр.

Ажардың өмірлік жары Маңғыстаулық азамат Медет Қарамурзиевте өнерпаз әнші.

Шәмшиден Шәріповтің өмірнамалық жолы өзінің халқына істеген еңбектерімен, тәрбиелеп ұшырған шәкірттерімен құнды.

Ш.Дәулетұлы ауыл мәдениетін дамытудағы мектеп, ауыл, село клубтарын, халық театры мен ұлт-аспаптар оркестрінің мәнін өзінше бағалай отырып, оларға кадр дайындау керектігін ойда ұстады.

Шәмшиден Шәріпов ең алдымен ұлағатты ұстаз.

Ол мектепті бітірісімен өзінің еңбек жолын ұстаздық қызметтен бастады. Өзінің туған ауылы Забурында (қазір Зейнеден ата) математика пәнінен сабақ берді. Сабақ бере жүріп оқушылардың тәрбие жұмысына тікелей атсалысты. Ол өз сөздерінде «Жанұяда бала тәрбиелеу ісінде негізгі рольді ата-аналар атқаруы тиіс»- деген еді. Ол кісінің сол кезде айтқан сөздері күні бүгін өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Ол кісі тәрбиелік тақырыпқа «Бір дорба құмаршық», «Аяқ қырғышқа талас», «Екілікті ойып әкетті», «Менің өнер мектебім» атты әңгіме-очерктер, «Оқымасаң адам болмайсың», «Білім, талап, өнеге», «Бақыт күреспен келеді», «Талғамға тәрбие керек» деген әңгіме сұхбаттары баспа беттерінде жарияланды. Әсіресе 12 – 16 жас аралығында жасөспірімдердің сезімінің албырт, еліктігіш болатынын, жағымсыз әдет – ғұрыштар мен келеңсіз көріністерге тез бой алдыратынын, бала тәрбиесіне терең назар аудару керектігін баса айтты. Мұғалім беделі оның білімі мен адамгершілігінде, орынды талап қоя білуінде. Мұғалімнің саясаттан, әдебиеттен, өнерден, ғылымнан жан-жақты хабардар болуы оның оқушы алдындағы беделін өсіруге септігін тигізеді.

Ш.Шәріпов ауыл жастарына жан-жақты тәрбие беру саласында да көп еңбек етті. Ауылдағы клубтар, спорт алаңдарының, кітапханалардың, театрдың, көркемөнерпаз ұжымдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы атсалысып отырды. Шығармалары : «Абай сыры», «Дружина маршы», «Мектеп бітірушілер әні», «Шалқыма», «Ауыл шаттығы», «Жас екпін», «Ұмытылмас достарға» т.б.

Шәмшиден Дәулетұлы ұлағатты ұстаз, композитор, үлкен ұйымдастырушы болумен қатар, саналы шаңырақтың иесі ұйытқысы болды. Жұбайы Мүслима екеуі үш ұл тәрбиелеп өсірді. Мүслима апай ұзақ жылдар бойы Чапаев кеңшарында (қазіргі Тұщықұдық) балабақшада жас жеткіншектерді тәрбиеледі.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген қанатты сөзді есінен еш шығармаған Шәмшиден аға бар саналы өмірін жастар мен бала тәрбиесіне арнады. Отыз жылдың үстінде ұстаздық қызметте болған Шәкеңнің еңбегі елеусіз қалған жоқ.

Облыстық «Еңбек даңқы» кітабына енгізілді. «Халық ағарту ісінің озаты», «Қазақ ССР-ң мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер» деген құрметті атақтарға ие.

Түйіндеп айтар болсақ, қарапайым мұғалімнен, республикаға белгілі күйші-сазгер, өмір жолының өзі тұнып тұрған өнеге болатын ұлағатты ұстаз дәрежесіне дейін көтерілген, абзал азамат Шәмшиден аға туралы зерттей отырып, жазған өнер туындылары мен педагогикалық еңбектері болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен орны бар екеніне көз жеткізуге болады.

Егеменді еліміздің ертеңі болар болашағымызға өз туған жерінің тарихын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін білу, оны жасаушы қоғам қайраткерлері, елге белгілі еңбегі сіңген өнер иелерін тереңірек білу керек.

Биыл тірі болса Шәмшиден аға 100 жасқа толар еді. Осы мерейлі тойын ауданның өнер сүйер қауымы, мәдениет орындары, ол кісінің көзін көріп,

тәлімін алған ел ағалары басшылық жасап, кең көлемде атап өтсе нұр үстіне нұр болар еді.

Ауданымыз көлемінде Шәмшиден Шәріпов атындағы өнер конкурстары өткізілсе, өскелең ұрпаққа композитор, әрі ұстаз мұрасын насихаттауға үлес болар еді. Шәмшиден Шәріповке арнап өзі еңбегімен өшпес ізін қалдырған Тұщықұдық жерінде ескерткіш бюст орналастырса кейінгі ұрпаққа танып білуге, құрметтеуге қосылған үлес болар еді.



Шәмшиден Шәріпов жанұясымен бірге



Торбектің өнердегі алғашқы қадамдары



Аудан өнерпаздары концерттен кейін



Үгіт бригадасы маңы ауылдарды аралауға шығар алдында



Шәмшиден Шәріпов пен Тәжібаев Озган «Шалқыма» күйін ойнап отыр 1971ж



*Атырау университетінің
музыка факультетінің
студенті
Ажар Төрбекқызы ата өнерін
жалғастырушы ұрпағы*



*Анар Төрбекқызы
«Әнші балапан» сайысында
Әкесінің әні «Жайығымды»
орындап жүздеген атанды*



*Ажардың өмірлік жары Медет те
өнерлі азамат*

Әдебиеттер тізімі.

1. «Нарын таңы» газеті. 1990 жыл, қараша-желтоқсан.
2. «Ұстаз, әнші, композитор» //құрастырған Педгогика ғылымының кандидаты Құттығұл Мусағалиев.// Қызылорда. 1974 жыл.
3. «Ауыл шаттығы» // Қуаныш Мусағалиев // Атырау 2002 жыл.
4. «Исатай ауданы энциклопедиясы» Алматы 2003 жыл.
5. «Балдырғаннан басталған биіктік». Нарын таңы газеті. № 63, 25 мамыр 1985 жыл.

МАХАМБЕТ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ТАРИХЫ

С.Е. Купашев - Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, магистр, Атырау облысы, Махамбет а.

Махамбетті - Яманка, Яманхалинск деп орыстар атаса казактар яғни татар, ноғайлардың «Яман»сөзі қазақтың «Жаман» сөзімен үндестіріп Жаманқала деп атаған. «Жаманқала»атауы тек қазіргі Махамбетке ғана тән емес,қазақтар кезінде Ор қаласында Жаман қала атаған ғой. Бір кездерде патша өкіметіне қзмет еткендердің бір бөлігі осы жерді бекініс тіп мекендеді. Жәңгір хан Баймағанбет сұлтанды жұмсап, Исатай Махамбеттерді ұстауға жібергенде Жайықтан көк мұзға киіз төсеп өтіп бара жатырған көтерілісшілерге де жебеу болған Жаманқала.Бір кезендері патша өкіметінен жарылық күткен Бөкей сұлтан інісі Шығай екеуі осы Жаманқаладан пәтер жалдап қыстап шықты. Жайықтың жағалай талына әсем көркіне қызыққандар Сарайшықтан шығып Жамақалада ат ақ орысы да,қазағыда қоян-қолтықтасып осы Жаманқалада тіршілік етті.Мұрағат құжаттарына сүйінсек кеңес үкіметі құрылы, Жаманқалада болыстық болған кезден-ақ, бұл мекенге басшылық еткендер көбінесе орыстар болған.Жайықтың арғы беті мен бергі бетіндегі қарым-қатынас үшін де ең қолайлы жер Жаманқала еді.1931-1934 жылдары қазіргі Махамбет Жаманқала поселкелік кеңесі деп аталынат,ол Гурьев аумағына қарайды.

1932 жылы 29 наурызда Сергей Ксенофонович Придановтан жауап алынып, сегіз мүйізді ірі қара, алпыс центнер балықты қазынаға тапсыру керектігі туралы шара қолданылған.

Жаманқалада Жаманқалада 30-шы жылдардың басындағы деректер бойынша 195 кулак болған екен. Бастапқы кезендерде поселкелік Кеңес аппаратында тек негізгі мәселелермен айналысатын ғана адамдар қызмет

істеді. Мысалы:1934 жылы мұндағы аппаратта 4-ақ адам қызмет істеген. Олар: Бузонов Иван Иванович-төраға, Ықыласов Нұғман-хатшы, Тарабрин Н.Г.-базар бастығы,Канцев В.Г.- есепші болған.Ол кезде де салық село бюджетінің көзі болды.1931 жылы Жаманқала селолық кеңесі 33 жұмысшы қызметкерге 2929сом 75 тиынның салығын салған.Қызыл әскер жанұялары да ол кезденазардан тыс қалдырылмай Канцев, Тарабрин, Насинковтар,Жерихов,Мұхтаров Жолдас,Бакиров,Бекмағамбетов Темір,Қазменова Жұмағыз,Досаев Жанғали сияқты отбасылар осы санатқа жатқызылып,салықтарын жеңілдікпен төлейтін болған.Жергілікті жерлердегі ұжымшар мүшелері мен аз қамтылғандарға демеу болу да,жергілікті органдар назарынан тыс қалмаған.Айталық Гурьев округтық атқару комитетінің 1934 дылы 17 шілдедегі №1071 шешімімен жоғардағы санаттағыларға орман шаруашылығы қорынан 15 гектардан жер бөлінген.Мұның өзі мал өсіру, егін егу мүміндіктерін туғызған жағдайлар еді дегенмен сол кезеңнің темірдей тәртібі де поселкедегі атқа мінерлер үшін оңайға түскен жоқ.Махамбет балық кәсіпкерлігінің де орталығы болы.1931 жылы 19 маусымда 15 түк картопты қолды еткені үшін жауапты Нұрышев Шоқпарды прокурордың шешімімен жұмыстан шығарып жіберіп кеңес төрағасы Ептифанов пен хатшы Хакимуллинге қатаң шара қолданған.Осының өзі сол кезден-ақ қоғам мүлкіне жіті қарау керектігін үйреткен болса керек.1931жылғы 26желтоқсандағы деректер бойынша Жаманқалада 110жанұя,62 ұжымшар мүшесі,52 жекеменшікшіл шаруалар болған.Жаманқалада «Верный путь» деп аталған ұжымша жұмыс жасаған.Жоғарыдағ110 жанұяның меншігінде сол жыл 26сиыр 3 жылқы,1 түйе,14 бұқа болды деген есеп бар.Соған қарағанда Махамбетте мал ұжымшалары көп болмағанға ұқсайды.Қазынаға тиесілі малдан жеке меншіктегі үлес салмағы өте аз.Тағы бір дерек,944 жылдың наурыз айында Жаманқала поселкесіндегі 31 азаматта 48 аналық сиыр болса, олардың ішінде Иманғалиев Әліп деген мал ұстайтып бір ғана қазақ болған.1934 жылы Жаманқалада бірінші,екінші сатылы мектепте 8 ғана мұғалім қызмет еткен.Оның директоры М.Ф. Харкин болған. Сол жылы Жаманқала бастауыш мектебінде Мұңғатов,Тудаков,В.Чекиналар мұғалім және 2 техникалық қызметкерлер болса осылар бұл міндеттерін 1938 жылға дейін атқарып келген.

Жоғарыда айтқанымыздай Жаманқалада орналасқан «Верный путь» ұжымшары 1932-1933жылдарда сырттан екі жүзге жуық жұмысшыларды тартқан.Әсіресе Гай,Топайлы,Харкин,Краснояр,Горы,Лебедка,Бақсай сияқты жерлерден Махамбетке келіп жұмыс жасаушылар көбейгенге ұқсайды.1935 жылы «Верный путь» ұжымшарында 177 мүше,47 жекеменшік шаруалар болған.1936 жылы қараша айында Жаманқала поселкелік Кеңесінде М.И.Голосов-төраға,А.Ф.Власов-хатшы,П.О.Приданов-мәдени

қызметкерлер, Ә. Нұржанов - есепші, әрі базар бастығы болып атқарған. «Верный путь» ұжымшары 116 гектарға егін салып, оның 15 га бидай, 2 га арпа, 30 га кортоп, 4 га тары қалғанына мал азықтық дақылдар еккен. Осының өзінен Жаманқала тұрғындарының о бастан-ақ егіншілікке бейім болғаны аңғартады. Жаманқалада қарапайым аңшыларда аң аулауды кәсіп еткені байқалады. Айталық 1938 жылы қазан айындағы мәлімет бойынша 16 калибрлі мылтықтары бар 16 аңшы тіркелсе, оның 3-уі қазақтар болғаны көрсетілген. 1939 жылы Жаманқала Кеңесінің аппарат құрамы бұрынғыша, М. И. Голосов - төраға, А. Дүйсенбей - хатшы, Ж. Бөлекбаева - есепші, К. Мұхамедияров - сауатсыздықты жоюшы болып өзгерген. Тағы бір мұрағаттық құжатқа сүйенсек 1942 жылы Жаманқала Кеңесінің төрағасы болған Айтпаевтың және хатшысы Хабдусалимовтың қолдарымен әскери комиссариатқа 1925 жылы туылған 35, 1926 жылы туылған 33 жастың тізімі берілген. Осылардың 10-шы сынып бітіргені біреу ғана. Ұлы Отан Соғыс жылдарында да жаманқалалықтар жауға қарсы қиян-кескілежылы скен ұрыстарға қатысты. Кеңестер Одағының Батыры атанған Георгий Федорович Каниевты махамбеттіктер әркез мақтан тұтады. Сондай-ақ, II-III дәрежелі «Даңқ» орденінің кавалері Георгий Кузнецкин де майдан шайқастарында ерлігінің танылған азамат болатын. Соғыс жылдарында аудандық әскери комиссариатты капитан шеніндегі Колин басқарды. Жаманқала Бақсай ауданы қайта құрылғанда да аудан орталығы болды. Мұнда алғашқа машина-трактор станциясының ұйымдасуы басқа да аудандарға септігін тигізді. Егер 1944 жылғы маусым айындағы нан алу кәртішкелеріне сүйінсек, МТС-та 62 адам жұмыс жасаған. Бұл ер азаматтардың дені соғысқа аттанғанның өзінде, Жаманқаладағы жұмыстың ырғақты болғанын дәлел дегендей. Селода аудан құрылған алғашқы жылдары фельшерлік пункт жұмыс жасады. Оны Переплькин деген фельдшер меңгерді. 1937 жылы мұнда дәрігерлік амбулатория ашылып, жоғары білім болмағанымен фельдшер дәрігерлік еткен. 1939 жылы дәрігерлік еткен Запраметов Георгий, ал қазан айынан бастап Мария Алексеева Асейчева келеді. Маман дәрігер келісімімен аналар мен балалар үшін консультациялық бөлім ашады. Жаманқалада халық ағарту саласы да жыл өткен сайын дами түсті. Айталық 1938-1939 жылдары оқу жылында 8 сынып болса, орыс, қазақ балалары аралас оқып, оларға 20 мұғалім сабақ ерген. Мысалы 1-сыныпта 60 орыс, 66 қазақ балалары оқыған. Жаманқала аудан орталығы болғандықтан мұнда аудандық мекемелер де құрылып, жұмыс жасай бастады. 1938 жылы поселкеде 49 түйе, 102 жылқы, 570 бас сиыр, 366 бас қой-ешкі жеке тұрғындар иелігінде болды. Яманқаға қарайтын төрт елді мекен болған. Олар: Сарытоғай, Северный машина-трактор стансасы, Кенже, Яманқа. Сонымен аудан орталығында 497 үй, 1772 тұрғын халық тұрды. Жаманқалада тұрғындардың ұылшаруашылығымен айналысулары үшін жағдай туғызу

керегі де назардан тыс қалдырмады. Аудандық атқару комитетінің 1930 жылғы 17 қаңтардағы Президиум мәжілісінде біраз мәселе қаралған. Осы мәжілістің күн тәртібіне енген мәселелерінің бірі, ауданда жүн дайындауға селолық кеңестерге тапсырмалар берілді. Яманхалинск кеңесіне 62 пұт жүн дайындау тапсырылып, уәкілдікке Базиков бекітілді. Сондай-ақ, жаппай ұжымдастыру жүргізу үшін уәкіл болып Зайиев пен Фаустев бекітілді. Кедейлерді ауылшаруашылығы салығынан босату, ауылшаруашылығын көтеру мақсатымен, несие серіктестігін Жаманқала тұрғындары үшін құру мәселесі де осы мәжілісте шешілді. Несие серіктестігінің жұмысын жолға қою үшін бұл қызметті атқару Борзиковке жүктелген. Жаппай ұжымдастыру байлардың мал-мүліктерін тәркілеу сол кездегі «үштіктің» бейлігіне беріледі. Сүйтіп Жаманқала жерінде малдарды топтастырау арқалы ұжымдық шаруашылық өмірге келді. Жоғарда айтып өткеніміздей жылқы малына аса мән берілді. Мысалы: «Верный путь» ұжымшарында 33 жылқы болса, олардың түрі, түсі, жасы, тұрқы бәрі де хатталып, аттарына дейін тізімделген. Жылқыларға Толстов, Бухгалтер, Профсоюз, Советская, Военкомат дейтін де атаулар берілген. Өйткені жылқы сол кездің мініс көлігі ретінде қадірленетін.

Сауатсыздықты жою науқаны да Жаманқалада жедел жүргізілді. Егер 1936 жылы 25 қазақ пен 15 орыс сауатсыздықты жою мектебінде тартылса, келер 1937 жылы 144 адам оқыған. Сауатсыздықты жою, сауаттыларды оқыту үшін курстарда 5 мұғалім тартылған. 1938 жылы сауатсыздықты жою мектебінде 234 адам оқыды. Поселкелік кеңесте, әсіресе, әйелдр арасында сауатсыздықты жою мәселесі оқтын-оқтын қаралып, егжей-жеңіл талқыланып тұрылды. 1936 жылы Жаманқала мектебіне 269 бала тартылды. Кеңшар мүшелерінің балалары 67, ұжымшар мүшелерінің балалары 70, балалар үйінен 102, жеке шаруалардан 30 бала оқыды. Ұлы Отан Соғысы басталған кезеңде Жаманқалалықтар да Отан қорғауға аттанды. Небір қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерген аудан орталығы өмір ағымымен бірге өсті, өркендеді, жаңа құрылыстар бой көтеріп, керегесін жайды, уығын тіктеді. Пошта байланыс бөлімшесі, клуб салынды. Аудандық комсомол комитетінің 1-конференциясы 1938 жылы жаңа салынған мәдениет үйінде өткізілді. Жаманқала атауы құлаққа түрпілей тигенімен, уақыт өткен сайын көшелер бой түзеді. Мұнда алғашқы Гурьев МТС-нің ашылуы, поселкеде жаңа тұрғын үйлердің көбейіп салынуына септігін тигізді. Механизаторлар үшін асхана, дүкен бой көтерді. Сөйтіп, аудан орталығы орыстың Яманкасы қазақтың Жаманқаласы алыстағыны түнеттіріп, жақыннан келгенді түстендірген мекен болып бой түзеді. 1938 жылы мұнда коммуналдық шаруашылық бөлімі құрылады. 1940 жылдардағы құжаттарға сүйенсек, сол кездегі аудан орталығында бір монша, 2310 шаршы метр муниципалдық үйлер болған. 1931 жылы сәбилер үшін балабақша ашылып, оған Евдокия

Георгиевна Каниева меңгерушілік өткен.Қазіргі Махамбет селосының өсуі мен көркейуі жолында атқа мінген талай азаматтар тер төге еңбектенде.Ауатком төрағасы қызметін ұзақжылдар бойына абыройлы атқарған Шырдабаев Тымықбайдың адами қасиеттері мен жұмыстағы жан қиярлыққа толы жігерін ешкім ұмыта алмайды.Жаманқалада талай рет Жайықтың тасыған суын қоршаған да осы Тымықбай сияқты басшылар жан аямай жұмыстанды.Марқұм Күлшәріп Өміршин де аудан орталығының жаңа құрылыстар орталығына айналуына көп үлес үлес қосты.Бір жылдары өкпек жел олай да бұлай соққылап,топырақ бораны тиылмайтын кезеңде аупаркомның бірінші хатшысы Равиль Шырдабаев Махамбет селосын «жасыл белдеумен» көмкеру қажеттігін қолға алды.артына талай із қалдырған осындай азаматтардың рухы қашанда биік 50 жылдары Жаманқалада жеке қожалықтардағы мал саны едәуір өсті.Айталық 1953 жылы селода бар болғаны 55 мүйізді ірі қара,269 қой-ешкі,2 жылқы, 6 түйе ғана болса,үш жылдан соң мүйізді ірі қара 297 басқа,қой-ешкі 1710 басқа,жылқы 34 басқа,түйе 92 басқа,шошқа 62 басқа жеткен.Қазақ ССР жоғарғы кемесінің 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен Есбол және Бақсай аудандары біріктіріліп,Махамбет ауданы құрылды.Аудан орталығы Яманка кенті ұлт-азаттық көтерілістің даңқты батыры,ақын Махамбет Өтемісұлының атымен аталынатын болды.

Бұрынғы Жаманқала (Яманхалинск) селолық кеңесіне,қолда бар тарихт дтректерге жүгінсек, әр жылдары Приданов, Черняев, Пузанов, Тарабрин, Ульянов, Толстов, Истелеуов, Голосов, Қырымбаев, Дүзбаев, Айтпаев, Голосов, С.Жалмұханов, Н.Тағамбаев, О.Ләззатова, Б.Қалиев, Б.Мұхамбетқалиев, Қ.Салықов, Ұ.Төлегенов-төрағалық етті. 1993 жылдың Желтоқсан айында Махамбет селолық кеңесі таратылып, 1994 жылы Махамбет селолық округі әкімі аппараты құрылды. Селолық округтің әкімі болып, 1994 жылдың қаңтарынан қазанына дейін Сұлмаш Қуанышев тағайындалды. 1994 жылдың қазанынан 1999 жылдық сәуір айына дейін Махамбет селолық округі аудандық әкімшіліктің құрамында болып,селоны аудан әкімінің орынбасары басқаратын болды.Яғни 1994 жылдың 21 қазанынан 1995 жылдың қыркүйек айына дейін аудан әкімінің орынбасары Нұртас Мұхтаров,1995 жылдың Қыркүйегіне дейін 1999 жылдың сәуіріне дейін жоғары лауазымдағы Сағынбай ШотпақовМахамбет селолық округтің әкімі қызметін атқарған.1999 жылдың сәуір айынан бастап Махамбет селолық округі дербес округ болып келеді.Округте әр жылдары Ибатолла Дәулетов,Амантай Кенжеғұлов,Нұрлыбай Ожаевтар әкімді етті.2003 жылдың қараа айынан бастап,селолық округі әкімі қызметін Асхат Қабдешов атқарып келеді.Аудан ортлығы Махамбет селосы,бәкене үйлері іркес-тіркес салынған сиқы да оншалықты байқалмайтын кешегі Жаманқала емес,Уақыт өткен сайын жаңарып,жасарып келеді.Әсіресе еліміз тәуелсіздік алған жылдардан

бері қарайғы село өміріндегі оң өзгерістер осыған куә.Махамбет- аудан аумағындағылар ғана емес,облыстың жер-жерінен адамдар қызығатын шырайлыда шұрайлы мекенге айналды.Селоғажан жақтан қоныс аударып келушілер санының жыл сайын ұлғая түсуі сәнді де сәулетті құрылыстардың көптен салынуынан-ақ көрінеді.Алдағы екі-үш жылдың өзінде бүгінгі Махамбет мүлдем басқаша көрік пен сәулетке ие болмақ.Өткен 2007 жылдан бастап ипотекалық әдіспен 80 үй бөлек мөлтек аудан ретінде бой көтерді.Селода 3 орта мектеп,1 саз мектебі, 4 балабақша, орталық кітапхана, балалар кітапханасы, жаңадан салынған мұражай, сәулетті мәдениет үйі бар.Сондай-ақ «АтырауСушар» мекемесінің орталығы, «АтырауЖарық» АҚ-ның филиалы,коммуналдық шаруашылық кәсіпорны, «Қазтелекомның» байланыс турабы және басқа да аудандық мекемелер ғимараттары,бірнеше банктер халыққа қызмет көрсетеді.Округтің жер аумағы 6504 гектар.Селода 8237 тұрғын халық,1511 үйде тұрады.Селодағы үйлер,мекемелер түгелге жуық табиғи газ жүйесіне қосылған.Бүгінде селода 976 бос мүйізді ірі қара,70 бас жылқы, 4148 бас қой, 2415 бас құс,38бас түйе бр.Округтегі жекежәне шаруа қожалықтары егіншілік селосын да ұдайымен беріп келеді.Селодағы «Қорған» шаруа қожалығы жыл өткен сайын өзінің жұыс аясын кеңейтіп келеді.Селодағы 2 базар,3 ағаш өңдеу шеберханасы,2 жанар-жағар май құю станциясы халыққа дамылсыз қызмет көрсетеді.Шағын және орта бизнестегі 1200 ден астам адамның жұмыс жасауы,жылма-жыл халыққа қызмет көрсету орындарынң көптен ашылуы кәсіпкерлеріміздің жаңаға деген ұмтылысын аңғартады.

СЕКЕР КӨЛІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ — ӘНГІМЕЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ажмеденова Г.Т. - М.Отаралиев атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мәдениетінің бастауы, түп төркіндері – сонау есте жоқ, ескі замандарда жатыр. Ол мұраны қазақтың бай ауыз әдебиетінен, сонау Орхон-Енисейден басталатын көне түркі ескерткіштерінен, тарихи жазба мұралар мен осы күнге дейін тұрмыс-тіршілігімізде орын алып келген салт-дәстүрлерімізден табамыз.

Ерте замандағы көшпелі қоғамының көркем ой тарихында ауыз әдебиетінің алатын орны ерекше. Халық өзін қоршаған табиғат құбылыстарын, тұрмыс-тіршілігіне байланысты көңіл-күйін, мұң-мұқтажын,

өлең, қара сөз арқылы көрсеткен. Ондай шығармаларды ауызша шығарып, халық арасына кеңінен таралып, біздің заманымызға жеткені бәрімізге мәлім. Сол кездегі халықтың есте сақтау қабілеті күшті болғаны соншалықты ықылым заманнан бері сол шығармалар әр түрлі өзгерістерге ұшырап, сан алуан нұсқалары, түрлері пайда болып, халқымыздың ақыл-ойының інжу-маржаны, алтын бай қазынасы толықтырып, жасақталды.» [2].

Сахара тұрғындарының қиындығы мол өмір-тіршілігі оларға қойылатын талаптардың қатаң болуын керек етті. Көшпелі халық қара күшке мығым, төзімді, құбылмалы табиғатқа икемделгіш, кемелденген адамдарды қажет етті. Қыр адамы ес білгеннен із кесіп, жол қарап, жұлдыз бағдарлап өсетін болған. Қайда жүрсе де олар ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы мақал-мәтелді, ертегі мен аңызды, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық еткен. Халықтың тарихын, тағдырын түп негіздерін тану үшін ауыздан-ауызға таралып келген уақыт шаңына көміліп қалмай, саф алтындай сараланып жеткен аңыздың мәні зор. Әрине аңыздар тарих оқулығының орнына жүре алмайды, олардан болып өткен оқиғалардың дәл жылы мен айын анықтап білу қиын. Сонда да болса аңыздар шежіре тізбегінің ұлы көшінен адастырмайтын, ақиқатты тек өзіне ғана тән тәсілдерімен жаңғыртып елестететін аса қымбатты куәлік болып табылады. Аңыздарда елдің белгілі бір дәуірлері мен оқиғалары, тарихи қайраткерлер жайлы өз түсініктері, бағасы сақталған. Ал қандай да бір болмасын жағдайдың аңызға айналғанда, белгілі бір дәрежеде, әсіреленіп берілетіні ауыз әдебиетінің әуелден бері келе жатқан шарты. Қиял араласпаса, жамағатшылықтың ерекше ілтипаты болмаса және сан рет қайталанып айтылмаса, шындық дегеннің өзі бірте-бірте көмескіленіп, ақырында мүлде ұмытылып кетуі ғажап емес. Сондықтан да қиял – шындықтың шегесі деп бекер айтылмаған [3, 39 б.]. Аңыз өмірде болған елеулі оқиғалар, ертеректе өмір сүрген көрнекті адамдар және белгілі бір жер-су, мекен жайлы баяндайды. Сол себепті ел арасындағы аңыздағы айтылатын оқиғалар мен іс-әрекеттер ақиқат нәрсе деп қабылдаған. Аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса, бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі, бір аймақта болған оқиға туралы, немесе атақты қайраткер жайында баяндайтын ауызекі әңгіме [4, 8 б.].

Сарайшық десе Секеркөл жайындағы аңыз еске түседі. Сарайшықтың көркіне көрік қосқан Секеркөл мен алтын қайық туралы аңыз халық арасында жиі айтылады. Осы бір аңыздың өзінде ұрпаққа танымдық және тәрбиелік мәні ерекше деп айтуға болады. Осы аңыздың әр бөлігін алып қарасақ тәрбие мен өнегеге толы.

«Қазақ тарихында өзіндік із қалдырған, заманында қазақ мемлекетін басқарған ұлы хандардың бірі – Өз-Жәнібек Сарайшық қаласында аз уақыт хандық құрған уақытында ханның ең сүйікті қызы Сарайшық қаласын ерекше жақсы көрген екен.» [1].

Дүниедегі ең маңызды іс-ұрпақ тәрбиесі. Өз Жәнібек хан хандық қызметін, мемлекет құрып, Сарайшық қаласын көркейтіп дамытуынан бұрын

өз баласының жан дүниесін дөп басып адамгершілікке, бала жанының жан дүниесінің сұлу болуына тәрбиелеуі осы аңыздан ерекше көрініс табады. Осы үзіндіден біз Әз-Жәнібек ханның өз қызының қалауымен санасуы, бала жан дүниесін түсінуі, қамқор мейірімді әке екендігін көреміз.

«Күндердің күнінде Әз-Жәнібек хан сол қызына арнап Сарайшықтың күнбатыс жағынан жасанды көл жасатқан. Суын араға 15-20 күн салып жаңартып, әр ауыстырған сайын көлдің бетіне қайықпен жүріп, секер септіретін көрінеді. Секер себетіні – су неғұрлым тәтті болса, аққу соғұрлым көп келіп, ұзақ тұрақтайтын болған. Сондықтан да бұл көл тарихта «Аққу көлі», кейде «Секеркөл» деген атпен қалған.

Көлдің сәнін арттырайын, халықтың келуін көбейтейін, бұл жерді тірі жұмаққа айналдырайын», деп Әз-Жәнібек хан қызына алтындалған қайық та жасап беріпті. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен (мұражайда сақталған суреті бар) құстарға жем беріп, кісіден үрікпеуге үйретеді. Құс атаулы жаз бойы «Секеркөлде» еркін жүзіп жүреді екен.» [1].

Бұл үзіндіден біз Әз-Жәнібек ханның әке ретінде баласына деген шексіз махаббаты, табиғаттың сұлулығына ғашықтығы, әке ретінде баласының қалауы үшін мүмкін емес нәрсені жасауы, әкенің мен көрмеген нәрсені ұрпағым көрсін, менің қолым жетпеген нәрсеге ұрпағымның қолы жетсін деген әкенің биік мақсаты, арманын көреміз.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тарихымызды жаңғыртуға, бұрын құрдымға кеткен жәдігерлерімізді қайтадан қалыпқа келтіруге болады. Осы баяндама жазу барысында мынадай ой келді. Неге Секеркөлді қайтадан жаңғыртпасқа? Ғылым мен техниканың дамыған заманында секеркөлді қалыпқа келтіріп, көл еркесі, құс төресі сұлу аққу айдынына қайта оралса Сарайшыққа барған адам тарихи жәдігерлермен танысып, секеркөлдің сұлулығына тамсанып рухани бай мұраға ие болып қайтар еді, шет елден туристер тартылып, ел экономикасының дамуына да елеулі үлес қосар еді.

«Жәнібек ханның сол қызы ұзатылғалы жатқанда, 15 жасқа қараған шағында ауырып, кенеттен қайтыс болады. Хан қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге әмір етіпті. «Қызыңыздың осынша байлықпен қоса жерленгенін білген қатыгез, ашкөз біреулер моланы ашып, байлықты тонап кетсе, жалғызыңыздың мүрдесі айдалада қалар. Сондықтан қызыңыздың денесін жасырын жерлеңіз» деп ақыл айтқандар шығады.

Осы кеңеске құлақ асқан Жәнібек хан жеті кісіні шақырып, құпия тапсырма беріпті. Қабір қазылып, түнде қызы жерленген соң, әлгі жеті кісі сол бойда өлтіріледі. Ал қызының моласын ешкім білмесін, ашпасын деген пиғылмен жас қабірдің үстінен түнімен бірнеше үйір жылқыны өткізіпті. Ат тұяғынан тып-типыл болып тегістелген жерден, ертеңіне ханның өзі де қызының моласын таба алмапты деседі аңызда. Содан бастап қызығушылар Сарайшықтың жерінде алтын қайық, алтын табыт, алтын жасау жатыр деп, 1580 жылы казактар қаланы қиратқаннан кейін 11 жыл қазып-қопарып қараған. Бірақ көпті дүрліктірген алтын қайықты тапты ма, таппады ма, ол

жайында осы күнге дейін дерек жоқ. Өкініштісі – бүгінде «Секеркөлдің» тарихи орны сақталмаған, Жайықтың толқынына жұтылып кетіпті.» [1].

Бұл үзінден біз қателік жасамайтын адам болмайтынын, адам арасында дұрыс кеңес беретін және бұрыс кеңес беретін адамдар да болатынын көреміз. Маңызды мәселеге шешім қабылдауда жақсылып ойланып, асығыстық танытпай, көпті көрген көнекөз адамдардың пікіріне сүйеніп, айналамызға тығырыққа тірелегенде дұрыс кеңес беретін дос жинай білу керек деген ой түйеміз. Өз Жәнібек ханның айналасындағы адамдардың бұрыс кеңес бергенінен, ханның сол адамдардың кеңесін тыңдағаннан соңы өкінішке соқтыратын оқиғаға тап болуы, адам баласы үшін ғасырлар бойы сабақ болатын оқиға. Ашкөздіктен, біреуге болмасын деген пиғылдан , дүниеқоңыздықтан жирендіріп, имандылыққа, жақсылыққа, кең пейілділікке үйретеді.

Аңыз өткен күннің тарихы деп айтсақ та , ол бүгінгі күнде де өзекті, бүгінге күнмен сабақтас. Өмір үшін күрес, жақсылыққа талпыну, әр түрлі әрекеттер арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайды оңалтуға талпыну, сол жолдағы кейіпкерлердің ерлігі, халықтың өмірге құштарлығы, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беруі, халықтың арман-мұраттарының аласармас биіктігін көрсетеді. Қазақтың аңыз әңгімелерінде қиял ғажайыпқа толы дүниелер молынан кездеседі, олар адамды асыл армандарға бастайды, биік мақсатқа жетуге қанаттандырады, адамның қиялына қанат бітіріп, ұшқыр ойына қанат бітіреді, болашаққа үміттендіреді.

Әдебиеттер тізімі.

1. «Сәнің қайда, Сарайшық?» Назерке Жұмабай. «Егемен Қазақстан» 14 қыркүйек. 2020 жыл
2. «АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ» Т.ғ.к., доцент Колумбаева Зәуреш Ермековна. Магистрант Муслимбекова Зарина Тұрсынбекқызы
3. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан. 1995. - 350 б.
4. Бабалар сөзі: Топонимдік аңыздар. - Астана: Фолиант. 2011. - 416 б.

ТУҒАН ЖЕР-ТАЙСОЙҒАН

Койшыбаева М.С. - М.Отаралиев атындағы орта мектептің биология пәні мұғалімі

Туған жер – ауылым алтын бесігім. Оның адам өмірінде алатын орны ерекше. Туған жер киелі ұғым. Туған жер, туған ел деген екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінеді. Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен

пара-пар. Себебі, ол – сенің әлпештеген анаң, аялап өсірген әкең, туған-туысың, аға-әпкең, сені білім жолына жетелеген ұстаздарың, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай тебіскен жора-жолдастарың дүниеге келген жерің, қызыққа толы өткен балалық шағың, туған ауылың ауласы. Адамзат өмірінде адам болып туғаннан кейін қазақ жерінің азаматы, баласы болып туу үлкен мәртебе. Олай болса, мен бүгін өзімнің туған жерім «Тектілерге тұғыр болған Тайсойған» ауылы туралы жазғым келіп отыр. Бұлай атауымның жөні бар. Себебі Тайсойған құмында көптеген ақын жазушылар, батырлар, ғалымдар бір сөзбен айтқанда дана адамдар дүние есігін ашқан. Қыран қалықтар биіктіктен қарасаң бұйра-бұйра байтақ құм Тайсойғанда бір кезде жел маялы Асан қайғы бабамыздың өзі Қорғанша деген атаумен қала салдырып 10 жыл қыстап «Тайсойған – қақпақты қара қазан екен» деп баға беруі де тегін емес. Бұл аймақта атақты батыр, би, шешен Сырым Датұлының табан ізі, қолтаңбасы қалған. Өзі бас болып өзен суын құмға босқа жібермеу үшін бөгет салдырған. Сол «Сырым бөгеті» әлі күнге дейін құламай тұр. Алты қырдың астынан қоңыр үні асқақ естілетін әйгілі әнші Мұхит Мералыұлы да Тайсойғанның төскейінде ән озырған. Ұлт азаттық көтерілісінің басшысы, батыр Исатай Тайманұлы осы құмның етегінде жарық дүниеге келген. Дауылпаз ақын Махамбеттің ата-бабасының атақұлдігі бұл. Өзі де осы құм ішінде туыпты деген дерек жиі айтылып, жиі бой көтеріп жүр. Оның ақиқатын, сірә, тарихшылар айта жатар. Кеңес заманында биліктің жөнсіз озбырлық саясатының шынжырын үзіп, «банды» атанған, қуғыншыларды нар шағылдар мен құм қойнауларында, өзен-сай қоқтыларында адастырып, ит әуреге түсірген халық батыры Құныскерей Қожахметұлы да осы өңірдің бір жүректісі. Әрі би, әрі ақын Есет Қараұлы, Бөкен би, ақындар Нұрым Шыршығұлұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Ығылман Шөрекұлы, Марат Отаралиев, Зімбіл Тегенбайұлы, Айтмағамбет Ұлықпанов, Таубай Шаңкөтов, Сұраубай Үттібайұлы, Сұлтанқұби Жұрынбайұлы, күйші Есбай Балұстаұлы, композитор Мәкәлім Қойшыбаев, әмбебап ғалым, Алашорданың Батыс бөлімшесінің басшыларының бірі Халел Досмұхамедұлы, жазушы Ғабдол Сланов, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов, академик-заңгер Салық Зиманов, геолог-ғалым Таумұш Жұмағалиев, геолог Ерғожа Тауманов, Берлиндегі Ратушаның төбесіне жеңіс туын қадаған батыр командир Кенжебай Мәденов, әулиелер Сұлтануәйіс, Мәтенқожа, айта берсе Тайсойғаннан түлеп ұшқан атақтылардың тізімі созыла береді. Кеңес Одағының Батыры Мұса Баймұқанов пен бүгінгі танымал жазушы Мереке Құлкенов те қарабаулықтардың төл тумалары, Ізекенов Қалидолла, Саркенжиев Мақсот сияқты ақын композиторлар ауылдың мақтаныштары.

Туған жерімнің географиялық орнымен таыстыратын болсам, Тайсойған құмы өлке. Атырау облысының солтүстік шығыс шетін алып жатқан құм. Каспий маңы ойпатының оңтүстік Орал алдының көтеріңкі оңтүстік-батыс қиыр шетін және Жем үстіртіне ұштасатын өңірін алып жатыр. Ойыл өзенінің, әсіресе оның саласы Жарыпшыққан өзенінің ғасырлар бойы өзі өтетін аймақтардан шайып әкелген жыныстар

шөгінділерінің шоғырынан қалыптасқан. Жалпы ұзындығы 83 км-ге жуық, ені 40 км, ауданы 2400 км². Адырлы-қырқалы, кейде құмды-шағылды келеді.

Туған жерімнің климаты қуаң континенттік; қаңтардың орташа температурасы — 13,8°С, шілдеде 24,4°С. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 180 мм, 1-2 м. Тереңдікте ыза сулы қабат кездеседі. Қуаң құмды жерге бейімделген шөптесін өсімдік бітік өседі. Тайсойған - Атыраудың ежелгі мал жайылымы. Айғыркөл - Қарабау ауылынан оңтүстікке қарай 19 км жерде орналасқан көл. Аумағы - 16,1 ш.км. Ұзындығы - 5,1 км, ені 1,7 км. Суы - тұщы, көлді Жарыпшыққан өзені кесіп өтеді. Қарашаның соңында мұз қатып, сәуірдің бас кезінде ериді. Айжарық - Тайсойған өңіріндегі бұрынғы Энгельс атындағы кеңшардың қыстақ орыны. Қазір бұл жерде ел жоқ. Алтықұлақ - жер, қорым атауы. Тайсойған ауылынан шығысқа қарай Ойтаң мекеніне жақын қорымның аумағы өте үлкен. Қорым ескіріп, құлағаннан кейін алты құлағы қалған. Атауы да соған байланысты қойылған. Аяпберген-3 ауылы - Тайсойған ауылының солтүстігінде орналасқан. 28 км жердегі Қызылқоға ауылдық округіне қарайтын елді мекен. Аталуы қуғын-сүргінге ұшыраған белгілі ұстаз Аяпберген Науанұлының есімімен байланысты. Өйткені, Аяпберген осы жерде алғаш рет мектеп салдырып, ауыл балаларының сауатын ашу мақсатында көптеген жұмыс ұйымдастырған. Бегенияз - қыстақ, Тайсойған ауылынан 16 км. Қазір бұл жерде шаруа қожалықтары ашылған. Ауқатты, малды, белгілі сөз шебері, сол кездегі ру мықтыларына сөзі өтетін ауызды кісінің мекені болған. Халық аузындағы әңгімеде барлық ұлы дүрмектерде атбегілігімен көзге түсіп, үш арғымағын бәйгеге кезек-кезек қосып, бәйгенің алдын бермеген делінеді. Борсан - кісі есімі. Қарабау селосынан солтүстік шығысқа қарай Тайсойған бағытындағы жер атауы. Беріш руындағы Жайық бөлімінің Құлмәлі тармағы арасында абыройлы болған адамның құрметіне орай қойылған. Дінтұрған - Тайсойған ауылының солтүстік батысында, Сұлтануәйіс атаның кесенесіне жақын 7 шақырым жерде орналасқан қыстақ. Д. Сұлтануәйіс атамен тұстас, кезінде жақын қарым-қатынаста болған, үлкен адам саналады. Оның тарихы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Жанайыс ауылы - Тайсойған құмындағы жер атауы. Құмда Жанайыс есімін иеленген екі жер бар. Біріншісі - Қосбөріұлы Жанайыстың, екіншісі - Жұлдыздың Жанайысының атымен аталады. Жұлдыздың Жанайысы - ХІХ ғасырда өмір сүрген би, дәулетті, ауыл-аймаққа белгілі кісі. Заманында «Көнсабақты Құдайберген» атанған. Қазір бұл жерде шаруа қожалықтары мекендейді. Жарбосын - Тайсойған құмындағы қыстақ орыны. Бұл атаудың қалай берілгенін ешкім білмейді. Қазір шаруа қожалығы мекендейді. Жарылғасын - Қарабау мен Тайсойған ауылдары арасындағы (Қарабауға жақын) жер атауы. Ауыл адамдарына қайырымды адам атымен аталған. Бұл академик С.Зимановтың атасы Жарылғасын болуы да мүмкін. Жарылғасын елге беделі бар, қайырымы мол, алымды азамат болған. «Сақау Саркөлі» маңында (Кермақасқа жақын) «Жарылғасын қыстауы» атты жер бар. Жарыпшыққан - Ойыл өзен алабындағы өзен, ұзындығы 180 шақырым. Миялы селосынан төмен 7 шақырым жерде Ойылдан тармақталып, Тайсойған құмын оңтүстікке қарай

қақ жарып ағатын, Жаманаша, Үлкенаша, Қарабау тармақтарына бөлініп кетеді. 50-60 шақырымнан кейін Айғыркөл көліне қайта қосылады да, Ұлқияқ көліне құяды. Суы - кермектеу, жағасында Тайсойған ауылы малшы қыстақтары орналасқан. Жұбан - адам атымен байланысты қойылған жер аты. Тайсойған ауылынан батысқа қарай 12 км қашықта. Иманәлі ауылы - Тайсойған ауылынан 16 шақырым, шығыс бетіндегі қыстақ орыны. Қазір бұл жерде жеке адамдар мал өсірумен айналысады. Қарақожа-1 ауылы – Тайсойған ауылынан оңтүстік бағытқа қарай 18 км қашықтағы жер атауы. Бір кезде Гурьев уезіне атағы жайылған Қаратерең болыстың мекені болған. Қазір мұнда ел жоқ. Қаратерең – Қарабау селосынан батысқа қарай 3 км-дей, Ойыл өзенінің бойындағы терең сай. Негізгі атауы – Есболай шүңейті. Ұжымдастыру жылдарында су тасыған кезде Сталин, Амангелді атындағы ұжымшарлар бір-біріне қатынаса алмағандықтан, Есболай атты адам жүзбелі өткел (паром) ұстаған. Есболай қайтыс болған соң оның есімі ұмытылып, Құбаш деген атауға ие болады. Құбаш-2 ауылы – қыстақ орыны. Тайсойған ауылынан 18 км оңт. бағытта. Аталу себебі белгісіз, қазір иесіз қалған. Мансұр ауылы – Тайсойған ауылының оңтүстік бетінде 7 шақырым қашықтағы қыстақ. Мұнда жекеменшік шаруашылығымен мал өсіретін бір отбасы мекендейді. Мариятөбе – Тайсойған ауылының 6 км оңтүстік бетіндегі жер атауы. Ойтаң – бір кезде ұжымшар орталығы болған жер. Шамамен 1995 жылға дейін мұнда Энгельс атындағы кеңшардың жұмысшылары (2-3 отбасы) отырды. Ол кезде мұнда арнайы сауда нүктесі, басқа да шағын әлеуметтік нысандар болды. Қазір мұнда мал шаруашылығымен шұғылданатын бір ғана үй бар. Ойыл деген елді мекен Ойыл ауылдық округіне қарасты, Миялы селосынан оңтүстікке қарай 60 км қашық жерде де болды. Бұл жерде 1980 жылға дейін «Қызыл ту» кеңшарының ферма орталығы болған. Онда да бір кезде дүкен, «қызыл бұрыш», кітапхана, басқа да нысандар болған. Бүгінде бұл жерді жекеменшік шаруа қожалығы жайлайды. Омар ауылы. Омар-1 ауылы – Тайсойған ауылының оңтүстігінде 18 км жердегі қыстақ. Бұрын Энгельс атындағы кеңшардың шопаны қыстады. Қазір иесіз қалған, неліктен бұлай аталғаны белгісіз. Сарыкөшек – Тайсойған ауылының оңтүстік шығысына қарай 135 шақырым жердегі қыстақ. Қазір мұндағы 4 үй жеке шаруамен, мал өсірумен айналысады. Аталу себебі белгісіз. Тайлақбай – құмның аты, Тайсойған құмындағы белгілі жердің бірі. Қалай аталғаны белгісіз, соған қарағанда өте ертеден келе жатқан атау. Тайлақбай – Тайсойған а.-нан оңт.-ке қарай 14 км қашықтағы жер атауы. Бұл жерді қоныс еткен бір үй мал өсірумен айналысады. Шөлдербай – Тайсойған ауылынан шығысқа қарай 15 км жердегі қыстақ. Бұрын мұнда «Жайдарман» комсомол-жастар бригадасы қыстап, кеңшардың өркендеуіне зор үлес қосқан. Қазір елсіз.

Туған жер - ол біздің алтын бесігіміз, кіндік қанымыз тамған жер, анамыз. Көктемнің кезінде кең жайылған Сарыарқаның кең даласы қанатын кең жайлап, жібектей жұмсақ болып, желмен жарыса жөнеледі. Омырауын сонау шалғынға тіреп, шайқалып, шешек атқан гүлдердей қанатын кең сермейді. Қарасаң көзіңнің ұшы - қиыры жететін тауда бір жас балаша арман

қиялына басын сермеп тұр. Қарай берсең беткей жағындағы алып жоталарда толқындай теңселіп, гүл бетіне оранып жатыр. Бұл - менің ауылым, туған жерім, ата-мекенім!

Сөзімнің соңын ауылымыздың ақын,композиторы Қалыбек Құлмағанбетов атамыздың әнімен аяқтағым келіп отыр.

Қазақ деген біліңдер бар еліміз,

Елтаңбасы ұраны дәлеліміз.

Болғаныңа мақтанам ағайындар

Мұрат ақын, Махамбет , Халеліміз.

Тыным бермей еріксіз қанша ойларым,

Еске аламын өткенді аңсай бәрін.

Шежіреге қойнауы тұнып жатыр.

Қарабау мен Миялы, Тайсойғаным.

Ата салты дәстүрі бұзылмаған,

Ұлың болам ибалы қызың болам.

Осындай қып өсірген ұрпақтарын,

Топырағыннан айналдым- Қызылқоғам!

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Атырау энциклопедия , Алматы:Атамұра , 2000 жыл
- 2.Мерейлі мекен республикалық қоғамдық-саяси журнал №3 (6) 2016
- 3.Егемен Қазақстан №4 (6) 2015
- 4.Интернет желісі
5. Қызылқоға ауданы энциклопедия, «Үш қиян» баспасы, 2002

ДАМУЫМЕН ДАРАЛАНҒАН ДАМБЫ

А.У. Ламғалиева - М.Отаралиев атындағы орта мектептің кітапханашасы

Ауыл – ежелден қазақтың алтын бесігі, алтын ұясы. Жалпы, барша өркениет пен мәдениеттің шыңына жеткен жандардың көпшілігі ауылдан шығатыны белгілі.

Мұнайлы өңірдегі кейбір ауылдардың әлеуметтік дамуы деңгейі қаладағыдан кенже қалып жатқан жоқ. Әлеуметтік мәселелер толықтай шешілген. Халыққа тіршілікке қажетті нәрселердің бәрі жеткізілген – «көгілдір отын» газ, таза ауа, су, жоғары кернеулі электр қуаты, телефон байланысы желілері тартылып, білім беру, денсаулық сақтау, сауда, мәдениет ошақтары тұрғызылған. Осындай өркен жайып отырған ауылдардың бірі – Дамбы ауылы.

1948-1950 жылдары Жайық өзенінің Каспий теңізіне құяр сағасын тереңдету мақсатында өзеннің асты қазылып екі жақ жағалауына биік

топырақтар үйілді, яғни қолдан дамбы жасалды. Сол жылдардан бастап бұл өңірге жергілікті халық өкілдері көшіп келіп, қоныстана бастайды. Дамбы селолық кеңесі 1954 жылдың желтоқсан айында құрылған. 1955 жылдан бастап Жайық өзенінің бойына Новобогат ауданынан балықшы колхоздар көшіп келді. 1956 жылы Дамбы селолық кеңесіне сол кездегі «Социалистік жол», «Аманкелді», «Қызыл балық», «Жаңа талап», «Жамбыл» атындағы колхоздар қарамағына енген. Бұл ұжымдық шаруашылықтардың негізгі кәсібі – балық аулау болатын. Балық аулайтын колхоздар өздеріне берілген мемлекеттік тапсырмаларды асыра орындауды қамтамасыз етті. Аймақта балық өнекәсібін дамытудағы қажырлы еңбектері үшін саланың үздіктері шықты, көпшілігі мемлекеттік марапаттарға ие болды. Балық шаруашылығы жалпы Дамбы халқының күн-көріс көзіндегі негізгі арқауларының бірі.

Қазіргі таңда Дамбы ауылдық округіне Дамбы, Амангелді елді мекендері кіреді. Ауылдық округтың жалпы жер көлемі 122014 гектар, 626 тұрғын үй болса, тұрғындар саны – 3849.

Дамбы ауылының басты мәдениет ұясы ретінде саналатын ауылдық мәдениет үйі ретінде саналатын ауылдық мәдениет үйі және оқырмандарына әрдайым есігі ашық кітапхана бар. Дамбы ауылдық кітапханасындағы оқырман саны – 557 болса, 12472 дана кітап қоры бар. Мәдениет үйінде 1990 жылдан халық театры жұмыс жасайды. Театр ұжымының ауыл халқының рухани байлығын, жас-кәрінің өнерге деген ықыласын арттырудағы маңызы зор.

«Ер есімі- ел есінде» - демекші, Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларына қарсы қанды майданға аттанып, келер ұрпақтың бақытты өмірі үшін жандарын пидп еткен майдангерлердің рухына бағышталған ескерткіш ауылдың көркін кіргізіп тұрғандығы анық.

Соңғы жылдары мұнда тұрғындардың өз күштерімен салынған сәулетті де сәндә ақшаңқан үйлер бой көтерді. Ауылға кіре беріс және көше жолдарына асфальт төселген. Тұрғындардың аулаларында көкөніс, бау-бақша дақылдары егіліп, жеміс ағаштары отырғызылған. Ауылымыз дәулеті сәулетіне сай, жаңарып, ажарланып келеді.

Ауылдағы жас бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатып жүрген білім ордасы – Аманкелді атындағы орта мектепте 745 оқушы білім алуда. Оларға 81 мұғалім дәріс береді.

Бұл мектеп қазіргі заманауи талаптарға толығымен сай келеді. 2012 жылы күрделі жөндеуден өткен мектепте оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуларына барлық мүмкіндік жасалған.

Бойында таланты мен дарыны бар өнерге бейім 160 бүлдіршін Дамбы балалар саз мектебінде оқиды. Олар тәжірибелі ұстаздардан домбыра, қобыз, баян, фортепиано, ән-терме, скрипка және би өнері бойынша тәлім алады.

Осыдан 11 жыл бұрын ауылдағы №3 Ынтымақ балабақшасы «AGIP»компаниясының демеушілігімен салынып, пайдалануға берілген болатын. Бұның өзі сәбилі болып, жұмысқа шыға алмай отырған жас

аналардың қолын ұзартты. Қазір бала-бақшада 9 топта 220 ауыл бүлдіршіні тәрбиеленуде.

Ауылдық округте балық аулау және балық өңдеумен екі шаруашылық – Аманкелді атындағы өндірістік кооперативі және «Тілекші» ЖШС. Бұл кәсіпорындар мұздатылған, кептірілген, қуырылған, вакуумды қаптамаларға салынған балық өнімдерін дайындап, өз тұтынушыларына жібереді.

Округтегі елді мекендерде инфрақұрылым мәселесі біраз шешілген. Өткен жылы Дамбы - 2 ауылының жалпы ұзындығы 2,2 км құрайтын 7 көшесіне асфальт жол салынды. Сондай-ақ 2021 жылы жалпы ұзындығы 4100 метр болатын округтің басты 9 көшесіне Мемлекеттік жеке әріптестік негізінде түнгі көше жарығы жүргізілді.

1984 жылы Дамбы селолық советі құрамынан Атырау селолық советі бөлініп шығып оның құрамына Құрманғазы, Қызыл балық, Жанаталап ауылдары енеді. Ауылдық округтегі тұрғындардың әл-ауқатын арттыру, денсаулығын сақтау және білім беру ісін дамыту, ауыл мәдениеті мен спортты жетілдіру, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту мәселелері – өңірлерді дамыту бағдарламасының басым бағыттарының бірі.

Атырау ауылдық округі 2005 жылы 23 наурызда Атырау қаласы әкімінің өкімімен құрылған болатын.

Ауылдық округ қала төңірегіндегі жер аумағы мен халық саны жағынан ең ірілерінің бірі. Жалпы аумағы 25 791 гектарды алып жатырған округте 11284 халық, 2215 тұрғын үй бар.

Бүгінде халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті таза ауыз-су, көгілдір отын-газ, сандық телефон жүйесі және электр жарығымен, көшелері тас жолмен толық қамтамасыз етілген. Ауылда бой көтерген екі орта мектеп, аурухан, кітапханалар, мәдениет үйі, сәнді үйлер және жасыл желектер ауыл көркін одан сайын келбеттендіріп тұр.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту бағытында күрделі жұмыстар жүргізіліп, Жаңаталап, Атырау, Құрманғазы ауылдарына ұзындығы 19,5 шақырым құрайтын 24 кшеге тас жол төселіп, Атырау, Құрманғазы ауылдары ұзындығы 9700 метр құрайтын жаяу жүргінші жолымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, округтегі 7 әлеуметтік нысандарға автотұрақ алаңдары салынды. Мемлекеттік жекеменшік әріптестігі бағдарламасы негізінде округтің 116 көшесінің 19 көшесіне түнгі жарықжүйесі жүргізіліп 2021 жылы толықтай іске қосылды. Тұрғындардың қажеттілігіне сәйкес жолаушы тасымалдары маршруттарымен 18 автобус халық игілігіне қызмет көрсетуде. Ауыл ішін көгалдандыру мақсатында Атырау ауылына ұзындығы 4000 метр жазғы су жүйесі жасақталып, нәтижесінде 200-ге жуық тұрғын үй жазғы сумен қамтамасыз етілді.

Құрманғазы атындағы Инжу-Маржан мәдениет үйі – ауыл игілігіне берілген басты мәдениет ошағы. Мәдениет үйінде ән, би, домбыра үйірмелері жұмыс істейді.

Өнерге бейім дарынды балалар Атырау ауылдық балалар саз мектебінде ән, би, домбыра, фортепиано, скрипка, баян бөлімдері бойынша

жоғарғы санатты ұстаздардың жүйелі білім алып, шығармашылық жолға қадам басты.

Қабырғасы 1973 жылы қаланған Ф.Оңғарсынова атындағы орта мектеп - шоқтығы биік білім ордаларының бірі. 2021-2022 оқу жылында округтегі Ф.Оңғарсынова және Жамбыл атындағы орта мектептерінде 2159 оқушы білім алуда. 2022 жылы Жаңаталап ауылында 300 орындық мектеп интернат құрылысы аяқталып, іске қосылады деп жоспарлануда.

Округ халқының денсаулығын сақтап, нығайтуда Құрманғазы ауылында орналасқан Дамбы дәрігерлік амбулаториясы мен Жаңаталап фельдшерлік-акушерлік бөлімшесі ұжымдарындағы ақ халатты абзал жандардың еңбектері бір төбе. Амбулатория он екі мыңға жуық тұрғынды медициналық қызметпен қамтамасыз етеді.

Жайық өзенінің сағасында орналасқандықтан, ауыл халқының басты тіршілік көзі – балық шаруашылығы. Бұл жергілікті тұрғындар үшін атакәсіп болып есептелінеді. Әкеден балаға жалғасқан балық шаруашылығынан басқа өңірде егін және мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары да бар. Округте балық аулаумен, оны өңдеумен айналысатын Құрманғазы, Восток, Стандарт өндірістік кооперативтері мен «Қызыл балық», «Каспий Рыба Евразия», «Абылайхан» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар.

Бекіре тұқымдас балық түрлерінің қорын сақтап қалу үшін Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты мемлекеттік тапсырыс бойынша 2021 жылы 3500 дана және табиғат пайдаланушы субъектілердің тапсырысы бойынша 509000 дана бекіре тұқымдас балық шабақтарын стандартты салмаққа дейін өсіріп, Жайық өзеніне жіберілді.

Ауылда мал ұстау, оның басын көбейту өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Округте егін шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары жылда егін егіп, өздері межелеген жоспарларын орындап отыр. 2021 жылдың қорытындысы бойынша округте 25 шаруа қожалығы тіркелген, оның ішінде 4 қожалық жылыжаймен айналысуда. Сонымен қатар, тұрғындарды үн өнімдерімен қамтамасыз ету үшін, округтен 2 « Дәулет Нан » сауда орындары ашылды.

Бүгінгі таңда ауылдың мәдени деңгейін көтеруге 3 мәдени ошақ және 3 кітапхана қызмет етіп келеді. Санитарлық тазалық жұмысы округ әкімшілігінің басты назарындағы мәселелердің бірі. Аталған жұмыстарды « Арнаулы автобаза» ЖШС мекемесі арқылы тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылып ,тазаланып отыр. Жаңаталап ауылынан жаңа саяжайға жер учаскелері бөлініп, жастардың қолдауымен жазғы суару жүйесі жасақталып, 1000 түп теректер отырғызылды.

Дамуымен ерекшеленген, өркениеті өрлеген осындай ауылдарымыздың бүгінгі келбетін көрген кезде тәуелсіз еліміздің болашағының зор болатындығына сеніміміз арта түседі.

Әдебиеттер тізімі.

1. «Мерейлі мекен» саяси-қоғамдық журнал, №3 2015ж.

2. Дамбы ауылдық округінің фейсбук парақшасы
3. Атырау ауылдық округінің фейсбук парақшасы

4 СЕКЦИЯ

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ «ТАРИХ»,
«ӨЛКЕТАНУ» ПӘНДЕРІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ. ӨЛКЕТАНУ
ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНДЕ ИСАТАЙ
ТАЙМАНҰЛЫНА АРНАЛҒАН ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ КӨРМЕНІҢ
НАСИХАТТАЛУЫ**

С.К. Молдашева - магистр, оқытушы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті КеАҚ, Атырау қ.

Еліміз егемендік алып, рухани жаңаша түлеу үстіндегі ұлт қалпымызға келген кезде, өткені мен бүгінгі адамзат тарихына жете үңіліп зерттеу, оны кейінгі ұрпаққа жеткізуге ерекше назар аударылып отырғаны белгілі.

Тұңғық тарихтың әр парағы шежіре сыр. Өткен дәуірлерде өмір сүрген бабаларымыз туралы өз замандастарынан бізге келіп жеткен архив деректердің құндылығы ерекше. Осы құнды дүниелерді сақтайтын да, халыққа жеткізетін де музей. Музей жұмыстарының негізгі бағыттарын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Егеменді еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны ерекше. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі» [1] деп атап көрсеткен.

Мақалада Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіндегі «XII-XX ғғ. Өлке тарихы» залында орналасқан Исатай бабамызға арналған экспозициялық көрмеде орналасқан жәдігерлерге талдау жасалады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Өткенсіз бүгін жоқ, тарихи тұлғалар ұрпақтар жадында мәңгі сақталуы тиіс»[2] делінген.

Ұлттық тарихымызды ұлықтап, халықтың бақыты мен теңдігі жолында қылышын кекке суарған әйгілі батыр бабаларымыз бен даробоздарды кейінгі ұрпаққа насихаттауда Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің алар орны ерекше.


Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі заман талабына сай дамып келеді. Музей атадан балаға мирас болған көне жәдігерлерді жинақтап, жүйелеп, олардың шашауын шығармай сақтайтын бірден-бір орын. Мұнда жасақталған экспозициялық көрмелердің тарихи-тағылымдық маңызы ерекше. Музей экспозициясында орналасқан және қорда сақталған әрбір мұраның астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез-келген халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр. Музейдегі әрбір жәдігер байырғы өлкеміздегі халықтардың көне ескерткіш жәдігерлерден бүгінге дейін қалыптасқан тарихын баяндайды.

Осындай жәдігерлердің бірі «XII-XX ғғ. Өлке тарихы» залында Исатай Тайманұлына арналып жасақталған экспозициялық көрмені айтуға болады.



Исатай Тайманұлы (1791-1838) – 1836-38 жылдары Бөкей (Ішкі) Ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Тегі Беріш, Ағатай батырдың ұрпағы. Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданы аумағындағы Тайман жалы деген жерде туған. 1808 жылы Жайық өзенінен өтіп, Бөкей ханның қол астына көшіп барған. Саяси әлеуметтік мәселелерге, қоғам ісіне, билікке араласады. Исатайдың парасаттылығын, ел басқару қабілетін, халық арасындағы беделін байқаған хан Бөкей оны Берішке 21 жасында старшын етіп тағайындайды. Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы шұрайлы бес аралды қоныс етіп берген. Жасынан алымды, сөзге шешен, бірбеткей, өжет, қара қылды қақ жаратын әділ Исатайды көре алмаушылар көбейіп, ақыры солардың жаласынан 1817 жылы Сарайшық, ал 1823 жылы Орынбор түрмелеріне жабылады, бірақ тағылған кінәларына айғақ-дәлелдері жоқ болып, дереу босатылады. Ханнан, оның қайын атасы Қарауылқожадан, сұлтандар мен билерден жәбір көрген қарапайым халық Исатайдың маңына жинала бастайды. Оның қол астындағыларға ханның әмірі жүрмейді, ал Исатай батырға Жәңгірдің әлі келмейді. 1833 жылы Жәңгір хан осыған дейін Исатай басқарып келген шөбі шүйгін, суы мол бес аралды Қарауылқожаның билігіне беріп, Исатайды қарауындағы елімен шаруашылыққа қолайсыз суы аз, құм басқан Мыңтөбеге аударады. Жәңгір ханның және басқа да феодалдардың халыққа жасап отырған қысымшылығы туралы Исатай бастаған бір топ старшындар Орынбордағы шекара комиссиясына, тіпті губернатордың өзіне талай рет арыздар жазады. Бірақ одан ешқандай қорытынды шықпайды. Әр түрлі алым-салықтан күйзелген, жайылымнан айырылған, казак әскерлері мен жергілікті феодалдардың екі жақты езгісінен әбден шыдамы таусылған бұқара халық қолына қару алып, Исатайдың басшылығымен көтеріліске шығады.

Экспозицияға Старшын Исатай Тайманұлының Орал бөлімінің бастығына 1836 жылы жолдаған өтініші, архивтік құжаттардың көшірмесі қойылған.



Сондай-ақ, Экспозицияда 1836-1838 жылдағы ұлт-азаттық көтерілістің картасы көрсетілген. Картада көтеріліс болған жерлері және көтерілісшілердің түрмеде отырған жерлері шартты белгілермен көрсетілген.



Көшпелі қазақ мемлекетінде төрт ғасырға жуық хандар мен сұлтандардың ішкі саяси құжаттармен және халықаралық деңгейдегі құжаттарды қуәландыратын іс жүзінде қолданылған мөрлері болған. Хан мен

сұлтанның, старшынның да мөрлерінің жасалынуында өзіндік ерекшелік бар. Дәлірек айтқанда атақ-даңқы бүкіл алты алашқа мәжһүр болған хандардың мөрлері тамшы тәрізді стандартты түрде күмістен немесе алтыннан соғылып, жүзік күйінде олардың бас бармақтарына шақталып жасалған. Ақсүйектердің мөрлері тамшы тәрізді болып келсе, қара сүйек қатарына жататын байлар мен батырлардың мөрлері доғал, дөңгелек, тік түрдегі қалқан пішіндес болған. Әр мөрдің үстіңгі бөлігіне иесінің атағы, яғни, «хан» немесе «сұлтан» деген жазу жазылса, одан төменгі бөлікте оның өз аты-жөні, одан төменіректе мөр қожасының әкесінің атағы жазылатын болған. Бұл мөрлер өз заманында хан және сұлтандардың куәландыру белгісі боп қызмет еткенімен қоса, қазақ халқының зергерлік өнеріне өзіндік өрнегімен үлес қосты.

Сұлтандардың мөрі қара сүйек аталған батырлардың дөңгелек, доғал мөрлеріне ұқсас болғандықтан сұлтандар оны мін көріп, кей кездері бас бармақтарымен танба басуға бейім болған. Мөрлерді бояуда күйе мен әр түрлі түсті тушьты пайдаланған. Көбіне көп қара, кейде көк пен қызыл түсті қолданған. Бірінші кезекте металды қалып отқа қыздырып, содан соң қағазға түсірген. Қалыптың қыздырылған тұсы қағазда қара түсті берсе, ал онда ойылған жазулар мен өрнек іздері қағазда ақ түс болып түскен.

Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде Абылай хан, Арынғазы хан, Әбілқайыр хан, Кенесары хан, Жәңгір хан, Исатай мен Махамбет батырлардың мөрлері жүзік болып оралып, көрермендерге насихатталуда. Осы мөрдердің ішінде Исатай батырдың мөріндегі жазуға тоқталсақ.

Исатай бабамыздың мөрінде: *«Тайман азатай Исатай»* деген жазу бар. Осы мөрді Исатай ел ішінде старшын болып жүргенінде Жәңгір хан мен Орал әскерінің атаманы, полковник В.Д.Покотиловтерге жазған хаттарында пайдаланып отырған. Хандар мен сұлтанның, батырлардың әр жазған хаты *«жазғандарымды куәландыру үшін мөрімді бастым»* - деген сөзбен аяқталып отыр.



Бұл мөрлер өзіндік қолөнерлік безендірілуімен ішкі ортада ғана емес, сонымен қатар, қазақ қоғамының өзге мемлекеттер мен халық арасындағы халықаралық қарым-қатынасында зор символдық сипатқа ие болған. Бұл мөрді иеленудің өзі батыр бабамыздың қазақ қоғамында беделді екендігін айқындайды.

Экспозицияда Исатай Тайманұлының ұрпақтарының, Ақтөбе облысы (бұрынғы Қобда ауданы, Жайсан совхозы) Исатай Тайманұлының бейітіне 1962 жылы белгі қою сәтінен түсірілген фотосуреттер ұсынылған.



Исатай батырдың ұрпағын тарихшы-ғалымдар көп зерттеген. Олардың айтуы бойынша Исатай Тайманұлынан көптеген ұрпақ өрбіген. Атап айтқанда Исатайдың Жақия, Ақай, Оспан, Досмағанбет, Дінбаян, Әлпияр атты ұлдары және Дүлзада деген қызы болған.

Жақия деген ұлының Шахмет деген баласынан – Шамақ, Таңқаш, Ақон, Ахмет, Сары деген ұрпақ өрбіген. Исатайдың Оспан, Ақай деген ұлдарынан ұрпақ жоқ. Ал қалған ұл-қызының бүгінгі ұрпақтары Қазақстанның түкпір-түкпірінде және көршілес Ресейдің Астрахан облысы мен басқа да қалаларында тұрып жатыр.

Экспозициядағы келесі бір жәдігер Жүзбатырдың қайрақ тасын айтуға болады. Бұл Сартов Жүзбатырдың қайрақтасы.



Сартов Жүзбатыр Беріш-Жайық руынан, Исатай Тайманұлының туысы. Атадан балаға жеткен ауызша әңгімелер мен деректерге қарағанда, кезінде ұзындығы 2 м шамасында болған қайрақ таспен Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, басқа да батырлар мен сарбаздар қылыштарын қайраған деседі.

Қайрақ тасты Қызылқоға ауданы, Миялы селосының тұрғыны Жүзбатырдың ұрпағы Құттыбаева Ақсәнім 1971 жылы музейге тапсырған.

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар.
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлымен дос болып,
Хан үстіне барғанда,

Шабайық ханды дегенде,
Шапқандай ханды амал бар, -
Амал барда хан шаппай,
Тәңірім қылды – не амал бар?
Ат туады байталдаң,
Айт десең – лебіз қайтарман.
Төрт-бес жылдай алысып,
Мына тұрған Иса-екем
Ханның бір тауын қайтарған.
Ат туар ма шұбардай,
Ер туар ма бұлардай,
Дулығалы бас кесіп,
Дұшпанының қанына
Ақ алмасын суармай! [4, 107 б.]

деп Махамбет бабамыз жырлағандай Исатай бүгінгі Тәуелсіздіктің күрескері, мәңгі ерлік пен қаһармандықтың, намыстың өшпейтін рухы болып қала береді.

Қорытындылай келе, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейіндегі өлке тарихы залында Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліске қатысты архив құжаттары, фотоматериалдар, көркем өнер туындылары, әдебиеттер т.б. материалдар ұлт-азаттық көтерілістері мен қозғалыстары тарихынан сыр шертетін Исатай-Махамбет бастаған көтеріліске қатысты бөлімдегі экспозициялық көрмеде жасақталып, көрермендерге кеңінен насихатталуда.

Әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана.-14.12. 2012 ж.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан 5.01.2021 ж.
3. Шамғонов А. Исатай Тайманұлының ұрпақтары. – Атырау, 2000 ж.
4. Өмірәлиев Қ. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976. – 107 б.
5. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің материалдары

«САРАЙШЫҚ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ӨЛКЕТАНУ, МӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫ (2020-2021 Ж.Ж.)

А. Тұрарұлы - «Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы
директорының орынбасары

Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған № BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында даярланды.

Тәуелсіздік жылдарының ел өміріндегі ең қиын да күрделі кезеңінің бірі – тұтқиылдан келген індет – коронавирус (COVID-19) дертінің барша адамзатқа қауіп-қатер төндірген кезі екенін бүкіл жұрт мойындаған болар. 2019 жылы желтоқсанда Қытайдың Ухань қаласында пайда болып, бүкіл әлемге жайылған дертпен, ресми мәлімет бойынша, дүние жүзінде 476 миллионнан астам адам шалдығып, 6 миллионнан астам адамның өмірі қиылған. Елімізде де бұл індетті 1 миллионнан аса адам жұқтырып, 19 мыңнан аса азаматтарымыздан айырылып қалдық. Айта кету керек, осы кезге дейін індеттің беті толықтай қайтты деуге болмайды.

Жағдайды оңалту үшін бүкіл әлемдегі сияқты елімізде де көп жұмыстар істелді. Барлық жерде жұмыс тоқтап, ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, әлеуметтік ара қашықтықты сақтау басты назарда ұсталды. Вирус жұқтыруға себеп болған жайттардың қатарында мәдени-көпшілік орындары да болды. Осы себептен, барлық мәдени, демалыс орындары қызмет көрсетуді тоқтатып, қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті.

«Сарайшық» музей-қорығы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2020 жылғы 14 наурыздағы №63 бұйрығына сәйкес, карантин енгізілуінен, музейге келушілерді қабылдауды тоқтатты. Осыған байланысты көпшілікті әлеуметтік желілер арқылы хабарландырды. Ақпараттық технологияларды қолдану бұл саладағы жаңа мүмкіндіктерді көрсетті. Қашықтан жұмыс істеуді ұйымдастыру тәжірибесі 2 сәуірде онлайн экскурсиядан басталды. Жәдігерлермен таныстырушы С.Бекешова «Facebook» әлеуметтік желі қолданушыларын «Сарайшық» музейінің экспозициялық залымен, жәдігерлер туралы тікелей эфирде орыс тілінде әңгімелеп берді. Бұл экскурсияны қазірге дейін 68 көрермен қарап, 44 пікір қалдырылған және 19 бөлісу болған. Алғашқы онлайн экскурсия әрі қарай жалғасын тауып, 6 сәуірде Н.Қартаңбаева, 10 сәуірде Ж.Диярова қазақ тілінде ғаламтор бетінде тікелей эфирде экскурсиялар өткізді. 2020 жылы 3 тілде (қазақ, ағылшын, орыс) 18 онлайн экскурсиялар өтіп, музей-қорықтың әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы насихатталды. Оның 4-і «Онлайн музейдің көремеңі»

жобасы арқылы колледждер студенттеріне өткізілді. Сондай-ақ, «Сарайшық жәдігерлері сөйлейді» жобасымен 9 жәдігер, «Бір жәдігер тарихы» жобасымен 8 жәдігер туралы бейнероликтер дайындалып, әлеуметтік желі қолданушыларына «Сарайшық» музейі жәдігерлерінің толыққанды ақпараттары берілді.

Музей-қорық қызметкерлері мекеме ауласына, «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы» суретшілер байқауының жүлдегер болған суреттерінен, ашық аспан астындағы онлайн көрме ұйымдастырды. Сондай-ақ, 6 шілде –Астана күніне орай, «Астаналар ізімен» атты онлайн көрмеде өткізілді.

Мектеп оқушылары мен студенттер арасында онлайн форматта «Сарайшық туралы кім көп біледі?» викторинасы ойнатылды. Жеңімпаздарға музей-қорықтың кәдесыйлары берілді. «Еріктілер жылына» байланысты «Я покажу тебе музей» атты жастар бағдарламасына шығармашылық сала қызметкерлері, студенттер мен мектеп оқушылары, шетелдіктер тартылды. «Сарайшықты айшықтаған өлеңдер» жобасына студент жастар жыр оқып, өнер көрсетті.

Осы кезде «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкерлері мәдени білім беру бағытында онлайн форматта әлеуметтік желі қолданушыларына Сарайшыққа қатысты бейнедәрістер оқыды. Дәрістерде Ә.Мұқтар «Әлем тарихындағы Сарайшық», А.Тұрарұлы «Ортағасырлық Сарайшықтағы археологиялық қазбалар тарихы», А.Жұмабаев «Ортағасырлық Сарайшық карталары», Н.Нұғманова «Лев Галкин - один из исследователей городища Сарайшыка», М.Әбдіғалиев «Ортағасырлық Сарайшық тиындары», Ж.Байғалиев «Өлкетанушы В.К.Афанасьевтің ортағасырлық Сарайшықтағы зерттеулері», О.Сағынбаева «Сарайшық музей қорының қалыптасуы және жәдігерлері», Ж.Диярова «Сарайшық аңыздары» тақырыбында баяндап, кең көлемді мағлұматтарды қамтыды. Жалпы өткізілген 12 онлайн дәрістердің 14 мыңнан астам көрермен қаралымы болды.

Сондай-ақ, музей-қорық қызметкерлері республика бойынша танымал тарихшы-ғалымдардың ортағасырлық Сарайшыққа қатысты ғылыми дәрістері де ұйымдастырды. «Ортағасырлық Сарайшық ғалымдар көзімен» жобасы аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры т.ғ.д. А.Ахмет «Мұстажап Намазғалиев және Сарайшық», Ресейлік археолог, Орыс география қоғамының толық мүшесі В.Плахов «Сарайшық қаласының тарихы қазба деректер негізінде», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.д. Ғ.Халидуллин «Сарайшық тарихы – ел тарихы», Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к. А.Исин «Сарайшық туралы», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, т.ғ.к. Ж.Жұмабаева «Ортағасырлық Сарайшық және әлемдік өркениет», Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, ф.ғ.д. М.Сабыр «Ноғайлы дәуірі әдебиеті тарихынан», А.Байтұрсынов атындағы Қостанай университетінің аға оқытушысы, т.ғ.к. С.Исмаилов «Значение города Сарайшык в истории средневекового Казахстана и Евразии»,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің профессоры, т.ғ.д. Ж.Асанов «Алтын Орда және Едіге батыр», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, т.ғ.к. Ж.Мұстафин «Ортағасырлық Сарайшықтың зерттелуі» тақырыбында онлайн дәрістер оқыды. Дәрістердің 4300-ден астам қаралымы болды.

Қызметкерлер әлеуметтік желі беттерінен тарихшы ғалымдар, өлкетанушылармен тікелей сұхбаттар ұйымдастырды. Атап айтқанда, п.ғ.к. Ш.Нағимовпен, т.ғ.к. Г.Қайырғалиевамен, өлкетанушылар: В.Афанасьевпен, Ө.Әлімгереевпен, Ә.Төлеуішовпен, Ж.Ғизатовпен Қазақстан, Атырау аймағы тарихына қатысты сұхбат-әңгіме өрбітті. Сұхбаттарды 3400-ден аса көрермен қарады.

«Өнер адамдары Сарайшықты жырлайды» жобасымен ақын Ғайсали Сейтак, суретші Отарбай Кендір, жырау Тұрлан Бисембаев, күйші Әйгерім Неталиева өнерлерін көрсетті.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыру мақсатында Ж.Диярова 8 сынып оқушыларына «Қазақ хандығының қалалары -Сарайшық» тақырыбында бейнесабаққа материалдар дайындады. «Сарайшық» музей-қорығы мен «Атress» жаңалықтар порталының бірлескен жобасы негізінде Ж.Байғалиев ортағасырлық Сарайшық қаласының тұлғалары тақырыбында бейнетүсірілімге қатысып, «Қасым хан» жөнінде баяндап берді.

Музей-қорық жәдігерлермен таныстырушысы Н.Қартанбаева Сарайшық селолық кітапханасында балаларға «Даналық әліппесі» және «Абайтану әліппесімен» мультимедиялық кітаптарымен таныстырды. Инновациялық жаңашылдық негізінде құрастырылған бұл мультимедиялық кітаптар оқырман қызығушылығын тудырып, өскелең ұрпақты ұлттық құндылығымызбен қауыштырады. Шет елдердегі қазақ балаларын ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихымен таныстыру мақсатында Ж.Байғалиев Өзбекстан Республикасы Қарақалпақстанның Хожелі қаласындағы №63 қазақ орта мектебінің оқушыларына Сарайшық туралы бейнеролик дайындап, онлайн сабақ өткізді. Бейнематериал арқылы шетелдегі қандастарымыздың балалары көне қаланың қалыптасуы, даму тарихымен танысып, мол мағлұматтар алды. Ә.Мұқтар Тәуелсіздік күніне орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, магистранттары мен студенттеріне «Тәуелсіздік жылдарындағы тарих ғылымының дамуы» тақырыбы бойынша дәріс оқыса, А.Жұмабаев М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих мамандығы 2 курс студенттеріне «Алтын Орда астаналары» атты ашық сабақта онлайн дәріс оқыды.

«Сарайшық» музей-қорығының ұйымдастыруымен «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» ІІ республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы да онлайн форматта «Zoom» платформасы арқылы өтті. Конференцияға өз баяндамаларымен республикаға танымал ғалымдар, өлкетанушылар, мектеп мұғалімдері қатысты. Сондай-ақ, шараға қызығушылық танытқан әлеуметтік желі қолданушылары қатыса алды. ҰҒА

корреспондент-мүшесі Б.Кәрібаев (Алматы), т.ғ.д. Ә.Сейдахан (Шымкент), т.ғ.к. С.Исмаилов (Қостанай), т.ғ.к. А.Мәден (Ақтөбе), археология магистрі А.Жүнісханов (Нұр-Сұлтан), үздік өлкетанушы Н.Төлепов (Орал), мектеп мұғалімі Ә.Бекқалиева (Құрманғазы), музей-қорық маманы О.Сағынбаева (Сарайшық) баяндамалар оқып, талқыланды.

2020 жылы музей-қызметкерлері ондаған онлайн конференцияларға қатысып, баяндамаларын оқыды. Ғылыми жинақтарға 28 баяндамасы басылды. Жиырма шақты мақалалары БАҚ беттеріне жариялады. Әлеуметтік желілерге 1032 жарияланым жасап, 146954 қаралымға қол жеткізді. Оның ішінде 20 шақты мемлекеттің әлеуметтік желі қолданушылары бар.

2021 жылы республика бойынша Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларына онлайн дәріс өткізу қолға алынды. Музей-қорық қызметкерлері ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихы, археологиясымен таныстыру мақсатында Назарбаев зияткерлік мектебінің 7-10 сынып оқушыларына археологиялық қазба жұмыстары және олардың нәтижесі туралы онлайн дәріс оқып, слайд арқылы жұмыстарды көрсетті. Музей-қорық ғылыми қызметкерлері Н. Нұғманова мен Ж.Байғалиев қазба орны, музей жәдігерлері туралы әңгімеледі. Кездесу барысында музей-қорық басшысы т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар мектеп оқушыларына музей-қорығының атқарып жатырған жұмыстары, болашақтағы жоспарларымен таныстырып, музей тарихына қатысты тың деректермен бөлісті.

Сондай-ақ, шет елдердегі қазақ балаларын ел тарихында өзіндік орны бар қала тарихымен таныстыру үшін Өзбекстан Республикасындағы қазақ мектептері оқушыларына Сарайшық туралы бейнероликтер көрсетіліп, оқушыларға қаланың қалыптасуы, даму тарихы туралы мол мағлұматтар берілді.

Музей-қорық ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев оқушылардың өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру мақсатында Атырау қаласындағы М.Отаралиев атындағы орта мектептің оқушыларына ортағасырлық Сарайшықтың аңыз-әңгімелер туралы онлайн дәріс оқыды. Сонымен қатар, музей-қорық ұйымдастырған «Жас археолог» үйірмесі жайлы ақпараттар берді.

2021 жылғы 22 сәуірде «ZOOM» платформасы арқылы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылындағы К.Байсықов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің 6 сынып оқушыларына онлайн экскурсия ұйымдастырылды.

Осы 2021 жылы карантиндік режим біраз жеңілдетілген уақытта келушілерді қабылдау алгоритмін қатаң сақтай отырып, «Сарайшық» музей-қорығы Атырау облыстық туберкулезге қарсы балалар шипажайының демалушыларын ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихымен таныстырып, «Батырдың ертегі әлеміне саяхаты» бағдарламасы аясында интерактивті саяхатқа қатыстырды. Балаларға этнографиялық жәдігерлер топтамасы таныстырылып, «Әжемнің сандығынан шыққан» жәдігерлер туралы әңгімеленді. Көненің көзі, ата-әжелерімізден қалған алаша, ши,

кебеже, жастағаш сынды асыл мұраларымыздың тарихы әңгімеленіп, оларды балалардың өз қолымен ұстап көрулеріне мүмкіндік жасалды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған «OTANLife» және «МузейFEST» жобасы аясында Атырау облысының мектептері оқушылары да музей-қорыққа саяхаттар жасады. Саяхат барысында оқушыларға «Сырға толы – Сарайшық» интеллектуалды ойындары ойнатылды. Оқушылар білімдерін сынап, логикалық сұрақтарға жауап берді.

Музей-қорық ұжымы 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Барлығы балалар үшін» республикалық акциясын қолдап, осы күні Атырау қаласында орналасқан «Зейін Атырау» ерекше балаларды дамыту орталығының шәкірттерімен кездесу ұйымдастырды. Бүлдіршіндерге арнап музей ауласында Сарайшық селолық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама, ойындар, сайыстар ұйымдастырылды. Шара соңында кішкентай қонақтарға музей ауласындағы киіз үйден дәм ұсынылып, шағын сыйлықтар таратылды.

Жазғы каникул кезінде музей-қорық Атырау облысындағы мектептердің «Атамекен» өлкетану-туристік жорығына қатысушы оқушыларды қабылдады. Бұл шараның мақсаты - қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп жанындағы туризм-өлкетану үйірмелерінің жұмысын жандандыру, өңірдегі тарихи-мәдени орындарға саяхат жасау арқылы оқушылардың патриоттық сезімін ояту. Оқушыларды қала тарихынан бөлек, «Хандар кесенесі», этнографиялық жәдігерлер көрмесімен, археологиялық қазба орындарымен танысты. Сарайшық қаласы арқылы өткен Ұлы Жібек жолдарына шолу жасалып, аңыздары баяндалды.

2021 жыл ішінде онлайн және офлайн форматта барлығы 56 көрме өтті, соның ішінде 4 жылжымалы көрмелер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар мынадай шараларды да атап өтуге болады:

2021 жылы музей-қорық мамандары 22 мақаланы дайындап ғылыми басылымдарға, 14 мақаланы республика, облыс және аудандық басылымдарға жариялады.

Соңғы уақытта қауіпсіздік шаралары жеңілдеп, әлемді екі жыл әуреге салған пандемия аяқталғандай әсер қалдырады. Өйткені халықтың көп бөлігі вакцина салдырған немесе коронавируспен ауырғаннан кейін иммунитеті қалыптасқан. Осылайша, тұрғындар бұрынғы қалыпты өміріне қайта оралуда. Қоғамдық орындарда ірі іс-шаралар кедергісіз өтіп, кеңінен аталып өтуде. Адамзат қалыпты өмірге бірден қайта қоймаса да, пандемия мен вирусқа қатысты дайындығы артқаны белгілі. Ең бастысы, айналадағы адамдармен ара қашықтықты сақтап, салауатты өмір салтын ұстану - ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан ең тиімді іс деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі.

1. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-нің 2020 жылы атқарылған жұмыстары есебі. Сарайшық. 2020 ж.

2. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-нің 2021 жылы атқарған жұмыстарының есебі. Сарайшық. 2021 ж.

ӨЛКЕ ТАРИХЫН ПӘН РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Л.Ы. Қызыл - Жалпы білім беретін
Новобогат орта мектебінің
тарих, құқық пәнінің мұғалімі,
педагог зерттеуші,
Атырау қ.

«Ұлы заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «Отан» деген ұғым, біздер үшін айқын ақиқат, Отан – өзің туған қала, өзің өскен ауыл, өзің оқыған мектеп, қысқасы өзіңді өмір азаматы етіп қалыптастыруға әсер жасаған орта. Ендеше, солар жайлы білу ауа мен судай қажет нәрсе» – деп айтқан болса, оқушыларды туған өлкенің тарихын зерттеуге қызықтыру, белсене қатыстыру қажет. Мектепте тарих пәнін оқытуды жақсартуға бағытталған маңызды іс – өлкетануды балаларға үйрету деп ойлаймын. Себебі, тарихын білмеген ұрпақ ата – анасын білмейтін жетім бала сияқты әркімнің жетегінде кете барады. Осынау ақпараттар тоғысқан ғасырда, Тәуелсіз елдің жас түлектеріне білім бере отырып, өлке тарихын сабақтастыра оқыту жолын үнемі іздестірудемін. Ол үшін бүгінгі әр ұстазды «Өлкетану деген не? Қазіргі заманда өлкетануды оқыту керек пе? Керек болса өлкетануды оқушылардың бойына қалай сіңірем? Тез сіңіру жолдары қандай?» деген сұрақтар ойландыратыны сөзсіз. Оқушыларға туған жерінің қадір қасиетін ұғындыру, туған жер тұлғаларына деген құрметтерін арттыру, туған ел тарихын тану мақсатында өлкетану таңдау курсының бағдарламасын жасақтадым. Нәтижесінде туған жер жайлы біраз мағлұматтар жинақталып, өлке тарихымен оқушылар таныстырылды.

Нарын өңірі – ата тарихы әріден басталатын қасиетті мекен. Қасиетті мекеннен тарихи тұлғалар мен талантты ұл-қыз өсіп, ел тарихын толықтырды. Бүгінгі таңда өлке тарихы тек қана ауыл, мектеп кітапханалары мен мұражайларда еңбек пен ерлік бұрышы болып қалды. Ал өлке тарихы жайында сыр шертетін ақпарат құралдары жоқтың қасы. Өздері туған, қазір мекен етіп жатқан жері тұнып тұрған тарих екенін жастардың бірі білсе, бірі білмейді. Қазірден бастап олардың санасына «Өлкетану» ұғымын тереңірек сіңірсек болашақта олардың арасынан елжанды тұлғалардың қалыптасуына өз үлесімізді қосқанымыз. Өлкетанудың жас жеткіншектерге өз өлкемді танысам, сырын білсем деген оқушы үшін берері мол. Өлкетану оқушыларды ізденіске өз жерін, өз елін, Отанын сүйуге тәрбиелейді, өз өлкесінің тарихи ерекшелігін білуге жетелейді. Сонымен қатар оқушыларға туған өлкесінің тарихын ата – бабаларының асыл мұраларын құрметтеуге және өз жерін

сүюге бағытталған ұлттық тәрбиенің де бір бөлшегі. Өлкетану оқушының бойында туған жерге деген сүйіспеншілігін нығайту және тарихи тұлғаларын, тарихи мәдени ескерткіштерінің құндылығын қастерлеуге үйретеді. Өлкетануды оқи отырып, туған жердің қасиетін түсініп, өзінің ой өрісін дамытып, ғылыми тұрғыда ойлау қабілетін арттырады. Туған өлкенің сырларына саяхат жасай отырып, тарихи деректер жинау іскерлігін дамытады, ғылыми іскерлігін кеңейтеді. Осы мақсаттарды негізге ала отырып, «Өз елінің дәстүрін, тарихының өткені мен бүгінгісін білмеген жас ұрпақ болашаққа көз жүгірте алмайды» деген қағидаға сүйеніп, «Өлкетану» таңдау пәні бағдарламасын құрастырдым. Бағдарлама 4 тараудан тұрады.

I. Менің кіші Отаным;

II. Ескіrmес есімдер;

III. Киелі шаңырақтың қасиетті ұрпақтары;

IV. Мұнайлы өлкем – қазыналы өлкем.

«Менің кіші Отаным» тарауында аудан тарихы, Қамысқала – туып өскен ауыл, өлкеміздегі жер атаулары, мұражайларымен, оқушы білім алып отырған мектеп және ауданымыздағы тарихи-мәдени ескерткіштер туралы қамтылып, оқушылардың ел тарихын білуге деген сүйіспеншілігін арттырады. Өлкеміздегі тарихи – мәдени ескерткіштер жайлы материалдар жинақтап, ауылдағы ескерткіштер тарихымен танысып, ескерткіштер арқылы тарих қойнауына үңілу, іздестіру жұмыстарын жүргізу, мұражайларға саяхаттау мақсаттары жүзеге асырылады.

Екінші тарау бойынша өлкеміздегі тарихи тұлғалар ерліктері, батырлар, өнер саңлақтары, қоғам қайраткерлері, өмірімен, игі істерімен таныстыра отырып, өлке тарихының айтулы кезеңдеріменен өнегелі өмір жолын, шығармашылығын насихаттау.

Үшінші тарауында табиғат берген қасиеті арқылы адам өміріне арашашы болған, әулиелермен қажылыққа барған діндарлардың игі істерін насихаттап, халыққа жасаған жақсылығын үлгі ету.

Төртінші тарау бойынша өлкеміздің ежелден қазба байлығы мол, өндірісі қалыптасқан аймақ екенін ұғындыру, мұнайшылардың еңбегі, аудан экономикасына қосып отырған қомақты үлесі туралы түсіндіру, еңбекке баулу. Тарих дерек көздері арқылы жазылса, деректер мұрағаттан алынатынын түсіндіре отырып, аудан мұрағатымен таныстыру, жұмыс жасауға үйрету.

Нарын өлкесінің жері бай, тарихы терең. Сол тарихта Новобогаттың (Қамысқаланың) алатын орны ерекше. Оның өткен тарихына көз жіберіп, арғы шежіреге үңілсек, қалың Қыпшақ даласы болған, кейін Ноғай ордасы құрамына кірген, Қалмақтар жайлап, олар Қытайға көшкенде, отыз жылдай жүгірген аңмен ұшқан құстан өзге жан иесі мекендемеген бос жатқан жер ойға оралады. Еділ мен Жайық аралығындағы осынау кең далаға қоныстануға 1801 жылы орыс патшасынан рұқсат алған Бөкей сұлтан 5 мың шаңырақпен көшіп, Жайық өзенінен өтіп, ат басын осы Новобогат жеріне тіреген. Жалтыр көлінің Батыс беткейіне таласпен титықтаған ата-бабаларымыз отау тігіп, арқасын кеңге салған. Көне көз қариялардың

айтуына қарағанда Жалтыр көлі теңіз табаны болған. Онда су түбінде болған қайыршақтар әлі де кездеседі. Жалтырдың жағасында Бөкей сұлтан көп пе, аз ба қоныстанғанының дәлелі – «Бөкей шешесі» деген мола бар. Бөкей Ордасы бой көтергеннен кейін бұл өңірде орыс зерттеуші саяхатшылары келе бастаған. Олар Кіші Орданың картасын сызған, Тасоба маңын мекендеген, осы аймақтың бөлу құзырына ие болған Қойыс туралы да айтылады. Ол орыс әкімдерінің алдында беделді, пікірімен санасатын сауатты адам болғанға ұқсайды. Оған дәлел Беріш, Себек, Қойбас би, Бөкейдің ұрпағы Жәңгірден жер сұрап барғанда, Қойбастың туысы Қоңдыбай айтты деген сөз бар.

Оралды орыс бермейді,
Бүгілді Қойыс бермейді.
Ірге құмды Тана бермейді,
Қаратоқай және бермейді,
Аспаннан Құдай жаңбыр бермейді,
Жерді Жәңгір бермейді.
Кетпейін десем, ен Нарынға сыймаймын,
Кетейін десем, Жәңгір сені қимаймын, -

деп Қойыс қорығын сыйға алған деген аңыз бар. Қойыс өз заманында елге де, патша үкіметіне де аса беделді болғанға ұқсайды [1].

«Қамысқаланың» Новобогат деп аталу туралы әртүрлі әңгімелер айтылады. Қазақстан энциклопедиясында Новобогат селосына берілген анықтамада XIX ғасырда Бақсай өзегінің бойында орналасқан село. Кезінде өзек бойында нар қамыс өскен. Қамыстан адамдар тұрғын үй салған. Сол себепті халық аузында «Қамысқала» деп аталып кеткен деген сөздер жазылған. Новобогат атауы жөнінде жергілікті тарихшы өлкетанушылар мынадай пікір қосады. Біріншісі, Патшалы Ресей кезінде осы мекенді уақытша қоныстанған Новыков, Выборнов, Богатинов есімдері орыс помещиктерінің қысқарған буындарынан құрылған деген болжам. Екінші болжам революцияға дейін «Ағайынды Нобельдер» серіктестігі барлау жүргізіп, кейіннен ашылған мұнай кенішіне байланысты «Жаңа байлық» деп аталып, ал орыс тілінде Новобогат болып аударылған [2].

Қамысқала атауы туралы мынадай деректер бар. Орал жақтан кәсіп іздеп келген Рақманқұл Боқсақ өзегі арқылы «Ақтікенге» келіп, қамыстан үй салған. Осындағы орыстармен бірігіп, балық кәсіпшілігімен айналысқан. Сондықтан үйлер қамыстан салынғандықтан, «Қамысқала» деп атап кеткен деген жорамалда бар [3]. Қазіргі кезде өлкеміз Қазақ ақыны, Қазақстанның халық жазушысы, осы жерде туылған Хамит Ерғалиев есімімен аталады.

Нарында өсіп, Нарында бірге жарасқан,
Ағалар біздің кедірлі-бұдыр жол асқан.
Қастерлеп жинап шежіресін келеміз
Біразын соның Сіздерге айтып береміз –

деп, жерлесіміз Фариза ақын айтқандай, бұл киелі, құт мекенге кімдер келіп, кімдер кетпеді, небір жақсылар мен жайсаңдар өтпеді?! [4]. Ардақты батыр бабамыз Исатайдың ақ табан атты мініп, ала шұбар ту тігіп, қан майданда қақтығыс жасаған жерінде тұрып жатқандығын айтып, ерлік істерін

насихаттау мақсатында өз өлкесін сүйө, өз өлкесіне еңбек ету, қадірлеп, қастерлеу, дағдыларын қалыптастыру үшін мұражайға саяхат сабақ ұйымдастырылып, батырдың сол кезеңдегі жәдігерлермен таныстыру. «Менің батыр бабам» тақырыбында мәнжазба жазу.



И.Тайманов атындағы мұражай

Мадияр Қостамбаев 1943-1948 жылдары Новобогат аудандық партия комитетінің 1-хатшысы болды. 1945 жылы Ленин орденімен марапатталды. 2001 жылы Хамит Ерғалиев ауылының бір көшесіне Қостамбаевтың есімі беріліп, ескерткіш тақта орнатылды. Аудан сол кезде Қызыл Туды 2 рет жеңіп алуын, мұндағы Қостамбаевтың ұйымдастырушылық, басшылық еңбегімен таныстыру.

Хамит Ерғалиев Қазақстанның халық жазушысы. Шын есімі - Габдолхамит. Руы: Кіші Жүз, Жетіру, Тама. «Қамысқала» атты өлеңінде:

Бізді туған қашанғы Қамысқала,
Бір совхозға бұл күнде қоныс қана.
Екі ғасыр ерлігі естен шығып,
Қоя қоймас бір шетке қағыс қала, - деп жырлағандай Новобогат, Қамысқала, Хамит Ерғалиев тарихы тереңнен бастау алғандығын оқушыларға жеткізу. [5]. Ақынның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында 2007 жылы ашылған мұражайда, оқушылармен саяхат сабағы өткізілді. Жәнеде оқушыларға интернет материалдарынан ақын жайлы ақпарат іздену берілді. Мұражай деректерімен тұсаукесер жасау берілді. 100 жылдығына арнап кіндік қаны тамған «Ерғали күтіріне» тақта белгі қойылды. Ауылымызда Новобогат орта мектебінің алдына кеуде мүсін қойылды.



Хамит Ергалиевтің кеуде мүсіні

Хамит Ергалиев мұражайы

Дәулескер күйші – Ғибатолла Мәсәлімов. Дарынды музыкант, күйші-домбырашы. Орал педагогикалық институтын бітірген. Новобогат ауданының мектептерінде ұстаздық етті. Нарын өңірінде аты аңызға айналған күйші. Жастайынан домбыра, сырнай, скрипка, мандолин, т.б. музыкалық аспаптарда ойнаған, шебер суретші болған. Новобогатта алғаш халық аспаптар оркестрін ұйымдастырған, 1958 жылы облыстың бас домбырашысы атанды. Құрманғазы, Динаның бірнеше күйлерін нотаға жаздырды. 1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Новобогат селосындағы орта мектепте Мәсәлімовтың аты берілді. Жерлес күйші атамның өмірі мен шығармашылығы туралы білу. Ғ.Мәсәлімов туралы мәнжазба қорғау, бүктеме жасау.

XX ғасырдың 70 жылдары негізі қаланған жарты ғасырға жуық тарихы бар білім ордасы – Новобогат орта мектебі. Мектеп 1975 жылы орталау білім беретін мектеп ретінде ашылып, Новобогат аудандық партия комитетінің кеңсе үйінде орналасқан. Ең алғашқы мектеп директоры Ғатиет Тастанбеков болды, оқу ісі меңгерушісі Ниғметова Нұрсұлу. Мұғалімдер Жөкеев Қайралы, Қалимуханова Оқиза, Жаншина Калимаш, Мұханбетова Лидия, Қыдырова Бақытжан, Зұлқашов Өтепқали, Ерубасева Роза, Шахабаев Әмір ең алғашқылар болып мектептің жұмысын жүргізді. Осылайша тарихы басталған Новобогат орта мектебі табалдырын мыңдаған шәкірт аттап, үлкен өмірге жолдама алды. Олардың арасында есімдері елге белгілі талай азаматтар бар. Мектеп аға ұрпақтың білім берудегі салып кеткен сара жолын лайықты жалғастыруда. Шәкірттерге білім мен тәрбие беріп, заман талабына

сай еңбек етіп жүрген мұғалімдер қатары мектепте көптеп саналады. Мектеп тарихынан қысқаша мағлұмат бере отырып оқушыларға ары қарай мектеп тарихына қатысты деректер жинауға тапсырма беріп, танып-білуге, зерттеп, зерделеуге бағыт беремін. Бұл, әрине өзі білім алып отырған мектеп тарихын білуге, өлке тарихымен танысуға оқушылардың қызығушылығын тудыруы сөзсіз. Өйткені сол кезде мектепте еңбек еткен ұстаздар, білім алған шәкірттер қазіргі оқушыларымыздың ата-бабасы, ата-анасы екені даусыз. Аз ғана әдебиет жазу үшін көптеген тарих қажет дегендей осы мектеп тарихын зерттеу үшін жүргізіліп жатырған жұмыстар білім ордасына 50 жыл толуына орай зерделеніп, жазылатыны көңілге қонады. Ол үшін оқушыларға қазірден бастап зерттеп, ғылыми жоба дайындау, деректер жинау, әлеуметтік желіде хабарландырулар жасау, электронды мектеп тарихы жобасын жасау тапсырылды.

Қасиеті ел аузында аңызға айналған сынықшылар мен емшілер, атақты молдалар халық емін сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатырғаны баршаға мәлім. Сол кездегі діни сауатты адамдар дін жолын ұстанып ел ішінде мешіт, медресе салдырып, халыққа имандылықты уағыздап түрлі ғылымда халыққа білім нәрін сепкен ағартушылары да болды. Ел сауатын ашумен қатар емшілік қызметтеріне де халқы куә болды, ел жұрттың сүйіспеншілігіне бөленіп, күні бүгінге дейін көне көз қарттарымыз осы абыздар туралы аңыз етіп айтып отырады, бұл олардың ел құрметтісі болғандығының айғағы. Ата бабамыздан қалған қасиеттерді жалғастырушы Нарын өңірінің ардақтыларының аттарын өшірмей, қазіргі заманға жалғасуын маңызды деп білемін. Өйткені мұсылманның басты қасиеті имандылық әр оқушының бойынан табылатын жағымды құбылыс болуы тиіс. Олардың игі істерін болашаққа жалғастыруда қосқан үлесім деп ойлаймын. Қасиетіне бүкіл Батыс өңірі тәнті болған Сәт баба ұрпақтары Зинеден, Уәлитхан, Рысбайлардың емшілік қасиеттері туралы деректер, ел аузынан естіген әңгімелер жинауға тапсырма берілді. Өлкетанушы Мұрат Бектеновтың «Қасиетіңнен айналдым» кітабын оқуға кеңес бердім [6].



Рысбай, Күнтуған, Уәлитхан Құрасовтар

Қос өзен аралығы тарихына көз салсақ, осы аймақта мұнай қазынасының бастап игерілуі сонау ХХ ғасырдың бас кезінен басталады. Еділ мен Жайық өзендері аралығының жер асты байлығы сол кездің өзінде-ақ патшалық Ресей өкіметімен шетелдік кәсіпкерлердің назарын аудартса керек. 1911 жылдың күзінде «Ағайынды Нобельдер» аталатын ағылшындық мұнай компаниясының мамандары қазіргі Хамит Ерғалиев ауылының терістік бетіне бұрғы салып, геодезиялық жұмыстарды қолға алған. Мұрағат деректері бойынша, сол жылдары 250 нүктеге ағаштан белгі қойып, нәтижесінде 250-ден 900 метр тереңдікке дейінгі қазылған 6 ұңғыдан мұнай ала бастаған. Ағылшын кәсіпкерлері бұл жұмыстарға жергілікті халықты да тартқан. Өндірілген мұнай жұмыс көліктері (түйе) арқылы теңізге жеткізіліп, одан әрі кемемен әкетіліп отырылған. Елде кеңес өкіметінің орнауы мен ағылшын компаниясының қожайындары бұл жерде тастап кетуге мәжбүр болды. Ал мұнай өндірісінің барлық құрал-саймандарын, құрылыс материалдарын, үйлерін кеңес меншігіне өткізген. Олардан қалған мұнай өндіру цехы шығарылған мазут, керосин өнімдерінің игілігін жергілікті халық бертінге дейін көргендігі көне көз қариялардан белгілі [7]. Еділ-Жайық аралығындағы «қара алтынның» бай қоры бар екені ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, алғашқы геофизикалық барлау-бұрғылау 1957 жылы басталды. Соның нәтижесінде Мартыши кен алаңынан 1963 жылы алғашқы мұнай тасқыны атқылады. Осылайша өлкеміздегі тұңғыш Мартыши кеніші дүниеге келіп, 1968 жылдың ақпан айында оның өнімі өндірістік мақсатта мемлекетке тапсырыла бастады. 1973 жылдан бастап «Жайықмұнай газ» өндіру басқармасы қазіргі кезге дейін бұл аймақта мұнай өндірумен айналысып келеді [8]. Еліміздің экономикасын дамытуда елеулі үлес қосуда. Мұнай-экономикамыздың алтын дінгегі, халқымыздың маңдайына біткен бағы. Ғасырдан астам тарихы бар қазақ мұнайының бір бөлшегі қырық жылдық тарихы бар қос өзен аралығындағы мұнайшылардың еңбегі де халықпен бірге жасап, Қазақстанды әлемдік аренаға шығаруға үлкен тірек болып келеді. Ата-бабамыздың аттың жалы, түйенің қоңында жүріп қорғаған қасиетті жерінің киесін ұқтырып, ізін жалғастырған, ырыс-несібесін ырыздыққа айналдырған мұнайшылардың ерлікке толы ерен еңбегін оқушылардың санасына сіңіру осы бағытта мұнайшылардың еңбек жолымен танысу жеріміздегі қазба байлықтары туралы деректер жинау тапсырылды.

Кіндік қаның тамып туып өскен жерінді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көру әр адамның парызы екенін сабақ барысында оқушыларға ұғындырып мынадай нәтижелерге қол жеткіздім. Әліпмұратова Құралай 2014 жылы «Жеті ата шежіресі – ұлттық құндылықтардың бірі». Асанова Ақбота 2016 жылы «Өлкетанушы – Мұрат Бектенов» тақырыбында ғылыми жоба қорғады. Қазіргі кезде тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде. 2015-2016 оқу жылында оқушылар ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары нәтиже көрсетті. Мектебімізде Өлкетанушы Мұрат Бектеновке арналған кездесу кеші ұйымдастырылды. Кешке аудандық, облыстық бұқаралық ақпарат өкілдері қатысып өлке тарихын насихаттады. Мектебімізде Туған ауылым – тұнған

шежірем атты пікірсайыс шоуы өткізілді. Нәтижесінде оқушылар өлкетануға қызығушылық танытып, мектепте пән ретінде оқығылары келетіндігін айтты. Ерлік пен еңбек қашанда ұрпаққа ұран екені даусыз, сондықтан жаңа дәуірде ғұмыр кешіп жатқан жас ұрпақтар парызы алдыңғы буын ата-баба өкілдерінің тағылымдарын таразылап, өнегелерін ұлағатты жолмен жалғастыру үшін өлкетану таңдау пәнінің оқытылуының өзекті екендігін дәлелдейді.



Новобогат орта мектебіндегі Өлкетанушы Мұрат Бектеновпен кездесу кеші.

Әдебиеттер тізімі.

1. М.Өтеғалиев. Исатай ауданының шежіресі. 1 кітап Алматы «Арыс» 2003ж 14,15 б.
2. М.Өтеғалиев. Исатай ауданының шежіресі. 2 кітап Алматы, «Арыс» 2008ж 26, 27 б.
3. Тұщықұдық ауылы шежіресі. Сардар баспа үйі, Алматы 2014ж 12бет
4. Мұрат Бектенов. Қос өзен мұнайшылары. Алматы, 2018ж «Алматы принт» ЖШС 28, 29 б.
5. Мұрат Бектенов. Айшықты әлем. «Шежіре» шығармашылық орталығы Атырау, 2014ж 268, 269 б.
6. Мұрат Бектенов. Қасиетіңнен айналдым. Алматы, 2009ж 3,4 б.
7. Қарасай Сапарұлы. Өмір өрнектері. Атырау, 2014ж 110,111 б.
8. Атырау газеті, №71, 1998 жыл, маусым.

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА «ТУҒАН ЖЕР» ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУ

А.С. Борангалиева - Қалам Есқалиев орта мектебінің тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы, Атырау облысы, Индер ауданы.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды, оның ауқымы кеңейіп «Туған елге» ұласатыны атап көрсетілген.[1,2] Туған жерге, елге деген патриотизмді және тарихи сана қалыптастыруда тарихи білім берудің маңызы зор. Қазіргі уақытта тарихи білім беру мазмұны да заман талабына сай жаңартылуда. Атап айтқанда, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы әзірленді.

Тұңғыш Елбасы мақаласына сәйкес тарихи білім мазмұнына «Туған жер» тарихын зерделеуге арналған тақырыптар енгізілді. Бұл білім алушының әр тарихи кезеңдегі тарихи жағдайлармен қатар өзі туып өскен өлкедегі тарихи тұлғалар, тарихи ескерткіштер, тарихи оқиғалар туралы сабақтастықта білім алуына мүмкіндік береді. Бұдан білім алушының «Қазақстан тарихы» пәні аясында өз жерінің тарихын да жүйелі зерделейтінін көруге болады.

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына өлкетанулық материалдарды енгізу білім алушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне, оқу материалына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды тәсілдерінің бірі. Туған жер тарихын зерделеу білім алушыларды Қазақстан тарихының әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихымен қатар оларды туған жердің тарихи-мәдени мұраларын да меңгеруге, зерттей білуге бағыттайды.

Туған жер тарихын оқытудың басты міндеті өз туған жерінің патриотын, әлеуметтік мәдени құндылықтарын құрушы, сақтаушы, қолданушыларын қалыптастыру және туған жерге деген құрметке баулу, білім алушылардың танымдық, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Туған жерінің тарихын зерделеу сонымен қатар, тұлғаның туған жері бойынша әлеуметтенуіне, өз өлкесінде еңбек етіп, өмір сүруге, туған жерінің өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңғыруына үлес қосуға бағыт береді.

Туған жер тарихы туралы тарихи материалдар оқытудың тәрбиелік міндетін де іске асырады. Тарихи деректер мен кейіпкерлер білім алушылардың туған жердің өткен тарихын түсінуге, өз туыстарының өткен

өмір салты мен рухани әлемін, олардың туған жерді дамытудағы еңбегінің рөлін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Туған жерге қатысты сабақ барысында өткен дәуір тарихын тұлғалық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік беріледі, себебі, құндылық қатынасты жеткізушілер туған жердің халқы, яғни туыстары мен жақындары болып табылады. Қазақстан тарихы сабағы аясында туған жердің материалдық және рухани дамуына, мәдениет, білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын білу, білім алушылардың қызығушылығын, патриоттық мақтаныш сезімін арттырады. Бұл сәйкес құндылықтардың алғашқы баспалдағы болып табылады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізінде әзірленген «Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушыларда ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыруға;
- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;
- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;
- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 5,6,7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспарына енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын әр сынып бойынша кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану материалдарын оқытудың ерекшеліктері:

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі. Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді 5-сыныпта: «Өлкенің тарихи ескерткіштері», «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, ақындар», «Туған өлкенің аңыз-ертегілері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды ата-бабалардың дәстүрін құрметтеуге, келешек ұрпақтардың тәжірибесін жалғастыруға, өнегелі жерлестерінің өмірін замандастарына үлгі етуге бағыттау ұсынылады.

5-сыныпта «Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер» тақырыбы бойынша тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау үшін мүмкіндігінше мұражай сабақтарын өткізу ұсынылады. Мұражайда өтетін сабақта білім алушылардың оқу материалдарын мұражайдағы бай қорды пайдалана отырып терең меңгертуге бағыттау ұсынылады.

Мұражай базасында өткізілген сабақтар білімалушылардың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуге, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға ықпал етеді.

Тарих сабағында тарихи-өлкетану материалдарын жинақтауға келетін болсақ, оқушылар мұражайға барғанда көргендерін, байқағандарын, кездесулерде естігіндерін, тапқан заттарын т.б мектепке әкеледі.

Біріншіден, өлкедегі тарихи ескерткіштер;

екіншіден, өлкенің тарихын баяндайтын түрлі әдебиеттер;

үшіншіден, өлке тарихына байланысты баспасөзде жарияланған материалдар;

төртіншіден, тарихи оқиғаларға қатысушылардың естеліктері;

бесіншіден, өлкетану музейлеріне экскурсия жасағанда жинақталған материалдар. Жинақталған материалдардың бәрі уақытылы талданып, сарапталып, мектептегі арнайы бөлінген орынға қойылғаны дұрыс. Осыдан барып бірте-бірте өлкетану бұрышы, залы, бөлмесі ұйымдастырылатын болады.

Қазақстан тарихының өлкетану жұмысында зерттелетін негізгі тақырыптарының үлгісі.

1. Экономика мен мәдениет мәселелері. Өлкенің ертеден осы кезенге дейінгі шаруашылығымен таныстыру. Тұрмысы мен кәсібі. Осы салаларда өлкеде болған өзгерістер. Мәдениеттің дамуы. Өлкенің аталған салаларындағы белгілі қайраткерлер.

2. Мектеп тарихы. Қазақстанның көптеген мектептерінің ұзақ тарихы бар. Мектеп бітірушілер арасында қаншама қайраткерлер шықты. Халыққа білім беру саласындағы ардагерлердің ерен еңбегін көрсете отырып, оқушыларымызды олардың үлгісінде тәрбиелеу.

3. Ескерткіштер мен белгілі тарихи орындар. Әрбір қалада, аудан территориясында сол өлкенің материалдық және рухани өмірін көрсететін тарихи, мәдени ескерткіштер баршылық. Сондай-ақ тарихи фактілер, оқиғалар болған тарихи орындарда жеткілікті. Тарихи тұлғаларға қойылған, салынған ескерткіштер, қайраткерлер есімдері берілген ауылдар, қоныстар, көшелер, мектептер бар. Жоғары сынып оқушылары осындай белгілі орындардың, қайраткерлердің тарихын білуі тиіс. Мұның бәрін өлкетану жұмысы таныстырады.

6-сыныпта: «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері», Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері», Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері» тақырыптары берілген. Өлкедегі жер-су атауларының тарихын, ұлттық қолданбалы өнері мен қолөнерді, қазіргі кездегі өлкедегі атақты тұлғалардың ерлік істері мен еңбегі туралы білім беруде білім алушылардың өлкенің негізгі ерекшеліктерін анықтауға және терең түсінуіне ықпал ету ұсынылады.

Өлке тарихын оқу-тапономика ғылымынсыз мүмкін емес, өйткені жер тілі-сол жердің тарихын білдіреді.

6-сыныпта Сабақтың тақырыбы: «Топонимдер -өткен заманның куәгерлері»

Оқу мақсаттары: жергілікті жер, қалалар, өзендер, көлдер, таулар атаулар нені білдіретінін білу; бұл атаулардың пайда болу тарихын түсіндіре білу;

а) Жер-су атауларының тарихын білуге, жер-су атауларын қалай анықтауға болатынын айтып түсіндіру.

ә) Картадағы жер-су атауларын оқып үйренуге, ондағы жер-су атауында тарихтың ізі бар екенін ұғына білуге, таным қызметін дамытуға жағдай жасау.

б) Жер-су атауларының тарихына үңіле отырып, оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Проблемалық іздену сабағы.

I Қызығушылықты ояту.

Кез –келген жер –су атауында тарих ізі бар ма?

Өздерің тұратын жердегі жер-су атауларын білесіңдер ме?

Оларды ата?

Оқушылар өздері тұратын өлкедегі жер-су атауларын еске түсіріп дәптерге жазу керек. *Шоланкөл*, Маринка, Шолан тауы, Меңдібай атауларына тоқталу.

Осы сыныпта білім алушылар «Бір ел-бір тағдыр» тақырыбы арқылы аймақтағы әр түрлі ұлттардың тарихы, салт-дәстүрімен танысады. Бұл білімалушыларды бірыңғай әлеуметтік ортаға біріктіруге ықпал етеді.

7-сыныпта: «Өлкенің туристік маршруттары», «Туған жердің Атымтай жомарттары», «Туған өлкенің шежіресі», «Мектебімнің тарихы» тақырыптарын оқытуда білім алушыларға оқу мазмұнына сәйкес материалдарды анықтау, талдау, бағалау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар беру ұсынылады. **«Туған жердің Атымтай жомарттары»** тақырыбын өту барысында, осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру. Сабақ сайыс түрінде өткізіліп, өлке тарихына байланысты сұрақтар беріліп, түрлі танымдық сұрақтар берілді. «Туған өлкенің шежіресі» тақырыбы, ел тарихы мен өз ауылымның тарихының сабақтасуы бағытында айтылады. Өлке тарихына арналған, материалдарды түсіндіріліп, осы бағытта қосымша тапсырмалар берілді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде туған жерге қатысты өлкетанулық материалдар күшейтілген. Бұл материалдар тарихи білім мазмұнымен кіріктіріліп беріледі. 5,6,7 – сыныптарда өлкетану материалдарын меңгеруге 12 сағат (әр сыныпта 4 сағаттан) бөлінген.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының бір ерекшелігі сағат санын бөлуде мұғалімдерге еркіндік берілген. Бұл мұғалімге кез келген тарихи оқиғаларды туған жерге қатысты материалдармен кіріктіріп оқытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанның ежелгі, орта, жаңа, қазіргі заман тарихын оқу барысында білім алушылар сол кезеңдегі өз туған жерінің тарихымен және ескерткіштерімен танысады.

Өлкетанулық материалдар жалпы орта білім беру деңгейінде келесі бөлімдерді оқытуда қолданылады: «Қазақстан Ұлы Отан соғысы

жылдарында» (Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесу, тарихи естеліктерге талдау жасау); «Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы» («Туған жерді дамытуға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары» тақырыбында зерттеу жұмысы) бөлімдері [2, 16.].

7-сыныпта «Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері» тақырыбын өту барысында, өлкетану материалдарында пайдалану қажет.

Оқу мақсаты: туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау.

Сабақ барысында ауылдас ардагерлердің өздері берген сұхбаттарынан, бейнежазба арқылы үзінді көрсету арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту. Оқушыларға ауылдан қатысқан, соғыс ардагерлері туралы материал жинақтау тапсырмасы берілді. Сабақ барысында төмендегідей тапсырмалар берілді.

Тапсырма- «Тұлғаны таны» әдісі

1. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен ардагерлер мен тыл ардагерлері кімдер ?



2. Тыл ардагерлері қандай ерлік жасады деп ойлайсыздар ?

Оқушылардың ізденімпаздығы мен зерттеулері барысында жинақталған материалдар «Біздің жерлестеріміз-Ұлы Отан соғысында», «Алғашқы құрылысқа қатысқандар» атты өлкетануға арналған семинар сабақтарда пайдаланады. «Ұлы Отан соғысы» бөлімі екіге бөлінген «Ұлы Отан соғысына қатысқандар», «Жеңісті тездеткен-тылдағылар».

Біріншісінде жауынгерлердің орден, медальдары, документтері, хаттары, газет қиындылары, тағы басқа жинақталған. Сабақ барысында өлкемізден шыққан батыр Боран Нысанбаев туралы деректермен таныстыру. Тарихта өшпес із қадырған Совет Одағының Батыры Боран Нысанбаевтың ерлігі теңдесі жоқ ерлік. Жау дзотын кеудесімен жауып, ажал оғына қарсы жүрді. Ленинград шайқасы туралы айтқанда ауылымыздың тұрғыны Әбілов Шалмұқанды айтуға болады. Ол кісінің қоршауды бұзуға қалай қатысқаны жөнінде әңгімесі айтылды. Берлинге барған ауылдасымыз Р.Аймешовтың көзбен көргендері туралы айтылды. Рсалы ағай «Берлинді» медалімен марапатталғаны, Берлиннің өзінде үш жыл күзетінде болғаны туралы айту арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту [3,35 б.].

Екіншісінде «Жеңісті тездеткен-тылдағылар» бөлімі бойынша тыл ардагерлері, социалистік еңбек ерлері туралы түснiк берiлдi.

Сонымен қатар, жоғары сыныпта Қазақстан тарихы бойынша өңірлік компонент келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

туған жер тарихын Қазақстан тарихы материалдарымен өзара байланысын ескере отырып тұтас қабылдауын қалыптастыру; тарихи қалыптасқан ұлттық

мәдени дәстүрді, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу; өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту.

«Туған жер» тарихын зерделеу келесі оқу мақсаттарында көрсетілген:

халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану;

Туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени генетикалық код» ұғымын қолдану. Бұл мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірідділік пен сабақтастықты көрсетеді.

Өлке тарихына арналған тақырыптардың басым бөлігі «Туған жер» тарихын зерделеуге арналған.

Қазақстан тарихы және туған жер тарихына қатысты материалдар хронологиялық және тарихи даму заңдылық байланыстары ескеріле отырып берілуі қажет. Туған жер компонентін Қазақстан тарихының жалпы курсымен кіріктіріп оқыту білім алушылардың Қазақстан тарихы аясында туған жердің тарихи даму ерекшеліктерін анықтау, өткенді саралау, бүгінгі күнді сипаттау және болашақты бағдарлау қабілеттерін қалыптастыруда маңызы зор.

«Қазақстан тарихы» сабағында мүмкіндігінше тақырыптарға өлкетану ұстанымы арқылы шығу ұтымды болады, игерілетін материал оқушыларда қызығушылық тудырады және одан әрі зерттеуге (ізденуге) жол ашады. Өлкетанулық тарихи материалдар, фактілер тарихи оқиғалар мен процестерді нақтылайды, суреттейді және олардың қазіргі заманғы оқиғалармен ара қатынасын белгілеуге көмектеседі [4, 3 б.].

«Туған жер» тарихын зерделеу білім алушылардың гуманитарлық мәдениетін дамытуға, шынайы патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пән мазмұнындағы Туған жер компоненті білім алушылардың тарихи санасын, тарихи ойлауын дамытатын, өткен және қазіргі тарихи оқиғаларды салыстыру, талдау, бағалау түрлі дереккөздермен жұмыс істеу дағдысын дамытады.

Өлкетанулық материалдар білім алушының шығармашылық қызмет түрлерін (белгілі тақырып бойынша ақпарат жинау, оның ішінде естелік жазбаларды дайындау, өлкетанулық фактілерді талдау және бағалау, оларға қатысты сыни көзқарасты негіздеу және т.б.) меңгеруге мүмкіндік береді.

Білім алушыларға елінің тарихын өз көзімен көріп, сезіну үшін мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсия ұйымдастырған орынды. Себебі «Туған жер» тарихын зерделеуде білім алушылардың білімін жаңа мәліметтермен толықтырып, нақтылайтын, теориялық білімді тәжірибемен байланыстыратын сыныптан тыс және мектептен тыс тарихи өлкетану

(тақырыптық экскурсиялар, мұражайларға бару т.б.) маңызды болып табылады. Бұл оқу процесін жоғары сапалық деңгейге көтереді.

Білім алушылардың әлеуметтік нормалар мен дүниетанулық құндылықтардың тарихи тамырын білуі, өз халқының тарихи тәжірибесін түсінуі саналы түрде ұлттық бірегейлікті анықтауына мүмкіндік береді. Білім алушылардың өзін тұлғалық анықтауы ұлттық мәдениет пен тарихи дәстүрді қабылдауымен тығыз байланысты.

Бұдан шығатын қорытынды, рухани жаңғыру талабына сәйкес қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана өскелең ұрпаққа бүгінгі күнгі оқиғалардың мәні туралы түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау (бүгінгі күн жағдайының мәнін, өткеннің инварианттылығы мен болашақтың баламалығын түсінуден), өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оған қоса оқу-тәрбиелік процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жәрдемдесуі тиіс.

Сондықтан да «Қазақстан тарихы» пәні білім алушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұла Дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін туған жер компонентімен кіріктіре түсінуге мүмкіндік береді.

Өлкетану-оның өткенін мақтаныш ету еліміздің әрбір аймағын, ауданы, тіпті қала, ауылының тарихын насихаттау Қазақстан Республикасын дәріптеу болып табылады. Өлке тарихын жасау, қазіргі және келер ұрпақтың оны жақсы білетіндей, білім берілуі-кезек күттірмейтін міндет.

Өлке тарихын оқыту арқылы жеткен нәтижелерге тоқталсам, оқушыларым аудандық, облыс көлемінде өлкетану бағытындағы ғылыми жобалар сайысында жүлделі орындар иеленіп, мақалалары баспасөз бетінде жарияланып жүр.

Өлке тарихын жасау, қазіргі және келер ұрпақтың оны жақсы білетіндей, білім берілуі – кезек күттірмейтін міндет. Қорыта айтқанда тарих сабағында оқушылардың елін, Отанын сүю сезімін қалыптастыру, ерлік рухын ояту- тарих пәні мұғалімнің басты борышы.

Әдебиеттер тізімі.

1. Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан 2017 ж. 12 сәуір
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Дәуренбаева Ж. Оқушыларды өлкетану материалдары арқылы елжандылыққа тәрбиелеу/Білім-образование, 2005ж №4/.

4.Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ «ТАРИХ»,
«ӨЛКЕТАНУ» ПӘНДЕРІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ. ӨЛКЕТАНУ
ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.**

Суатова Ф.Б. – Қаракөл орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы,
Қаракөл а.

Туған елді туы қылып жүректің,
Ғұмыр бойы келе берер жыр еткім.
Туған елге, туған жерге арналған,

Барлығы да мендегі аппақ тілектің! - деп, жерлес ағамыз Н.Әжіғалиев жырлағанындай, шынында да әркімнің туған жері - Мысыр шаһары екеніне ешкім дау келтіре қоймас.

ҚР- ның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жерге сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?»- деп сұрақ қоя отырып, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді және жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді», - деген болатын [1].

Сонымен қоса, «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деп, өлкетану жұмыстарын жетілдіруді ұстаздар қауымына міндеттеген болатын.

Қазақ елі өзінің сан ғасырлар бойы аңсаған арманына қолы жетіп, өз Тәуелсіздігін жеңіп алып, егемендігімізді алғаннан кейін есімізді жиып, өз еліміздің тарихына сын көзбен қарай бастадық. Кім-кімге болса-дағы кіндік қаны тамып, шыр етіп дүниеге келген жері әрқашанда ыстық сезілетіні бесенеден белгілі ғой.

Жасыратыны жоқ, осы кезге дейін елеусіз шалғайда малын бағып, тып-тыныш өмір сүріп жатырған Қызылқоға аймағын, оның құрылу тарихын, өлкесіндегі сан түрлі оқиғаларын, сегіз қырлы бір сырлы ұлдарының

есімдерін толық білмей келген адамдар көптеп кездесті деуге болады. Өйткені осы уақытқа дейін билігін жүргізіп келген «орыстандыру саясаты» халқымыздың аяулы ұлдарының есімдерін, олардың еңбектерін жоққа шығарып, еліміздің дамуына, соның ішінде мәдениетімізге кедергі болып келгені ащы да болса шындық.

Қазақстан тарихын оқытуда өлке тарихының деректерін жинақтап, күнделікті сабақта, тәрбиелік шараларда пайдаланудағы **мақсат** - тәуелсіз еліміздің болашағы кейінгі жас жеткіншектердің туған елге, жерге деген перзенттік сезімдерін қалыптастыру, ел тарихындағы ұмытылмас тарихи оқиғаларды терең біліп өткені мен бүгінгісін байланыстыра отырып, өзінің саналы көзқарасын, үлесін қоса білуіне дағдыландыру, осы өлкеден түлеп ұшып республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген ағаларымыздың өмір жолдарын, әдебиет пен мәдениетке қосқан үлестерін және ел шежіресін насихаттау.

Мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым - көптеген ірілі-ұсақты тарихи оқиғаларды басынан өткізген Қызылқоға ауданының тарихын, өлкедегі болып өткен тарихи оқиғалармен, тарихи-мәдени ескерткіштерімен, жер-су аттарының аталу тарихымен жас буынды таныстыру.

Жас ұрпаққа өлке тарихына қатысты деректерді таныстырып-үйрету, оқиғалармен хабардар ету- тарихшы мұғалімнің міндеті.

Баршаңызға белгілі Қазақстан тарихы пәніне «Өлкетану» сабақтарын кіріктіріп оқыту жүзеге асырылуда. Ең алдымен оқушы бойына өз ауылының тарихы, қасиетті жерлері, туған жердегі топонимикалық атаулардың сырын ұғындырып, бойларына сіңіруіміз қажет.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігінің қазақ жұртына оралуы ел тарихына біршама өзгерістер әкелді. Осы мүмкіндіктер арқасында туған өлкеміздегі бізге беймәлім деректермен таныса бастадық. Көптеген қазіргі атақты ғалым-жазушылар, ақындар, мұғалім-педагогтар, малшылар т.б шаруашылықтың әртүрлі қызметінде абыройлы адал еңбек еткен азаматтарды тәрбиелеп ұшырған, жетілдірген қасиетті өлке Қызылқоға аймағы екенін білу - әрбір мектеп партасында отырып білім алушы Қызылқоғалық жас буынды қуантатыны анық.

Қазақстан тарихын оқытуды өлке тарихымен сабақтастыру әрбір жеке тұлғаның өлке тарихындағы тарихи оқиғаларды білуіне, құрметтеуіне, жеке шығармашылық шабытын, дүниетанымын, өзіндік көзқарасын, оқулықтағы құжат деректеріне өзіндік талдау жасауына ықпал етеді.

6-сыныпта 1-оқу тоқсанында «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы)» тақырыбын өткен кезде, «Қаракөл» ауылының карта-сызба нұсқасы әзірленіп оқушыларға түсінік бердім.

Тоқмырза жерінің аталуы. Жақсыбай руынан шыққан Тоқмырза есімді адам осы жерде ағаш отырғызып құдық қазған. Осы құдықтың суын көп уақыт ауыл тұрғындары ауыз су ретінде пайдаланған. Қазірде ол құдықтың суы мол.

Қисықбас ағашы атауы кісі атымен аталған. Баймұрат руынан шыққан. Сол жерде қоныс теуіп, мал баққан.

Айбас- батырдың аты, руы Жақсыбай.

Мектепкөл- Қызыл үй мектебінің қасында көл болғандықтан, Мектепкөл деп аталған.

Бесқала атауы ең алғаш бес үй салынып, соған байланысты ауыл тұрғындары осылай атаған. Негізгі аты- Мәдениет.

Айбике- көл аты.Мәдениет елдімекенінде орналасқан.

Қызыл ой- Жақсыбай руының қонысындағы жері. Осы жерден балық аулап күн көрген.

Шошақ шағыл- негізгі аты Айдын. Осы жерде биік шағылды төбелердің көп болуына байланысты аталған жер атауы.

Қоға- бұл жерде қоға шөбі көп өскендіктен осылай атаған.

XIX ғасырдың аяғында Патшалық Ресей өзінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру яғни қазақтың тілін, мәдениет, дәстүрін жою мақсатында 7 төрт жылдық орыс мектептерін ашқан. Олар Кермеқаста, Қаракөлде, Қарабауда, Махамбет ауданының «Қызыл үй» деген жерінде, Оралдың Тайпақ ауданының «Қызыл жарында» және Қаратөбенің «Қарамыс», Ақтөбенің Ойыл ауданының «Жыланды» деген жерлерінде тұрғызылды. Қарабау, Кермеқас, Қаракөлдегі Қызыл үй мектептерін қамыс өртеп, кірпіш күйдіріп қарашекпендер (украиндер) салған. Кірпіштің түсіне қарап «Қызыл үй» деп атап кеткен. Бұл мектептер осы өңірдегі қазақ балаларын орысша оқытқан алғашқы мектептер болатын.Бұл мектептерді салуда өңірдің сазы, топырағы, қамысы пайдаланылған деседі.

Сонымен қоса бірыңғай малшаруашылықты аудан болып есептелінген Қызылқоға ауданында округ бойынша ең алғаш колхоз ұйымдасты. Сол ең алғаш **1930 жылы** құрылған колхоз **біздің ауылымыздағы «Тегісшілдік таңы» колхозы болатын.** Князь, Ойыл, Қызылқоға деген атақты үш жәрмеңке болған. Соның ішінде мал жөніндегі ең мықтысы - Қызылқоға жәрмеңкесі саналған.

Қызылқоға ауданының қасиетті жерлерінің бірі

Қаракөл өңірі

Көлге байланысты атау

1930 жылы “Ынтымақ” тоз-ы

1938 жылы Молотов атындағы колхоз

1950 жылы Ленин жолы

1960 жылы Абай атындағы совхоз

1996 жылы Қаракөл ұжымдық кәсіпорыны

1997 жылы Қаракөл ЖШС

2001 жылы ЖШС таратылды

Өлкетану арқылы оқушылар біздің өңірдегі атақты адамдар Мұрат ақын, Есбай күйші, Бөкен би, Ығылман ақын т.б есімдері мен елге сіңірген еңбектерімен танысады. Мұрат Мөңкеұлы Қарабаудағы Мән жайлауында дүниеге келген. «Үш қиян», «Шалгез» толғауларын жазған. Ығылман Шөреков – ақын, Тайсойған өңірінде өмірге келген. «Исатай - Махамбет»

дастанын жазған. Халел Досмұхаммедов – ғалым, жазушы, дәрігер. «Аламан» кітабында батырлар, ақындар туралы тарихы деректерді жазған. Бүгінге дейін Мұрат ақын, Шернияз, Исатай туралы тың мәліметтерді жеткізген энциклопедист – ғалым. Мұрат ақынның «Үш қиян», «Шалгез» шығармаларында 140 – тай жер – су атаулары кездессе, соның 30- 40 – тайы біздің өңірдегі жерлер. XX ғасырдың 70-80 жылдары жерлес жазушы Б.Аманшин «Қарабау Қаракөлім» өлеңінде :

«Қарабау, Қаракөлім, Қызылқоғам,
Жайдары жаздай ыстық жүзің маған.

Сыйлады азаматтың ықыласын

Сыйлады махаббатын, қызын маған» - деп жырласа, ақын Д.Қанатбаев

«Қайдасың сен, Қарабау-Қаракөлім,

Топырағыңнан бойтұмар тағар едім.

Қара болсаң қара бол, Қара орманым,

Қайта тусам- тек сені қалар едім» - деп шумақтап өлкеміздің атауларын жырға қосқан.

Қазақстан тарихы пәнінен 8-сыныпта «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» бөлімін өткен кезде қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау барысында өлкеге қатысты деректермен сабақтастыра оқыту, таныстыру, мағлұмат беру оқушылардың туған өлкедегі айтулы оқиғаға туған жер перзенттерінің қосқан ерен ерлігін терең білуге қалыптастыратыны белгілі. Туған өлкеміз Қаракөл ауылының өзінен Ұлы Отан соғысына 800- ге жуық адам қатысып, оның 164-і оралмай қалды. Соғысқа ұстаздар да қатысты. Олардың ішінде Қаракөл орта мектебінде ұзақ жылдар ұстаздық еткен Бейсенбаев Ығылман, Байжанов Әйтiш, Төрекұлов Захар, Құлымбетов Бейiсқали, Нұрғалиев Рашид, Жұмағалиев Бағыт, Дәулетияров Жұмағали болды. Ұлы Отан соғысы кезінде Ұлы жеңісті жақындатуға ерекше үлес қосқан ауылымыздың соғыс ардагерлерін ерекше мақтан тұтатын болады.

Ел басына ауыр күн туғанда бар өмірін елінің қауіпсіздігіне арнаған Кеңес Одағының Батырларының арасында «Даңқ» орденінің толық иегері Ш.Еркінөте қызылқоғалық жауынгер. Дәл осы соғыс кезеңінде «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұранымен Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігіне нақты тарихи фактілермен дәлелдер келтіре алы дағдылары жетіледі. Ұлы Отан соғысы кезінде жергілікті өңір халқының ел үшін сіңірген қызметтерін төмендегідей қосымша мәліметтер келтіру арқылы, зерттеуге құлшынысы артады. Қызылқоға ауданының орталығы 1944 жылдан 1959 жылға дейін Қарабауда болған. Энгельс атындағы кеңшар 10-11 бесжылдықтар кезінде Республикалық, Бүкілодақтық Социалистік жарыстың жеңімпаздары деп танылып, ауыспалы Қызыл Туларды жеңіп алды. 11 бесжылдықтың қорытындысымен СОКП ОК, ВЦСПС, БЛКЖО-ның ескерткіш белгісімен марапатталған.[3]

Соғыстан кейінгі жылдары еңбекте ерекше көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін ауылымыздағы Көлбай Сисенбаев Еңбек Ері атағына ие болған.

Қызылқоға- ежелден ерлік пен елдік мекені. Бұл өңір Мұрат ақынды, Ығылман Шөреков, Халел Досмұхамедов секілді асыл ұлдарды дүниеге әкелген қасиетті мекен. 6-сыныпта Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихынан «Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі» тақырыбын өткен кезде тақырыпқа байланысты қосымша А.К.Ахмет, М.С.Қасеновтың «Сағыз өзеніндегі Таскешу керуен сарайы мен көпірі» тақырыбындағы өлкетану деректерімен таныстырдым.

«Ескі Ноғай керуен жолы» деп аталған Жібек жолының бір тармағы Сарайшық қаласы мен көне Үргеніш қаласын жалғайтын жол болды. Осы жол бойында ондаған қалалар мен керуен сарайлар салынып өркендеді. Ол XI-XVIII ғасыр аралығында Европа мен Азияны байланыстырған жол еді. Батыс Қазақстан аймағында бұл жолдың екі тармағы қалыптасты. Соның негізгісі солтүстік жол: Сарайшық - Тасқұдық- Таскешу керуен сарайы мен көпірі. Қайнар бұлағы - Боқаш әулие - Ұшқан ата - Маңсуалмас (Қосқұдық) бекеттері арқылы жүрді. Осы керуен жолымен жүрген керуендерге өзендерден кедергісіз өтіп, демалатын қонақ үйлер қызметін атқарған керуен сарайлар мен көпірлер салынған. Соның ішінде Сағыз өзеніне салынған Таскешу көпірі мен керуен сарайы. Қазіргі кезде бұл жерде құрылыстың қиандысы ғана қалған. Ол Атырау облысы, Қызылқоға ауданы шекарасында Сағыз округі Кенбай елді мекенінің солтүстік шығысында.

Одан шығыста бір шақырым жерде Жетібай зираты бар. Таскешу керуен сарайын алғаш зерттеген Әлкей Марғұлан 1950 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы оның суретін, жобасын алды. Оны Сағыз өзенінің сол жағында, қыш кірпіштен салынған деп көрсетті. Керуен сарай Сағыз өзенінен солтүстікте 150 метр жерде орналасқан. Қазіргі кезде керуен сарайдың құланды орны әзер ғана белгілі. Оның көлемі 45×42 метр, биіктігі 1,50 метр. Керуен сарай ортасы ашық алаң болып келген бөлмелері қабырғаларға тақалып айналдыра салынған. Мұндай жоба бойынша орталық алаңға жүк пен түйелер тұрған. Ғимарат қақпасы оңтүстік-шығысқа қаратылған. Сарайдың сыртында терең сай - орлар орны байқалады. Онда XVIII-XIX ғасырда 10-даған мазарлар мен құлпытастары салынған. Сарай үстінен қыш ыдыстар, тас диірмен, 2 мыс тиын, мөлдір моншақ табылады. Тиындар Алтын Орда кезінде соғылған. Керуен сарайдың солтүстік басында 400 метр қашықта Сағыз өзенінде көпір қалдығы сақталған. [2]

Еліміздің табысты болуының кепілін Н.Ә.Назарбаев «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту», - деген болатын.

Жеке тұлға білімді, саналы, толыққанды азамат болып қалыптасуы үшін ең алдымен мектептегі берілетін білім мен ілімнің, тәлім-тәрбиенің оның болашағына тікелей қатыстылығын әрбір ұстаз есте сақтауы қажет.

«Әр ұрпақтың арқалар ауыр жүгі бар» дегендей, әрбір Қызылқоға ауданының азаматы өз өлкесінің құрылу тарихы, географиялық жағдайын, табиғат ерекшелігін, шаруашылығын, әрбір кезеңнің дәлме-дәл уақыттарын

білуге тиісті. Өлке тарихы әрбір ұрпақтың туған өлкеге деген құрметін, адамгершілік асыл қасиетін, тарихи саналылығын толықтырады.

Әрбір ұстаз бүгінгі күнде мектеп партасында отырған балалардың әрқайсысы кез-келген тақырыпта өз пайымдауларын жасауға қабілетті екендіктерін есте сақтағаны жөн.

Оқушылардың өзіндік мақсат пен ішкі уәжінің қалыптасуына жағдай туғызатын бірден- бір тұлға - ұстаз. Осы қасиеттер арқылы бәсекеге қабілетті, өзіндік құнды пікірі бар, толыққанды, қызығушылығы мол, өзін-өзі үнемі ынталандырушы, қоғамның дамуына өз үлесін қоса алатын тұлға қалыптасары сөзсіз.

Мұғалім өз тәжірибесін үздіксіз жетілдіретін болса, онда ол өз мектебінің дамыту жұмысының көшбасшысы.

Тарихшы маман ретінде Қазақстан тарихы пәнін оқытуда өлкетану деректерін насихаттау қорытындысы ретінде, өзім сабақ беретін сынып оқушылары Жақсылықова Рабиға, Серік Ұлпан сынды оқушыларым Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген «Менің кіші Отаным» атты IV республикалық жас тарихшылар интеллектуальдық конкурсының облыстық кезеңінде «Менің кішкентай Отанымның болашағы», «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациялары бойынша жүлделі III Дәрежелі Диплом және Алғыс хатпен марапатталды.

Тарих пәнін оқытуда оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін оқыту үрдісінде төмендегідей белсенді әдіс-тәсілдер тұлғаларға бағытталуы қажет:

1. Құндылықтарға бағытталған әдістер: жеке тұлғаның құндылығын қалыптастырады (анықтау, қайшылық, болжау)
2. Тұлғаға бағытталған әдістер: оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту (ой-пікірін анықтау, қорғай білу, тарихи оқиғаға баға бере білуі, ой қорытынды шығара білу дағдысы)
3. Іс-әрекетке бағытталған әдістер: (тарихи деректер мен ресурстарды өз бетімен іздеп табуы, талдауы, түсіндіруі, тұжырымы)
4. Саралап оқыту әдістері: (түрлі деңгейдегі деңгейлік тапсырмалар)
5. АКТ қолдану (ақпаратты табу, идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету арқылы жұмыстарын қорғау, жетілдіру) [4].

Сондықтан да мұғалім өз сабақтарында қолданатын белсенді әдістерді оқушының жас ерекшелігін ескере отырып дұрыс таңдауы қажет. Сабақта қолданылатын белсенді әдістер оқушының танымдық белсенділігі мен қызығушылығын, шығармашылық ынтасын, зерттеушілік ізденіс - қабілетін жетілдіретіндей сипатқа ие болса, оқытудың сапалы да табысты болғаны деп түсінемін.

Сондықтанда оқушылардың өлкетану жұмыстарына деген қызығушылығын ұйымдастыру үшін төмендегідей мәселелер назарда болу қажет:

1. Тарихи-өлкетану бағытындағы қоғам құру

2. Мектептің оқу-тәрбие жұмысына өлкетануға қатысты жобалар, байқаулар көбірек енгізілуі керек.
3. Мектептерде өлкетану бағытындағы мемориалдық мұражайлар ұйымдастырылу қажет.
4. Оқушы шығармашылығын насихаттауда арнайы методикалық кабинет жұмысын жандандырса.
5. Оқушылардың өлкетанудағы ізденген жұмыстарына зерттеу институттары жанынан көмек ұйымдастырылса.

Қазақтың ағартушылық тарихында терең із қалдырған аса көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин тағылымымен айтар болсам, «айшылық алыс жерлерден, көзіңді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызған» мына қоғамда өзінің бәсекелестік қабілетін ұдайы жетілдіретін ұрпақ қана табысқа жетеді деп сенім білдіремін.

Әдебиеттер тізімі.

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 2017 жыл 12 сәуір
http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. «Сағыз өзеніндегі Таскешу керуен сарайы мен көпірі» А.К.Ахмет, М.С.Қасенов. «Мұнайлы астана» газеті, 2008 жыл.
3. Ш.Қонысбаев «Тауман қарттың әңгімесінен» Қызылқоға газеті 23 қазан 2004 жыл. Қ.Атшыбаев. «Қарабаудың шығу тарихы» Қызылқоға газеті
4. Белсенді оқу әдістері Әдістемелік құрал 24-бет www.cpm.kz Астана, 2013

САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ЖОБАЛАРЫ

Сағынбаева О.Қ. - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас қор сақтаушысы, Атырау қ.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қор және музей қызметі бөлімі жылдық жұмыс жоспарына жаңа жобаларды қосып, жүзеге асырып келеді. Әлеуметтік желілер арқылы насихатталатын бұл шаралардың рейтингісіне қарай өміршеңдігі айқындалады. Көпшіліктің қызығушылығын туғызған жобалар жалғасын тауып, тың тақырыппен, жаңаша көзқараспен ұсынылып отырады. Осындай жобаның бірі – «Мен саған музейді көрсетемін». Халықаралық деңгейде жүргізіліп келе жатқан

бұл жобаны Сарайшық музей-қорығының жүзеге асырғанына 3 жылдай болды. Музей қонақтары алған әсерлерімен бөлісіп, өз пікірлерін білдірді. Осы уақыт ішінде АҚШ, Үндістан, Нидерланды, Ресей, Франция, Польша, Жапониядан келген қонақтар, еліміздің түпкір-түпкірінен келген отандастарымыз, өнер адамдары, суретші, ғалымдар жүрекжарды тілектерін айтып, өз көзқарастарымен бөлісті. Әлеуметтік желіде қолдау тапқан, географиясы кең бұл жоба биылғы жылы «Менің көзқарасым» деп өзгертіліп, көрермендердің назарына ұсынылып отыр.



Ерекше атап өтетіні 2021 жылы іс-сапармен келген Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ямада Джунның пікірі. Музейдің жәдігерлермен таныстырушысының кәсіби деңгейіне риза болған жапондық елші өз алғысын ресми түрде жариялады. Бұл да музей қызметі бөлімінің еңбегінің бағаланғаны.

Осындай 2020 жылдан жалғасып келе жатқан жобаның бірі «Дәстүрмен кездесу». Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында жүзеге асырып келе жатқан жобада ұлттық бай мұрамыз баяндалады. Салт-дәстүрсіз халық болмайды. Салт-дәстүр халықтың сапалық қасиетінің, моральдық өмір сүру нормасының басты өлшеуіші. Ата салты мен халықтық қасиетін ардақ тұтқан ұтады. Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты. Әдет-ғұрып замандар бойы

сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді...

Осы таңдағы қазақтың ұлттық тәрбиесінің алтын қазығы оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын әлеуметтік желі арқылы насихаттауды музей қызметі бөлімінің мамандары жолға қойған. Жоба басталғалы «Ең әдемі киім- ұлтыңның киімі», «Қазақтың саяткерлік өнері», «Өрмек тоқу», «Сазсырнай», «Домбыра», «Қамшыгер», «Зергерлік», «Ағаштан түйін түйген», «Наурыз» тақырыбымен бейнебаяндар дайындалды. Бұл жерде тек әдемі көріністі көрсетіп қана қоймай, сол тақырыпты ашып, аталмыш салт-дәстүрді бейнелейтін өнерді, бұйымды қалыптастыру жолдарымен таныстырады. Дана ұлтымыздың әрбір салты, әдеті, ғұрпы тегін жасалмаған. Олардың астарында зор философия жатыр. Мысалы, тек қамшының өзі туралы көптеген дерек келтіруге болады. Қамшы – қазақ үшін баға жетпес құндылықтың бірі. Ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінде қамшының алар орны бөлек. Ол қазақ шаңырағына сән беретін бұйым немесе қару ғана емес, ер жігіттің серігі, сыйлықтың төресі. Қазақ қамшыны тек қол қаруы мен қорғану үшін ғана емес, тіл жетпейтін жерде қамшы арқылы тұспалдап отырған. Аталы сөзге тоқтап үйренген елде қамшының қолданылу аясы өте кең. Қолында қамшысы бар адам айбарлы көрінген. Ал аттылы адам қамшысын үйіргенде одан сескенбейтін жан болмаған. Ежелден баласының санын ашық айтпайтын халқымыз, шаңыраққа ілінген қамшыға қарап-ақ қанша баласы бар екенін білген. Қамшының безендірілуіне қарап неше ұл, неше қыз екенін аңғарған. Себебі қыздың қамшысы асыл тастармен көмкеріліп, көз тартарлықтай әдемі болған. Негізінен қамшы қайырылып ілінеді. Ал салбырап ілінген қамшы ол үйдің ері жоқ екенінен хабар берген. Ата-дәстүрді берік ұстанған халқымыз болашақ ұрпақтың мықты болуын көздеп, қан тазалығы үшін жеті атаға дейін қыз алыспағаны мәлім. Шыққан тегіне қарап құда түсу арқылы ұл мен қыз шаңырақ көтерген. Осындағы басты дәстүрдің бірі – қамшы ілу. Ұлына қалыңдық іздеген әкесі бойжеткен қызы бар әулеттерді іздеген. Болашақ құдаларының тегін білмекке ыждаһаттылықпен сұрастырған. Ал қызы ұнап, сөз байласқысы келсе, үйдің оң жағындағы керегеге қамшысын іліп кеткен. Сол қамшыны көрген қыз да, өзін келін болуға дайындаған. Қамшының қалай жасалғанына қарап-ақ құда түскелі отырған әулеттің деңгейін болжаған. Салт бойынша қыз әкесі өз жауабын беруі тиіс. Егер қарсылық білдірсе, елші арқылы қамшысын қайтарып берген. Бұл дәстүр «Қамшы қайтару» деп аталған.

Осындай жалғасын тауып келе жатқан жобаның бірі «Бір жәдігер тарихы» виртуалды көрмесі. 2020 жылдардан бері онлайн түрде жұмыс жасауға байланысты туындаған жобаның бірі. Музей қорындағы жәдігерлерді жеке-жеке таныстыру арқылы оның мән-мағынасын, ерекшелігін көрсету. Жалпы, көрмеде тұрған жәдігер болса да, көптеген жағдайда барлық жәдігерді таныстырып, көрсетіп шығу мүмкіндігі болмай

жатады. Сондықтан бұл жоба жәдігерлерге жекелеп тоқталу арқылы оларды көпшілікке таныстыруға бағытталған. Осы уақыт аралығында музей қорындағы 30-дан астам жәдігер қазақ, орыс, ағылшын тілді аудиторияға таныстырылды. Көрмеде тұрған қарапайым ыдыстың таңқаларлық тарихын тыңдаған әрбір жан оны көзімен көрмекке ұмтылады. Қазіргі таңда «Назардағы нәрсе» айдарымен ұсынылып отырған бұл жоба да жалғаса бермек.

Мүгедек, жаны жаралы жандар баршылық. Мүмкіндігі шектеулі жандар деп арнайы қабылдап, ыңғайларына қарай қызмет көрсетілуін қамтамасыз еткен дұрыс. Осыған орай, музейде «Қараңғылықтағы серуен. Инклюзия» айдарымен көзі нашар көретін жандарға арналған жоба іске қосылды. Бұл жобаның ерекшелігі көз жанары көрмейтін және нашар көретін жандарға арнайы бағдарламамен саяхат ұйымдастыру. Көзі көрмегенмен қолдары арқылы әрбір жәдігерді ұстап, бедерін сипап, көлемін анықтап, сезінуге, ішкі жанарымен көруге тырысады. Осындай интерактивтер арқылы қала тарихын түсінікті етіп баяндау екі тарапты да риза етті.

Атырау қаласында орналасқан «Зейін Атырау» ерекше балаларды дамыту орталығының шәкірттеріне де арнайы интерактивті бағдарлама ұсынылды. Балалардың мүмкіндігіне қарай музеймен танысу ойын арқылы өткізілді. Биылғы жылы «Шектеусіз өмір» айдарымен бұл жоба жалғасып отыр.

Биыл «Музейдегі үзіліс: музей спорты» жобасы көрерменге жол тартты. Мақсаты - музей қорындағы спортқа қатысты жәдігерлерді жаңа қырынан ашу. Биылғы эфирде найза лақтыру мен семсерлесу сияқты спорт түріне қатысы бар музей жәдігерлері таныстырылды. Ұлттық ойындардың қай түрі де олимпиадалық ойындар санатына сұранып тұрғаны белгілі. Сан ғасырлық тарихы бар, қазаққа етене бұл сайыскерлік түрлері жауынгерге қажетті күш-қуат пен ептілікті талап етсе, бейбіт өмірде спорт түрі, жас ұрпақты рух беріп, ата салтымен тәрбиелеудің көзі. Қазіргі кезде атадан қалған мұра – ұлттық ойындарды насихаттап жүрген орталықтар көбейіп келеді. Сол орталықтарда, спорт кешендерінде ат құлағында ойнап, шірене садақ тартып, қашықтықтан найза лақтырып жүрген өрендер ұлттық ойындарымыздың спорттық ойындар ретінде әлемдік аренаға шығар сәтін жақындатады. Осы жолда музей де өз қорындағы әскери-спорт өнеріне тиісті жәдігерлерді насихаттай бермек.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИНТЕГРАЦИИ ИСТОРИИ И КРАЕВЕДЕНИЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Сагитова М.М. - учитель истории
общеобразовательная школа № 9, учитель -
исследователь. г. Уральск.

За годы Независимости Казахстана, образование претерпело радикальные изменения и одной из главных задач современного образования, на сегодняшний день, является вовлечение учащихся в самостоятельный поиск и решение практических задач, подготовку выпускников школ к нестандартным ситуациям и их решениям. Актуальной задачей получения образования современным школьником - поиск новых знаний, опираясь на собственный жизненный опыт, выявление проблем и нахождение способов ее решений, применение на практике полученных теоретических знаний. Будущему гражданину Казахстана, недостаточно одних только теоретических знаний, имеется необходимость успешной адаптации к реалиям современного мира, что является основой социальной успешности.

В ходе обучения в РИПКСО в г. Алматы по прохождению «Программы курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан» второго (основного) уровня, обучения на первом этапе «Лицом к лицу», на практике мною были использованы новые подходы в обучении. В качестве основного модуля обучения, на уроках истории было взято «Критическое мышление», так как использование критического мышления на уроках истории Казахстана позволило понять необходимость практического использования теоретических знаний к критическому осмыслению полученной информации в результате наблюдения, опыта, размышления и рассуждения, что в дальнейшем подготовит учащихся к жизни в социуме. Так как, знакомя детей с теоретическим материалом, мы не всегда учим их применять знания в реальных условиях. Поэтому для решения одного из ключевых вопросов образования: «Каким образом учителя подготовят учащихся к 21 веку?», были использованы новые подходы в обучении курса истории [1, с.189]. Сейчас данная методика обучения является основной в моей практике, так как учащийся сегодня, это исследователь, лидер, изобретатель.

Развивая алгоритм технологии критического мышления: вызов, осмысление, рефлексию, каждый ученик реализует свой творческий потенциал через восприятие и апробацию[2, с.6]. Исследуя характеристику исторических событий, учащийся не просто рассматривает его как событие прошлого, а на основе доказательств соотносит важность происходящих процессов в контексте развития нашего суверенного государства.

Так на этапе вызова, на уроках истории, основ бизнеса и предпринимательства часто используется прием «Мозговой штурм», «Кейс – стади». Обычно данные приемы проводятся в группах по 5-6 учащихся. Этапы данного приема осуществляются через: 1. Создание банка идей. Цель – наработать как можно больше решений; 2. Анализ идей. В каждой идее найти что-то полезное, рациональное зерно; 3. Обработка результатов. Группа отбирает от 2-5 самых интересных решений и назначает спикера, который рассказывает о них классу. Пример: «Массовая культура или поп-культура — культура быта, развлечений и информации, преобладающая в современном обществе». Каковы «+» и «-» данного явления. Что общество

может противопоставить данному явлению. Использование кейс – стадии позволяет ученику самому смоделировать свой бизнес, помогает использовать возможности и способы достижения поставленных целей.

На этапе осмысления часто используются приемы критического мышления – «корзина идей», кластер, фишбоум. Данные приемы помогают учащимся самостоятельно изучить новую тему, развивая способности к анализу и синтезу исторического источника. Так примером использования приема «корзина идей» может быть: Буддизм. Что вам известно по данной теме? Буддизм – это одна из трёх мировых религий. Возник буддизм в древней Индии в 6 веке до н.э.. Основателем считается Сиддхартха Гаутама (Будда).

Прием кластер (гроздь): предполагает выделение смысловых единиц текста и его графическое оформление в виде грозди. Важно в тексте, с которым работаешь: выделить главную смысловую единицу в виде ключевого слова или словосочетания (тема); выделить связанные с ключевым словом смысловые единицы (категорий информации); конкретизировать категории мнениями и фактами, которые содержатся в осваиваемой информации.

Прием фишбоун (рыбный скелет): голова - вопрос темы, верхние косточки - основные понятия темы, нижние косточки - суть понятий, хвост - ответ на вопрос. Записи должны быть краткими, представлять собой ключевые слова или фразы, отражающие суть.

Этап рефлексии осуществляется через применение приемов критического мышления – синквейн, ЗХУ, «тонкие и толстые вопросы». Прием синквейн (пятистишие) - это нерифмованное стихотворение, состоящее из пяти строк: первая строка – тема стихотворения, выраженная одним словом, обычно именем существительным; вторая строка – описание темы в двух словах, как правило, именами прилагательными; третья строка – описание действия в рамках этой темы тремя словами, обычно глаголами; четвертая строка – фраза из четырёх слов, выражающая отношение автора к данной теме; пятая строка – одно слово – синоним к первому, на эмоционально-образном или философско-обобщенном уровне повторяющее суть темы [3, с.47].

Наряду с применением критического мышления на уроках истории используются: групповая форма работы учащихся, диалоговое обучение, позволяющие раскрыть творческие способности всех учеников, лидерские качества учащихся, умение проводить взаимооценивание, использование информационных и коммуникационных технологий, проектной деятельности с одаренными детьми. Работа с одаренными детьми позволила раскрыть скрытый потенциал учащихся на основе подготовки проектов по истории и краеведению. Так, в КГУ ОШ 9 г Уральска, работая с одаренными детьми, провожу внеклассную воспитательную работу посредством участия, в олимпиадах, создании проектов носящих практическую значимость. Актуальность использования проектного метода в обучении истории состоит в том, что учащиеся при самостоятельном поиске и обработке информации,

анализе и синтезе материала готовят проекты, позволяющие заглянуть вглубь истории родного края, увидеть значимость происходящих событий в прошлом и современности в ракурсе своего села, области, изучение краеведческих объектов и применение данных знаний на практике. Ни для кого не секрет, что в наше время конкурентоспособность человека на рынке труда во многом зависит от его способности овладевать новыми технологиями, адаптироваться к изменяющимся условиям труда. Поэтому мы должны не только вкладывать готовые знания в головы детей, но заставлять их мыслить, анализировать, делать выводы, принимать решения. Мы должны научить их учиться. И результат не заставит себя ждать, сейчас учащиеся школы выступая в различных конкурсах по истории, являются призерами городских, областных, республиканских олимпиад: Диплом I степени республиканского конкурса «Тарих ата», 2021 г - Жангалиева Дильназ, Радайда Юсеф; Диплом II степени республиканской дистанционной олимпиады по предмету «Человек. Общество. Право», 2021 г – Бурцев Александр, Кабулов Ярослав; Диплом I степени IV республиканского интеллектуального конкурса «Моя Малая Родина», городской этап, 2021 г – Марыксина Валерия.

Метод проектов по своей дидактической сущности нацелен на формирование способностей, обладая которыми, выпускник школы оказывается более приспособленным к жизни, умеющим адаптироваться к изменяющимся условиям, ориентироваться в разнообразных ситуациях, работать в различных коллективах, потому что проектная деятельность является культурной формой деятельности, в которой возможно формирование способности к осуществлению ответственного выбора [4, с. 17].

Так, основную роль в организации научно – практической деятельности учащихся играет учитель. В роли организатора научно – практической и исследовательской деятельности он перестает быть единственным источником знаний. Являясь наставником детям, он подсказывает пути поиска необходимой информации и опыта. Для учителя самым ценным в методе проектов является сам процесс работы, так как он представляет собой инструмент, дидактическое средство обучения и развитие детей [5, с. 13].

Например, если учитель хочет развить у ребенка аналитические способности, критическое мышление, различные способы освоения логического восприятия и обработки информации, то для этого в большей степени подходят исследовательские проекты. Умение анализировать тексты, использовать тексты из различных источников, сбор и оформление информации, то для этого лучше всего подойдет информационный проект. Самым распространенным является творческий проект, который позволяет учащемуся проявить себя, создав произведение любого жанра. Очень актуальным на сегодняшний день, являются бизнес-проекты. Творчески работающие учащиеся совершенствуют уже имеющиеся знания приобретают

новые, добывают информацию из различных областей и интегрируют ее в собственный жизненный опыт. При этом мерилom успеха проектной работы становится не оценка, поставленная учителем, а реальная жизнь. Оценка лишь фиксирует фактическое положение дел. Так, работая с учащимися в Теректинском районе в Федоровской СОШ № 1, совместно с учителем биологии Анаисовой Л.В., нами были реализованы исследовательские проекты: бизнес – проект «Разработка экологической тропы по урочищу Амангельды» - I место в международной научно – практической конференции: «Отечество» - Акжигитова Полина, «Берега мечты» - I место в ЗКО, II место в РК – Аймагамбетова Мадина; «Создание и благоустройство экологической тропы по урочищу Амангельды» - Лауреат Общероссийского Фестиваля исследовательских и творческих работ учащихся «Портфолио ученика» - Степаненко Ангелина, «Любовь моя – Теректа моя!» - Номинанты Общероссийского Фестиваля исследовательских и творческих работ учащихся «Портфолио ученика» - Аверина Александра, Журавский Дима, Кульнязова Аида, «Немеркнувшие звезды Теректы» - I место в Республиканском конкурсе дистанционных проектов «Биография семьи в истории народа» - Фельдман Катя, Аккереева Лунара.

Определяющее значение в развитии растущего человека как личности имеют мотивы деятельности и поведения, в которых выражается характер его отношения к себе, другим людям, обществу, проявляется уровень самосознания и социальной ответственности[6, с 64].

Проект для ученика – средство самореализации. Потребность в самопознании и самореализации – важнейшая в подростковом возрасте потребность, это один из наиболее мощных стимулов их учебной, да и любой деятельности. Поэтому работа над проектом от замысла до итога ценна для подростка лишь постольку, поскольку дает ему возможность проявить себя во всем своеобразии и неповторимости. Процесс работы над проектом будет продвигаться тем успешнее, чем более личностно значимыми будут его цель и результат. Для учителя учебный проект – это интегрированное дидактическое средство развития, обучения и воспитания, которое позволяет вырабатывать и развивать специфические умения и навыки проектирования и исследования [7, с 24]. И сегодня, анализируя итоги данной деятельности, можно сказать, что мои выпускники могли реализовать себя, поступив и окончив ведущие ВУЗы Казахстана и России.

Обобщая вышесказанное, хочется отметить, что использование новых подходов на уроках истории и проектного метода в интеграции истории и краеведения позволило:

- Вовлечь всех учащихся в активную работу на уроке и вне урока;
- Продемонстрировать преимущество работы в сотрудничестве;
- Научить выражать своё видение проблемы через диалог, составление вопросов высокого порядка;
- Ученики со слабой мотивацией к обучению активно участвуют в обсуждении, презентации, взаимооценивании;

- Усвоение материала выявляется уже во время урока, а не при проверке практических заданий, как раньше [8, с. 14].

Результатами работы с учащимися по применению новых подходов на уроках истории на сегодняшний день является участие учащихся в республиканских олимпиадах и международных конкурсах.

Таким образом, в результате использования новых подходов в обучении, можно сделать вывод, что активность учащихся на уроках возрастает, дети стали научились применять новые методы в обучении, научились работать по Таксономии Блума и им это удалось - применять самостоятельно на уроках исследовательский поиск и оценку происходящих событий в мире и в стране, интерес к предмету возрос, о чем свидетельствует мнение учащихся об уроках с применением новых подходов в обучении.

В завершении хочется отметить, что, использование новых подходов в контексте семи модулей способствуют формированию универсальных умений работать с информацией (находить, отбирать, анализировать информацию, оценивать её достоверность и т. д.), что является одной из наиболее актуальных задач современного образования. В свою очередь, способность анализировать информацию с позиции логики, умение выносить обоснованные суждения, решения и применять полученные результаты, как в стандартных ситуациях, так и в нестандартных ситуациях в значительной степени способствует успешной самореализации личности [9, с 31]. Реализация проектной деятельности в обучении помогает в работе с одаренными детьми, выявляет скрытую одаренность, ведь каждый ребенок – это кладезь мыслей, идей и свершений, нужно, только правильно направить и получить радость от созидания и творчества.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ.

1. Руководство для учителя: Второй (основной) уровень/ Бакиров К.А., Намысова Г.А., И.У. Шаримова А. Г., Габдолақызы Б, Байкенова Б.А, ЦПМ АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», г. Астана, 2014 г
2. С.И. Заир – бек, И.В. Муштавинская «Развитие критического мышления на уроке», г Москва, 2011 г
3. Ходос Е.А, Бутенко А.В. Критическое мышление: метод, теория, практика.- Красноярск, 2002
4. Гузеев В.В. «Метод проектов» как частный случай интегративной технологии обучения//Директор школы.2001№ 2
5. Заир-Бек С. И. Основы педагогического проектирования: учеб. пособие / С. И. Заир-Бек. — СПб., 1995.
6. Якобсон П.М. Чувства, их развитие и воспитание. М., 1976
7. Ступницкая М.А. «Что такое учебный проект?», г. Москва, 2012 г
8. Сагитова М.М. Методическое пособие: «Методика работы с новыми подходами в обучении», рекомендовано к публикации решением экспертного совета учебно – методического кабинета организаций дошкольного

общеобразовательного технического и профессионального образования
Управления образования Западно – Казахстанской области, № 2 от
06.06.2016 г

9. Халперн Д. Психология критического мышления / Д. Халперн. —
СПб., 2000. — (Серия «Мастера психологии»).

МАЗМҰНЫ

Мұқтар Ә.Қ.	3
------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Бердіғожин Л.Б., Мадиева Ж. Қазақстандағы қуғын-сүргін және оның мәселелері.....	4
Нағымов Ш.Н. Некоторые сведения истории Золотой орды в произведениях Мурат Монкеулы.....	7
Ерназаров Ж.Т. К вопросу о применении метода археолого-этнографической аналогии в археологических исследованиях (на примере городища Сарайшык).....	14
Байболов Б. Музей қорындағы жазба мұралары.....	22
Сарбаев Д.Д., Даулетьярова Т.Ш., Ешмуратова Б.Ж., Тропов И.А. Становление и развитие Актюбинского губернского отдела народного образования (1920-е гг.).....	27
Утепкалиева М. Тарих сабақтарында өлкетану материалдарын қолдану.....	31

СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

1 СЕКЦИЯ

ҰЛЫҚ ҰЛЫС (АЛТЫН ОРДА) МҰРАСЫ - ӘЛЕМ ТАРИХЫНДА

2 СЕКЦИЯ

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ: ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ПАЙЫМДАР

Мұқтар Ә.Қ. Алтынордалық Сарайшық рухани мәдениет орталығы.....	36
Ахметова У.Т., Байғалиев Ж.Р. Археолог З.Самашевтың Сарайшықтағы зерттеулері.....	43
Күзембайұлы А., Капан А.Н. Жошы ұлысының рухани мәдениеті.....	50
Сагидуллаев Д.З. Жайықтағы Алтын Орда дәуірінің жерлеу дәстүрлері, олардың қазақ ортасындағы жалғасы	55
Тукешева Н.М. Сведения письменных источников о городе Сарайчике	64
Таңатарова Ж.Т., Жеңісов Н.Б. Сарайшық – астана дәрежесіндегі қала	68
Кусанова А.А. Алтын Орда тағылымы	72
Утеулиев Ж.Т. Алтын Орда – қазақ мемлекетінің алтын бесігі	78

Абуова Д.	
Көне Сарайшықтың тарихынан	83
Бисенбаева Б.Е.	
Сарайшық – тарихи орда	85
Кемалиева Б.Қ.	
Аңызға бергісіз – Сарайшық	89
Муканбедиева Г.К.	
Сарайшық – дархан дала мұрасы	92
Кубиева Ж.	
Сарайшық – теңдессіз асыл мұра	94
Айжарық Л.Б.	
Сарайшық – тарих тұңғығынан сыр шертер ашық мұражай	96
Болатқызы А.	
Сарайшық – ұлы дала мұрасы	99
Қуатова С.	
Сарайшық – орта ғасырдағы әлемдік өркениеттің шежіресі	104
Болатова С.	
Әлемдік өркениет биігінде Сарайшық шаһары	109
Мырзабай А.Р.	
Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық Сарайшық қаласы	112
Хайретденова Д.	
Сарайшық – аңыз қала	118
Шадиярова А.	
Көне Сарайшық қаласы: археологиялық материалдар негізінде	119
Аяпберген Д.Ж.	
Сарайшық қаласы – қазақтың киелі мекені	127
Жаксимбетова З.Б.	
Сарайшықтың қазақ тарихындағы рөлі	132
Жомартқызы А.	
Сырғы толы – ұлы Сарайшық	136
Брланұлы Н.	
Сарайшық қаласы – ұлттық санамыздың баға жетпес асыл қазықтарының бірі.....	143

3 СЕКЦИЯ

ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТАРИХЫ, АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, ТОПОНОМИКА МӘСЕЛелЕРІ

Ахмет А.Қ., Умбетжан А., Даулетбаева Л.К.	
Облыс тынысы баспасөз деректерінде	149
Бердіғожин Л.Б., Аманбаева Ж.Қ.	
Мұнай өндірісі тарихын зерттеудің теориялық мәселелері	155
Бердіғожин Л.Б., Аманбаева Ж.Қ.	

1920-1980 жылдары мұнай-газ өндірісі тарихының зерттелуі	159
Нағымұлы Ш.	
Ежелгі түркі жазбаларындағы Қазақстан тарихына байланысты деректер..	166
Жалелов А.А., Альтергот В.В.	
Политехническое обучение в школах Кустанайской области в начальный период освоения целинных и залежных земель	169
Жүніс Т.О.	
Батыс Қазақстан облысындағы мектеп желісін заман талабына сай дамытуды жүзеге асыру	175
Чугулёва А.Е., Дукенбай А.С.	
Историко-культурные памятники Костанайской области	183
Ахметова У.Т., Айса И.	
Қазақстандағы Еңбекпен түзеу лагерлері тарихынан	186
Диярова Ж.К.	
Өлке тарихының тамыршысы – Ж. Ғизатов	194
Галиева К.Б.	
Қызылүй елдімекенінің тарихи жәдігерлері	197
Жумабаев А.Ж.	
Нарын құмына жүргізілген археологиялық барлау экспедициясы	201
Нәріков Ә., Айтбаева Г.	
Ақкиізтоғай ауылының экономикалық-әлеуметтік және мәдени тұрғыда қалыптасу тарихы	207
Қуанов Р.	
Атырау өңірінің эпиграфикалық ескерткіштері	214
Миращ С.	
Қазыбек атауының тарихы	222
Айжарикова А.С.	
Қазақтан шыққан губерния прокуроры	228
Захарова А.М.	
Қоғам қайраткері Бақтығали Бисеновтің өмірі мен қызметі	235
Хайруллин А.С.	
Жаңақала ауданының құрылуы	242
Мухамбетов А.	
Ақын, қайраткер Қадыр Мырзалиев және қоғам мәселесі	249
Мясников А.Г., Доля К.	
Письменные исторические источники о гидрониме Шалкар	256
Бимаганов Б.А.	
История нашего края	263
Симанов Ж.Т.	
Тарихы терең – Жалғансай	268
Ерназаров А.Н.	
Алға ауылы тарихы	271
Қапаева Г.А.	
Ұстаз, сазгер Шәмшиден Шәріпов өмірі мен шығармашылығы	275

Купашев С.Е.	
Махамбет селолық округінің тарихы	283
Ажмеденова Г.Т.	
Секер көлі туралы аңыз – әңгімелердің танымдық және тәрбиелік мәні	288
Қойшыбаева М.С.	
Туған жер – Тайсойған	291
Ламғалиева А.У.	
Дамуымен дараланған Дамбы	295

4 СЕКЦИЯ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ «ТАРИХ», «ӨЛКЕТАНУ» ПӘНДЕРІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ. ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Молдашева С.К.	
Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде Исатай Тайманұлына арналған экспозициялық көрменің насихатталуы	300
Тұрарұлы А.	
«Сарайшық» музей-қорығының жаһандық пандемия кезіндегі өлкетану, мәдени білім беру саласындағы жұмыстары (2020-2021 жж.)	306
Қызыл Л.Ы.	
Өлке тарихын пән ретінде оқытудың өзектілігі.....	311
Боранғалиева А.С.	
«Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңартылған білім мазмұны аясында «Туған жер» тарихын зерделеу.....	319
Суатова Ф.Б.	
Жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Тарих», «Өлкетану» пәндерінің оқытылуы. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары.....	326
Сағынбаева О.Қ.	
Сарайшық музей-қорығының жаңа жобалары	332
Сагитова М.М.	
Актуальные вопросы интеграции истории и краеведения по формированию функциональной грамотности учащихся	335